Түйін: Мақалада орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі зат есімдердің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қаншалықты дәрежеде көнергені әңгімеленеді. Бірқатар зат есімдер сыртқы пішіні өзгергенмен ішкі лексикалық мазмұнын қазақ тілінде сақтап қалған. Керісінше зат есімдердің ендігі бір тобы сыртқы пішіні өзгермегенмен, ішкі лексикалық мазмұны өзгерген. Бірқатарының ескі мағыналары жойылып кетсе, бірқатары тың лексикалық мағыналар қосып алған. Мысалға шату зат есімін осы заманғы оқырманға түсініксіз етіп тұрған дыбыстар ш ~ с және у ~ ы дыбыс сәйкестіктері ғана. Оғыз тілдерінде сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында қатаң ш дауыссызымен айтылатын сөздер қыпшақ тілдерінде қатаң с дауыссызымен айтылады. Көне түркі, орта ғасыр ескерткіштерінде екі, үш буынды, сондай-ақ көп буынды сөздерде ұшырайтын ерінді у дауыстысы уақыт өте келе қазақ тілінде езулік ы дауыстысына айналып кеткен. Міне, осы заңдылықтың нәтижесінде көне тіл мен жаңа тілдің айырмашылығын көрсететін шату – саты жарыспалы (параллель) сөздері пайда болған. Бірақ лексикалық мағынасы тепе-тең.

Түйін сөздер: орта ғасырлар, зат есім, лексикалық мазмұн, көнеру үдерісі, сыртқы пішін.

Резюме: В статье рассматривается вопрос об устарении существительных в языке памятников средневековья в сравнении с современным казахским языком. У множества существительных в казахском языке произошли изменения во внешней форме, но внутреннее лексическое значение осталось неизменным. А другая группа существительных, напротив, не изменилась во внешней форме, но лексическое значение поменялось. Некоторые из них потеряли старое значение, а другие приобрели новое лексическое значение. Все вышесказанное может объяснить устарение существительных. Также оно может служить объяснением и для других частей речи. Например, современному читателю невнятным будет существительное «шату» из за совпадений ш ~ с и у ~ ы. Слова, которые произносятся твердым, согласным «ш» в начале, середине и в конце слова на огузском языках будут произнесены твердым, согласным «с» на кипчакском языках

Лабиализованный гласный «у», который встречается в древнетюркских и средневековых памятниках в виде двух, трех и многосложных словах через некоторое время превратились в нелабиализованный гласный звук «ы» на казахском языке.

Поэтому, в результате этой закономерности появилась параллель слов «шату-саты», который выявляет различие древнего и нового языков. Однако, лексическое значение абсолютно одинаковое.

Ключевые слова: средневековье, имя существительное, лексическое значение, процесс устарения, внешняя форма.

Resume: In this article is talked about how the nouns of the Middle Ages monuments language are outdated from the point of view of modern Kazakh language. Some nouns change their forms but save internal lexical meaning in Kazakh language. On the contrary one group of nouns save their forms, but change internal lexical meaning. The ancient meaning of some nouns are destroyed, some of the nouns include new lexical meanings. All of this reveal outdated description of nouns. This descriptive characteristic is related to outdated process of other parts of speech. For example, only the sound correspondences “ш ~ с” and “у ~ ы” are made incomprehensible the word “шату” for modern reader. The words with unvoiced consonant “ш” in oguz language at the beginning of words, in the middle of words, at the ending of words are said with unvoiced consonant “с” in qypchaq language. The labial vowel “у” in the dissyllable, three syllabic words and polysyllabic words in the ancient turkic and middle ages monuments changes to “ы” vowel in Kazakh language. In the result of this regularity the “шату-саты” parallel words were appeared which show difference between ancient language and new language. But lexical meaning is equal.

Key words: Middle Ages, noun, lexical meaning, the process of aging, form

Қазіргі тіл білімінде «көне сөздер», «тарихи сөздер» деген ұғым бар. Көне, тарихи сөздерді, көне дәуірлерге тән құбылыс болғандықтан, қазіргі заманның адамдары түсіне бермейді. Ол атаулардың бірқатары қазіргі тілдің лексикасынан мүлдем шығып қалған болса, едәуір бөлігі актив лексикадан пассив лексикаға ауысқан. Көне түркі жазба ескерткіштерін оқығанда да осындай түсініксіз сөздер ұшырасып қалады. Қазіргі тілдердегі көне сөздерден олардың айырмашылығы өз заманында жиі қолданыста болып, архаизмге айналмаған. Демек, ескерткіштер тіліндегі қазіргі оқырмандарға түсініксіз сөздер – осы кездің тұрғысынан ғана архаизм сияқты болып көрінетін лексикалық тұлғалар. XI-XII ғасырлардағы архаизмдерді (көне сөздерді) анықтау біздің міндетімізге жатпайды.

Көне түркі жазба ескерткіштері лексикасында біршама дәрежеде ұшырасатын сөздерді қазіргі қазақ тілі тұрғысынан «көне сөздер», «көнерген сөздер» деп атасақ, мұның өзі шартты. Бұл, қайталап айтамыз, ол сөздер орта ғасырларда-ақ «көне сөзге айналған», «көнеріп кеткен» деген түсінік емес. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көнерген зат есімдерді 1) қазақ тілі лексикасында ұшырасатын көнерген зат есімдер, 2) қазақ тілі лексикасынан мүлдем шығып қалған көне зат есімдер деп екіге бөліп қарауға болады. Қазақ тілінде ұшырасатын көнерген сөздерді біз өз тарапымыздан алты топқа бөлдік: 1) түбірі де, жұрнағы да жекелей алғанда қазіргі тілдерде қолданыста болғанымен, бұрынғы тіркесімділік қабілетін жойып алған атаулар; 2) дыбыстық өзгерістерге ұшырағандықтан, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер; 3) қазақ тілінде көне түркілік сыртқы тұрпаты сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтін (делексикаланған) сөздер; 4) түбірі тірі, жұрнағы өлі зат есімдер; 5) керісінше, түбірі өлі, жұрнағы тірі зат есімдер; 6) лексикалық мағынасы көмескіленгенімен, этимологиясын түспалдауға болатын зат есімдер. Қазақ тілі лексикасынан мүлдем шығып қалған зат есімдерді: 1) бүкіл түркі тілдерінің сөздік құрамынан шығып қалған зат есімдер; 2) қазіргі тілдердің

белгілі бір тобында ғана сақталып қалған зат есімдер деп екіге бөлуге болады. Бірақ бұл мәселе арнайы зерттеуді талап етеді. Бүкіл түркі тілдерінен шығып қалған сөздерді немесе белгілі бір тілдер тобында ғана сақталып қалған сөздерді айқындап, анықтау оңай жұмыс емес. Түркі тілдерінің белгілі бір тобында сақталып қалған сөздерді Б. Сағындықұлы үшке бөледі: 1) оғыз тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *алын* (мандай), *бағырсұқ* (іш), *көлкә* (көлеңке), *соған* (жуа), *утан* (ұялу), *чог* (көп) т.б.; 2) қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *асығ* (пайда), *пуш* (өкпе), *көкүс* (кеуде), *кеслан* (кесіртке), *йарут* (жарық ету) т.б.; 3) қыпшақ тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, *бақыр* (жез), *күң* (күн), *таңсуқ* (таңсық), *үрк* (үрку), *сүңгү* (сүнгі) т.б. [1, 12-13]. Ірі-ірі тілдер тобына жататын мұндай сөздер «Қутадғу билиг» және «Ғибат-ул хақайық» ескерткіштері тілінде де кездеседі. Енді осы ескерткіштер тіліндегі қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көнерген сөздердің бірсыпырасын талдап көрелік.

Дыбыстық өзгерістерге ұшырағандықтан, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер. Тарихи ескерткіштерде бірқатар туынды сөздер жоғарыда сипатталғанындай түбірі де, жұрнағы да қазіргі тілдерде жиі қолданыста болғанымен, тіркесу қабілетін жойып алғандықтан көне сөздердің қатарына қосылған. Енді бір алуан сөздер сыртқы тұлғасы адам танығысыздай дәрежеде өзгеріске ұшырап кеткендіктен, көне сөз ретінде ұғынылады. Әйтпесе бұрынғы кездің тұрғысынан да, қазіргі кездің тұрғысынан да олардың лексикалық мағыналары бірдей. Мұндай сөздерді мағынасы сақталғанымен, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнерген сөздер деп атауға болады.

Шату саты. Шату көрдім елиг аның бағнасы ҚБ 361 (Елу баспалдақты саты көрдім) Саты. *Үйдің төбесіне, қораның үстіне шығуға арналған, екі таянышы бар баспалдақты ағаш, баспалдақ* [2, 204].

Шату зат есімін осы заманғы оқырманға түсініксіз етіп тұрған дыбыстар ш ~ с және у ~ ы дыбыс сәйкестіктері ғана. Оғыз тілдерінде сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында қатаң ш дауыссызымен айтылатын сөздер қыпшақ тілдерінде қатаң с дауыссызымен айтылады. Көне түркі, орта ғасыр ескерткіштерінде екі, үш буынды, сондай-ақ көп буынды сөздерде ұшырайтын ерінді у дауыстысы уақыт өте келе қазақ тілінде езулік ы дауыстысына айналып кеткен. Міне, осы заңдылықтың нәтижесінде көне тіл мен жаңа тілдің айырмашылығын көрсететін шату – саты жарыспалы (параллель) сөздері пайда болған. Бірақ лексикалық мағынасы тепе-тең.

Қадаш. *Бірге туған туыс, бауыр.* Қадашың йоқ ерса йоры тут адаш Адаш едгү болса бу болды *қадаш* ҚБ 183 (Туысың жоқ болса, дос іздеп тап Досың ізгі болса, туыс бола алады). Қандас *шығу тегі бір, бауырлас* [3, 5].

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде кездесетін өнімсіз -даш жұрнағы зат есімдерге қосылып, сол жалғанған түбірлердің нақты мағыналарына сәйкес туыскандықты, жақындықты, ниеттестікті, сондай-ақ әлеуметтік тұрмыс жағдайдарының ортақтығын білдіретін зат есімдер жасайды [4, 22]. Қазақ тіліндегі -дас (-дес, -тас, -тес) осы жұрнақпен тектес. Қа түбірі мен қан (дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұратын, тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат) түбірін өзара салыстырсақ, ескерткіштер тілінде н үндісінің түсіріліп айтылғанын байқау қиын емес. Сөз соңындағы н дауыссызын үнемдеу – оғыз тілдеріне тән заңдылық. Демек, н элизияға ұшыраған: қа ~ қан. Қадаш ~ қандас мағыналық жағынан алғанда «қаны бір» деген тура мағына береді. Осыдан «бірге туған туыс, бауыр, шығу тегі бір, бауырлас» деген ауыспалы мағыналар өрбіген.

Көләга. *Көлеңке. Көләга* турур күнда артар өзи ҚБ 134 (Ол өзі – көлеңке, күн шыққанда жоғалады). Көлеңке. *Белгілі бір заттың сәуле түсіп тұрған жағынан қарама-қарсы тұсына түсетін сәуле тосқауылының қараңғылығы* [5, 148].

Үнді н дыбысы түсіріліп айтылуы себепті бұл сөздің де түр-тұрпаты өзгеріп кеткен. Қатар тұрған екі дауыссыздың бірі жойылған соң, екі дауыстының арасындағы к ұянданып г-ге айналған. Бұл қыпшақ тілдері мен оғыз тілдерінің екі бағытта дамығандығын көрсетеді.

Инч. *Тыныш, тыныштық.* Бозун *инчка* тегди туруқ семриди ҚБ 227. (Халық тыныштыққа ие болды, тұралап қалғандар семірді). Тыныш. *Тыным табу, жайшылық, алаңсыздық* [6, 369].

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде кейбір сөздердің басында т дауыссызының үнемдеу заңының әсерінен жойылып кеткенін айтып өткенбіз. Солардың бірі -инч. Көне түркі тілдері мен қазіргі тілдер арасындағы и ~ ы, ч ~ ш сәйкестерін есепке алсақ, инч ~ тыныш параллельдерінің сыры түсінікті болады.

Артут. *Сый, сыйлық, тарту.* Тапуғ тозғу бирла нең *артут* қылып ҚБ 86 (Қызметі мен құрметін көрсете отырып заттарды тарту етті). Мен артут қылайын шаһымға аны ҺХ 42 (Мен оны шаһыма сыйлық етейін). Тарту. *Біреуге арнап берілетін ерекше сый, арналған бағалы зат* [6, 36]. Дос тартуы, табиғат тартуы, т.б.

Мағынасы бірдей осы екі сөзді өзара салыстарғанымызда көне түркі тілінде алғашқы т дауыссызының, қазақ тілінде соңғы т дауыссызының элизияға ұшырағанын байқаймыз. Ежелгі

дәуірде т (ат, ит, ут) тұлғасы көптік мағына беретін болған [7, 137-138]. Олай болса, көне түркілік артут көптік мағынада, қазақ тіліндегі тарту жекешелік мағынада тұр. Бірінде басқы дыбысының, екіншісінде соңғы дыбысының үнемделуі салдарынан екеуі екі басқа сөз сияқты ұғынылады.

Ақы. *Жомарт, қолы ашық. Ақы* суратин ким көрайин теса ҚБ 15 (Кім жомарттың келбетін көрейін десе). Ақы бол ақылық сени сәвдүрүр. ҺХ 260 (Жомарт бол. Жомарттық сени сүйіспеншілікке бөлейді). Сақы. *Қолы ашық берген жомарт* [2, 111].(2) Яғни ақы ~ сақы. Көне түркі тілінде сөз басындағы қатаң с дауыссызы элизияға ұшыраған. Сақы – түркі тілдеріне араб тілінен ауысқан сөз. «Һибат-ул хақайик» ескерткішінде бұл сөздің араб тіліндегі формасы сақталып қолданылған. Сахасы макарим йига дарманы ҺХ 50 (Асқан жомарттығы күллі аурудың емі). Осы сөз формада ақылық (жомарттық) туынды сөзі жасалған. *Ақылық* била бег безүр ҚБ 224 (Билеуші бек жомарттығымен даңқы көтеріледі). Сақылық. *Жомарттық, қолы ашықтық* [2, 8-113]. Араб сөздері ислам діні тарағаннан кейін барып түркі тілдеріне енді. Бұдан оғыз тілдерінде сөз басындағы с, т дыбыстарын түсіріп айту заңдылығы соңғы мыңжылдыққа дейін сақталғанын көреміз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің бірқатарында дз аффрикатының жіңішкеруінен пайда болған д'з' аффрикатының қатысуымен жасалған сөздер бар. Бұл жіңішке аффрикат түркі тілдерінің барлығына бірдей таралмаған, аймақтық сипатта болған. Ескерткіштердің біреуінде бар болып, екіншісінде болмауы сондықтан. Бір ғана дыбыстың көнеруі, бүтіндей сөзді архаизмге айналдырып жібереді, жіңішке д'з' аффрикаты жоғарыда аталып кеткеніндей қазіргі башқұрт, түрікпен тілдерінде ғана кездеседі. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көне 8, 91-96].

Кед'з'им. *Киім, киім-кешек*. Йетурса ичурса кед'з'урса кед'з'им ҚБ 172 (Жегізсе, ішкізсе, киім кидірсе). Киім. *Адам үстіне киюге арналып тігілген бұйым*. Жіңішке д'з' аффрикатының көнеруі себепті құрамында бұл аффрикат бар сөздер қазіргі көптеген түркі тілділеріне бейтаныс. Талдағалы отырған сөзіміздің тұлға-тұрпаты «Һибат-ул хақайик» ескерткіші тілінде өзгешерек, қазіргі қазақ тіліне жақындау. Кейім. Киім тон толусы көнилік тоны ҺХ 168 (Киім-кешектің көріктісі әділдік киімі) кед'з'им, кейім варианттарымен қатар «Қутадғу билиг», «Һибат-ул хақайик» ескерткіштері лексикасында кедим варианты да бар. Кейім вариантынан қазақ тіліндегі вариантының айырмашылығы е ~ і, и ~ і сәйкестігінде ғана. Бірқатар сөздерде ұшырасатын д'з' ~ д сәйкестігі туралы «фонетикалық айырмашылықтар» әңгімеленген тараушада айтып өткенбіз. Бұл сөздің түбірі кед'з' (кию) етістігі де ескерткіштерде үш вариантта жарыса қолданылған: кед'з ~ кет ~ кей. Жіңішке д'з'аффрикаты сөз арасында, сөз аяғында көбірек ұшырасады.

Қатыр. *Қашыр*. Йазыда қалын йунд акурда қатыр ҚБ 385 (Далада қалың жылқы жайылып жатса, ақырда қашыр тұр). Қашыр. *Бие мен есек айғырының шағылысуынан туған мал*. ХІ ғасыр ескерткіші мен қазақ тілінің арасында т ~ ш сәйкестігі байқалғанымен екеуінің даму жолы екі түрлі. 1) тс→т/с°→тθ→т. 2) тш→т° ш→θш. Дауыссыз т қатаңын оғыз, қарлұқ -ұйғыр тілдеріне, ш қатаңын қыпшақ тілдеріне тән ерекшелік деп танымыз.

Үгір. *Үйір, табын*. Қамуғ нәнни көрдүм өз үгрүн йорыр Киши йылқы куш курт өз үгрүн билир ҚБ 302 (Барша затты көрдім өз үйірінде өмір сүреді. Адам, мал,құс,кұрт бәрі де өз үйірін біледі). Үйір. *Бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас 15-20 шақты биелер тобы*. Ұяң г дыбысының үнді й дыбысына айналып кету салдарынан үгүр архаизм ретінде қабылданады. Бұрын бұл сөз адам, жан-жануар, құс атаулының барлығына бірдей ортақ жалпы мағыналы сөз болса, қазір жылқыға ғана байланысты қолданылады.

Өрдәк. *Үйрек*. Қаз өрдәк құғу қыл қалықғ туды ҚБ 18 (Қаз, үйрек, ку, қасқалдақ аспанды толтырды). Үйрек. *Башпайларының арасы жұқа жарғақ терімен тұтасқан, тұмсығы жалпақ су құсы*. Сөз құрамындағы р, к дауыссыздары ғана бұл сөздердің бір негізден шыққанын мегзеп тұр. д мен р даму барысында орын алмастырып, метатеза түзіп тұр. Орхон-Енисей ескерткіштері лексикасында ұшырайтын өдирәк сөзі де д мен р-дың орын ауыстырғанын дәлелдей алады. Өдирәк. *Үйрек*. Ур қойын тоңуз тақығу қаз өдирәк бу мунтағ тынлығылар бир күнтә үч қата келип мени ысурурлар соқарлар ДТС 377 (Сиыр, қой, доңыз, тауық, қаз, үйрек осы сияқты жан-жануарлар, құстар бір күнде үш қайтара келіп мені тістеледі, шұқыды, соққылады). Демек, ілгері заманда өрдәк емес, өдрәк болып айтылған. й үндісінің кез-келген дауыссызды ауыстыра алатын ығыстырушылық қасиеті бар екендігі кейінгі кездегі зерттеулерден белгілі. Үйрек пен өрдәк – дыбыстық өзгерістерге ұшыраған, параллель сөздер.

Сөйтіп, тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған дыбыс сәйкестіктері, белгілі бір дыбыстардың элизияға ұшырауы, әлде бір себептермен бір дыбысты екінші бір дыбыстың алмастыруы, дыбыстардың метатеза құбылысына ұшырауы т.б. дыбыстық өзгерістер, тұтас сөздің сыртқы сипаты, түр-тұрпаты көнеруіне әкеледі. Мұндай фонетикалық айырмашылықтарды тарихи жазба ескерткіштерден көптеп ұшырата аламыз. Осы заңдылықтардың қыр-сырын таныту мақсатымен

дыбыстық өзгерістердің бірқатарына жоғарыдағыдай талдау жасадық. Әр заңдылық өз төңірегіне бірнеше сөздерді топтастыра алады. Осы ретте ерекше көзге түсетін жайт, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнеріп, түсінілуі қиындаған сөздердің ішкі лексикалық мағыналарына нұқсан келмеген. Қазіргі қазақ тіліндегі мағыналармен бірдей.

Қазақ тілінде көне түркілік сыртқы тұрпаты сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтін (делексикаланған) сөздер. XI-XII ғасыр ескерткіштері лексикасында сан жағынан аз болғанымен сыртқы пішінін өзгертпеген, бірақ мағынасы қазіргі тілдердегі мағынасынан бөлек сөздер де кездеседі. Солардың бірқатары мыналар:

Таң. *Ғажап, керемет*. Тириг есан болса *таң* өкүш көрүр ДТС, 532 (Егер тірі аман болса, талай ғажапты көреді). Таң. *Сенерін де, сенбесін де біле алмаған қалып; аң-таң*. Соңғы сын есімдік мағынаның алғашқы «керемет, ғажап» деген зат есімдік мағынадан туындағаны сөзсіз. Бірақ мағыналық байланысы тым алшақтап кеткен.

От. Бұл сөз бірінші мағынасында *дәрі деген ұғымда* жұмсалады. Бу игка еми йок тилама *оты* ҚБ 47 (Бұл аурудың емі жоқ, дәрі сұрама). Екінші мағынасында *у, заһар* ұғымын береді. Өлүм *отын* ичүрдүм ДТС, 373 (Өлім уын ішкіздім). От *малға азық боларлық шөп*. Қазақ тілінде бұл сөз жалпы алғанда «шөп» мағынасында түсініледі. Бұл омонимдік сөз формалар әр басқа ұғымды бергенімен, түпкі архисемасы бір. «Қутадғу билиг» ескерткіші тілінде «дәрі шөп» мағынасында қолданылатын «от ем» қос сөзі бар. Боғуздин кирүр иг кишига кеми Боғуздин болур һәм аңар *от еми* ҚБ 164 (Адам баласына ауру өңештен кіреді Сол өңештен дәрі болатын шөп те енеді). Бұл айтылғаннан шөптен дәрі, тағамнан ауру пайда болатыны түсінікті болып тұр.

Сарт. *Саудагер, алыпсатар*. Негү тер ешит емди *сартлар* башы ҚБ 163 (Саудагерлердің басшысы не деп айтады, тыңда енді) Сарт. *Өзбектерге революцияға дейін телініп келген ат*. Көне түркі тілінде сарт жалпы есім болса, қазақ тілінде жалқы есім – белгілі бір этностың атауы. Саудагерлік кәсіппен жаппай шұғылданғандықтан, өзбектер мен тәжіктерге осы атау таңылған. Мағыналарындағы сәйкессіздік осыдан келіп шығады.

Төр. *Баға, мән-мағына*. Бу төрт нәң учуз тутма йүксәк *төрү* ҚБ 34 (Бұл төрт нәрсені арзан деме, бағасы жоғары). Төр. 1. *Үйдің есігіне қарама-қарсы жоғарғы жағы*. 2. *Ең жақсы, құрметті орын*. «Қутадғу билиг» ескерткішінде қазақ тіліндегі мағыналардың екеуі де бар. Бірақ үшінші мағына көне. Аталмыш сөздің «баға, мән-мағына» деген ұғымы қазақ тілінде ұмытылған. Көне мағынасы біздің тілімізде сәйкессіздік түзіп тұр. Түркі халықтарының киіз үйдің төрін қатты бағалауынан, құрметтеуінен осы ауыспалы мағынасының туындағанын теріске шығаруға болмайды. Ауыспалы мағыналардың кейбіреуі осылайша тарихи даму барысында ұмытылады.

Тек. *Құлып*. Тилиң *текта* тутғыл тишиң сынмасун ҺХ 131 (Тіліңе құлып сал, тісің сынбасын). Тек 1. *Құр бекер, босқа, жай*. 2. «*Қой*», «*тыныш*» деген *тәрізді тежеу мағынасындағы одағай сөз*. Қазақ тіліндегі осы екі ұғым ғана көне түркілік ұғымға аздап та болса жуықтайды. Өйткені, «тилиң текта тутғыл» деген тіркесті «тілінді тыныш ұста, өз жайына қой»деп те түсінуге болады. Құлып – араб тілінен енген сөз. Бұл сөздің ұғымын көне түркі тілінде тек сөзі бергенге ұқсайды.

Қор. *Шығын, зиян, зарар*. Чықыш көрмаса ыш болур ерка *қор* ҚБ 54 (Шығысын көре білмеген адамның ісі шығынға ұшырайды) Йана *қорқа* түшәр нәң булмаз ДТС, 457 (Қайтадан зиянға түседі, еш нәрсе таба алмайды). Қор *мол болып жиналған қазына, дәулет*. Пайда, табыс табудың арқасында қазына, дәулет жиналатынын ескерсек, бұл ұғым көне түркілік ұғымға қарама-қарсы. Осы себепті мысалға алынған сөзформаларды омонимдес сөздер ретінде қабылдаймыз. Қазақ тіліндегі «сорлы, бейшара, байғұс» мағыналарында түсінілетін қор сын есімі көне түркі тілінде «шығын, зиян, зарар» мағыналарын беретін қор зат есімінен туындауы мүмкін. Үнемі шығынға, зиянға батқан адам өзінен сорлы, бейшара болып қалатыны түсінікті.

Ток. *Рақат, жұбаныш*. Негү тер ешитгил бу бәйитиг оқы көңүл сырры кизла ай көңлүм *тоқы* ҚБ 200 (Мына бәйітті оқы, не деп айтады екен, ұғып ал! Ей, көңілімнің жұбанышы, жүрек сырларын әрқашан жасырын ұста). Ток. *Тоя ішіп-жеген астың қуаты*. Тоя жеген ас адамға рақат та, жұбаныш та әкеледі. Қазақ тілінде тура мағынасы, ескерткіштер тілінде ауыспалы мағынасы сақталған. Осы себепті мағыналары сәйкеспейді. «Ішіп-жеп тойған» деген мағынадағы ток сын есімі де талданған сөздермен сабақтас.

Өз. *Жан*. Меңа болса фазлың қутулды *өзүм* ҺХ 39 (Маған кешірімнің болса, жаным азаптан құтылады). *Жан* – осы сөздің тура мағынасы. Осы мағынаның негізінде ескерткіштерде *өмір* мағынасы туындаған сияқты. Ағылыңта йылкын болсун *өзүң* узун болсун ДТС, 394 б. (Жайылымында жылқың болсын, өмірің ұзақ болсын). *Бір нәрсенің мәні, өзегі деген мағына* осы екі мағынаның негізінде пайда болған сияқты. Ол менигү түкаллик мунсыз *өзүң* үзүн көралим ДТС, 394 (Біз сенің мәңгі, әбден жетілген, мінсіз өзегінді көргіміз келеді). Бұл сөз ескерткіштер

материалдарына қарағанда бірте-бірте өз есімдігіне ауысқан. Аның өз тили өз башыны йейүр ЫХ 120 (Оның өз тілі өз басын жейді). Себебі, әуелде ол *мен, сен, ол* есімдіктерімен жиі тіркесіп, пайдаланылатын болған. Мен өзүм қаған олуртуқум үчүн ДТС, 394 (Мен өзім қаған болып таққа отырғаным үшін). Қазақ тілінде өз *іс-әрекетті, затты, нәрсені меншіктенуші, иеленуші жақ*. Парсы-араб тілдеріндегі жан тұлғасы төл тіліміздегі өз тұлғасын ығыстырғаннан кейін, ескі сөзформа архаизмге айналған да, өз есімдігімен мағыналық байланысын үзіп алған. Алайда бұрынғы фонетикалық тұрпаты сақталып қалған.

Әдебиеттер

- 1 Сағындықұлы Б. *Алтын Орда ескерткіштерінің тілі*. – Алматы: Қазақ университеті, 1987. –48 б.
- 2 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. Б. Ысқақов*. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8 т. – 591 б
- 3 Манкеева Ж.А. *Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка*. – Алматы: Наука, 1991. – 152 с.
- 4 Керімұлы Ә. *Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғ.)*. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. – 110 б.
- 5 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов*. – Алматы: Ғылым, 1980.– 5 т. – 640 б.
- 6 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Ы. Ысқақов*. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9 т. – 560 б.
- 7 Томанов М. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 8 Наджип Э.Н. *Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века*. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1979. – 480 с.

Зайкенова Руда Зайкенқызы
ф.ғ.д., профессор,
Әділбекова Ләззат Махайқызы
ф.ғ.к., профессор,
Панзабек Бағила Төрбекқызы
PhD докторант, ҚазМемҚызПУ

ДИДАХМЕТ ӘШІМХАНҰЛЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ АҚПАРАТТЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Түйін: Мақалада Дидахмет Әшімханұлы әңгімелеріндегі этномәдени ақпарат қарастырылады.

Түйін сөздер: Этномәдени ақпарат, этнодеталь, ұлттық код, ұлттық сана, этнос, ұлттық құндылықтар.

Резюме: В этой статье обсуждается этнокультурная информация в рассказах

Дидахмета Ашимханулы

Ключевые слова: Этнокультурная информация, национальный код, национальное сознание, этнос, национальные ценности.

Summary: This article deals with ethno-cultural material in the works Didakhmet Ashimkan

Keywords: Ethnocultural information, national code, national consciousness, ethnos, national values.

«Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркемөнердің басты тақырыбы», - деген Ж.Аймауытұлының ойлары бұл күнде маңызын жойған жоқ, керісінше маңызы одан да арта түскендей. Ұлттық мәдениет дүниетанымға негізделеді және оны әдебиетте ұлттық рухани құндылықтар ретінде зерттеуге үлкен мән беріп келеді. Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әртүрлі болуы заңды. Ал ол көркем дүниеге айналғанда ондағы ұлттық қабылдау, ұлттық дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылып отырады. Адам баласының өзін қоршаған ортаның, ақиқат болмыстың мәнін түсінуі көркем шығармада бейнеленеді және бекиді. Ғаламның күллі адамзат баласына ортақ болуы жалпы адамзаттық әмбебаптық сипат дарытады, әрбір этномәдени-тарихи қауымдастықтың дүние әлемді өзінше көруі мен тануы, қабылдауы, ұғынуы мен түсінуі этномәдени реңкті жинақтайды. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін ұлттық дүниетаным, түптеп келгенде, жаңарып та, өзгеріп те, толығып та отырады.

Этнос, этникалық қауымдастық - [грек, ethnos - тайпа, халық] - бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. "Этнос" ұғымы әлі күнге дейін әртүрлі түсіндіріледі. Кең мағынада, "этнос" ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Алайда, кейбіреулер (Л. Н. Гумилевтан кейін) оны негізгі жүйе ретінде қарастырады (субэтностар, суперэтностар және т.б.). Этнос ең алдымен, мәденитілдік қауымдастық. Этностың пайда болуында аумақ және әлеуметтік қарым қатынас тілінің ортақтығы шешуші фактор болып табылады. Саяси кеңістіктің ортақтығы мен халықтың әлеуметтік және шаруашылық әдістерінің ортақтығы да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Этникалық ұйысудың басты тетігі салт-дәстүр, әдет-ғұрып түрінде мұраға қалатын мәдениет болып табылады. Этникалық қауымдастық мағынасындағы этнос ретінде көбіне бірыңғай атауы, ортақ мәдениет элементтері бар, тағдырлас тарихы бар, ерекше географиялық ортадағы топтық ынтымақтастық танытатын адамдар тобын атауға болады. Ғылымда "халық" терминінің орнына "этнос" термині орынды қолданыла бастады. Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті әлемдік өркениет пен мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайларда – ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы Ұлы Дала аумағында қалыптасты. Алтай, Алатау және Орал тауларының арасындағы кең даланы мекен еткен Орталық Азия халықтары мен ертедегі тайпалардың мәдени дәстүрлері жаһандық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді бастан кешіріп, дамып келеді және әрқайсысы өзіне тән дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді. Үш мың жылға жуық тарихы бар көшпелі өркениет барысында қазақ халқы сыннан өткен теңдессіз бай рухани және мәдени мұраны артындағы ұрпаққа мирас етіп қалдырды. Сондықтан қазақ халқы мәдениетінің терең еуразиялық тамырларын есте сақтаған жөн. Осыған сәйкес адам санасы мен танымының қарқынды өсуі, ғылыми қарымы мен қуатының артуы да көркем шығармада көрініс табуы заңды. Сөз өнеріндегі өзгерістер, ондағы ұлттық негіздер әлемдік үдерісіне сай дамуы, ілгерілеуі бейімделуі мүмкін немесе керісінше өзгеруі де ықтимал.

Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Этномәдени ақпарат санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы санада кодталған әлем бейнесі көрінеді. Ал әдебиет

ұлт болмысының, оның рухани ой-пікірінің көркем айнасы екендігі белгілі. Бұл көркемдікті түсіне алмау этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды.

Бір де бір ұлт (этнос) басқалардан оқшау өмір сүрмейді. Құндылықтар арқылы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жүзеге асуының бірден-бір шарты – халықтың мінез-құлқы танылады. Ұлттық құндылықтардың қайнар көзі – халық (этнос). Халық (этнос) жеке тұлға арқылы танылады. Этникалық құндылықтар әрбір тұлғаның адамзаттың құрамына өзінің «ұлттық келбетімен», өз этносының жетістіктерін бойына сіңірген «ұлттық адам» ретінде кіруіне мүмкіндік береді. Оны белгілі ғалым З.Қабдоловтың пікірі нақтылай түскендей: "Әлемнің көркемдік және тілдік бейне-көрінісі - ізгі құндылықтар айнасы", себебі қазіргі уақытта ғылыми зерттеулердің бір қыры - танымдық-тәрбиелік сипаты болып отыр. Осыған орай, қазақ тілі мен әдебиетінің әлемнің басқа халықтары олардың байланысын зерттеудің, сондай-ақ әдебиет пен тілді әлемнің көркем бейнесін жасаушы ретінде қарастырып, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар аясында зерттеудің маңызы зор»[4].

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық болмыс әлеуметтік психологияда, философияда, мәдениетте, этнологияда кіріге отырып, ұлттық этностың өзіндік ерекшеліктерін, санасын, тілін, рухани құндылықтарын, әлеуметтік психологиялық тетіктерін сипаттайды. Латын Америкасы әдебиеті өзінің ұмытылған христиандықсыз түп негізіне оралуды жолға қойып отыр. Осы жағдай біздің ұлт әдебиетімізде де орын ала бастады. Оған дәлел ұлттық әдеби-мәдени кеңістігімізде өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Дидахмет Әшімханұлының әңгімелерін ерекше атауымызға болады.

Дидахмет Әшімханұлы – қазіргі қазақ прозасында қоғамдағы ең өзекті мәселелерді көркем шығармаға дер кезінде арқау еткен қаламгерлердің бірі. Көркем туынды оқырманға эстетикалық ләззат сыйлаумен қатар тәрбиелік мән беретінін ескерсек, Дидахмет шығармаларын арқылы келер ұрпақ бойына «ұлт» ұғымын дарытып, ұлттық құндылықтарды насихаттап, ұлттық мүдде аясында жас ұрпақты өрелі етіп тәрбиелеуге өзіндік әсері бар. Әр жазушы өз шығармашылығында жазуды доғарудан гөрі, ұлты үшін ойлауды доғаруы – үлкен алапаттың бастауы, керісінше, қоғамды рухани емдеуі тиіс. Осы орайда Дидахмет ағамыздың күдіретті қаламы қай кезде болмасын арыдан ой қозғайтын, беріден сөз қозғайтын өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Оны Дидахмет Әшімханұлының шәкірті Есенгүл Кәпқызы да: «Дидағаң біздің саясатты, бір күндік арзанқол дүниелерді жазғанымызды қолдамайтын. Руханияттың негізі ретінде – әдебиетті, мәдениет пен ұлттық рухты көретін. Әрі осы мәселелерді жазғанымызды құптайтын» - деген пікірін адамзаттық маңызға ие ұлттық құндылықтарға бай әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту болып табылатындығын ескереді.

Жазушы Дидахмет Әшімханұлының ұлттық мінезбен көмкеріліп, қазақ рухпен сусындаған хикаят-әңгімелері жекелеген зерттеулердің арасында қарастырылғаны болмаса, бүгінгі таңға дейін арнайы ғылыми мәселе ретінде жүйелі зерттелмеген. Кітабының алғысөз орнына «өзге емес, өзім айтам өз жайымды» деп сөз бен әдебиетке шексіз құрметін айтып, әңгіме жанрына қалай келгені жөнінде оқырманымен сырласып, төл шығармаларының кейбір қыры мен сырына талдау жасап берген жазушы: «О бастан әдебиеттен таңдап алған жанрым – әңгіме. Шындығында, таңдайын дегем жоқ, үйренейін деп бастап едім, үйренген соң қалай бауыр басып кеткенімді білмеймін. Кейін... роман деп қолға алғаным да, повесть деп бастағаным да әңгіме боп шыға келетін болды»[3],- дейді. Жаза келе әңгімеге мақсатты ойларды жеткізудің ең оңтайлы құралы ретінде қарай бастағанын да өз кезінде айтқан болатын.

Әдеби мәтіннің құндылығы көп нәрсеге байланысты. Ондағы ақпараттардың берілуі әрқилы. Әдеби ақпарат – тілдік, мәдени, әдеби ережелер мен тәртіптерге сүйенетін айтылым. Көркем мәтінде объективті, субъективті сипаттағы ақпарат бары мойындалған. Сонымен бірге статикалық, динамикалық, эмоционалды, эстетикалық, бағалаушы ақпараттар да айтылады. Мәтіндегі ақпараттар легі мұнымен толастамайды, әдеби шығармада эксплициттік, имплициттік, т.б. ақпарат болатынын білген жөн. Белгілі ғалым Т.Есембеков өз еңбегінде көркем мәтіндегі ақпараттың көрінісін талдай келе Ю.К.Лотманның көркем мәтіндегі ақпаратты көркем кеңістік мынадай ақпараттарды сақтай алады деп нақтылайды. Графикалық-денотативтік, коммуникативтік(екпін, ырғақ, саздылық, интонация), заттық-денотативтік, образды-мағыналық(поэтика, дискурс), тереңде жатқан мағыналық ақпарат(мәдени, эстетикалық, рухани)[6. Б.103.]. Өз кезегінде соңғы айтылған ақпарат – қаламгер әңгімелерін талдау аясында тиімділігін көрсетті. Әйтсе де уақыт өткен сайын әдеби шығармалардағы ақпараттардың ескіріп, түрленіп отыратынын есте ұстаған жөн.

Жазушы Дидахмет Әшімханұлының шығармашылық жолы жиырма төрт жасында жазған «Аққабаның толқыны» деген әңгімесінен бастау алады. Сол жиырма төрт жасынан бастап әңгімеге ден қойған жазушы Дидахмет белгілі ғалым Құлбек Ергөбек өзінің сыни еңбегінде: «Қай жанрда

жазса да – жақсы жазу – міне қаламгерлік мұрат! Повесть жанрында әлдеқалай көрінетін Дидахмет Әшімханұлын әңгіме жанрында классика туғызған жазушы деуден тартынба! Оның алты асуға дейін жазған туындылары бірыңғай әңгімелер – дер едім. Әңгімеде жұлдызы жоғары ғой Дидахметтің, жұлдызы жоғары. Сыздықтатып отырып мінез мүсіндейді. Санаулы кейіпкерді саралап алып өмір сырына бойлай жөнеледі. Ұлттық мінездерден ұлттық қасіреттер туындап, қазақ жұртының тағдыр-тауқыметі, ұрпақ тәрбиесіндегі енжарлығы, мансабы өскен жанның кісілік орнына кісімшілік жасайтын пақыр пендешілігі, көненің өзін ғана емес, көзін де қастерлей алмай жүргеніміз, бала екеш бала жанына үңіліп, жақсылық жасай алмай сәби- арманды қалай тұншықтыратынымыз жайында ойлы, тегеурінді, терең-ақ толғайды Дидахмет!» [4.Б.236] – деп бағалаған. Қазақтың барлық арыз-арманын Дидахмет Әшімханұлы шығармашылығынан аңғарасыз. Жазушының асқан гуманизммен ұлт келешегін ойлайтынын, қазақтың бойында қазақшылығы аңқып тұратын балаңдығын сағынатынын оның туған жер, туған тіл, діл, ұлт құндылығы, мәдениеті жайында жазылған әңгімелерінен байқаймыз. Қазақ әңгімелері тек жанрлық тұрғыдан сөз етіліп келді де, ұлттың этностық болмысының келбетін таныту үшін авторлардың ойға алған заттық әлемі, әлеуметтік әлемі, мәдени әлемі назардан тыс қалып келеді. Бұл олқылықты Дидахмет Әшімханұлының «Жынды жел», «Құдайсыздар», «Тасқала», «Сары самауыр», «Ақшоқы» т.б. әңгімелері толықтырады.

Романға артылар жүкті көтеріп тұрған “Жынды жел” әңгімесі жазушының ұтымды шыққан әңгімесі бүкіл жан дүниенді қозғайды, ұлттық ділінді, тілінді, ұлттық ар-ұятынды, ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық мәдени құндылықтарды, ұлттық сана барлығын топтастырып, айғақтайды. Қоғам ғылыми-техникалық процесс, яғни ғылыми технология дамуының теріс ықпалына тәуелденді, ой-өріс тарылды, ұлттық құндылықтар, әдебиет, мәдениеттің барлығы сырт қалды, қазіргі ұрпақта патриоттық рух әлсіреді. Даңғазалар біздің ұлттық кодымызды бұзып, рухани тұнығымызды лайлады. Қоғам «алақандай айнаға» табынып, мәңгүрттенудің аз-ақ алдында тұр. Айналаның бәрі – тасқын. Ұлттық тәрбие де соның астында қалды. Сол тасқынның, жынды желдің жетегінде жүрген жастардың жайы, ұрпақтың қамы не болады деген ой тастайды. Тасқыннан арылу жолы – ұлттық құндылықтарды өзгелердің пайдасына беруді доғару. Әңгімеде көсем мен тобыр арасындағы конфликтіге құрылған күрес бар. Осы күрестің шешімін автор “ұлттық жан айқай” арқылы әдеби аренаға шығарып, біз санамалаған мәдени кодтар арқылы кесікті жауабын береді. Жазушының жеткізбек болған негізгі идеясы да осы. Автордың аталған әңгімесін ғалым Әбіл-Серік Әбілқасымұлы «Жынды жел тегеуіріні» атты мақаласында тереңінен талдау жасайды.

80-ші жылдардың басында жазылған Д.Әшімханұлының «Тасқала» атты әңгімесі алғаш жарық көрген кезінде ғалым Мырзатай Серғалиев «тіл туралы тұңғыш әңгіме» деп ерекше бағалаған. Сонымен бірге аталған әңгіме белгілі ғалым Құлбек Ергөбектің «Че?-нің тарихы» [Жас Алаш // 10 наурыз, №4, 2010] деген мақаласында тереңінен талданып, құнды пікірлер қалыптастырады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де оңалмай тұрған «тіл» дертінің жағдайы 80-ші жылдардың басында қандай сипатта болғанын ойлаудың өзі жанға батады. Қазақтың бойын билеген бұл «алапес індет» жайлы қалам тартқандардың тұңғышы Д.Әшімханұлы болды. Қаламгер сипаттап отырған «Тасқаласы» Шығыс Қазақстанның Өскемен қаласы. Өзі де сұхбатында айтады. Әңгіменің негізгі кейіпкері ауыл баласы Сантайдың адасып жүріп кезіктірген қазақтарының ана тіліне шорқақтығын автор ұлтымыздың орны толмас ахуалы екенін бала ойымен жеткізеді. Әңгімедегі Сантайдың адасуы – ұрпақтың адасуы деңгейіне көтеріледі. Баланы «Тасқаланың» жатсынуы – ұлтты жатсынуы деңгейіне көтеріле суреттеледі. «Тасқаладағы» «Че?» - кейіпкерлердің қатынас тілі, әрекет сферасының кілті. «Че?» орыстанған қаланың ауыл баласын жатсынуын көрсететін көркемдік деталь міндетін атқарады.

Автор кіршіксіз бала үмітінің үзілуін – сенімінің өлуі ретінде бейнелейді. Ұлтына деген сенімсіздік, ұрпақ болашағына деген үрей мен күмәнді Тасқаладан жеріну арқылы жеткізеді. Рас, бүгінде "тіл мәселесін" көтеріп, алысып-жұлысып, түбінде бір мәмлеге келе алмай, ұйып отырған қоғамымыздың қайнаған қаны бір қазаннан ақтарылып, бірі былай тартып, екіншісі олай тартып, еркіндікті енді алған тілімізді екі бірдей арандары аюдай ашылып қалған екі тілдің ұртына тастады да жіберді. Бұл бір ғана мәселе...

Ұлттық мінезбен көмкерілген «Құдайсыздар» әңгімесінде төрт буынның өкілі бар. Алдыңғы үш буынның кім екені айқын жазылған. Ал соңғы буын – типтік образ ретінде бүгінгі жастар. Басты кейіпкер – Зибаш апа. Апа туралы өзінің есінде анық, бірақ сұрғылт сақталған сырды баяндайды. Оқырманға шешімін қалдырады. Әңгіме – қазақтың дінінен, ділінен, мәдениетінен безінген, анығында безіндірген ұрпақ турасында айтпақ.

«Ақшоқы» әңгімесі Дидамет Әшімханұлы шығармаларының басым көпшілігі тәріздес отбасы құндылығы, бала тәрбиесі, әке-шеше өнегесі оның басты стихиясы. Дұрыс отырғызылмаған шыбықтың ертеңгі күні қайратты ағашқа айналуы қаншалықты күмәнді болса, Дидахмет бұл жайтқа дәл солай күмәнмен қарайтынын әңгімесінде айқын аңғартады. Ал «Сары самауыр» әңгімесінде қазақтың салт-дәстүрінен біртіндеп айырылып бара жатқанын ашына сөз етеді. Ондағы пікір ұлттық салт-санадан жұрдай болып, жұтаған ұрпақ өсіп келеді. Сол өзгерісті Д.Әшімханұлы қалалық Телжан суретші, оның жары Гүлсан мінезі, олардың қызы – Айжан арқылы әдемі жеткізеді. Сары самаурын – ұлттық салт-сана символы, этнодеталь.

Автордың кез келген әңгімесін алсаңыз да көркемдік сәтті детальді көріп сүйсінесіз. Деталь – бүтін дүниеге меңзеп тұрар түймедей бөлшек. Есесіне, деталь – көркемдік кілті, шеберлік шарты, ұлттық құндылықтар, этномәдени ақпарат. Детальды игерген жазушы – шын жазушы, шебер жазушы. Әңгімелерінде өзінің аз сөзділігімен, шынайылығымен, көркемділігімен ерекшеленген жазушы Дидахмет Әшімханұлы туралы да осыны айтар едік.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының этномәдени білім беру тұжырымдамасы Алматы, 1996.
2. <https://didahmet.kz/main>
3. Әшімханұлы Д. II том. Нұра-Астана, 2016.
4. Ергөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
5. Қабдолов З. Жанр сыры. – Алматы, – 1964.
6. Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2012.

Сарсекеева Н.К.,
к.ф.н., доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби
Афанасьева А.С.,
старший преподаватель Казахского национального университета
имени аль-Фараби, e-mail: alenchika@mail.ru

АКТУАЛИЗАЦИЯ АРХЕТИПА «ДОМ» В РОМАНЕ «ДОМ СКИТАЛЬЦА» Г. БЕЛЬГЕРА

***Резюме.** Архетип ДОМ – один из смыслообразующих общечеловеческих концептов. Актуальность его изучения обусловлена его универсальностью, надтерриториальностью и существенным аксиологическим потенциалом. Указанный архетип определяет отношение общества к себе, своему месту на земле, своей этиологии, а также к Другому – архетипическому Чужаку и Соседу, Врагу и Другу. Таким образом, архетип ДОМ связан с выстраиванием определенной модели мира, посредством которой общество воспринимает окружающую реальность и реагирует на нее.*

***Ключевые слова:** архетип, русскоязычные писатели Казахстана, «СВОЙ vs ЧУЖОЙ».*

Түйін. Үй архетипі – жалпы адамзаттық мән тудырушы тұжырымдамалардың бірі. Зерттеудің өзектілігі оның амбебаптығы, аумақтық сипаты және маңызды аксиологиялық әлеуетіне байланысты. Бұл архетип қоғамның өзіне деген көзқарасын, жердегі орны мен оның этиологиясын, сондай-ақ Өзгеге – архетиптік Б тенге ж не К ө ә өршіге, Дұшпаны мен Досына қарым-қатынасын анықтайды. Осылайша, Үй архетипі әлемнің белгілі бір моделін құруға байланысты, ол арқылы қоғам қоршаған шындықты қабылдайды және оған жауап береді.

***Кілт сөздер:** архетип, Қазақстанның орыс тілді жазушылары, «Өзінік» және «Өзге».*

HOUSE archetype is one of the semantic human concepts. The topicality of its study is determined by its universality, over-territoriality and significant axiological potential. This archetype determines the society attitude to itself, its place on the earth, its etiology, and to the Other – archetypal Stranger and Neighbor, Enemy and Friend as well. So, the HOUSE archetype is connected with the shaping of a certain world model, through which the society perceives the surrounding reality and reacts to it.

***Key words:** archetype, Russian-speaking writers of Kazakhstan, "YOUR OWN vs FOREIGN"*

Герои Бельгера во многом автобиографичны. Почти все из них движутся по сюжетной траектории «утрата дома – кочевье/скитальничество – освоение нового места в жизни – обретение дома». Давид Эрлих, Эдмунд Ворм, другие «Руссландойче» грандиозного бельгеровского эпоса (10 томов сочинений писателя могут быть рассмотрены в тематическом единстве) оказываются в парадоксальной ситуации: у каждого из них не одна Родина, и в то же время каждый из них – вечный скиталец, путник, пилигрим. Заглавие романа «Дом скитальца» - в строгом смысле оксюморон, благодаря которому в сильной позиции текста проявлена антитеза важных понятий: динамики и статики, бесприютности и обретения своего места в мире, дан итог жизненного пути героев, наполненного странствиями и жертвами.

В эссе «Эль» Бельгер отмечает, что для него значимы три дома, три родины его души – бабушкин дом в Поволжье, дом-очаг в Северном Казахстане, дом родителей в Ташкенте. Тема Родины, сама мифологема дома для писателя связана с противоположной темой – бездомья. Противодействие этих сил, утрата корневых основ жизни становится для героев импульсом к познанию двух космосов – внутреннего и внешнего. Когда бельгеровский герой (и в данном случае речь идет о самом типе героя) отправляется в странствие, приравненное к странствию культурного героя в мифе, автор использует ряд приемов, позволяющих читателю проникнуть в его экзистенциальное одиночество [1].

Роман «Дом скитальца» имеет трехчастное композиционное деление. Каждая часть знакомит читателя с одним из трех главных героев – Давидом, Христьяном и Гарри. Все они спецпереселенцы, в одночасье утратившие статус «советских людей» и ставшие «врагами народа» лишь в силу исторических обстоятельств. Их родные дома поруганы и разграблены. Их родовые имена стерты или настолько ассимилированы с иноязычными «аналогами», что не способны выступать ни культурно-языковыми, ни сугубо человеческими индексами. В жизни врача Давида Эрлиха, трудармейца Христьяна и школьника Гарри начинается эпоха великого кочевья, поиска своего места в мире. Судьба заносит героев в казахский аул Кзыл Ту («Красное знамя»), и сюжетная траектория каждого из них пролегает в собственном направлении. Давид избирает путь бескорыстного служения людям и в конце концов приходит к мысли о том, что нужно жить настоящим, а не утраченным прошлым. Христьян умирает на чужбине, так и не полюбив «навязанную отчизну». Гарри борется за свое место в мире и отвоевывает его благодаря казахскому языку – коммуникативному мосту к внешнему миру.

Все герои одиноки в своем поиске. Автор поясняет это состояние героев экспрессивами: сиротство, скитальничество, скорбное кочевье, путь к Голгофе. В арсенале писателя – так называемая техника фокусного расстояния, когда происходит изменение масштаба изображения от «крупного» плана к плану панорамному, отдаленному. Герой в этом случае противопоставлен целому миру; сам он становится «маленьким», «крохотным, как червячок» (вспомним говорящую фамилию Эдмунда Ворма), в то время как мир вокруг него беспределен и широк. Ощущение одиночества, потерянности, покинутости достигает при этом максимальной сгущенности. Автор приходит к созданию подобного эффекта и на уровне контрастных изображений, и с помощью вставочных текстов. Так, депортированный в Казахстан Давид Эрлих то и дело напевает «песенку маленького Ганса». «Бедный маленький Гансик семь лет мыкался на чужбине»; Давид тоже ощущает себя «маленьким Гансиком», а мир вокруг – огромным и необозримым.

Еще интенсивнее одиночество героя передает чередование ретроспективно-синхронных планов повествования, в результате чего мы узнаем о прошлом героя, его некогда счастливой жизни в Приволжье. В прошлом остается и семья Давида, его жена Лидия и маленький сын Арно. Герой с горечью констатирует, что такие жены созданы для «благополучных мужей». Фронтиром между ними пролегла не только череда социальных проблем, из-за которых Давид утратил былой статус, но и незримая линия этнической самости, настолько деликатная, что герой предпочитает не говорить о ней открыто («Есть вещи столь деликатные, о которых лучше помалкивать»). Бельгер развивает здесь мысль о сокровенной сущности каждого человека, предавать которую нельзя. Эта сущность – в уважении к «духу народа». Данное предписание – уважать народ, даже если это другой народ – нарушает жена Давида, Лидия Истратова. Многие ее поступки носят имплицитный характер отторжения, неготовности стать частью Другого. Она не берет фамилию мужа, оставляя себе девичью; не позволяет обращаться к себе «фрау» (нарушение фатического канона); критически относится к тому, что сын постепенно овладевает немецкой речью в кругу «сверстников карлуш». Апофеозом этой негативной градации становится решительный отказ разделить бездомье мужа:

«– Мы с Арношкой будем жить, как прежде, у родителей... А ты... А ты... еще неизвестно, как все обернется... устроишься... дашь нам знать... тогда... тогда... Словом, так будет лучше. Нечего горячку пороть» [2, с.42]. Неслучайно в реплике появляются резко парцеллированные фразы, передающие сбивчивую, неопределенную речь героини и отсутствие четкого плана на будущее. Символическую точку в их отношениях ставит Давид, впервые называя жену оскорбительно для нее – «руссе мачка». Не инвективное по сути, это определение является для героини знаком ее чуждости в кругу немцев. Лишь муж избегает этого стереотипного определения, которое оказывается алеатическим индексом (т.е. указывает на истинные качества натуры/сущности).

Скитальчество героя, таким образом, начинается с утраты дома и разрушения семьи, которые оборачиваются для него настоящей трагедией. Эпиграфом романа вынесены строки из «Подвала памяти» А. Ахматовой (Но где мой дом и где рассудок мой?).

В первой главе романа герою (Давиду) дано константное определение – «путник». Это и автоопределение самого Давида, и рекуррентное определение автора, которое вызывает ассоциации с «Ночной песней странника» И. Гете. Лейтмотив стихотворения, которое присутствует в романе как аллюзия («Подожди немного, отдохнешь и ты») – в определенном смысле пролептитичен. Неслучайно ассоциативное присутствие стихотворения и в аспекте культурного триединства: созданное на немецком языке, оно стало неотъемлемой частью сначала русской (в переводах Лермонтова и Фета), а затем и казахской культур (в переводе Абая). Для Бельгера как культуртрегера это личностно значимый текст.

Итак, Давид – странник, «бесприютный пилигрим», лишенный дома и связанных с ним социальных функций. Подобная социальная аннигиляция, по сведениям Л.Н. Гумилева, носила некогда название «изгнание из жизни». «Людей, в чем-либо провинившихся, изгоняли из жизни, то есть лишали их права заниматься кормивших их семью делом» [3, с. 113]. Такая участь постигла и автономию Волжских немцев, когда целая этническая общность оказалась вытеснена за пределы своего круга:

«Тихая, уютная, благоденствующая республика со своим образцовым порядком за несколько дней превратилась в зону бедствия <...> С первого же дня выселения четко подчеркивалось: вчерашние благодушные и простодушные камерады обернулись если и не совсем врагами советской власти, то по крайней мере «не-нашими»» [2, с. 88].

С помощью событийной антитезы Бельгер воссоздает ситуацию разрушения привычного миропорядка. Первый элемент противопоставления – повествование о мирной земледельческой жизни немцев («насиженные места», «полные амбары пшеницы»), второй – начавшееся «горестное

кочевье» («...а тут на добрый километр растянулось скорбное, сплошь онемевшее от горя и обиды кочевье» [2, с.89]).

«Все, все, нажитое многолетним терпением, неутомимым, адовым трудом, старанием предков, было брошено – нет, не божьей волей – бешеному псу под хвост: добротные дома, убранство, подворье, погреба, склады, сараи с годовыми запасами, амбарами, свинарники, курятники, бани, летние кухни, сады, клумбы, мельницы, сыроварни, колодцы, всякая всячина, заготовленная, собранная впрок на радость и счастье их трудолюбивых обладателей и их потомков – все, все, все, в одночасье, разом, по злому умыслу, безрассудно, варварски, было оставлено, брошено в эти черные дни. Все провалилось в пропасть, рухнуло в бездну, в тартарары. Все было отнято у народа, облагородившего эти бросовые, дикие, запущенные некогда земли. Не было страшнее наказания!» [2, с. 91].

«Изгнание из жизни» как мотив также актуализировано при помощи нескольких факультативных сюжетных линий. Одна из них представлена в воспоминаниях Христьяна. Это история Оскара-музыканта, который подвергается нескольким стадиям социального отчуждения в трудармии. Первая из них – унификация внешности, когда командир обривает его наголо, превращая в «жалкого галчонка». Вторая стадия связана с утратой дела жизни, песенного дара: сначала Оскар-музыкант срывает голос, исполняя «патриотические марши», затем бригадир лишает его семейной реликвии – аккордеона, комментируя свой поступок словами: «На хрена попу гармонь». Третья стадия – символическая утрата имени. Вместе с именем собственным, призванным называть человека и индексировать его отличительные признаки, Оскар утрачивает и свою человеческую самость.

Оскар превратился в ходячую тень. Единственное, что можно было ему доверить, - собирать ветки, измерять поваленные деревья, поддерживать огонь в костре. Концентрированным символизмом в воспоминаниях Христьяна обладают коррелирующие с темой дома элементы пищи, причем функции этих элементов разнонаправленны: они связаны как с жизнью и надеждой, так и со смертью и утратой надежды.

| <p><i>And as a result, ISIL is under more pressure than ever before. ISIL continues to lose key leaders. This includes Salman Abd Shahib, a senior military leader in Mosul; Abu Sa'ad al-Sudani, who plotted external attacks; Shakir Wahayb, ISIL's military leader in Iraq's Anbar province; and Maher al-Bilawi, the top ISIL commander in Fallujah. So far, we've taken out more than 120 top ISIL leaders and commanders. And our message is clear: If you target America and our allies, you will not be safe. You will never be safe.</i></p> | <p><i>Нәтижесінде, «Даиштың» қазіргі жағдайы қиындады. «Даиш» Салман Абд Шахиб Мосулдағы әскери топтың басшысы, Абу Сад Аль- Судани сыртқы шабуылдарды жоспарлаушы, Шакир Шахайб Ислам мемлекетінің әскери басшысы және Махир Аль-Билауи сияқты негізгі басшыларын жойып жатырмыз. Осы уақытқа дейін 120 маңызды басшыларының көзі жойылды. Егер сіздер Американы немесе Американың басқа да серіктестерін нысанға алсаңыздыр, сіздер ешқашан аман қалмайсыздар! - дегім келеді.</i></p> | <p><i>Нәтижесінде, Даиш бұрын соңды болмаған үлкен қысым көріп отыр. Даиш өзінің негізгі көшбасшыларынан айырылуда. Бұл тізімнің ішіне Мосулдағы аға әскери көшбасшы Салман Абд Шахиб, сыртқы шабуылды көздеген Абу Саад аль-Судани, Ирактың Анбар ауылындағы ИГИЛдың әскери көшбасшысы Шакир Вахайб, және Фаллуджадағы ИГИЛ дың бас қолбасшысы Махера аль-Билави. Біз осы күнге дейін 120дан аса көшбасшы мен командирлерді қолға түсірдік. Сонымен, біздің мәлімдеме айқын деген ойдамын: яғни егер сіздер Америкаға және оның одақтастарына қарсы соққы жасасаңыздар ешқашан қауіпсіздікте болмайсыздар.</i></p> |
| <p><i>Barak Obama, Orlando California, 12.06.2016</i></p> | | |

Сараптама жасалынып отырған үзіндінің пресуппозициялық ақпаратына жүгінсек Барак Обама мемлекетке келген шығындарды атай келіп, лаңкестік әрекеттердің адамзаттың жауы екенін, радикалды ислам жастарды дінге емес, ажалға алып келетінін айтып өткен. Аталмыш үзіндінің алғашқы екі сөйлемінде ішкі динамиканы көреміз. Осындай эксплицитті түрде Ислам мемлекеті лаңкестік тобының бұрын соңды болмаған тойтарысқа кезігіп және басшыларынан айырылуы туралы ақпараттың өзінде де эксплицитті айтылып отырған менасивтік сөйлеу актісінің алдын - ала үрейлендіру, өзінің үстемдігін көрсету мақсатында айтылған менасивті сөйлеу актісінің негізі ретінде де қабылдауға болады. Яғни, *нәтижесінде, Ислам мемлекетіне бұрын соңды болмаған қысым жасалынып отыр. Ислам мемлекеті лаңкестік тобы өзінің маңызды басшыларынан айырылып жатыр*- деген сөздерінен Барак Обаманың имплицитті менасивті көре аламыз. Осыған орай, Президент АҚШ мемлекетінің әлеуетін көрсету мақсатында ұрыста Ислам Мемлекеті лаңкестер тобының ажал құшқан стратегиялық маңызды басшыларын тізіп, олардың ішінде, Салман Абд Шахиб Мосулдағы әскери топтың басшысы, Абу Сад Аль-Судани сыртқы шабуылдарды жоспарлаушы, Шакир Шахайб Ислам мемлекетінің әскери басшысы және Махир Аль-Билауи және т.б атады. Жалпы саны 120 маңызды басшыларының көздері жойылды дей келе, соның салдарынан «Даиштың» қазіргі жағдайы қиындағанын айтты. Осындай имплицитті айтылған ойлар арқылы Барак Обама ескерту жасайды, яғни, адресант Барак Обама өзінің адресаты лаңкестерге психологиялық шабуыл жасап отыр. Аталмыш менасивті сөйлеу актісі ағылшын тілінде шартты сөйлеммен жасалынған, яғни, First Conditional құрылымы қарастырылған, келер шақ формасында «*will be safe*» квазиперформативті етістік құрылымымен жасалынған. менасивті сөйлеу актісі келер шақта болымсыз түрде «*will not be*» құрылымымен берілген, сонымен қатар, Барак Обама өз ойын жалғастырып, «*You will never be safe*» менасивті сөйлемін айту арқылы «*never*» сөзімен менасивтің иллюкутивті күшін өсірген.

Жоғарыда берілген бірінші аударма бірнеше баламалы аударма нұсқаларының бірі деп ала отырып, сараптамада қарастырамыз. Түпнұсқа «*If you target America and our allies, you will not be safe*» шартты сөйлем боғандықтан, аудармашы сөйлемнің шартты құрылымын «*Егер сіздер Американы немесе Американың басқа да серіктестерін нысанға алсаңыздыр, сіздер ешқашан аман қалмайсыздар!*» өзгеріссіз берген. Ілеспе аударма жасау барысында аудармашы менасивті сөйлеу актісін толық түсініп алу мақсатында алдымен тыңдап алып, спикерден бір сөйлем қалып, кідіріс жасады. Дегенмен, менасивті аударғанда аудармашы спикер айтқандай, дауыс ырғағын көтеріп, түпнұсқаға сәйкестендіріп берді. Біздің ойымызша, аудармашының бұл шешімі өте орынды. Себебі, адресат әрбір сөйлеушінің айтқан сөздеріне, қайталамаларына көңіл бөледі және есте сақтайды. Ал дауыс ырғағын белгілі бір дәрежеде көтеру жалпы менасивті аудару амалдарының бірі болып табылады. Берілген аударма қазақ тілді тыңдарманға бейімделіп аударылған. Сөйлемнің дискурсивті құрылымында өзгерістер бар. Аудармашы «*target*» сөзін «нысанға алу» деп **калькалау амалын орынды қолданған**. Біздің сараптамамызға сай, калькілеу стратегиясы мұнда сөз деңгейінде қолданылған. Аудармашының шешімі менасивтің аударма тілінде *target*» сөзінің нақ аудармасын «нысанға алу» деп айтуы менасивтің иллюкутивті күшін қажетті мөлшерде жеткізуде тиімді қолданылған. Дегенмен, берілген сегментте аудармашы уақыт сақтау мақсатында «*will not be safe*» және «*You will never be safe*» сөйлемдеріне компрессия стратегиясын қолданған және екі сөйлемді біріктіріп, «*сіздер ешқашан аман қалмайсыздар*» сығымдау амалын қолданған. Аудармада түпнұсқа мағынасы және иллюкутивті күші сақталған. Сонымен қатар, «*will not be safe*» сөзін аудармашы лексикалық трансформация жасау арқылы «аман қалмау» деп аударған, яғни аудармашының бұл шешімі сөйлемнің мағынасын өзгертіп, менасивтің иллюкутивті күші өсіреді. Түпнұсқаға сай, «*will not be safe*» сөзі адресатқа белгілі бір дәрежеде зақым келтіруді немесе қиыншылықтар туғызуды меңзесе, аудармада «аман қалмау» сөзі мүлдем жойып жіберу деген мағынаға ие болады. Сол себепті, аудармада менасивті сөйлеу актісінің иллюкутивті күші өскен. Аударманы қарастыра келе, берілген аударма түпнұсқаға толық барабар емес және иллюкутивті күш асыра сілтеп берілген, толық адекватты емес деп санаймыз.

Екінші аудармада ілеспе аударма жасау барысында күту стратегиясын қолданып, сөйлемді толық тыңдап алды. Сол себепті, спикерден екі сөйлемге қалып отырды. А. Исламның тәжірибесіне сүйенсек, «қазақ тілінің құрылымдық ерекшеліктеріне сай, аудармашы түпнұсқадан 2-8 секундқа қалып отыруы, аудармаға кері әсер етпейді. Ал екі сөйлемге қалып отыру, аударманың түпнұсқаға толық сай болмай, аудармашының белгілі-бір ақпараттарды айтылмай қалуына алып келуі мүмкін. Аудармашының мұндай шешімі аударманың сапасына, барабарлығына әсер етеді» [6, 876.]. Дегенмен, жоғарыда берілген аудармалармен салыстырғанда үшінші аударма түпнұсқаға айтарлықтай барабар болып келеді. Түпнұсқа «*And our message is clear: If you target America and our allies, you will not be safe. You will never be safe.*» менасивті сөйлеу актісі «*Сонымен, біздің мәлімдеме айқын деген ойдамын: яғни егер сіздер Америкаға және оның одақтастарына қарсы соққы жасасаңыздар ешқашан қауіпсіздікте болмайсыздар*» аудармада толық көрініс тапқан. Үшінші аудармашы алдыңғы аудармашылар сияқты «*you will not be safe*» және «*You will never be safe.*» сөйлемдеріне компрессия стратегиясын қолданған.

Түпнұсқаға қосымша, саяси қателерге алып келетін артық сөздерді қосу менасивтің прагматикалық әлеуетін өзгертеді. Сонымен қатар, менасивтің «адресатын» немесе «адресантын» аудармада сыпайы түрде аудару менасивтің иллюкутивті күніше нұқсан келтіріп, оның сәтті шығу шартын бұзады деген тұжырымға келеміз. Берілген үш аудармалардың ұтымды және осал тұстарын ескере отырып, біз өз аударма нұсқамызды ұсынамыз:

Егер сендер Американы немесе біздің серіктестерімізді нысанаға алатын болсаңдар, сендер қатерге ұшырайсыңдар. Сендер ешқашан қатерден құтылмайсыңдар.

Сонымен, сараптамада қарастырылған мысалдың үш аударма нұсқаларын қарастыра отырып, менасивті сөйлеу актілерін аударуда калькілеу стратегиясын қолдану аудармашыға тиімді болады, себебі, калькілеу стратегиясы түпнұсқаның прагматикалық әлеуетін қажетті деңгейде сақтап қалуда маңызды болып табылады деген тұжырымға келеміз. Берілген екі аудармалардың ұтымды және осал тұстарын ескере отырып, біз өз аударма нұсқамызды ұсынамыз:

Егер сендер Американы немесе біздің серіктестерімізді нысанаға алатын болсаңдар, сендер қатерге ұшырайсыңдар. Сендер ешқашан қатерден құтылмайсыңдар.

Сонымен, жоғарыда берілген мысалды және оған берілген баламалы екі аударма нұсқаларын қарастыра келе, менасивке жасалған әрбір өзгерту оның сапасына әсер ететінін аңғардық. Сол себепті, менасивті сөйлеу актілерін ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуда калькалау және сөзбе-сөз аударма жасау жиі орын алады деген тұжырымға келеміз. Берілген мысалды және оған берілген аударма нұсқаларына сараптама жасай келе, біз өз аударма нұсқамызды ұсынамыз:

Егер мен сайлауда жеңетін болсам, мен Бас Прокурорға сенің ісіңмен айналысуға арнайы айыптаушыны тағайындауды бұйырамын, себебі бізде ешқашан соншалықты өтірік пен жалған бұрын соңды орын алмаған.

Сонымен, ілеспе аударма барысында аудармашының барынша қысқа аударма нұсқаларын қолданғаны дұрыс. Ал, мағыналық ауытқулар орын алмауы үшін аудармашы калькілеу стратегиясын қолдануына болады. Аудармашылар калькілеу стратегиясы термин сөздерге қатысты және аудармашы түпнұсқаның қазақ тілінде баламасын таба алмаған кезде уақыт сақтау үшін қоланады. Калькілеу амалы және сөзбе-сөз аударма жасау амалдары кейде таңбалау стратегиясы деп аталынады. Сөзбе-сөз аудару амалын морфема немес сөз, сөз тіркесі деңгейінде қолданған тиімді. Ал толық ойды сөзбе-сөз аудару тыңдаушыда түсініспеушіліктің орын алуына алым келуі мүмкін. Ағылшын тілді саяси дискурстағы менасивті сөйлеу актілерін қазақ тілге ілеспе аударма жасау барысында калькілеу стратегиясы өте жиі қолданысқа ие.

Әдебиеттер

[1] Ван Дейк Т.А. *Язык. Познание. Коммуникация.* - М.: Прогресс, 1989.

[2] Швейцер А.Д. *Перевод и лингвистика. Уч. для институтов и факультетов ин.яз.* - М.: Воениздат, 1973.

[3] Меньяр-Белоручев Р.К. *Теория и методы перевода.* – Московский лицей, 1996.

[4] Илюхин В.М. *Стратегия в синхронном переводе (на материале англо-русской и русско-английской комбинации перевода) – сравнительно-исторической, типологическое и сопоставительное языкознание: автореф. дисс.... к.ф.н.* - Москва: МГЛУ, 2001.

[5] Амирова Ж.Г., Мизамхан Б.М. *Аударма теориясы және машығы негіздері.* Алматы, 2015.

[6] Ислам А. *Ілеспе аударма негіздері. Монография.* - Алматы: Бастау, 2012.

SOME NOTIONS AND FEATURES OF LINGUOCONCEPTOLOGY: REALITY AND FUTURE

Резюме. В данной статье освещаются вопросы некоторых понятий одного из актуальных направлений в современной лингвистике – концептологии. Авторами представлены мнения и позиции ряда исследователей данного направления, а также предложены свои видения языковой проблемы.

Түйін. Мақалада қазіргі тіл білімінің өзекті бағдарларының бірі болған – концептология саласының кейбір түсініктері қарастырылған. Авторлар осы саладағы зерттеушілердің көз қарастарымен өздерінің пікірлерін білдірген.

The concept is a synthesizing linguistic formation that methodologically replaced the idea (image), notion and meaning that included them in a "withdrawn", reduced form - a kind of "hyperon" of the latter. As a "legitimate heir" of these semiotic categories, the linguoconcept is characterized by heterogeneity and multifacetedness, taking on the idea of the discursiveness of the representation of meaning, from the image - the metaphoricity and the emotiveness of this representation, and on the value - the inclusion of its name in the lexical system of language.

Then the notion "concept" in linguocultural texts is a primarily verbalized cultural meaning, and it "by default" is a linguocultural concept (linguoconcept) - the semantic unit of the "language" of culture, the plan of expression of which is a two-sided linguistic sign, linear extent, in principle, is not limited. Determination in the understanding of linguoconcept is the idea of culture as a "symbolic universe," whose concrete manifestations in some "interval of abstraction" (in comparison with inoculture) are necessarily ethnospecific. Thus, the leading distinguishing feature of linguoconcept is its ethno-cultural mark. At the same time, language in linguoculturology is not only and not so much an instrument for understanding culture, it is its integral part, "one of its hypostases". Strictly speaking, attention to the linguistic, symbolic "body" of the concept is distinguished by its linguocultural understanding from all others: through its "name", which coincides as a rule with the dominant of the corresponding synonymic series, linguoconcept is included in the lexical system of a specific natural language, and its place in the last determines the contours of its "significant component"[1, p.68].

An important consequence of the multidimensionality of the semantic composition of a linguoconcept is its internal dissociation - the "discrete integrity of meaning", which does not allow the inclusion of "semantic primitives" in the number of concepts - for example, such operators of nonclassical modal logics as "desire" and "indifference" that acquire the status of a linguoconcept only from "Immersion" to culture, where they are reincarnated as "passion" and "indifference" respectively[2, p. 50].

Researchers diverge here mainly only about the number and nature of the semantic components:

1. "Discrete integrity" of the concept is formed by the interaction of the "concept", "image" and "action", fixed in the meaning of any sign.

2. In the concept there are conceptual and emotional aspects, as well as "everything that makes it a fact of culture" - etymology, modern associations, evaluations.

3. Linguoconceptis also formed by the unity of the value, figurative and conceptual aspects.

4. In the semantic composition of the linguoconcept, the conceptual, reflecting its characteristic and definitional structure, figurative, fixing cognitive metaphors supporting the concept in linguistic consciousness, and significant, determined by the place that occupies the name of the concept in the linguistic system, are distinguished.

5. And, finally, the semantic unity of the concept is ensured by the consistency of its "manifestation in the form of an image, concept and symbol", where the image represents the psychological basis of the sign, the concept reflects the logical functions of consciousness, and the symbol is the common cultural component of the verbal sign.

Of the several dissimilar parts of the concept, the defining principle is usually attributed to anyone.

The "acculturation" of the concept- understanding as a logical category-its transformation into a linguoconcept -is possible only through language-linguization: giving it a name and including the latter in the system of lexical-semantic associative connections of a certain ethnic language-that is why, as already mentioned, logical operators become linguoconcepts only after obtaining cultural, "linguistic" name[3, p.120].

The entry of the "cosmopolitan concept" into the cultural space of a particular ethnic language can, in principle, be carried out in two ways: for abstractions - through the establishment of unfree, interconnected links of his name and, thereby, the acquisition of figurative connotations; For realities - through the symbolization of the name as a doubling of its content plan, when the original schematic image (representation) to which this name sends is a symbol and sends itself to some other semantic complex, which constitutes the essence of the content of the concept.

Linguocultural conceptology seems to have emerged from linguoculturology in the course of reaccentuation and modification of components in the triad "language, culture, human personality", planned by Emile Benveniste, in which the "human personality" comes down to consciousness, more precisely to the totality of "clusters of meaning" concepts.

Despite the fact that linguo-conceptologists are relatively unified in understanding the object of their scientific interest as a cultural meaning, marked by ethnic specificity and finding a linguistic expression, the species-specific proliferation of this object seems to give rise to a "biological metaphor": varieties of linguo-concoctions in The limits of the definition formulation grow "like grass" - not having any consistent classification basis, which makes their typology very difficult. This is due primarily to the fact that the definition itself "ethno-cultural specificity" is by no means unambiguous and allows many interpretations depending on whether this specificity extends only to the semantics of the concept or whether it also affects the ways of its verbalization, as defined The status of the "internal form" of lexical units, the "linguists" concept, and whether the concept is included in the formant mentality as a whole or the mentality as part of the latter[4, p.78].

In a narrow "substantial" understanding, continuing the Abelar tradition at a new level, linguo-concoctions are "the concepts of life philosophy," "everyday analogues of worldview terms," fixed in the vocabulary of natural languages and ensuring the stability and continuity of the spiritual culture of the ethnos. As such, they are units of ordinary philosophical (predominantly ethical) consciousness, axiologically colored, ideologically oriented and intended "to be an indicator of the basic human senses and values."

To linguo-concoctions, in a wide "meaningful" understanding, one can include any verbalized cultural meaning, to some extent marked by ethnic specifics, regardless of its significance (materiality and chance) for a national character: "home", "life", "money", " America ", " Europe ", " sport ", " music ", " blizzard ", " thunderstorm ", " cleanliness ", etc. - in fact, if we search a couple of languages for comparison, then the semantics of almost any lexical unit will be ethnically specific[5, p.40].

To linguoconcepts in a broad "formal" understanding are cultural meanings, assigned to a name that has a specific "internal form" - a sign placed in the basis of the nomination, in the implementation of which seriality is observed.

The division into universal concepts present in any linguoculture (happiness, peace, love, freedom, faith, etc.), and the concept-idiosyncrasies-idioethnic ones are sufficiently conditional, since idioethnicity is partly present in concept universals that differ from one Language consciousness to another by its peripheral semantic composition and the ways of its hierarchical organization.

The division of linguo-concoctions into individual (ideostyle), group and national is based on the obvious fact that any society consists of individuals and, as a rule, it identifies certain social groups that have their own conceptospheres, in which individual and national concepts are specifically modified[6, p.28].

The typology of linguocultural concepts can also be based on the level of abstraction of their names, which are sent to the universal concepts of spiritual culture and formed by hypostatization of predicates - properties and relationships (happiness, beauty, freedom, etc.), on the one hand, and to symbolic concepts - cultivated realities (*matryoshka*, *bird cherry*, *birch*, etc.), on the other. Between these semantic poles lies the "gray zone". This zone includes emotional concepts that are closest to the concepts-spiritual entities and embody subjectivity, which occupy an intermediate position between the subject (observable) and the abstract (metaphysical) regions. It also contains linguistic concoctions of the "middle level" that can be described in terms of cognitive linguistics - "thought pictures", diagrams, frames, scripts, etc.

And, finally, the species division of linguo-concoctions can go along the line of the subject area to which they send: in addition to the emotional concepts that we have already talked about, the universal, ontological, epistemological and semiotic, illocutionary, and illocutionary, found in any ethnoculture, probably other categories, in one form or another included in the "ordinary" (linguistic) consciousness.

The widening and deepening of the subject domain of linguo-concoctions is primarily due to the inclusion of their variants within the boundaries of the national conceptosphere, as defined by the "sphere of existence" of these linguistic essences. Variants of national linguoconcepts are created by their functioning in different

types of discourse, in different speech genres, in different sociocultural groups (gender and age) and in various idiostyles.

Linguoconcepts as "clots" of meaning - "thickening", arising at the intersection of lines of associative networks, form a "conceptual space" of the appropriate type of discourse, speech genre, author's style or a single work. The extension of the subject domain of linguo-conceptology can, therefore, also be carried out through the study of a specific set of key concepts that form such a space [2, p.15].

Thus, the concept as an ideal being (cf.: Greek. ὄν, ὄντος - "being", "essence") has its own being and ontology: its formation, which began about a thousand years ago, in Russian linguistic science, where it became a generic name for representation, concept and meaning, Up Oge. During this time "concept" as a synonym and analogue of the "concept" narrowed its scope and expanded its content: filling with additional signs, it was first a "cultural concept" and then a "concept linguistic culture".

In linguoculturology, the status of the concept is recognized as the mental formations of any Degree of generality, possessing internal semantic dissection, marked by ethnocultural specifics and finding a fixed linguistic expression. Due to the uncertainty of the very sign of "ethnocultural specificity", the species proliferation of linguoconcept continues, capturing all the new layers of the lexical fund of the language. It seems that the "heuristic resource" of the linguoconcept is not yet exhausted - the extension of the subject domain of linguo-concultology can go along the path of studying the interdiscourse, recessive and idiostyle variability of linguoconcepts, and also by studying discursive clustering - their semantic associations in a certain "domain of existence." ,

As for the name of the linguistic culture concept, which he must possess by definition and which, in principle, coincides with the dominant of the corresponding synonymic series, the ambiguity of this name (the presence of several lexical-semantic variants in the word) leads to the necessity of creating "I am a different kind of *dvandv*" of the type "truth-truth" and "truth-justice", "happiness-luck" and "happiness-bliss", etc. Among other things, the name "concept" is idioethnic: being a kind of hidden semantic tracing "concept", when attempting to transmit to languages whose lexical system contains the corresponding producing Latin etymon (conceptus / conceptum), it loses its terminological "significance", based on the "concept", which is so difficult to create, and requires a descriptive translation.

References:

1. Vorkachev S.G. *Linguoculturology, language personality, the concept: the formation of the anthropocentric paradigm in linguistics* // FN, 2001, No. 1, pp. 64-72.
2. Vorkachev S.G. *Methodological Foundations of Linguo-Conceptology* // *Theoretical and Applied Linguistics. Issue. 3: Metacommunication aspects.* - Voronezh, 2002, pp. 79-95.
3. Vorkachev S.G. *Linguoconceptology and intercultural communication: origins and goals* // FN, 2005, NO. 4, pp. 76-83.
4. Humboldt W. *Language and philosophy of culture.* - M., 1985.
5. Karasik V.I. *Language circle: personality, concepts, discourse.* - M., 2004.
6. Уразбаев К.Б. *Языковая личность, лингво-культурологический типаж, лингвоконцепт: взаимодействие или взаимоисключение?* // XXIII Международная научная конференция «Новые парадигмы и новые решения в современной лингвистике», Алматы, 2016, сс 235-238.
7. <http://www.springer.com/series/14294>

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КӨРКЕМ КОДТЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ ұлттық көркемдік танымы оның терең тамырлы ауыз әдебиетінен бастау ала отырып, сөз зергерлері саналатын қаламгерлердің шығармаларындағы авторлық пайымды танытатын бейнелілік сипатқа жалғасады. Көркем шығарма үшін тіл шеберлігі қажет. Шеберліктің өзі көркем туындыны көрікті шығаратын тәсілдерге байланысты. «Көркем әдебиет тілінің шеберлік сипатын білдіретін тілдік тәсілдерді екі топқа бөлуге болады:

1. Бейнелеу тәсілдері – өмірдің нақты шындығын, құбылысты кісінің көз алдына елестетіндей етіп суреттеу;

2. Әсірелеу тәсілдері – оның үстіне, кісінің эмоциялық сезіміне әсер ететіндей етіп көріктеу» [1,88] деген пікір кез келген қаламгердің шығармашылығындағы негізгі бағдар болуы тиіс.

Бейнелеу құралдары деп көбіне сөз қолдану тәсілдері, бейнелеу сөздер, мысалы, құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, тенеу, эпитет, дыбыстық қайталамалар деген көріктеуші құралдарды айтамыз. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу, оқиғаны әр түрлі өрістету – осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады. Әсерлеу сөзге мәнерлілік сипат дарытып, көркемдігін, әсерлілігін арттыра түсетін сөйлем құрылымын түрлендіру, сөз қолдану тәсілі ретінде стильдік айшықтар түзеді. Әсерлеу түрлері – сөз қайталау, сөз орнын ауыстыру (инверсия), шендестіру, үдету, бүкпелеу, арнау, риторикалық айшықтар. Ал көркем шығармадағы мәнерлеуге жататындар лексикамен, фразеологиямен шектеліп қоймайды, қажетті жерінде сөз тіркесіндегі сөз құрамдас бөліктерінің алмасуы, жай, құрмалас сөйлемдердің құрамдас бөліктерін алмастыру, интонация, тіпті оқшау сөздер де кіреді. Егер осы аталған тәсілдерді жазушы шебер қолдана алса онда бұлар шығарманы шынайы, тартымды етеді. Тұтастай алғанда, туындының көркемдігі шығарманың бүкіл компоненттерінің бірлігінен, үйлесім-келісімнен туындайды. Осы көрсетілген тәсілдер барлық проза, поэзия жанрына тән бола тұра, тарихи романдар тілін зерделеуде өзгеше қырынан қарауды талап етеді.

Қазіргі дәуірден бес-алты ғасыр бұрынғы кезеңге жол салу, барын байытып, жоғын табу, өшкенін жандыру, там-тұмдаған деректерден мәлімет алып, өмір шындығын көркем келістіре білу – тарихи шығарманың негізгі шарты. Бұрынғы өткен бабалар сөзінің грамматикалық, фонетикалық негіздерін айнытпай, дыбыстық құрылымын бұлжытпай қайталау – басты белгі емес, әрі олай ету эстетикалық көрсеткіш те болмайды. Өткен ғасырларда көп қолданыста болған, қазіргі күнде архаизмге айналған сөздерді тауып, оның мән-мағынасын ашу, әдет-ғұрып ережелеріне, тұрмыстық жағдайларға, жаугершілікке байланысты қағида, тәртіптерге, табиғат ерекшеліктеріне көп көңіл аударып, тарихқа қылау түсірмей шынайы жазу І.Есенберлиннің дарындылығын, шеберлігін танытады.

Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығармалар халқымыздың өткен дәуірлердегі хал-ахуалын, өркениетін, мәдениетін, болмысын, тұрмысын танытатын рухани арна болса, сол романдардың алғашқысы – «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогияларының тілдік ерекшеліктері жайлы сөз қозғау әлі де өзекті бола бермек. Қос трилогиядағы көптеген архаизмдер, лауазым-титул атаулары, ономастикалық, әсіресе, топонимикалық атаулардың көне нұсқалары, сирек қолданыстағы сөз үлгілерінің семантикасын ашу, троп пен фигура түрлерінің көркемдік қызметі, лексикалық, синтаксистік элементтердің стилін анықтап, лингвостилистика тұрғысынан зерттеу – қазақ халқының дүниетанымындағы ұлттық код, пайым көрсеткішін ашуға кілт болары сөзсіз.

І.Есенберлиннің қаламгер ретіндегі даралық мәнері өткен тарихты өз кезеңіндегідей етіп қазіргіге таныта білгендігінен, сол кездегі лексикалық белсенді қолданыста болған қыруар сөздердің мән-мағынасын ашып көрсетіп, хандарды «хандарша», билерді «билерше», қарашыны «қарашыша» сөйлеткендігінен танылады. Жазушы тіпті өсімдік, аң-құс аттарын атап қана қойған жоқ, олардың қандай өңірде, қалай өсіп-өнетіндігіне дейін назар аударып, оқырманына тарихты табиғатымен қоса таныта білген. Шығармадағы азулы билер мен айтулы шешендердің сөздері өте әсерлі, мәнерлі шыққан. Халықтың көркемдеуіш тілдік құралдарын шебер қолдану – шығарманы сәтті шығару кепілі. Бұл орайда көркем туындының поэтикасы елеулі маңызға ие болады.

«Қаһар» романында «Арғынның ақиығы Қотан жырау», «ақиық ақын» деген тіркестер бар. Осындағы ақиық деген – түсі қара қошқыл, басы мен желкесі сарғыш, иығы ақ сұрғылт, құйрығының үстінде көлденең қара жолағы бар, бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс екендігін түсіндірме сөздіктен білеміз. Алғыр, шапшаң, епті, айлалы, айбатты жан-жануарларды (бүркіт, қыран,

жолбарыс, арыстан, қабылан, арлан, т.б.), сұлу, жүйрік, қасиетті хайуанаттарды (жылқы, құмай, тазы, нар, т.б.), түркі халықтары, соның ішінде ата-бабаларымыз айрықша қадірлі санаған, өз дүниетанымында қасиетті деген ұғыммен ұлттық код ретінде қалыптасқан. Сол себептен болар, елден ерек айтыскерлерді, ақын-жырауларды ақиық құсқа телу – І.Есенберлиннің сүйіп қолданған сөз тіркесі. Оған тарихи шығармаларынан кездесетін тіркестер дәлел болады.

Халықтық оймақ ауыз, құмай көз деген тұрақты тіркес сұлулықтың белгісі ретінде жұмсалады. Жазушы І.Есенберлин бұл эпитетті Күнімжанға (Кенесарының бәйбішесі), басқа да аруларға байланысты қолданған. Осындағы құмай сөзі нені білдіреді?

Түсіндірме сөздікте:

«1. Құмай – тазының ең жүйрік, алғыр түрі;

Биік таулы жерлерде мекендейтін ірі жыртқыш құс;

Құмайдың дене тұрқы 125-150 см, салмағы – 8-12 кг.

Тары тәріздес көп жылдық арам шөп» [2] деп көрсетілген.

Қазақ халқының ұлттық жады бойынша ит пен шөптен сұлулыққа символ алынбайды. Ит бейнесі адалдыққа, шөп бейнесі мінезге астарлануы мүмкін, демек, бұл эпитет жазушыда мұзбалақ жыртқыш құстың көзіне байланысты алынған дей аламыз. Себебі құмай тәрізді ақиық та – қыран құс қой. Сұлулық пен алғырлықтың белгісі етіп ақиықты сан ақын жырға қосқан. Атақты «Біржан-Сара» айтысында метафоралық қолданыста кездесетін мына жолдар ойымызға дәлел бола алады:

– Ей, Біржан, көңіліңді тындырайын,

Аруағыммен құдайға ұрдырайын.

Найманда түлеп ұшқан ақиықпын

Топшыңды қанатыммен сындырайын.

– Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,

Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.

Басайын аптығыңды, тез шық, Сара

Сен түгіл, әкендеймен болдым істес... [3]

Бүркіт тектес құстар ғана емес, жылқының да төзімділіктің, шапшандықтың және сұлулықтың символындай болып суреттелетін тұстары қос трилогияда мол. Жазушы хан, сұлтан, батыр, баһадүрлердің тұлпарларының сыртқы түр-тұлғасын ғана емес, «аттарын» да әсем етіп келтіреді: «Тарланкөк», «Жалынқұйрық», «Ортеке», «Теңбілкөк», «Қынықөклен», «Күлсары», «Кертөбел», «Көкдауыл», «Тұлпаркөк», «Бозойнақ», «Ақтаңгер», т.б.

Ақтаңгер – жылқының таңындағы белгімен байланысты қалыптасқан түс. Аттың «атын» да, оның шабысын да жазушы әсерлі баяндайды. Өзі есті, өзі қасиетті, өзі келісті мұндай жануарды халқымыз сәйгүлік деп атаған. І.Есенберлинде сәйгүлік атауы едәуір ұшырасады. Құлағымызға таныс осы сөзді этимологиялық сөздік былай түсіндіреді: сәйгүлік: сай – өте жүйрік, атақты тұлпар ат, күлік қырғызша жүйрік, шапқыш, тұлпар. Көне қыпшақ тілінде күлік – тез, шапшаң, жылдам. Сонда түркі-монғол тілдерінде қолданылатын мағынасы – ат, шапқыш ат, атақты ат [4].

Оқырманды тебіренерлік көркем тілдің сан айшығын пайдаланған жазушы шеберлігі сан қырлы. Шығармадағы барлық сөздер-образдар кейіпкерлердің ішкі-сыртқы сипатын білдіру үшін жұмсалған, солардың қандай жан екендігін таныту мақсатымен автордың бағасына орай бір мағынаны төңіректейді, соған бағынады. Мысалы, жазушы Абылай ханның аузымен «Аз асқа бақауыл, аз елге хан болған жаман» деген мақалды айтқызады. Абылай хан үш жүздің басын біріктіріп, бір орталыққа жұмылдырғанмен, ресми түрде оны ақ патша Орта жүздің ғана ханы деп есептегені тарихтан мәлім. Ауыр-ауыр шайқастарда әбден әлсіреген қазақ елі расында да аз санды халық болатын. Оған ру-ру арасындағы алауыздық қосылып, үш жүз тым титықтап қалғаны белгілі. Сондықтан да болар, жазушы елінің ертеңін ойлап, уайым жеген асқақ тұлға аузына «аз елге хан болған жаман» деген мақалды салғанда, Абылайдың ұлы хан бола алмаған күйігін айтып тұрған жоқ, өзара ырду-дырду елді «азға» балағанын аңғарту болған. Оған қоса «аз асқа бақауыл» деген алғашқы компонент те аз ел сөзіне параллелдік түзіліс жасап, сөз мағынасын қоюлата түскен. Осы бақауыл сөзінің мағынасын Ш.Уәлиханов былай түсіндіреді:

«Букаул – употребляется в степи и теперь. У киргиз (кайсаков) есть поговорка... букаул в смысле разносителя блюд. (Аз ғана асқа бақауыл болма, аз ғана елге бек болма) [5,171]. Осы түсініктемеден байқалғандай, «аз асты тасып ұятты боласың, аз елді билеп жарымайсың» деген ойды жазушы әдейі халықтық мақалмен жеткізіп, кейіпкер ойын танытуға тырысқан.

«Жанталас» романында жыраулар поэзиясынан алынған көптеген толғау-жырларды орнымен қолдана білген автор Абылайдың қазасын көпшілікке естірткен Бұқар жоқтауын да сәтті ала білген:

Аза күнде қан жылап,

Қайғыдан қара бұлт тұрар
Қурай кенет жас құрақ
Ақ қайың сәтте морт сынар...

Білсе де өстіп өтерін,
Дүние саған болды тар.
Жалғыз тәубе етерім –
Артында қалған атың бар...

Бұқар жыраудың бұл толғауы қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы қалыптасқан пайымдарды қолдануы арқылы Абылайдай ұлы ханның бейнесін танытуға қызмет еткен. Бұндағы қан жылау, қара бұлттай қайғы, қайыңның морт сынуы, дүниенің тарылуы, тәубе ету, артқыға аты қалу секілді тұрақты тіркестер ойға ажар бітіріп, мазмұнын тереңдетеді, тұңғыш философиялық мән-мағына береді. Жазушының «Қаһар» романындағы Кенесары образы да шынайы, аса көркем шыққан бейне. Егер қаламгер қапияда мерт болған хан Кенені «міне, Кенесары осылай қаза болып еді» деп тарихи деректерден бәріміз білетін нұсқа бойынша аяқтаса, оқырман көңілінде Кенесары бейнесінен гөрі оған деген аяныш қана қалар еді. Сондықтан автор шығармасын терең поэтикамен аяқтайды:

«Мынау көш Шыңғысхан шабуылынан бастап, алты жүз жылдан астам өзінің жері, суы, тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ атты көшпенді көкжалдардың ең соңғы ұлы көші еді...». Мысалдағы «көш» сөзі тура мағынасында емес, басынан ауыртпалық кетпеген, үздіксіз соғыста шындалған, ғасырлар тоғысында мың өліп, мың тірілген, өзіндік мәдениеті, өркениеті бар, жауынгер көшпелі елдің жорығы деген ауыс мағынада қолданылған экспрессивті сөз. «Көкжал» сөзі де – образ. Дала тағысы – өрліктің, еркіндіктің, қайсарлықтың символы, әрі тәңірге табынған түркі халықтары үшін көкжал – тотемдік мәнге ие. «Ұлы көш» сөзі бейбітшіліктің емес, жан беріп, жан алысқан қырғын соғыстың ауыртпалығына меңзеу іспеттес. Кенесары, Наурызбай бастаған, он жылға созылған көтерілістің жеңіліспен аяқталуын, елі үшін жан пида еткен ерлердің өлімін жазушы осындай астарлы сөйлемдермен аңғартады.

Біз «Қаһар» романындағы Кенесары мен тарихи Кенесарының арасында үлкен айырмашылықтар бар деп айта алмаймыз. Тарихта Кенесарының көзін көріп, дәмдес болған адамдардың жазып қалдырған мәліметтерімен қоса, хан Кененің өз қолымен жазылған бірнеше хаттарына қоса, талай мұрағаттарды қопарып, талай ауыз әдебиетінен оған қатысты дүниелерді суыртпақтап ала білген жазушының «Кенесарысы» – айрықша тұлға. І.Есенберлин өз романында Кенесарыны дабырайтып, бояп, әшекелемейді. Тарихқа сәкеттік жасамай, өз кейіпкерлерін өзі беріп тұрған образдарға сай сөйлетеді, ойландырады, толғандырады [6]. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздері арқылы олардың бейнесін аша түседі.

Өткен дәуірдің тарихи беттерін қазіргі уақыт аясында жазғанымен, жазушы өлшем бірліктерін сол кездердегідей, яғни «баяғыша» келтіреді. Қазіргі күндегідей «сағат», «километр», «килограмм» жоқ онда. Керісінше, бұрынғы қалпынша сақтаған мынадай өлшемдерді кездестіреміз:

«Жетіқарақшы шөміштеңе осы арадан табылайық», «Үркер тарар кезде көтерілеміз», «екі бие сауымындай уақыт өткенінде», «айналасы ат шаптырым жер», «екі құлаш, биіктігі кісі бойындай», «мысқалдай», «зіл батпан», «бес сажын», «намаздыгер мен намазшам арасы», «бесін уақыты», «биіктігі қырық, көлденеңі елу кездей», т.б.

Тарихи тақырыпқа қалам тартқан жазушы І.Есенберлин осындай өлшем амалдарымен ұлттық танымның бейнесін көрсете отырып, шығарма ажарын кіргізе түскен. «Алтын Орда» және «Көшпенділер» трилогияларындағы жазушы даралығын танытатын тәсілдердің барлығы дерлік қазақ ұлтының биік сана өрісін, дүниетанымын, өмірді танып-түсінудегі көркемдік қабылдауын шынайы көрсете алуымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. –Б. 180
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. –Б. 480
3. Бес ғасыр жырлайды (II-том) – Алматы: Жазушы, 1989. –Б. 496
4. Этимологиялық сөздік. – Алматы: Ғылым, 1966. –Б. 202
5. Уәлиханов Ш. 5 томдық шығармалар жинағы, II-том. – Алматы: ҚСЭ, 1985. –Б. 375
6. Есенберлин І. Қаһар. – Алматы: Жазушы, 1976.

Бораш Баян Тәліпұлы
филология ғылымының докторы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ профессоры,
қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: bayan.borash@mail.ru

ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ АСАН ҚАЙҒЫ АРНАУЫНДАҒЫ ТҰЛҒАСЫ

***Түйін:** Мақалада негізінен Асан қайғының «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің» атты Жәнібек ханға арнауы талданады. Толғау түгелдей дала ойшылының ханға біржақты монолог түрінде айтылғанымен сөз астарынан ханның жырауға айтар уәждері, дүниетанымы аңғарылады.*

***Резюме:** В статье разбирается известное посвящение Асана Қайғы одному из основателей Казахского ханства Жанибеку. Хотя великий жырау односторонне ведет речь от своего лица, из его обращения вытекает ответ хана, угадывается его прогрессивные взгляды на вопросы поэта.*

***Summary:** This article is about of significant contribution in the development of Abay's studies in A.Bukeihanov's, A.Baitursynov's and K.Zhubanov's works that was at the forefront of Abay's studies and harmonies in their thoughts and statements about the Abay's creation.*

Жәнібек Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалап, ол өлгеннен кейін ел билеген қазақтың алғашқы хандарының бірі. Жәнібек ханның тұсында Қазақ хандығы жеке ел болды. Оның артында тоғыз ұл қалып, ұрпағы ХІХ ғасырға дейін Қазақ хандығын билеп келді.

Жәнібек қазақ әдебиетінде, әсіресе қазақ фольклорында едәуір орын алған хан. Жәнібек туралы ауыз әдебиетінде Жиренше мен Қарашаш туралы әңгімелерде, Асан Қайғыға, Қожанасырға байланысты аңыздарда жиі ауызға алынады. Ол әлгі аталған қазақ фольклорының белгілі адамдарымен бірге біраз шешендік сөздердің де кейіпкері.

Фольклор және жазба әдебиетімен қатар Жәнібек хан турасында ақын-жырау поэзиясында, негізінен оның бейнесі Асан толғауларында жырланған. *Асан Қайғы Сәбитұлы* «ХІҮ ғасырдың аяғы мен ХҮ ғасырдың басы аралығында өмір сүрген қоғам қайраткері, ақын, жырау, би». Асан Қайғы қазақ халқының басын құрап, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды қолдап, солардың ақылшысы болған. Жәнібек ханның тұсында Асан әбден қартайып, тоқсаннан асса да жырау туралы деректер мен халық әңгімелерінің бәрінде оны осы Жәнібек құрған жас хандықтың мұңын мұңдап, сол хандыққа қараған қазақ елінің жоғын жоқтаған жырау ретінде көрсетіледі.

Асанның «Жәнібекке айтқаны» деп аталатын 33 жолдан тұратын толғауы Әлкей Марғұлан материалдарынан алынып, Х.Сүйіншәлиев әзірлеуімен алғаш «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты 1967 жылы жарық көрген жинаққа енгізілген. Кейін 1989 жылы М.Мағауин мен М.Байділдаев құрастыруымен шыққан «Бес ғасыр жырлайды» жинағының бірінші томына бұл толғаудың он бір жолы қысқартылып, жаңадан он алты жол қосылып, барлығы 39 жол болып, бұрынғы атауы алынып тасталғандықтан шартты түрде «*Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...*» деген алғашқы жолының атауымен жаңа нұсқасы енгізілді.

Толғаудың бізге жеткенше жинаушылар қолында, әр басылымдарда шашылған бөліктері соңғы нұсқасында бас аяғы жинақталып, композициялық құрылысы жағынан әрқайсысы ханға деген ренішті, белгілі бір ойды білдіретін, «Мұны (оны) неге білмейсің?!» деген рефренмен аяқталатын жеті тирададан және жыр соңындағы қорытынды бөліктен тұратын, біршама қалыпқа түскен сынайы бар. Дегенмен әлде де үш бөлігі ішіндегі ой қайталанып, не бірінің ішіндегісі екіншісінде араласып жатады.

Асан Қайғының бұл көлемді толғауында жалпы алғанда халық пен хан арасындағы қарым-қатынас, мемлекеттік, елдік мәселелер, ханның іс-әрекеттері негізінен жыраудың осы мәселелерге жеке көзқарасы арқылы сөз болады. Сондықтан жырда бір жақты көзқарас, субъективизм едәуір орын алатыны аңғарылады. Жоғарыда айтылғандай, Асан Жәнібектің Әбілқайырдан бөлініп дербес қазақ хандығын құру стратегиясына қарсы емес сияқты, бірақ осы үлкен мақсатты орындауда Жәнібек пен Асан арасында келіспеушіліктер, соған байланысты Асан толғауларында ханға бағытталған сын көп. Енді біз оқулықтардағы, зерттеулердегі дайын асты жұта бермей Асан сындарына да сын көзбен қарап ақиқатын ашып, кейбір қалыптасқан шаблоннан кетіп, жаңаша тұжырым жасап көрейік.

Алдымен алғашқы тирададағы жырау сынын қабылдауға болатындай. Шындығында жаңадан ғана шаңырақ көтеріп отырған мемлекеттің шаш етектен шешілмеген істері, жырда көрсетілгендей айнала аңдыған жауы, «Шабдылып жатқан халқы...» тұрғанда оларды «көздеп көрмей» сауық-сайранға салынып, «қымыз ішіп қызаруы» сияқты бейқам жүріске барып, уақытын бос өткізуі, әрине, елбасының үлкен кемшілігі. Оның үстіне ел билеп отырған, халық әр басқан қадамын аңдып отырған басшыға «Мастанып, қызып терлеп, Елеуреп сөйлеу», тіпті әдептен озған жарастықсыз іс.

Екінші, бесінші, алтыншы тирадаларындағы Жәнібек ханның қорған, қала салуға байланысты айтқан Жәнібектің орыс шеберлерін алдырып, кәуірге қала салдырғанын жырау айып көреді. Өйткені, *біріншіден*, оны ертең қайтып «Артыңды алар орыс кеп», сондықтан бұл «Қорған салған бейнетін» бос әурешілік болды, «Ақылды белден шалдырдың», – деп, бұндай іске бармауға шақырады. *Екіншіден*, ол көшпелілердің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қатаң сақтауды қалайтын идеологі ретінде қала, қорған салу

отырықшылыққа бастайтын жол, ал ол көшпелілердің атам заманнан бергі, тек далалықтарға тән қасиеттерінен айырады. Бұл Асан Қайғының позициясы. Ал Жәнібек ханның ұлы жырауға қандай уәж айта алар еді. Біріншіден, негізі көшпелі Алтын орда, Ноғай Ордасы хандарының орталық қалаларында шетел шеберлерін шақыртып сарай тұрғыздырып, қала салдыру қашаннан бар дәстүр [101, 128]. Сондықтан бұны көшпелілер салт-дәстүрін бұзғандық деп қарамаймыз. *Үшіншіден*, Әбілқайыр ханнан бөлініп, дербес Қазақ хандығын құруға, жаңаша жол бастауға бойдаушылық жасаған Жәнібек ханға, ата дәстүрін сақтай отырып, оның кейбір анахронизмге, яғни жаңа жағдайларға, прогреске тұсау бола бастаған тұстарын қабылдамай, жаңашылдыққа бару қиын бола қоймаған болу керек. Толғаудағы Жәнібектің көшпелілердің басқа да сол кезде мүлтіксіз орындалып отырған дәстүрлерін (қарадан қатын алу, атамекенге байланып қалмай көшу және т. б.) сақтай бермеуі, әзірге бұлтартпас деректер болмағанмен, ханның қала салу ісіне шындығында барғанын дәлелдей түседі.

Үшінші тирадада көшпелілер мемлекетінің, тек көшпелілер емес басқа да монархиялық мемлекеттерде, ең консервативті, тіпті кейбір батыс-шығыс елдерінде бүгінгі күндерге шейін жеткен дәстүр – бұл текті сақтау, төре тұқымынан шыққан хан-сұлтандардың қара халықтан шыққан әйелге үйленбеу тәртібі. Сол тәртіпті Жәнібек хан «Қарадан қатын алып», тағы бұзады. Асанның пікірінше бұл, *біріншіден*, ата-бабадан келе жатырған «Айрылып хандық жорадан» салтты бұзу; *Екіншіден*, бұдан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан генетикалық тек бұзылады, оның салдарының мемлекеттік іске зияны келуі мүмкін, себебі ондай әйел «Ел ұстайтын ұл таппас», одан туған ұл қажырсыз, әлсіз және тағы басқа кемшіліктері болып, «Айрылар ата мұрадан!» Ең үлкен қауіп осы. Сол кездің ұстамына қарсы Жәнібектің бұндай қадамға баруына не түрткі болды. Ханның уәжі. *Біріншіден*, қарадан шыққан бұндай қыз асқан ақылды, таң қаларлық сұлу, әдепті қылығымен «хан бұрылып қараған» ару болған болар, әйтпесе оған ханның көзі түспес еді. Тіпті оған ғашық та болуы мүмкін, *Екіншіден*, бұндай қай жағынан да ақсүйек қыздарынан озып тұрған әйел ел ұстайтын ұл тууы әбден мүмкін. *Үшінші*, ханның қатып қалған қалыпқа, стандартқа көнбей, көзі жетіп тұрған іске бара алатын ерекше мінезі, оның үлкен ақыл иесі, батыл, көздеген мақсатына жете алатын табанды адам екеніне көз жеткізеді.

Төртінші тирада сол кездің өлшеміне, дәстүріне келмейтін ханның тағы бір ерекше ісінен хабар береді. Аң аулайтын құстардың ішіндегі нашары, жыраудың айтуынша «Құладың құстың құлы еді», оның белгісі «Тышқан жеп жүнін түледі». Осы құладыңға хан анау-мынау емес «құстың төресі» аққуды алдырады. Ал бұл дегеніңіз, жаман ырым, себебі аққудың киесі бар, яғни «Құладың қуды өлтірсе» оның киесі жібермейді «Өз басыңа келеді!» – деп, болжайды. Тіпті аққу киесінің қалай келетінін тарқатып, айтып береді: «Құлың кеп сені өлтірер». Енді Жәнібек хан ісінің дұрыс-бұрыстығына былай деп жауап беруге болар еді. *Біріншіден*, ханның алдында талданған істері бойынша оның басқалар істемеген істі қолға алып, құладыңды баптап, аң аулауға пайдаланғанына таң қалмайсың. Турасын айтқанда, онда тұрған ештеңе жоқ. Құладың да жыртқыш құс, оны да үйретуге болады. *Екіншіден*, әңгіме жыраудың құладыңды құс киесі аққуға салып, егер «Құладың қуды өлтірсе» болатын ауыр киесі туралы болып отыр. Кейбір зерттеулерде көрсетілгендей «Құладыңға қу ілдіргенің жаман ырым», – деп, ханға болмаған істі болды қылып, мойнына ілдіріп, Асанға айыпталу орын алған. Жыр мәтінін бұлай түсіну, ханға да, жырауға да әділдік болмас еді. Тағы қайталаймыз: бұл жерде болған іс емес, болуы мүмкін іс туралы ғана айтылып тұр. *Үшіншіден*, Жәнібек ханды қанша жаңалыққа жақын, ескірген дәстүрді қабылдамаған дегенімізбен бүкіл халық киелі санайтын аққуға баптап өсірген құладының салдырмас еді, бұл біздіңше ақиқат. Мәтінде, ілгеріде айтқанымыздай, ондай сөз жоқ. Бола қалған күнде, шындығында, аққудың киесі оны жібермес еді. Құдайға шүкір, Жәнібектің өзі де, XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ елін билеген ұрпақтары да абыройсыз болған жоқ.

Жеті жолдан тұратын *бесінші тирадасында* жырау бес өте маңызды тақырыптарды қозғайды. Алдында айтылған қорған салу мәселесімен қатар, бірінші бөлімдегі айнала жау ортасында «тыныш жатырсың», – деп, бейқамдығы тағы ескертіледі, бірақ бұл жолы жалпы айтылмай, жау нақтыланады, олар – қытай мен орыс. Бөлімде, сонымен қатар, ханның кемшіліктері айтыла бермей, осы жырда бірінші рет Жәнібектің жеке басының қасиеті – ерлігі «Өзің – Жәнібек, елден асқан батырсың!» – деп, өте жоғары бағаланады. Дегенмен, жаудан қорғанудың, Асан ойынша, ең тиімдісі – ата-баба тарихында дұрыстығы әбден тексерілген, басқа жерге қоныс аудару тактикасы деп түсінеді. Сондықтан ұлы баба, енді «Желмая мініп, жер шалатынын» сол «Тапқан жерге ел көшір», – деп, Жәнібек ханнан қатаң талап етеді. Айтылған сындарға байланысты Жәнібек ханның ұстанған позициясы мынадай сияқты. *Біріншіден*, аталған екі үлкен көршінің қатерлісі, Асан Қайғы осы жырда әлденеше дұрыс атап көрсеткендей, Алтын Орда ыдырап, әлсіреген сайын, княздіктері бірігіп, күшейе түскен, орыстар. Сондықтан хан олармен жауласпай, тыныш бейбіт қатынасты қалаған, оған осы толғаудағы олардың кәуірлігіне қарамай шебер шақыртып, қорған салдырғаны дәлел. *Екіншіден*, Жәнібек пікірінше хандықты көршілердің жаулық пиғылынан сақтаудың жолы көше беру емес, қала салып, отырықшылыққа бағыт ұстау. М.Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегінде Жәнібектің осы толғауға сүйеніп, Астраханьді билегенін, ал 1477 жылы тіпті Қырымда хан болғанын жазады. Ал бұл ханның қала салып, отырықшылыққа ойысу ойының нақты

тарихта жүзеге асқандығын көрсетеді. *Үшіншіден*, осы жырдағы Асанның ренішін, ашуын туғызған Жәнібектің оғаш қылықтары, іс-әрекеттері оның дәстүрлі тіршіліктің, көшпелілік көзқарастың осал тұстарын біртіндеп түсіне бастауының белгісі сияқты. Хан мен жырау арасындағы түсініспеушіліктер дүниетанымдық көзқарас қайшылығына ұласып отыр. *Төртіншіден*, жыраудың жер шалып, тапқан жерге елді көшіру талабы, біздіңше, әлгіндей ханның басына келген жаңа ой, көзқарастардан кейін, сірә, орындалмайтын сыңайы бар.

Алтыншы тирадада сол көші-қон мәселесін әрі қарай сабақтай түсіп, Асан жырау айтқаныма құлақ аспай «Бұл арадан көшпесен», – деп, қатқылдана сөйлеп, келе жатқан «Кәуір алар қалаңды, Шулатар қатын-балаңды» сияқты күтіп тұрған қатерлерді ағайды. Осының бәрін әулие абыз «түсінде көрген екен». Жәнібек хан Асан бабаның айтқанын тыңдап, көшуге көнді дейік, сонда қайда көшпекші? ХҮ ғасыр бұрынғы ғасырлардай емес, коммуникацияның ілгерілеген кезі. Айналаның бәрі әртүрлі халықтар мекендеген жерлер. Көшіп-қонып жүрген Еділ-Жайықтан кетсе сол жерлерді иемденуге орыстар әзір отыр. Шу-Балқаш өңірінен көшсе қалмақ пен қытай ол жерлерге тап ете қалады. Екінші, жыраудың «көшпесен кәуір алар қалаңды» деуі тіпті сын көтермейтін дәлел. Көшіп кетсе, қайта қала бос қалып, кәуірлер алақайлап ол жерлерді алмай ма?! Үшіншіден, Жәнібек ханның осы қиын-қыстаудан шығар жалғыз жолы – ол басқа жаққа көшіп кетпей, сол мекендеген жерлерінде қала, қорған салып орнығып, көрші елдермен сауда-саттық жасап дамып, соғысса соғысып, келіссе келісіп, басқа елдер қатарлы өмір сүру.

Жырда *жетінші тираданың* орны ерекше бөлек. Ол алдыңғы бір-бірімен тікелей байланысып, бірінен-бірі туындап жатқан бөліктеріндей емес оқшаулау. Бүкіл жырдың түйіні іспеттес жұмбақталып айтылатын бұл тирададағы ойды сол күйінде бірден түсіну қиын. Б.Кенжебаевтің 1986 жылы шыққан «Әдебиет белестері» атты зерттеулер жинағында әлгі тираданың жалғасы деуге болатындай Асан Қайғының қилы-қилы заманның мәнін түсіндіретін алты өлең жолын келтіреді. Сол жолдарға талдау жасап көрейік. *Біріншіден*, жырау ол кезде «заман азып, заң тозады», – деп, келе жатқан болашақ кесепатты ағайды. «Заман азып» деп, қазіргі ата дәстүрі сақталатын, көшпелі тіршілікке үйлескен, сайын даладағы еркін тұрмыстың орнына астарлап айтылған «Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма!?» [102, 24] заманы, яғни қалыпты, дәстүрлі ұғым-түсініктердің орны алмасып, дүниенің, көшпелілер көзқарасы бойынша, астан-кестені шығып, аспан айналып жерге түскен төңкеріс заманы келетінін айтып отыр. Келесі «заң тозады» деп отырғаны көшпелілердің қазақ салт-дәстүріне негізделген «Жеті жарғы» сияқты көшпелі қоғам ішіндегі қарым-қатынасты, тәртіпті реттейтін, ата-баба әруағын қастерлейтін, үлкенді сыйлайтын, заңдары. Әсіресе бұл өлең жолдарында отбасы тәртібінің соның ішінде, отбасының берекет-құты әйелден «қарындастан қайырым кетуі» бүкіл қоғамның бұзылуына әкеліп соғатынын көрегендікпен болжайды. Екіншіден, бұл шумақта біздің тақырыбымызға байланысты назар аударатын ой-тұжырым – ол «Ханнан күш... кетер» деген тіркес. Бұл енді тікелей батыстан келе жатырған орыс отарлауының зардабы. Алдындағы айтылған рухани отарлаудың қазақ қоғамының негізі – отбасының берекеті кетуінен басталып, әрі қарай ру қатысының пышырауымен жалғасып өріс алып, ақыры хандықтың әлсіреуіне алып келетін процесс болатын. Бірақ Ресей империясы қомағайланып, бұндай ұзақтау жүретін процесске шыдамы жетпей, 1822 жылғы жарлығы бойынша бұл жолды қысқартып, бірден жоғарыдан қазақ ханының басын алудан бастады немесе қазақ даласында хандықты ресми түрде біржолата жойды. Енді осы жағдайға Жәнібек ханның көзқарасы қанда болуы мүмкін. Ақылды, сол кездің жоғдайын Асаннан кем білмейтін хан, сөз жоқ батыстан келе жатқан қауіпті сезген. Бірақ Асан ақсақалдай емес, одан гөрі жастығынан болар, бұл жағдайға сабырмен, байыппен қарап, әртүрлі жолдарды салмақтап қарап, шешімін іздестірген сияқты. *Бірінші жол*, ол Асан айтқан «басқа жерден қоныс тауып, елді көшіру». Бұл жол турасын айтқанда мәселенің шешімі емес, бұл уақытша жан созу жолы. Мүмкін бұл бұдан 4-5 ғасыр бұрын тығырықтан шығу жолы болған шығар. Қазір заман басқаша. *Екінші жол*, ол алдыңғыға қарама қарсы, келе жатқан қауіпке қарсы тұру, теке тірес, соғыс жолы. Бұған жаңадан құрылған, бұғанасы қатпаған Қазақ хандығының әзірге шамасы келмейді. Жәнібектің таңдағаны, біздіңше, осы екеуінің ортасынан шығатын *үшінші жол*. Ол қауіп келетін жақтармен тіл табысу, олармен сауда-саттық, қарым-қатынас орнату. Солардың басы ретінде жырда айтылатын шебер шақырту. Дегенмен бұл да сен тимесең мен тименнің саясаты, уақытша шарасыздықтан баратын жол. Күшті көрші жуан жұдырығын көрсетпей қоймайды, бір күні болмаса бір күні мына жер менікі деп, еліңе бас салуы әбден мүмкін. Сондықтан ешкім жеріңе сұғынбайтын қылып, еліңнің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған *төртінші жол* қажет. Толғауда Жәнібек хан бұл жолдың да табанын тартып қойған сияқты. Оған дәлелдер: біріншіден жырдың әр жерінде айтылатын қамал салу, қала салу әрекеттері; екіншіден, сол шарадан шығатын отырықшылыққа бетбұрыс; үшінші, Әбілқайыр хандығынан бөлінер кездегі ұстанған көшпелілер дүниетанымынан Жәнібек ханның біртіндеп, бойын аулақ сала бастағанын толғаудың әр жерінен байқалады (қала салу, қарадан қатын алу, көші-қонға ықыласы жоқтығы және т. б.) Жәнібек ханның Қазақ хандығының Асан Қайғы сілтеген жолдан өзгеше жаңа бағыт іздеп, белгілі бір жолды ұстануы жөніндегі біздің бұл айтқандарымыздың барлығы толғаудағы (көркем шығармадағы) кейбір эпизодтарға сүйеніп

құрастырылып жасалған топшылаулар. Ал шындығында өмірде, тарихта тап солай болды деп айту қиын, тарихи деректер тапшылау. Дегенмен соңғы табылған материалдар, мысалы, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты медициналық еңбегіндегі Жәнібек ханның ғылымды қолдайтыны, Өтейбойдақ ғалымды жылы қабылдап, хан жарлығымен оның өте көлемді еңбегін іждағаттап аяқтап, еңбекпен алдымен өзі танысып шығатынын, кейін оны іске асыру жөнінінде қолқабысын тигізуге міндет алғаны айтылады. Ғалым он томдық еңбегінің алғашқы нұсқасын бес жылда аяқтап, ханға енді тапсырамын дегенде хан ұрыста қаза болды деген хабар келеді [103, 18]. Бұл мәліметтегі Жәнібек ханның заманының озық ойлы елбасы болғандығы, біздің болжамымызды, гипотезамызды растай түседі.

Толғаудың соңында Асанның айтып-айтып келіп, шығарманың қорытындысы есебінде «Хош аман бол, Жәнібек, Енді мені көрмейсің!», – деп, ашуланып, қолды бір сілтеп, сірә, бесінші тирадасында айтқанын істеуге «Желмая мініп, жер шалуға» кетті деп жорамалдауға болады. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» монографиясында (1968 ж.) Асан Қайғы осы сапары алдында терең мағыналы сөзі (6 жол) келтіріледі, соның алғашқы «Жайлы орынды жат басқан Жерді көрмей кетпекпін» жолдары жыраудың туған жердің отарлануына қарсы үзілді-кесілді пікірін білдірсе, келесі «Ханның орнын қара алған Шерді көрмей кетпекпін» [14, 29] деген жолдарында мемлекеттің тек хан басқарған түрін ғана танитынын білдіреді. Асан Қайғының бұл жолдардағы қоғамдық-саяси көзқарасы, біздіңше, жетінші тираданы талдауымыздағы Жәнібек ханның көзқарастарымен сабақтас. Бұл енді жеме-жемге келгенде қазақ жерінің жанашырлары екі ұлы адамының жету жолдары басқа болғанмен түпкі мақсаттарының бір екендігін айғақтайды.

Толғауды толық талдай келе оның шығу уақытын Жәнібектің Моғолстанның Шу – Сарысу өзендері бойында Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, іргесін бекіткеннен кейін, бұрынғы Ноғай ордасындағы қонысты қайта иемденіп, Дешті-Қыпшақтың басым бөлігінде билігінің орнаған кезімен тұстас келетін ХҮ ғасырдың 65-70 жылдары шамасы деп есептейміз. Оған басты себептер: 1) хандықтың біршама күшейіп, бекініс, қорған, қала салына бастауы; 2) айналасындағы елдерден шеберлер шақыртылып, олармен қарым-қатынастың дамуы; 3) орыс жерінде мемлекеттің орталықтануы күшейіп, «кәуірлерден» қауіптің күшеюі; 4) Жәнібектің хандық билікке келіп (1465-1470 ж.ж.), хан атанып, қымыз ішіп қызарып, құлады баптап, отауына жас иіс кіргізіп, біршама өзін еркіндікке бой алдыруы.

Асан Қайғының көпшілікке танымал біз талдаған «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің...» М.Мағауин нұсқасынан басқа С.Сейфуллиннің 1931 жылы жарық көрген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында *сол толғаудың кейбір өзгешеліктері бар тағы бір нұсқасы* келтіріледі.

Бұл нұсқада Жәнібек ханның кемшіліктері алдыңғы нұсқаға қарағанда әлдеқайда жиірек кездеседі және кейбірі тым өрескел болып келеді, соған байланысты Асанның да сыны ұлғайып, жырау мен хан арасындағы келіспеушіліктер кеңее түскен сыңайы бар. Біз Мағауин нұсқасындағы қайталаған жолдарды қозғамай, тек жаңадан кездесетіндерін ғана қарастырайық.

Сейфуллин нұсқасында да құлады мен аққуға қатынасты әңгімелер жырланады. Бірақ алдыңғы нұсқамен салыстырғанда кейбір айырмашылықтар да жоқ емес. *Біріншіден*, Мағауин нұсқасында «Құладың қуды өлтірсе» ғана мүкін болатын жайт айтылса, бұл нұсқада жырау ханды «Құладыңға қуды жем қылдың», – деп, келеңсіз істің ақыр ітелінгенін айыптайды. *Екіншіден*, алдыңғы нұсқадағы ханның құсбегілігінің жалпы жұрт қабылдаған дәстүрден (нормадан) озып, оның арты киесі тиетін, кесапаты бар жамандыққа соғуы мүмкіндігі туралы ескерту ғана болса, бұл жолы құладының аққуды ілуі болған оқиға түрінде көрсетіліп, үлкен саяси, моральдік-этикалық астары бар әңгімеге ұласқанынан хабар береді. *Үшіншіден*, құстар кейпіндегі тұспалмен (символмен) берілген эпизодпен қатар, оның адамдық кейіпке түсірілген (бейнелерінің қатынасын суреттейтін) шағын сюжетті оқиға түріндегі нұсқасы да берілген. Онда қарындасы Қаныбет сұлуды «Әз Жәнібектей хан ием, Әуелгі сөзін ұмытып», бай болмаса да ерлігімен көзге түскен Айсылдың ұлы Әмет сияқты теңіне қоспай, көп мал берген «Тастемірдей байдың жаман ұлына» [104, 297-298] ертеді. Бұл арада кеңестік идеологияның басты айыптау құралы – таптық көзқарастың құлағы қылтып, үстем тап пен езілуші тап арасындағы тартыстың иісі сезіліп тұр. Келтірілген жыр нұсқасындағы ханға тағылатын айыптың көптігі сондай, оларды екі топқа бөліп қарауға тура келеді. Бірінші топта 1) хан құладыны баптап, халық дәстүріне қайшы келетін іске барады; 2) киелі құс аққуды жыртқышқа жем етеді; 3) сөйтіп аққудың киесіне қалады. Екінші топта: 1) «Хан екі айтса қадірі кетеді» дегендей Жәнібек хан берген уәдесінен тайып, толғаудағы «Хан өтірік айта ма?» деген сұраққа «Иә, айтады», – деп, жауап беруге мәжбүр етеді; 2) Қаныбет пен Әметтей бір-біріне тең екі жасқа қиянат жасап отыр; 3) Ханның байлығы жетпегендей Тастемірдей байдың берген малына қызығып, тойымсыздық танытады.

Байқалып отырғандай Сейфуллин нұсқасында, әрине, естіген құлақта, жазып алған қолда жазық жоқ, дегенмен кейбір жайттар күмән туғызады. Біріншіден, жазылып алынған уақыт жиырмасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың басы, бір жағынан таптық күрестің қызған кезі, үстем таптың ең бірінші өкілі ханды жақтырмаушылық белең алған уақыт, екінші жағынан, орталық идеологиясында шет аймақтағы ұлттардың тарихынан, мәдениетінен ұлттардың өзін-өзі басқара алатын белгісіне, тәуелсіздікке ұмтылыс нышанына қарсы шовинистік көзқарастың бас көтере бастаған мезгілі болатын. Міне осы

күрделі алмағайып уақытта кезінде Кенесары ханға қарсы хан-сұлтандар, ру-тайпа, казачество өкілдерінің шығарған өлең-жырларының болғаны сияқты, халық қадірлеп, өз атаған Жәнібектің дербес Қазақ хандығының алғашқы билеушісі, ұлт тәуелсіздігінің белгісіндей болған ханды жақтырмағандар жағы өкілдерінің туындылары да бар болуы мүмкін. Екіншіден, бұл нұсқаның өлең құрылысы жөнінен де алдыңғы нұсқадан айырмашылығы бары байқалады. Оның бірі – негізгі нұсқадағы әр тираданың соңындағы «Мұны неге білмейсің?!» қайталауының жоқтығы болса, екіншісі – құлады мен құдың әңгімесін тарқатып, кісі аттары келтірілген кішігірім сюжет түрінің тек бұл толғауға ғана емес, бүкіл Асан поэзиясы құрылысына келмейтіндігі, одан қалды жалпы толғау жанрына үйлеспейтіндігі.

Сонымен Асан Қайғы поэзиясындағы Жәнібек хан бейнесі туралы ой-пікірлер мен пайымдауларды жүйелеп, мынадай кейбір қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, Асан толғауларында бір қарағанда хан мен жыраудың арасы тым қашық, бір-бірімен түсініспестіктері көп көрінгенмен екеуін жақындастыратын түпкі мақсат бір – жас мемлекетті нығайту, айнала қаптаған жаудан сақтау, ал жолдары әр басқа.

Екіншіден, толғаулардағы кейбір эпизодтардан, сөз саптауларынан Жәнібек ханның хандықты көршілес елдермен терезесі тең дәрежеге жеткізердей өзіндік жолы, тіпті алғашқы қадамдары жасалған бағдарламалық жоспары да бар деуге болады. Олар: қала, қорған, сарайлар салу, шеберлер шақыртып көрші елдермен қарым-қатынас жасау, отырықшылыққа ойысу. Жыр мәтінінен осы келтірілген жанама деректер, уәждер, хан мен жырау қатынасынан суыртпақталатын ой-тұжырымдардың бәрі *ханның өз заманының жаңаша ойлауға бағыт алған, істерінде реформаторлық әрекеттердің нышаны бар билеушісі екендігін дәлелдейді.*

Үшіншіден, Жәнібек хан заманының ұлы жырауы, абызы, данышпаны Асан бабадан жерін, елін сүю, ел басқару, халықпен қатынасу, адамгершілікті қастерлеу сияқты мәселелер бойынша тәлім алған, көзі жетіп, діттеген ойын жүзеге асыруда, кейде Асан пікіріне қарамай, табандылық көрсетуі, оның ұлы жырау шәкірті екендігін нықтай түседі. Сондықтан жыр жолдарынан оның басты қасиеті ойшылдығын, үнемі ізденіс үстінде жүретін жаңашылдығын атауға болады. Талдау кезінде оның қарадан шыққан қызға үйленіп, адамгершілігін, жай халықтай аңшылық, құсбегілік құмарлығы, тіпті «қымыз ішіп қызаруы» оның халыққа жақындығын, қарапайымдылығын байқатады.

Төртіншіден, Жәнібек ханның жеке басы қасиеттері ішінен оның батырлығы мен ерлігіне бөлек тоқталып өту керек. Себебі жырда ханды қайта-қайта сынап отырып, жырау оны «Өзің – Жәнібек, елден асқан батырсың!» – деп, бұл қасиетін ерекше атайды. Сол кездегі абырой атағы кімді де болса имендіретін Асан атадан бастап, ханды қоршаған айналасы, тіпті барша ел бағытының атам заманнан қалыптасқан жолмен жүруін қалағанда отырса да, Жәнібек жалғыз өзі жаңа прогрессивтік, реформаторлық жолды тандап, нағыз ерлік жасап отыр.

Бесіншіден, жоғарыдағы талдаулардағы тұжырымдарды жинақтай келе Асан Қайғы поэзиясындағы Жәнібек хан бейнесі, біздің пайымдауымыз бойынша, толғаулардың жанрлық ерекшелігі бейне жасауға онша бара бермейтінін ескере отырып, *Қорқыттан басталатын сегіз ғасыр ішіндегі жыраулар поэзиясындағы, ханның алғашқы біршама толық тұлғалық кейпі суреттелетін бейне* деп ұйғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Асан Қайғы. Ай, хан, мен айтпасам білмейсің. // *Бес ғасыр жырлайды. I т. Алматы, 1989.*
2. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. Алм., 1931 ж.
3. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғғ әдебиет тарихынан очерк. Алм., 1942.
4. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, «Жазушы», 1986 ж.
5. Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, «Мектеп», 1967 ж.
6. Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы, «Жазушы», 1968 ж.
7. Бес ғасыр жырлайды. Бірінші том. Алматы, «Жазушы», 1989 ж.
8. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алм., «Санат», 1997 ж.
9. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы, «Білім», 1995 ж.

Бораш Баян Тәліпұлы
филология ғылымының докторы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ профессоры
қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: bayan.borash@mail.ru

ЕЛІМІЗДІҢ БАТЫСЫНДА ТУҒАН «ҚЫЗ ЖІБЕК» ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

***Түйін:** Мақалада еліміздің батыс өңірінде туған және халық арасына кең тарағаны «Қыз Жібек» жырларының шығу тарихы, нұсқалары, алғашқы зертеушілері мен басылымдары қарастырылады. Жырды зерттеуге үлкен үлес қосқан аға буын ғалымдар Ә.Қоңыратбаев пен Қ.Жұмалиевтің, кейінгі буын Р.Бердібай мен С.Қасқабасов еңбектері толығырақ талданады.*

***Резюме:** В статье рассматриваются история создания, варианты, композиция и издания одного из самых распространенных романтических эпосов «Кыз Жибек». Значительное место в статье отводится анализу трудов зачинателей исследования эпоса в лице А.Коныратбаева и К.Жумалиева, а также работам последующих ученых Р.Бердибая и С.Каскабасова.*

***Summary:** This article considers the works of Polish revolutionaries, exiled to Kazakhstan, fighters for the independence for their homeland. This works by genre are permeated with deep respect and compassion for the people who live as well as Polish are under the colonial yoke.*

Қазақ ауыз әдебиетінің көне жәдігерлері арасынан «көрікті көшімен, кестелі сөзімен» ерекше үздік аталатындарының бірі – «Қыз Жібек» жырлары десек, артық айтылғандық болмас. «Туғанына бес жүз жыл толып отырған айтулы эпостың халықаралық көлемде ЮНЕСКО шеңберінде аталуға лайық саналуы да сондықтан болар» [1, 5]. Осы бес ғасыр ішінде бастап жырланып, қағазға түсіріліп, зерттеушілер назарына іліккеніне ғасыр жарымнан астам уақыт өтті деуге болады. Алғашқылардың бірі болып бұл жырды қолға алған ақын, аудармашы, қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы, бастырып таратушы әрі насихаттаушы жыршы Жүсіпбек Шайхысламұлы болды. Жинақталуы бар, бастырылуы бар, зерттелуі бар осы бір жарым ғасырды айтылған ретімен уақыт өлшеміне салып, үш кезеңге бөлуге болады. Алғашқысы – жырдың әр түрлі нұсқаларының (жалпы саны 16), әр кезде жазып алынғанына қарамастан, *жинақталу кезеңі* деп алған дұрыс сияқты. Екіншісі жырдың *басылым көру кезеңі*. Бұл негізінен ХХ ғасырдың аяғы мен кеңес дәуірінде. Үшіншісі – *зерттелу кезеңі*. Бұл кезеңді біз тағы үш кезеңге бөлдік: біріншісі – ХХ ғасырдың басындағы, негізінен басқа ұлт өкілдері ғалымдары (В.В.Бартольд, В.М.Жирмунский, В.М.Чичеров, А.К.Боровков Л.И.Климович, И.С.Брагинский, Е.Э.Бертельс, Х.Т.Зарифов) тарапынан болған зерттеулер; екінші кезеңін М.О.Әуезов, Ә.Х.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов сынды қазақтың аға буын ғалымдары зерттеулері құрайды; және соңғы буын ғалымдар – Р.Бердібаев, З.Ахметов, С.Қасқабасов.

Қазақтың эпостық жырлары, соның ішінде біз қарастырып отырған «Қыз Жібек» жырлары жөнінде оның шығу тегі, құрылысы, идеялық мазмұны және басқа қырлары туралы әр түрлі пікірлер мен көзқарастар орын алып келді. Оған әсіресе кеңес кезіндегі таптық идеологияның салқынының әсері мол болды. Енді алдымен лиро-эпостық жыр ұғымының қалыптасуы және оған байланысты әлгі аталған мәселелер төңірегіндегі зерттеулерге біршама шолу жасап көрейік.

Ертедегі қазақ поэзиясында сюжетті әңгімеге құрылған жырлардың бір бөлігі лиро-эпос деп аталады. Р.Бердібаев пікірінше егер, батырлар жырларының жырлау объектісі көне (архаикалық) эпоста аңшылық өмір, алғашқы қауым тірлігі, кейінгі қаһармандық жырларда ру, тайпа мүдделері болса» [10, 51,92], лиро-эпостық жырлардың одан біраз жанрлық ерекшеліктері бары байқалады. Оны тұңғыш рет М.Әуезов ашып көрсетіп, мынадай үш айырмашылығына көңіл аударады: «а) батырлық жырларының тақырыбы ерлік болса, ғашықтық жырларының тақырыбы – сүйіспеншілік, ә) батырлық жырларының образдарында әсірелеу (гипербола) басым болса, лиро-эпоста реалистік арна үстем, б) батырлық жырларында көбіне сыртқы, коллизиялық тартыс суреттелсе, лиро-эпоста қазақ қоғамының ішкі қайшылықтары, халық өмірінің шынайы суреттері көрсетіледі» [1, 18]. Дегенмен В.М.Жирмунский дұрыс көрсетіп жазғандай, батырлық жырлар мен ғашықтық жырлар «шығу тегі өзгеше, бірақ ауызша дәстүр жағдайында бір-бірімен үнемі шығармашылық ықпалдаста болатын эпикалық дамудың» [3,447] екі қанаты болып табылады.

Ең алдымен лиро-эпостық жырлардың оқиғасы халықтың ертедегі жалпы әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты туған. Кең мағынасында бұл – лирика мен эпикалық тектер элементтерін бірдей қамтитын шығармалар деген сөз. Бұлардың лиро-эпос деп аталатыны да сондықтан. Лиро-эпостық, кейде ғашықтық, кейде романдық деп аталатын жырлар – лирикалық және эпикалық негізде жасалған әдеби шығарма. «Әдебиеттану» терминдер сөздігінің анықтамасы бойынша «бір жағынан,

лирикалық, сыршылдық сарыны бар, екінші жағынан, оқиғалы болып, эпосқа тән сипатқа ие болатын шығарма түрі» [5, 377].

Лиро-эпостардың немесе ғашықтық жырлардың, Қ.Жұмалиев пайымында, жеке жанр ретінде танылуы, іштей өзара жақындығы – тақырыбы; негізгі мәселе адамның жеке басының мүддесі, бірін-бірі қалтқысыз сүйіп, қосылуды арман еткен екі жастың араларындағы ыстық махаббат. «Оқиғаның байланысы да, дамуы, шиеленісуі де, шешуі де осы сүйіспендік мәселесіне бағындырылады. Сүйгеніне қосылуды аңсап, мұратқа талпынған жастарға ескі салт-сана шырғалаңы кесе тұрады да, оларды дегеніне жеткізбей мерт қылады... Мақсатқа жету жолдарында ұнамды қаһармандарға кездесетін қиыншылықтар шет жаулардың іс-әрекеттері емес, ескі салт-санадан туған әр алуан бөгеттер болады да, сол шытырман қайшылықтардың шырғауына оралып, көбіне-ақ, оқиға шешулері қайғылы халдермен аяқталады [6, 27].

Қазақтың ғашықтық жырлары фольклордың жеке жанры ретінде Қазақ хандығы кезінде қалыптасты, бірақ оның кейбір сюжеттерінің шығуы одан әлде қайда бұрынырақ сонау ру-тайпалық құрылым кезеңіне барады. Бұл жанрдың тууын қазақ қоғамының бүкіл тарихи және мәдени дамуы дайындады деуге болады.

Фольклор тарихынан еліміздің қай өлкесі болмасын эпикалық жанрдың дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Солардың қатарында батыс өңірі эпикалық жанрдың қай түрінен да кенже емес. Қаһармандық жырлардан осы өлкеден тараған әйгілі «Қобыланды батыр» жыры мен «Едіге батыр» жырын айтсақ та жеткілікті. Ал қазақтағы лиро-эпостық жырлардың жауһары болып саналатын, сол туындылар негізінде талай спектакльдер қойылып, кинофильмдер түсірілген «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты көлемді және халқымызға кең тарағандарының соңғы екеуінің Ақтөбе мен Орал аймағынан шығуы әлгі айтқандарымызды негіздей түседі.

Қазақтың ғашықтық жырларының батыс аймағында туған шығармаларының ең көнесі және сюжетінің характері мен халық арасына кең тарағандығы жөнінен алдымен, әрине, «Қыз Жібек» жырын ауызға аламыз. Жырдың 16 нұсқасы бар. Олардың көпшілігі кеңес заманында жазылып алынған және олар Жүсіпбек Шайхысламұлының (1857-1936) нұсқасына жақын. Бұл Жүсіпбек нұсқасы мәтінінің көп басылым көріп және кең таралуымен түсіндіріледі.

Жүсіпбек Шайхысламұлы нұсқасы «Қисса Қыз Жібек хикаясы» деп аталады. Ол 1900 жылы Қазанда басылған, 45 беттен тұрады. Қолжазбасы сақталмаған. Бұл басылымда жырды құрастырушы Жүсіпбек атынан жазылған ескертуде жырдың өткен басылымдарда жіберілген бірсыпыра қателердің түзетілгенін мәлімдейді. Жыр мәтіні алғаш рет 1876 жылы Қазан қаласында жеке кітап ретінде жарық көрді

«Қыз Жібек» жырының нұсқалары арасында айырмашылық аз. Тұңғыш рет Е.А.Александров Мұсабай ақыннан жазып алып, мазмұнын орыс-шаға қара сөзбен аударған (1880). XIX ғасырдың 2-жартысында татар мұғалімі Ф.Тухватуллин Зайсан өңірінен жазып алып, 1894 жылы Қазанда бастырған. Сондай-ақ алғашқылар ішінде Ж.Шайхысламұлының Қазанда қазақ тілінде жарияланған нұсқасы да бар. М.Ғабдуллин пайымдауынша белгілі халық ақыны *Нүрпейіс Байғанин* де жас шағында бұл жырды айтып жүрген, бірақ оның қай көлемде және қандай мазмұнда жырлағанын айту қиын. Өйткені оның айтуындағы “Қыз Жібек” жазылып алынбаған [7, 293].

Қ.Жұмалиевтің 1958 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты көлемді еңбегінде «Қыз Жібек» жырының қай кезде шығарылғандығы, кім шығарғаны жайлы дерек жоқ» [6, 175] деп жазған болатын. Бірақ одан кейін 1960 шыққан М.Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихының» I томының «Қыз Жібек» туралы арнайы бөлімінде поэмадағы ел аттары, оқиғаның болған географиялық жақтарын шолулар жасай келіп және ол елдермен шекаралас қалмақтардың да болғандарына сүйене отырып жырдың туған кезеңін ХҮІІ ғасыр деп болжайды. Жырдың осы ғасырда туу мүмкіндігін Ә.Қоңыратбаев еңбегінде де айтылады және ол оның шыққан жерін анықтап жазған. Жыр Жайық пен Қара теңіз бойын жайлаған жағалбайлы мен шекті елдері арасында туған сюжет дейді [2, 213-214]. М.Ғабдуллиннің оқулығында аталған Кіші жүз рулары Жайық пен Каспий теңізі (Қара теңіз емес) бойларын мекендеп, сол маңда көшіп жүрген деп дәлірек көрсетеді.

Ал тарихшы М.Ақынжановтың пікірі бұдан өзгешелеу. Оның айтуынша, «Қыз Жібек» жыры Кіші жүздің Ресейге қосылуынан кейін туған. Оған дәлел, – дейді ол, – жырда аталатын жерлерді қазақтар Кіші жүздің Ресейге қосылғанына дейін мекендемеген. Мұнымен қатар, жырдағы кісі аттары (Базарбай Төлеген, Қорен қалмақ, Шеге, т.б. дегендер) бертінде пайда болған. Оның үстіне, жырдың тілі бүгінгі тілімізге жақын, ескі сөздер жоқтың қасы дегенді алға тартады [8, 11-12].

Әдебиетшілер мен тарихшылардың келесі бір пікірлерінің үйлеспейтін тұсы – бұл идеологиялық астары бар «Қыз Жібек» жырының халықтығы, немесе негізгі идеялық мазмұны мәселесі. С.Сейфуллин 1934 жылы жазылған «Шашыранды сөз, даулы мәселелер» атты мақаласында

С.Мұқановтың «Сәкен ескі әдебиеттің конкретный материалдарына келгенде, мысалы «Қобыланды», «Қыз Жібекте», кей жерінде тапшылдығын анықтап айта алмайды» [10, 114] деп, қайрап сөйлеген сөзіне орай өзінің тапшылдығын дәлелдеу үшін болу керек «Ал «Қыз Жібек» жырын талқылағанда былай дегем: «Қыз Жібек» әңгімесі де «Қозы Көрпеш Баян сұлу» әңгімесі тәрізді. Байдың ұлы мен қызын жыр қылады. Мұнда да билер дәуірінің үстем санасы, екі байдың ұлы қызын дәріптеп жыр қылып, жастарға, жұртқа «үлгі» қыла суреттейді» [10, 15] деп ақталады.

Мұндай пікірді М.Ақынжанов та қостайды. «Жырдың жұртқа таныс вариантында, – дейді ол, – халықтық элементтер өте аз. Жырдың идеялық мазмұны және көркедік түрі халықтық емес. Поэмадың мақсаты – көшпелі тұрмысты, жерді жеке меншік етіп пайдалануға және адамды адам қанауға негізделген патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастарды мадақтау; ескі өмірді, қыздарды қалың малға сатуды, сатып алуды және әмеңгерлікті уағыздау. Сөз жоқ, бұл идея феодалдардың мүддесін көрсетеді. Поэмада озық ой-пікір жоқ, еңбекші бұқараның езушілерге қарсы күресі суреттелмейді, поэма ілгері ұмтылуға шақырмайды» [9, 12] деп, нағыз әсіре-бәлшебектік көзқарасын білдіреді.

Ал жырдағы кісі аттарына қарап жыр әңгімесінің шығуын қазақ елінің Ресейге қосылуымен байланыстыруға Қ.Жұмалиевтің кейіпкерлері аттарының Базарбай, Жібек, Шеге, Төлеген болуы негізсіз емес, және оның үстіне Жібек сән-салтанатын суреттеудегі «кісі бойы кровать», «күймелі арба», «кигені атлас, қырмызы» тағы сол сықылды, соңғы дәуірлерді меңзейтін жайттарды кездейсоқ нәрсе деп қарауға болмайды дей келе, поэмадың тап қай кезде болғанын кесіп айтуға болмаса да, бұл онша әріде шыққан поэма емес деп топшылауымызға болады деп екіұштылау пікір білдіреді [6, 180].

М.Ғабдуллин жырдағы кісі аттарының, Қыз Жібек салтанатына қатысты атаулардың Кіші жүздің Ресейге қосылғаннан кейінгі уақытта пайда болды, сондықтан жырдың шығу уақытын кейінге ысыру мәселелері туралы ондай пікірдің шындыққа жанаспайтынын орнықты мысалдармен дәлелдейді.

Ол ерте кездің өзінде-ақ, қазаққа ықпалы болған, алдымен, шығыс әдебиетін айтпағанда, кейінгі іргедегі тәжік, өзбек халықтары тудырған шығармаларда, тіпті өзіміздің Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн туындыларында сыр, шеге, базар, қала, сауда-саттыққа байланысты атаулар мол кездеседі. «Қожа Ахметтің мешіті қандай сырмен боялғаны, қандай шеге қағылғаны, шеберлердің еңбегіне қандай төлем берілгені» қазақ құлағына сіңісті болған [7, 296] сияқты уәждер келтіреді.

«Қыз Жібек» поэмасының негізгі идеялық мазмұны немесе халықтығы жөнінде де М.Ғабдуллин негізінен М.Әуезов, Қ.Жұмалиев ұстанымдарына сүйене отырып, жоғарыдағы талас пікірлерді жинақтап, бір жүйеге келтіруді көздегені байқалады. Төлеген мен Жібек жайы суреттелетін жырдың бірінші бөлімі халықтық ортада туған, алғашқы кезде өз алдына жеке түрде айтылып, халықтық идеяны жыр етіп тартқан. Бірақ жырдың екінші бөлігін талдауда ол да өзі өмір сүрген кеңестік кезеңнің таптық көзқарас ұстанымын төңіректеп, «бірінші бөлімнен кейін үстем тап өз мүддесіне сай... жаңа бөлім қосып, ата жолын, ескі салтты заң етіп ұстаған Сансызбайды мақтай әңгіме еткен, феодалдық идеяны білдіретін жыр етіп қайта жырлаған... және де ескі салттың халыққа жат бір түрі әмеңгерлікті, «аға өлсе, іні мұра» деушілікті дәріптейді» деп түіндейді [7, 297].

Мұндай кеңестік заман ықпалы болған қорытындылаулардан тәуелсіздіктің дәмін татқан кейінгі буын зерттеушілері (Р.Бердібаев, С.Қасқабасов) заман биігінен өзгеше пайымдауларға барады. Мәселен, жырдағы әмеңгерлікке байланысты мәселені кейбір зерттеушілердің әмеңгерлік (левират) дәстүрін мадақтау белгісі деп түсіндіріп келгеніне Р.Бердібаев келіспейді. «Зорлықпен аламын деп көп әскермен келіп, хан Хорен қамап жатқанда Жібектің негізгі тілегі жат елдің озбыр ханына бұйырмау болады. Жібекке дәл осы тұста өз елінің жігіттерінен де үміткерлер көрінбейді. Енді ол Сансызбайға, өзінің қайын інісіне қосылудан өзге жол жоқ екенін түсінеді. Әлбетте әмеңгерлік салты қазақ арасында ертеден қалыптасқаны, әйел «ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағиданы ол заманда ешкім ерсі көрмейтіні белгілі... Біздің айтпағымыз – Жібектің жаңағыдай қысылтаяң кезеңде *ең тура, парасатты шешімге* келгендігін ескерту. Жібектің Сансызбайға тиюге іштей бекінуі Төлегеннің аруағын ұмытқандық, сезімін кірлегендік емес, ақылды, қажет шешім» [2, 150] болғанын алға тартып, жағдайдың тіпті, басқалау болғанына көз жеткізеді.

Осы әмеңгерлік мәселе турлы С.Қасқабасов алдыңғы Бердібаев пікірін «Сансызбай Жібекті тек әмеңгерлік жолмен ғана алмайды. Сансызбай кәдімгі қаһармандық эпостағы батырларша, ерлік жасап алады. Ол бұл жерде – Жібекті құтқарушы, түптеп келгенде, әділеттілік орнатушы, сондықтан оның іс-әрекеті толығымен құпталады. Оның образы біржақты емес. Сансызбай – ең әуелі батыр» [11, 13] деп, толықтыра түседі.

Кеңес кезіндегі зерттеулердегі жырдың құрылысы және шығу уақыты туралы пікірлер әр алуан болатын. Қ.Жұмалиев зерттеуінде «Жырдың құрылысы» деген әдейі тақырыпша алынады да, бірақ әңгімені жыр құрылысынан мәселесінен саяси-әлеуметтік, идеялық мәселеге бұрып, нақты шешім

айтылмайды. Ә.Қоңыратбаев жырдың екі бөлімнен тұратынын көрсетеді. Алғашқы бөлімінде Төлегеннің ата еркінен тыс қыз іздеп шығып, сүйгеніне келуі, Бекежан қолынан мерт болуі. Екіншісінде әксінің оң батасын алған Сансызбайдың жібекті іздеп шығуы, оны зорлап алмақшы болған Қоренді өлтіріп, жеңгесіне қосылуы әңгімеленеді. Ғалымның түйіні: «Жырдың оқиғасы нақты бір тарихи жағдайда туды деп айту қиын. Базарбайдың жағалбайлы, Сырлыбайдың шекті екенін ғана айтпасақ, жырда келтірілетін басқа образдардың тек әдеби ғана мәні бар» [8, 213-214]. М. Ғабдуллин болса екі бөлімнен тұратын бұл жырдың әңгімесі халықтың әдет-ғұрып салтынан туады. Алғашқы бөлім идеясы – ескі мен жаңаның тартысы. Екінші халықтық сипаты жоқ бөлімінде ескі салтты дәріптеушілік идеясы беріледі [7, 297] деп кеңестік идеологияны ұстанады.

С.Қасқабасов осы күрделі мәселені сол дәуірдің идеологисынсыз бір ізге түсіреді. Зерттеуші пікірінше «жырдың жалпы нобайы мен тақырыбына, сюжеттің, оқиғаның даму логикасы мен композициясына қарағанда», алғашқы бөлім өзінше жеке шығарма болып туып, ел арасына тараған болуы керек деп болжайды. Бұл бөлім жеке күйінде екі жастың бақытсыз тағдырын, Төлегеннің өлімі мен Жібектің жесір қалуын, баяндаған нағыз ғашықтық жырдың үлгісі. Ондай жыр тәртібі бойынша, Жібек те өмірден өтуі керек еді, бірақ ол тірі қалады [11, 13]. Екінші Сансызбай-Жібек бөлімі, ғалым пайымдауынша, батырлық эпос мәнінде баяндалатын, эпикалық жанрда жиі кездесетін, жалпы жырдың аяқталу бөлімі болып шыққан. Бұл бөлімнің сюжеті сонау ежелгі рулық қауымда жігіттің өз әйелін (қалыңдығын) жау қолынан азат ететін аңыздау түріндегі сюжетке ұқсайды. «Қыз Жібекте» бұл сюжет тарихи тұтастануға сәйкес кейінгі, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қалмақ-қазақ ұрыстарының бір көрінісі болып шыққан да, қаһармандықпен қатар лирикалық мазмұнда баяндалған» [11, 14]. Сонымен, «Қыз Жібек» жыры фабуласы әртүрлі, әр кезде туған екі сюжеттен құралған эпос» Ал бұндай екі сюжеттің араласуы, ежелгі сюжеттің ғашықтық жырға енуі, зерттеуші топшылауынша, ХҮІІІ ғасырда жүзеге асқан секілді, себебі бұл тұста қазақ фольклорында эпикалық дәстүр мен шығармашылық мейлінше өріс алып, дамыған болатын» [11, 14].

Жинақтай келе біз алдымен қазақ ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі «Қыз Жібек» жырының жинақталуының, басылым көруінің, композициясы мен идеялық мазмұны жөнінен ғалымдар тарапынан зерттелуінің ғасырдан астам уақыт ұзақ сараптамадан өткеніне көз жеткіземіз. Егер зерттеулердің басында тұрған ХХ ғасыр басындағы, негізінен Ресей ғалымдары, эпостардың шығу тегі, жүйеленуі, жанр ерекшеліктері сияқты жалпы мәселелерді қарастырса, М.Әуезов бастаған аға буын ғалымдар біздің қарастыруымызда қаһармандық эпостар мен лиро-эпос жырларының ара қатынасы, ғашықтық жырлардың біз атаған позициялар бойынша жан-жақты, терең пікір алмасулары көрсетілді. Ал үшінші кезектегі кейінгі фольклорист ғалымдар зерттеулері, негізінен Р.Бердібаев пен С.Қасқабасов алдыңғы буын ғалымдар зерттеулеріне сүйене отырып, көтерген мәселерді жүйеге келтіре отырып, жалпы «Қыз Жібек» жыры бойынша жинақтау пайымдары келтіріледі.

Бұндай зерттеу қазіргі Елбасы алға қойып отырған халқымыздың рухани жаңғыру бағдарламасымен, соның ішінде туған жер, туған аймақ (батыс, Ақтөбе өңірі), жер-су атаулары, жергілікті халықтың сол кездегі тегі мен салт-дәстүр ерекшеліктері, «Қыз Жібек» жыры сияқты озық әдебиет үлгілерін белгілі қазақ ғалымдары көзқарасы тұрғысынан ғылыми танып-білуге жетелейтін, танымдық және тәрбиелік мәні өте жоғары терең мәселелермен ұштасады. «Қыз Жібек» жырын мәдениетіміздің озық үлгілері қатарына қосылатынына ешкім шүбә келтірмес. Сондықтан оны, алдымен, бірінші кезекте, әр түрлі жолдармен өз елімізде насихаттағанымыз абзал. Содан кейін, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілгендей, «Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз» [12, 2] деген тезиске сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Эпос и устная литература казахов. Литературный критик. 1939, № 11-12
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Оқу құралы. Алматы, «Ана тілі», 1991.
3. Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М., 1947.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: «Ана тілі», 1998.
5. Сейфуллин С. Шашыранды сөз, даулы мәселелер туралы. // 5-ші том. Алматы, 1986
6. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы – 1958.
7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоо-на арналған оқулық. Алматы, «Санат», 1996.
8. Ақынжанов М. Проблема народности казахских социально-бытовых поэм. Алм-ата, 1953.
9. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Ғашықтық жырлар. 53-том. Құрастырушылардан. – Астана, «Фолиант», 2009,
10. Бердібаев Р. Ғашықтық эпос. // Қазақ эпосы. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, Алматы, 1982.
11. Ахметов З., Қасқабасов С. Казахский романтический эпос. // Кыз Жибек. М.: «Восточная литература», 2003. С.351-390.
12. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.

Бораш Баян Тәліпұлы
филология ғылымының докторы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ профессоры,
қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: bayan.borash@mail.ru

ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Түйін: Мақалада алдымен Клер Клермонт атымен Парижде жарияланған «Владимир мен Зара яки қазақтар» атты поэманың зерттелуі, құрылысы, кейіпкелерінің бейнелік ерекшеліктері талданады. Екінші болып француз оқырманына жол ашқан Кенесары хан тұлғасы көрініс беретін әйгілі фантаст Жюль Верннің «Патша шабарманы» романы қарастырылады.

Резюме: В статье рассматриваются напечатанная в Париже поэма Клер Клермонт «Владимир и Зара или киргизы» и роман известного фантаста Жюль Верна «Курьер царя», где впервые предстает перед западными читателями сложный, противоречивый образ предводителя национально-освободительного движения казахов хана Кенесары.

Summary: This article is about of significant contribution in the development of Abay's studies in A.Bukeihanov's, A.Baitursynov's and K.Zhubanov's works that was at the forefront of Abay's studies and harmonies in their thoughts and statements about the Abay's creation.

Халқымыздың өзге елдермен, басқа жұрттармен әдеби, мәдени қарым-қатынастары біршама зерттелген десек те, бұл байланыстардың әлі күнге дейін толық ашыла қоймаған сырлары, зерделей тексеруді қажетсінетін құпиялары аз емес.

Сондай туындылардың біріне Клер Клермонттың 1836 жылы француз тілінде Париждегі «Госселен» баспасынан шыққан «Владимир мен Зара яки қазақтар» деп аталатын поэмасын жатқызуға болады. Халқымыздың өмірінен алынып, дүниеге келген бұл дастанның бір жарым ғасырға жуық уақыт бойына қалың көпшілікке белгісіз болып келгені, әрине өкінішті.

Поэманың алғашқы зерттеушісі академик М.Алексеев оның көркемдік, идеялық мәнін жоғары бағалай келіп, қазақ әдебиетшілерін аталмыш дастанды түбегейлі зерттеуге шақырғаны мәлім. Қазақстандық ғалымдар Ф.Стеклова мен Ш.Сәтбаева бұл шығарманы насихаттау жолында біраз тер төгіп, бірқатар мақалалар жариялады.

Зерттеушілердің тұжырымына сүйенсек, «Владимир мен Зара» қазақ және орыс халықтарының тамыры терең достығы туралы баяндайтын, жалпы қазақ өмірі мен тұрмысы туралы жазылған тұңғыш шетелдік әдеби туынды болып табылады.

335 беттен тұратын аталған шығарма «Құлақ күй» деп аталатын кіріспеден басталып, «Тұтқын», «Көшпелілер», «Дала», «Қашқындар» атты төрт тараудан тұрады. Романтизм бағытында жазылған туындыда оқиғалар айшықты түрде көркем өрбиді. Поэма әскери отбасында туып-өсіп, уақыт өте тағдыр тауқыметіне ұшыраған, бірақ сонда да мойымай, қиындықты жеңе білген, декабристер көтерілісіне қатысқаны үшін Сібірге жер аударылған ержүрек орыс офицері Владимир мен қазақтың ақылына көркі сай сұлу әрі текті жердің қызы Зараның (Сара) шынайы, мөлдір махаббаты туралы сыр шертеді. Қыздың әкесі, қос ғашықтың адал махаббатына қарсы болған Әтел ханның қолына тұтқын болып түсіп, хан жылқысын бағуға мәжбүр болған Владимир тағдыры романтикалық сипатта баяндалады.

Шығарма композициясы тартымды, оқиғаны баяндау тәсілімен табиғат суреттері алмаса өріліп отырады. Байтақ даланың әр маусымдағы көріністері, Владимир мен оның достарының боранда адасуы, көшпенді халықтың Әтел ханның бұйрығымен Арал теңізі жағасына қоныс аударуы, қазақ жастарының айтыс тәрізді әндері, аң аулау, серуен кезіндегі оқыс оқиғалар, хан қызы – Зараны қасқырдан аман алып қалып, бірақ өзі жараланған Владимир, оны емдеп, жан ұшқан Зараның сезім тебіреністері, жас бақташылардың көмегімен екеуінің ауылдан қашуы, сондарынан ерген қуғыншылардан құтылып кетуі, осылардың барлығы поэмада өте әсерлі әрі қызықты баяндалған.

Әтел ханның билігінің осал еместігін көрсететін өлең жолдары:

«Әтел хан ишарамен жарлық етті,
Әп-сәтте салт аттылар шауып жетті».

«Қасына саятқұмар нөкер жинап,
Әтел хан адақтады айналаны.
Кездеспей дала кезген бөкен, киік,

Аңшылар сүзіп шықты сай-саланы» деген өлең жолдарынан Әтел ханның саятшылықпен айналысқанды ұнатқанын көреміз.

Поэмада Әтел ханның басқа да қырлары көрініс табады. Айтқан сөзіне беріктігі, уәдесін бұзбайтындығын «Немене, сенбеймісің хан сөзіне? Сөзім – сөз, уәдем – уәде, қыз сенікі...» деген өлең жолдары арқылы білеміз.

Алайда көбіне қайғы-қасіретпен аяқталатын романтикалық поэмалар қатарынан «Владимир мен Сара» өзгешерек болып, екі ғашықтың қосылуымен, бақытқа қол жетулерімен аяқталады.

Осы тұста тағы алыс шетел әдебиеті еңбектерінен атақты француз жазушысы Жюль Верннің «Патша шабарманы» романы француз жұртшылығының жүрегінен жол тапты. Бұл роман негізінен Азиялық Ресейде орнаған тарихи оқиғаларға байланысты және кең байтақ қазақ даласындағы XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы көшпенділердің көтерілісін баяндайды. Француз жазушысының еңбегі - Кенесары Қасымұлы хан хақында. Романдағы бас кейіпкері – көтерілісшілердің қолбасшысы Феофар хан есімді жаужүрек батыр. Кенесары хан романда неге өз атымен аталмаған деген сауал туындауы мүмкін әрине, жалпы, түркі халықтарының тілінде Феофар сөзіне ұқсас Бейапар деген сөз бар. Бейапар деп қазақтарда бүлікшіл, мазасыз адамды айтады. Ал Жюль Вернге ақпарат беруші орыс шенеуніктері Кенесарыны солай сипаттаған болуы керек, француз тілінде жоқ сөзді Жюль Верн түрік тілінен бүлікшіл деген ұғымда Бейапар (французша Феофар) деп береді. Ресейде бұл роман И.С.Тургеневтың араласуымен «Михаил Строгов» деген атпен орыс тіліне аударылып басылып шығады, алайда 1900 жылы шыққан романға дереу тыйым салынады. Бұл атақты туындыны қазақ тіліне белгілі жазушы Ғаббас Қабышұлы аударады. Ол «Феофар» деген сөздің орнына «фефан, фофан» сөздерін қолданады, олар көне түркі тілінде «айлакер, алаяқ» дегенді білдіреді.

Жазушы: «Азиялық Ресейде болып жатқан оқиғалар кәдімгідей алаңдаушылық туғызатындай жағдайда болатын, сондықтан да патша өз қонақтарын тойдың нағыз қызған кезінде тастап кетуі таңғаларлық нәрсе емес еді. Соңғы жеткен ақпар оның қаупін күшейте түсті. Ресейдің боданындағы Түркістан аймағындағы көшпенділер арасында көтеріліс бұрқ ете түсті. Соның бүкіл Сібірді – осы бір кең өлкені түгел шарпитын түрі бар...Полицмейстердікі рас еді, өйткені көшпенді қазақтардың едәуір бөлігі көтерілісшілерге қосылып та үлгерген. Қазақтар ол кезде екі миллиондай жан болатын, олар үшке: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге бөлінетін...Егер қазақ халқы көтерілсе, олар Енисейден батысқа қарай жатқан барлық жерді басып алған болар еді», -деп жазады. Бұдан автордың сол кездегі тарихи оқиғалар мен қазақтар жайлы мәліметтерге жетік болғандығын көрсетеді.

Негізінен алыс шетел жазушысы шалғайдағы Орта Азия, Қазақстан мен Сібір халықтарының тұрмысын, жағрапиялық орналасуын, тіпті әлеуметтік-саяси жағдайы турасында қалай білді екен деген сұрақ көкейге келетін шығар. Орыс жазушысы И.С.Тургеневпен жақсы қарым-қатынаста болған Жюль Верн сол арқылы Исмаил Гаспиринскиймен танысады. Ол 1872 жылдан 1874 жылға шейін орыс жазушысының хатшысы болған еді. И.Гаспиринский Қазақстан мен Орта Азиядағы толқулар, қазақ, өзбек, ауған жігіттерінен әскер жасақтаған аты аңызға айналған Кенесары мен оның ұлы Садық жөнінде әңгімелеп, Жюль Вернді қатты қызықтырады. Ал романды жазуды бастамас бұрын француздық жазушы алдымен ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның «Орта Азия және Батыс Сібір», атақты Байронның жары Клер Клермонттың «Владимир мен Сара» және В.И.Дальдің 1845 жылы жарық көрген «Бөкей мен Мәулияна» деген шығармаларымен танысып шыққанына күмәніміз жоқ.

Парижде «Патша шабарманы» романы шықпастан он бес жыл бұрын Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхаттан хаттар мен күнделіктері» жарық көрді. Атақты Адам Мицкевичтің жақын досы Адольф Янушкевич көптеген поляк бүлікшілерінің кебін киіп, Сібірге жер аударылады. Ол тауқыметі көп тағдырдың айдауымен Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басуға жіберілген генерал Вишневскийдің әскери экспедициясына қатысады. Дегенмен ол батыр қозғалысына қарсы шыққанымен, қазақтар жөнінде жылы жазып, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-санасы, мәдениеті мен тарихына жақсылап тоқтап отырады. А.Янушкевичтің осы күнделік жазбаларының «Патша шабарманы» романының жазылуына зор үлесін қосты деуге болады.

Романдағы басқа да басты кейіпкерлердің бірі – саяси көзқарасы үшін патша үкіметінің тарапынан қуғынға ұшырап, жер аударылған, кейін қазақтардың отаршылдыққа қарсы күресіне дем берушісі болған орыс офицері Иван Огарев. Романдағы тағы бір кейіпкер – Шәмілді ұстауға қатысқаны үшін Георгиев кресі медалін алған, патша үкіметінің жансызы – Михаил Строгов. Патша үкіметі өздерінің отаршыл саясатының түп ниеттерін Огарев Кенесарыға айтып қояр деп сескенетін Строговтың бұнда келген мақсаты – Огаревтің көзін құрту.

Романның беттерін парақтар болсақ, роман басында Кенесары ханның билігі жөнінде сөз келтіреді: «Біз үңілген кезеңде билік құрған әмір Фофан хан да сондай саясат жүргізді. Ол Огарев көтерген бүлікшілерді бастап шықты. Сібірдің күре жолын жауып тастаған әмір әскері Семей облысын өзіне қаратып, орыс әскерін ол жақтан ығысып кетуге мәжбүр етті...» [19.70].

Романда Кенесары ханды бұхарлықтардың қатыгез әміршісі деп және оның қарамағында қисапсыз әскері бар екендігі суреттеледі. Кенесарының жеке басына баға беруде оның өз замандастарының пікірлері көп жағдайда ұқсасып жатады. Мәселен, ағылшын саяхатшысы, «Орта Азия және Батыс Сібір» (1857ж) кітабының авторы, Жюль Верннің пікірлесі Томас Аткинсон: «Кенесары қазақтардан тамаша жауынгер жасап шығарды. Найзаласу мен айбалта қолданудағы кереметтей әбжілдігі Кенесары жігіттеріне күші басым қарсыластарымен соғыста жеңіске жетуге мүмкіндік беретін дегенді мен көп адамнан естідім. Егер жақсы офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең жақсы әскер болар еді», – деп жазды.

Романның басты кейіпкерлерінің бірі Иван Огаревтің Фофан ханына қарап айтқан сөзінде былай делінеді:

«Сенің әскеріңнің күшімен не тындырғаным саған мәлім. Есіл мен Ертіс арасы сенікі. Қырғыз ордаларындағылар сенің дауысыңды ести сала бір кісідей көтерілді. Сібірдің Есілден Томға дейінгі бас жолы сенікі. Яғни сен полктарыңды күн ұясына қонар батыс жаққа ма, күн ұясынан шығар шығыс жаққа ма, қайда бастап барсаң да, жолың ашық» [19.77]. Бұдан Кенесары ханның үстемдігінің зор екендігін аңғарамыз. Және Кенесары ханның өз-өзіне деген сенімділігін романда «Әмір өзінің жеңімпаз әскерін...» деп келтіруінен білеміз.

Хан ордасы былай тұрсын, романдағы Фофан ханның лагері асқан сән-салтанатпен бейнеленеді. «Аң терісі, киіз, жалтыраған жібек маталар жабылған мындаған шатыр неше түрлі бояумен салынған сурет дерсің. Әрбір шатырдың күмбезделген төбесіне шаншылған ұзын шашақты жығалардың әрбірі түр-түсіне қарай өзінше ерекше. Шатырлардың ең көрнектілері Фофанға ең жақын кісілердікі, сеидтер мен қожалардікі. Ұшына жылқының құйрығы байланған ақ және қызыл сырықты айрықша тулар татар басшыларының дәрежесін көрсетеді. Осынау шатырлар ордасының шет жақтарында шашырап жатқан жұпыны кішкене шатырлар – түрікмендер түйеге артып алып жүретін «қара үйлер»» [19.78]. Ал Фофан хан шатырының мәртебесі бәрінен де артық тұрып, керемет сипатқа ие екендігі жөнінде мына жолдардан білінеді: «Алтын зерлі жібек баулары тамырдай білеуленген, алтынмен аптағандай жібек шашақтары ғажап сән бере жалтылдаған жібек мата шатырға құйылып тұрған нұрға ұқсайтындай. Шатыр алдына қымбат ағаштан жасалып боялған, асыл тастармен безендірілген үстел қойылған. Үстелде қасиетті кітап – Құран ашық жатыр...Ал шатыр үстінде бұхар жалауы желбіреді, оның бетінде әмірдің қару-жарақтары бейнеленген. Хан шатырынан әрәрекке жарты шеңбер үлгісімен басқа шатырлар тігілген. Олар – Бұхардың жоғары лауазымды шенеуніктерінің: ханнан бір елі қалмауға тиіс Бас атбегінің; Бас құсбегінің; Мөр сақтаушының; зеңбірекшілер Басшысының (қожанын); ханмен құшақтасып, сүйісуге, белбеуін бос салып жүруге құқы бар Бас кеңесшінің; Бас заңгер әрі уағызшылардың өкілі – шейх уль исламның; әскелер арасындағы дау-дамайға хан жоқта төрелік айтуға тиіс қазының; хан жорыққа шығарда жұлдыздарға қарап болжау айтуға міндетті Бас сәуегейдің шатырлары» [19.79].

Шығармада ханның әйелі туралы да аз-кем сөз қозғалған. Ол туралы жазушы «Іле-шала нөкерлерімен бәйбішесі де көрінді. Ол парсы қызы болатын. Әйел тектінің өңдісі. Сірә, әмірдің қалауы шығар, беті ашық. Төрт бұрым етіп өрген, үлбіреген өте жұқа ақ орамал жапқан қап-қара шашы аппақ иықтарына жараса түсіп тұр. Асыл тастармен әшекейленген, желке жағына алтын жіпті жібек бау тағылған кішкене ғана тақиясы бар. Үстіндегі ойма жағалы жұқа кеудешесінің белінде алтын белбеуі жалтырайды, жібек белдемшесі көгілдір және көк түсті жалпақша қатпарлы етіп тігілген. Әйелдің жалпы сәнденуіне қайырылар болсақ, ол төбесінен табанына дейін неше түрлі қымбат асыл тастардан тоқылған дене тәрізденіп көрінеді. Бойынан әлемдегі аса бағалы тастардың бәрінің дерлік түр-түрі табылып, олардың құны бірнеше миллион сом болару!» [19.85]. Байқағанымыздай, хан әйелінің ажарлы келбеті ғана емес, оның Кенесары ханның бәйбішесі екендігін даралап тұрған неше түрлі баға жетпес қымбат асыл бұйымдары десек қателеспеген болар едік. Яғни, автор ханның байлығының бәріне жетерлік толассыз болып тұрғандығын айтқысы келгендей әсер қалдырады.

Кенесары ханның сырт кескін-келбеті мен киім киісі нағыз патшаларға лайықты болғандығы романда былайша суреттеледі: «Фофан хан – қырық жас шамасындағы еңгезердей кісі. Ызғарлы өткір көзі қуқылдау өңіне тағы аңның кейпін бергендей. Қап-қара сақалы бұйрасынданып, омырауына түсіп тұр. Ханның үстінде: алтын-күміс сым торлы сауыт; асыл тастармен әшекейленген алтын шпорлы, ұзын қонышты етік; маңдайына жалтылдаған гауһар тас қадалған дөңгелек бөрік. Бұлайша киінуі оны о жарландыру орнына бейжай кісі әлпеттендірген. Бірақ айрықша марапатпен Бұхар әмірі делінген бұл атақта кісі – шексіз билік иесі, құзырындағылардың тағдырына ғана емес, өміріне де иелік етеді.» [19.77]. Осылайша сипатталған Кенесары ханның түр-тұлғасынан айбынды әрі асқақ, мәртебелі және маңғаз көрінісін аңғарамыз. Оның үстіне Фофан ханның келбеті келісті келгендігін

романдағы кейіпкерлердің сөзі растайды, олар шетелдік тілшілер Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт болатын.

Ал мына үзіндіге көңіл аударатын болсақ, Кенесары ханның өз әскерлерін тіліне, діліне, нәсілі мен ұлтына қарай бөліп жарымай, оларға тең дәрежеде қарым-қатынаста болып, көреген басшы ретінде көрінгенін байқаймыз әрі Кенесары ханның нөкелерлері, әскер жасақтарының құрамы туралы жазушы егжей-тегжейлі суреттейді: «Татарлардың лагерінде «аламан» деп аталатын, жаяу әскерлер мен атты әскерлерден құралған, саны кемінде жүз елу мың болатын жасақ бар. Олардың арасындағы ең көрнектілер – Түркістанды жайлаған тәжіктер. Бойшаң, сымбатты, аққұба өңді, қара шашты, қара көз жігіттер. Татар әскерінің көпшілігі – осылар. Олардың Қоқан, Құндыз хандықтары Бұхар хандығынан осал емес-ті. Түркістанды мекендеуші басқа ұлт пен ұлыс өкілдері жалпылап тәжік делініп кеткен болатын. Олардың кейбіреулері: Михаил Строговты қууға қатысқан жатаған бойлы, жирен сақалды өзбектер; қалмаққа ұқсас жалпақбет қырғыздар. Айтпақшы, қырғыздар шәркей киіп, мылтық асынып, қылыш тағып, ерекшеленіп жүреді, ал қолдарына азиялық садақ және «шақан» деп аталатын өткір құрал – кішкене балта ұстайды. Сондай-ақ, мұнда моңғолдар да бар. Олар орта бойлы, қоңырқай дөңгелек жүзді, шүңірек өткір көзді, сирек сақалды, қара шашты. Ал шаштарын ұзын өсіріп, бұрым етіп қояды. Үстеріне көгілдір түсті ықшам көйлек киіп, белін күміс қоңыраулар таққан белбеумен буған. Жібекпен тыстаған тері малақай киіп, артқы жағына желбіретіп үш таспа тағады. Қошқыл-бурыл кескінді ауғанды да, семит нәсілдіге ұқсас келбетті арабты да, жайдақ қабақты түрікменді де кездестіре аласың. Бұлар бәрі әмірдің, қарақшылардың, жүрген жеріне шөп өспес пәлекеттердің туы астына топтасқан. Еркін жүрісті бұлармен қатармұнда құл әскерлер, негізінен парсылар да бар, ал бұларды өздерінің офицерлері басқарады және Фофан ханның басқа әскерлерімен тең дәрежеде сый құрметке ие» [19.78].

Тағы бір жерде «Том өзенінің жағасына барып тірелген кең алаң Орта Азия халықтарының сан тілді өкілдеріне толы...Қысқасы: моңғол, парсы, бұхар, қытай дейсің бе, «той дегенде қу бас домалайды» дегеннің дәл өзі» [19.68] деп берілген. Кемеңгер хан бұл жерде де көп ұлттың өкілдерінің басын қосып, оларды алалап немесе жатсынбай думанды бірге өткізуге рұқсат беретіндігінен көріп отырмыз.

Кенесары ханды қалай әспеттеп, құрметтейтіндігінің бір мысалы ретінде сол бір думанда «Сағат тура төртте барабандар дүңкілдеп, сырнай-керней сарнап, зеңбіректер көкке атқылап жөнелді де, алаңға Фофан хан шықты» [19.75] деп бейнеленуінде бір мән бар болуы керек. Және оны мына жолдардан да байқаймыз: «Ал татарлар шабуылды бірден бастаған жоқ, әмірдің келіп жетуін тосты». Онымен қоса «Олар әмірдің тұсына жеткенде жерге етпеттерінен жатқызылып, құлшылық кейіп көрсетуге мәжбүр етілді...Жерге жатуға құлқы болмағандарды күзетшілер төмпештеп жатқызды...» жолдарында ханның қарамағындағылардың оның әмірін бұлжытпай орындап, құрдай жорғалап және тұтқындардан да соны талап ететіндіктерін көрсетіп тұр.

Соңғы кезде интонацияның жалпы тіл жүйесіндегі дербес бір құбылыс ретінде танып, оны өз алдына жеке алып зерттейтін білім саласын интонология деп атап жүр. Интологияның өзіне тән зерттеу объектісі мен зерттеу әдістері бар.

Тіл жүйесінде дербес бір құбылыс ретінде интонацияның өзіндік спецификалық мағынаға ие болатын бірліктері бар. Қай тілде де олардың саны белгілі бір мөлшерден аспайды. Ол бірліктерді тіл білімінде суперсегменттік фонема, интонациялық конструкция, интонома, интонациялық морфема деп әр түрлі атайды. Себебі интонация өз алдына дербес құбылыс саналғанымен, ол тілде әр түрлі өрнектеледі, әр тілдің форма және мазмұн категорияларымен тығыз байланысты болады. Жоғарыдағылардың ең қолайлысы – интонома. Сегменттік бөлшектерді – фонемаларды зерттейтін фонология болса, суперсегменттік бөлшектерді – интономаларды интология зерттейді.

Қай тілде де сөйлеушінің жадында сол тілдің негізгі интономалары сақталады және бұл интономалар сөйлеудің эталоны болып табылады. Интономалар фонемалар сияқты өзінің просодикалық өлшемдері және ерекшеліктерімен варианттарында көрініс табады. Интонома әрқашан синтагмада көрінеді. Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Ең шағын синтаксистік мағыналық сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар – үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ, бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарда сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қамтып, оларды бір интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл.

Базарбаева М. «Қазақ тілінің интонация жүйесі» деген еңбегінде А.Байтұрсыновтың қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін жете көңіл бөлінбей келе жатқан интонация жайындағы пайымдауларына сүйене отырып, қазақ прозасы мен поэзиясынан алынған тілдік материалдарға жан-жақты эксперименттік талдау жасайды. Сонымен қатар, экспериментті – фонетикалық талдаулап арқасында қазақ тілінде сегіз түрлі интонома бар екені анықталады. Олар:

1. Тиянақсыз интонома
2. Тиянақты
3. Жалпы сұрақ
4. Арнаулы сұрақ
5. Қатал бұйрық
6. Сыпайы бұйрық
7. Лепті
8. Қыстырылған сегменттер

Қазіргі таңда интонология фонетикадан бөлініп, өз алдына жеке ғылым болды [7, 138 б.].

Шешендік сөзде ескерілетін басты жайт шешеннің сөйлеу техникасы. Сөз сөйлеу үдерісінде аудиторияға әсер ету барысында шешен лингвистикалық, паралингвистикалық және кинетикалық құралдардың тұтас кешеніне жүгінеді. Сөзсіз, қай уақытта да ең бастысы сөз болып қала береді. Сөз арқылы түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға тек шешеннің сөздерді нақты да түсінікті, айтуы арқылы ғана әсер ете алады. Сөйлеу техникасының басты мақсаты – барлық сапалық белгісі мен мүмкіндіктерінің жиынтығы негізінде шешенді өз дауысын меңгере білуге үйрету.

Дауыс – адамның аса маңызды белгілерінің бірі. Бірдей қалыптағы дауыстың екеу болуы мүмкін емес. Кез келген адам өз дауысын жұмсақ, қаттырақ және түрлі құбылмалы қалыпқа келтіре алады. Бірсарындылық, тұншыға, қамыға сөйлеушілік, мінгірлеушілік, жекелеген дыбыстарды жұтып қоюшылық және артикуляцияның анық болмауы ең жақсы сөзді бүлдіруге, шешеннің беделіне нұқсан келтіруге бейім.

Сөйлеу техникасының құрамды бөліктері – бұл дыбыстық, тыныстық қойылымы, сөйлеу сәтіндегі дауыстың, дикциясының, орфоэпиясының дұрыс қойылымы. Сөйлеу техникасының мәні дыбыстау, нормаларын сақтауда артикуляция, дыбыс, тыныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Дауыс және тыныс алу барысы бойынша жұмысы үстінде таза физиологиялықтан басқа, сөйлеу саздылығы мен толықтылығының психологиялық алғышарттары барлығын есте ұстау жөн. Бұлар – шешеннің өзіне сенімділігі, рухтың жоғарылығы, әңгіме тақырыбына еліту. Шешеннің эзірлігі өте жақсы болса, ол өзін сенімдірек сезінеді, өз дауысына ұшқырлық, саздылық, мәнерлілік беру де жеңіл болады [8, 137 б.].

Адам дауысының мәні өте зор. Дауыс қою – адамның белгілі бір жағдаяттарға қандай сөздік мәселені шешуіне байланысты өзінен-өзі өтіп жатқан процесс. Физикалық мағынасына тереңдесек,

дауыс – дыбыс желбезектерінің тербелісі нәтижесінде пайда болатын әр түрлі дыбыстардың жиынтығы. Дауысты игере білу – шешендік шеберліктің маңызды көрсеткіші. Кәсіби сөйлеу дауысының негізгі қасиеттері деп төмендегі қасиеттерді атауға болады.

Дыбыс күшінің жеткіліктігі. Шешеннің даусы тіпті күшейткіш техника құралдары жоқ болғанның өзінде де кез келген аудиторияда естіліп тұруы керек. Бұл қасиетті дауыстың динамикалық диапазоны деп атайды. «Дыбыстың күші» мен «қаттылығы» деген ұғымдарды шатастыруға болмайды. Дыбыс күші – бұл децибалмен өлшенетін энергия. Қаттылық – бұл әркімнің дауысты қабылдау ерекшеліктеріне байланысты субъективтік ұғым. Ерлер мен әйелдердің дыбыс желбезектерінің ұзындықтары мен жуандықтары әр түрлі болып келеді, сондықтан олардың дауыстарының жоғарылығы да әр түрлі: ерлерде, орташа есеппен алғанда, 100-250 Гц, әйелдерде – 200-400 Гц. Диапазондардың айырмашылық шектері әншілер дауысында байқалады (бас және меццо сопрано). Сонымен, төменгі және жоғары дауыстардың күші бірдей болса, онда жоғары дауыс қаттырақ естіледі. Сондықтан да дауысы жоғары әйелдер сөйлегенде олар айғайлап немесе дауысын көтеріп сөйлеп тұрғандай әсер қалдырады.

Дауыстың жіберілуі – дауыстың қажетті нысандарғы, әрбір тыңдаушыға барып жете алатын қасиеті. И. Андрониковтың «Алғашқы рет эстрадада» деген әңгімесінде бүкіл әлемге атақты ғалым-музыкатанушы И.М.Соллертинскийдің оны сахнада қалай өнер көрсетуге үйреткендігі туралы әңгімеленеді: «... дыбыс күші. Егер сені бірінші қатардағылар естисе, ол сені отыз екінші қатардағылар естіді деген сөз емес. Ал отыз екінші қатардағылар естіді мен бірінші қатардағылар арасындағы айырма, міне, осында жатыр. Сонымен қатты сөйлеу керек».

Дыбыстың жылжымалылығы, икемділігі сөйлеушінің ойын толық және реңкімен беруге көмектеседі.

Дауыс тембрі – бұл дауыстың «бояулары», яғни анықтығы, сыңғыры, жұмсақтығы, жылылығы, т.б. Дауыстың тембрлік реңіне қарай тыңдаушылар айтушының ойын әр түрлі түсінеді. Дауыстың алғашқы тембрін резонаторлардың көмегімен өзгертуге болады. Біз тембрді жағымды не жағымсыз, жұмсақ темірдей, сықырлаған, шаңқылдаған деп қабылдаймыз. Әр адамның даусының тембрі әр басқа. Тембр тек адамның жасына қарай ғана емес, оның көңіл-күйіне, денсаулық жағдайына байланысты да өзгеріп отырады. Дауысына қарап адамның сау, науқас, тың не шаршағандығын білуге болады. П. Тарановтың «Сендірудің 1000 тәсілі» деген кітабында мынандай мысал келтірген. «Театр және кино артисі Василий Ливанов – көпке танымал әрі атағы жер жарып тұр. Шерлок Холмс туралы белгілі сериалдан кейін оны білмейтін көрермендер аз-ау деп ойлайсың. «Бұл оп-оңай, Ватсон!» Осы сөздерді ести сала Ливановты бірден танысың. Оның даусын ешкімдікімен шатастыруға болмайды, ол өзгеше – бейне бір қу бұтақты сырт еткізіп сындырғандай. Оның даусын қандай бір болмасын у-шудың ішінен айнытпай тануға болады. Дауысының мұндай тембрінің пайда болуының артист былай деп әңгімелейді: «Менің дауысым орташа баритон болатын. Мен оны «Жіберілмеген хат» фильмін түсіру үстінде жоғалттым. Режиссер Калатозов тәжірибе жасауды ұнататын, сөйтіп оның басына 40 градус аязда дауысты табиғи жолмен шығару керек деген ой келіпті. Техника жолымен бұл мүмкін болмай шықты: микрофонға бұм-бұм дейсің... Сөйтіп дауыстан айырылдым. Біраздан соң қайта қалпына келді, бірақ, міне, осындай сықырлағыш болып тынды. Құдайдың мұнысына да шүкір! Менің даусым – жейтін наным. Ұлы Сальвини айтқандай: «Актер дегеніміз – дауыс, дауыс, тағы да дауыс» [9, 204 б.].

Тембр – адамның әр түрлі көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл. Тембр арқылы қуаныш реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқал сияқты сезімдер беріледі. Интонацияның басқа компоненттерімен салыстырғанда тембр аз зерттелген. Мұның себебі тембрдің сөйлесімдегі таза мағыналық рөлінің жоқтың қасы болуымен байланысты. Ол көбінесе сөйлемнің эмоциялық мазмұнын беруге қатысады. Ал акустикалық деңгейде алып қарасақ, тембр спектрге сәйкес келеді. Тембрдің лингвистикалық функциясы әлі жете зерттелмегендіктен, оның барлық қызметі толық сараланбаған.

Интонацияның компоненттері тіл-тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдері айтылу мақсатына қарай ажыратуға болады.

Дауыс тембрі тынысқа байланысты. Тынысы терең, бірқалыпты, ұйымдасқан адамда үннің ырғағы ширатылып, шоғырланып, ұзаққа созылып, әр күйде шығады. Тыныс алуды жаттықтыру – дауыс үнін айшықтаудың, күшейтудің, реттеудің кепілдігі. Тыныстауды жаттықтыруды – дауыстағы дыбыстың күшін ашуға, құлаққа жағымды тембрін анықтауға, дауыстың икемділігін, шырқауын ұзақтылығын арттыруға септігін тигізеді. Бұл дыбысты арнайы шығару, дауыс динамикасын дамыту қабілеттерінен білінеді [10, 218 б.].

Сөйлеудің әуені (тембр) «жайдары», «жігерлі», «баяу» болып бөлшектенеді. Сонан соң дауыс әуені және дыбыс әуені бар.

Дауыстың ұшқыштығы, бұл оның басқа дыбыстардың, шудың арасында еш нәрсемен араласпай, жоғалмай, сақталып қалуы.

Шыдамдылығы – бұл дауыстың ұзақ уақыт сөйлегенде өзінің негізгі қасиеттерін жоғалтпай, көпке шыдап, аз шаршауы. Арнайы жаттығулар жасай отырып, дауысты жаттықтыруға, оны көп жүктемелерге шыдамды етіп қалыптастыруға болады. Жүйелі түрде жаттыға отырып, оны дамытуға, диапазонның кеңейтіп, резонаторларды дыбыстауға мәжбүр етіп, тембрін жақсартуға болады.

Шаршы топта сөйленетін сөзді дайындау барысында шешен орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтар, әдеби норма, сөйлеу мәдениеті сияқты маңызды жайттарға назар аударғаны абзал. Әрбір сөздің дыбысталуы мен айтылуындағы ерекшеліктерді ажырата білуі керек. Орфоэпиялық дағдылардың қажеттілігі тек сөйлеумен шектелмейді. Егер тыңдаушының дұрыс қалыптасқан фонетикалық дағдылары болмаса, онда ол тыңдағаны мен естігенін дұрыс түсіне алмайды. Оның себебі, адам басқа біреудің сөзін тыңдағанда, өз санасындағы дыбыс жүйесімен салыстыра отырып, сөз сөйлемнің мәнін, ойын таниды, түсінеді. Демек, фонетикалық дағдылар тек сөйлеу үшін ғана емес, басқаның сөзін тыңдап-түсіну үшін де үлкен рөл атқарады. Яғни, шешендік өнердің антропоцентристік парадигмаға негізделуін адресат пен адресент арасындағы қатынасты дамытып, сөз құдыретін тану басты бағыт етіп алынады. Әрбір сөздің сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қатынасты жоғары сапаға көтеру үшін екі жақтың да білімділік, адамгершілік, этикалық әлеуетінің теңдей дамытылуы көзделеді. Себебі, адам баласы сөйлеуші ретінде де, тыңдаушы ретінде де ол тілдік және танымдық кодтарды меңгеруі қажет. Шешендік өнердің коммуникативтік сапаларының ішіндегі ең маңыздысы сөз қысқалығы. Мәселен тілдік таңба – стимул, тыңдаушы санасындағы білімнің мәні (реакциясы) күшті болса, аталған тілдік код пен когнитивтік код ұштаса келе, сөз субъектілірінің арасында тілтанымдық диалог орнайды. Ал тілтанымдық диалог – адамзат қоғамы өмір сүруінің басты көрсеткіші. Сондықтан шешендік өнер нормаларын меңгеру, сөз сапасына қатысты аялық білімді қатысымдық тұлғалардың өмірлік дағдыларына тірек етіп ұстану – бүгінгі антропоцентристік парадигманың басым бағыты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Аманбаева А.Ж. Интонациялық бірліктердің прагматингвистикалық сипаты. Эксперименттік - фонетикалық талдау. Фил. ғыл. дис. канд. 2006. – 119 б.
2. Жалалова А.М. Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде // Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2016. – 187 б.
3. Жүнісбеков Ә. Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1987. С. – 80.
4. Касевич В.Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. – М., 1983. С. – 293.
5. Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А. Гордина М.В. Основы общей фонетики. – Санкт-Петербург: 2000. С. – 160.
6. Аманбаева А., Жұмабаева Ж.Т. Просодикалық тәсілдер арқылы сөйленім синтезін құру. // «Тіл біліміндегі цифрлық технологиялар: қазақ тілінің ұлттық крпусын құру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Тіл білімі институты, 2017. – 385 б.
7. Базарбаева З. М. Қазақ тілінде интонация жүйесі. – Алматы, 1996. – 226 б.
8. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2000. – 270 б.
9. Әбдіхалықов М.Н. Сөздік қатынас негіздері. – Астана: Фолиант, 2007. – 374 б.
10. Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – Алматы: «Қарасай», 2009. – 432 б.

Ерсултанова Г.Т.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің
2-курс «Лингвистика» докторанты, Алматы, er.diamond@mail.ru

Исагулова Д.Д.

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Алматы

ДИСКУРСТАҒЫ ТҮЛҒАНЫҢ ҮШ ТҮРЛІ (ИНИЦИАТОР, АДРЕСАНТ, АДРЕСАТ) МОДЕЛІ

***Түйін:** Жаңа лингвистикалық парадигмада алдыңғы қатарға семантикалық тіл кеңістігін айқындайтын «тілдік тұлға» ұғымы басты орынға шықты. Тіл табиғатын зерттеудің кеешенді сипатының тиімділігі мәтін және дискурс тілін зерттеуде көрінеді. Мәтін мен дискурс лингвистиканың негізгі нысаны. Ал мәтін авторының тілдік тұлғасын анықтауға септігін тигізетін тіл мен таным сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынған зерттеу. Бұл зерттеу “тілдік тұлға” мәселесімен тығыз байланысты, ал тілдік тұлға өз кезегінде “әлемнің тілдік бейнесі” теориясымен сабақтасады. Бұл мақалада тілдік тұлға ұғымының құрылымдық мәні қарастырылады. Мақалада «тілдік тұлға» ұғымы жан жақты талданып, оның категориялары, типологиясы және деңгейлері қарастырылады.*

***Резюме.** В статье рассматривается понятия «языковая личность», а так же категория, типология языковой личности, и уровни языковой личности. В последнее время понятия «языковая личность» одна из самых обсуждаемых понятии не только лингвистики, но и других сфер науки. Статья посвящена одному из центральных терминов антропоцентрической лингвистики. Автор рассматривает трактовку данного термина в работах основателей теории языковой личности, анализирует различные варианты его понимания в трудах их последователей.*

***Summary.** The article deals with the concept of linguistic personality which is the most discussed and researched themes nowadays in not only linguistics but also in other fields of science which is relevant in linguistics today. The article discusses several approaches of defining linguistic personality, typology of language persona, categories and levels of linguistic persona. Nowadays there are new sciences like psycho-linguistics, cognitive linguistics, para-linguistics and new concepts in linguistics due to anthropocentric view, we don't just research language for itself, we connect it to different branches of science. Since we study the language with the connection, there are some advantages to study the language of text and discourse. The importance of such research we can define the linguistic personality of an author. Such research is tightly connected with the concept 'linguistic personality', moreover the mentioned concept is related to the theory 'linguistic picture of the world'. The article deals with the structural importance of linguistic personality.*

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қоғамның барлық саласында көптеген өзгерістер орын алды. Бұқаралық ақпарат құралдарында да жаңашылдық көрініс тапты. Мұның өзі жалпы ақпараттық кеңістікте көптеген тың ізденістер мен шығармашылық тәсілдердің алуан түрде қалыптасуына жол ашты.

Қазақстанның танымал ғаламдарының бірі Қ. Ө.Есенова өз зерттеуінде: «Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан, журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар деп тануға негіз бар. Осы топтың жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын түпкі өнімін медиа-мәтін деп атауға болады. Себебі БАҚ арқылы таралатын аудиалды (есту арқылы) және визуалды (көру арқылы) түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде медиа-мәтін ұғымын құрайды. БАҚ тілі зерттеушілік нысанаға алынғанда лингвистика ғылымының ұғымы болып саналатын мәтіннің бұқаралық коммуникациядағы қызметіне сәйкес мерзімді баспасөздің өзіндік ерекшелігі жан-жақты ашылады. Біріншіден, бір хабарда ғана айтылып немесе көрсетіліп өтетін радио-теле мәтіндермен салыстырғанда газет мәтіні қашанда оқырманның қолында болады, оған бірнеше рет қайта айналып соғуға мүмкіндігі бар. Бұл – газети жазба мәтіннің бір артықшылығы. Екіншіден, қандай проблема болмасын, радио телевизиямен салыстырғанда газетте проблемалық мақалалар көбірек қамтылып, талданады. Өйткені теледидар мен радиода уақыт факторы бірінші орында болғандықтан үнемі шектеулі болады.» [1;12]

Соңғы кездері тіл білімі саласында жүрген ғаламдардың тарапынан үлкен қызығушылыққа дискурс пен қатар тілдік тұлға феномені ие болып келеді. Бұқаралық ақпарат саласындағы, әсіресе масс-медиа саласындағы кез-келген сөз (мәтін) вакуумда болмайды, ол «кең ауқымды мәдени

мәнмәтінде белгілі бір жағдаятта сөйлеуші мен тыңдаушының арасында» [2;122] туындайды, соның негізінде БАҚ мәтіні авторы мен адресатының өзара коммуникативтік сөйлеу әрекеті, олар бүгінгі таңда ұлттық тілдің жалпыланған жиынтық бейнесін, заманауи адамның ұлттық саналы ағымын білдіреді [3;123].

Осыған байланысты автор мен адресаттың мәтін арқылы бұқаралық коммуникация саласындағы қарым-қатынасы қарапайым ақпарат алмасу ретінде қарастырылмай, автор белсенді субъект ретінде зерттелетін еңбектер өзекті деп саналады:

а) адресаттың декодтауға тиіс (белгілі бір коммуникацияның ақпараттық-кодтық моделі) белгілі бір шифрланған код арқылы ақпаратты беруі;

ә) өз ниетін айту арқылы адресатқа түсінікті жеткізуге (коммуникацияның интерференциялық моделі) тырысуы;

Автор мен адресат арасындағы қарым-қатынас қоғамдағы аралас әлеуметтік мәдени жағдайда (коммуникацияның интерактивті үлгісі) өзара байланыс ретінде қарастырылады (коммуникацияның интеракциялық моделі) [4;124]. Бұл модельге сәйкес коммуникация «мағынаны ақпарат трансляциясы және ниеттің көрінісі ретінде емес, бұл жерде белсенді түрде қабылдаушының маңызды рөліне мән беріліп, тілдесімге қатысушы әрі түсіндіруші ретінде адресатқа жүктеледі»[5;125].

Жалпы мәтінді қабылдау мен түсіндіру мәселесі әртүрлі талдау қағидаларына негізделген әрі келесідей үш схемамен ұсынылуы мүмкін:

1. Автордың интенциясы → мәтін → реципиент

Бастысы осы тәсіл арқылы автордың ойын түсінуге мүмкіндік жасалады, себебі мәтінге салынған мағынаны дұрыс түсінуге әкеліп соғады[5;126]. Осындай ұстанымды көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер қолдайды. (Клушина И.И., Knut S Pauli Sigfried J Schmidi және т.б.).

2. Мәтін → реципиент

Бұл жерде негізгі міндет - «мәтін мазмұнына жүктелген мағынаны түсіндіру үшін мүмкіндіктерді анықтау». «Автор» бұны «жақшалардан тыс» шығарады. Алушы/реципиент жеке басы қасиеттерімен шектелген «толық ерікке» ие.


3. Реципиент → мәтін

Бұл тұрғыда бастысы – мәтінді қабылдауға белгілі бір ықпал ететін реципиенттің өзіндік сипаты. Мәтінді түсіндіру бұл жағдайда қатал түрде, адресаттың сипаттамасы шартты түрде қарастырылады [6;25].

Баспасөзде әртүрлі коммуникаторлардың болуы туралы отандық зерттеушілердің бірнеше пікірлерін келтіруге болады. Осылайша, Г.Я.Солганик публицистикалық тілдесімнің ықпал ету қызметін қарастыра отырып, байланыстың келесідей коммуникативті тізбегін айқындайды: автор-тілдесім-адресат [7;24].

Г. Я.Солганиктің пікірі бойынша, публицистік мәтіннің негізгі стилін қалыптастыратын категория - бұл автор (адресат). Ғалымның айтуынша, авторлық категорияның маңызды рөлі белгілі бір мәтіндердің стилін ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар белгілі бір кезеңнің дәуірлерін де анықтайды. Оның үстіне, әр кезең автор туралы жалпы жиынтық, оның мінсіз бейнесі. Г.Я.Солганиктің пайымдауы бойынша, авторлық категория газет және тіл факторларының сыртқы және ішкі әрекетінің нәтижесі: «Осы факторлардың тұтас әсерінен қалыптасқан авторлық категория газеттің тіліне және сөзіне қатты әсер етеді. Бұл категорияның мәні екі қырдан тұрады – әлеуметтік адам және жеке адам. Бірақ олар таза түрде кездеспейді (немесе өте сирек кездеседі), дегенмен авторлық Мәтіннің мәні осы қырлардың ара қатынасы болып табылады. Бұл өтпелі оқиғалардың көптеген саны орналасқан екі полюстің ең шеткі нүктесі [8;65].»

Г. Я.Солганик публицистік мәтін авторының категориясының келесі құрылымын ұсынады [9;82]



Сонымен «автор» деген ұғымды екі мағынада қабылдауға болады:

- «әлеуметтік адам»
- «жеке адам»

Әлеуметтік немесе топтық, партия мүдделерін білдіре отырып, публицист жеке адам ретінде өз атынан сөйлейді, яғни басқалардан ерекшеленетін «бөгде» адам, өз «білімі мен тәжірибесі» бар, демек «бірегей» адам, өз ойларымен, идеяларымен әрі жеке пікірімен (немесе үнемі «өзінікімен емес»). Тіл тұрғысынан алатын болсақ, автордың «жеке/даралығы» (немесе дәлірек айтсақ жеке тұлғалық) осы тілдік тұлғаға қатысты стилистикалық және лексикалық тәсілдерінен байқалады.

Н.И.Клушинаның пікірі бойынша, публицистиканың дискурстық талдауының негізі болып мына кеңейтілген схеманы айтуға болады: «адресант-интенция-мәтін-адресат-қайта кодтау-ықпал ету»[10;78].

Байқағандарыңыздай, «автор-адресат» деген ара қатынас айқын әрі көптеген зерттеушілер мен ғалымдар оны атап көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеулердің көбінде осы саладағы қарым-қатынасқа қатысушылардың тұлғалық сипаты толығымен белгіленеді, дегенмен кейбір тіл мамандары зерттеліп жатқан құбылыстардың күрделілігін ескере отырып, бір жағынан, барлық кемшіліктері мен қасиеттері бар жеке тұлғаны көреді, ал екінші жағынан - әлеуметтік адам (Солганик, Кушиша, Муравьева).

В.В. Богуславскаяның пікірі бойынша, «мәтіннің авторы экстралингвистикалық категория. Субъект ретінде әлеммен өзара қатынасын көрсетеді» [11;58].

Дегенмен біздің ойымызша, тілдік тұлғаның бұқаралық ақпарат құралдарында (атап айтқанда, баспасөзде) қызмет ететін екі жақты моделі (автор-адресат) жеткіліксіз болып табылады.

Бұл жағдайда осы коммуникацияның басқа қатысушысы жиі ұмытылады: пассивті коммуникатор функциясын жиі орындайтын мәтіннің бастамашысы, бірақ біз сияқты, қоғамдық пікірді қалыптастыру және аудиторияға әсер ету сияқты маңызды рөл атқарады.

Юрг Хойзерманн деген неміс зерттеушісі өзінің «Jurnlistisches Texten» атты еңбегінде БАҚ –та кездесетін өзара тығыз байланысты тілдік тұлға түрлері туралы айтады, осы ұғымдарды анық бөліп, оларды былай атайды:

1. «Communicator» (коммуникатор немесе мәтін бастамашысы)

2. «Actor» (негізгі рөлді орындайтын адам, «сөзі алдын ала жазылған өз рөлін орындайтын адам», бұл жерде – автор)

3. «Recipient» (ақпаратты алушы).

Мазмұндағы үш байланыс қатысушысының үш БАҚ коммуникациясына қатысатын үш тұлғаға неміс ғалымдары беріп отырған анықтамалары олардың қызметін нақты әрі дәл айқындайды (соның ішінде әлеуметтік рөлін), осылайша автор / адресат және мәтін бастамашысы арасындағы бағыныштылықты ерекше атап көрсетеді. Неміс тілінде «Actor» сөзі делдал немесе тіпті манипуляторлар мен адресаттар арасында бақылаушы мағынасында қолданылуы тек бұқаралық ақпарат құралдары саласында ғана емес, сондай-ақ саясат саласына да қатысты [12;111].

«Actor» сөзінің негізгі мағыналарының бірі - «Auten seiner Taten» / «өз сөзінің авторы» [12;124] деген мағынада, алайда 20-шы ғасырда осы сөздің мағынасын қайта қарастырудың нәтижесінде бұл сөз «Interpret» деген сөзге тән мәнге ие болды - «басқа біреудің сезімін, ерік-жігерін, мақсатын жеткізуші» [12;130], яғни делдал деген мағынада қолданылып келеді.


Клаус Камп өз жұмысында саясат саласында да, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары саласында да үшінші тұлғаларға қажетті ақпаратты беруде делдал мағынасында «Actor» терминінің қолданылып келе жатқанына назар аударады [13;14].

Басқа неміс зерттеушісі Роннебергер лингвистикалық тұлғаларды төрт түрлі әлеуметтік түрге бөліп қарастырады, оларды жалпы терминдер деп атайды: кең мағынасында алынған редакция сөзі, жеке адамдар (авторлар мен комментаторлар және т.б.), әдебиет қайраткерлері (журналдардағы үлгі кейіпкерлер) және алушылар/реципиенттер [13;15]. Біздің ойымызша, тілдік тұлғаны мұндай көп қырлы (төрт жақты) деп түсіну артық сияқты.

Публицистік дискурстағы тілдік тұлғалардың үш жақты ара қатынасы деген түсініктен туындайтын тұжырым-көптеген отандық зерттеушілердің коммуникацияға тек екі ара қатынас бар деп анық бөлуі жеткіліксіз, толық емес деп ойлаймыз, себебі мәтін тек авторлық ниеттен/интенциядан туындамайды. Мәтін бастамашысын осы көзқарастан қарастыра отырып, оны осы жағдайда мәтіннен ажыратып алу қиын және автордың өзінен де ажырату қиын, өйткені «жеке тұлға» ретінде автор тұлғасының бір бөлігі жоғалады және қарым-қатынасқа түсушілердің байланысу схемасы жоғалып, бағынышты сипатқа ие болады:

Бастамашы: «жеке тұлға» және «әлеуметтік тұлға» - №1 ниет - мәтін - автор: «әлеуметтік тұлға» және «жеке тұлға, бірақ көзқарастар мен пікірлері бастамашыға тәуелді» - №1 ниет - мәтін - адресат – қайта кодтау – әсер ету .

Неғұрлым айқынырақ болсын деген мақсатпен, олардың қарым-қатынастарының сәл жеңілдетілген схемасын ұсынуға болады:




Бұл жағдайда автор мен адресат мәтін бастамашысымен адресат арасындағы байланыстырушы дәнекер ретінде әрекет етеді, мәтін бастамашысы коммуникация барысына белсенді түрде қатыса отырып, адресаттардың ойлары мен мінез-құлықтарына айтарлықтай әсер етеді.

Лингвистикалық тұрғыдан бастамашының тілдік тұлғаны ажыратып алу мәселесі іс жүзінде мүмкін емес, дегенмен оның айқын көрініп тұрғанын атап кету керек, яғни ол басылымдардың тұжырымдамасында айқын білінеді, ол туралы редакция ашық және нақты түрде жариялайды, сондықтан оны үнемі бар деп санауға болады. Өзіне материалды таңдап, басылымда сипатталған

қандай да бір жағдайдың деректерін біле отырып, адресат жазбаша мақаланың артында кім екенін болжап, жобалай отырып, жауапкершілікті толықтай авторға жүктейді. Дегенмен, мәтін бастамашысының авторға әсер етуі анық байқалса, шынында, әрбір жазылған журнал мәтінінің артында нақты бір автор болып мәтін бастамашысы тұр, онда мәтін бастамашысының адресатқа ықпалы жанама, себебі мәтін бастамашысы оқырманмен тікелей қарым-қатынасқа түспейді, алайда мәтін бастамашысының ниеті әрқашан адресатқа жетеді.

Біздің пікірімізше, осы үш коммуниканттардың арасындағы өзара әрекеттесуді мынадай схемалармен ұсынуға болады:

1. Автор басқа екеуімен өзара әрекеттескен кезде коммуникацияға қатысушы үш типтің ішінен автор жалғыз қатысушы болып саналғанда кездесетін байланыстың ең көп таралған нұсқасы:



2. Мәтін бастамашысы редактордың, бас редактордың (бас редактор айдары) немесе бірнеше автордың атынан бір уақытта жазылуы мүмкін болғандықтан, мәтіннің бастамашысы белгілі бір автордың қатысуынсыз адресатқа тікелей әсер еткен кездегі коммуникацияның жиі кездеспейтін нұсқасы. Бұл жағдайда жиі журналда (газетте) жазған автордың аты көрсетілмейді, ол авторлық мәтін бастамашысына тиесілі екенін білдіреді.

Мәтін бастаушысы → адресат

Бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылған үшінші тілдік тұлға бұл - адресат, яғни, бұқаралық ақпарат құралдары шығаратын ақпарат легін қабылдаушы әрі «таратушы» адам, БАҚ әсерін тигізген адам.

В.В. Коробейниковтан кейін М.З. Желтухина адресаттарды ақпарат көздерімен байланыстарына қарай бірнеше түрге бөледі [11; 143]

1) Әлеуетті адресат (ақпараттық мүдделердің құрылымы және қажеттілігі бойынша әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың жиынтығы негізінде мерзімді басылымдарды тұтынуға бағытталған) және нақты адресат (үнемі бір немесе бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланатын);

2) Мамандандырылған адресат (қызығушылық құрылымы және ақпарат көзіне деген көзқарасымен анықталады) және көпшілік;

3) Орталық адресат, орталық БАҚ –қа және өңірлік басылымдарға бағытталған.

Адресаттың бейнесін модельдеу арқылы автор-адресат өзін қабылдаушы орнына қоя отырып өзінің жеке бейнесін модельдейді, бірақ өзін онымен толық бірдеймін деп санамайды.

БАҚ аясында қоғамдағы қатынастардың саяси –идеологиялық саласына жекелеген адресаттың қолданылуы тиімді емес. Кез келген басылым қоғамның ашық бір түрі деп кеңістікте шектелмеген қауымның белгілі бір тобына бағытталған болады, мұнда коммуникатор мен реципиент арасында тікелей байланыс жоқ, немесе қоғамдық жабық түр ретіндегі аудитория, шектеулі кеңістікте сондай коммуникациялық ортада коммуникатор мен реципиент арасында тікелей байланыс болатындай жағдайда [11;147]. Демек, адресат түрі коммуникативтік жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты және адресат көпшілік коммуникацияны индивид ретінде немесе менің тобымның мүшесі әлде қауымдастық мүшесі ретінде қабылдауы мүмкін [11;148]

Біз, БАҚ саласындағы мәтіндерді қоғамдық, бір мезгілдегі (яғни, «бір мезгілде немесе қысқа мерзім ішінде көптеген адресаттарға арналған») әрі уақыт жағынан шектелген деп сипаттайтын ғалымдардың пікіріне қосыламыз [11;149]. Біздің ойымызша, БАҚ мәтіндерінің ерекшелігі (ең алдымен публицистік) ол көптеген себептерге байланысты тілдік тұлғалардың мүдделерін бір кезеңде қанағаттандыра алады әрі талаптарына сәйкес келеді және бірден түрлі субъектілерге жіберіледі, яғни әрбір оқырман бір мәтіннің өзінен тек соған ғана қызықты ақпаратты ала алады.

Ақпаратты қабылдау және түсіну адам санасында белгілі бір білім қорының пайда болуына әкеледі. Қандай да бір ұғым-түсініктен бұрыннан хабардар адам оған қатысты жаңа мәліметтерді тереңірек қабылдауы заңды. Ал реципиент үшін тың, бейтаныс оқиға-құбылыстар жөніндегі ақпаратты қабылдау белгілі бір дәрежеде қиындық туғызады. Бірақ қандай жаңалық қамтылғанына қарамастан кез келген мәтінді адам бұрыннан бар білім қорына сүйене отырып, интерпретациялауға ұмтылады. Сондай-ақ адресанттың білім қоры да маңызды рөл атқарады, өйткені кез келген журналистің өзіне етене таныс, негізгі саласы болатыны даусыз. Мысалы, бір автор тарихи

тақырыптарға көбірек қалам тартса, енді бірі саяси тақырыптарға жүйрік, ал үшінші бір топ спорт немесе мәдениет саласын көтеруге бейімделеді.

Газет аудиториясын шектеу мүмкін емес, өйткені оны сауаты бар кез келген адам оқиды, оқуға құқығы бар ондағы ақпаратты әрбір индивид өзінше пайдаланады. Дегенмен, жекелеген мақалалардың белгілі бір кәсіп иелеріне тікелей арналып жазылуы (мысалы, медицина тақырыбында жазылған материалдардың медиктер үшін маңызы зор), кейбір тәлім-тәрбиелік мәні зор материалдардың жастарға арналуы, қазіргі кезде қанат жайып келе жатқан гендерлік саясатқа қатысты материалдардың әйелдер қауымы үшін маңыздылығы әлеуметтік лингвистика аясындағы адамның жас ерекшеліктері, кәсібі (мамандығы), жынысы, әлеуметтік ортасы, ахуалы, білімі сияқты ұғымдарға жатады. Айналып келгенде, адресант та, адресат та белгілі бір әлеуметтік өкілі және ол қандай да қоғамның мүшесі, сондықтан екеуі де сол қоғамда орнығып қалыптасқан, жазылған және жазылмаған заңдарға бағынады. Бірақ олардың әрбірі – өзіндік өмірлік қағидасы, ұстанымы айқын, өзіне ғана тән принциптері бар индивид. Тереңдеп айтар болсақ, ол аудиторияның ішінде де, журналистер қауымында да тілдік тұлға деңгейіне жеткен индивидтер баршылық. Бұл бүгінгі социолінгвистикада қарастырылып жүрген аса өзекті тілдік тұлға проблемасымен байланысты мәселе.

Қорыта айтқанда, газет мәтінін құрастырушы да (адресант), оны тұтынушы да (адресат) социолінгвистика терминімен айтқанда, әлеуметтік субъектілер болып табылады. Яғни олар белгілі бір әлеуметтік топтардың мүшелері. Осы субъектілер мәтіндегі хабарламаға анағұрлым жақын тұрған социумның өкілдері болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Есенова Қ.Ө. *Медиалингвистика: мерзімді баспасөз тілін зерттеудің прагматикалық аспектісі*. Алматы-2012
2. Шендельс Е.И. *Грамматика немецкого языка. 3-е издание*, М., 1958.
3. Щелкунова Е.С. *Многоуровневая структура публицистического текста // Коммуникации в современном мире. Материалы Всероссийской научно-практической конференции, 2002.*
4. Юдина Т.В. *Универсальные и специфические характеристики Интернета как формы коммуникации // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. Учебное пособие под ред. М.Н. Володиной, М., 2003.*
5. Юдина Т.В. *Стратификация немецкой общественно-политической речи*. М., 1993.
6. *Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. Учебное пособие. / Отв. ред. М.Н. Володина*. М., 2003.
7. Bauer, K., Hengst, H. *Wirklichkeit aus zweiter Hand*. Reinbek, 1980.
8. Fairclough, N. *Discourse and Social Change*. Cambridge: Polity Press. 1992.
9. Дедюкова, М.В. *Языковая личность в публицистическом дискурсе (на материале немецких журнальных текстов): автореф. на соиск. ... канд. филол. наук* / М.В. Дедюкова. - М. : МГУ им. Ломоносова, 2010. - 26 с.
10. Караулов, Ю.Н. *Русская языковая личность и задачи ее изучения* / Ю.Н. Караулов // *Язык и личность*. М. : Наука, 1989. - С. 3 - 8.
11. Бахтин, М.М. *Эстетика словесного творчества [Текст]* / М.М. Бахтин. -М.: Художественная литература, 1979. - 424 с.

Дәдебаев Ж.Д
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ф.ғ.д., профессор
Алматы қ, e-mail: instituabai@gmail.com

Мырзахмет М.Ж
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология
және әлем тілдері факультетінің 2 курс магистранты, Алматы қ,
e-mail: makpalmyrzakhmet@mail.ru

ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ «МАХАББАТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін: Концепт ұғымына берілген түрлі тілші ғалымдардың анықтамаларын егжей-тегжейлі қарастыра келе, оның ұғымнан аясы әлдеқайда кең екенін, сәйкесінше дүниенің тілдік бейнесіне қарағанда концептуалдық бейненің анағұрлым маңызды екені байқалды. Сонымен қатар кез-келген сөз белгілі бір ұғымға ие болғанмен, концепт бола алмайды. Концепті ұғымнан айыратын басты белгі-оған ядро мен периферия тән. Белгілі бір лингвомәдени қауымдастық мүшелеріне тән ұлттық мәдени ерекшеліктер перифериядан көрінеді. Периферияда тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер, символдар мен эталондар, салт- дәстүр мен наным-сенімдер орналасады. Осы аталған құрылымдар беретін ақпараттар, мағлұматтар негізінде концептің лингвомәдени сипаты айқындалады.

Түйін сөздер: Концепт ұғымы, «махаббат» концептісі, тұлғааралық махаббат

Резюме. В статье рассматриваются концептуальная картина мира концепта «любовь» казахского и английского языков, репрезентирующий отражение одной из языковой действительности и ее особенности в организаций картины мира с точки зрения «языковая картина мира».

Summary. The article deals with the conceptual mapping of the concept of «love» of Kazakh and English languages, representing the reflection of one of the language activity and it's point of view of «language world picture».

Концепттерді тілде зерттеу лингвистикалық ғылымдарда перспективалы бағыттардың бірінен саналады. Концепт мәдениеттану, лингвистикалық, философиялық және т.б. аспектілерде қарастырылып, түрлі интерпретация, классификация мен зерттеу тәсілдері ұсынылып жүр. Концепт лингвистикада ментальдық әрі тілдік бірлік ретінде қаралады. Концепттерді зерттеу когнитивті лингвистика, психолінгвистика, сондай-ақ дәстүрлі тіл білімі шеңберінде қарастыруға қызығушылық танытып отыр. Осы бағыттардың қай-қайсысында болмасын концепт тілдік заңдылықтарды ашу құралы қызметін атқарады. Тіл ұжымдық және тілдік санада өмір сүре отырып, мәдениетті тасымалдаушы болып табылады. Концепт термині Е.С.Кубрякованың анықтамасы бойынша ой мен таным мәселелерімен айналысатын, ақпаратты сақтап, өндейтін бірнеше ғылыми бағыттардың пәндік аясын қамтып, шоғырландырып тұратын «қолшатыр» термин болып есептеледі. Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігіне сүйенсек, концепт ұғымы адамның ойлау процесіне сүйенетін және тәжірибесі мен білімінің мазмұнын бейнелейтін, барлық адам әрекетінің нәтижелері мен қандай да бір «квант» түрінде дүниені тану процесінің мазмұнын бейнелейтін ойларды береді.

Концепт терминінің теориялық негіздерін ғалымдар Д.С.Лихачев, Н.Д.Артюнов, Е.С.Кубряков, А.Н.Мороховский, Н.К.Репцев, В.В.Колесов, А.П.Бабушкин, В.А.Маслов, А.Л.Туревич, А.Вежбицкая, Ю.А.Степанов т.б. ғалымдардың ізденістерінде өзіндік қырларынан көрінген. Концепт адам санасындағы ұлттық бірліктерді, психикалық ресурстарды, адам білімі мен тәжірибесі арқылы жиналған ақпараттық құрылымды, ментальдық лексиконның, концептуальдық жүйенің адамзат психикасында бейнеленген барлық әлем бейнесінің оперативті мазмұндық бірліктерін түсіндіреді.

Бүгінгі таңда лингвистика ғылымында концепт терминінің қарастырылуы лингвистика мен философияның өзара бір-біріне деген әсерінің күшеюіне байланысты туындаған. Логикада «концепт» термині «ұғым, түсінік» терминдерімен тең. Ресей тіл білімінде «концепт» термині алғаш рет ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында пайда болды.

Концепт ұғымы адамзат іс-әрекеті нәтижесінің мазмұны, тәжірибе мен білім мазмұнын бейнелейтін ұғымдар, әлемді тану процесі туралы танымдарға жауап береді. Концепт – латынша «conceptus» көптеген формалардың мазмұнын өзіне жинақтаушы және олардың бастауы дегенді білдіреді. Концепт терминінің мағына ауқымының кеңдігі соншалықты, зертт еуші тарапынан оған берілген анықтамалар әрқилы және сан алуан. Негізінен бәрінің ой-пікірлері концепт деген ұғымға саяды. [1]

Ал, «концепт» ұғымы дегеніміз адам санасына тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы айтқанда, дүниетаным негізінде белгілі бір ұрпақтан өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық. [2]

Н.Д.Артюнова мәдени концептілер туралы былай дейді: «Каждое из этих слов обладает своими законами, сочетаемости, своим лексиконом, фразеологией, риторикой и шаблонами, своей областью референции, и поэтому описывая и анализируя «язык» каждого культурного концепта, мы открываем доступ к соответствующему понятию».

В.В.Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланыстыра келе былай деп жазады: «Концепт» сөзінің мағыналық толығының негізгі нүктесі әрі дамуының ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына – соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатарымолайған ұғым концепт бола алады. Концептілер ұлттық дүниетаным, мәдениет негізінде қалыптаса отырып, ұлттың ұлт болып айқындалу белгісі ретінде де маңызды және олар тілде де көрініс тапқан, яғни белгілібір маңызды орын алады. Концептілерге талдау жасағанда, әр тілде мәдени-ерекше концептілер басым болады. [3]

Ал енді,мәдени концептілердің беретін ұғымын, семантикалық қырларына талдау жасау арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісін, өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін айқындауға болады.

Мәдени концептілер белгілі бір халықтың, ұлттық мәдениетін, салт дәстүрін, дүниетанымын түсінудің кілті. Олар халықтың өзіндік мәдениетін өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Мәдени концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай күйін білеміз. «Мәдени концепт» ретінде танылатын тілдік бірліктің концепт құрудағы өзіндік лексиконы, синонимдік қатары, ассоциациялық байланысы бар және семантикалық өрісі кең атауларды білеміз. Солардың бірі ретінде «махаббат» ұғымын қарастыруға болады.

Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі күрделі эмоцияларды білдіретін «махаббат» концептісі негізге алынды. «Махаббат» концептісінің негізгі логикалық моделі мынадай: сүю, жақсы көру, жан тәнімен шексіз сүю, махаббаты үшін барлығына да даяр болу.

Махаббат ұғымының сырлы әлемін жүрек пен көкейкөздің (интуицияның) үлесіне қалдырып, оның тылсым бейсаналық табиғатын мойындағанның өзінде, ғалам жаратылысының мәні, хақты тану мүмкіндігі, адам рухани ізденісінің түп мақсатына қатысты ақыл-ой деңгейіндегі толғаныстарды шешуде де махаббат философиялық категория қызметін атқарды. Бұл бойынша махаббат-ғаламның, адамзат жаралуының телеологиялық себебі, оның рухани жетілуінің, эстетикалық ләззаттануының, этикалық ғибраттануының негізі. Махаббат әрбір адамды бейтарап қалдырмайтын, адам өмірінің мәні мен маңызы, сырлы әлемі. Сондықтан махаббат жайлы әрбір адамның жеке көзқарасы, өзіндік ой-пікірі, түсінігі болуы және оның әр алуан болуы заңдылық. Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы өзінің орнын белгілеуге, өзін-өзі, ақиқат мәнді, жаратылыс сырын тануға мүмкіндік беретін маңызды таным-түйсігі. Сол себептен махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы: *адам мен Құдай, ер мен әйел, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала, туыс араларындағы махаббат.*

Өз кезегінде адам мен Алла арасындағы махаббат-имандылықтың, ер мен әйел махаббаты-отбасының, Отанның беріктігінің, ұстаз бен шәкірт махаббаты-білімнің, ата-ана мен бала, туысқандар арасындағы махаббат елдіктің т.б. қастерлі құндылықтардың кепілі әрі бастауы.

Сонымен қатар адамның Отанына, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сезімі де махаббаттың бір көрінісі. Ер-азаматтың қорғауға міндетті басты үш намысы:

- 1.Иман,
- 2.Отан,
- 3.Отбасы махаббатқа негіз болар құндылықтар .[4]

Махаббатты осылайша жіктеуге махаббат иесі сезімінің нысанын, көздеген мақсатын белгілеуі негіз болады. Махаббаттың сезімдік әсер тұрғысынан күйініш пен сүйініш, қорқыныш пен үміт өзара ұласа жүріп, адам бойында күйіп-жанған ынтық сезім, қанат бітірер ұшқыр қиял, риясыз пейіл, мейірім-шапағат түрінде көрініс беруі махаббаттың бар түріне тән жалпы сипаты болып табылады. Яғни махаббаттың қай түрі болсын адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді.

«Махаббат» концептісі туралы ғасырлар бойы ер кісілер мен әйел кісілердің ұғымы әртүрлі болды. Ер кісілер махаббат ұғымын логикалық және шынайы түрде қабылдаса, әйел кісілер романтикалық түрде қабылдады. Диан Эккерманстың «The Natural History of Love» атты кітабында Рим дәуірінен қазіргі таңға дейін махаббат концептісінің әртүрлі екендігін сипаттаған кезде екі жыныс өкілі ажырап, бөлінгендігін айтады. Эккерман сонымен қатар, ер кісілер мен әйел кісілер үшін ережелердің де әртүрлі болғандығынан хабардар етеді. Ағылшын тіліндегі «Beauty and the Beast» ертегісі әйел идеясындағы романтикалық, христиандық, үнсіз және платондық махаббатың керемет мысалы болып табылады.

In Beauty and Beast, exhibits Christian love. The Beast is physically repulsive and frightening; but somehow Beauty manages to see pass his physical exterior. Someone who has been indoctrinated with the ideology of Christianity would be able to accept a monstrous looking creature as the Beast. Christianity teaches its followers to love the afflicted, sick and the ugly. Christianity instills in its followers to love everyone for their spiritual interior and not their physical exterior.[5]

Махаббат концептісі екіге бөлінетіндігін төмендегі кестеден көруге болады.

| Ағылшын тіліндегі махаббат концептісі | Қазақ тіліндегі махаббат концептісі |
|--|--|
| Love can be: <ul style="list-style-type: none"> • Impersonal love; • Interpersonal love. <p><i>Impersonal love:</i> A person can be said to love object, principle or goal if they value it greatly and are deeply committed to it.</p> <p><i>Interpersonal love:</i> Interpersonal love refers to love between human beings. It is a more potent sentiment than a simple liking for another. Such love might exist between family members, friends and couples.</p> | Махаббат түрлері: <ul style="list-style-type: none"> • Объективті махаббат; • Тұлғааралық махаббат. <p><i>Объективті махаббат:</i> Адамзаттың бағалауына байланысты затты, қағиданы немесе мақсатты жақсы көруі жатады.</p> <p><i>Тұлғааралық махаббат:</i> Адамдар арасындағы махаббат болып табылады. Махаббаттың бұл түрі жанұя мүшелері, достары және жұбайлар арасында кездеседі.</p> |

Тұлғааралық махаббатқа байланысты ағылшын тілінде келесі мысалды бере кетсем:

Love is not attraction. One does not fall in love with a person based on their physical appearance. In other words, love at first site does not exist in a healthy reality. It may be a euphorically awesome experience, but it is not love. And that is not say that you should avoid such a feeling. Quite the contrary. What else is life for if not to enjoy in such a magical way. Unfortunately, many people's lives are seriously damaged when they label the overwhelmingly pleasurable feelings that they are experiencing as a result of such a strong attraction as love. When this happens, goals are changed, values are changed... all based on felling. An emotion. Most often, this emotion fades rather quickly, or is not reciprocated... and the person feels the other emotional spectrum. If you equate a physical attraction to someone, it will be important for you to realize that this is not love. Until you have come to know the person within that body; until that person comes to know you... what you are experiencing is not love. It may be admiration, affection, desire... heck, it may even be desperation... but attraction is certainly not love [5]

Әлемнің бейнесінде физикалық субъект – эмоцияның иесі. Эмоционалды күй субъектінің еркінен тәуелсіз болады және ішкі сезіммен тікелей байланысты. Осылайша тұлғааралық махаббатқа байланысты сөздер мен махаббат тәрізді зат есімдер Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» атты романында сыртқы әсерлер арқылы болғандығын дәлелдейтін мысалдарға толы болып табылады. [6]

Әдебиет әлемінде мәңгілік тақырыпқа айналған «махаббат» мәселесі бұл романның асыл арқауы. Қазіргі жастарымыздың да жанын тербеген, жалпы адам баласына тән мөлдір сезімді өзек еткен шығармадан мысал ретінде үзінділер беріледі.

Мықты жүректі мекендеген *ескі махаббат* та осыған ұқсайды – өшсе де орын бермей, қоламталанып жатып алады; оның жалынды *жаңа махаббат* қана тықсырып шыға алады.

Ұлы Отан соғысында біз жауды қаруымыздың – тікұшақтың, танктің, артиллерияның құдіретімен жеңдік, - деп ойлады мен онан әрі. – Сол сияқты алаулаған *асыл махаббаттың* күшімен де жеңдік.

Біздің жүрегімізде Отанға, анаға, сүйген жарға деген шексіз махаббат болды. Соңғы күш алдыңғының қуатты қозғаушысына айналды да, өлім мен өмірдің арпалысындай айқаста біз жеңіп шықтық.

Меніңше, махаббат – дүниедегі барлық күштің көзі, барлық қуаттың бұлақ-бастауы. Онсыз еш жерде жеңіс жоқ.

Ендеше, қыздар, махаббаттың мөлдір бастауы – сендерді көргенде қалай тебіренбейін, қалай қуанбайын мен!

Өзіңді уыз махаббатыммен сүйгенім үшін кеш.

Махаббат пен сана бірін-бірі тындамайтын, әрқайсысы тек өз дегенім ғана болсын дейтінін мен бірінші рет осы кеште ұққандай болдым.

Махаббат бар жерде көз жасы қоса жүреді.

Адамның өмірі қысқа болғанымен, махаббаты ұзақ өмір сүреді.

...Мені махаббаттың улы жыланы шақты аямай. Жаныма дәрі, дертіме шипа сен ғана!

Еркектер әлімен күшті болса, әйелдер махаббатымен мықты.

Әйел махаббаты – ең күшті махаббат. Әйел махаббаты – әлемнің тұтқасы [6]

Жоғарыдағы аталған романдағы махаббат концептілерінің басым көбі тұлғааралық махаббатқа арналғандығын және зат есім сөз табына жататындығын көруге болады. Махаббаттың түрлеріне байланысты бөлген концептілер кездеседі: *уыз махаббат; асыл махаббат; шексіз махаббат; ескі махаббат; жаңа махаббат.*

Ағылшын тіліндегідей *love* , махаббат, сүю лексемасымен келетін тіркестер санаулы ғана («Қайғысыз махаббаттың қадірі аз», «Махаббат-дауасыз дерт», «Махаббат-өмір көркі», «Махаббат барда машақат бар», «Азапсыз махаббат арзан махаббат»). Қазақ дүниетанымында жақсы көремін, сүйемін деген сөздер аса көп қолданыла бермейді. Ол халқымыздың ұяң, бұйығы болып келетін ұлттық мінез-құлқына байланысты.

«Ғашықтың тілі тілсіз тіл, көзбен көріп ішпен ұқ», - деген ұлы Абайдың бір ауыз сөзі осының дәлелі.

Сондықтан қазақ тілділер санасында махаббат адамның жанына жақын, әлдебір шынайы нәрседей қабылданады. Ал ағылшын тілділер санасында белгісіз, алыстағы әлдебір абстрактылы нәрсе ретінде қарастырылады. Бұдан концептің көзге көріне бермейтін күрделі ментальдық бірлік екеніне көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісова Ж. «Ақ» және «Қара» концептілерінің әлеуметтік мағыналары / ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. Тіл әдебиет сериясы. – 2005. - №8 – 42-43 бб.

2. Ислам А. «Өмір» концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама/ ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. Тіл әдебиет сериясы. – 2003. - №4 – 20-21 бб.

3. Сайбекова Н.У. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі «махаббат» концептісі. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Көп тілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы. – 2013 ж. - №2 –75-78 бб.

4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. // Тілтаным-2004. №1.

5. Ackerman D. A *Natural History of Love*. New York: Random House, 1994.

6. Ә.Нұршайықов. *Махаббат қызық мол жылдар*. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 б.

Жунисова Майра Абибуллаевна
«ЖОО-ның Үздік оқытушысы - 2016» мемлекеттік грантының иегері,
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, zhmaira_71@mail.ru

ҚЫТАЙ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Шығыс тіл білімдерінің тарихына үңілсек, соның ішінде өзіндік ерекшелігімен, көнелігімен ерекше көзге түсетіні – **қытай тіл білімі**.

Сөзіміздің мағынасын аша түсу үшін, мақаламызға арқау болып отырған, Абай университетінде «Лингвистика» мамандығы докторанттарына осы «Әлемдік тіл білімі» пәнінен дәріс оқитындықтан, осы тақырыпта көптеген материалдармен танысып, 2013 [1], 2016 [2] жылдары жарияланған «Әлемдік тіл білімі тарихы» деп аталған оқу құралыма деген Жоғары оқу орындарының сұраныстары көбейгендіктен, сол пәнге материал ретінде бірнеше тақырыптарды ұсынуды жөн көрдім.

Қытайда қытай тілін танудың тарихы 2000 жылдан да асады. Қытай тіл білімі тәуелсіз лингвистикалық дәстүрімен ерекшеленіп қана қоймай, әсіресе, Жапония тіл біліміне, т.б. көрші елдерге өз ізін қалдырғанын білеміз. Бұл тіл білімінің іздері әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне, ондағы буын жазулы елдерде көрініс тапқаны да белгілі.

1899 жылы тасбақалардың қабығына, сүйектерге жазылған иероглифтер табылды, олардың б.ж.с.б. XIII-XI ғасырларға тән екені анықталды, дегенмен оның мағынасын ешкім күні бүгінге дейін таба алмай отыр.

Қытай жазуының негізгі графикалық бірлігі – иероглиф. Ол буын жазуы, бірақ жеке сөздерге өте жақын мәндегі морфемалар, буындар десек те қателеспейміз. Кейбір иероглифтер қазірге дейін пиктограммалар мен идеограммаларды, сөз-морфемаларды білдіреді. Олардың *семантикалық кілті* 214-ке дейін барады. Иероглифтің жалпы саны бұрын 50000, ал қазіргі жазуында 4-7000-дай белгіден тұрады. Олардың әртүрлі диалектіде сөйлеуіне осы иероглифтер өте қолайлы. Жапония, Корея, Вьетнамға *қытай иероглифтері* ауысып, ұлтаралық қатынаста негізгі құрал болған.

Қытай тілшілері басты зерттеу нысаны – иероглиф (жазылуы, оқылуы және мағынасы).

Көне және Орта ғасырлық қытай тіл білімі үш бағытта жүрген:

1. Көне сөзді түсіндіру (схластика).

2. Иероглифтердің құрылымы мен этимологиясын үйрену. 3. Функциональды фонетика (V ғасыр). Грамматика схластикадан XVIII

XIX ғасырларда ғана бөлініп шыққан. Мыңдаған жылдар бойы белсенді түрде лексикография саласы дамыған.

Лексикография саласы қарқынды дамығандығына төмендегі сөздіктер куәлік бере алады:

1. «Ши Чжоу нянь» (иероглифтерді тізіп, оларды үйрену үшін түзілген, б.ж.с.д. IX-VIII ғғ., тіпті одан да ерте).

2. «Эр Я» (алғашқы жүйеленген түсіндірме сөздік, материалдарды мағыналарына қарай топтаған, б.ж.с.д. III ғасырға дейін).

3. «Фань Янь» Ян Сюн (Хан империясында қолданылған сөздердің жиынтығы, б.ж.с.д. I ғасырдан – I ғасыр аралығы).

4. «Шо вэнь цзе Цзы» Сюй Шен (алғашқы толық сөздік, атақты иероглиф құрастырушылар, иероглиф мағынасын түсіндірушілер, құрылымы мен пайда болуын көрсеткен, «кілттерге», яғни негізгі мағыналарына қарай топтаған, II ғасыр) [3, 45].

5. «Шо Мин» Лю Си (этимологиялық сөздік, 200-ге жуық) [1, 15].

6. «Гуан Я» Чжан И («Эр Я» үлгісіне құрылған сөздік, бірақ көлемі жағынан одан өте көп, 230-ға жуық) [2, 12].

7. «Кілтті» сөздіктерді «Шо вэнь» үлгісінде құрастыру дәстүрге айналған.

Қытай тілі фонетикасы буддизмнің Үндістаннан келген дыбыстық сөйлеуге қызығушылығымен бірдей анықталады. Соған сәйкес поэзияда, рифмде, мелодикада, дауыс тонында, сондай-ақ үнді әріптік-буындық жазуы ұстанымдарындағы білімге негізделген. **Фонетикалық зерттеулер лексикографиялық дәстүрмен** орындалған. Кәдуілгі фонетикалық жайт: «Шэн Лей» деген авторы - Ли Дэн, «Юнь цзи» деген авторы - Люй Цзин сияқты қайта-қайта жарық көрген және толықтырылған, комментарийлерге толы Лу Фаян (601) «Це юнь» сөздігі II-III ғасырларда иероглифтерді оқу (буындық морфеманы) *қырқу әдісімен* берілген. V ғасырдан бастап, тондарды үйрену тәжірибелері жүргізілді. Кейіннен сөз басындағы (дауыссыздар), яғни инициалдарға және оларды жіктеу (классификациясы) (артикуляторлы ұстаныммен) мәселесіне тоқталды. Жеке-дара, өз алдына

дамыған ғылымдар секілді фонетика да фонетикалық таблицалармен берілген, онда *рифм, инициал, аралық дауыстылар мен тондар* туралы мәліметтер берілген. («Юнь Цзин» б.д.д. V-III ғасырдан шамамен X ғасырға дейін) *«атау» мәселесі* көне қытай ғылымы мен философиясы үшін жай нәрсе болмаған. Мысалы, Конфуций: *табиғат пен зат атауы байланысын мойындап, ал атауды жөндеу мемлекетті басқарудың алғашқы қадамы* деп таныды. Оның *«атауды жөндеу» теориясы* легстер мектебінде қабылданды, ал даос бағытындағы философтар сөз бен зат арасындағы байланысты еркін түрде деп есептеді. Ой-пікірлер екі жинақ та Сюнь Куан зерттеуінде кездеседі (III ғасыр б.д.д.).

Қытай тілшілері өз тәжірибелерін XI-XIX ғасырларда ертеден келе жатқан *жазу ұстанымына* негіздеді.

«Гуань Юнь» (1008) – Көне дәстүр жалғастығы жаңа рифм сөздігі, ол – «Це Юнь» (601) сөздігінің қайта өңделген түрі.

I ғасырдың аяғында **көп қырлы фонетикалық таблицалар** жазылды. Онда иероглифтер әрі инициаль, әрі финальді білдірді және дыбысталу тоны көрсетілді.

«Юнь Цзин» (Рифм айнасы, шамамен VIIIғ.) сөздігінде 43 таблица бар, олар 4 түрлі тонға сай дауыссыздарға қарай 5 категорияға бөлінеді. Аралық дауыстылар болуы не түсіп қалуына орай – медиалдар, бірақ сөздің шындық өмірдегі қолданысы ескерілмейді.

Чжен Цяо сөздігіне жақын (1104-1162). XI-XII ғасырларда рифм тізімінде көбінесе ескі сөздіктер қайталанған, бірақ оларды бәрінде дыбысталуға өзгерістерге мән бермеген, яғни дәстүрлі дыбысталу механикалық түрде үйретілді, рифмдегі өзгерістерге қарамады.

Шао Юнь (1011-1077) кітабында Сун дәуірінің басталуы, яғни сөздің дыбысталуына мән берілді. XII-XIII ғасырларда *ескі рифм жүйесі* қалып, *сөздіктер мен таблицалар қысқарды*, дегенмен *жаңа сөздіктер де ауызекі сөйлеу тілінен қалып бара жатты*, сөйтіп *классикалық тұрғыдан ескі рифмдер өлең түрінде қайта жанданды*.

XIII ғасырда Қытайды моңғолдар жаулап алды. Олар қытай әдебиетіне жаулық көзқараста болды. Оларда өз жазуы болмағандықтан, арнайы жазуларға **ұйғыр алфавиті** қолданылған.

1260 жылы Тибет оқымыстысы Пагма-лама император Құбылай жарлығымен тибет жазуының негізіндегі **моңғол алфавитін (төртбұрыш** деп аталады) жасады, ол 1269 жылы енгізілді. Бірақ бұл алфавитте де мәтін жазу үлгісі ескі қытай және ұйғыр жазуларындағыдай жоғарыдан төменге қарай жазылады. **Төртбұрыш жазу** өте кең тарады (моңғол, тибет, қытай, санскрит, ұйғыр мәтіндерінде). Пагма-лама жазуы – **халықаралық фонетикалық алфавит** болды. Дәстүрлі иероглифке өте жақындығы себепті кейіннен Қытайда қолданылды.

XIV ғасырда Юань моңғол династиясы *ауызша әдеби жанрдың дамуын* қалыптастырды және *ол астаналық сөйлеу мәнері сөздігін* қажет етті. Бұл сөздікті 1324 жылы Чжоу Дэцин жасаған, онда рифм саны қысқартылған (қазіргі пекиндікпен бірдей) *жаңа төрт тондық жүйе бар, диалектілік қолданыстағы рифмдегі кейбір жиі кездесетін қателер* арнайы қаралған.

1368 жылы Қытай династиясы басқаруға келді де, территорияның жекеленуіне (консолидациясына) қызығушылық оянады, ол **аралық сөйлеуге** бағытталған, *ескі рифмге де, диалектіге де* қарамайды. Артынша «Чжунь Юань инь юнь» сөздігі, яғни солтүстік диалектіге негіздейді және ескі дәстүрді талқандап, түбімен жояды.

XIV-XV ғасырларда **практикалық сөздік-анықтамалықтар** (сауаты бар адамдарға арналған) жасалады.

Лань Мао (1442); Би Гунчэнь (XVIIғ.) 1913ж. «ұлттық дыбысталуға» арнайы ұсынылған осы сөздікке негізделген. Фань Гэн фэн (177) рифм кластрын қысқартушы аталған екі лексикографиялық еңбектерге сүйенуші, тонды жанаша суреттеуші. Көптеген сөздіктер басқа диалектілерге негізделеді.

Мэй Инцзо (1615) сөздігінде иероглифтер 214 мағыналық бөлімдерге (кілттерге) («Шо вэнде» 540) құрылған. Чжан Цзыле (1671) осы сөздікті қайта қарап, иероглифтерді жазылуының жаңа нұсқасын ұсынады. Ал Маньчжур династиясы негізінде стандартты сөздік (1716) шығып, ол Мэй Инцзо кітабына сүйенген және қазірге дейін қолданылады. Ли Гуанди құрастырған арнайы фонетикалық сөздік те (1726) бар, онда (кесіп тастау (*разрезания*) бойынша емес, қосу (*соединения*) бойынша) иероглифті оқудың басқа тәсілі ұсынылған.

1711 жылы 444 томдық кітап аяқталды, онда иероглифтің барлық түрі әдебиеттегі иллюстрация түрінде берілген, онда көне қытай ескерткіштері де қамтылған.

XVII-XVIII ғасырларда тарихи фонетика көптеген табыстарға жетті. Көне мәтіндерден комментарийлер береді, рифм сөздігі және фонетикалық таблицалар да поэзияға қызығушылықты оятады.

Юй (1100-1154) – көне қолданысты (реконструкция) құрастырмақшы болған алғашқы ғалым, сонымен бірге Чэнь Ди (1541-1617) еркін «келісім рифмдері» теориясына қарсы шығушы, Гу Яньу

(1613-1682) – қытай тарихи фонетикасын жасаушы, ол көне қытай рифмдік жүйесін түгел қайта жасауға ұмтылған.

Жаңа көптеген шешімдерге ие болған Цзян Юн (1681-1762), Дуань Юйцай (1735-1815), Дай Чжень (1723-1777), Кун Гансэнь (1752-1786), Ван Нянсунь (1744-1832), Цзян Югао (1851 қайтыс болған), Ся Синь (1833), Цянь Дасинь (1728-1804), Янь Кэцзюнь (1762-1843), Чжу Цзюньшэн (1788-1858).

XIX ғ. аяғы XX ғ. басында көне қытай тілі тарихи фонетикасына қызығушылық қайта оянды.

Қытай тіл білімінде тамаша жетістіктерге жеткен тарихи фонетика дамуын айтуға болады.

Қытай тілі (Мин дәуірінде) диалектілер жіктелуін (классификациясын) жасауға XVI-XVIII ғ. аралығында алғаш қадам жасалған.

Схоластика қайта дамуын көне сөздерді түсіндіруге арналған Жуан Юань (1764-1849) көп томдық (компилятивті) шығармалар жазды. Гу Яньнің текстологиялық сыны да схоластикамен байланысты туған.

Көмекші сөздер сөздігі схоластикадан грамматиканы бөліп алды. Лу Ивей (1592), Лю Ци (1711), Ван Иньчжи (1766-1834). Онда көмекші сөздер қатарына тек предлогтар ғана емес, шылаулар мен көмекші есімдер, көмекші етістіктер, жоқ дегенді білдіру (отрицание), сұраулық және бағыттаушы сөздер, кейбір үстеулер мен сын есімдер енген. Юй Юэ (1821-1906) әртүрлі қиындық тудыратын жағдайларды қарастыра келіп, кейбір белгісіз грамматикалық құрылыстарды байқап, көне қытай синтаксисі белгілерін көрсетіп берді.

Қытай ғалымдары ерте орта ғасырда басқа тілдерге қызықпаған, ол кезде қытай тіліне көрші елдер қызығушылығы мол еді (мысалы, 1190 жылы Си-ся Танғұт мемлекетіндегі қытай тіліне салыстырмалы аударма сөздігі, ол жерде өз тілдік дәстүрі орнықпаған еді). Дегенмен, XV ғасыр басында мемлекеттік мекемелер көрші елдер өкіметімен қатынас қағазын жаза бастайды, елшілер қабылдайды, өзінше қытайша «варварша» (жабайыларша) сөздіктер шығарады, онда шетел сөзі мағыналық тобымен беріліп, транскрипциясы қытай иероглифімен берілген.

Еуропа тіл білімімен қатынасты миссионер-иезуиттер, қытай тіліндегі кітапта батыс ғылымы мен техникасы туралы айтты. Олар Никола Тригоның (Цзин Нигэ (1577-1628)), қытай фонетикасымен Еуропа поэзиясын жазады. Автор қытай сөздерін латиницамен транскрипциялап береді.

XIX ғасырдың 90 жылында дәстүрлі қытай фонетикасы буын жіктелуі аясынан шыға алмай, өзін-өзі жойды. Лао Найсюань (1842-1921) – XIX ғасырдың 80 жылдарындағы соңғы қайраткері.

1892 жылдан бастап фонетистер алфавиттік жазу ұстанымымен таныстырды және қытай тілі алфавиттері жобаларын жасады. Қытай сөзі (буындарға) **дыбыстарға бөлінуі проблемасы** талқыланады. 1958 жылы **Қытай халық республикасында латын жазуы негізінде 26 белгіден тұратын дыбыстық алфавиті (диграфтарды қосқанда) жасалады. Ол телеграф байланыстарында, оқулықтарда (әсіресе шетелдіктерге арналған) қолданылады. Алфавиттік жазуға толық көшу әзір де жоспарланбаған [4].**

Қорыта келгенде, қытай тіл білімі өзіндік тілдік дәстүрімен ерекшеленеді, әрі қалыптасқан, ғасырлар бойында қолданылған ұлттық әліпбиін өзгертпей-ақ өмір сүріп отырған мемлекет екенін білуге болады. Сонымен қатар олардың қытай тіл біліміндегі зерттеулер үшін көне кезеңнен келе жатқан лексикографиялық сөздіктерінің мәні жоғары, тіпті *тілді грамматикалық өнер* деп таныған халықтың өз тілінің иероглифтеріне, қанша түсініксіз диалектілерге бөлінсе де, ана тіліне деген құрметі биік екені байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жүнісова Майра Әлемдік лингвистика тарихы. Оқу құралы, 2013. 120 б.
2. Жүнісова Майра Әлемдік лингвистика. Оқу құралы, 2016. 125 б.
3. Жүнісова Майра Жалпы тіл білімі. Оқу құралы, 2016. 215 б.
4. Жүнісова Майра Жалпы тіл білімі. Электрондық оқулық, 2015.

Жунисова Майра Абибуллаевна
«ЖОО-ның Үздік оқытушысы - 2016» мемлекеттік грантының иегері,
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, zhmaira_71@mail.ru

ҮНДІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТАРИХЫ

Шығыс әлемінің тағы бір өте өзгеше лингвистикалық дәстүрі ертедегі Үндістанда пайда болған. Ол Қытайдың тілдік дәстүрі сияқты, бірақ оған қарағанда көрші елдердің тілдік ой-пікірлері пайда болуына қарқынды дамуына үлкен әсерін тигізді. Мақаламызды жазуға мақсатты түрде негіз болған Абай университетінде «Лингвистика» мамандығы докторанттарының «Әлемдік тіл білімі» пәнінен дәріс оқитындықтан, осы тақырыпта көптеген материалдармен таныса келе, тікелей зерттеу нысаны етіп алуды дұрыс еп түсіндім. Соның нәтижесі 2013 [1], 2016 [2] жылдары жарияланған «Әлемдік тіл білімі тарихы» деп аталған оқу құралдарыма деген Республикамыздағы Жоғары оқу орындарының сұраныстары көбейгендіктен, сол пәнге материал ретінде бірнеше тақырыптарды ұсынуды жөн көрдім.

Үнді тіл білімінің тарихын университеттің бакалавриатында «Жалпы тіл білімі» пәнінің дәрістерінде, «Тіл білімінің қалыптасу тарихы» модулінде бастап таныстырылады [3]. Дегенмен, менің оқу құралымдағы мәліметтер осы тіл білімдерінің тарихына тереңірек үңілу үшін әрі докторант-ізденушілердің ғылыми жұмыстарына ойтүрткі салу үшін жазылғандықтан, бұрынғы пікірлерден өзгешеліктері де баршылық.

Үндістанда дамыған тілдік дәстүрдің тарихын б.ж.с. екі ғасыр бұрын Иранның елі солтүстік-батысынан Үндістанға *арийлер тайпалары* немесе *арийлер (индоиранцы)* нәтижесінде ауып орнығады.

Үнді иран тілдері екі бұтаққа бөлінеді: *иран (парсы) және үндіарийлер*. Парсы тілін қолданушылар қазіргі Ауғанстан және Тәжікстан территориясында да бар. Үнді иран тайпалары Қара теңіздің солтүстігінде бұрын мекендеген, кейін Кіші Азияда өмір сүрген – ариа (arya) (*адал, дос, жақсылыққа жаны жақын* деген мағыналардан тұрған).

Кейіннен бұл сөз екі атауға негіз болды: Иран (жақсылаққа жаны жақындардың елі) елі, ал Арьяварта (арийлер еліне жол) жол *Веда мифологиясы және шындық өмірдегі Үндістанды мекендеген арийлердің алғашқы елдімекенін* білдіреді.

Үндіарийлердің біз Веда мәдениетін (яғни б.з.д. I ғасырдың ортасынан – б.з. I ғасырдың ортасына дейін) **діни ауызекі тілдегі мәтіндердегі ведалар мәдениеті** (*Ригведа, Самаведа, Яджурведа, Атхарваведа*) деп қараймыз.

Діни рәсім (ритуал) дәстүрді тілін таза сақтауға ұмтылыс, веда деп аталды және б.з.д. I ғасырда тіл проблемасына арнайы қызығушылықты оятты, әсіресе үстем тап өкілдері, яғни брахмандарды – күрделі культтік дәстүрді орындаушылар немесе барлық уақытта түсіне бермейтін және өте ескірген тілді, сонымен бірге құдайлар тілі деп саналатын магиялық күші бар деп Веда тілі арийлерді үнді бұтағына б.з. I ғасырға дейін қызмет етіп, қолданыстан шыққан еді.

Ритуалды мәтіндерге жан-жақты (комментарийлер) түсініктемелер керек-ақ еді.

Қытай және Таяу Шығыстағы діни культтік проблемалық жағдаяттан Үнді қажеттілігі ерекшеленеді. Мәселен, *үнділер дыбыстық сөйлеуге* көп ден қойған, ал жазу кейін пайда болды. Сондықтан да мұнда алдымен *әуен заңдылығын үйренуге, ырғаққа (ритмге), метрика, дыбыстық жүйеге* (фонетикаға) (кейін үнді мәдениетінен қытайлар буддаға қатысты осыны үйренеді) көңіл бөлінді, сөздің тегін табуға ұмтылыс жасалды.

Ертедегі үнділер сөйлеу дыбыстарының және олардың жіктелуінде артикуляторлы белгілерді негізге алды, сол арқылы көп табыстарға жетті.

Дыбыстық тіл мен фонема туралы түсінік, буын құраушы фонемаларды да білді. Үнді жазуында әріптік-буындық жүйе және олардың графикалық белгілері дыбыстарды артикуляторлы жіктеуге негізделген (брахми (жазуы) б.з.д. VII ғасырда *кхарошти, нагари, деванагари, шарада*, т.б.), яғни тілдің иероглифі негіздегі арғы үнділік жазуына емес, **батыс семиттік буындық жазуға** негізделеді.

Көне үнділіктер *лексикография саласында* да жітістіктерге жетті. Санскритте (ескі тілі) құрастырылған Ведадан сапа жағынан анағұрлым артық ритуалды – мифологиялық трактаттары бар брахмандар (VIII-VIIIғ. б.з.д.) салт. Веда тіліне де көңіл бөлген. «Ригведа» сөзі алғашқы тілдік тәжірибені білдіреді. Веда дінінен кейін (брахманизмнен кейін) нирукта деген арнаулы пән болды, ол еркек рәсіміндегі (жрец ритуалындағы) қолданылатын сөздер этимологиясын түсіндіруге арналған. Құдай аттарын, олардың қимыл-әрекеті атаулары мен қолданатын және тәртіпке шақыру құралдары

мен олардың қасиеттері т.б. туралы. Бір тізбекке (каталог) түсіретін сөздіктер белсенді түрде дамыды.

Яскидің «Нирукта» еңбегі – бізге жеткен ең алғашқы лексикографиялық туынды. Ол бес бөлімнен тұрады.

- 1) синонимдік қатар,
- 2) зат атауларының тақырыптық топтары,
- 3) етістіктердің тізімі,
- 4) етістіктен туындаған атаулар,
- 5) жүйеленген зат есімдер және сын есімдер тізімі.

Яски зерттеуінде этимологияға ерекше көңіл бөлген [4]. Нируктаға грамматикалық хабарларды да (информациялар) кіргізген (мәселен, сөздерді грамматикалық жіктеу, сөзжасам туралы мәлімет, септік жайында, жеті мүшелі атаулар парадигмасы (без вокатива)). Грамматика проблемасын қарастыру үлкен жетістікке жетті.

Панинидің (б. з. д. V-IV ғасырларда) «Аштадхьяй» деген шығармасы грамматикалық ойлар мен үлгілердің ірісі болды, онда санскриттік канонизация және қатал арақатынасы регламентация веда тілі мен диалекті негізді, яғни кейіннен діни дәстүрді ығыстырған негізге тоқталды.

Панини санскриттік Веданы тереңнен ерекше қарастырды. Тілді сипаттау ұстанымды қажет етеді. Сондықтан актив грамматика (сөйлеу грамматикасы) лингвистикасында Панини түпнұсқалық (оригинальный подход) тілдік сипаттама да қалдырған. Қарым-қатынастың мақсаттылығынан (түбірлер) арқылы ойды жеткізу және синтаксистік құрамнан (конструкциядан) тұратынын анықтаған.

Грамматикада фонетика туралы мәліметтер жоқтың қасы, байқалмай қалады. Қазіргі морфологияға берілген (сөз түрлендіру мен сөзжасамға), яғни морфологиялық талдауға бірге Панини еңбегінде «**Флективті**» **морфема** ұғымы алғаш рет қолданылды. Синтаксисте зат есімнің сөйлем мүшесі қызметін әр жерде айтып отырады. Грамматикада бірнеше сөйлемдер сөздер тізімінде грамматикалық белгілеріне қарай топтастырылып берілген. Панинидің теориялық бағытын ерекше атауға болады.

Панини еңбегінде теориялық бағыттылықты қазіргі ғылыми структуралық және генеративті лингвистикалар, қазіргі формальді логикаларды жетістігімен бірдей қолданылады.

Көне және орта ғасырдағы Үндістан грамматикалары басты мақсатқа комментарийлер немесе Панинидің канондық грамматикасын қайта жасауға арнайды. (Вьяди, Катъяяна, Патанджали, ал орта ғасырда Чандра, Вараручи, Хечамандра, Джаядитья, Ваман, Бхаттоджи Дикийит). Панинидің ұстанымдары басқа үндіарийлік тілдерді сипаттауға тірек бола алды (мәселен, пракриттер).

Классикалық санскриттермен қатар және буддалық аралас санскриті де жүрді, паллимен қатар будда діні басты тілі болып саналды (б. з. б. VI-V ғасырдан б. з. I ғасырына дейін) брахманизм дінін ығыстырып, ал сосын б.з. I ғасырында Үндістан территориясында индуизмнің (яғни брахманизмнің жаңарған түрі) дамуы басталды.

Көне үнділіктер тіл философиясы мәселесіне де тоқталған, ең алдымен мифологиялық әңгімелеуде және діни мәтіндерде, ал сосын **философиялық және грамматикалық еңбектерде** көрінді.

«Регведада» олар **тіл ұлы құдай** деп таныды. Ведалық пантеноында құдайлар, яғни кіріспеден тілдің қызметі жатыр: **Сөйлеу құдайы - Вач, киелі сөйлеудің құдайы - Бхарати, шыншыл сөйлеу құдайы - Варуна**. Индуистік пантеонда **сөйлеу - Брахман** деп көрсетіледі – жекелігі жоқ абсалют, дүниежүзілік рухани субстанциялардың абсалюті болып саналады.

Сарасвати – таным қызметінің құдайы, ақылдылық, қызылтілділік (шешендік) символы.

Жалпы, тіл проблемасын талдау үнді діни философиясының негізгі жүйесін түгел қамтыды: брахманизм, джайнизм, буддизм, индуизм.

Үндістанда «грамматикалық мектептер» философиясындағы лингвофилософиялық ойларды көрнекті өкілі Бхавтртрихари (б.ж.с. V-VI ғасырларында) «Вакьяпадия» (Сөз және сөйлем жөнінде) деген атақты шығармасы кең танылды. Бұл ойшыл Брахманды жоғары шындық ретінде танытқан, басы мен соңы жоқ, оны Сөзімен барлық дүниедегі заттар мен құбылыстардың әртүрлілігі де соған тән, оны пікірінше: *әлемде сөйлеу мен мағына*, яғни *сөз бен сөйлеу* - айтылуға тиісті нәрселер. *Бхавтртрихари жаңа туылған баланың да сөздері мағынасымен* шатасып кеткен. Осы шатастан барлық адами қызмет бастау алады. Сондай-ақ өзінің қайнар көздерін барлық ғылым да, өнер де және шеберлік те осыдан алады.

Ол Сөзді даму барысында үш кезеңнен өтетінін атап көрсетеді: «*өткізгіштік*» (мұнда, сөйлеу бөлінбейді және мәңгі), «*аралық*» (мұнда, Сөз ментальді және адамдар қабылдай алмайтын, дегенмен

кейде уақытша бірінен кейін бірі келетін нәрсе), сосын үшінші «көрсететін» (мұнда артикуляциялы дыбыстық сөйлеу).

Екінші кезеңді сөз ете келе спхота ұғымын «грамматикалық философияны» сана жағынан ең негізгісі деп осы кезеңді таниды. Спхота ол үшін бөлінбес тілдік символ, сананың бір жағдайы, ол сөзден құралмайды, одан сөздер бөлінеді, олар сөйлеу дыбыстарының көмегімен тыңдаушыларға естіледі. Айтылым басты бірлік есебінде сөзден құралмай, сөз бөлініп шығуының арқасында іске асады. Олар *сөйлем спхотасы, сөз спхотасы* тіпті *фонемалар (дыбыстар) спхотасы* болып бөлінеді.

Үнді тілдік дәстүріндегі идеялардың негізі Үндістаннан әлдеқайда алысқа дейін тарады (буддизм діні таралуымен бірге). Олар орта ғасырлық және қазіргі Үндістанда да одан әрі дамып келеді.

Еуропалық ғалымдар санскритпен және көне үнді грамматикасымен XIII ғасырдың соңында XIX ғасырдың басында ғана танысты, ол салыстырмалы-тарихи тіл білімі дамуына және орнығуына әжептәуір әсерін тигізді. *Компаративистика негізін қалаушылар көне үнді тілі барлық үндіеуропалық тілдердің ататілі* дегенге сенді, яғни оған *жоғары дәрежелі тіл* деп қарап, кейінгі ұрпақ тілдердің дамуына көмегі тиді. Көне үнділіктер берген ұғымдарына қайта-қайта оралуы арқасында және әсіресе қазіргі америка мен еуропа тіл білімінде сондай талдаулар жиі кездеседі. Сонымен бірге көбінесе үнділер ғылымындағы ұғымдарды түсіндіруде және оған жақын еуропа лингвистикалық дәстүріндегі ұғымдармен шатастырады, этномәдени, жалпығылыми және тілдік контекстегі айырмашылықтарды есепке алмайды, сөйтіп қателікке ұрынады.

Үнді ғылымы этномәдени ерекшелігін айтар болсақ, олар грамматикалық трактаттар мен сөздіктер хронологиясы пайда болуы мен тарихқа жай қарамайтыны өзіндік ізденімдерін бірден өзгерте қоймайтынын ескеру керек. Осыған орай үнді тіл білімі тарихын орта ғасырлық және көне деп бөлу мүмкін емес. Олардағы айырмашылық орта ғасыр басында сөздіктер пайда болуымен және грамматикалық-лексикографиялық дәстүр орнығуымен ерекшеленеді. Орта ғасырда да көне үндідегідей лингвистикалық білімге тәуелділік және оларды қайта өңдеу мен практикалық қажеттілікке орай өңдеуден өтуі ендігі жерде діни-йогалық жетістіктер арқасы екенін мойындау керек.

Көнеде де және орта ғасырда да үнді ойшылдарында тіл қимылдың бір түрі деп танылған еуропа тілшілерінің пікірінше керісінше, сөйлемдегі неше атаудың барлығы емес). Орта ғасырда ведалық-брахмандық идеология күйретушісі сөзге көп көңіл аударылды, мәселен Панини еңбектеріндегі және оның замандастары тұсындағы Будда Гаутама / Шакьямуни (б.ж.с.д. VI ғасырда) оқулары. Будда Веда беделінің алдында бас имей, олардың әңгімелерін және құлшылықтарын үйретуші-сутрамдарға, яғни басқа құрылымға ие және де адамның өміріндегі мағыналық-психикалық салаларды түгел қамтитын, сөз мағынасына ерекше көңіл бөлді. Веда мәтіндерін классикалық грамматика өкілдері талдауды жалғастыра берді, ал лингвист-семантиктер Будда оқуларын түсіндірумен айналысты. Панини секілді ойлайтын брахманистер *мәнерлеу әдісіне қызықты мәтіннің формасына* ден қойды, ал *будда идеологиясы – мәтіннің мазмұнына* қарады. Терминдерді теруде олардың айырмашылықтары осы еді. Б.ж.с. I ғасырда будда діні өзінің Үндістандағы жағдайын өзгертті, ол брахманизмнің индуизм болып қайта түлеуімен байланысты еді, панини дәстүріне тағы да күн туды. Көнеде де орта ғасырда да тілді суреттеудің мақсаттары есепке алынған, әсіресе оны бір тыңдаушыға арналғанына мән берілген. Үнді оқымыстылары тілдік талдауларда кездесе бермейтін бірліктердің орналасу тәсілдері мен олардың жіктелуін оларды қолданылу шегіне қарай жазбауға тырысқан. Адамдарға, олардың ойынша, адамнан бөлек жоғарыдағы автордың ұсынған матрицасы, білімнің оралған формасы, пенденің арқасында орау шешіледі деп түсінген. Панинидің ортағасырлық түсініктеме берушілері, оның дәстүрі бойынша еңбектенгендер: Патанджали, Катъяяна, буддашыл Чандрагомин (V ғасыр), джайн-дигамбар Джайнендра (V ғасыр), джайн-шветамбар Шакатаяна (VIIIғ.). Олар Панини кітабын одан әрі ерекшелей түскісі келді. Панини грамматикасымен байланысты грамматикалық трактаттар «Дхатупатха», «Гана-патха», Чандрагоминнің «Унадисутра» деген еңбегі, онда морфема мен сөздің айырмашылығын келтіреді. Панини моделдерінің негізінде пракриттер грамматикасы (әдебиетте ортаүнді сөйлеу тілі): Вараручи, Хемачандра (XIII ғасыр). Грамматикалық суреттемені нысаны пали тілі болады, ол - оңтүстік буддаға қызмет еткен тіл. Пали тілінің авторлары Каччачна, Сангхананди, Брахмадатта Паниниге дейінгі *Айндра грамматикалық мектебіне* туралайды. Алғашқы сөздіктер пайда болды. Буддист Амарасимха (V ғасыр) үнді лексикографиясына ұстанымдар орнатқан (сөздерді мазмұндық жағынан топтау, синонимдердің реттік тізімі, көп мағыналы сөздердің тізімі түсіндірмесімен, сөздік мақалалардың тапқытық формалары – айтып үйрену үшін). Олардан соң индуист Халаюдха, джайн Хеманчандра (XI-XIII ғасырлар) бар. Лексиканың жіктелуі әлемнің құбылыстарымен ол оған ерекше көңіл бөлінді, арлы

мазмұндық бөлінбес бірліктер (Л.Ельмслевтің мазмұн фигураларының аналогы), сөздің алғашқы және кейінгі мағыналарындағы айырмашылықтар. Будда ой-пікірлерінің ақыры мантра ұғымына келіп тіреледі, мақсатты тілдік қызметтің атом секілді айтылуы, мәнердің және мағынаның бірлігі есебінде саналуы. Соңында (тілді йога ретінде пайдалану) ортағасырлық үнді лингвистикалық ойлардағы ұстанымды жетістік мағынаны ұлы деп түсіндіру, тілден бөлек контексте анықталған, тіл қызметінің жалпы ұғымдарымен сәйкес келетін жағдаяттар мен прагматикалық мәнбірлер болып табылады.

Қорыта келгенде, қазіргі Үндістанда өзіндік лингвистикалық дәстүр әлі де бар, дегенмен үнді ғалымдары, әсіресе оларды батыстық әріптестері *санскритті оқуға және басқа да үндіарийлік тілдерді батыс дәстүрінше салыстырмалы-тарихи, ареалды, структуралық, генеративтік тіл білімдерінде қарастырады.* Себебі еуропалық тілдік семьяның басында да **Үнді тіл білімінің негізі** бар. Ол *есімдер, етістіктер, предлогтар* деп бөлінуі ғана емес, жалпы **Үндіеуропа тілдік семьясы** деп аталуынан да көрінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Жүнісова Майра Әлемдік лингвистика тарихы. Оқу құралы, 2013. 120 б.*
2. *Жүнісова Майра Әлемдік лингвистика. Оқу құралы, 2016. 125 б.*
3. *Жүнісова Майра Жалпы тіл білімі. Оқу құралы, 2016. 215 б.*
4. *Жүнісова Майра Жалпы тіл білімі. Электрондық оқулық, 2015.*

Қазмағамбетова А.С.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
e-mail: alma_kaz70@mail.ru

Машинбаева Г.Ә.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, ф. ғ. к.
email: gulnaznuki@mail.ru

Мұсаева Г.Ә.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а., gulbagiza_70@mail.ru

ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ТІЛДІК ПРОКСЕМАЛАРДЫҢ ТРАНСМИССИЯСЫ

Түйін. Мақалада көркем әдебиет тіліндегі проксемалар мен проксемдік әрекеттің вербалдануының әдіс-тәсілдері қарастырылады. Жұмыста проксем топтары жасалып, олардың қазақ және орыс халықтарының көркем әдеби тіліндегі орны мен рөлі анықталған, қазақ және орыс тілді коммуниканттардың көркем мәтіндегі проксемдік әрекетінің функционалдық ерекшеліктері сипатталып, зерттеліп отырған тілдердің көркем мәтіндері бойынша проксемалардың вербалдану тәсілдері баяндалған.

Тірек сөздер: проксема, проксемдік әрекет, вербалдану, механизм, проксемалардың берілу тәсілі.

В статье рассматриваются механизмы, способы и приемы вербализации проксем, их роль и место в языке художественной литературы казахского и русского языков, в художественном тексте, описаны способы вербализации проксем в художественных текстах исследуемых языков.

Исследование построено на анализе фактического материала, экспертированного из художественных произведений (М. Ауезова «Путь Абая» и «Абай жолы»).

Ключевые слова: проксема, проксемное поведение, вербализация, механизм, способ передачи проксем.

Summary. In this article reviews the mechanisms, ways and the methods of the proxem verbalization and behavioral proxem in the language of art literature. On the anvil of the article, installed case of proxems, their role and position in the art language of Kazakh and Russian peoples. This is characterized by the verbal proxem of communicators, who are Russian and Kazakh native-speakers. This article based on the analysis of factual materials from artistic works of (M.Auezov «the way of Abay»).

Key words: proxem, behavioral proxem, verbalization mechanisms, ways and the methods.

Берілген жұмыста көркем шығармалар мәтіндегі проксемдік мінездердің вербализациялану механизмдерінің сипаты туралы мәселелерді қарастырған. Кейіпкерлердің проксемдік мінезін сипаттауда автордың тілдік және көркем құралдарды таңдауы маңызды рөл атқарады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» мен «Путь Абая» шығармасының нұсқасын салғастыра отырып жазушылардың проксемдік мінез тудыруда ең көп семантикалық сөздер тобы етістіктерден құралатыны анықталды.

Сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі болып табылатын етістік академик В.В. Виноградовтың айтуы бойынша сөз жасамға ең көп қатысатын өнімдісі екен. Ғалым қазақ тіліндегі етістіктер сөзжасамда ең белсенді сөз табы және олармен барлық есімдер, үстеулер, көсемшелер және көмекші сөздер тіркесе алатындығын айтады.» [1, 590 бб.]. Етістік сөз тіркесінің өзегі ретінде өзіне қатысты кез-келген зат есімді өзіне қосып ала алады.

Проксемді сөз тіркесінің құрамында басты компонент бола отырып орыс тіліндегі етістіктер қазақ тіліндегі етістіктер сияқты өзіне бағынышты құрылымды меңгереді. Түркі тілдерінде меңгеру сөйлем мен сөз тіркестерінің құрамында сөздерді синтаксистік байланыстыру амалы ретінде кеңінен танымал болып табылады «Етістікті сөз тіркестерінің құрамының 50%-ы меңгеру арқылы байланысқан, яғни сөз тіркестерінің құрамында ең көбі синтаксистік байланыс болып табылады. Етістіктердің қабысу арқылы 40 %-ы жасалса, қиысу жолымен 10% пайыздан көбі жасалады. Қазақ тілінде етістіктер өздерінің мағынасы мен синтаксистік қызметі тұрғысынан түрлі есімдермен тығыз байланыста болып келеді. Мұндай жағдайда етістіктер есімдерден олардың өзара қатынасын сипаттайтын нақты грамматикалық көріністі талап етеді. Есімдер тәуелді компонент ретінде етістіктермен етістікті зат есімдер деп аталатын сөз тіркестерінің кеңінен таралған түрін жасайды, олардың құрамында есімдерді етістіктер меңгеріп тұрады» [2, 279бб]. Демек қазақ тіліндегі сияқты орыс тілінде де етістіктер сөз тіркесіндегі негізгі синтаксистік ұйымдастырушы мүше болып табылады және қазақ және орыс тілдеріндегі сөз тіркестерінің құрамындағы проксемдік мағынада басты компонент ретінде

қызмет атқарады (Орыс және қазақ тілдеріндегі етістіктердің көпмағыналығы белгілі бір мағынаның лексика-семантикалық нұсқасы болып табылады.):

- 1) қозғалу және бір орнынан екінші жерге ауысу: *выйти-шығу, ходить-жүру*;
- 2) белгілі бір жерге бару немесе бар болу: *быть, находится-болу*;
- 3) әрекет: *вызвать-шақыру*;
- 4) белгілі бір қалып: *сидеть-отыру, стоять-тұру*.

Бұл арадағы етістіктермен сәйкесетін барлық постпозитивтердің мағынасында проксемдік мағына жатыр. Олар етістіктің субъект ретінде жаңа проксемдік күйге ауысуын, яғни оның жоғарыға көтерілуін, төмен түсуін, жойылуын қозғалуын білдіреді.

Біз зерттеу міндеттерін басшылыққа ала отырып, М. Әуезовтің «Абай жолы» мен оның орыс тіліндегі «Путь Абая» аудармасының проксемдік сипатын беру үшін проксемдік бірліктерге жасалған талдауды кестемен мынадай етіп көрсете аламыз:

1-кесте – Проксемдік бірліктердің көркем мәтіндегі жиілігі

| Орыс тілі | | | |
|---------------------------|---------|------|------------------|
| Проксемдік бірліктер типі | Жиілігі | % | Проксемдер саны |
| Етістік | 222 | 38,9 | 32 |
| Үстеу | 62 | 10,8 | 10 |
| Көмекші сөздер | 109 | 19,1 | 18 |
| Зат есім | 17 | 2,98 | 2 |
| Сын есімдер | 7 | 1,22 | - |
| Сөз тіркестері | 10 | 1,75 | 2 |
| Демеулік шылаулар | - | - | - |
| Есімдіктер | 3 | 0,52 | - |
| Қазақ тілі | | | |
| Проксемдік бірліктер типі | Жиілігі | В % | Проксемалар саны |
| Етістіктер | 210 | 37,5 | 23 |
| Үстеу | 59 | 10,5 | 8 |
| Көмекші сөздер | - | - | - |
| Зат есімдер | 25 | 4,46 | - |
| Сын есімдер | 7 | 1,25 | - |
| Сөз тіркестері | 11 | 1,96 | 2 |
| Демеулік шылаулар | 37 | 6,60 | 2 |
| Есімдіктер | 3 | 0,53 | 1 |

Орыс және қазақ тілдеріндегі проксемалардың мағыналық негізін ең алдымен етістіктер мен етістікті фраземалар құрайды.

Талдау нәтижесі көрсеткендей проксемдердің ең негізгі тобын қозғалыстың түрлі қалпын бейнелейтін, заттардың бір-бірімен қатысына қарай туындайтын динамикалық проксемдер құрайды.

Орыс тілдеріндегі динамикалық проксемалар үстеулер мен көмекшімен келген етістіктің тіркесінен, ал қазақ тілдеріндегі проксемалар септік жалғаулары мен көмекші есімдер арқылы жасалады.

Жоғарыда айтқандардан шығатын қорытынды тәжірибе ретінде проксемаларды талдағанда орыс және қазақ тілдеріндегі проксемалар модельдерінің жүйесі жасалынды:

Выйти навстречу (здесь: **вышла навстречу**), етістік + үстеу.

Түсіндірмесі:

Қарама-қарсы бағытта кімге, неге қарай жылжитынын білдіреді. Ауыспалы мағынада: (қарсы жүру) жанашырлық танытып, басқа адамға демеу беру, *вы* приставкасы етістіктік, ол бағытқа қарай қозғалысты білдіру үшін қолданылады.

Орыс тілінде осыған ұқсас приставкалар кездеседі. Олар іс-әрекеттің орындалып біткенін, белгілі бір жетістікке жеткендігін немесе бағытты білдіреді (выучить, выпросить, 3) - *ся қосымшасымен* – істің толық аяқталғанын, бағытты білдіреді (вылежаться, выспаться).

Түсіндірме

Берілген проксема коммуниканттардың ара-қашықтықтың мүмкіндігінше жақындатуды білдіреді.

Мәтіндік иллюстрация:

*Подъехал я к дому, она **вышла навстречу** и стала привязывать коня, а песня моя пошла гулять по свету. Вот и все, – сказал он и подмигнул Жумабаю [4, с. 26].*

Салыстыру.

Алдыннан шығу (здесь: алдымнан шығып), үстеу) + етістік

Түсіндірмесі:

Қарсы кездесті, жолықты, құрметтеп қарсы алды.

Аудармасы:

Алдыннан қарсы шығу – выехать, выйти навстречу.

Мәтіндік иллюстрация

Келсем, алдымнан өзі шығып, атымды байлап жатыр, – деп, Жұмабай жаққа қарап, иек қағып қойды [3, 7 б.].

Демек, берілген орыс тіліндегі **вышла навстречу** проксемасы қазақ тіліндегі **алдымнан шығып** проксемасы коммуниканттардың ара қашықтығына қарай – динамикалық проксема, оны қабылдаушыларға әсеріне қатысты – визуалды, морфологиялық белгісіне қарай – етістікті үстеулі, проксемалардың қабылдаушыға әсеріне қарай – визуалды, морфологиялық қасиетіне қарай – етістікті-үстеулі, коммуниканттардың проксемаларды орындау сипатына қарай – индивидуалды болып табылады.

Лингвистикалық әдебиеттерде етістіктердің постпозитивтерімен тіркесуі әр түрлі түсіндіріледі: 1) Еркін тіркес түрінде 2) етістіктер класының бірлігі ретінде. Ол бұл тіркестердің екінші компоненті болғанда үстеу ретінде қызмет атқарады.

Қорыта келгенде, біздің айтарымыз, етістіктен кейінгі үстеу өз бетінше тәуелсіз элемент бола алмайды, ол етістікпен коммуниканттардың проксемдік сипатын білдіретін біртұтас мағыналық кешен болып табылады. Біз өзіміз зерттеу нысаны етіп алған екі тілдегі проксемдік сипатты беретін мысалдарды салыстыра келе, берілген екі тілдің жүйесінде де проксемдік сипатты беретін тілдік құралдардың бар екенін анықтадық, солардың ішінде жиі жасалатыны етістіктерден болып табылады деген қорытындыға келдік. Бұл құбылыс тек салғастырып отырған екі тілге қатысты құбылыс емес, біздіңше әлемдегі барлық тілдерге тән әмбебап ерекшелік.

Екі тілде де сөз тіркесінің құрамындағы негізгі компонент пен қосымша компоненттің арасында тәуелді байланыс болады, алайда олардың салғастырылып отырған әр тілдегі ерекшеліктері сақталған.

Прильнул к – етістік + көмекші сөз қосылып жасалған проксема.

Түсіндірме

Басқа бір адамға барлық денесімен **прижаться** деген мағынаны береді.

к көмекшісі белгілі бір бағытқа қарай белгілі бір заттың немесе адамның жылжуы үшін қолданылады, (кеңістіктік, уақыттық және т.б. қатынастарда) тура және ауыспалы мағынасында.

Түсіндірме

Интимдік қарым-қатынасты білдіреді.

Мәтіндік иллюстрация:

*Когда наконец он **прильнул к** родной матери, та не поцеловала его: она только крепко обняла и прижала сына к груди, жадно вдыхая запах его волос [26, 306б].*

Салыстырайық: Есімше тұлғалы етістік жатыс септігінде келіп, мезгілдік мағынада жұмсалады.

Мәтіндік иллюстрация

*Кезек өз **шешесіне келгенде**, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып (етістік), баурына басып тұрды да, маңдайынан іскеді Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған [25, 126б].*

Орыс тіліндегі **прильнул к** проксемасы мен қазақ тіліндегі **келгенде** проксемасы коммуниканттардың ара-қашықтығына қарай – динамикалық проксемалар болса, қазақ тілінде коммуниканттардың орналасу қашықтығына қарай динамикалық проксемалар, оны қабылдаушы тұрғысынан орыс тілінде визуалды-тактильді проксема, ал қазақ тілінде визуалды, морфологиялық тұрғыдан келгенде қосымша сөздер мен етістіктен құрылған болып келеді, ал қазақ тілінде септеулік шылаумен келетін үстеу болып табылады, проксемаларды орындауда коммуниканттардың қатысуына қарай – индивидуалды болып табылады.

Прижала к – етістік + көмекші сөз түрінде жасалған проксема.

Түсіндірмесі

Етене жақындағанды білдіреді.

к көмекші сөзі белгілі бір бағытқа қарай бір заттың немесе адамның жылжуы үшін қолданылады, (кеңістіктік, уақыттық және т.б. қатынастарда) тура және ауыспалы мағынасында.

Түсініктеме

Берілген проксема интимдік ара қашықтықты білдіреді, яғни коммуникант өзіне жақын адамды осындай қашықтыққа дейін келтіреді.

Мәтіннен мысал

Она только крепко обняла и прижала сына к груди, жадно вдыхая запах его волос [26, 306б].

Салыстырайық:

Қысып – көсемше

Түсіндірмесі:

Бауырына басу, қапсыра құшақтау.

Аудармасы:

Қысып – прижать, зажать, сжимать, теснить, давить.

Мәтін мысалы: Қатты бір қысып, баурына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған [25, 10 бб].

«**Прижала к**» проксемасы мен қазақ тіліндегі «**қысып**» проксемасы коммуникаттардың орналасу қашықтығына байланысты – динамикалық проксемалар, қабылдаушыға қатысты сипатына қарай визуалды-тактильді болып саналады, морфологиялық белгісіне қарай қосымша сөзбен берілетін етістікті болып келеді, ал қазақ тілінде көсемше тұлғалы етістік болып табылады (**қыс+ып**). Проксемаларды орындау сипатына қарай коммуниканттар индивидуалды болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Фрумкина Р.М. *Психоллингвистика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений.* – М.: Академия, 2001. – 320 с.
- 2 *Краткий казахско-русский словарь / К. Бектаев, А. Ахабаев, Е. Керимбаев, К. Молдабеков.* – Алматы: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1991. – 256 с.
- 3 Әуезов Мұхтар. *Абай жолы: Роман-эпопея.* – Алматы: Жазушы, 1990. – Т. 1. – 608 б.
- 4 Ауэзов М. *Путь Абая. Роман.* – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – Т. 1. – 608 с.

К ВОПРОСУ КАТЕГОРИИ ВИДА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Summary. *The article is dedicated to the aspect category and its main notion as the name of it in the Kazakh language, it has no its own constant name. There are different names were given in different years while it was investigating as 'syapat, amaldyn otu syapaty', kyimylodyn otu syapaty', 'korinis; and others. But they do not reveal its real essence and it was named as 'turlenu' – 'inner modification'. It is difficult to name one notion by different names, this complicates so not a simple position of the aspect category in the Kazakh language.*

Түйін. *Бұл мақала қазақ тілінің түрлену (вид) категориясының кейбір ұғым-дарына және оның атына арналған. Кезінде вид категориясын «сыпат», «қимылдың өту сипаты», «амалдың өту сипаты», «көрініс» деген аттармен белгіленген болатын, бұл аттардың барлығы вид категориясын аша бермейді. Бір ұғымның бір аты болу керек, онсыз да өз орнын етістіктің категориясының арасынан таба алмай жүрген вид категориясын бірнеше атпен атау осы ұғымды одан сайын қиындапта түседі. Вид категориясы – түрлену категориясы деп аталды.*

Резюме. *Статья посвящена категории вида и некоторым понятиям, связанным с этой категорией, в частности с названием данной категории. В разные времена данная категория называлась разными названиями в казахском языке: «сыпат», «қимылдың өту сипаты», «амалдың өту сипаты», «көрініс». Но эти названия не совсем раскрывают суть данной категории. Понятие должно иметь свое точное название, эти разные названия категории вида осложняют еще больше не простое положение данной категории в казахском языке.*

Категория вида (аспекта) является одним из сложных явлений в лингвистике в целом, а в грамматике в частности, до сих пор не нашедших своего однозначного решения. На сегодняшний день существует множество различных теорий, рассматривающих сущность вида. Однако в этом многообразии сложно выделить универсальное определение, раскрывающее истинную суть категории аспекта, которое бы охватило все стороны данного понятия, являющегося одним из шести категориальных значений глагола.

Глагол отличается от других частей речи тем, что имеет шесть категорий: вид, время, залог, наклонение, лицо и число, благодаря этим дискретным категориальным значениям, глагол становится самым валентным, организующим звеном всей пропозиции предложений, то есть мысли на поверхностной структуре.

Отличительной особенностью этих категориальных значений глагола является то, что каждая категория имеет свое *дискретное значение* в общем континууме выражения:

- вид глагола выражает различное внутреннее состояние развития одного действия в языке.
- время глагола локализует или фиксирует действия глагола на линии времени.
- залог глагола обозначает то, кем реализуется действие: подлежащим (агентом) или дополнением в языке.

-наклонение глагола выражает отношение действия к реальности.

- лицо глагола обозначает, каким лицом (I, II, III) реализуется действие.

-число глагола определяет количество активных агентов, которые реализуют действия, или пассивных объектов или субъектов, над которым производятся действия'[1,10-12].

Категория вида является одной из основных категорий глагола. Если глагол выражает действие, то категория вида *выражает внутреннюю стадию развития одного действия*. Например, етістік – оқу, внутреннее изменение данного действия: оқимын, оқып жатырмын, оқып біттім, әлі оқып жатырмын.

Существуют различные мнения куда относится данная категория, одни считают, что это грамматическая категория (Ыскаков:1974;Оралбаева:1975;

Комри:1976; Исаев: 1998), другие считают, что это семантическая категория (Насилов:1976), третьи считают, что это синтаксическая категория (Капалбеков:2004), четвертые считают, что это семантико-синтаксическая категория (Балакаев:1958), пятые считают, что это лексико –грамматическая категория (Исаев: 1998).

Несмотря на то, что данная категория вида числится в активе грамматики, как морфологический показатель, но она становится категорией вида только тогда, когда проявляет свою функцию в синтаксисе, а в статичном формате категория вида остается в матрице глагола в имплицитной форме. Не было бы лексики, не было бы грамматики, но оба эти понятия по одиночке не могут реализовать такое сложное явление как категория вида и не только эту категорию, а все остальные категории

частей речи. Ни одна языковая операция (грамматическая, фонетическая) не проводится без основы лексики, она всегда присутствует в любых проявлениях языка, потому что она смысловая часть, основа языка и ее трансформация происходят в семантике синтаксиса, благодаря порождающему свойству граммема в семантике синтаксиса для того, чтобы передать идеи, умозаключения и другие продукты мыслительных процессов. Лексика служит основой всех пропозиций предложений, но сама лексика в статике без грамматики не сможет передать ничего, кроме своего денотативного значения, поэтому категориальные значения, включая категорию вида является сложной, синтезированной работой лексики, грамматики в контексте синтаксиса, где происходят синтагматические и парадигматические отношения языковых единиц и конечная продукция оформляется с помощью третьего компонента языка фонетикой, поэтому все категориальные значения частей речи и в том числе категория вида глагола являются семантико-функциональным [1, 13-14]. Поэтому не глаголы, а предикаты: *оқимын, оқып жатырмын, оқып біттім, әлі оқып жатырмын* выражают различные внутренние состояния данного действия, выраженные категорией вида.

Казахский язык считается темпоральным, а не аспектуальным (видовым), здесь существуют несколько причин отрицания данной категории, но это тема другой статьи. Объективный казахский язык имеет все для того, чтобы иметь категорию вида: план содержания, план выражения, глагол, сема, у которой генерирующая все эти глагольные категорий, но субъективно отрицаются существования данной категории, поэтому её нет среди категории глагола в морфологии казахского языка. Невозможно не иметь категорию вида, так как отрицая категорию вида, мы отрицаем разнообразные виды действия, с которыми сталкивается человек и реализуются каждый день несколько десятков раз, так как действие – это смысл его жизни.

Проводились работы по категории вида в казахском языке многими учеными –казаховедками в разные годы и были представлены различные названия категории вида: «сыпат»(Маманов:1966; Томанов:1988), «қимыл-дың өту сипаты» (Оралбаева :1975;Махмудов:1958;Оразов:), «амалдың өту сипаты» (Искаков : 1974), «көрініс» (Ұйықбаев:1958).

Казахское слово «сыпат» обозначает вид, но «вид» имеет довольно широкое значение, здесь может быть не только виды внутреннего развития действия: процесс, результат, сиюминутное действия, но может выражать и различные семантические классификации глаголов как перцептивные, статичные глаголы и другие.

В названии вида «қимылдың өту сипаты», слово «қимыл – движение» выражает часть действия, так как семантика *действия* шире, чем просто «қимыл» (например *істі тындырындар*, а не *қимылды тындырындар*).Когда мы говорим об аспектах:*оқимын, оқып жатырмын, оқып біттім, әлі оқып жатырмын*, это различные виды действия, а не различные виды движения.

Название вида «көрініс» выражает дословный перевод слова « вид» , данное слово больше подойдет к словосочетаниям: *городской вид, сельский вид*.

В названии вида в казахском языке «амалдың өту сипаты», значение слова «амал» в толковом словаре « Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» под редакцией А.Ы. Ыскакова, данное слово наряду со значениями «тәсіл, әдіс, жол –способ, метод» и еще имеет значение «айла-хитрость» (бірдеңе қылып амалын таппайсындар ма), такая негативная коннотация тоже нежелательна в названии.

Такое разночтение названия категории вида осложняет и без того сложное положение категории вида в казахском языке. Название – это сущность понятия. А сущность понятия исходит из признакообразующих свойств понятия. А что такое категория вида?

Категория вида по *плану содержания*—это внутренняя стадия развития одного действия (действия; *оқимын, оқып жатырмын, оқып біттім, әлі оқып жатырмын*, здесь очень трудно изображать действия концептами, поэтому передаются языковыми средствами), а по *плану выражения* –это порождающее свойство семы одного глагола для выражения этих различных стадий одного действия (аспектуальная вариация глагола –оқу: *оқимын, оқып жатырмын, оқып біттім, әлі оқып жатырмын*).

Если план содержания вида выражает внутреннюю вариацию действия, то план выражения вида выражает видоизменение семы глагола для обозначения этих видоизмененных действий, тогда для таких трансформации действия и семы глагола соответствует слово в казахском языке «*түрлену*».Если глагол выражает действие, то есть в казахском языке это переводится дословно «іс», то категория вида будет в казахском языке «*істің ішкі түрленуі*» или кратко «*істің түрленуі*» (внутренняя модификация или трансформация)[1,164-166].

Литература:

1. Какжанова Ф.А. Категория вида в казахском языке и ее подвиды . – Караганда, 2015. С. –10-14, 164-166
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1964.
3. Оралбаева Н.Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. –136 б.
4. Comrie B. Aspect. –Cambridge, 1976. –P.16-52
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –Алматы: Рауан, 1998. –305 б.
6. Насилов Д.М. Еще раз о виде. К истории вопроса//Turkologika. К 70-летию акад. А.Н. Кононова. – Л: Наука, 1976
7. Қапалбеков Б. Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі//ҚРҰлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы»1 (143)- Алматы: Ғылым, 2004. –№1. –59-62 б.
8. Балакаев М.Б. Тезисы доклада //Вопросы грамматики тюркских языков.-Алма-Ата: АН КазССР , 1958. – 62-65
9. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. «Мектеп» баспасы, –Алматы. 1966.–220 с.
10. Томанов М.М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. –Алматы: «Мектеп» 1988.
11. М. Оразов Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері, Алматы: «Мектеп» баспасы, 1980.
12. Махмудов Х.Х. Тезисы доклада//Вопросы грамматики тюркских языков. – Алма-Ата : АН КазССР, 1958. –С.66-68
13. Уйықбаев И.К. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің көріністері. – Алматы, 1958. –82б.

Карагулова Б.С.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, bkaragulova@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

***Түйін.** Қай халық болмасын дүниежүзілік өркениеттен оқшау өмір сүре алмайды. Бұл – халықтың халық болып, ұлт болып өмір сүруі үшін бірден-бір керекті шарт. Оның үстіне бүгінгі ғаламдану, жаһандану жағдайында аударма ісінің маңызы одан да арта түспек. Аударманы, оның даму заңдылықтарын зерттеудің қажеттілігін осы тұрғыдан қарастырған жөн.*

Аударма саласындағы күрделі мәселелердің бірі – ұлттық ерекшелікті сақтай отырып аудару мәселесі. Бұл мақалада аударма, тіл және мәдениет мәселесін біртұтас мәселе ретінде қарастыру қажеттілігі туралы баяндалады. Осыған қатысты оның аударылу тәсілдері, жолдары, ерекшеліктері қарастырылады.

Аударма саласының лингвомәдени саласымен байланысы теориялық тұрғыдан қарастырылып, ол практикалық тұрғыдан нақты мысалдармен дәлелденеді.

***Негізгі ұғымдар:** аударма, лингвомәдениеттану, өзара сабақтастық, аудару тәсілдері, аудару жолдары, ұлттық ерекшеліктер, аударма ұғымы, реалия сөздер, лингвомәдени бірлік.*

***Summary.** Any nation can't live apart world civilization. It's the main requirement of being nation. Nowadays in the century of civilization the translation takes great place and every day the requiremet is increased. To search the translation and the translation methods is considered from this point.*

The difficult problems in the translation is to translate to save the national features of nation. This article deals with the problems of translation, language and culture as a whole. The translation methods, ways and features are described in this research. The relation of translation with linguaculture is consideres from the theoretical part and fixed with the definite examples from ptarical part.

***Key words:** translation, linguacultural studies, relation, translation methods, translation ways, netional features, thranslation notion, realia.*

***Резюме.** Ни один народ не может жить изолированно от мировой цивилизации. Единственное условие – сохранение народа и нации. Более того, на сегодняшний день в силу развития глобализации,еще больше возросли роль и значение перевода. С этой точки зрения необходимо исследовать перевод и закономерности его развития.*

Одним из сложных вопросов в сфере перевода – это проблемы перевода с сохранением национального колорита. В данная статье говорится о необходимости изучения перевода, языка и культуры как одного целого. В связи с этим здесь рассматриваются способы и особенности перевода.

В статье теоретичеки исследуется связь между переводом и лингвокультурой и практически подтверждаются конкретными примерами.

***Ключевые слова:** перевод, лингвокультурология, преемственность, взаимодействие, способы перевода, национальные особенности, понятие перевода, реалии.*

Аударма мәселесі қай дәуірде болмасын өз маңыздылығын жойған емес, жоймайды да. Әсіресе, аудармада этномәдени ерекшеліктердің көрініс табуы, яғни реалия сөздердің аударылу тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктері әлі де зерттеуді қажет ететін келелі мәселердің бірі болып табылады. Жалпы «аударма» сөзі көптеген мағыналарда қолданылып, етістік түріндегі семантикалық «бояулары» әр алуан. Мәселен, «мәтінді аудару», «бір жұмыстан екінші жұмысқа аударылу», «ақша аудару», т.б. түсіндірме сөздіктер «аударма» және «аудару» сөздерінің он шақты түрлі мағыналарын әдебиет классиктерінің шығармаларынан алынған мысалдар арқылы ашады.

Аударма бір жағынан процесс ретінде танылса, екінші жағынан, осы процестің өнімі ретінде атауға ие болады. Ол әр елдің және оның халқының, тіпті жалпы азаматтық рухани мәдениетінің бөлініп - айырылмас бөлшегі. Мәдениеттің, әдебиеттің, ғылымның, әлеуметтік – саяси ойдың пайда болуы мен дамуы аудармасыз болмас құбылыс және, керісінше, аудармасыз мәдениеттің де дамуы мүмкін емес. Қазіргі заманда аударманың ықпалына түспеген ұлттық мәдениет жоқ. Аударманың өзі де екі мәдениеттің: түпнұсқа мен аударма елдерінің өзара қатынасы мен ынтымақтастығының нәтижесі.

Өзінің жанрлық ерекшеліктеріне қарамастан әр шығарма ұлттық негізде пайда болады; ұлттық мәселелерді және белгілерді көрсете отырып, алға жалпы азаматтық мәселелерді қойып шешуге тырысады, ұлтаралық рухани өмірге араласады, бір халықтан екінші халыққа ауысуымен қатар, олардың бір – бірі туралы түсінігін кеңейтеді.

Аудармада ұлттық мәселені сақтау ісі – негізгі қиыншылықтар бірі. Бұл қызметті атқаратын сөздер – реалия сөздері. Олар аударма арқылы тілге еніп, сөздік қорын жаңа тілдік элементтермен

байыта түседі. Бірақ бұл «жаңашылдықпен» қиянат жасауға болмайды. Өйткені, ана тілге жат сөздерді керек те керек емес те жағдайларда қолдану - аударма тілін күрделендіріледі.

Әр ұлттың ерекшелігі көбінесе этностың салт-санасынан, дәстүрінен, әдет-ғұрпынан байқалады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр халықтың мәдени, тұрмыстық, психологиялық, дүниетанымдық жағдайларына байланысты қалыптасады да, тіл арқылы сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отырады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматтар бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін.

Ұлт-тіл-мәдениет бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар. Бұларды соңғы жылдары қалыптаса бастаған лингвомәдениеттану пәні зерттейді. Ал оның өзі В.В.Воровьев пен В.Н.Телияның зерттеулерінің негізгі ой желісі барысында туды. Бұл ғылым саласы лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің бірігуінен пайда бола келіп, этнос мәдениетінің тілге әсер етуін қарастырады. Бұған дейін ұлттың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін, олардың өзара байланысын ғалымдар этнолингвистика пәнінің негізінде зерттеп келді. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы И.Г.Гердер, В.Гумбольдт еңбектерінен этнолингвистикалық көзқарастар байқалады. Осындай көзқарастарды XX ғасырдың басында Ф.дэ Соссюр: «Әр халықтың салт-дәстүрі тілінде көрініс табады, екінші жағынан алғанда дәл тілдің өзі қалыптасуына септігін тигізеді» — деген құнды ойлар келтіреді [1,55]. Ал осы әр ұлттың мәдениетімен тығыз байланысты ұғымдарды екінші бір тілге жеткізу – аударма процесінде орындалатын іс. Белгілі бір ұлтқа тән атаулардың ұлттық нақышын сақтай отырып аудару мәселесі аударманың лингвомәдениет саласымен тоғысатын тұсынан келіп шығады және оның арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда біз І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан нақты мысалдар алып, оны талдап көруге тырыстық. Тарихи трилогияда қазақ халқының салт-дәстүрлері кең және шынайы суреттелген. Ендеше, сол этномәдени атаулардың орыс тіліне қалай аударылғандығына тоқталып көрелік. Келесі мысал әменгерлік дәстүрінің аудармасы төңірегінде болмақ:

- *Дәл осындай мезгілде бір күні Шағай Созақтан келген керуеншіден Дайыр қожаның баласы сүзектен қайтыс болып, жесір қалған Кунсананы «аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген қазақтың көне дәстүрі бойынша, қожаның үлкен баласына бергелі жатыр деген хабарды естіді [2,236].*

- *Но вот как-то из уст караваника, прибывшего в Ташкент из Созака, Шагай услышал, что сын Сулеймена-ходжи умер от моровой язвы, а жену его Куньсану собираются по закону аменгерства – переимственности жен между родственниками – передать старшему сыну правителя Созака [3,255].*

«Аға өлсе жеңге мұра, іні өлсе келін мұра» деген мақалға айналған нақыл сөзді, тілімізде бір ғана сөзбен «әменгерлік» деп атайтындығы белгілі. Ал аударма барысында, аудармашы осыны ескере отыра, бір ғана сөзбен «аменгерство» деп транслитерация тәсілі арқылы аударған. Мұның өзі, аудармашының ұлтымыздың тарихынан, мәдениетінен, дәстүрінен хабары мол екенін айғақтай түседі. Біздің ойымызша, бұл аударманы «сәтті аударма» деп атауға әбден лайық!

Әменгерлік — күйеуі өліп, жесір қалған әйелдің қайынағасына немесе қайынінісіне, не болмаса жұбайының ең жақын туыстарының біріне тұрмысқа шығуы, некелесуі. Әменгерлік мәселесі ру ақсақалдарының басқаруымен қандас туыстар арасында мұқият талқыланған, ортақ ұйғарыммен шешілген. Әменгерлік тек әлеуметтік-құқықтық қана емес, сондай-ақ тәрбиелік-гуманистік мәні де зор болған. Біріншіден, көшпелі тұрмыс салтында жесір әйелдің жалғыз өзі күнелтуі, күйеуінен қалған бала-шағаға, мал-мүлікке ие болуы қиын. Бөгде, тегі бөлек біреуге тұрмысқа шықса, балаларына өгейлік, мейірімсіздік танытуы мүмкін. Екіншіден, марқұм күйеуінен қалған мал-мүлік жесір әйелге берілсе, бөтен адамның иемденіп кетуі, талан-таражға салуы, жетім балаларды нәпақасыз қалдыруы мүмкін. Үшіншіден, бөгде біреуге күйеуге шығатын болса, әкелерінің қандас, аталас туыстары жетім балаларды анасынан ажыратып алып қалуы ықтимал. Мұның ауыр қиянат боларын қазақтар жақсы түсінген. Сондықтан, аталған факторларды ескере отырып, қазақ ғұламалары “Жеті Жарғы” нормаларында ері қайтыс болған жесірдің “елден кетпеуін”, күйеуінің қандас туыстарының біріне күйеуге шығуын міндеттеген. Қаза тапқан еркектің туған-туыстары жесір әйелдің “әменгері” деп аталған. Қазақ қоғамында әменгерліктен бас тарту сирек кездескен, ол өзінің туысының жетім қалған балаларына, яки, өзінің қандас іні-қарындастарына мейірімсіздік, жаны ашымастық ретінде бағаланған. Ал әйел әменгерліктен бас тартса, оған бала да, мал-мүлік те берілмеген, тек өз қалауымен күйеуге шығу еркі ғана берілген.

- Бұл елдердің қазіргі бас көтерер адамының бірі – атақты **Шалкиіз жырау**, қалың қолмен Хақназар келе жатыр дегенді естіп, сойыл ұстап қарсы шықпақ болған желөкпе жігіттерін басып, ханды құрметпен қарсы алуға кеңес берген [2,233].

- *Свое веское слово произнес тогда знаменитый народный певец Шалкииз* [3,249].

Мысалдағы «**жырау**» сөзі «**певец**» деп аударылған. Алайда жырау мен әнші бір емес.

| <i>Салыстырыңыз:</i> | |
|--|--|
| Жырау — өз жанынан <u>жыр</u> шығарып айтатын және <u>эпикалық дастандар</u> мен <u>толғауларды</u> орындайтын <u>халық поэзиясының</u> өкілі [ҚТТС,124]. | Певец – тот, кто умеет петь; артист, занимающийся пением [СРЯ,638]. |

Осы жайтты ескерсек, аударма барысында жырау сөзінің мән-мағынасы солғын бейнеленгендігі айқындалады. Ал жасалу тәсіліне келетін болсақ, аударма мазмұны жуықтатылып аударылған, ұқсас аударма тәсілі болып табылады.

Келесі мысалдағы аудармаға назар аударайық:

- *Керуен сарайлар, қала аулалары ән-күйлі, ойын-күлкілі думанға толып, екі жақтың әскерлері бейбіт бәсекеге шығып, әр жерде сайыс, күрес, көкпар, жамбы ату ойындарына кіріскен* [2,235].

- *Из всех караван-сараев и подворий неслись звуки труб и барабанов. А на свободных площадках уже происходили состязания борцов, неизменные конные игры с козлодранием, стрельбы из лука по мешочкам с золотом и серебром* [3,253].

Шығармадағы «Көкпар», «Жамбы ату» деген сынды лингвокультуремалары көбіне қазақтың өмір салтында, тұрмысында кездесетін, өзге ұлттық мәдениетте қайталамасы жоқ бейэквивалентті мәдени бірліктерге жатады.

Ұлттық ойындардың бірі – көкпар, қазақ туралы жазылған шығармада кездеспеуі сирек құбылыс. Оған біздің аудармашылар біркелкі түсіндірме бермеген, әр жерде берілген түсіндірмелерінің бәрін қосқанда да оның мағынасы ашылмайды. Сөзді бір кездескенде орысшасы «...во многих конных состязаниях» [3,135] деп кетеді, яғни «*көптеген ат жарыстарында*» деп береді. Тағы бір кездескенде «*кокпар, конная борьба*» [3,137] дейді, яғни «*көкпар – ат үстіндегі күрес*» деп түсіндіріледі. Енді бірде көкпар сөзі «*қазақ елі бұл кезде көкпарға тартуға дайындалған серке тәрізді еді*» [2,216] деген сөйлемде кездеседі. Орысшасы: «*Страна казахов была похожа на освежеванную жертву, приготовленную к кокпару – древнему празднику козлодрания*» [3,178] деп беріледі. Келесі бір кездескенде қазақшасы «...сайыс, күрес, көкпар, жамбы ату...» [34,209] болып сөйлемнің бірыңғай мүшелері құрамында кездеседі. Мұндағы көкпарды орысша аудармасы «*неизменные конные игры с козлодранием*» [3,199] деп түсіндіреді.

«Көкпардан (көк+пар // бар // бор // бөр (-ы/-і) көк // бөрі) екі мағыналы сөз болғанымен: сын + зат семантикалық мағынасы өте жақын бірінің орнына бірі жүрген сөз секілді. Көк – түс атауы екені белгілі. Н.Уәлиев көген сөзіне байланысты (көбіне тарамыс, қайыстан жасалған) деген мағынаны білдіретін көк деген сөз екендігі қазір ұмыт болды. М. Қашқаридің сөздігінде көк «тігіс» деген мағынаны білдіреді – дейді[4,17]. Ш.Дәркенбай: Осы жолмен алынған былғарының түсі көкшілдеу – жасыл болып келеді. Қазақ шеберлері оны «көк былғары» немесе былғарының сапасын арттыру үшін, көбінесе қонды малдың сауыр терісінен илейтіндіктен «көксауыр» деген. Р.Шойбеков: көк үнемі түр-түс ұғымын білдіре бермейді. Мәселен, кереге көктейтін қайыс таспаны көк – деп атайды. Мұның түр-түске ешқандай қатысы жоқ – дейді [5,17]. Демек, тері, шөп ұғымына байланысты «көк» түр атауы тумаған сияқты. Көшпелілер дүние танымы бойынша табынар тәңірі – көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің ең құдіретті жаратылысы-көктегі күн. Ә.Қайдар: „көк сөзі де бірнеше мағынада қолданылады: бірінші көк-аспан демек. Және көк-күт. Және көк-айналаның көктеуі және көк-қабарған. Және көк-от-өлең және көкөністі де білдіретінін жазады [6,175]. «Көк» > аспан + су + жер = көк – деп, айтамыз. Олай болса, көк бөрі (көк) түсіне байланысты көк емес, көк тәңір ұғымымен (тотемизмге) байланысты туған көк – деп білеміз. Көк тәңірінің жердегі жаратылысының бірі – көк немесе көк бөрі болып табылады. Бөрі көпшілік түркі тілдерінде «қасқыр» деген ұғымда жұмсалады. Бөрі сөзіне қосылып көк сөзі «мықты, азулы, нағыз көкжал қасқыр» деген ұғымды білдіреді. *Тува тілінде көкжал қасқыр көк бөрі* дейді.

Расында да көкпар//көкбөрі: пар//бөрі сөздері қандай фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Көкпар//көкбөрі тіркесіндегі: п/б, а/ө (і) байырғы сөздердің айтылуындағы орфоэпиялық варианттылық болуы мүмкін. Бастапқы б дыбысының қатаңдап п-ға айналуына бірінші сөздегі қатаң к дыбысы әсер еткен. Екпіннің алдыңғы дауыстыға түсуімен байланысты і дыбысы түсіп қалған.

Ғ.Мұсабаев: түркілер қасқырды бөрі деп, қойды үркітіп үрейін ұшыратын қылығымен атаған (бөріктіру, бөрігу етістігін салыстыр) А/ө бұл дыбыстардың түркі тілінде алмаса қоюы оңай емес. Тек қана а > о өтуі арқылы болатын үрдіс. Одан кейін барып о/ө о дыбысының жіңішке сыңары – ө. Бұл да жалпы түркілік дауысты фонемалардың қатарына жатады. Дыбысталу ерекшелігі жағынан ғана емес, қолданылу ерекшелігі жағынан да о дыбысы өзінің жуан сыңарының іздерін қайталайды. Көкпар//көк бөрі тіркесінің өзгерісін осылай жорамалдауға болады деп ойлаймыз. Зерттеу барысында көрінгендей, этнографиялық композиция көк бөрі> көкпар былай трансформацияланды: көк бөрі > көк пөрі > көкпары > көкпар. Демек, көкпар> көк бөрі екі сөзден құралған. Көк пен бөрі екі діни мифтің қосылысы. Кейіннен ойынның атауына ауысқан. Көк, бөрі *тотеммен* тікелей байланысты. Бұлар *тәңірмен* де байланысы бар секілді. І.Есенберлин көкпарды ұлттық ойын ретінде қолданған. Көк пен бөрі (көкпар) ойын түріне айналғаннан кейін өзінің мифтік құдіретін жойды. Бөрінің өзі көкке табынған. Құрғақшылық жұттың бір түрі. Сондықтан түркілер одан құтылудың бір жолы *көкке*

Жоғарыдағы мысалда, **жамбы ату – стрельбы из лука по мешочкам с золотом и серебром** деп аударылған. Бұл тұста аудармашы сипаттама аударма тәсілін пайдаланғандығы байқалады. Жамбы деп нені айтамыз? Бұл сөз тек тарихи шығармаларда болмаса қазір өте сирек қолданылады. Біздің ұғымымызда жамбы асыл металдың қорытпасы құймасы күміс, ол бұрын ірі байларда болған. Жамбыны олар бір-біріне сый ретінде тарту еткен, азалы жиынға да мал-мүлікпен бірге апарған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «жамбы – зат. көне. Әртүрлі формадағы жалтырауық қымбат бағалы металл күміс» - деп анықтама берілген. Ол ұйғырларда *ямбу* түрінде, қырғыздарда *янбы*, қазақтарда *жамбы* болып, бірнеше дыбыстық өзгерістерге ұшырау нәтижесінде жеткен және бұл сөз алғаш қытай тілінде пайда болып, қазақ тіліне саудамен айналысқан ұйғыр-өзбектер арақылы тараған болу керек [7,61]- дейді Б.Қарағұлова. Кейіннен формасына байланысты жамбы ату ойын түріне айналып, көшпенді халқымыз жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін ойлап табылған. **Жамбы ату** – қазақ халқының көнеден келе жатқан дәстүрлі ойын түрі. Бұның басты маңызы: біріншіден, әскери-жауынгерлік дайындықты жетілдіріп отыру болса, екінші тараптан ел арасындағы мергендерді (садақшыларды) анықтап оларды көтермелеу үшін қажет болған, үшіншіден, сыналған садақшылардан арнайы топ жасап соғыс кезінде күштік құрылым ретінде пайдаланған. Осы негіздерге қарағанда, Жамбы атудың мәні: жауынгерлердің шеберлігін дамытамын ойын түрі екені даусыз.

Сонымен шығарма негізінде екі тілдегі тілдік деректерді салыстыра келе, көріп отырғанымыздай, белгілі бір ұлтқа тән сөздерді аударудың ең өнімді, ұтымды тәсілдердің бірі – транслитерация және сипаттама аударма болып табылады.

Ұлт-тіл-мәдениет бір-бірімен тығыз байланыстағы ұғымдар. Қай ұлттың болмасын өзіндік этномәдениеті қашанда тілінде таңбалаанады. Сондықтан да әрбір халықтың интеллектуалды ерекшелігін оның өз тілінен іздеу керек. Этностың бар байлығы тіл. Демек, этностың мәдени құндылықтарының аталымы, жылдар бойы қалыптасқан ұрпақтан ұрпаққа тек қана тілі арқылы таныла түседі. Бұл ретте, этностың тұрмыс-тіршілігін, қазіргі болмысы мен тарихын, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көрінісін бейнелейтін этномәдени сөздердің аударылуын зерттеу өте маңызы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Күркебаев К.Қ. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -190 б.
2. Есенберлин І. «Көшпенділер» тарихи трилогия\ Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2008. – 654б.
3. Есенберлин И. «Кочевники» историческая трилогия\Алма-Ата: «Жазушы», 1986.
4. М. Қашқари Түрік сөздігі. - Алматы: Хант, 1997. -375б.
5. Шойбеков Р.Н. Кейбір түр-түс атауларының мағыналары// Қазақ ССР ҒА. Хабарлары. Филология сериясы,1990.
6. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр (Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері). 6-том. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. -505 б.
7. Қарағұлова Б. Қазақ ескіліктерінің тілдегі көрінісі. – Ақтөбе, 2004. -114 б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. -968 б.
9. Ожегов русского языка. М.: ОНИКС, 2005. – стр. 1198 С.И. Словарь

Клунная Валерия Олеговна

магистр гуманитарных наук, преподаватель кафедры иностранной филологии и переводческого дела,
Карагандинский Государственный Университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда,
kolya_lera@mail.ru

Тажикеева Акерке Шокетаевна

PhD, доцент кафедры иностранной филологии и переводческого дела, Карагандинский
Государственный Университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, gemmy24@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕДАЧИ ИДИОСТИЛЯ ПИСАТЕЛЯ ДЭВИДА МИТЧЕЛЛА

***Түйін:** Бұл мақалада жазушының жеке стилі қарастырылады. Фантастика стилі тілі мен сөйлеу стилінен айырмашылығы бар, ол тар, бірақ кем емес зерттеу саласы болып табылады. Жазушының стилі оның дүниетанымымен, рухани және шығармашылық даралығымен тығыз байланысты. Идиостилдің мәні мен рөлі анықталды. Жұмыстарды талдаудың ықтимал жолдары анықталды, бұл жарияланымдарда бұл санаттарға үнемі қызығушылық тудырады.*

***Резюме:** В данной статье рассмотрены индивидуальный стиль писателя. Стиль художественной литературы по своей природе отличается от стилей языка и речи, являясь более узкой, но не менее интересной областью изучения. Стиль писателя неразрывно связан с его мировоззрением, духовной и творческой индивидуальностью. Раскрываются сущность и роль идиостиля. Были выявлены возможные пути анализа произведений, что обуславливает неизменный интерес к данным категориям в выходящих в свет публикациях.*

***Summary:** This article examines the individual style of the writer. The style of fiction is inherently different from the styles of language and speech, being a narrower but no less interesting area of study. The style of the writer is inextricably linked with his worldview, spiritual and creative individuality. The essence and role of idiostyle is revealed. Possible ways of analyzing works have been identified, which causes constant interest in these categories in publications that are published.*

Идиостиль писателя (греч. *idios* «своеобразный, особый» и лат. *stilus, stylus* «манера письма») – это коммуникативно-когнитивное пространство языковой личности, создающей художественный дискурс, освоенный ее идиолектом потенциал языка художественной литературы, язык варианта художественного текста, лингвотипологический вариант художественного текста своего времени, моделируемый объект лингвотипологии художественного текста. Таким образом, лингвотипологическими критериями идиостиля писателя являются следующие: 1) язык идиостиля писателя имеет лингвотипологическую природу, поскольку разделяет с другими идиостильями писателей художественный дискурс эпохи; 2) идиостиль писателя осваивает потенциал современного ему языка художественной литературы; 3) язык идиостиля писателя является носителем единообразного варианта, лингвотипологические основания которого присущи художественному тексту своего времени.

Индивидуальный стиль или идиостиль – это стиль писателя, в который включаются не только речевая сторона его произведений, но и тематика, проблематика, особенности мира произведений и т.п. На практике данный термин используется применительно к художественным произведениям (как прозаическим, так и поэтическим); применительно к текстам, не относящимся к изящной словесности, в последнее десятилетие стал использоваться отчасти близкий, но далеко не тождественный термин «дискурс» в одном из его пониманий [1, стр. 42].

Стиль художественной литературы по своей природе отличается от стилей языка и речи, являясь более узкой, но не менее интересной областью изучения. Стиль писателя неразрывно связан с его мировоззрением, духовной и творческой индивидуальностью. Произведения Дэвида Митчелла в силу индивидуальных особенностей жанра содержат сконструированный мир и изобилует его реалиями прошлого, наряду с реалиями современного мира и научно-технического прогресса и представляют собой новое течение в литературе. Своеобразие «Облачного Атласа» состоит в том, что в этой книге причудливо переплетаются жанры детектива, фэнтези и т.д. Написана она ярким и увлекательным языком, в котором много авторских неологизмов. Изучение языка писателя привлекает внимание многочисленных исследователей тем, что позволяет раскрыть и описать своеобразные лингвистические приемы, создающие неповторимый авторский стиль и свидетельствующие об оригинальности и мастерстве писателя. Изучение идиостиля писателя неразрывно связано с изучением языка художественной литературы.

Обращение к языку произведений Дэвида Митчелла требует ясного и четкого представления о самом понятии идиостиля. Данный термин не является общепринятым в лингвистической литературе и используется наряду с термином идиолект. Многие исследователи расходятся в понимании терминов идиостиль и идиолект. Одни ученые полагают, что идиолект и идиостиль являются понятиями неразрывными. Другие считают идиолект базой для идиостиля писателя, который, в свою очередь, понимается как индивидуальный стиль речи. Третьи противопоставляют идиолект, или норму общенародного языка, идиостилю, или индивидуальному стилю писателя.

Мы исходим из понимания идиостиля писателя как носителя черт авторского мироощущения, присущего всем художественным текстам одного автора. Говоря об идиостиле Д. Митчелла, следует отметить, что о нем написано недостаточно. В ходе анализа отмечается широкое использование различных языковых средств, которые придают роману «особую художественную значимость и колорит», указывая также, что языку романа «Облачный Атлас» характерна повышенная эмоциональность разговорной речи. Эмоциональность и экспрессивность в романе достигается в первую очередь посредством прилагательных, и это неудивительно, так как и в других художественных текстах в большинстве случаев именно прилагательные являются носителем оценочной информации. Мы рассматриваем способность оппозиции «свой – чужой» формировать оценочность в художественном тексте на материале романа «Облачный Атлас» в оригинале и его переводов. Подчеркнем, что в оппозиции «свой – чужой», представляющей собой антонимическую пару, один из членов, как правило, наделен отрицательной оценкой, а другой – положительной. Поскольку человеку присуще воспринимать «свое» как естественное, близкое, правильное, а «чужое» – как неестественное, неправильное, то при маркировании того или иного объекта как «своего» или «чужого» основой оценочной модели является модель «свой значит хороший, чужой значит плохой [2, стр. 54].

Примечательно исполнение идеи: 6 прожитых жизней рассказаны по принципу матрешки, когда последовательно изложено 6 начал, а затем, по убывающей, – 6 окончаний. Таким образом, роман, проведя читателя по целой цепочке повторений, и сам возвращается на исходную, подчеркивая цикличность всего происходящего. Вовлечения в историю добавляет еще и правильно выбранная и обыгранная фокальная точка зрения персонажа: все истории рассказаны от имени описанных людей в форме дневника, писем другу, рукописи, фильма, интервью и устного пересказа младшим поколениям. Это дает возможность почувствовать себя непосредственно в контакте с персонажами и нащупать под слоями наложенных эпохами особенностей одну и ту же душу, о которой и идет речь. «Облачный атлас» как не множество судеб сплетенных воедино рукою провидения.

Важнейшее выразительное средство Митчелла в «Атласе» – видеоизмененный язык, который позволяет полностью погрузиться в отражения мира, обрисованные в шести историях. Язык Тимоти Кавендиша: пышный, цветастый, забитый метафорами и глубокомысленными сентенциями собственного сочинения. Язык Сонми-451: логический, выверенный, академический, прохладный, безжалостно, почти анатомически правдивый. Язык Адама Юинга: мягкий, пластичный, текучий, прозрачный и теплый, рефлексированный, словно погруженный в самое себя. Язык Луизы Рей: напористый, почти детективный, ритмичный, нетерпеливый. Язык Роберта Фробишера: эмоциональный, болезненный, чувственный, богатый эпитетами, переполненный описаниями и непрямым цитированием. Язык Захри: архаичный, образный, певучий, с использованием постоянных повторов-усиления, подчеркнутый акцентом

Сложнее перевод оригинальной авторской образности. Достаточно часто дословный перевод невозможен и требуется замена. Каждый такой случай приводит к окказиональным образованиям, предполагающим индивидуальный, творческий подход. Перед нами шесть историй написанных в разных литературных традициях. Начиная от исторического романа через интеллектуальный роман, к американскому детективу в современную романистику, киберпанк и наконец, некое хитрое смешение жанров на грани фантастики и библейской притчи. И все это затянуто невероятно тугим узлом взаимосвязей, которые практически никогда не выходят на поверхность, загадок на которые предлагается ответить каждому собственноручно и облачным атласом, вынесенным в название. Причем, каждая отдельная часть достойна действительно качественного произведения любого другого автора выбранной эпохи. Но Митчелл идет даже дальше стилизации, добавляя определенный градус восприятия каждого героя героем следующего сюжета. То есть, прочитав что-то и осмыслив, мы получаем еще и осмысление еще одного персонажа, уже с других позиций и восприятия и так вплоть до того момента, когда неожиданно конструкция казавшаяся матрешкой не превратится в ленту Мёбиуса.

И постоянно Митчелл отторгает от текста самого себя, чтобы ни на секунду не затуманить происходящие оттенком своего авторского восприятия. Возможно, именно это удастся ему хуже всего, и именно этот аспект можно назвать единственным минусом романа. Но минус этот полностью нивелируется за счет того насколько мощно этот британский практически гений выбирает нужные стили повествования. Здесь и дневник, и мемуары и интервью, и переписка, и журналистская статья и даже рассказ у костра. И не поверить в происходящее не возможно. И не испытать долю разочарования когда повествование по воле хитрой структуры, как серия фильма прерывается на самом интересном месте невозможно. С той только разницей, что начав смотреть, кажется уже другой сериал, втягиваешься в него еще сильнее. И так все 800 страниц, чтобы на последней не испытать не малейшего укола разочарования. Не малейшего желания чтобы это продолжалось еще или ощущение что все закончилось раньше, чем надо или не так как надо. Лента Мёбиуса. Ну, или «Облачный атлас» пусть он и может быть всего лишь облаками, летящими по небу или загадочной мелодией, которую вы откуда-то знаете

Именно идиостилевая сторона языковой игры представляет наибольший интерес в плане нашего исследования, поскольку философские ее моменты, а также аспекты культурологического плана исследованы достаточно разносторонне. Лингвокультурология должна больше внимания уделять языковой форме фреймирования концептосферы, фиксации в речевых моделях культурных констант, и в этом плане употребление представляется нам весьма показательным. Языковая личность, раскрывающаяся в идиостиле благодаря таким речевым номинативным формам, как фразовая номинация, и реализующая свои мета прагматические установки, в итоге приходит к открытию для себя и для читателя того, что называют текстом. Текст открывается автору в той же степени, в какой автор раскрывает и открывает себя в тексте. Ожидание и радость этого открытия - стимул нашего вхождения в текстовое пространство и постижения его дискурсного потенциала. Мета прагматические свойства позволяют этому средству фиксировать существование, параллельной по отношению к стандартной и отражающей нарушение норм в ассоциативно-вербальной сети. В нашем восприятии художественного текста это явление ожидаемо, особенно если речь идет об употреблении фразовой номинации [3, стр. 26].

Энергетика текста и регулируется, на наш взгляд, соотношением хаотичности и организованности. Притяжение текста – это притяжение индивидуальности языковой личности автора, когда мы ожидаем контакта со знаком, предчувствуем его, проецируем возможные варианты, предвидим имманентность и перманентность его свойств, подтверждаем предначертанность его позиции в семиосфере и его столкновение со своим концептом в концептосфере, ощущаем множественность и полифоничность отражающейся в его внутренней форме интертекстуальности, наслаждаемся возможностью эстетической разрядки (катарсис), печалимся фактом несоответствия формы фразовой номинации (ФН) обозначаемому ею факту в авторской интерпретации и т.д. Дискурс как акт и пространство семиозиса реализует потенциал текста, энергия которого индивидуально маркирована в художественном пространстве и особенно в тех его знаковых проявлениях, которые, подобно фразовой номинации, мета прагматичны. Таким образом, наши исследования показывают, что фразовая номинация, рассматриваемая в современной теории в качестве производного номинационно-синтаксического семиозиса, существенным образом способствует личностному проявлению говорящего, что, в свою очередь, определяет идиостилевую маркировку автора художественного текста как языковую личность.

С каждой следующей новеллой меняются не только хронологические рамки, но и жанр и стиль: в «Облачном Атласе» истории принимают форму дневника, писем, детектива, антиутопии и постапокалипсиса. Несмотря на несколько сюжетных линий, повествование логично, размерено и не путано. Каждая из 6 реалий тщательно прописана. Роман буквально наполнен символами – от имён героев до географических аллюзий. Однако российский читатель вряд ли заметит эти образы – культурный код всё-таки не совпадает. Каждый из 6 сюжетов можно смело назвать захватывающим, а литературный стиль Митчелла – неповторимым и ярким. Он сочетает в себе элементы приключенческой прозы, детектива, мистики, фантастики и даже юмористического жанра. «Облачный атлас» также содержит в себе восточные религиозные и философские течения вроде буддизма и индуизма. Этот роман как нельзя лучше иллюстрирует закон кармы в действии [4, стр. 72].

Стиль Митчелла очень похож на тот стиль, которого старался придерживаться ранний Владимир Набоков: на читателя давит груз фактов, чаще всего никак не относящихся к читаемой книге. Отчего подобен «Облачный атлас» «Дару». Если одну идею заменить на другую, то ничего не поменяется – читатель по прежнему игнорирует сноски, не испытывая острой необходимости знакомиться со

списком работ Прокофьева или Сибелиуса, хотя, если он сделает усилие, легко найдёт дополнительную информацию в сторонних источниках, обнаружив ряд несоответствий и пропуск важных для творчества композиторов произведений. Интеллектуальность не означает наличие большого багажа знаний, для неё важнее, когда информация используется по назначению. Автор не обязан быть истиной в последней инстанции, поэтому, когда его корейские персонажи меняют фамилию после замужества, читатель обязательно верит написанному, но, на самом деле, корейские женщины не берут фамилию мужа.

Корабль повествования Митчелла чаще идёт против ветра, вследствие чего за борт падают читатели, поедаемые акулами, что под видом прикормленного отряда двигаются следом за ним. Книге не хватает доходчивого изложения: в действиях героев нет связи с реальностью – они сами по себе, живут вне системы, исповедуют свои личные ценности, не взаимосвязанные с чем-то конкретным. Рассказывая шестую историю, Митчелл решает увязать воедино ещё пять историй, написанные ранее, мотивируя это загадочными свойствами души, путешествующей подобно облакам, меняя одну сущность на другую без вреда для себя. Проследить жизненные нити в разных историях не следует, согласно обозначенной логике потери предыдущей сущности в следующем воплощении. Персонаж может быть бесконечно добрым и миролюбивым – это не уберёжет его от кардинальной смены модели мировосприятия, из-за чего затрудняется идентификация. Достаточно того, что человек всегда похож на своих родителей, его поступки во многом похожи на дела предков; и если душа действительно есть, то она становится только переносчиком субстанции жизни, дающей телу способность двигаться и дышать. У Митчелла всё увязывается благодаря меткам на теле, отчего ничего кроме мистического вывода сделать нельзя.

«Облачный атлас» – это взгляд Митчелла на прошлое, настоящее и возможное будущее. Только после шестой истории получает возможность найти связывающие персонажей элементы, также после этой истории полностью улетучивается интеллектуальность, переводя повествование в попытки героев осознать происходящее вокруг, выискивая закономерности. Хотел ли Митчелл донести до читателя какую-нибудь суть, кроме предсказания победы капиталистов над пролетариатом и обязательной деградации общества в последующем. Внушительная часть книги отводится пятой истории, где в Корее будущего на фабриках будут делать клонов, чья судьба незавидна, а искреннее желание человека иметь при себе рабов вновь осуществилось. Есть ли у клона душа и куда делась религия – вот об этом в первую очередь задумается читатель, наблюдая за разворачивающимися событиями, где всё будет в духе «1984» Оруэлла, а исполнение на уровне «Мы» Замятина. В лучших традициях литературного искусства, адепты которого утверждают, что всё уже написано и ничего нового не появится, Митчелл переиначивает произведения других авторов, наполняя их своими мыслями. Не стоит вспоминать историю об одном американце, в конце XIX века озадачившего мир утверждением, что всё уже изобретено. Читателю «Облачный атлас» предлагается именно в таком виде. И если одна история позволяет чётко определить первоисточники, откуда автор черпал вдохновение, то при должной начитанности это можно проделать и с другими историями [5, стр. 13].

В пятой истории появляются первые предпосылки к объяснению всего через возможность системы перерождений. Индийцам хорошо послужила эта философия, поскольку позволила контролировать население, обязанное находиться на тех позициях, на которые их обрекли прошлые жизни. Брахманы и военные довольны, а другим осталось только им прислуживать. Митчелл едва не оговорился, представив читателю Будду под видом бога, вовремя взяв слова обратно; жизнью Будды следует восхищаться и поступать сообразно его поступкам. Сам Будда, как известно, не перерождался, уйдя в нирвану после достижения просвещения. Этого могут достичь и персонажи «Облачного атласа», если проживут жизнь достойно, не чиня насилия и становясь примером для других. Однако, также хорошо известно, что Будда являлся аватарой одного из божеств Тримурти – это в «Облачном атласе» не прослеживается. Если постараться расширить повествование, то из книги Митчелла мог получиться отличный философский трактат, но читатель совершенно лишён религиозных моментов при оставшемся настойчивом утверждении о возможности перерождаться. На примере клонов из пятой истории, Митчелл наглядно показывает повторяемость событий, о которых человек забывает под воздействием определённых сил. Митчелл даёт веру в рай через определённый срок при должном выполнении инструкций, что соответствует представлениям людей, воспитанных в системе ценностей христианства. Но практически сразу Митчелл начинает убеждать читателя в утопичности идеи, где в жестоком мире никто никому никогда не даст возможность достойно завершить жизненный путь, продолжая эксплуатировать ещё точно такой же срок, покуда прожитые дни не будут навсегда забыты [6, стр.157].

В плане индивидуальности творчество Митчелла можно назвать самобытным, как и его созданные миры в произведении, его можно сравнить с неограниченным алмазом, пока еще не совсем понятным нашему читателю, но явно в будущем, предполагающим пустить глубокие корни в сердца и души читателей. Проведенное в работе исследование позволило выделить в творчестве Дэвида Митчелла ряд стиливых особенностей: автор делает существенный акцент на материальную сторону человеческой сущности; писатель обладает довольно своеобразным стилем письма: строки и предложения в романе подчиняются неведомому нам ритму; описывая героя, он не пытается заострить внимание на его биографии, не старается раскрыть внутренний мир героя, не показывает сложившуюся ситуацию в этот период, а как бы оставляет нам место для полета фантазии и для первоначального ознакомления и оценки ситуации и героя, он больше практикуется на сухой констатации фактов; в этих характерных предложениях-абзацах автор демонстрирует легкий, ненавязчивый, очень "поверхностный" стиль изложения; весьма нехарактерный для литературы стиль изложения. Дэвида Митчелла делает выводы короткими предложениями-абзацами и создается такое впечатление, что автор дает нам время обдумать прочитанное, задуматься, понять весомость, значимость каждого слова, прочувствовать особую атмосферу романа; начало каждой следующей главы, словно эхом, повторяет окончание предыдущей; быстрый ход времени и отрывочные фразы. Он словно подражает лаконичному, лишённому ярких образов, бесшумному повествованию японских мастеров. Своеобразное трехстишие, так часто встречающееся в произведении, можно также сравнить с японским хайку. Этот образ хайку дополняют маленькие главы, и то, что одно предложение у Митчелла во многих ситуациях сравнимо с абзацем. Также в романе можно проследить неспешный, даже можно сказать безвременной, характер повествования. Остро скользящий в произведении мотив отчаяния. Нельзя оставить без внимания и мастерство писателя, как психолога, как уже оговаривалось выше он не дает нам ни подробного описания периода сложившейся ситуации, ограничиваясь по большей части, короткими «война», «невозможность» и т.д., не показывает нам, как таковые, внутренние терзания, переживания героя при расставании с женой при отъезде, при встрече с загадочной японской душой, ни подробно биографию героя, а он дает нам картинку в общем, больше акцентируя свое внимание на описании внешности, обстановки, поведения.

Список литературы:

1. Григорьев В.П. Грамматика идиостиля: В. Хлебников. – М., 1983. – 225 с.
2. Владимирова Н.Г. Передача индивидуального стиля автора при переводе. Лексико-грамматические вопросы теории перевода в вузе: Межвуз. Сб. научных тр. – Л.: ЛГПИ, 1984. – 154 с.
3. Савельева В.В. Художественный текст и художественный мир: соотношенность и организация. – Алматы, 2002. – 32 с.
4. Виноградов В.В. Проблема авторства и теория стилей. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1961. – 616 с.
5. Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.: Высш. Школа, 1971. – 240 с.
6. Салимова Ф. О некоторых стилистических особенностях перевода художественного текста. Лингвостилистические особенности функциональных жанров. Переводческий аспект. Сб. научных трудов. – Ташкент: ТашГУ, 1986. – 243 с.

Қобланова А.Ж

Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақ тілі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты**ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ТІЛДІК
ЖӘНЕ МӘДЕНИ КОДПЕН БАЙЛАНЫСЫ**

Түйін. Мақалада қазақ тіліндегі лексика-фразеологиялық бірліктердің тілдік және мәдени семантикалық өрістегі қолданыс ерекшеліктерін айқындау лингвортологиялық тұрғыдан өзекті мәселелердің бірі екені айтылады. Әсіресе, лексика-фразеологиялық бірліктердің мәдени кодпен байланысты қырларын дұрыс анықтап көрсету болашақ филологтардың таза лингвистикалық қана емес, ұлттың дәстүрлі мәдениеті жайындағы танымымен тереңдете түседі

Тіл ортологиясымен байланысты лексика-фразеологиялық бірліктердің бір-бірімен байланысты екі семантикалық өрісін, яғни тілдік семантикалық өрісте жұмсалуды мен мәдени семантикалық өрісте қолданылу ерекшелігін ажырата білудің оқу-әдістемелік құралдарда, әдістемелік тәжірибеде маңызы ерекше. Осы кезге дейін әдістемелік құралдар мен әдістемелік тәжірибеде көбіне сөздің, сөз тұлғаларының таза тілдік семантикалық өрісте жұмсалудына көңіл бөлініп, ал олардың мәдени семантикалық өрісте қолданылуы назардан тыс қалып келді. Осымен байланысты біз лексика-фразеологиялық бірліктердің 1) тілдік семантикалық өрісі және 2) мәдени семантикалық өрісін ажырата қарастырдық. Біріншісі тілдік кодпен байланысты болса, екіншісі дәстүрлі мәдени кодпен байланысты.

Тірек сөздер: лингвортология, лексика-фразеологиялық бірліктер, мәдени код, мәдени семантикалық өріс, тілдік өріс, дефис, тире, ортологиялық құралдар, тілдік семантика, мәдени семантика.

Тілдік семантикалық өріс. Ортологиялық танымның тілдік кодпен байланыстылығын тұжырымдай айтқанда, тілдік семантикалық өрісте мағыналық бірліктердің тілдік санадағы мазмұнын жақсы білу, орынды қолдана білу жатады. Сондай-ақ тілдік бірліктердің құрылымына жататын дыбыс, морфема, синтаксистік бірліктерді тілдік нормаға, әдеби нормаға сәйкес қолдану ортологиялық танымның алғы шарттарының негізгісі есепті саналады. Тілдік метафора, тілдік метонимия, символ, стереотип құбылыстарын тани білу, оларды орынды жұмсай алу тілдік кодты жеткілікті деңгейде білуді қажет етеді.

Тілдік бірліктердің варианттылығы тіл ортологиясындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, «ескі» мен «жаңаның» арақатысын білу; «ескінің» уақытша екені, яғни «жаңа» қолданыс орныққанша қатарласа жүретіні, ғылыми зерттеулерде айтылғандай, бірте-бірте «ескінің» орнын жаңа басатыны туралы түсінік тілдік білім аясына жатады. Мысалы, *бара тұрған > бара тұғын* жарыспалары *баратын* болып орнығып, нормаға айналды. Кей сәтте ескі мен жаңа қатарласа келіп, мағына бөлісу арқылы тұрақталып қалады. Оған мысал беріліп жүр: *әуе, ауа* атаулары әуелде лексикалық вариант болғанмен, кейіннен оқу құралдарында айтылғандай, «мағына бөлісу» арқылы екеуі екі басқа мағыналық бірлікке айналғаны мәлім. Осы тәрізді қазіргі тіліміздегі *уақиға* мен *оқиға* атаулары мағыналық жақтан *тарихи уақиға, жол оқиғасы* деп сараланған.

Дұрыстықтың, бір өлшемі – тілдік білім аясы. Тілдік білім аясына вариант сыңарлардың таралу жиілігін, шегін аңғарумен де байланысты тіл иелмені бұндайда жиі қолданылатын нұсқаны дұрыстықтың өлшемі ретінде алады. Мысалы, *недәуір* қолдану жиілігі төмен болса, *едәуір* жұмсалуды жиілігі оған қарағанда жоғарырақ.

Олай болса, бұл факт лингвист-нормалаушыға оны норма ретінде заңдастыруға, ал тілдік тұлғаның (тіл иелменінің) оны «дұрыс» деп бағалауына негіз болады.

Қазіргі сөз қолданыс тәжірибесінде сөздің грамматикалық формалары мен сөзжасамдық форманттардың қайсыбір ерекшеліктеріне жете мәнбермеушілік байқалып отырады. Мысалы, *гарыш айлағы, мұз айдыны, нан дүкені, кеме жолы, ақша айырбастау* тәрізді тіркесті сөздер қызметі жағынан сөзжасамдық, формасы жағынан ғана грамматикалық болып саналады. Форма мен мағынасы жағынан, яғни тұрпат межесі мен мазмұн межесі жағынан екі басқа тілдік бірліктер деуге болады. Біздің байқауымызша, бұндай сөзжасамдық формаларды диффузиялы (шашыраңқы) түрде емес, компактті (жинақы) түрде беруге болады. Бұндағы *айлағы, айдыны, дүкені, жолы, айырбастау* дегендер – грамматикалық формалар. Осындағы грамматикалық формаларды редуциялап, сөзжасамдық тұлғаға айналдыруға әбден-ақ болады. Мысалы: *гарышайлақ, мұзайдын, нандүкен, әуежол, ақшаайырбас* деп біріккен сөз түрінде беру әлдеқайда талапқа сай келеді. Грамматикалық формаларды редуциялау сөзжасамның бір тәсілі болып, тілдік бірліктердің сөзжасамдық әлеуетін

арттыра түсер еді. Халық тілінде әуелде бар үлгіні (*теміржол, шойынжол, арбажол* т.б.) жандандырып отыру ортологиялық талапқа лайық болып саналады.

Қазіргі жазба тілдік тәжірибеде, әсіресе, әлеуметтік желіде тыныс белгімен байланысты алақұлалық көбейе бастағаны мәлім. Осы ретте PhD докторант Г.А.Амангелдиеваның вертуалды коммуникация кеңістігіндегі графикалық, орфографиялық қателердің типтерін айқындап көрсеткен мақаласын атап айтуға болады. [1,3-6]. Бұл жайында жазба мәдениеттің қазіргі ахуалымен байланысты БАҚ-та қоғамдық пікір қозғалмай жүрген жоқ. Атап айтқанда, дефис пен тиреге байланысты қателер баста дабыл қағарлық еді, келе-келе елеусіздеу көріне бастады. Бұл, яғни ортологиялық танымның көмескі көрінуінің айғағы есепті. Бұндай теріс фактілер, әрине, қазақ тіл білімінде ортологиялық құралдардың жоқтығы салдарынан да емес. Ондай ортологиялық құралдар – анықтағыштар бар. Мәселе, баспа орындары мен мерзімді басылымдар редакциясында редактор, корректор тәрізді мамандандырылған қызметкерлердің жоқтығынан, дәлірек айтқанда, тәжірибелі мамандардың еңбек рыногынан шеттелуімен байланысты. Ал ондай мамандарды ұстап отырған «Мектеп», «Арыс», «Атамұра» тәрізді бірер баспа өнімі бұл жағынан біршама тәуірлеу.

Тіліміздің ортологиялық құралдарында дефистің, тиренің қандай орындарда қойылатыны жөнінде арнайы ереже бар. Баспа орындары, қалам ұстаған өзге де жұртшылық осы ережелерді басшылыққа алады. Қазақ тілінің тыныс белгілері мен емле-ережелері академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» [2] деген кітабында жүйеленіп, рет-ретімен берілген. Аталмыш Анықтағышта дефис арқылы жазылатын сөздердің 16 түрі, ал тире белгісінің 24 орында қойылатыны мысалдармен көрсетілген.

Орхон – Енисей тәрізді құрама атаулар тиремен емес, дефиспен жазылады. Мұндағы дефис «және» сөзінің орында жұмсалып тұр. Бұл құрама атауды «*Орхон және Енисей*» жазба ескерткіштері деп жаймалап та қолдануға болады, дефис көбіне қос сөздерде қойылады. Ал *Астана-Алматы* жүрдек пойызы деген құрама атау тиремен жазылады. Мұндағы тире (*Алматы*) – **дан** (*Астана*) – **ға** қосымшаларының мәнін білдіреді (*Алматыдан Астанаға қатынайтын жүрдек пойыз*).

Соңғы кезде, оқырмандардың өздері *Қожахмет, Мырзалы, Қасымжомарт* деген кісі есімдері *Қожа-Ахмет, Мырза-Әли, Қасым-Жомарт* түрінде дефиспен жазып жүр. Шынында, *Қожахмет, Мырзалы, Қасымжомарт* деген есімдер бір екпінге бағынып, бірігу тәртібімен жасалған сөздер. Мұндай біріккен сөздерді қосақтап, жеке-жеке екпін түсіріп айту және жазу қазақ тілінің дәстүрлі лингвомәдени өрісінде жоқ, басқа бір мәдениетке, тілге еліктеу тәрізді көрінеді. Осылай жазу керек деп заңдастырылған (кодификацияланған) ереже де жоқ.

Мәдени семантикалық өріс. Дұрыстық туралы ортологиялық танымның бір өлшемі - тілдік тұлғаның мәдени тілдік білім аясымен байланысты. Аялық білім – мәдени-семантикалық қабаттағы кодқа салынған ақпараттарды дұрыс ашуға негіз болатын қажетті шарттардың бірі.

Бұл жерде оқырмандардың оралман терминімен байланысты БАҚ-та айтқан ой-аңғарынан мәдени-семантикалық кодты бірегей түсінбеушілігін байқауға болады. Әсіресе, оралмандар «*біз оралман емеспіз*» деп, бұл атаудың мағынасын өздерін «*шеттету*», «*бөтенсіту*» деп те жаңсақ түсінгендей болды. Бұл жайында ғалым Н. Уәлидің аталмыш терминнің мазмұнын тарихи-мәдени ақпарат арқылы ашқан пайымдауын атап айтуға болады:

«Қазақстан Республикасының көші-қон туралы заңында халықаралық репатриант термині емес, төлтума оралман неологизмі термин ретінде қабылданды. Бұлай болуы, түптеп келгенде, мәдени-тарихи кодпен байланысты еді. Ресейдегі Октябрь революциясы және одан іле-шала қуғын-сүргінге ұшырағандықтан бірқатары жаппай эмиграцияға кетуге мәжбүр болғаны мәлім. Әуелде саяси қуғын-сүргін көрмей-ақ, өз еркімен эмиграцияға кеткен әлдекімдер тарихи отанына қайта келіп, репатриант атанатындары бар. Ал оралмандардың статусы олардан бөлек. Көші-қон заңы оралмандарды елге көшіріп, тарихи Отанында тұрақтандыру, оған бөлінетін қаржыны қуғын-сүргін қандастардың игілігіне пайдалануға жол ашты. Қазақ елінің тәуелсіздік алуымен байланысты олар, олардың ұрпақтары тарихи Отанына көшіп келе бастады. Бұлар жай ғана репатриант статусындағылар емес еді. Жаппай саяси қуғын-сүргін көріп, қиыншылыққа ұшырап, тарихи-Отанын көксеумен көз жұмғандардың ұрпағы болатын. Міне, ұлт басына төнген осындай тарихтағы зобалаң қиындықтарды бастан кешіргендері ескеріліп, олар Қазақстан Республикасының заңында оралмандар деп арнайы аталып, азаматтық алғашқы саяси-құқықтық мәртебе, әлеуметтік жеңілдік берілді. Оралман терминінің тілдік емес мазмұны осындай тарихи-мәдени кодпен байланысты. Оралман терминінің мазмұнындағы кодқа салынған мәдени-тарихи ақпараттарды дұрыс ашау субъективті баға беруге әкеп саяды» [3].

Қазіргі мәдени-семантикалық өрісте кейбір ғұрыптық салтпен байланысты атауларды дұрыс қолданбаушылық байқалып қалады. Мысалы, сөз қолданыста *көңілшай* мен *шүкіршай* мағыналас

атаулар ретінде қолданылғанын кездестірдік. Шындығында, *көңілішайдың* да, *шүкіршайдың* да қазақы дастарқан ғұрпымен байланысты екені белгілі. Бірақ *көңілішай* «жанашыр жақыны қайтыс болған жанның көңілін аулап, сыйлас, аралас-құралас, көңілжетер адамдардың жаятын дастарқаны болса, *шүкіршай* мүшел жастан аман-есен өткеніне шүкіршілік жасап берілетін шай». *Шүкіршілік шайы* мәдени өрісте дөңгелек жасты (40, 50, 60, 70 т.б.) атап өту салтымен байланысты қазіргі кезде басқаша мәдени, мағыналық сипатқа ие болды. Ал қазіргі кезде «дөңгелек» жастың дастарқанын *мүшел той* деп атау дағдыға айналды. Бірақ бұл қолданыс тілдік жағынан «бұрыс» болса да дағды бойынша нормаға айналды [4].

Әдеби тілдің басқа да функционалды салаларына қарағанда, оперативті сипатымен байланысты визуалды-тілдік жарнамаларда, БАҚ-та небір сөз қолданыс анағұрлым тез және кеңінен тарайды. Олардың оң-терісін анықтау бір ғана лексикалық аяда шешілмейді. Тілдік әрі мәдени өрістегі семантикасын айқындау арқылы оларға ортологиялық тұрғыдан «дұрыс» не болмаса «бұрыс» деп баға беруге болады.

Кейінгі жылдарда жарнамаларда, БАҚ-та *салауатты өмір салты* деген тұрақты тіркес жиі қолданылатын болды, сондай-ақ, *салауатты тамақтаныңыз* деген тіркес пайда болды. Бұндай қолданыстарды сөз мағынасының мазмұнында кодқа салынған тілдік (лексикалық) ақпараттар мен тілдік емес ақпараттарды салыстыра отырып ашу арқылы ортологиялық тұрғыдан баға беруге болады, өйткені ортологиялық таным тілдік және мәдени кодпен байланысты болып келеді.

Тұрақты тіркестердің бұндай түрлерінің мағыналары мен мән-мазмұны мәдени-тілдік бірліктің семантикалық ерекшеліктері арқылы айқындалады. Қазақтың тұңғыш этнографиялық энциклопедиясында *салауат* атауының араб тілінде «дұға», «кешірім» ұғымын білдіретіні көрсетіліп, бұл ұғымның этномәдени және тілдік семантикасына былай деп талдау жасалған:

«Пайғамбарға салауат айту»– Мұхаммед пайғамбардың атын айтқанда, естігенде, жазғанда «Саллаллаһу ғалайһиссалам («оган Алланың игілік берекеті мен сәлемі болсын») деп мұсылман үмбетінің Пайғамбар үшін Алладан берекет-игілік, рақым, тілеу. Салауат айту, сондай-ақ Мұхаммед Пайғамбардың мерейін үстем етіп, дәрежесін көтеру үшін Алла Тағаланың оган игілікті сәлем жолдауы; періштелердің ізгі дұға оқып, кешірім тілеп жалбарынуы; мұсылман үмбетінің расул Алла үшін Алладан берекет, рақым тілеуі деген ұғымдарды да қамтиды»[5, 5-том,-840.].

Сондай-ақ өткенге *салауат* фразеологизмінің этномәдени мазмұны мына түрде ашылып көрсетілген:

«Салауат/өткенге салауат»– қайта-қайта өрши берген ескі дауды тоқтатуға байланысты айтылатын құқықтың ережелердің бірі. Салауат атауы араб тілінде «дұға», «кешірім» деген мағыналарды білдіреді. Құрбанғали Халид өзінің әйгілі «Тауарих хамса» кітабында пәлен жылғы дау-жанжал шешуі қиын мәселеге тірелгенде оны енді қозғамау мақсатымен **өткен іске салауат** деп тоқтау салатынын жазған. Өткенге салауат айту тәртібі бойынша, өрши берген даудың жолын кесу үшін белгілі бір беделді бидің ұсынысы мен дау-дамайды тоқтатып, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың құрметіне салауат айтылып, дұға оқылады. Дін мұсылманышылықта Салауат айтылып, дұға оқылған соң, дауды қайта қозғаған адамның күнәсі ауыр деп есептеледі. Өйткені Салауат айту сауапты іс – игілікті сәлем, ізгі дұға, кешірім сұрау, Алладан берекет, рақым тілеу»[6, 5-том,-840.].

Сонымен бірге аталмыш энциклопедияда «Қазіргі сөз қолданыста *өткенге салауат* деген тіркесті сөздің құқықтық мазмұнда (семантикада) емес, болған іске, өткен іске кешірім, арада өкпе-реніш жоқ деген этикалық мәнде қолданылатыны атап көрсетілген.

Сондай-ақ лұғаттық мақала авторы *салауатты адам* деген тіркесті сөздің «байсалды, көңіліне өкпе-реніш, кек сақтамайтын деген этикалық-бағалауыштық мәнге жұмсалатынын айқындап берген.

Міне, бұдан жарнама тілінде «*салауат*» атауының дұрыс қолданылмай жүргені айқын аңғарылады. Шынында, мәселенің дұрыс шешімі, Н.Уәли атап көрсеткеніндей, *саламатты өмір салты* болуға тиіс». Сол тәрізді *салауатты тамақтану* емес, дұрысы *саламатты тамақтану* екені шүбәсіз.

Әдетте халық тілінде *күн райы жақсы екен; күн райы бұзылайын деп тұр* деп айтатынын, осындағы *күн райы* «погода» деген ұғымды дәл беретінін; әрине, бұл пікірмен келіспейтіндер *күн райы* тек күндізге ғана қатысты, ал түнге қатысы жоқ дегендей уәж айтатынын; бірақ бұл сөздің терминдік мазмұн алуына қарсы болу жөнсіз екенін; өйткені *күн райы, күн суытты, күн жылынды* деген сөздердің семантикасы тек күндізге қатысты айтылады деу, сөз мағынасына жете мән бермегендік. Шаруа адамы «*Күн райының түнге қарай бұзылатыны түрі бар*» деп түн мезгіліне қатысты айтанынан; Бұл жерде күн райының мағынасы «погода» ұғымының дәлме-дәл баламасы болатынан жүйелеп көрсетеді.

БАҚ тілінде, ғылыми әдебиет пен оқулықтарда ауа райын «климат» деген терминдік ұғымда, ал *күн райын* «погода» мағынасында қолданып жатса, ондай үрдісті қолдану керектігіне тоқтала келіп, Н.Уәли осылайша мәдени-тілдік кодты аша отырып, *күн райы* «погода», ал *ауа райы* «климат» деген терминнің баламасы болатынын еске салған еді [7, 3-10]. Расында, ғалым айтқандай, 1931 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Атаулар сөздігінің» 46, 85 беттерінде Терминология комиссия «*климат*» сөзін ауа райы, ал «погода»-ны *күн райы* деп дұрыс көрсеткен. Бұл Сөздік белгілі термин танушы ғалым, профессор Ш.Құрманбайұлының алғысөзімен, ол кезде филология ғылымының кандидаты О.Жұбаеваның дайындауымен 2005 жылы жарық көрді [8].

Қазіргі кезде қасиетті *Алла*, *Аллаһ* атауларының жарыса қолданылып жүргені байқалады. Осымен байланысты оқырмандарға жол сілтеп, жоба көрсетпек болған авторлардың бірі *Алла* деген дұрыс десе, екінші бір автор *Аллаһ* деп қолданған жөн деп біледі.

Мұндай пікір-таласты шешу тілдік семантикаға ғана емес, мәдени семантикаға яғни кодқа салынған ақпараттарға да сүйенуді қажет етеді. Діни дискурс, атап айтқанда, мәдени-тілдік кеңістікте коммуникацияның айрықша бір түріне жатады.

Тілдің мәдени семантикалық кеңістігін зерттеп жүрген Н.Уәлидің талдауында осы екі нұсқаның бірі норма, екіншісі норма емес деп үзілді-кесілді баға беруге болмайтыны айтылған. *Аллаһ* нұсқасы ең алдымен діни уағыздарда, діни мазмұндағы мәтіндерде діни ортадағы қарым-қатынаста жұмсалатын, дін қызметшілерінің тілдік тұлғасына тән қолданыс деуге болады.

Жұртшылыққа арнап сөйлеген сөзде дін қызметкерлері *Аллаһ* нұсқасын қолданады, яғни бұл нұсқаның діни дискурста (сөзге) тән сипаты бар. Бұдан *Аллаһ* сөзінің мәдени-семантикалық өрісі діни руханиятқа қатысты екені, осымен байланысты коммуникативтік жағдаят «таңдайтыны» байқалады. Ал *Алла* сөзі тілдік семантикалық өрісі жағынан әртүрлі мазмұндағы дүниауи мәтіндерде жұмсала береді.

Міне, мәдени-тілдік семантикада *Алла*, *Аллаһ* атауын қасиет тұта отырып «Кім?», «Қай жерде?» «Қай кезде?» деген коммуникативтік жағдаятқа сай орынды қолдану керек екенін, талғаусыз жұмсай беруге болмайтынын аңғартады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандай, ұлттық тілдегі лексика-фразеологиялық бірліктердің тілдік және мәдени-семантикалық өрістегі қолданыс ерекшеліктерін аудиториялық жұмыста талдап көрсету ортологиялық лингвистика тұрғысынан өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Атап айтқанда, лексика-фразеологиялық бірліктердің мәдени кодпен байланысты қырларын дұрыс анықтап көрсету болашақ филолог мамандардың таза лингвистикалық қана емес, ұлттың дәстүрлі мәдениеті жайындағы түсінік ауқымын кеңейтіп, тереңдете түседі.

Әдебиет:

1. Амангелдиева Г.А. *Девиаты в никах как область исследования эрратологии //Серия «Филологические науки» №3(57),2016, 3-6стр.*

2. Сыздық Р. *Қазақ тілінің анықтағышы (емле,тыныс белгілері, сөз сазы). –Астана: Елорда, 2000.-532б.*

3. Уәли Н. «Дұрысы қайсы, бұрысы қайсы?» (Лингвистикалық жәрдем) // *Президент және халық, 24 қазан, 2008.*

4. Қобланова А. *Қазақтың дәстүрлі шай дастарқаны және олардың атаулары мен түрлері//Ана тілі. №27,28, 10-22 шілде, 2015ж.*

5. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.-Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014, 5-том:Ө-Я, 67-69бб.*

6. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия.-Алматы: «Азия Арна» баспасы, 2014, 5-том:Ө-Я,142б.*

7. Уәли Н. *Сөз мәдениетіне сергектік керек//Қазақ тілі мен әдебиеті,2008. №9*

8. *Атаулар сөздігі, Профессор Ш.Құрманбайұлының алғы сөзімен, дайындаған филол. ғыл.канд. Жұбаева О. «Қазақстан» баспасы, 2005*

Қобланова Айман Жылқыбайқызы

филология ғылымдарының кандидат, доцент,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университеті, ayman.koblanova@mail.ru

ҚАЗАҚЫ ОРТАДАҒЫ ШАЙ ҰҒЫМЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Түйін: *Сөз этикеті социумның, тілдік ұжымның дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты. Адамдар арасында қатынас дәстүр арқылы анықталып, реттеліп отырады. Қазіргі кезді қазақтың ұлттық этикетіне байланысты рәсімдерді, ғұрыптық салттарды арнайы қарастырудың мән-мағынасы айырықша арта түсті, оларды танып білу ғылыми және қоғамдық-мәдени сұранысқа ие болып отыр.*

Қазақтардың дәстүрлі шай рәсімінен социум мүшелерінің ішкі дүниесіндегі жағымды эмоциялық күйді, олардың бір-бірімен ізгі қатынасын, бірін-бірі бағалай білуі сияқты танымдық әлемнің этикалық көріністерін айқын байқауға болады. Мақалада дәстүрлі қазақ мәдениетінде «шайға шақыру рәсімінің» ұмыт болып бара жатқан, атап айтқанда, *келіншай, көңілшай, шүкіршай* сияқты түрлері этнолингвистикалық тұрғыдан сипатталған. Сонымен қатар шай рәсімінің этикеттік нормалары мен әлеуметтік мәні ашылып, қарым-қатынасты реттеушілік функциясы көрсетілген.

Халқымыздың ұлттық тілі мен ділін (менталитетін), дәстүрлі мәдениетін зерттеу, ұлттық мәдениетіндегі құндылықтар дүниесін қайта қарап танып білу қазіргі кезде мәдени сұранысқа ие болып отыр. Солардың ішінде қазақтың ұлттық этикетіне байланысты рәсімдерді, ғұрыптық салттарды арнайы қарастырудың мән-мағынасы айрықша арта түсті. Атап айтар болсақ, *шайға шақыру, шай жасау, шайға шақырылғандарды күтудің* рәсімге айналған этикеттік нормалары бар. Қазақы ұғымда қонақ шақырып, дастарқан жайғанда *астың бір атасы – ет болса, бір атасы – шай* деп, шай беруге ерекше көңіл бөлетін болған.

Шай ұғымы туралы біртотымдық «Қазақ сөздігінде» оның үш түрлі мағынасы көрсетілген [1]. Сөздіктегі екінші мағына *шай* атауының қазақы ортадағы дәстүрлі мәдениетіне сай ашылып, оның тек лексикалық қана емес, сонымен қатар, мәдени-семантикалық мағынасы қоса берілген: 2. Шөл қандыру үшін ішетін шайдан дайындалған суын (қазақтың дәстүрлі дастарқан мәзірінде шай құю, ыстық, әрі сүт қатқан түрде басқа да дәммен (қант, қаймақ, талқан, жент, құрт, бауырсақ т.б.) бірге, әдетте, ыстық, қою тамақтан (еттен) бұрын немесе одан кейін ұсынылады). Сонымен бірге сөздікте *шай берді* «қонақ қылып күтті, дастарқаннан дәм татқызды; *шайды бордақтатты*. «шайды қайнатып, баптады»; *шайды демдеді* «шәйнектегі шайды шығарып, ішуге әзірледі» деген тілдік әрі мәдени семантикалық өріске қатысты этномәдени мағыналар көрсетілген. Аталған тілдік-мәдени фактілер қазақы дастарқанда шайдың орны ерекше екенін байқатады. Алайда шай ұғымына қатысты бұдан басқа да тілдік әрі мәдени мәнділіктер бар. Дәстүрлі ортада үйге кісі шақырғанда «үйге келіп, қонақ болыңыз» деп, тура айтқаннан көрі *дәм татыңыз, шай ішіңіз, шайға келіңіз* деп шақырушы өзін елеусіздеу көрсетеді. Сынық сөз, сыпайылықпен қонақ шақыру қазақы ортада этикеттік нормаға айналған. Шайға шақырылған адам да шайдың тура мағынада емес екенін түсінеді. Шай дастарқанында қонаққа дәстүр бойынша кәделі мүшесі бар сыйтабақ тартылады. Соңынан шай беріледі. Дастарқан басындағы әңгіме-сұхбат көбіне шай беру кезінде болады.

Шай бабымен, қонақтың қалауынша түрлендіріп беріледі. Шай берудің өзіндік бейвербалды рәсімі болады. Этикет бойынша, алдымен жасы, жолы үлкен құрметті қонаққа шайкесе ұсынылады; шайдың кесіліп кетпеуі, суып қалмауы үнемі шай құюшының назарында болады.

Қазақы ортада шайға шақырудың *келіншай, көңілшай, шүкіршай* деп аталатын түрлері қазіргі кезде ұмыт бола бастаған деуге болады. Дастарқан мәдениетімен байланысты шайдың бұл түрлері лексикографиялық сөздіктерде тіркеле қоймаған. Дегенмен осылардың ішінде *келіншайға шақыру* ғұрпына этнографиялық энциклопедияда [2] лұғаттық мақала түрінде арнайы орын берілген. *Жаңа түскен келіннің ауылдағы ежелеріне, жасы үлкен сыйлы абысындарына арнайы жайылған дастарқанда шай құйып, қызмет көрсету рәсімін келіншай* деп атаған. Лұғаттық мақалада келіншай рәсімінің этномәдени әрі танымдық мазмұны айтарлықтай жақсы ашылып көрсетілген. Келіншай рәсімі туралы аталмыш энциклопедияда былай делінген:

Келін түсірген үй көп ұзамай арнайы дастарқан жасап, жаңа түскен келіннің құйған шайын ішуге көңілжетер сыйлы абысын-ажындары шақырады. Әсіресе, шай әбзелі мен дастарқан жабдығына ерекше көңіл бөлінеді. Дастарқан басына бауырсақ, тәтті тоқаш, мейіз, науат, жент, майсөк, сарымайға шыланған, тәтті қосылған талқан т.б. қойылады. Самаурын, шәйнек (аққұман), кесе, шыныаяқ, қасық, табақ т.б. қойылатын өз орындары болады.

Дастарқан басына жиналған әйелдер (шамамен 8-12 адамдай) өздерінің әлеуметтік мәртебесіне қарай рет-ретімен жайғаса бастайды. Жас келін «шынашақ шырып» кесеге шай құйып, ізетпен ұсынады. Шайдың қоюлығы, қаймақ қатқан түсі әркімнің қалауынша құйылады. Ізет бойынша келін шай құйған кесені оң қолымен ұсынады, ал сол кесе ұстаған оң қолдың шынтақтан төмендеу тұсында тұруға тиіс.

Дастарқан басына жиналғандардың басты назары, әдетте, шай ішуден гөрі оның «церемониясында» болады. Шайдың қызылы кесілмеуі үшін келін оны дәл уақытында әлсін-әлсін демдеп отыруы керек. Шай құйған кесені иесінен шатастырып алмауы қажет.

Тәртіп бойынша келін дастарқан шетінде бір қырын отырады, сөзге араласпайды, тек сұраса ғана жауап береді. Жиналғандар ішінде сыйлы, беделді әйел (коммуникация лидері) сөз бастап, әңгімеге бағыт беріп отырады. Әңгіме арқауы негізінен келін тәрбиесіне қатысты болады. Өнеге, сабақ болсын деп алғашқы түскен кезіндегі жайттарды еске түсіріп, ұялған кездерін немесе өз келіндерінің кейбір жаңылшақ сәттерін айта отырады.

Шай беру рәсімі аяқталар сәтте жас келінге көп жаса қарағым; көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын; дастарқаның берекелі болсын, етегіңді бала бассын деген игі тілектер айтылады. Келіннің шайы пәмілшай болды, келіннің шайы көңілашар шай болды, келіннің аяғынан деп бағалауыш мазмұнда ризалықтарын білдіріп, келіншайға баға беріседі. Келіннің жақын абысындарының бірі дастарқан мәзірінен келген қонақтардың әрқайсысына мынау үлкен енеме; мынаны немереңізге, сіз де келінді болыңыз; мынау пәленшенің апасына, мынау жеңешеме, мынау әпкеме деп жеке-жеке атап түйіншектер береді. Жас келін мұның бәрін қалт жібермей көңілге тоқып тұрады [3].

Сонымен қатар лұғаттық мақалада академик жазушы Ғ.Мүсіреповтің этнографиялық пайымдауы да өз лайығымын берілген: «қазақ әйелінің ең бақытты шағы оң жақта отырған қыз кезі. Қыз баланы су әкелу, кесте тоқу, бала жұбату т.б. жеңіл-желпі жұмыстар болмаса, күн ұзын, ертеден қара кешке дейін үй шаруасына салып қоймайды. Қазақ қызы бұла өседі. Тұрмысқа шыққан соң бұл жайт мүлде өзгереді».

Міне, осындай шақта жаңа жағдайға бейімделу кезеңі басталады. Мұндай жағдайда көндіге алмай жүрген жас келіннің «Құдай-ау, оң жақтағы күнім қайда?» деп мұңаятын сәттері де болады. Келін боп түскен соң *түндік ашқаннан бастап, түндік жапқанға дейін*, яғни таңның атысынан күннің батысына дейін, ел ұйқыға жатқанша үй шаруасымен айналысады. Жас келін алдымен абысын қауымы арқылы жат ортаға бейімделе бастайды. Байырғы қазақ тұрмысындағы келіншай (шай церемониясы) біріншіден, тәрбиелік мәні, екіншіден, жас келінді бөтен ортаға психологиялық жақтан бейімдеу, үшіншіден, үй шаруасына үйрету, икемділік дағдысын жетілдіру, төртіншіден, ең бастысы, келіннің әлеуметтенуіне, абысын ортасының, яғни абысындастық қауымының мүшесі болып қалыптасуына тигізер ықпалы ерекше болған. Сонымен, *келіншай* рәсімінің әке үйінде еркін өскен қызды жат босағаға бейімдеудің гендерлік тактикасы мен стратегиясына байланысты қалыптасқан ғұрыптық-салт екені байқалады.

Ең бастысы аталмыш лұғаттық мақаланың соңында келіншай рәсімінің абысын институтымен байланысты екені, бұл рәсімнің функциясы жаңа түскен жас келінді «жат ортаға» бейімдеп, оны жан дүниесіндегі «өзім» - «өзге» бинарлық оппозицияны бірте-бірте жаңа ортамен байланыстырып, психологиялық күйін жеңілдететү шараларының бірі іспетті деп ұғуға болады.

Дәстүрлі ортадағы «шайға шақыру» рәсімінің ел ішіндегі тағы бір түрі **көңілшай** деп аталады. Көңілшай рәсімі – етжақын адамы қайтыс болғанда жора-жолдас, өзара аралас-құралас, сыйлас, сондай-ақ жегжат адамдардың көңіл аулап беретін дастарқаны. Шайға шақыру рәсімінің бұл түрі, әдетте, марқұмның жылына дейін беріледі. Шай дастарқанына шақырылғандардың саны да онша көп болмайды.

Көңілшайға шақырылғандардың ішінде көңіл жетер, таныс-білістігі бар адамдар болады. Шай дастарқанына шақырылғандар көңілі жарым адамның қас-қабағын бағып отырып, көңілге дем беретіндей әңгімелер, сөз арасында ертең де күн бар екені, тірі адамның тірлігі болатынын айтады. Көңілшай рәсімінде де әңгіме-дүкенді үйлестіріп отыратын коммуникативтік лидер болады. Бұл жерде де *шай* тар мағынадағы ұғым емес. *Шай* деп, елеусіздеу эвфемизм түрінде айтылғанмен, көңілшай дастарқанына кәделі мүшелері бар сыйтабақ, түр-тұрманымен алуан түрлі тағамдар қойылады.

Дәстүрлі ортаға тән шайға шақыру рәсімінің ел ішіндегі тағы бір түрі **шүкіршай/шүкіршілікшайы** деп аталады. *Шай* деп айтылғанмен, атаудың мазмұны тек *шай* деген жалаң ұғыммен шектелмейді. Шайға шақырудың бұл түрінде де дастарқан мәзірі түр-түрімен молынан жасалады. Бұнда да астың *бір атасы – ет болса, бір атасы – шай* дегендей, алдымен шай беріледі. Біршама уақыттан соң,

қазақы ортада қалыптасқан дастарқан дәстүрі бойынша кәделі мүшелері бар сыйтабақ қойылады. Сонынан тағы да шай дастарқаны жасалады.

Шайға шақыру рәсімінің бұл түрі қазіргі кезде ұмыт бола бастаған деуге болады. Бұл рәсімінің шүкіршай аталуының өзіндік уәжі болған. Оның неге бұлай аталуы жұртшылыққа түсінікті көрінбейтіні байқалады. Ауызекі деректерден, байқауымызша, шүкіршай ұғымы мүшел жас жөніндегі түсінікпен байланысты екені аңғарылады. Мүшел жаста, байырғы түсінік бойынша, сақтанып жүреді; қиын жол, алыс сапарға шықпайды; көзсіз тәуекелге бармайды. Мүшел жастың ішіндегі әсіресе 37, 49, 61 жасты айрықша көреді. Бұлай болуы мүшелдегілердің осы жас аралығында өмірдегі белсенділік әрекеті арта түсуіне байланысты болса керек. Адамның жарақат алуы, қауып-қатерге ұшырап, қайтыс болуы көбіне осы жас шамасында жиірек кездесетін сыңайлы көрінеді. Сөйтіп, ауыртпалығы бар мүшел жастан аман-есен өткеніне «шүкіршілік» деп кей жерлерде «қазан қоңырсытып», шай беруді ырым етсе, көп жерлерде садақаға мал атап, етін таратып жібереді.

Сарқытшай – алыс жолдан, ұзақ сапардан келген қадірменді адамның үй-іші сәлем беруге, хал сұрасуға келгендерге беретін шайы. Шайдың басқа да рәсімдік түрлері тәрізді бұнда да дастархан молынан жасалады, ет-табақ тартылады. Жолаушылап келген адам көрген-білгенін, көңілге түйгенін айтып, жиналғандарды хабардар етеді, ақпарат алмасады. Шай соңында алыс елдің дәм-тұзы, той-томалақ сарқыты деп келгендерге өрік-мейіз, қант-шай, орамал, кездеме салған түйіншектерден ұсынады.

Ел ішінде шайдың рәсімдік түрлерінен басқа **бойдақ шай** деп аталатын түрі бар. Келушілер асығыс болған жағдайда **бойдақ шайға** да ризамыз дейді. Бұнда ет-табақ тартылмайды, дастарқан молынан жасалмайды, жеңіл-желпі шай ғана беріледі. Шай дастарқанына өрік-мейіз, бауырсақ т.б. қойылады.

Жоғарыда айтылған *келіншай, көңілшай, шүкіршай, сарқытшай, бойдақшай* да той-томалақ деген ұғымға кірмейді. Қазақы ортада «шай» ұғымының мәдени мазмұны кеңейе түсіп, адамдар арасындағы қатынастарда этикеттік мән алып, эвфемистік формада қолданылған.

Қорыта айтқанда, қазақтардың дәстүрлі шай рәсімінен социум мүшелерінің ішкі дүниесіндегі жағымды эмоциялық күйді, олардың бір-бірімен ізгі қатынасын, бірін-бірі бағалай білуі сияқты танымдық әлемнің этикалық көріністерін айқын байқауға болады.

Әдебиет:

1. *Формановская Н.И. Речевое общение: коммуникативно – прагматический подход. М.: Русский язык, 2002.- 2016с.*

2. *Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен сөздігі). Редакциясын басқарған Н.Уәли, Ш.Құрбамбайұлы, М.Малбақов. Алматы: Дәуір, 2013.*

3. *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Жоба жетекшісі және ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. 3-том. Алматы: РПК «Слон», 2012.*

Жолдасова Ұ.М.

Н.Оңдасынов атындағы Түркістан «Дарын» мектеп-интернатының казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ғылым магистрі

Көшенова Т. И.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і, филол.ғыл.кандидаты, доцент

Ә. БӨКЕЙХАНҰЛЫ ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫНА АДАЛДЫҚ

***Түйін.** Мақалада Ә. Бөкейханұлының қазақ халқының болашағына қатысты атқарған мол еңбегінің маңызды бір саласы сараланған. Абай мұрасының баспадан жарық көруіне ықпал еткен жанқиярлық еңбегі жайында мәлімет беріледі. Сонымен қатар, Ә. Бөкейханұлы Абай жайында алғаш рет мақала жазып, ақынды шет елдіктерге танытуды да мақсат еткен. Мақала орыс тілінде жазылған.*

«Абай Құнанбаев» атты қазанамада (некролог) Абай өміріне қатысты өте маңызды деректер келтірілген. Ғалым ақын өмірінің әр кезеңіне, оның өсу, қалыптасу жолына баға береді. Абайдың 20 жасында ел ісіне жүйрік шешен, 30 жасында өңірдегі атақты адамдардың біріне айналғаны жайлы деректер, Абай өміріндегі елеулі оқиғалардың оның ұлы ақын ретінде қалыптасуына зор ықпал еткені турасындағы мәліметтердің Абайтану үшін маңызы зор.

***Резюме.** В статье произведен анализ трудов А.Бөкейханова относительно будущего казахского народа. В ней содержится информация о самоотверженной работе, которая способствовала публикации наследия Абая. Кроме того, А.Бөкейханов был первым, кто написал статью об Абае и нацелился на ознакомление иностранцев с талантом. Статья написана на русском языке.*

В некрологе «Абай Құнанбаев» приведены очень важные факты из жизни Абая. Ученый дает оценку каждому этапу жизни поэта, его росту его формированию. Данные о том, что Абай в 20-летнем возрасте стал выдающимся оратором, а в возрасте 30 лет известным человеком в регионе, оказали большое влияние на жизнь Абая как великого поэта и представляют собой бесценный материал в области Абаяведения.

***Summary.** The article analyzes A.Bokeikhanov's works on the future of the Kazakh people. It contains information on the selfless work that contributed to the publication of Abai's heritage. In addition, A.Bokeikhanov was the first who wrote an article about Abay and aimed at acquainting foreigners with the talent. The article is written in Russian.*

The obituary "Abai Kunanbayev" contains very important facts from the life of Abay. The scientist assesses each stage of poet's life, his growth and formation. The data that Abai at the age of 20 became an outstanding speaker and at the age of 30 a well-known person in the region had a great influence on the life of Abai as a great poet and represent an invaluable material in the field of Abay Studies.

XX ғасыр басындағы сананың оянуы мен азаттық жолындағы күрес әдіс-тәсілін ұйымдастыру орталығы іспеттес басылымдарда жарияланған мақалалардың көтерген жүгі салмақты. Әлихан Бөкейханұлының баспасөз бетінде жарияланған мақалаларының саны өте мол. Олар әртүрлі бағытта жазылып, сан қилы мәселелерді қозғады. Мол мұраның ішінен ғалымның әдеби-сын зерттеулерін саралау, жүйелеу, зерделеу әбден қажет. Ғалым қазақ ұлтының болашағына қызмет ету мақсатында ел аумағындағы ғана емес, шет елдік басылымдардың қайсысына да мақала беруді парызы санады. Зерттеушілердің пайымдауынша, Ә.Бөкейханұлының қазақ-орыс басылымдарында 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін 30-ға жуық, 1927 жылға дейін 50-ден астам қазақ және орыс тіліндегі газет-журналдарда публицистикалық еңбектері жарық көрген.

Ә. Бөкейханұлының басты арманының бірі Абай өлеңдерінің жинағын бастыру болатын. Біздің ойымызша, мұны Абай мұрасына құрмет қана емес, қазақ ұлтының болашағына Ә. Бөкейханұлының сіңірген істерінің ең ұлысы деп бағалаған жөн секілді. Ол жинақты бастырып шығаруға жәрдем беріп қана қоймай, Абайтану тарихындағы алғашқы еңбектің авторына да айналды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы үшін де, Абайтану үшін де Ә. Бөкейханұлының мәні зор еңбегі- Абай (Ибраһим) Құнанбаев (мүнәһиб-некролог) мақаласы. Мақала алғаш рет «Семипалатинский листок» газетінің 1905 жылы 25, 26, 27 қараша күнгі 250-252 сандарында жарияланған. Келесі жылы «Семипалатинские областные ведомости» газетінде жарияланса, араға тағы бір жыл салып «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела И.Р.Г.О.» атты кітабында жарық көреді. Шағын ғана мақаланың тағдыры осындай. Ә. Бөкейханұлы - Абайды қазақ баласына да, шет елге де танытуға үлес қосып, оның мұрасының жарық көруіне ықпал етіп, ақын жинағына редакторлық жасаған тұлға. Абай дүниеден өткен соң туыстарына хат жазып, ақынның жинағын шығару қажеттігін айтып, ол істе өзінің жәрдемші болатындығын ескертеді. Абай өлеңдерінің алғашқы қолжазбасы Бөкейханұлының қолына 1905 жылы сәуір айында Омбы қаласында тиеді. Қолжазбаны тапсырушы- Кәкітай Ысқақұлы. Кәкітаймен болған ақын жайындағы ұзақ әңгімелер мақаланың

тууына да себеп болған секілді. Әлихан мен Кәкітай қияндағы Петерборға бірге барған. Жол шығынын Абайдың ағайындары көтеріскен. «Петербург баратын адамдарға 200 сом қаражат жібердік» дейді Әрхам естелігінде. Төрт жылға созылған шырғалаңнан кейін Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы басылып шығады. Жинақтың басқы бетінде «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғы- лының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбайұғыландары. СПб. Восточная электротпечатня И. Бораганскога, 1909» деп жазылған. Мақаланы қазақ тіліне аударған - Т. Жұртбай. Аударма алғаш рет «Жұлдыз» журналының 1991 жылғы 9 санында басылды. Соңғы рет 1993 жылы қайта жаңғырып шыққан «Абай» журналының №2 санында жарияланған. Белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың сөзімен айтсақ: «Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам — Әлихан Бөкейханов».

Әлихантанушы ғалым С. Аққұлыұлы 1992 жылы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатынан таңқаларлық құжатқа тап болғанын айтады. Бұл құжат - Омбы қалалық жандарм басқармасының тергеу ісінің протоколы. 1906 жылы 9 қаңтарда алынған тергеуде Ә. Бөкейханұлының өтініші берілген екен. Онда өзінің қамауға алынған кезінде қолында болған өлеңдер жинағын сақтап қалуды, оның қазақтың ақыны Құнанбаевтың мұрасы екендігін айтып, өтініш етеді.

«Бұл өзі көлемді болмағанмен деректерге, мәліметтерге, тұжырымдарға, ой-пікірге аса бай еңбек» - деп бағалайды белгілі ғалым Р. Нұрғалиев [1, 421]. Автор Абай туған ортаға, тегіне назар аударып, бір маңызды жайдан хабар береді. Абайдың арғы атасы Ырғызбай (есімі Ырғыз өзеніне байланысты қойылған) Тобықтының бірнеше билеушісімен Түркістаннан Шыңғыс баурайына көшеді делінеді. Бұл жай ақынның арғы аталарының мекенінің оңтүстік өңірі болғандығын мезгілдеп тұрған жоқ па? Біздің ойымызша, осы бір дерекке әлі күнге дейін аса ден қойылмайтын секілді көрінеді.

Автор Абай өмірінің әрбір он жылдығына тоқталып отырады. 20 жасында Абайдың ел ісіне жүйрік, белгілі шешенге айналғанын айтады. Абай дін жолында жүрген арамза молданың әрекетіне қарсылық ретінде мұсылманның кейбір парызын өтемегендігін детілге тиек ете отырып, автор Абайдың 30 жасында атағы ел арасына кең жайылып, ең беделді адамдардың біріне айналағанын жазады.

14 жасынан бастап сатиралық өлеңдер жаза бастаған Абай аталмыш дүниелерін ақындықтың белгісі деп бағалай қоймаған. Себебі ақсүйек арасында «ақын» аты аса бағалана бермейтін. Егер Абай өміріне өзгеріс әкелген елеулі оқиғалар болмағанда, оның ақындық дарыны ашылмаған күйі қалар ма еді, кім білсін? Абай қазақ жеріне жер аударылған Гросс, Михаэлистермен танысады. Өмірінің соңына дейін Абай Михаэлиске деген ризашылығын білдіруден танбаған. Орыс зиялыларының арқасында Абай орыстың Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев секілді ақын-жазушыларының шығармашылығымен танысады. Автор Абай өлеңдерінің қазақ даласына кең тарағандығына мысал ретінде өзі куә болған бір жайды жазады. Лермонтов өлеңдерінің Абайға әсері мол болғандығын алға тартады. «Біздіңше, бұл еңбегінде Әлихан абайтануға қатысты бірқатар негізгі мәселелерді анықтаған. Ең алғаш, ақынның шығармашылық бастауы фольклормен сабақтасып жатқанын көрсеткен. Зерттеушінің ендігі бір табысы – ақын дүниетанымына әсер еткен негізгі күштің бірін байыптауы. Бұл ретте Әлихан Ресей арқылы келген әлеуметтік-ағартушылық ойды айрықша атайды... Мысалы Әлихан кезеңінде (Алаш кезеңі) Абайға орыс пен Батыстың ағарған ортасымен, рухты тұлғаларымен дәнекер ретінде қарады»[2, 123]- дейді Д. Қамзабекұлы. Мақалада автор Абайды тек ақын ретінде танытып қоймай, оның ел ішіне үлгі болған істеріне де баға береді. Оның ұлы Әбдірахманды оқытуын, оған өте көп қаржы жұмсауын Абайдың білімге берген бағасы деп санайды.

Автор Абайдың ақын болуына орыс әдебиетінің ықпалы ерекше болғанын ескертеді. Ақын кейінгі жылдарда ел ісінен алшақтап, оқу мен шығармашылыққа мейлінше ден қойды. Абай өлеңдерін арнайы сақтамаған. Жастар оның әрбір өлеңін жатқа айтып, қазақтың кең даласына таралуына себепкер болды. 1904 жылы Абайдың ұлы Мағауия қайтыс болады. Денсаулығының нашарлығына байланысты Абай баласын училищеден алдыруға да мәжбүр болған. Бұл оқиға Абайдың жанын ауыр қайғыға салады. Абай сөйлеуден қалып, ас ішпей, Мағауия өлімінен 40 күн өткенде өзі де ұлының соңынан жөнеледі.

Абай өлеңдерінің көркемдік қуаты айрықша болды. Қазақ халқының рухани шығармашылығын Абай асқақтатқандай деңгейге көтерген адам болған емес, ал оның жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдері Еуропа ақындарына үлгі бола алар еді деп түйіндейді Ә. Бөкейханұлы мақаласын[3].

Авторлық әдебиеттің бағдары бұлдыр тұста, Абай құбылысы әлі игерілмеген кезеңде Әлихан Бөкейханұлы бастаған алашшыл ағым жаңа руханияттың “әліппесін” жазды. Осыған сәйкес елді рухани тұрғыдан ағарту мақсатының өзектілігі күшейді. Ә. Бөкейханұлы қазақ арасында өссе де, орыс

ортасында жетілді. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында қазақ руханияты Еуропаға бет түзеп барып қана жаңара алар еді. Оның үстіне бұл кезең қазақ ағартушылығының өрістей бастаған кезі болатын. Сондықтан Алаш қайраткерлері халыққа қажетті, оның еңсесін көтеретін рухани дүниелерге мұқтаж-тын. Әлихан осы шараны жүйелеуді өзі бас болып қолға алды. Басқа еңбегін атамағанның өзінде, Ә. Бөкейханұлының Абай мұрасын жарыққа шығарып, ел арасына таралуына ықпал еткен азаматтық ісі оның ұлт тарихындағы тұлғасын даралайтын зор еңбек болып қаларына еш күмән келтіре алмас едік.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. Нұрғалиев Р. Әлихан Бөкейханның шығармашылық мұрасы /Ә. Бөкейхан. Таңдамалы (избранное). Гл. Ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995*
- 2. Қамзабекұлы Д. Руханият [Мәтін] : Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер / Қамзабекұлы Д. - Алматы : Білім, 1997. - 272 б.*
- 3. Бөкейханұлы Ә. Таңдамалы (избранное). Гл. Ред. Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995*

Құлжанова Б.Р.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Филология және әлем тілдері факультеті, Bahit777@mail.ru

МАХМУД ҚАШҒАРИДІҢ «ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ СӨЗДЕРІН ЖИНАҚТАҒАН КІТАБЫ»

Түйін: Автор өз мақаласында Махмуд Қашқаридің «Китабу диуани лұғат-ит турк» сөздігі туралы қысқаша ғылыми мағлұмат беруді мақсат еткен. Түркітанушы ғалымның жүріп өткен жолы, ғылыми еңбегінің мақсаты мен маңызы нақты фактілер негізінде баяндалады. Махмуд Қашқари туралы тұстастарының жазғандары да тартымды. Сөздіктің табылуы туралы екінші бірі біле бермейтін қызықты дерек келтіреді. Мақала авторы, «Дивани лұғат-ит түрктің» тақырыптық мазмұнын аша отырып, тілінің әлі де зерттеле түсуі қажеттігіне назар аударады. Статистикалық есеп бойынша, қарлұқ-үйғырға қарағанда, оғыз-қыпшақ элементтерінің көптігін алға тартады.

Резюме: В своей статье автор задался целью дать краткую научную справку о словаре «Китабу диуани лугат-ит турк» Махмуда Кашгари. В ней излагается путь, пройденный ученым тюркологом, достоверно известные факты о цели и значимости его научного труда. Увлекательно повествуется и об отзывах современников о Махмуде Кашгари. Приводит интересные сведения о том, как был найден словарь, о чем мало кому известно. Автор статьи, раскрывая тематическое содержание «Дивани лугат-ит турк», обращает внимание на необходимость более углубленного изучения его языка. Указывает на то, что согласно статистическим расчетам в нем намного больше огузо-кипчакских элементов, чем карлукско-уйгурских.

Summary: In her article the author set out to give a brief scientific reference on the dictionary "Kitabu diuani lugat-it Turk" by Mahmud Kashgari. It describes the path traveled by the Turkologist and reliably known facts about the purpose and significance of his scientific work. The reviews of Mahmud Kashgari's contemporaries are also fascinating. She gives interesting information about how the dictionary was found, which few know. The author of the article, revealing the thematic content of "Divani lugat-it Turk", draws attention to the need for a more in-depth study of its language. She points out that according to statistical calculations there are more Oguz-and-Kipchak elements than Karluk-and-Uigur ones.

Қарахан мемлекеті Х – XII ғасыр аралығында Шығыс Түркістанның бір бөлігіне, Жетісу, Шаш, Ферғанаға мәдени орталықтар шоғырланған – Мавераннахрға, анығырақ айтқанда Бұхара мен Самарқанға билік жүргізді. Осы уақыт ішінде бұл елде мәдениет пен әдебиеттің өсуіне өте қолайлы жағдай жасады. Қарахан мемлекетінің ірі орталықтары – Қашғар, Баласағұн, Үзген қалаларында ірі архитектуралық құрылыстар, әр түрлі мәдени орталықтар пайда болады. Оларға ірі ғалымдар, оқымыстылар, жазушы, ақындар шоғырланады. Көрші елдердің тілдерінен (мысалы, моңғол, қытай, парсы, т.б.) түркі тілдеріне діни шығармалар, әр түрлі мазмұндағы әдебиеттер аударылады [1.56-б].

Мұндай мүмкіндік Махмуд Қашқаридің «Китабу дивани лұғат-ит турк» (Түркі тілдерінің сөздігін жинақтаған кітап) аталатын еңбегінің жазылуына да септігін тигізеді. Автордың айтуынша, бұл іс оңайға соқпаған! Ол: «Мен түркілердің шахарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, Түркмен, оғыз, чығыл, йағма, қырғыздардың сөздігін ол сөздердің қасиет, құпияларын анықтап, оларды қажетіме жараттым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік жәдігерлік және таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да оған, «Китабу диуани лұғат-ит турк» (Түркі тілдерінің сөздігін жинақтаған кітап) деген ат бердім», - деп жазады. Кітаптың өз мәтініндегі тағы бір деректе қолжазбаның 1072 жылдың 25 қаңтарында басталып, 4 рет өңделіп жөнделген соң, 1274 жылдың 10 қаңтарында аяқталғаны атап көрсетіледі [2.10-б].

Ақылға салсақ, Махмуд Қашқари қазір бүкіл әлемге танылып, мәлім болған энциклопедиялық еңбегінің ұлы жобасын өз елінде жасап, Халифат аралығы – Бағдатқа келген соң, екі жыл бойы өндейді, редакциялап иін қандырады. Содан кейін ғана Халифаға табыс етеді. Автордың өз сөзімен айтсақ: «Қасиетті пайғамбардың (с.ғ.с.) мақамында отырған, Хашими тегінен және Аббас ұрпақтары әулетінен шыққан Тәңірдің халифасы Әбуи-Қасым Абдуллаһ ибн Мұхаммед әл-Мұқтади Бләмриллахқа сыйға тартым», - дейді.

Махмуд Қашқари жайында не білеміз? Атақты ғұламаның өмірі жайында дерек жоқтың қасы. Белгілісі – толық аты-жөні, Қашқари Махмуд ибн Хусейн ибн Мұхаммед. Әкесі Хусейн ибн Мұхаммед Чағры тегін Барсхан қаласының әкімі болған. Ал атасы Мұхаммед Бұғра хан ибн Юсуф әуелі Тараз бен Сайран қалаларының әкімі, кейін 1057 жылдары Қарахан мемлекетін

билеген. Махмуд Қашқари түркілер арасында ислам дінін қабылдап, тұңғыш рет мемлекеттік дін мәртебесіне көтерген атақты Қарахан ханы Абдулкерим Салтұқ Бұғра ханның алтыншы ұрпағы болып есептеледі [3]. Махмуд Қашқари әуелі Иранда, кейін Иракта араб, парсы тілдерін, мәдениетін, әдебиетін өз дәрежесінде үйреніп, білімін жетілдіреді.

Махмуд Қашқаридың аталған сөздігіне орта ғасырлар ғалымдары сүйіспеншілікпен назар аударған. Әйгілі мысырлық тарихшы Бадреддин Махмуд ибн Ахмед ибн Муса (хижра бойынша 758 жылы өлген) «Замана ақыл-ойының ақық-інжулері» деген еңбегінде түрік жұртының ру-тайпалары, таңбалық белгілері, тілі мен тұрмысы туралы тұжырымды, тиянақты да ықшам мағлұматтарды Махмуд Қашқаридің кітабынан оқығанын жазған. Арабтың мәшһүр тілтанушы ғалымы Жалаладдин ибн Мухан түрік данасы Махмуд Қашқариді өзінің ұстазым деп атаған [2.12-б]. XIV ғасырда Андалузиядан шыққан көрнекті ғалым Абу Хайяның «Китаб ал-курак ли-лisan ал-атрак» (Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап) атты еңбегінде кездесетін бірқатар үзінділер осы Махмуд Қашқари шығармасынан алынған. Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б.Айни өзінің Европа, Сирия және Индия тарихына арналып жазылған бір еңбегінің «Түрік қауымдасының тарихы» деген бөлігінде қашқарлық ғалым ибн Мухаммедтің кітабынан үзінділер алып, оғыз руларының таңбалары жөнінде, түрік тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікмен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жариялайды [4.20-б]. Бірқатар Ежелгі Шығыс дүниесінің ғалымдары Махмуд Қашқари еңбегіне сүйенгендерін айтып, пікір білдіріп, сілтеме жасап тырған.

Махмуд Қашқаридің біз сөз етіп отырған еңбегінен басқа «Китабу дтевахир ан-нахви фил-лұғат-ит турк» (Түрік тілдері синтаксисінің қымбат қасиеттері туралы кітап) аталатын туындысы болған. Алайда оның қолжазбасы біздің заманымызға жетпей жоғалып кеткен.

«Китабу диваны луғат-ит түрктін» де түпнұсқасы сақталмаған. Оның жалғыз көшірме нұсқасы Стамбулдың ұлттық кітапханасында сақтаулы тұр. Оны сұлтан Бейбарыс заманында Египетте Савада туып, Шам шаһарында өмір сүрген Муаммед ибн Абубәкір ибн Әбул Фатк қағазға түсірген. Ол өз қолжазбасының соңында өвордың қолымен жазылған түпнұсқасынан тікелей көшіргенін арнайы ескертеді.

Осы жалғыз көшірменің табылу тарихы да қызық. 1914 жылға дейін Диуанның бірде-бір нұсқасы ел қолында жоқ еді. Алайда бір белгісіз нұсқа Түркияның бұрынғы экономика министрі Нафыз бейдің кітапханасында шаң-тозаң болып жатқан екен. Жақыны бір әйелге мейірі түсіп, көмек ретінде осы кітапты сыйға тартады. Бірақ 30 лирадан кем саппауды ескертеді. Нафыз бей кезінде осы мейірімінің бүкіл түркі халқы үшін жасалған мейірім екенін сезбеген еді.

Көп кешікпестен-ақ ақшаға зәру болған әлгі әйел кітап жаймасындағы Бурхан бей деген саудагерді тауып, 30 лираға сататындығын айтады. Алайда асылдың қадірін білмейтіндер үшін бір ескі кітапты мұндай бағаға сұрау ақымақтық болып көрінетін еді. Дегенмен саудагер алып қалады. Міне, осы кезде өмір бойы жиған-тергенін кітап сатып алумен-ақ тауысқан, кітапқұмар, ізденімпаз Әли Әмри Ефенди әдеттегісінше жаймаға жаңа кітаптар түскенін білмек болып Бурхан бейдің дүкеніне бас сұғады. Бурхан бей әлгі әйелдің кітабын ұсынады. Кітапты қолына алған Әли Әмри есінен танып қала жаздайды. Қолында анау-мынау емес, түркі тілдерінің інжуі талайлар бір көрудің өзін арман еткен «Дивани лұғат» қой. Өз көзіне өзі сенер емес. Отыз емес, отыз мың лира да аз бұл кітапқа. Тез есін жинап, кітапты сатып алады. Әлидің Килисли муалим Рифат бастаған достары кітапты бастырып шығарады. Түркішіл, жанкешті азаматтардың арқасында түркі тілі мен мәдениетінің мәңгілік жәдігері араға 840 жыл салып барып, жоқ болып кетуден аман қалады [3].

Түркітанушыларға белгілі ғалым Бесим Аталай 1939-1941 жылдар аралығында «Китаби лұғат-ит түркті» тұңғыш рет түрік тіліне аударып, үш том етіп жариялайды. Мұның сыртында ол қолжазбаның факсимилді баслымын, индекс сөздігін жарысқа шығарады. Оның есептеуінше, сөздікте 8783 сөз бар. Әр атаудың тұсында мысалға алынған мәтіндердегі (ресстерге алынбаған) сөздерді қоса есептегенде, сөздікте 10000-ға жуық сөз қойылғаны белгілі болып отыр. Бұл сөздер сол заманның тұрмыс-тіршілігі туралы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайында, нанымы, тағам түрлері, қару-жарақтары, қол өнері, тағы басқа ұғым-түсініктері төңірегінде мол мағлұмат береді. Бұған қоса сөздікте, зерттеушілердің көрсетуінше, 300-ге жуық мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер, 200-ден аса өлең-жыр шумақтары, 80-ге тарта ру-тайпа аттары, 100 шамасында кісі аттары, сондай-ақ 100-ге тақау қала, қыстақ атаулары ұшырасады екен.

Махмуд Қашқаридің хатқа түсірген дөңгелек картасы дүние жүзіндегі ең ежелгі карталардың бірі саналады. Ол ең әуелі түрік қағандарының мекені болған Баласағұн шаһарын жердің кіндігі етіп алып, қалған шаһарлар мен елді мекендерді осы қаланың ыңғайына қарай

орналастырған және бағыттар Орхон жазбаларындағыдай ежелгі түркі дәстүрі бойынша анықталған. Түркілер мекендеген аймақтардағы шаһарлар мен елді мекендер, таулар мен өзендер, көлдер мен теңіздер бүге-шүгесіне дейін анық көрсетілген. Сонау Румнан Машынға дейінгі түркі тайпалары мекен еткен жерлерді қағаз бетіне бедерлеп шыққан ғалым олардың әрқайсысына сипаттама берді. Олардың жер көлемі, қай аралықтарды мекендейтіні, тілі, географиялық ерекшеліктері жайында сөз етеді. Осылардың барлығы анық көріну үшін жердің пішіні тәріздес етіп дөңгелек шеңбер ішіне орналастырғанын айтады [3].

Сөздікте алдымен есімдер, одан кейін етістіктер рет-ретімен баяндалады. Басқаша айтқанда, жәдігерді «Есімдер» мен «Етістіктерде» деп аталатын екі үлкен бөлімге бөлуге болады. Бүкіл түркі халықтарына ортақ сөздерге ешқандай белгі қойылмаған. Кейбір жеке тілдерде немесе белгілі бір тілдер тобында кездесетін сөздерге сол тайпалардың атын атап, лексикалық белгімен айшықтаған. Мұны қазіргі кездің тұрғысынан диалектілік ерекшеліктер деп жүрміз.

Кітапта әсіресе фонетикалық айырмашылықтарға ерекше көңіл бөлінген. Олардың тілдік табиғатын жан-жақты ашылған. Тілді шын мәнінде түсіну үшін қаншама ережелер ұсынылған. Еңбекті түркі тідерінің тұңғыш салыстырмалы фонетикасы, лексикасы, грамматикасы деп атауға болады. Сөздіктегі тілдік деректер ғана емес, әдеби, мәдени, этнографиялық, географиялық, т.б. деректер – ғылым үшін таусылмайтын кен.

Махмуд Қашқаридің «Китабу дивани лұғат-ит түрк» атты еңбегін дүние жүзі ғалымдары зер сала зерттеуде. Сөздіктің ашылған сырларынан ашылмаған қырлары әлі де жеткілікті. Мысалға тілшілер сөздікті қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылды деп танығанымен статистикалық есеп аталған тілге қарағанда, оғыз-қыпшақ элементтерінің басымдығын көрсетеді. Мұның өзі ескерткішке қайта-қайта оралу қажеттігін дәлелдейді. Алда күтіп тұрған асулар көп.

Әдебиеттер:

1. Сағындықұлы Б. «Гибатул хақайық» - XII ғасыр ескерткіші.-Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. Аударған А.Егеубаев.-Алматы: «Хан» баспасы, 1997.
3. «Махмуд Қашқари және «Диван лұғат-ит турк»// «Түркістан» газеті, 1 қараша 2012.
4. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә.,Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.-Алматы: Мектеп, 1971.

Кульбаева Мирамкуль Муратовна

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі,
6D020500-филология мамандығының 1-курс докторанты, Қостанай қ., mira_1982@mail.ru

МӘДЕНИ КОДТЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (ғұрыптық фольклор негізінде)

Түйін. Мақалада фольклор саласындағы дәстүр мен мәдениеттің ұштасуы қарастырылған. «Мағыналық символ», «бесік» және тілдік таңбадағы мәдени-тарихи ұғымдарға түсініктеме берілген.

Түйін сөздер: мәдениет, әдет-ғұрып, бесік, халық дүниетанымы, фольклор, этнолингвистика, сакральды ұғым.

Резюме. В статье представлено сочетание традиций и культуры в фольклоре. Объяснение культурно-исторических понятий в «значении символа», «колыбели» и лингвистическом характере.

Ключевые слова: культура, традиции, колыбель, мировоззрение, фольклор, сакральная концепция, этнолингвистика.

Summary. The article presents a combination of traditions and culture in folklore. Explanation of cultural and historical concepts in the «meaning of the symbol», «cradle» and linguistic character.

Keywords: culture, traditions, cradle, world view, folklore, sacred concept, ethnolinguistics.

Фольклор - әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, дәстүрлі дүниетанымның алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Ғұрыптық фольклор ұғымын жалпы мағынасында алсақ, отбасында атқарылылатын ғұрыптарға байланысты сөзбен өрнектелген поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалардың барлығын енгізуге болады. Ғұрыптық фольклор-ұлттық мәдени ерекшеліктер мен этностың заттық және рухани өмірін айқын көрсетеді. Ғұрыптық фольклор үлгілерінен алынған тілдік деректер негізінде сол заманда өмір сүрген ата-бабамыздың көне мен бүгінді жаңғыртушы, өмір тәжірибесінде өзекті орны бар этностың мәңгілік құндылықтарының бірі рухани мәдениетін және тұрмыс ерекшелігі, ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, қару-жарағы, ер-тұрманы, әртүрлі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты қолданған заттары арқылы материалдық мәдени мұраларды көреміз.

Қазақстанның түкір-түкірінен табылған археологиялық қазбалардан көне тайпалар мәдениетінің бүгінгі қазақ дәстүрі мәдениетімен тамырласып жатқаны, материалдық мәдени мұралар мен рухани жад деректерінің үндестігі дәлелденген сайын, ұлттық мәдениет тарихын тереңнен қарастырудың қажеттілігі артуда. Тіл мен мәдениетті зерттейтін салалардың қатарына «лингвоэтану», «лингвоәкетану», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика», «этномәдениеттану» т.б. жатады. Жалпы тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми үлгілері: этнолингвистиканың, этномәдениеттанудың, лингвомәдениеттанудың жалпы және ұқсас мақсаттары мен міндеттері – ұлт тілі арқылы ұлтты тану, ойлау жүйесінің ерекшеліктерін анықтау, қысқаша айтқанда, ұлттық менталитетті айқындау, басқалардың айырмашылығын көрсету. Кодқа салынған тарихи-мәдени ақпараттарды тілдік және этномәдени тұрғыдан ашу – этнолингвистика саласының өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл сала көп жағдайда этностың шығу тегіне, оның салт-дәстүріне, ата-бабаларының тағылымына, қоршаған табиғи ортасына, сондай-ақ этнос өмір-тіршілігіне қажетті де ерекше орын алатын заттық (материалдық) мәдениеттің қыр-сырына да ерекше мән беріп келеді. Этнолингвистика мәдени кодтың тарихи-семантикалық себептері мен қалыптасуын анықтайды. Мәдени кодты зерттеу, зерделеу ұлт менталитетін сараптауда өзекті орын алады.

Күнделікті өмірде көптеген салт-дәстүр мен ғұрыпмыздың өзіне тән мағынаның толық ауқымы емес, «үстіңгі қабаттағы» лексикалық мағыналары ғана қарастырылып келеді. Осы тұрғыда бесік жырлары және «бесіктің» халық дүниетанымында алатын орны жайында тоқтала кетсек. Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» дегенді тегін айтпаған. Ғасырлар бойы қалыптасқан бала тәрбиелеу ісіндегі дәстүрлі ғұрыптар мен ұғым-түсініктердің, тарихи оқиғалар мен кезеңдік ақыл-ой дамуының ізі бесік жырларында сайрап жатыр. Бұл жырлар бала тәрбиелеу ісіндегі ғұрыптық рәсімдерді сүйемелдеп отыратын қолданбалы сипаттағы мұра ғана емес, ең бастысы, ол жас ұрпақтың рухани әлемін қалыптастыруды мұрат тұтатын, бала көкірегіне көркемдік нәр сіңіріп, қиялына қанат бітіріп, өнер тылсымына жетелейтін эстетикалық категория. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бүгінде әлемдік, көршілес елдер фольклортану ғылымында бесік жырын жан-жақты сөз еткен талай іргелі зерттеулер молшылық.

Бесік жырлары – ұлттық рухани негіз, себебі ол еліміздің кешегі және бүгінгі тарихын тізбектеп, этнолингвомәдени қазынаны сақтап келеді, әрі энтографиялық, этномәдениеттік феномен болып

табылады. Олар ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан табиғи құбылыстарын, этномәдени дәстүрін, менталитетін, тілдің семантикасы, яғни тілдік мағыналардың маңыздылықтарын сақтайды. Бесік жырында ел тұрмысының көріністері мол: «жілік шағып берейін», «байқұтанның құйрығын жіпке тағып берейін», «қой тоқтысын сой, бөпем», «үстіне тоқым жабайын, астына терлік салайын» «быламыққа май құйып, төңкерме ғып берейін» т.б. толып жатқан этнографиялық детальдар мен баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады.

Қазақтың «киелі ақ бесігінің» халық дүниетанымында маңызы зор. Бесік ұғымы: 1. Жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек. 2. Ауысп. Өскен орта, мекен, атақоныс. 3. Ауысп. Бір нәрсениң тұңғыш шыққан жері. Бесік жыры – жас нәрестені жұбатып, алдарқататын сазды ән. Бесік құда – балалары бесікте жатқан кезінде атастырылып құда болысқан. Бесік табы кеппеген – әлі балғын, жас. Бесіктен белі шықпаған – есеймеген, буыны қатпаған [1, 128б.].

Этнограф ғалымдардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «Бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы» болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке салу – халқымыз үшін елеулі дәстүрлердің бірі. Осындай қуаныш үстінде бесік жыры айтылады [2, 12б.]. Қазақ арасында бала бесікке 7, 9, 11, 13 күн аралықтарында салынады. Қазақ бесігі ананың баланы бағып-қағудағы ауыр еңбегін көп жеңілдетіп, қолын босатады, оның гигиеналық жағынан таза, ауру-сырқау, табиғи қауіп-қатерден аман-есен өсуіне жағдай туғызады. Сол сияқты халық бесікті өз ұғымдарындағы, сенім-нанымдарындағы жын-шайтан, албасты, үббе т.б. тәрізді мифологиялық қауіп иелерінен де қорғайтын киелі орын деп ұққан. Сондықтан да баланы бесікке салу рәсімі ауылдастар арасында арнайы тойланып, түрлі әдет-ғұрып салттары, ырым, жоралғылары жасалады [3, 38б.]. Бесік сөзінің ежелгі қолданыстарын көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, жазба деректердің барлығынан жолықтыруға болады. Э.В. Севортян бесік сөзінің этимологиясын екі түрлі түбірмен байланыстырады. Оның алғашқысы: бе: шибе: ше деген формадағы етістікке -к/ик, -ук аффиксінің жалғануымен жасалған деген жорамалға сайса, екіншісі: бэ - бесік (эвенкілерде) деген ұғымдағы зат есім түбірінен түрленген форма деген болжамға ұласады [4, 122-123б.]. Э.В. Севортян **бесік** сөзінің мағыналарын былай түсіндіреді: 1. колыбель, люлька; 2. младенец; 3. потомство, поколение, род, родство; свойственник. 4. друг, возлюбленные; 5. гроб, могила. Ол сары ұйғыр тіліндегі **пел`е**-, якут тіліндегі **billä**-, чуваш тіліндегі **пиеле**-, басқа түркі тілдеріндегі **бе:ше**~**бе:ши** тұлғалары М.Қашқари сөздігіндегі «құндақтау», «бесікке таңу» мағынасындағы **belemek** (<**be-le-mek**) етістіктеріне сай келетінін айтады [2, 11-12 б.].

Халық арасында қазіргі күнге дейін сақталып, зерттеушілер еңбектеріне арқау болып жүрген көне ұғымдар мен наным-сенімдер, ырымдар: бесіктің арқалығын қару, оған үкі, қасқырдың азуы сияқты заттарды іліп қою, баланың басына пышақ, қанжар, т.б. заттар жастап қою, бос бесікті тербетпеу, баланы бөлерде бесікті отпен аластау және т.б.

Қазақта баланы бөлерде бесікті отпен аластап:

Алас, алас, пәледен қалас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас,
Отыз омыртқасынан алас! –

дегендей ырым өлеңдер айтылады. Мұндай анимистік ұғым әр халықта сақталған. Кейбір бесік жырлары негізінде балаға зиянкестік жасайтын түрлі құбыжықтарды жыр сөзімен алдап-арбап жолатпау ниеті бар. Мысалы, балалары өле беретін ата-аналардың тумаларын біреуге беріп, қайта «сатып алу» немесе баласына түрлі жаман есімдер беру салттарынан да көрініс береді. А.Л.Троицкая «сатып алу» ырымының бесікке салу кезінде де болатынын жазады [5, 14б.]. Оның мәліметіне карағанда, бесікке салу құрметіне ие болған адам бесікке атша мініп отырып, “сатып ал” деп дауыстайтын көрінеді, отырғандар шамасына қарай әлденелер береді. Ырым жоралғысы бойынша бесік тойына жиналғандар бала емес, ат сатып алған болып шығады. Бірақ бұл этнографиялық детальдар бесік жырының магиялық функциясына әлі де болса толық дәлел бола алмайды. Бесік жырының өте көне үлгілері бізге жетпеген, ал соңғы кезеңдегі бесік жыры мәтініндегі мифологиялық ұғым түсініктердің оған кейін жамалуы мүмкін. Сондықтан оның арбау қызметі жөнінде кесіп айтарлықтай бұлжытпас дәлел жоқ [6, 91б.]. Сонымен қатар, халық арасында қалыптасқан ырым-тыйымдар: бос бесікті тербетпейді; бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек; үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет; бесіктің теріс жағына отырмайды; бесікті саудаламайды, айтқан бағасына сатып алу керек; бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс; киелі

дүниенің бағасын аспандатпауы керек; қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан, бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған.

Дәстүрлі бесік жырларына ұзақ жылдар бойы айтылып әбден қалыпқа түскен, мазмұндық-композициялық негізгі қаңқасы толық сақталып Қазақстанның барлық түкпірінде көп өзгеріссіз айтылатын жырлар жатады. Жыр құрылысында «әлди-әлди» немесе «жылама, бөпем, жылама» тәрізді қайырмалар қайталанып, жырдың негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға, тыныштандыруға оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. «Әлди-әлди» орыстардағы «баю-бай», өзбектердегі «алла- алла», татарлардағы «әлли-бәлли» сияқты қазақ бесік жырындағы тұрақты қайырма. Бұл жырларда қазақ халқының дәстүрлі бала тәрбиелеу ісінің, халық тұрмысының, ұғым-түсінігінің, арман-мақсатының көріністері мол. Төле би «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» десе, дана халқымызда «Туған жер – алтын бесік» деген даналық бар. Қазақ халқы бесікті киелі, қасиетті, құтты мүлік санаған. Туған жерді бесікке теңеу де бесікке деген құрметінен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
2. Айтмұқашева А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: 10.02.02.– Алматы, 2007.–35 б.
3. Исламжанұлы (Матыжанов) К. Рухани уыз (Қазақ балалар фольклоры). – Астана: 2008. – 228 б.
4. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские основы на букву “Б”. – Москва, 1978.
5. Троицкая А.Л. Первые сорок дней ребенка (чилля) среди оседлого населения Ташкентского и чимкентского уездов. – Ташкент, 1927.
6. Исламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры: Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.

Мағжан С.

Филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ доцент м.а.

Бектас А.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушы, magjan_saule70@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЙ: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Бұл мақалада тілдік жағдай, тілдік саясат мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ Қазақстандағы тілдік жоспарлаудың теориясы мен практикасы сөз болады. Тілдік жағдай демографиялық әркелкілік, экзоглотық, көпсубъектілік, қазақ тілінің өмірлік бірегейлігі тұрғысынан сарапталады. Тілдің жандануы мәселесі қаралады. Қазақстандағы тілдік Ренессанс саясатының тиімділігін бағалау мәселесі де сөз болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, демография, әлеуметтік лингвистика, диаспора тілі, қоғам, этникалық тіл, миграция, халық саны.

Аннотация: В статье рассматриваются языковая ситуация, языковая политика. Также рассмотрены теория и практика языкового планирования в Казахстане. Осуществляется анализ языковой ситуации с точки зрения демографической неравновесности, экзоглотности, олисубъектности, витальности казахского языка. Рассматривается проблема возрождения языка. Дается оценка эффективности политики языкового Ренессанса в Казахстане.

Ключевые слова: государственный язык, демография, социолингвистика, язык диаспоры, общество, этнический язык, миграция, численность население.

Summary: The article deals with the language situation, language policy. The theory and practice of language planning in Kazakhstan is also considered. The analysis of the language situation from the point of view of demographic disequilibrium, exogeneity, olisubjectivity, vitality of the Kazakh language is carried out. The problem of language revival is considered. An evaluation of the effectiveness of the policy of language Renaissance in Kazakhstan is given.

Keywords: state language, demography, sociolinguistics, language of the diaspora, society, ethnic language, migration, population.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайықты жаңа заманда жанаша ойлайтын жеке тұлғаны дайындау шарт. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары туралы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп атап көрсетеді [1].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі [2]. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі Елбасымыз атап айтқандай, «барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек.

Мемлекеттік тіл мәртебесі конституцияда бекітілген, мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздар осы тілде жүргізіледі. Әдетте мемлекет негізін құраушы әрі жердің байырғы иесі болып саналатын халықтың тілі мемлекеттік тіл болып бекітіледі. Бірақ ұзақ уақыт отар болып, өз тілін ұмыта бастаған кейбір елдерде отарлаушы елдің тілі мемлекеттік тіл болып бекітілген.

Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың тізімдік сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес – барлығы 91,5 мың лексикалық бірлік кірген бір ғана он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» куә бола алады. Қазақ тілі түркі тілдерінің (солтүстік-шығыс ареал) қыпшақ тобына кіреді (татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қырым-татар, қарақалпақ, ноғай) және ол, әсіресе, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болып табылады. Қазақ тілі ең көне бастауын әр кездегі ежелгі түрік жазулары ескерткіштерінен: Талас-Орхон-Енисей жазулары (V-VIII ғғ.), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат түрік» еңбегі, Ахмет Йүгінекидің «Ғибат Ұл хақайық» еңбегі, Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметі» (X-XII ғғ.), Алтын Орда, Шағатай және қыпшақ (XIII-XIV ғғ.) тұсындағы жазулардан алады.

Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлері мен тілдік нормаларында қалыптасқан, кейінгі кезде ақындар, жыраулар мұрасы арнасына құйылған, ұлы Абай мен Ыбырай шығармашылығы арқылы бізге жеткен қазіргі қазақ әдеби тілі.

Қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ,

ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Республикамызда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.), «Тіл саясаты туралы» Тұжырымдамасы (1996 ж.) және осыларға негізделген «Тіл туралы» Заң (1997 ж.) республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тіл – қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми-зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б.

Сонымен, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпыхалықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі:

- түпкі түрін сақтаған түркі туыстас байырғы тіл;
- ежелден жазба мәдениеті бар тіл;
- әдеби тіл, жергілікті тіл (диалекті), сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар;
- демографиялық тірегі мықты ұлттық тіл;
- құрылым-құрылысы кемелденген тіл;
- егеменді Қазақстан Республикасы өз қамқорлығына алған мемлекеттік тіл.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі Елбасымыз атап айтқандай, «барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек.

Бұл күндері қазақ тілінде жер бетінде 15 миллионнан астам адам сөйлейді. Егер қазақ тілінің түркі тілдер тобына кіретінін, әлемдегі 30-ға жуық түркі тілдерінде 200 миллионға тарта адамның сөйлейтінін ескерсек, қазақ тілін ұғатын, түсінетін, оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана алатындар саны тіпті көп.

Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады. Осы қасиеттеріне сәйкес қазақ халқының ана тілі – қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде басымдылық берілетінін негіздеген Ата заңымыз [3] бен «Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы» [2] және «Тілдерді қолдану мен дамыту туралы мемлекеттік бағдарламаларға» [4] сай қазақ тілі еліміздің бүкіл аймағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болуы тиіс.

Қашаннан да елдіктің қайнар көзі – белгілі бір халық екендігі белгілі. Тарихи тұрғыдан келгенде, қандай болмасын мемлекет әдетте ұлттық мемлекет ретінде пайда болады. Оның мемлекеттік құрылтайшысы, әрі әлеуметтік базасы белгілі бір этникалық қауым болып табылады. Тарихи және жалпы азаматтық практикада, бұл солай. Яғни, ел болған жерде оның тілі – мемлекеттік тіл болуы керек. Біздің еліміз қазақ елі болғандықтан, мемлекеттік тіліміз де қазақ тілі. Бұл Ата заңымыздың 7-бабында «тайға таңба басқандай» етіп, мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп атап көрсетілген [3]. Сондықтан да мемлекет өз тілін сақтап, оның қолдану өрісін кеңейту үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Өйткені тіл – біздің ана тіліміз – Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымызбен қатар біздің елдігіміздің басты белгілерінің бірі болып саналады. Мемлекет болған жерде оның мемлекеттік тілі болуы да керек. 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы қабылданғаннан бері қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып – Қазақ тілі белгіленеді [2]. Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік тіл – тек қазақтың тілі емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ұлтаралық ортақ тілі. Бүгінгі таңда басқа ұлт өкілдерін мемлекеттік тілде оқыту өзектілігін жоғалтқан жоқ. Елбасының «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан халқының тілдерін дамытуда көрсетілген үш негізгі мақсаттағы стратегиясының бірі – «Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту» өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытудың мақсат, міндеттерімен үйлесіп отыр. Әр мәдениетті азамат өз отанын, өскен өлкесін, оның тарихын, мәдениетін, тілін білуге тиісті. Халықтың тарихын, мәдениетін, тілін, рухани байлығын білу – адамда халыққа деген құрмет сезімін оятады. Адам өмір сүреді қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынастар адамдар арасындағы сыйластыққа, достыққа, бірлікке құрылуы керек. Ал, шынайы достық қарым-қатынас тіл арқылы ғана жүзеге асады.

Қазақстан көп ұлттың өкілдері тұратын (көп диаспоралы) мемлекет. Еуразия континентіндегі бір кездегі көптеген эмиграциялық процестердің экспериментіне айналған ел, көші-қон үрдістерін көп қабылдаған реципиент мемлекет. Қазақстанның Ресейге қосылуы (1731-1865 жж.) Қазақстан жеріндегі этнотілдік жағдайдың қалыптасу үдерісінің күрделенуіне және әркелкілігіне тікелей әсер етті. Соның ішінде: мемлекеттік шегараның бірнеше рет өзгеруі; мемлекет халықтарына төтенше әсер еткен кеңес дәуіріне дейін, кеңес дәуірінде, тәуелсіздік алғаннан кейін және соңғы жылдардағы мемлекеттік саяси құрылыстың ерекшеліктері; қоғамдық жүйенің түбегейлі өзгерісі, тәуелсіз Қазақстанның экономикасының және қоғамының жаңғыруы. Солардың ішінде ең маңыздылары:

- Столыпиндік реформа барысында жалпы жер көлемінің 30% алып қоюы, қазақтарды көшіру және босаған жерлерге Ресей және Украинаның әртүрлі губернияларынан көшіп келген адамдарды орналастыру. Соның нәтижесінде Қазақстанның солтүстік-батысында, солтүстікте, шығыста және оңтүстік-шығысында көшіп келгендердің ірі славяндық этникалық топтары қалыптасады:

- 1923-1933 жж. аралығындағы демографиялық апат. Соның нәтижесінде Республикамыздың халқы 2,4 есе кеміп, өзінің тарихи отанында қазақтар 1966 жылға дейін этникалық азшылық ұлтқа айналады:

- Соғыс алды жылдарда Қазақстан жеріне қуғын-сүргінге түскен халықтарды көшіреді. 1937-44 жж. тұтас халықтарды ата жұрттарынан Қазақстан аумағына күштеп көшіру науқаны жүргізілді. 1937 ж. алғашқылардың бірі болып Қиыр Шығыстағы корейлер көшірілді. Олар негізінен Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарына қоныстандырылды. Сол жылы Армения және Әзірбайжаннан, 1944 ж. Грузиядан күштеп көшірілген күрдтер Қазақстан мен Орта Азияға қоныстандырылды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында КСРО ХКК-нің 1940 ж. 18 қазандағы қаулысымен Қазақстанға Украина мен Беларусьтің батыс облыстарынан поляктар көшіріліп әкелінді. Олар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарына ірге тепті. Соғыс басталысымен 1941 ж. КСРО-ның батыс аймақтары мен Еділ бойынан неміс жұртшылығы, сонан соң 1944-45 жж. Украинада, Беларусьте, Балтық жағалауында тұратын немістер көшірілді. 1943 ж. қазанда қарашайлар Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарына, сондай-ақ, Қырғызия мен Өзбекстанға көшірілді. Одақтық үкіметтің 1943 ж. күзде қабылдаған шешімі бойынша келесі жылдың көктемі мен күзінде Қазақстанға Солтүстік Кавказ бен бұрынғы Қалмақ АКСР-нан арнайы қоныс аударушылар Қазақстанға тұрақты мекендеуге көшірілді. 1944 ж. ақпанда Қазақстан аумағына чечендер мен ингуштер жер аударылды, ал наурыз айында Қазақстанның оңтүстік аймағына және

Қырғызияға балқарлар әкелінді. Л.Берияның “Қырым АКСР-ның аумағынан Кеңеске қарсы элементтерді тазарту туралы” 1944 ж. 13 сәуірдегі бұйрығымен Қырым татарларын, болгарлар мен гректерді көшіру науқаны жүргізілді. Олар Өзбекстанға және Қазақстанның оңтүстік аймақтарына қоныс тепті. 1944 ж. 13 маусымда Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысымен Грузиядан көшірілетін арнайы қоныс аударушыларды республика аумағына қоныстандару туралы Қазақстан үкіметіне өкім берілді. 1944 ж. қарашада Грузиядан Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарына месхеттік түріктер мен күрдтер күштеп қоныстандырылды;

- Соғыс және соғыстан кейін жылдары өндірістік орындарды толтыру үшін басқа жерден халықтарды эвакуация жасайды және көшіріп әкеледі;

- Тың және тыңайған жерлерді меңгеру мақсатында басқа халықтар өкілдерін Қазақстан жеріне көшіру нәтижесінде Қазақстан халқы құрамының сапалық және сандық өзгеруі орны алады. Мысалы: орыс халқының саны осы жылдары 21% өседі (1 279 979-дан 3 974 229-ға дейін), ал қазақтардың саны 24,7% азаяды (3 713 394-тен 2 794 966-ға дейін). Осы үдерістің нәтижесінде қазақ халқының саны 30%-ға кеміп, орыстардың халық көлеміндегі меншікті көлемі 19,9 %-дан 42,6 %-ға көбейеді. Қазақстан аумағы жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұратын мекенге айналды;

- 1970-1979 жж. халықтың миграциялық жаппай көшуі қазақтардың теріс айырмасы 1979-1989 жж. миграциядан 2,2 есе артық болады, ал орыстардың бұл көрсеткіші 1,9 есе құрайды;

- 1990 жылға дейін Қазақстан халқының демографиялық жағдайы тұрғындар санының ұдайы қарқынды өсуімен, қалада тұрушылар үлесінің шұғыл артуымен, ұлттық құрамының қарқынды араласуымен, халық тығыздығының біркелкі болмауымен сипатталды. 1990 жылдан кейінгі кезеңде славян, герман тектес тұрғындардың өз еліне қоныс аударуы көбейіп, республика халқы едәуір азайды, қазақ және басқа түркі тектес халықтардың үлесі артты, сондай-ақ, нарықтық қатынастарға байланысты ішкі көші-қонның әсерімен қала тұрғындарының саны өсе бастады. Тәуелсіздік жылдары орыс-славян және неміс халықтарының өздерінің тарихи отанына қайтуы, осы жылдары екі миллион орыс және жарты миллион неміс көшіп кетеді, жалпы халықтың санының азаюына апарып соғып осы халықтардың жалпы үлесі азаяды;

- Халықтың саны 17-17,5 миллионнан (1989 ж.) 14,9 миллионға (1999 ж.) дейін кемиді. Соның ішінде немістер 63%, украиндықтар 38%, белорустар 37%, орыстар 26,6 %, татарлар 22%, поляктар 21,1%, азербайжандар 13,1%-ға азаяды.

- КСРО-дан ТМД-ға өту барысындағы геосаяси өзгерістер мемлекеттіктің тұжырымдамасының өзгеруіне әкеліп соғады. Соның ішінде әлеуметтік тіршілікте және мемлекеттік құрылыста этноұлттық элементі қызметінің өзгеруі және этникалық тілдердің және мәдениеттердің қайта өркендеуге ұмтылуы [5,13 б.].

Пайдаланған әдебиеттер:

1 «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жыл, Астана қ.

2 «Қазақстан Республикасы Тіл туралы» Заңы. 1997 жыл 11 шілде.

3 Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз.

4 «Тілдерді қолдану мен дамыту туралы» мемлекеттік бағдарлама.

5 Сүлейменова Э.Д., Ж.С.Смагулова. Қазақстандағы тілдік жағдай және тілдік жоспарлау. Алматы, «Қазақ университеті». – 2005 ж. 343 б.

Пангереев А.Ш., Измуханова Г.К.,

филол.ғ.д., профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
магистранты, Ақтөбе қ. e-mail: pan.abat@mail.ru, e-mail: gul_92_92@mail.ru

МИФОФОЛЬКЛОРЛЫҚ СЮЖЕТТЕРДЕГІ СИМВОЛДЫҚ МӘН

***Түйін.** Мақалада миф пен фольклордың ара-қатысы сараланады. Осы негізде мифофольклорлық сюжеттердегі символдық мән зерттелінеді. Фольклор сюжеттерінде көрініс беретін символдардың ақпараттық жиынтық мағына үстейтін қызметі айқындалады. Осы ретте қазақ және басқа халықтардың шығармашылық түрлері салыстырмалы аспектіде қарастырылады.*

***Резюме.** В статье анализируется взаимосвязь между мифами и фольклорами. Исходя из этого, изучается символическая ценность мифофольклорных историй. Символы, представляющие фольклорный сюжет, будут добавлены в дополнительный набор информации. В то же время творческие формы казахского и других народов рассматриваются в относительном аспекте.*

***Summary.** The article analyzes the relationship between myths and folklore. Based on this, the symbolic value of mythological histories is studied. The symbols representing the folklore plot will be added to the additional set of information. At the same time, creative forms of the Kazakh and other peoples are viewed in a relative aspect.*

Фольклорлық мұралар – жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре мен аңыздардың, ертегілердің, діни сипаттағы әпсаналардың астарында өзіндік бір код, символдық мән бар. Бұны анықтап тану үшін фольклордың туу басында жатқан мифтерге баса назар аудару керек деп білеміз. Осы ретте мифтерді жүйелеп, оның қалыптасу, даму кезеңдеріне көз жүгірткен жөн.

Бірінші кезең – ықтимал мифтік сипаты бар сөздер мен ұғымдарды, аңыздар мен басқа да фольклорлық материалдарды жинақтап, олардың негізінде алғашқы мифологиялық түсініктердің бағыттарын, үлгілерін, тұрақты трафареттерін анықтау.

Екінші кезең – қазақ мифологиясының ғылыми пән ретінде тарихи даму, өзгеру, қалыптасу жолдарын, негізгі зерттеу нысандарын, әдістемелерін, теориялық ережелері мен жөн-жосықтарын бір арнаға түсіру.

Үшінші кезең – бастапқы ғылыми мифология пәнін рухани саланың мамандарының көмегімен (этнопсихолог, дін ғұламалары, философ, өнертанушы, мәдениеттанушы, социолог, тарихшы, этнограф, фольклоршы, т.б.) дамыған мифологиялық зерттеу мектептерімен (мәселен, еуропалық мектеппен) теңестіру[1, 122].

Мифологизм, белгілі дәрежеде әдебиет үшін көркемдік әрі танымдық қызмет атқарып келді және бұл қызметін әлі де жалғастыруда. Әсіресе, фольклорда мифологизмнің әсері белсенді болды. Фольклорлық туындылардың қай-қайсысында да мифологиялық ойлау айқын. Біз әдебиетті бейнелі ойлаудың жемісі десек, оның алғашқы сатысы – фольклорда бейнелі ойлау түрімен адамдар өзін қоршаған әлемді тануға ұмтылды. Фольклорлық мұраларға, философия мен әдебиеттің дамуына мифологизмнің қосқан үлесі ерекше. Фольклорлық шығармалар – халық ақыл-ойының, қабілетінің жиынтығы, қазынасы. Көне дәуірлерден адамдар жады арқылы сақталып жеткен ертегілер мен аңыздардан, эпостық туындылардан мифтік танымның көрініп отыруы заңдылық, себебі мифтер тайпалардың қасиетті рухани қазынасын құрайды. Олар ұлттың салтымен, дәстүрімен, ырым-жоралғыларымен тікелей байланысты. Қазақ фольклорындағы мифологизмнің көріністері дегенде, ең алдымен ертегілерді, аңыз, хикаяларды, сонан соң тұрмыс-салт жырларын, эпостарды, ырым-тыйымдарды еске алуға болады.

Әрине, миф жөнінде айтылған пікірлер біркелкі емес, әр қиырда әр түрлі. Мысалы, көне герман мифін зерттеушілер миф – құдайлар туралы әңгімелер, егер солай болса мифті айтқанымыз – құдайларды айтқанымыз деп дінді мифологиядан жоғары қояды. Бұл қисынға келмейтін дүние. Өйткені миф өз алдына жеке-дара тұрғандығынан емес, жаратылыстағы көптеген наным-сенім, ұғым-түсініктердің көрінісі болғандығынан назардан тыс қалмай, халық жадынан өшпей келеді. Мифтің белгілері фольклорда, оның персонаждарының ғажайып жаратылыстары, ғажап әрекеттері және сол әрекеттерді нақты, әрі затты етіп мақсатқа бағындырып тұрған белгілі бір құбылыс, не оқиғаның ерекшеленетін белгісі, символдық мәні ретінде орныққан заттық белгілерде айқын көрініс береді және осынысымен де өміршеңдікке ие етеді.

Бұл тұрғыда М.И.Стеблин-Каменскийдің интерпретациясы арқылы берілген В.Вунд айтқан мына бір пікір айрықша мәнді: «Миф и символ не только не тождественно, но они – образования стоящие на противоположных концах религиозного развития: миф – в начале, символ – в конце. Между ними располагаются, разумеется, разные промежуточные образования, в которых представление может быть одновременно и действительностью, и символом. Сам миф не имеет символического значения, но пока природный миф жив, явления воспринимаются непосредственно так, как их изображает миф»[2,96].

Әрине, белгілі бір құбылыс пен мифтің арасы алшақтаған сайын оның бұрынғы табиғи мәні солғынданып, өше бастайтыны, оның тұрақты белгісі фольклор мәтіндерінде сақталып, символдық өң алатындығы ұғымға қонатын түсінік.

Адамды жан-жануардан ажыратып тұратын оның санасы болса, сол сананың сәулендіретін құбылыстарының бірі – символдар, яғни дүниені, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың кейбір мағыналық түрлерін символ арқылы танып білу. Адам өмір сүріп отырған ортаның тарихи қатпары терең, рәсімдері мол. Олардың бәрін бірдей жадыда сақтау күрделі. Сондықтан символдар бұл тұрғыда оңтайлы тәсіл болып табылады. Олар табиғи түрде қалыптасып жетілген адам санасының жемісі деуге болады.

Әр халық өзінің өмір сүру дағдысының ерекшеліктеріне байланысты символдық ұғымдарды өзіндік мағынада қолданып отырған. Мәселен, көне грек тілінде символ «жеке куәлік» деген мағынаны білдірген.

Символдарға деген қызығушылық барлық ғылымдарға тән. Ол тек лингвистикада ғана емес, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифопоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым түрлерінде жоғары сапаға ие.

Жалпы алғанда халықтың дүниеге көзқарасына сәйкес тіл ғана символдарды бір жүйеге келтіре алады. Өйткені ұғым атаулының бәрі тіл арқылы бейнеленеді. Профессор Қ.Жұбановтың: «Сөз хабарлау үшін керек, егер осы керекке жарамаса, ол сөз емес. Сөйлеп хабарласқанда әр нәрсенің аттарын (номинативтерді) құрап, хабар беріледі. Осылайша номинативтерден құралмай жасалған хабар жоқ. Ат болмаса сөз де болмайды. Номинатив сөзді бірінен-бірі айыру үшін ат қоямыз. Атты неге қоямыз? Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз. Нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын қылмай-ақ ымдап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік (алғашқы адамдар, осы күнгі мылқаулар солай сөйлеседі ғой)» [3, 99], - деп сана мен сөздің ара салмағын дәл пішіп айтқан пікірі жоғарыда келтірілген сөздің мейлінше мағыналы екендігін білдіреді.

Символдарды зерттеп қарастырғанда оны таңбамен тепе-тең қарастырушылар, өмірді өнер арқылы бейнелей алатын әмбебап категория деп санайтындар, мәдени объект деп қарайтындар, танымдық тәсілдердің шынайы мағынасы деп есептейтіндер бар, ол пікірлердің бәрі де дұрыс. Себебі символ осы сапа-қасиеттерді бойына түгел жинақтаған.

Символдарда мифологиялық, архетиптік белгілері бар деп есептейміз. Мысалы, кемпірқосақ – орыс халқы үшін үміттің, арманның символы, осыдан келіп радужные мечты, радужное настроение, радужные надежды деген тілдік қолданыстар пайда болған. Бұл символдар «Библиядан» бастау алады. Алла топан судың тоқтатылғандығы жөніндегі белгі ретінде жер бетіне кемпірқосақты жібереді. Осыдан бастап кемпірқосақ символға айналған [4, 87]. Ал кемпірқосақ қазақтарда басқаша ұғым береді. Қазақ мифі бойынша аспанда кемпір бар. Ол кемпірдің көп қойлары бар, қойларының түсі қызыл, жасыл, сары, күлгін болып келеді. Алайда ол қойлардың түстері тек жаңбыр жауғаннан кейін ғана көрінеді екен. Кемпір қойларын қашып кетпесін деп қосақтап байлап қоятын болған. Содан кемпірқосақ деген атау туған. Бұл жөнінде академик С.Қасқабасов: «Кемпірқосақ жайындағы миф те – қазақ өмірінің аспандағы бір көрінісі. Қой қосақтап сауу – қазақтың әдеттегі шаруасы. Ал осы күнделікті тұрмыстың, шаруашылықтың жаңбырдан кейін болатын табиғат құбылысын түсінуге пайдаланылуы – жай ғана қиял емес, реалды өмірге, тіршілікке негізделген тұжырым» [5, 87], - дейді. Сайып келгенде бұл да табиғат құбылысына байланысты халық танымының символдық белгісі.

Символ терминін анықтауға байланысты пікірлер көп. Мәселен, С.С.Аверинцев символ сөзіне мынадай анықтама берген: «Өнерде символ – көркем образдар мен таңбаларды салыстыру нәтижесінде пайда болған эстетикалық категория» [6, 92]. Символды миф тұрғысынан қарауды К.Леви-Строс ұсынды. Мәселен, оның айтуынша балықтар – төменгі зонаның, ірі жануарлар – ортаңғы зонаның, құстар – жоғарғы зонаның символы. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» [7, 84].

Көптеген ғалымдар символды образ тұрғысынан қарастырады. Н.Фрай поэзиядағы символдық критерийлердің үш түрін атап көрсетеді: 1. дерексіз символдың айқындалуы. 2. Образдың жеткіліксіздігі. 3. образ – миф, аңыз, олардың фольклор арқылы жасырынып берілуі [8, 56].

Символ – концепт іспеттес. Оның пайда болуы экстралингвистикалық факторлармен байланысты. Символды гештальттан (нем. gestalt – пішін, тұтастық, бейне, қалып) ажырата білу қажет. Олар бір-бірінен қызметі арқылы ажыратылады. Символ – мәдениет естелігі. Ал гештальт әр түрлі ұғымды білдіреді. Мәселен, гештальт әр тілде әр түрлі ойды білдіреді. Орыс тілінде жеті санының қатысымен жасалған фразеологизмдер шектен шыққандықты, шектен тыс дегенді білдіреді:

семь потов сошло (очень устал), семь пятниц на неделе (часто менять свое решение), быть на седьмом небе (быть очень счастливым). Ал қазақта жеті саны киелі сан, қырық саны көптік мағынаны білдіреді (қырық жолдың торабы).

Жалпы алғанда символдың архетиптік табиғаты адамға бейсанасыз деңгейде жеткізіледі. Архетип – К.Г.Юнг пікірінше, адам ойында алғашқы пайда болған образдар. Архетипке еріксіздік, санасыздық, автономдық қасиеттер тән. Архетиптік символдарға екі түрлі қасиет тән: 1. Санасыздық образы. 2. Саналы түрде қабылданған архетип[9, 112].

Сайып келгенде символдар – мифті жеткізуші, мифті «тасушы», келесі бір дәуірге, әлемге қайта «жаңғыртушы» құбылыс ретінде қызмет атқарады. Бұл жерде барлық символдық жүйенің астарында миф жатыр деген ұғымнан аулақпыз әрине. Біздің айтпағымыз фольклор сюжеттерінде көрініс табатын символдар. Бұлардың алдымен мифтік сюжеттерге арқау болып, кейіннен баяндалуы, түрлі варианттарының пайда болуы арқылы фольклор сюжеттеріне айналған ерекшеліктерін байқай аламыз. Мысалы, кәдімгі алма жемісін алайық. Алма ортағасырларда шектеу қойылған жеміс ретінде белгілі. Бірақ діни кітаптарда (қайсысын алсақ та) Хауа ананың қай жемісті жеп қойғандығы турасында айтылмайды (алмаға ұқсас шабдалы, айва сияқты жемістер бар екені мәлім). Ертедегі діни-әлеуметтік дәстүрлі наным-сенімге орай бұл символдың ассоциативтік өрісі латынның жамандық, қастық мағынасындағы *malum* сөзімен сабақтас. Күнәға бату ұғымының «өлшемi» алма арқылы бейнелеуге саяды.

Грек мифологиясында алманы «дүниеге әкелуші» ретінде қызмет атқаратын жасампаз қаһарман – Дионис. Ол Афродитаға алманы ұсына отырып, сол белгіні эротикалық символизацияға ұшыратады. Зевс пен Гераның үйлену тойына Гея алманы сыйлау арқылы отбасылық, жанұялық өсімдіктің нышанын байқатады. Афинада үйлену сәтінде жас жұбайлар алманы екіге бөліп жеуді және алманы лақтыру немесе біреуге беру арқылы махаббаттың белгісін танытқан.

Кельт мифологиясында мәңгі жастықтың алтын алмалары Аваллонда (Аваллон – «ғажайып аралы», келесі өмір, мәңгі өмір) өскен (ирланд сөзі *abal* – алма). Ирландықтардың сенімі бойынша, алма – мәңгілік өмірді қамтамасыз ететін жеміс.

Скандинавия мифологиясында мәңгілік жастықтың құдайы Идуун (Браги құдайының жұбайы) сиқырлы жерде мәңгілік өмір мен күш беретін алтын алмаларды сақтап қояды. Тьяцци алып Идуун мен оның алмаларын алып қашып кетеді, содан кейін басқа бір құдайлардың қолынан өлтіріледі (Идуун турасындағы миф «Кіші Эддада» айтылады).

Қытайлықтарда алма гүлі, алма ағашы – әдеміліктің белгісі. Ал алманы сыйға тарту, сый ретінде ұсыну – мәңгілік келісім мен бейбітшіліктің, татулықтың нышаны.

Славяндықтардың сенімінде алма – махаббаттың үлгісі. Атастыру кезінде қыз қабылдаған алма – оның үйленуге қарсы еместігін білдіреді.

Алма сонымен бірге космостық символ ретінде қызмет атқарады. Ал қазақ дүниетанымында көшпенді өмір салтын ұстанғандықтан, алма символдық ретінде бейнесі көп кездеспейді. Алайда кейбір ертегілерде кездесіп қалады. Бұған басты себеп – назирагөйлік үлгісіндегі шығыс жырларының қазақ арасында кең таралуы деп білеміз. Бұл шығармаларда «Алма» символы екі түрлі позицияда көрінеді:

1. Шығыстық желіге құрылған қазақ ертегілерінде «алма» жұмақ ұғымымен байланыста суреттеліп, «аксиологиялық» дүние, әдемі өмірдің белгісі саналады. Мәселен, «Ғажайып бақ» деген ертегіде осы мотив көрініс табады. Бұл ертегінің қысқаша мазмұны мынадай: «Ертеде Асан мен Қасен деген екі дос болады. Қасен жұтқа ұшырап, Асан оған өзінің егіндік жерінің жартысын береді. Күндердің бір күнінде Қасен сол жерден алтын салынған бір қазан тауып алады. Сөйтіп бір биге барып, бұл алтынмен не істеу керектігі жөнінде кеңес алуға барады. Сонда бидің кіші шәкірті бұл алтынды жұмсап, даланы гүл жайнатуды ұсынады. Сол жас жігіт алтынды алып асыл тұқымдарды әкелуге жолға шығады. Базарға келсе, бір кісінің құстардың қанатын қайырып, оларды торға қамап, матастырып байлап, ханның сарайына апара жатқанын көреді және сол кісі ол үшін бес жүз ділдә алатынын айтады. Құстарды аяған жас шәкірт мың ділдә беріп, құстарды босаттырады. Барлық ақшадан құр қалған бала еліне дөненесіз қайтады, өте қатты қамығады. Өйткені апара жатқан ешқандай тұқымы жоқ еді. Ауылына жақындап қалғанда, ұйықтап кетеді. Жаңағы өзі босатып жіберген құстар оның айналасына жиналып, жерді өздері шұқып, оған дөндерін сеуіп, еге бастайды. Қанаттарымен жел, дауыл жасап, еккен тұқымдарын баққа айналдырады. Сол бақты былай суреттейді: «Қас қаққанша болмайды, ағаштың бұтақтарына жайнаған гүлдер өсіп, жұпар иісі аңқып кетеді. Содан кейін гүлдер ұшып түседі де, оның орнына қып-қызыл нарттай алмалар өсіп келеді»[10, 170]. Сөйтіп бақ Ирам бағынан да асып, керемет ғажайыпқа айналады. Хабар барлық елге жетеді. Сөйтіп кедей-кепшік баққа сыймай кетеді. Ал баққа мынадай суреттеме беріледі: «Олар бақтың ішіндегі жолмен қыдырып, жапырақты таптап жүрсе де, жапырақтар солмайды. Олар арықтан

қаншама ішсе де, арық лайланбайды, таусылмайды; олар ағаштан қанша жеміс жеседе, жеміс азаймайды. Күні бойы бақ ішінде құйқылжыған домбыра сазы, шырқата салған ән, той-думан саябырламайды»[10, 171]. Ертегінің соңы барлық ел-жұрттың рақат өмірге батуымен аяқталады. Ертегідегі басты мотив – діни сенім: олардың өздерінше жұмақты сипаттап бейнелеуі, ана өмір турасындағы түсінігі, соған деген дайындық жолы.

Осы сияқты ертегілерде шығыстық сарын басым болады, осылайша шығыстық көшпелі сюжеттердің нәтижесінде қазақ ертегілерінемотивті сюжеттер трансформацияланған. Ал Абайдың «Масғұт» поэмасында да басты өзек болар объект – алма. Бірақ бұл жерде символ – адамдық қасиет деген рухани мағынада келеді. Ғалым Е.Жұбанов: «Абайдың «Масғұт» поэмасында адамға ең жақсы қасиет дарытатын үш түрлі жемістің бірінің түсі – ақ, екіншісі – сары, үшіншісі – қызыл. Қараңыз:

Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сары жесең, байлығың судай тасар.
Егерде қызыл жеміс алып жесең,

Ұрғашыда жан болмас сенен қашар. (Абай). Демек, ақ – ақыл, сары – байлық, қызыл – көрік, шырай, оң мағынасында»[11, 100], - дейді. Бұл жердегі алма– «Мың бір түн» ертегісінің желісімен жазылған Абай поэмасында үлгіліліктің символы ретінде қолданылады.

2. Халық арасында діни түсінік бойынша алма жемісі «күнәлі» жеміс ретінде көрініс тапқан. Өйткені діни кітаптарда алғашқы пайғамбарлар Адам Ата және оның әйелі Хауа Ана оларға тыйым салынған мәңгілік жемісті жеп қойғандықтан, жұмақтан қуылады. Діни мазмұндағы кітаптарда «Кешірілмеген алма» атты әңгіме-хикая жарияланған: «Өте ерте заманда Құпа қаласында бір жас жігіт өмір сүрді. Өзі мұсылман. ...Бір күні дәрет алу үшін өзен жағасына барған еді. Ағаштардың арасынан бұраландап ағып жатқан өзенге еңкейіп, бірегін түреді де дәрет алуға кірісті. Дәрет алуын енді ғана бітіргенде өзенмен ағып келе жатқан өте әдемі алманы көрді. ...Сәбит алманы тістеді. Жақсы піскен өте дәмді бұл алманың шырыны өңешінен асқазанына қарай асқанда ол әлдеқандай бір керемет дәм сезді ішінен. Әдемілігіне шыдамай тістеген бұл алма оның өз меншігі емес еді, сатып алған да жоқ. Олай болса, басқа біреуге тиесілі алманы қалай тістеді. Өкінді. Қайтсе де алманың иесін тауып, одан кешірім сұрауға тиіс.

Алма ағып келген жаққа қарай өзенді бойлап жүріп отырды. ...Алыстан алма бағы көрінді. Бақтың иесі алма жинап жүр еді. Қолына сыймаған алмалар жерге түсіп жатты. Домалап өзенге құлап, сумен ағып кетіп жатқандар да бар еді. Қараса қолындағы алмасы солардың бірі. Бақтың иесін тауып алды. Кешіруін өтінді. Жағдайды түсінген бақ иесінің екі көзі алғашында жайнап кетті. Бірақ сәлден соң байсалды бола қалды да:

- Жоқ, ақымды оңайлықпен кешірмеймін. Бір мезгіл бағымда жұмыс істеп, үйімде қызмет қылсаң ойланайын. ...Бақ иесінің үйінде қызметші болды, ақыры келісілген мерзім бітті. Кешірім сұранды. Бақ иесі:

- Жарайды, алманы саған кешірем. Бірақ бір шартым бар, - дейді. Жігіт тағы келісетінін білдіріп амалсыз бас иеді. Бақ иесі:

- Менің қызым бар. Екі көзі көрмейді. Екі құлағы естімейді, екі қолында әлі жоқ, екі аяғы жүрмейді. Егер соған үйленсең, ақымды саған кешірем, - дейді.

«Бір тістем болса да біреудің ақысы, сондықтан маған арам. Ертең ақырет күні мұның жауабын беру тіпті қиын. Тек кешірсін ақысын, мен бұған көнейін», - деп ойлайды да келіседі. ...Қалыңдығымен бір бөлмеге баратын кез де келді. Бұған дейін қызды көрген емес. Енді «Көзі көрмейтін, құлағы естімейтін, аяғы жүрмейтін адам қандай болуы мүмкін?» осы ойлармен бөлмеге келіп кіргенде өзінен-өзі сенбей қалшып тұрып қалады. Қарсы алдында ұялғанынан екі беті қызарып, төмен қарап отырған сұлулылардың сұлуы бір қызды көрді.

Сәбит дереу бөлмеден шыға жөнелді. Атасын тауып алды. Мұнда бір қателіктің барын, бөлмеде өте көрікті ару қызға кездескенін айтты. Бақ иесі күлді, қолын жігіттің иығына қойды. Үлкен ілтипатпен бастады:

- Ұлым! Оның көзі көрмейтіні – осыған дейін арам нәрсеге қараған емес. ...Құлағы естімейді, өйткені жаман сөзді тыңдамайды. Жүрмейді, өйткені жаман, арам бағытқа баспайды. Екі қолында әлі жоқ дедім. Арам нәрсені ұстамайды дегенім еді. Алманы тістеп, маған келген күні сені қызыма лайық жігіт екенінді көрдім. Алманы тістегенің үшін кешірім алуға келісіп мұнша уақыт біздің үйге қызметші болдың. Сонда сені күйеу балам студі ойлады. Бар – сол қыз сенің заңды әйелің. Алла сендерді бақытты етсін! Жеген алманды кешірдім. Алма бағы да толық сенікі болсын» –деді»[12, 37]. Хикаяның соңында мынадай түсініктеме берілген: «Сәбит – Өзіреті Имам Ағзамның әкесі, ал әйел – шешесі. Біздің мәзһаб имамы міне осындай әке-шешеден туған. Ол кішкентай кезінде Құран Кәрімді толық оқып шыққан»[12, 39],– делінеді. Бұл хикаяда алма әрі көркемдік деталь, әрі адалдықтың символдық бейнесі ретінде танылып отыр.

Тұжырымдай айтқанда алманың символикалық мәні мынадай түсініктермен астасып келеді: алма – космостық символ; алма – жұмақтың атрибуты; алма – адамдық қасиеттің рухтану сипаты; алма – күнәнің белгісі (діни түсінік бойынша).

Бұл алманың ежелгі түсінік бойынша символдық мәні, ал бүгінгі таңда алма достықтың, махаббаттың, балалық шақтың, тәттіліктің белгісі ретінде қазіргі әдебиетте бейнелілік қызметін жалғастыруда.

Мифофольклорлық сюжеттерде осы секілді символдық мағына білдіретін заттық белгілер, көркемдік детальдар көптеп саналады. Айтпақ ойға ақпараттық жиынтық мағына үстейтін, сөйтіп сөздің салмағын арттыратын сөз-символдаршығармашылық түрлерінде кездесіп отыратыны белгілі. Олардың әрбірінің өзіне тән ерекшеліктері, белгілері болады. Ондай ерекшелік Абай өлеңдеріне де тән. Бір өлеңінде ол:

«Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіне аспан төнер», – [13,121]

деп аспан мен жер, жаратылыс туралы мифтік ұғымдарды халықтық түсінікке икемдей қолдана отырып, осы мамыражай тірлікті жаратушы тәңірді – шебер деп ой түйеді. Өз еңбегінде Абайдың осы өлеңін мысалға ала отырып, ғалым С.Қасқабасов былай дейді: «Көне замандағы, түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды – еркек, жерді – әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың мифі мен діни нанымда ғана сақталып қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған [14,90]. Абай да сол мифтік танымды пайдаланады, ел арасында тұрақты сөз тіркесіне айналған «құдай шебер», «тәңірім шебер» түріндегі сөз қолданыстарын Абай сәтті қолдана отырып, халықтың өз ұғымы ретінде өлең бойына сіңірген. Сіңіре отырып:

«Жаза жіберіп, жан берген қара жерге,
Рахметіне алланың көңіл сенер», – [13,121]
деп осыған жұртты иландыра білген. Иландыра отырып:
«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн күйеуін жер көкsep ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрлерер тоты құстай», – [13,121]

деп, көне мифологиялық танымға поэтикалық жан бітіреді. Осы өлең жолдарын талдап көрсеткен С.Қасқабасовтың келтірілген мысалда көне мифтің елесі бар: аспан күн – еркек күйеу жігіт рөлінде. Бірақ ұлы Абай мифтік ұғымнан ешқандай із қалдырмаған» [14,91] деген байламы осыдан болса керек.

Әрине символдың түзілуіне қандай да болмасын халықтың өмір сүретін ортасы, жергілікті географиялық ерекшеліктері, өмір сүру салты, жалпы дүниетанымы әсер етері сөзсіз.

Сонымен мифофольклордағы символдар жөнінде сөз қозғағанда олардың алдымен ұлттық фольклорда көрініс беретін халықтық ұғым-түсінік ретінде пайда болып, кейіннен авторлық әдебиетке ұласатын өзіндік ерекшелігі бар екендігіне көз жеткізе аламыз.

Әдебиеттер

1. Қазақ мифологиясының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1990.
2. Стеблин-Каменский М.И. Миф. Л.: Наука, 1976
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
4. Ю.С. Степанов. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 1997, – 824.
5. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. – Астана: Фолиант, 2015. – 320 б.
6. С.С. Аверинцев. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. – М., 1987, – 378 б.
7. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: В 5-и т. Алма-Ата, 1961, т. 1, с. 480.
8. Маслова Ю.С. Введение в лингвокультурологию. – М., Наследие, 1997. с 208.
9. К.Г. Юнг. Архетип и символ. – М., 1991, – с 213.
10. Қазақ ертегілері. Құрастырған С.Мәмет. – Алматы: Балауса, 2001. – 262 б.
11. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 200 б.
12. Имандылық сабақтары. – Шымкент: Жібек жолы, 2001. – 48 б.
13. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1986. – 340 б.
14. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

Исмаилова Гайнигул Кабидуллиновна
кандидат филологических наук, доцент, декан факультета русской и иностранной филологии ГУ
имени Шакарима, e-mail: gainigul_ismailova@mail.ru

Измайлов Станислав Валерьевич
магистр филологии, преподаватель кафедры полиязычного образования ГУ
имени Шакарима города Семей, e-mail: letters345@mail.ru

ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ИНТОНАЦИИ В ИНОСТРАННОМ ЯЗЫКЕ

«Только интонация убеждает,» – говорила французская писательница Дельфина де Жирарден [1]. Когда ученые начали изучать характеристики человеческой речи, оказалось, что голос – это очень сложное и многообразное звуковое явление. В этом легко убедиться, если послушать, как даже самые современные компьютерные программы, такие как Гугл-переводчик (translate.google.kz) или «Adobe Reader» читают вслух документы. Слова, произнесенные дикторами по отдельности, звучат очень бесцветно и механически.

Дело в том, что человеческая речь складывается не только из произношения звуков, но и множества лингвистических и экстралингвистических факторов. Например, вот какие характеристики входят в интонацию нашей речи (см. Рисунок 1) [2,147]:



Рисунок 1 – Компоненты интонации

Цель данной статьи заключается в том, чтобы провести серию экспериментов по определению интонации в отдельных словах и связной речи на иностранном языке.

Объектом технологии в данном случае можно назвать устную речь носителя иностранного языка и учащегося.

Актуальность таких экспериментальных упражнений в том, что они позволяют улучшить произношение учащихся на иностранном языке.

Новизна упражнений заключается в том, что они позволяют наглядно увидеть на графике интонацию речи носителя языка (эталон), свою речь и сравнить эти два графика.

Вся учебная литература представляет собой учебники и обучающие компьютерные программы для филологов, касающиеся фонетики, такие как учебник Реформатского А.А. «Введение в языковедение» и интерактивные курсы «Tell me More» (английский и немецкий языки).

В статье использованы следующие методы:

- наблюдение, сравнение и анализ отрезков устной речи на английском языке;
- эксперименты по произнесению учащимися иностранных слов с целью приблизить свое произношение к эталону.

Задачей данной статьи является описание результатов экспериментов и их пригодности для тренировки произношения на уроках иностранного языка и при самостоятельном его изучении.

С помощью компьютерных программ можно получить данные об изменении основного тона в слове, фразе или более крупных речевых отрезках. Эти изменения основного тона, или мелодические кривые (интонограммы), отражают интонационную сторону речи [3, 130].

Мелодика каждого языка представлена рядом застывших структур с их фонетическими вариантами [4].

На рынке имеется множество компьютерных программ для работы со звуками и речью: от профессиональных программ для студий звукозаписи до простеньких диктофонов. Особенно полезны специализированные программы для изучения иностранных языков, такие как «Speech Analyzer 3.1», которую можно найти в Интернете. Эта программа показывает на экране график интонации (интонограмму) по таким осям координат, как время и частота звука в герцах (См. Рисунок 2).




Рисунок 2 – Интонограмма


Такие программы могут быть использованы для широкого спектра задач. На уроках фонетики и практики речи студенты могут наглядно видеть параметры речи в виде графика. В частности, студенты могут выполнять следующие работы:

1. Увидеть различие в тонах (разные интонации в произнесении слов, состоящих из одинаковых звуков, что позволяет различать, например, некоторые омонимы в английском, а также похожие слова в китайском языке).
2. Увидеть интонационные модели целых предложений в английском языке.


Попробуем сделать данные работы на практике с помощью программы «Speech Analyzer 3.1».

1. Получим интонограммы омонимов английского языка, когда ударение выполняет смылоразличительную функцию, т.е. позволяет различить похожие слова (*'present – to pre'sent, 'refuse – to re'fuse, 'suspect – to sus'pect*).


Возьмем слова *pre'sent* (дарить) и *'present* (подарок)



Возьмем слова *re'fuse* (отбрасывать) и *'refuse* (отбросы)



Возьмем слова *sus'pect* (подозревать) и *'suspect* (подозреваемый)



При сравнении графиков мы видим, как кривая интонации повышается на ударных слогах и позволяет нам различать омонимы, которые отличаются только ударением.

Особенно важно различать похожие слова в китайском языке, где существует огромное количество омонимов, которые отличаются только тоном. Например, 买 [mǎi] – «покупать» с нисходящим тоном уже будет означать 卖 [mài] – «продавать». Всем, кто изучает китайский язык, поневоле приходится изучать тонограммы, которые потом применяются при произнесении всех слов (См. Рисунок 3) [5, 11]:




Рисунок 3 – Тоны

2. Получим интонационные модели целых предложений в английском языке.

Предложение может состоять из одной или нескольких синтагм или интонационных групп. Фонетически каждая синтагма характеризуется определенной интонационной структурой. Каждая синтагма заканчивается либо нисходящим, либо восходящим тоном последнего ударного слога. Этот тон носит название ядерного и выделяет ядро смыслового центра высказывания [6, 20].

Например, низкий нисходящий тон используется в эмоционально нейтральных утвердительных предложениях.

It is five o'clock. – Сейчас пять часов.

Тогда как низкий восходящий тон используется в общих вопросах.

Is it five o'clock? – Сейчас пять часов?





На полученных интонограммах хорошо видны восходящий и нисходящий тоны этих почти одинаковых предложений. Это помогает студентам понять интонацию различных предложений в английском языке, а также тренировать свою интонацию.

Таким образом, в этой статье мы провели ряд фонетических экспериментов и показали, как студенты могут улучшить свою устную речь на английском языке с помощью компьютерных программ, записывающих устную речь в виде интонограммы. В частности, студенты могут выполнять следующие действия:

1. Получать интонограммы слов родного и иностранного языка.
2. Отрабатывать интонацию произношения слов и предложений по эталону.
3. Наглядно увидеть различие в тонах между похожими словами и предложениями, которые обычно представляют сложность для изучения.
4. Увидеть интонационные модели целых предложений в английском языке.

Результаты экспериментов достигли нашей цели: мы описали упражнения на произношение иностранных слов, использующие интонограммы, и преимущества их использования в обучении иностранному языку. Кроме того, мы описали современные интерактивные учебные курсы, в которых есть такие упражнения. Также мы «вооружили» студентов бесплатными звукозаписывающими программами, находящимися в открытом доступе.

В заключение можно сказать, что технологии визуализации речи и интонации дают учащимся возможность проводить самые разные эксперименты для тренировки хорошего произношения: слушать и тренировать разные звуки, которые вызывают затруднения, повторять слова, а также подражать интонации, скорости и ритму предложений иностранной речи.

В качестве рекомендаций мы можем предложить учащимся пользоваться современными обучающими программами с упражнениями, рассчитанными на прослушивание речи носителя языка и запись речи студента. Так студент может прослушивать и свою речь и даже учиться на своих ошибках. Эти упражнения имеют большую практическую значимость для изучения иностранного языка, т.к. студентам невозможно овладеть хорошим произношением, только читая вслух тексты в учебниках. И даже если студенты встречаются с носителями языка, то невозможно отработать произношение, услышав нужные звуки или слова в их быстрой разговорной речи.

Данные рекомендации по применению фонетических упражнений, состоящих в сравнении графиков произношения иностранных слов с эталоном, могут представлять интерес для взрослых студентов, изучающих английский язык по учебникам и компьютерным самоучителям, а также для преподавателей иностранного языка.

Литература:

1. <http://www.aforism.su/67.html>
2. Соколова М.А. *Практическая фонетика английского языка* – М., «Владос», 2001, с. 147.
3. Реформатский А.А. *Введение в языковедение*. – М., «Аспект пресс», 1996, с. 130.
4. Мелодика речи / Николаева Т. М. // *Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / гл. ред. А. М. Прохоров. — 3-е изд. — М. : Советская энциклопедия, 1978.*
5. Зиновьева А. *16 уроков китайского языка. Начальный курс*. – М., «Издательство «Э», 2017, с. 11.
6. Аракин В.Д. *Практический курс английского языка. 1 курс*. – М.: 1999, с. 20.

Melnova K.V.

Foreign Philology master student, melkatharinenova@gmail.com,

Bekzhanova Zhazira

PhD, associate professor a.i., department of Foreign Philology
L.N.Gumilyov Eurasian National University, zhaz_ira@mail.ru

PROSPECTS OF INTERNET SLANG STUDY FOR MODERN LINGUISTICS

Түйін: Мақала интернет сленгі ғылыми жағынан қарастыруға және оның заманауи лингвистикада және виртуалды кеңістіктегі функцияларын зерделеуге арналған. Оның күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынасқа, виртуалды коммуникацияға әсері ашып көрсетіледі. Жалпы сленг және соның ішінде интернет сленгке екі жақты көзқарас туралы айтылады. Авторлар интернет сленгінің алғаш рет пайда болуы, оның қолданысы және бұл құбылыстың әрі қарай зерттелу мүмкіндіктері баяндалады.

Түйін сөздер: Фаламтор (интернет), коммуникация, әлеуметтік желілер, виртуалды, топтар, әлеуметтік-мәдени.

Резюме: Статья посвящена научному рассмотрению интернет сленга и его функций в современном английском языке и в виртуальном пространстве. Раскрывается его влияние на повседневное общение и виртуальную коммуникацию. Затрагивается двойное отношение к сленгу в общем и к интернет сленгу, в частности. Авторами дается описание первого появления и использования интернет сленга, а также дальнейшие возможности для исследования данного феномена.

Ключевые слова: Интернет, коммуникация, социальные сети, виртуальный, группы, социально-культурный.

Summary: The article considers scientific aspects of Internet slang and its functions in modern English and in virtual space. Its influence on everyday communication and virtual communication are revealed. There is an ambiguous approach to slang in general and to Internet slang in particular. The authors describe the first appearance and use of Internet slang, opportunities of further investigations of the phenomena.

Key words: Internet, communication, SNS, slang, virtual, groups, social and cultural.

Background of virtual communication

Face to face communication is used for delivering information from one individual to another, who are situated in close proximity to each other [1, p. 233]. At ancient stages of history, it was the only way of exchanging information among people. Later written type of communication appeared – letters, then electronic devices, capable of broadcasting messages over long distances. Such messages coded senders' thoughts into a written text, and then converted it into a logical (semantic) message by the recipient. These types of messages allowed people to communicate, as it had not been possible before.

Technologies have given an opportunity to communicate on the completely different level as opposed to live communication. Channels of transferring information in virtual communications are wires, electric waves and power line cords that connect people with each other, when physically they are far away [1, p. 233].

Speaking of virtual communication, it is necessary to consider a communicator. In Internet such communication is heterogeneous and diverse. We claim that it is reasonable to classify and distinguish specific features of virtual communication according to people's social groups and/or subcultures in online interaction.

Social group is a basis of society and culture. According to anthropologists, a person is a product of group life. They also believe that from the earliest times, Homo sapiens lived on Earth in groups or communities, were always dependant on their comrades in terms of protection, food, shelter. These needs can be satisfied only with other individuals. Such mutual assistance created social contacts, which formed social groups. It was the true basis of human society.

Social group is a gathering of people who exchange information with each other and who share the same characteristics and a sense of unity [2. p.15-40]. There are different classifications of groups whose characteristics were developed by well-known scientists and sociologists. These distributions include primary and secondary groups, community and society, a groups of family members and an urban group.

Invention of the Internet in 1982, marked the beginning of a new era of communication technologies. By the mid-1990 the Internet had a tremendous impact on culture and business, including the growth of instant messages via e-mail; audio and video calls, as well as appearance of thematic forums, blogs, social networks, and online stores throughout the Internet. Thus far virtual communication is a complex network of all technologies, that sometimes is used as a link among all communication networks. Adding mobile phones to this complex system makes it even more confusing, connecting corporate workers so they can share

information and communicate even while on the move [3]. Thus, nowadays in virtual world life and communication go on simultaneously with the real life communication. Social groups also exist just like in real life communication, and their language use certainly differ.

The concept of Internet slang

The usage of Social Network Sites (SNS) allows us to create messages and share them with people in certain communities. And there is a hope that this message will help start a conversation with those who will receive this message. Such interaction differs from face to face communication, where it is possible to use non-verbal means of communication among participants, such as eye contact, facial expressions, body language.

A lot of people nowadays, especially students use SNS and use a language that is common in the Internet. They also think that it is normal to write words with grammatical errors and typos instead of using classical spelling of words and grammatical constructions. People in their research papers or important messages use more informal language, that is more appropriate for SNS and the Internet. This informal language is called Internet slang.

It is difficult to collect the etymology of the word “slang” mainly because it is a phenomenon of oral speech and practically does not occur in writing. Because of this reason it is not possible to find the etymology of this term in corpus. Despite this, slang can be understood as words popularized and used in SMS or posts on different platforms. Such slangs include acronyms, keyboard signs and abbreviations. Slang is the defining characteristic of the social and/or age group of participants in communication and their style of communication [4].

Slang as a phenomenon was studied by such linguists as I.V. Arnold, B.K. Dumas, G. Antrushin, I.R. Galperin, E. Partridge, P. Kegan, E. Mattiello, V.A. Khomyakov and others. One of the most important features of slang is its changeability. All the definition of slang that are available today can be quite controversial. Nevertheless there are a few features that all linguists agreed on.

1. Slang is used by a group of people with common characteristics (age, nationality, profession, cultural values);
2. Slang words are funny or curse words;
3. Slang usually lives a very short life, then it either becomes literary language or disappears from the language altogether.

The main aspect of language development is the acquisition of new words from different languages. New terms can be created or previously known words can be used in a new context and with a new meaning. In this case the necessity of new expressions for both conscious and unconscious intentions is proved. Sometimes creation of new words happens by chance, sometimes for the pleasure of creating something new.

Slang is a phenomenon that has always been in the language, but remained uncharted by linguists for a very long time. Internet slang or Internet abbreviations, SMS conversation, cyber-slang, chat-conversation refers to a variety of daily expressions used by groups on the Internet. Over the past few years, interest in this topic has increased. The main purpose of using the unique Internet slang is in its alleviation of communication. Such terms are created to store characters in the message and reduce the number of keystrokes.

The origin of Internet slang can be traced back to 1975, long before the advent of the Internet. Laboratories that had been engaged in developing Artificial intelligence “Jargon file” was used to refer to computer hackers and their terms. “Jargon File” also explains that hackers were the first to use slang: “Among hackers slang has a more skilful nature. It can be compared with slang of Jazz musicians or other types of art, that’s why it I hard to find such terms in the scientific and technical environment. Some of these words are codes for the expansion of information” [5, p. 34-35]. Even J. Preece considered the Internet a place that allows people regardless of the distance separating them to communicate and share common interests. Social media platforms are a few of many places in the World Wide Web, where people create communities and new types of communication [6, p. 347-356].

Perspectives of slang use

For some years, mass media have wondered whether short messages, phones, and letters spoil the way people write. Some scientists and teachers argued that the time spent on writing improves language regardless of what, where and what purpose of it is. But there are also scientists who consider that the time spent in virtual conversations, especially a great amount of “unnecessary and vague” lexical innovations, worsen communication skills [7, p. 5-7]. In contrast, D. Crystal believes that the usage of slang and various abbreviations in messages only adds new facets to the language without destroying it [8, p.54]. And it is a relevant opinion, if we consider that Internet slang has already become an inseparable part of our active vocabulary. In this sense there are definitely significant reasons to study Internet slang from the point of

view of “normal” and “abnormal” language, how much it really spoils the standard language. K. Ryssaldy insists that lexical innovations nowadays attack the vernacular language and rapidly penetrate into it [9]. And his opinion is proved by facts. Despite the opinions of scientists about the harm or benefit of using shortenings, abbreviations and slang in messages, there is actually nothing new for the English language. Several hundred and thousand years ago there was no standard spelling of words and one word had five different types of spelling. For example, when the Oxford Dictionary added words such as FYI and OMG into the general lexicon in 2011, many people were surprised that they were used long before the abbreviations appeared in the Internet lexicon. The word OMG first occurred in 1917, and FYI – in 1941. Similarly, now the popular Internet term "haha" is first mentioned in 1000 BC., in the "Grammar" of Aelfric.

However, how far can this penetration go? And how long can it survive? How much does it really contradict the rules and makes the language “abnormal”? This is a big issue for further quantitative study.

Studies have shown that using a computer in communication is essentially impersonal because of the filtering of verbal and non-verbal signals on the Internet and in social media. Jacobson D. gives an example: “Common position and attitude of cultures constitute the context for conveying meaning in the Internet communication. Knowledge of the interlocutor is of great importance in deciphering the message. This can be seen in the following example. One interlocutor (Joe) uses the phrase "pleasekillme" as an exaggeration of the stressful state while writing a paper on a particular subject. Friends of Joe will understand this expression in different ways, as reflection of their knowledge of his writing style and habits vary [10, p.359-381]. In this sense there are some perspectives in exploring the degree of metaphoric effect of Internet slang, its connection with a user’s personality, the ways non-verbal means of communication are substituted and encoded in the Internet. The results will probably differ from simple slang, as here there is an additional graphic form of expression in virtual communication and artificial substitution of non-verbal means.

Slang that is used in SNS and messages have become a separate group of terms in the language. Platforms where Internet slang is developed usually limit the number of characters that can be used in a single message, which forces users to create shorter and more creative terms for expressing their thoughts. Thus, cognitive aspects of word-formation of Internet slang, precise ways of word-formation can be also regarded an interesting field for linguistic discussions.

Besides, slang is always associated with identification of a certain social group from others (youngsters, representatives of different occupations, subcultures and etc). However, slang in virtual communication is different from general slang, and of course, variations in the use of such slang by different social groups will probably differ as well. Modern Sociolinguistics lacks deep investigations of this particular issue which motivates scholars for further analyses.

Conclusion

To sum it all up, Internet slang is an inseparable part of virtual communication. It does not belong to homogeneous variant of languages. It differs by user type and usage in various Internet situations. Based on the language of communication, slang is an opportunity to shorten or change words by their phonetic equivalents contained in one symbol or letter. There are definitely wide perspectives for further research of Internet slang as it is a special slot of the Modern English Vocabulary. The perspectives include defining functional aspects of Internet slang in virtual communication, word-formation techniques, cognitive aspects of slang creation, ecology of the language (degree of language norms of slang), defining precise Internet slang of separate social groups which could be a significant contribution to Modern Linguistics.

Bibliography:

1. Schneider, F.W., et al. (2012). *Applied Social Psychology* (2nd Ed.). Los Angeles. – 233 p.
2. Turner, J. C. (1982). Tajfel, H., ed. "Towards a cognitive redefinition of the social group" // *Social identity and intergroup relations*. Cambridge, UK: Cambridge University Press. – P.15–40
3. http://www.academia.edu/4070866/History_of_virtual_Communication
4. Bekzhanova Zh.E. *Sleng agilshin zhane kazak zhastar diskursinda kommunikativtik stildin aikindaushi belgisi retinde* // *Al-Farabi KazNU Bulletin. Philological issue*. – №5 (157). - Almaty, 2015. – P. 261-264
5. Short, J., Williams, E., & Christie, B. (1976). *The social psychology of telecommunications*. London: Wiley. – P.35-35
6. Preece, J. (2001). *Sociability and usability in online communities: Determining and measuring success*. *Behaviour & Information Technology*. – P.347-356.
7. Naomi S. Baron (2008) *Always on Language in an online and mobile world*. Oxford University Press, USA. – P.5-7
8. Crystal D. *Internet Linguistics: a Student Guide*. – London: Routledge, 2011. – 54 p.
9. K. Ryssaldy. *Sin darezhesi kategoriyasi: funktsional'di-kommunikativti tabigati (kazak zhane nemis tilderi negizinde): dissertation thesis of doctor of philological sciences*. – Almaty, 2007. – 50 p.
10. D. Jacobson *Interpreting instant messaging: Context and meaning in computer mediated communication*. – Google Scholar Crossref. – P. 359-381

МЕТАФОРАНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Мақалада метафораның зерттеуі жан-жақты қарастырылады. Ежелгі грек заманынан бастап, ортағасыр дәуірі, қайта өркендеу дәуіріндегі еңбектер назарға алынады. Ресей мен Қазақстандағы метафора туралы алғашқы зерттеу жұмыстары туралы сөз етіледі.

Тірек сөздер: метафора, метафора теориясы, метафорикалық ойлау.

Резюме. В статье рассматриваются исследования метафор. Рассматривались работы древнегреческих авторов, исследователей средневековья, эпохи Возрождения. Также приведены первые работы исследователей из России и Казахстана.

Ключевые слова: метафора, теория метафоры, метафорическое мышление.

Summary. The article deals with the research of metaphors. The works of ancient Greek authors, researchers of the Middle Ages, Renaissance were considered. Also the first works of researchers from Russia and Kazakhstan are given.

Key words: metaphor, metaphor theory, metaphorical thinking.

Зерттеу объектісі болып отырған метафора құбылысын алғашқы зерттеу, дәстүрлі түрде, Аристотель есімімен байланыстырылады. Өзінің "Поэтика" атты еңбегінде Аристотель метафора жайлы мынадай пікір қалдырады: "Метафора - ұқсастықтар негізінде қалыптасқан, сөз мағынасын басқаша ойлаудың әдісі. Жақсы метафораларды ойлап табу деген, екі нәрсе мен құбылыстың ортақ белгілерін байқау деген сөз" [1, 70]. Түпнегізінде аналогия, яғни ұқсастық белгісі жатқан метафораны, Аристотель риторикалық фигура ретінде қабылдады. Аристотельдің метафора жайлы ой-пікірлері оның "Риторика" және "Поэтика" атты екі туындысында көрініс тапты. Сол кездің өзінде Аристотель метафораның атауыштық функциясын белгілеп көрсетті, кейіннен бұл пікірді эллинист-зерттеушілер (Дройзен, Пьеррон) дамыта бастады. Paul Ricoeurдің "The rule of Metaphor" (Метафора ережесі) кітабында келтірілген үзіндіге сәйкес, "Риторика" және "Поэтика" дискурстың екі нақты бағытын ұстанады. Біріншісі- тыңдаушыны сендіру, иландыруды көздесе, екіншісінің мақсаты мүлдем ол емес, Поэзия мұраты - қорқыныш, аяушылық сияқты сезімдерді жою болып табылады. Алайда, біріне-бірі ұқсамайтын екі бағыттың негізі бір, ол - метафора. Метафораның бірегей құрылымы бар, ол - сөз мағыналарын ұқсастық белгілеріне қарап ауыстыру. Дегенмен, метафораның екі түрлі функциясы бар: риторикалық және поэтикалық" [2, 12] деп француз философы Ricoeur көрсетіп кеткен.

Осылайша, сонау б.з.д. 384 -322 жылдары өмір сүрген ежелгі грек философының заманынан бері, метафора тропына деген қызығушылық артпаса, кеми түскен жоқ. Ежелгі грек философы, Аристотельдің шәкірті Теофраст «метафораны тілдегі тапшы сөз орнын толықтырады» деп есептеген [3, 6]. Мұндай анықтама метафораның қоғамдағы, ғылымдағы өзіндік жоғары орнын белгілейді.

Метафора – троптың бір түрі. Метафора (грек тілінің "meta", "phero" деген сөздерінен құралған) сөзі "ауысу", "алмастыру" мағынасында қолданылатын термин. Метафора дегеніміз - заттар мен құбылыстардың ортақ белгілері, ұқсастығы, сәйкестігіне қарап, екі түрлі нәрсені салыстыру, жақындату, жуықтату, жанастыру негізінде ишара, тұспал, жанамалы түрде жаңа мағына беретін көркем сөз немесе мағыналы сөз тіркесі. Мысалы, домбыраның құлағы, күй сандығы, көздің нұры. Метафора көзқарас, түсінік, танымның жан-жақтылығы, әр жақтан хабардарлығы, әмбебаптығы болып саналады.

Метафора құбылысын сан түрлі ғылым саласы қарастырады: психология, тіл білімі, философия, психология, логика. Әр сала мамандары метафора атты құбылыс түрін өздігінше пайымдап, түсіндіруге талпынады. Бірақ орыс философы В.А.Канкениң сөзімен айтсақ, "философиялық талдаусыз, кез-келген нақты-ғылыми талдау өзінің жоғарғы шегіне жете алмайды" [4, 4]. Сондықтан біз метафораны, алдымен, философия ілімінің, оның ішінде философ ғалымдардың берген пікіріне көбірек жүгіндік.

Антика дәуірінің философы Цицерон метафорикалық сөздерді екіге бөліп қарастыруды ұсынды: катахрезис (лингвистикалық метафора) және метафора (әдеби метафора). Сол кездегі ғалымдардың пікіріне сүйенсек, метафораны зерттеу екі түрлі аспектіде, яғни логикалық және психологиялық тұрғыда жүзеге асады. Бірінші аспектіде, метафора жасырын салыстыру ретінде қарастырылса, ал психологиялық сипат тұрғысынан, метафора адресат пен адресант танымының когнитивті түп-негізіне бағытталады [5, 8].

Аристотельдің шәкірті, ізбасары Квинтилиан метафораны қысқартылған немесе эллиптикалаық теңеу деңгейіндегі троп деп есептеді. Бұл философының ойынша, метафораның типологиясы ауысу,

алмасудың төмендегі типтері бойынша жүзеге асты: 1. екі тірі/жанды нәрселердің өзара ұқсастығы; 2. екі жансыз заттың ортақ белгілері негізінде; 3. жанды немесе тірі нәрсенің жансыз затқа ұқсастық өзгешеліктері негізінде; 4. өлі не жансыз зат пен құбылыстың тірі нәрсеге ортақ белгілері [6, 19].

Цицерон да, Квинтилиан да метафораны - күнделікті өмірге қажетті сөздердің "әдемі киімі" деп есептеген. Өз кезегінде Теофрастың шәкірті Деметрий Фалерский метафораға жоғары баға берген. "Тұрақты метафоралардың арқасында, сөздердің ауыспалы мағынасын байқамай да қаламыз" деп санаған [7, 251].

Антика дәуірінің философтары метафораны өздігінше саралап, зерттеп жүргенде, үнді ойшылдары да бұл троп түрін өз ғылымдары негізінде түсінген. Үнді тілінде "рупака" деп аталатын метафора тропы гипербола, каламбур, теңеу сияқты троптармен бір қатарға жатқызылады. Алғашқы рет метафора "Натьяшастра" (Драма жайлы оқулық) деп аталатын санскрит тілінде жазылған ежелгі үнді мәтінінде кездеседі. 36 тараудан тұратын бұл еңбек авторы - Бхарате Муни (б.з.д 4ғ - б.з.2 ғ.). Аталмыш туынды музыка мен драма теориясына арналған [8, 363].

Метафораны арнайы қарастырған үнді әдебиет теоретигі - Анандавардхана (820-890). "Дхваньялока" атты трактатында әдеби шығарма тілінің поэтикалық деңгейін зерттейді. 9 ғасырда жазылған бұл трактатта үнді поэтикасында ең алғашқы рет метафораның классификациясы ұсынылған. Бір жағынан метафораның құрылымы, екінші тұсынан метафораның стилистикалық қызметін ескере отырып, метафораны 2 типке бөлу көрсетілген: метафора-эпитет (қара түндегі ұялшақ ай, оның тәтті келбеті) және етістікті метафоралар (ол қыз шағына жеткенде; аңқыған иіс қозғалысы) [9, 44]. "Дхваньялока" еңбегінде жиі сөз болатын термин - "дхвани". Поэзияны талдауда әлі күнге дейін қолданылатын, шығарма түп негізінің астарлап, жанама түрде берілу жиынтығы. Метафора - осы дхвани терминінің ішіне кіретін ұғым. Дхвани жайлы ілім одан ары қарай Бхатта Наяки мен Абхинавагупты (10-11 ғ.ғ.) есімдерімен байланысты. Одан арғы метафораның зерттелуі Мукула, Маммата (11-12 ғ.), Вишванатхи (17ғ.) трактаттарында орын табады [9, 52].

Антика дәуірінен кейінгі Ортағасырда (5-14 ғ.ғ.) метафора, негізінен, сол кездегі қоғам құрылысын түсіндіру үшін қолданылды. Сондықтан, ортағасырлық метафораларды қарастыру - қоғам құрылымының принциптерін зерттеу әдісі болып табылады. Ортағасыр дәуіріне символдық образдар жүйесіне негізделген метафорикалық ойлау тән. Әртүрлі кезендерде ортағасырлық мәдени дәстүрде ғимарат-кеңселер, адам денесі мен ағаштардың метафорикалық бейнелері пайдаланылды.

Классикалық Ортағасыр дәуірінде қоғамды адамның дене мүшесі сияқты қарастыру кең сипат алды. "Адам денесі" образы ортағасырлық әлеуметтік үйлесім идеясын, ынтымақтастық, серіктестік идеясын білдірді. Ағылшын-француз жазушысы, педагог Иоанн Солсберийский "Polycraticus" ("Поликратик") атты трактатында сол кез қоғамын адам денесіне ұқсатты. Қоғамның басы- патшасы, көз, құлақ - сот қызметкерлері, жүрек - сенат, қол - патша әскері, адам аяғы - шаруа, қолөнерші, ұстаны сипаттады. Адамның аяғы басқа мойынұсынып, бүткіл денеге қызмет етеді. Бүтіндік, тұтастық метафорасы [10, 270].

12 ғасырда "шіркеу" метафорасы кеңінен танымал болды. Ортағасырлық схоласт, тарихшы Гонорий Августодунский өзінің "О драгоценностях души" атты трактатында қоғамды архитектура, ғимарат (әсіресе, "шіркеу" образы басым) арқылы қарастырды. Адальберон Ланский, Герард, Гуго Сен-Викторский сияқты ортағасырлық ғалымдар мен философтар секілді, Гонорийдің де, адам денесі мен ғимарат ұқсастығы негізіндегі метафораны қолданудың негізінде, билік принципі жатыр. Басшылықта тұрғандар - зәулім үйдің негізгі құрылымы, епископтар - бағаналар, князьдер - арка, рыцарь, серілер - шатыр, шаруалар табын - "ғимарат едені" деп қарастыру орын тапты. Бір шетінен, бұл шаруаларды, ең төменгі топ деп қарастыру болса, екінші жағынан, үйдің бекем, мықты болуы - еденге байланысты екенін ескерсек, шаруалардың сол қоғамдағы әлеуметтік ролі өте жоғары болғанын айғақтайды. Адам денесі бейнесіне жүгіну одан бұрын да басталған. Гуго Сен-Викторский де "Трактат о таинствах" еңбегінде осы метафора жайлы көп сөз етіледі. Алғаш рет бұл метафораны (адам денесі - қоғам - ғимарат) қолданған - ортағасырлық ақын Валафрид Страбон болатын [11, 230]. Ғалым Жорж Дюбидің пікірінше, "дене" метафорасын қолдану - өте пайдалы, өйткені ол қоғам мен ондағы түрлі құбылыстарды талдап-саралауға септігін тигізеді [11, 237].

Ортағасырлық дәуірде "дене" метафорасының ең маңызды мағынасы - оның қоғаммен, саясатпен байланысында болатын. Қоршаған орта, әлем, дүние - адам аналогиясы ретінде қабылданды. Адам - әлемнің нақ өзі, бірақ сол әлемнің кішкентай нұсқасы болып саналды. Дәл осы "адам - әлем" метафорасын Хильдегарда Бингенскаяның "Деяние святых апостолов" (12 ғ.) еңбегінен байқай аламыз.

Ортағасырлық дәуірде адам денесіне қатысты қолданылған метафоралар мыналар: "бауыр - нәпсіқұмарлық орны" (Исидор Севильский, 8 ғ.), "жүрек - денедегі Күн" (Ален Лильский, 12 ғ.),

"жүрек - уайым орталығы" (Рене Анжуйский, 15ғ.) т.б. Жак ле Гофф, Николя Трюонның "Орта ғасырлардағы дене тарихы" ("История тела в средние века") атты еңбегінде адам денесіне байланысты бірнеше метафоралар арнайы сөз болады. Олар: "адам-микрокосм", "бас - адам денесіндегі бастық", "қол - басты қару", "бас - күш-қуат", "жүрек - адамның нақ өзі", "бауыр - от-жалын" т.б. Соңғы "бауыр - от-жалын" метафорасы аталмыш органның адам денесіндегі физиологиялық функциясына байланысты шыққан. Бауырдың ішінде жалын бар деп есептелінген. Сол жалын миға дейін көтеріліп, одан қайтадан кері қайтып, көзге және басқа органдарға, дене мүшелерінде таралады. Бұл жалынның арқасында, бауыр тамақтан бөлінген сөлді қанға айналдырып, онымен бүкіл ағзаны нәрлендіре түседі [12, 183].

Адам мүшелерінің метафора ретінде қолданылуы ерте ортағасыр дәуірінде (476 -1100 жж.), Каролингтер (Батыс Франк патшалығы) кезінде (751- 987 жж.), Григориан реформасы уақытында (11ғ.аяғы мен 12 ғ.басы) кеңінен таралды. Дене метафорасының саяси қолданылуы 11-14 ғасырларда кеңінен танымал болды. Қоғамның басты функцияларын атқарушы патша мен сенат болды. Патша - бас, сенат - жүрек метафорасымен байланыстырылды. Қоғамға аса қажетті мамандық иелері, бейнелі түрде, бас жақта орналысты. Көз - сот, әкімшілік - құлақ, т.б. Бұл кезеңде көптеген трактаттар, брошюралар мен памфлеттер жарық көрді. Мысалы, Гумберт де Муанмутъенның "Против симониаков" (1057 ж.) атты трактаты, авторы белгісіз "Установление траяна" еңбегі, Генрих де Мондевильдың "Rex Rascifcus" трактаты т.б. [12, 186-191].

Қайта өркендеу дәуірінде (14-16 ғғ.) де, дәл антика және ортағасырлық дәуірлеріндей, метафора Аристотельдің салып кеткен үлгісі бойынша, риторикалық фигура ретінде қабылданды. Классицизм (14-15 ғғ.) және барокко (17-18 ғғ.) кезеңдерінде жазба және ауызекі тілдерінде қолданылатын метафора тек "көркемдеуіш, сөйлеуді әсемдеуіш құрал" тәрізді сипатталды.

Американың әдеби сыншысы А.А.Ричардстың "Философия риторики" атты еңбегінен үзінді келтірер болсақ, ол былай дейді: "Риторика тарихында, сан жылдар бойы метафора сөз икемділігіне негізделген, тек кей жағдайларда ғана қолданылатын, арнайы қабілет пен тиянақтылықты қажет ететін сәтті, әрі ұтымды амал, әдіс-тәсіл ретінде қарастырылды. Қысқаша айтқанда, метафораға бейнебір әшекей, уақ-түйек бұйымша сияқты көзқарас қалыптасқан, яғни тілдің негізгі формасы емес, тілдің қосымша механизмі ретінде қабылданды" [13, 45].

Сол кездің ойшылдары Т.Гоббс, Дж.Локк, Р.Декарт метафора ғылыми-техникалық және діни-этикалық принциптерге тәуелді емес деп есептеді [14, 29].

Әсіресе, ағылшын философ-рационалистерінің метафораға деген көзқарастары жағымсыз болды. Философ Томас Гоббстың айтуынша, адамның айтар ойы мен пікірін, білімін жеткізу үшін, тек тура мағынасында қолданылған сөздер қажет, өйткені сөздердің тек тура мағынасында қолданылуы ғана осы мақсатқа жеткізе алады, метафора және өзге де ауыспалы мағынада қолданылатын құбылыстар - тілдің басты мақсатының - (адамның айтар ойы мен пікірін, білімін жеткізу) орындалуына бөгет жасайды. 1651 жылғы, мемлекет мәселелеріне арналған "Левиафан" атты еңбегінде, Тілге жасалатын қиянаттың 4 түрлі амал-әдісін келтіре отырып, оның екіншісі ретінде сөздердің метафорикалық қолданылуын меңзеген. Философ кітабынан үзінді келтірер болсақ: "Адам санасы мен ақылының биік көрінісі - екі мәнділіктен тазартылған, нақты дефинициясы бар, көкейге қонарлықтай, қонымды, түсінікті сөздер. Пайымдау дегеніміз қадам, білімнің өсуі - жол, адам баласының амандығы - мақсатымыз. Метафора және екімәнді сөздер, керісінше, ignes fatui (бұлыңғыр жарық, от) секілді, ал мұндай құралдар көмегімен пайымдау дегеніміз сансыз жөнсіздік пен қисынсыздық арасында адасып жүру деген сөз, нәтижесінде, олар тек келіспеушілік, ашу кернеу, жек көрушілікке әкеп соқтырады" [15, 63].

Жалпы айтқанда, 18-ші ғасырдағы рационалистер, сенсуалистер мен позитивистер көбі сөздің ауыспалы мағынасында қолданылуына қарсы болып, бұл құбылысқа жағымсыз-пуристік көзқараста болды. Дж.Локк, Д.Гартли, Дж.Миль еңбектерінде, метафора тек адамның дамыған ассоциативті қабілеттерінің нәтижесі ретінде қабылданды. [16, 13].

Өз кезегінде ағылшын педагогы мен философы, эмпиризм мен либерализм өкілі Джон Локк, Т.Гоббстың идеясын қолдап, метафора тек жалған идеяларды иландыруға, сендіруге қабілеті бар құбылыс деп санаған. Сондықтан метафораны көркем әдебиет пен ғылымда есте пайдалануға болмайды деп есептеген. Сөздердің бейнелі түрде қолданылуын сынға алып, былай деді: "сөздердің образды қолданылуы тек жалған идеяларға итермелейді, олар адамды ақылынан адастырып, яғни таза өтірікке әкеп соқтырады. Мұндай жалған сөздерге ренжудің қажеті жоқ, өйткені адамдар өздерінің алданып отырғанын біле отырып, осындай әдемі сөздерге сеніп жүре береді" [17, 12]. Адамның метафораға бейімділігін Джон Локк табиғилыққа қарсы деп санады.

Шын мәнісінде, метафора туралы жағымсыз пікірде болса да, осы троптың арқасында, Джон Локк сана-сезімнің жаңаеуропалық моделін (новоевропейская модель сознания) ойлап жасады. Бұл ретте жалпы жұртқа белгілі "сана-сезім - мұнтаздай таза тақта" деген метафораны ғана емес, сонымен бірге мына метафораларды атай аламыз: "сана-сезім - идеялар қоймасы", "сана - ақылдың қабылдау бөлмесі", "сана - қытай қалта шамы" т.б. Сана-сезімге анықтама беріп жатып, философ оның не екенін таза логикалық тілмен жеткізе алмады, оған себеп Джон Локктың көркем сөзге әуестігінде емес, философтың зерттеу пәні мұны талап етті [18, 100].

Француз философы, механик, математигі, аналитикалық геометрия мен қазіргі алгебралық символиканың құрастырушысы, "Алғашқы философия туралы ой-толғамдар" (1641), "Философияның бастапқы принциптері" (1644) атты еңбектердің авторы "Рене Декарттың пікірінше, философия тілі ұғынықты, түсінікті сипатта болуы тиіс, мұндай ойы аяқталған, айқын философиялық жүйеде логикалық кездейсоқтыққа, не моралдық шарттылыққа жол жоқ. Философтың метафора туралы пікірі мынадай болған: "Астарлы, ауыспалы, ишара, тұспал мағыналарға ие тіл элементтері мен формалары уақытша және логикалық түрде жөнге келетін сипатқа ие. Мұндай сөздер ауыспалы, өткінші функционалдық мағынасы бар". Метафоралық сөздерді қолданатын адамдар когнитивтік ойлау барысында асығыстыққа салынады (precipitation). Декарт мұндай жанталасушылыққа, асығыстыққа үзілді-кесілді қарсы болды. Философия идеалы анық, ақиқат, сенімді сана, таным. Осы жүйені ұстанатын адам біртіндеп, бара-бара әлемдегі бар маңызды аспектілерді жан-жақты, жеткілікті, толық меңгеріп, теңдесі жоқ білімге қол жеткізе алады. Философия және басқа ғылымда екімәнді, екі бағытты сөздерге орын жоқ деп есептеген. Рене Декарттың осы пікірі "Әдіс турасындағы ой-толғамдар" (1637) атты кітабында жазылған. [19, 39].

Логикалық позитивистер (Г.Лейбниц, Б.Рассел, Г.Фреге, А.Уайтхед) де метафораға қарсы болып, оның ғылыми теорияларда рұқсат етілмеуін қадағалап, метафоралардың қолданылуы - қылмыс жасаумен қатар теңестірілді. (to commit a metaphor = to commit a crime, ағылшын тілінде). Ницше де метафора ақиқатты түсініп білуге бөгет болып, иллюзияға әкеп соқтырады деп есептеді. Тек 20 ғасырда неогумбольдт мектебінің өкілдері, В.Гумбольдт және Э.Кассирердің философиялық іліміне негізделіп, метафораға деген оң пікірлерін білдіре бастады.

Э.Кассирер метафорикалық ойлауды, дискурстық-логикалық ойлаумен бір қатарға қойып, әлемді танудағы басты фактор деп есептеді. Марбург мектебінің өкілі, неміс философы Э.Кассирер аталған ойлау түрлерінің ерекшеліктерін атап көрсетіп, метафораның танымдық функциясына жоғары баға беріп кетті. Адам баласының символдар мен бейнелер әлеміне шомып кеткені соншалық, метафора деп аталатын жасанды дәнекерсіз ешнәрсені көре де, біле де, тани да алмайды. Э.Кассирер алғашқылардың бірі болып метафора мен сана, түсініктің арасындағы байланысқа назар аударып, метафораны "бір құбылысты екінші бір құбылыспен саналы, зерделі түрде ауыстыру, алмастыру" деп атады [20, 35].

Таным, санаға байланысты қазіргі ғылым салаларының барлығы дерлік (психология, герменевтика, лингвистика, семиотика, логика, нейроғылым) метафора теориясының қалыптасуына өздерінің үлестерін қосуда. Көптеген мамандар метафораны адам санасының негіздерін түсінудің, әлем жайлы менталды түсінік пен ұғым қалыптастыру үдерісінің, сыртқы дүниенің нақтылығын ұғынудың психологиялық негіздерінің бірден-бір кілті деп қарастырады, бұл критерийлердің барлығы метафораның бірегей мүмкіндіктерін айғақтайды. Испан философы және элементтанушысы Хосе Ортега мен Гассет метафораны "ойлаудың қажетті құралы" деп санаған. "Эстетика. Мәдениет философиясы" атты кітабында метафораға өте жоғары баға беріп, былай дейді: "Метафора - ғылыми таным формасы, ойлаудың негізгі қайнар көзі. Поэзия метафораны ойлап шығарса, ғылым оларды өз керегіне жаратып, пайдаланады. Метафора - ақыл, сана әрекеті, оның көмегімен, түсініксіз құбылыстарды ұғынып, оларды жете аңғарамыз. Колдағы, жанымыздағы бар заттардың арқасында, ой арқылы біз алыстағы мен қол жетпейтінге жақындай түсеміз. Метафора ой әрекеті радиусын ұзартып, логика саласында "қармақ" не "қару" іспеттес болады. Ғылымдағы рөліне келер болсақ, метафора тек көмекші, қосалқы, қосымша сипатқа ие. Бұл, әсіресе, поэзиямен салыстырғанда, ерекше байқалады, өйткені поэзияда метафора - мән мен шындықтың нақ өзі. Алайда эстетика тұрғысынан алар болсақ, метафора тек көркемдіктің еліктіретін сәулесі не шұғаласы. Сондықтан болар, метафора - ақиқат, шындық екенін бірі түсінсе, бірі мүлдем ұғынбас. Олай болса, поэзия, сонымен бірге, зерттеу екенін де мойындауымыз қажет: өз кезегінде, поэзия да, дәл ғылым тәрізді, пайдалы, әрі игі білімді біздерге ұсынады". Осылайша философ метафора мен поэзияның деңгейін биікке көтеріп, олардың да қоғамға қосар үлесінің зор екенін ерекше атап көрсетті [21, 203].

Француз философы, философиялық герменевтика (өкілдері: Хайдеггер, Гадамер) өкілі Поль Рикер метафораны елес пен қиял теориясы шеңберінде қарастырып, семантикалық және психологиялық

деңгейлерде талдау жасады. Метафораны зерттеу мен оқудағы, тарихи тұрғыдан қалыптасқан тәсілдер мен түсініктемелердің көптүрлілігі, әсте кездейсоқ емес, метафораға деген жан-жақты, сонау ертеден жалғасып келе жатқан қызығушылық, оның табиғи әмбебаптылығын, ерекшелігін растайды. Метафора тіл мен оның формаларымен қатар пайда болып, дамып келе жатқандықтан-ақ, оның әмбебаптығы растала түседі [22, 142].

Осы орайда В.Г.Гактың пікірін келтіре кеткен орынды. Оның ойынша, метафора әмбебап, жан-жақты, және бұл әрқырлылық "кеңістік пен уақытта, тіл құрылымы мен оның функциясында" әр тараптан көрінеді. Метафора кез-келген дәуірдегі тілдердің барлығына тән, ол тілдің түрлі аспектілерін қамтып, тілдің түрлі функционалды әртүрлілігінде көрінеді [23, 11].

Метафора тек кеңістіктік-уақыттық тілдік универсалия емес, сонымен бірге, бүткіл халықтар мен барлық уақыттық дәуірге өзекті әлеуметтік құбылыс. Сонау Антика заманынан бері, әлемнің төрт бұрышында, әр қырынан, сала жағынан да зерттеліп келе жатқан метафора құбылысына, біздің жақын көршіміз болып табылатын Ресейде де назар аударған. Алғашқылардың бірі болып, Антика дәуірінде - Аристотель, Квинтилиан, Теофраст, Цицерон; Орта ғасырларда - Иоанн Солсберийский, Адальберон Ланский, Герард, Гуго Сен-Викторский, Гонорий, Исидор Севильский; Ресейде - Стефан Яворский, Андей Белобоцкий, М.В.Ломоносов, В.К.Тридиакковскийлер (18 ғасыр) метафораға ден қоя бастады.

Ресейдегі метафораны зерттеушілердің ең алғашқысы - М.В.Ломоносов. "Краткое руководство к риторике" (I бөлім: "Риторика", 1748). атты жұмысында, метафораны көркем сөйлеу тәсілі ретінде сипаттайды. Метафора проблемасының теориялық негізін де қалаған осы - М.В.Ломоносов. Ломоносовтың пікірінше, "метафора дегеніміз бір нәрсені екінші бір заттың ұқсастық ортақ белгілеріне қарап, басқаша атау, яғни сөздің негізгі мағынасын өзгеше айту" [24, 340]. Екі заттың ортақ белгілеріне қарап, мағынаны өзгеше айтудың басты шарты - "фантазия, қиял күші". Құрамына метафора тропы да кіретін, тілдің бейнелеу және суреттеу құралдары екі ережеге бағынады. Біріншіден, барлық троптар мен фигуралар, баяндау тақырыбына сәйкес сипатталулары тиіс. Екіншіден, троптар мен фигуралардың қолданылуы, олардың таңдалуы барысында, қанағатшылдық сезіміне сүйену керек. Ломоносовтың сөзімен келтірер болсақ, "Тек орнымен болмаса, метафораларды жиі қолданудың қажеті жоқ, себебі тым асыра қолданылған астарлы, ауыспалы сөздер, мағынаны асқақтатудың орнына, тек сөз көлеңкесінде қалып қояды" [24, 340].

Қазақ халық ауыз әдебиетінің де қай түрі болмасын, метафораға тұнып тұр. Жырау, би, шешендеріміз, ақын-жазушыларымыз осы бір троп түрін шығармаларына үнемі қосып, туындыларын одан бетер көркейте түскен. Алайда метафораға ғылыми тұрғыдан алғашқылардың бірі болып баға берген - қазақ зиялысы, түркітанушы, ақыны Ахмет Байтұрсынов. Өзінің "Әдебиеттанушысында" көркем өнердің 5 тараулары мен (сәулет, сымбат, живопись, әуез, сөз), мазмұн түрлері (әуезе, әліптеу, байымдау) келтіреді. "Тіл көрнекілігіне мынадай әдістермен жүзеге асады. Көрнектеу, меңзеу, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу (лептеу), қайталақтау, шендестіру [25, 170-199]. Осы орайда әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсыновтың метафора жайлы айтқаны: "Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастық жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, "күн құтырып кетті", "аяз қарыған", "қырау соққан" дейміз. Осындай ұқсастығымен ауыстырып, өз мағынасын өзгелеп айту - ауыстыру деп аталады" [25, 174].

Өз кезегінде академик З.Ахметов "Әдебиет танытқыштың құндылығын былайша сипаттайды: "Автор поэзия тілінің бейнелігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, тенеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), арнау секілді әдеби ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады" [26, 64].

Сан ғасырлардан бері, сан түрлі ғылым мамандары, әралуан елде бұл троп қанша зерттелсе де, метафораға деген ғылыми ынта, ықылас толастар емес. Қазіргі таңда да, бұл құбылыс талай зерттеу еңбектеріне арқау болып жүр.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Аристотель. Поэтика / Пер. Н.И.Новосадского. "Классики искусства" Ленинград: Academia, 1927. -120с.
2. Paul Ricoeur. The Rule of Metaphor, Canada: University of Toronto Press, 1977. - 387 p.
3. Складневская, Г.Н. Метафора в системе языка / Г.Н. Складневская – СПб.: Наука, 1993 – 152 с.
4. Канке В.А. Формы времени. М.:Едиториал УРСС, 2002. - 230 с.
5. Козгай Э.Р. Метафора как средство создания индивидуально-авторской картины мира. Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 77 с.
6. Quintiliani A. De Musica libri tres. R. P. Winnington-Ingram, B.G. Teubner (Leipzig), 1963. 198 p.
7. Античные риторика. М.: Издательство Московского Университета, Под ред.А.А.Тахо-Годи. 1978, 352 с.

8. Бхарата. Натьяшастра // Столепестковый лотос. Антология древнеиндейской литературы. Классическая литература Востока. Перевод с санскрита и древнетамильского. Москва: "Восточная литература РАН", 1996. - 408 с.
9. Анандавардхана. Дхваньялока (Свет Дхвани). Памятники письменностей Востока. Перевод с санскрита Ю.М.Алихановой. Москва: Главная редакция восточной литературы издательства Науки, 1974. - 305 с.
10. Светлана Лучицкая. Метафоры средневекового общества: тело, здание, шахматы // "На меже меж Голосом и Эхом". Сб. статей в честь Т.В.Цивьян. М.: Новое издательство, 2007. стр.269-276
11. Жорж Дюби. Трехчастная модель или представления средневекового общества о самом себе. Перевод с французского Ю.А.Гинзбург. М.: Языки русской культуры, 2000. 320 стр.
12. Жак ле Гофф, Никола Трюон. История тела в средние века. Перевод с французского Е.Лебедевой. - М.: Текст, 2016.
13. Айвор А.Ричардс. Философия риторики // Теория метафоры. - М.: Прогресс, 1990. с.44-67
14. Тарасов О.В. Соотношение метафоры и науки: основные философско-мировоззренческие подходы: Диссертация канд. фил. наук. - Уфа: Белорус. гос. ун-т, 2005. 164 стр.
15. Гоббс Т. Левиафан, или Материя, форма и власть государства церковного и гражданского. М. Государственное социально-экономическое издательство, 1936., 504 стр.
16. Шитиков П.М. Концептуальная метафора в Евангелии от Иоанна. Санкт Петербург: Алетейя, 2015, 148 стр.
17. Локк Джон. 3-томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. М: Издательство "Мысль". Редакция философской литературы, 1985, 567 стр.
18. Мигуренко Р.А. О роли метафоры в философском языке описания сознания // Журнал "Известия Томского политехнического университета", 2008, Том 313, Номер 6. стр. 99-101
19. Дмитриев Т.А. Проблема методического сомнения в философии Рене Декарта. Рос. акад. наук, Институт философии. Москва: ИФ РАН, 2007, 232 стр.
20. Эрнст Кассирер. Сила метафоры // Теория метафоры. - М.: Прогресс, 1990. с.33-43
21. Хосе Ортега и Гассет. Эстетика. Философия культуры. Перевод Б. В. Дубина. Москва: "Искусство", 1991. 591 стр.
22. Сысолятина О. Н. Метафора как вербально - невербальная форма // Вербальные и невербальные формы репрезентации знания: Диссертация канд. фил. наук. - Киров, 2004. 188 стр.
23. Гак В.Г. Метафора: универсальное и специфическое // Метафора в языке и в тексте. - М.: Наука, 1988. - с.11-26. Монография состоит из 176 стр.
24. Ломоносов М.В. Краткое руководство к красноречию / Ломоносов М.В. Сочинения. Том 10. Москва-Ленинград: Издательство Академии Наук СССР, 1957, 519 стр.
25. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Бірінші том Алматы: Ел-шежіре баспасы, 2013 жыл. 382 б.
26. З.Ахметов. Бүкіл қазақ "Ахаң" деген // Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы арналады. Құрастырушы: В.Қ.Күзембаева. Алматы: Орталық Ғылыми Кітапхана, 2001. - 267 бет.

Омарова София Кожиякпаровна

филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран-Астана» университетінің психология және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті

АКТУАЛЬДЫ МҮШЕЛЕНУДІҢ ДИСКУРСТЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түйін. Мақалада сөйлемнің актуальды мүшеленуінің лингвистикалық табиғаты орыс тілімен салыстырыла қарастырылған. Актуальды мүшеленудің компоненттері, тема және реманың дискурс кезіндегі семантикалық және қарама-қарсылық ерекшелігі талданады. Актуальды мүшеленудің қазақ тіліндегі өзіндік мазмұн желісі, берілу құралдары, сондай-ақ белгілілік және белгісіздік ұғымдармен байланыста қарастырылатын когнитивтік табиғаты анықталады.

Кілт сөздер: актуальды мүшелеу, сөйлем, тема, рема, коммуникативті синтаксис, бастапқы, жаңа, белгілі, белгісіз, логикалық субъект, предикат.

Резюме. В статье в сравнении с русским языком анализируются лингвистическая природа актуального членения предложения, а также семантические различия и характер противоположности темы и ремы в дискурсе. Автор определяет содержательную структуру и основные способы выражения актуального членения, также когнитивную природу, которая рассматривается в взаимосвязи с определенной и неопределенной грамматическими понятиями казахского языка.

Ключевые слова: актуальное членение, предложение, тема, рема, коммуникативный синтаксис, исходный, новый, определенное, неопределенное, логический субъект, предикат.

Summary. In the article, in comparison with the Russian language, the linguistic nature of the actual division of the sentence is analyzed, as well as the semantic differences and the nature of the opposition of the theme and the rema in discourse. The author defines the content structure and the main ways of expressing the actual division, as well as the cognitive nature, which is considered in connection with the definite and indefinite grammatical concepts of the Kazakh language.

Key words: aktual'noye chleneniye, predlozheniye, tema, rema, kommunikativnyy sintaksis, iskhodnyy, novyy, opredelennoye, neopredelennoye, logicheskyy sub"yekt, predikat.

Сөйлемнің актуальды мүшеленуі (актуальное членение предложения) – бұл коммуникативті синтаксис категориясы. Оның формальды құрылымдық синтаксистен айырмашылығы сөйлеу кезінде, яғни нақты коммуникациядағы сөйлемді зерттейді, белгілі контекст немесе ситуация үшін негізгі, маңызды мүшелену болып саналады. Актуальды мүшелену сөйлемнің коммуникативті бағытымен сәйкестеніп, ол негізгі ақпаратты жеткізу үшін сөйлемді іске асырады. Шындық болмыстағы коммуникацияда актуальды мүшелену құрамында тема мен рема қарама-қарсы қойылады. Сөйлеудің алғашқы, бастапқы (исходной) бөлшегін белгілеу үшін “тема” термині қолданылады, ал негізгі бөлшекті белгілеу үшін “рема” термині қолданылады. Тема – бұл хабарлайтын зат, рема – хабарлаудың негізгі мазмұны, сөйлеу барысының коммуникативті ядросы [1;570].

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте темаға (грек. thema – негізге алынған) – сөйлемнің (хабардың) бастапқы нүктесі [2;221], ал ремаға (грек. rhema – сөз) сөйлемнің актуальды бөлігі деген анықтама беріледі. Хабардағы бастапқы бөлік – тема жөнінде айтылатын және ойдың аяқталмаған көрінісін жасаушы, негізгі (жаңа) хабар жеткізуші деп анықталады. Л.В. Щерба, В.В.Виноградов және т.б. ғалымдардың ойынша, рема пікірдің логикалық предикаты болады [2;173].

Сөйлемнің актуальды мүшеленуі туралы пікірлердің даму тарихы XVIII ғасырдан бастау алады. Актуальды мүшеленудің алғашқы кезеңі Ш.Бато, И.Аделунг, Монбоддо, К.Беккер, Н.Бозэ, Дюмарсэ, А.Вейль есімдерімен байланысты айтылады. XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде Г. фон Габеленц, Ф.Вагенер, Г.Амман, Э.Драха, К.Бооста, К.Фосслер, Л.С.Выготский, А.А.Потебня тағы басқалары бұл ілімді одан әрі дамытып, әр бағытта зерттеген. Актуальды мүшеленудің тіл білімінің объектісіне айналуы Прага лингвистикалық мектебі функционалды синтаксистің өкілі В.Матезиустың және оның шәкірттерінің еңбектерімен байланысты. Бұл салада тіл білімі тұрғысынан Ф.Данеш, Я.Фирбас, Л.Адамец, И.Мистрик, И.П.Распопов арнайы зерттеулер жүргізген.

Қазақ тіл білімінде коммуникативтік синтаксистің, актуальды мүшеленуге қатысты мәселелердің, актуалдану, ремалық хабардың жеткізілу жолдары мен тәсілдері, ауызекі тілдегі заңдылықтардың басын ашып зерттеген ғалым Р.Әміров. Бұл саладағы зерттеулер ғалымның актуалдану, актуальды және қалтарыс позициялар, ой екпінінің түсуі, демеуліктердің қолданылуы, предикативтілік туралы теорияларынан көрініс тапты. Коммуникативті синтаксистің мәселелері бойынша синтаксистік варианттар, соның ішінде сөйлем варианттарының белгілерін нақтылап, оның басқа құбылыстардан айырмашылығын анықтаған профессор М.Серғалиев орын алмастыру және интонацияның белгілі

дәрежедегі қызметі бар екендігін көрсетеді. Профессор Т.Сайрамбаев синтаксистік аспектілерді логикалық, коммуникативтік, грамматикалық деп көрсетеді. Коммуникативтік аспектіде темаремалық қатынасқа назар аударылатыны айтылады [3;8-10].

Сөйлемдерді коммуникативтік (актуальды) жақтан мүшелегенде ең алдымен сөйлемде не айтылғанына назар аударылады, нақты контексте “не туралы айтылған” және “ол туралы нені естіп білдік” деген сұраулардың жауабы сол фразаның не үшін жарыққа шыққанын көрсете алады. Сөйлемде бір ой айтылады, оған сүйене отырып, сол негізгі, бастапқы жайдың қандай да бір сипатын, белгісін, күйін хабарлап, ол туралы мәлімет беру көзделеді. Мысалы: *Батпақтының күні қаңғырған қайыршыдай алыстан, әлдеқайдан көрінеді де, ақшаңдақ аязға оранып алады. Бізді жылыту түгілі өзі тоңып жүргендей бүкшеңдеп, белуардан жоғары көтеріле алмай, буалдыр аязға тез батып кетеді. Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма? Шығырық атып аспанға шығып алады да, ыржаңдайды да тұрып алады. Күннің өзі көтеріле алмаған биікке шығып алғанына мастанып жүргендей (Ғ.Мүсірепов).*

Алғашқы абзац *Батпақтының күні* туралы айтуды мақсат еткен, келесі абзац *Батпақтының айы* жөнінде әңгімелейді. Бұлар, *Батпақтының күні және айы*, алғашқы сөйлемдерде де, кейінгі сөйлемдерде де айтушының ойлағанындай болып әртүрлі белгілері арқылы сипатталған. Көбіне адресатқа, тыңдаушыға таныс немесе контекстен белгілі болып келетін, сөйлемнің, ойдың не туралы екендігін көрсететін бөлігін оның **темасы**, оған сүйеніп, сол жайында ойды, сөйлемнің ең негізгі, фразаны айтуға себеп болған бөлігін **ремасы** деп атайды. Жоғарыдағы үзіндінің алғашқы абзацындағы сөйлемдердің **темасы** – *Батпақтының күні* де, екінші абзацтағы **тема** – *Батпақтының айы*. Сөйлемдердің қалған бөлігі оның **ремасын** құраған. Абзацтардағы контекстік ой жалғасатын сөйлемдер де осы өз темаларының ремасы болып табылады. Ол сөйлемдердің темалары грамматикалық бастауыштарға сәйкес келіп, сөйлемде белгілі болғандықтан түсіріліп айтылған.

Келесі *Мен студентпін, Ол сөйледі* сөйлемдерінде дара бастауыштар ойдың негізін құрайтын *мен, ол* есімдіктері арқылы берілген. Сөйлеуші осылардың қандай да бір белгісі, сипаты, әрекеті, жайы туралы хабарлауды мақсат етеді. Алғашқы сөйлемде сөйлеуші *студент* екенін хабарласа, екінші сөйлемде өзге біреудің (ол) сөйлеу әрекетін өткен шақта жүзеге асырғаны (сөйлегенін) жайлы ақпарат берілген. Сонда бұл сөйлемдердің бастауыштары сөйлемдердің **темасы** болып отыр, ойды айтуға тірек, негіз болғанда, баяндауыштары ойдың ең басты бөлігін құрап, **рема** қызметінде жұмсалған. Осы мысалдардағыдай сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде тема линиялық жағынан бірінші келсе, одан кейін рема хабарланады, Матезиустың айтуындағы “объективті тәртіпке” мысал бола алады. “Объективті тәртіп” деп аталатын себебі, Матезиустың пікірінше, “адам танымы әрқашан белгіліден белгісізге қарай жүреді де, біздің айтылған жаңа хабарды түсінуімізді жеңілдетеді”. В.Матезиустың теманың тыңдаушыға нақты жағдаятта, контексте белгілі болатындығына, реманың белгісіз ретінде сөйлемде хабарланатынына сүйенеді де, белгілінің белгісізден бұрын тұруын біздің, айтылған хабарды қабылдауымыздағы ең қолайлы тәртіп деп табады. Сонда конкретті ситуацияда бастауышты (*мен, ол*) тыңдаушы бұрыннан біледі де, оның *студент* екенін, *сөйлегенін* осы сөйлемдерден біліп отыр. Бұл сөйлемдердегі объективті тәртіп заңды, қолайлы деп табылса, мұндай орын тәртібі, бастауыштың баяндауыштан бұрын келуі, қазақ тіліндегі мүшелердің тарихи орын тәртібі бойынша, негізгі тәртіп болып сипатталатынын да еске түсіре кетуге болады [3;20-23].

Орыс тілінде, қазақ тілімен салыстырғанда тұрлаулы мүшелердің орын тәртібі неғұрлым еркін болғандықтан, баяндауыш тема есебінде, “белгілі” ретінде қызмет етеді де, бастауыштың тобы - рема “белгісіз” хабарды анықтау үшін қолданылады (Говорил мой отец). Ал қазақ тілінде “Әкем сөйледі” деген фразаның бастауышы «тема» болу мүмкіндігі басым, баяндауышы «рема» қызметін атқарады [3;30].

Қазақ тілі – темадан басталып айтылатын тіл. Сондықтан ремаға тоқталсақ, сөйлем коммуникативтік бірлік ретінде бізге не айтты, “белгісіз” қылып нені хабарлады, не айтқысы келген, нені естіп – білдік, айтылған ойдың ішінде ең басты бөлігі, ядросы неде, сөйлем нені айту үшін жарыққа шыққан, тема қалай сипатталған дегендей тұрғыдан келеміз. Теманы іздесек, бізге “белгілі” ретінде не ұсынылған, сөйлем не жайлы, кім туралы деген көзқараспен келеміз де, осылайша сөйлемнен контекст бойынша тема мен реманы бөліп аламыз. Тема бізге “белгілі” болады деп есептеу – шартты түсінік. Ең алдымен контекст жақсы таныс болу керек. Сол сияқты рема “белгісіз” болады деп түсіну де шартты [3;61-64].

Мәселен, келесі сөйлемдерді талдап көрейік. *Мен /Т/ ертегілерді аяқтадым /Р/. Қарлығаш /Т/ тіс жарған жоқ /Р/. Екеуіміз /Т/ кеш түсе қалаға қайттық /Р/* (Б.Исаев. Бәйшешек). Тема алғашқы сөйлемде «мен», екіншіде «Қарлығаш», үшінші сөйлемде «екеуіміз». Ал «мен», «Қарлығаш», «екеуіміз» жайлы ремалар тыңдаушыға белгісіз ретінде арнайы хабарланып тұр. Сөйлемнің

ремасынан сөйлеушінің өзі туралы айтқан ертегісінің аяқталғаны жайлы, Қарлығаштың үндемегені туралы, екі адамның қалаға қайтқандары туралы хабар алдық [4; 132].

Синтаксистік мүшелеудегі кездесетін қиындықтарды болдырмау жолындағы ізденіс предикативтілік қатынасты пікірдің логикалық сипаты ретінде зерттеп түсіндіретін актуальды мүшелеу принципін дүниеге келтірді. Бұл принцип – синтаксистік принципке қосымша, сонымен тығыз байланыста болатын жаңа принцип ретінде көрінеді. Сөйлемді актуальды мүшелеудің элементтері, бұл – сөйлеудің бастапқы нүктесі (негізі), яки сөйлеу ситуациясы негізіндегі белгілі нәрсе, сөйлеушінің не туралы айтқысы келгенін тез түсінуге болатын бөлігі және сөйлеудің ядросы, яки сөйлеудің негізі (шығар нүктесі) туралы сөйлеушінің хабары. Сонымен, актуальды мүшелеу принципі бойынша пайымдаудың (сөйлемнің) негізіне тема мен рема арасындағы предикативтік қатынас алынады. Қазақ тіліндегі сөйлемдер арқылы мұны қалай түсінуге болады? Мысалы: «Бұл жолға Құнанбай бір жыл бұрын бекінген болатын» (М.Әуезов) деген сөйлемнің грамматикалық бастауышы – “Құнанбай”, баяндауышы – “бекінген болатын”. Осы екі мүшенің арасындағы қатынасты сөйлемнің негізіне алатын болсақ (“Құнанбай бекінген болатын”), онда баяндаудың толық мазмұны берілмейді (неге?, қашан? деген пікір бөліктері қалайда айтылуға тиіс болып тұрады). Бұл ерекшелік тұрлаусыз мүшелердің бас мүшелерден бөлініп қалуынан болып тұр. Ал актуальды мүшелеу бойынша, “Бұл жолға Құнанбай” – баяндаудың, хабардың сөйлеушіге, тыңдаушыға да белгілі бөлігі, яки темасы болады да, “бір жыл бұрын бекінген болатын” хабардың жаңа бөлігі (рема), айтушының жеткізуге тиісті, тыңдаушының білуге тиісті жаңалығы да осы болады.

В.В.Богдановтың “Семантико-синтаксическая организация предложения” деген еңбегінде актуальды мүшелену теориясының негізін салған чеш лингвисті В.Матезиус және ол А.Вейль, Г.Пауль еңбектеріне сүйенген деген мәліметтерді кездестіреміз. Сонымен қатар басқа көп лингвистер сияқты У.Чейф актуальды мүшелену ерекшелігін тема мен реманың, байырғы (старое) мен жаңа хабардың (новое) корреляциясында деп қарастырады [5;134].

Егерде тілдің кез келген бірліктері ең алдымен олардың табиғи реттілікпен қалыптасқан тәртібіне негізделсе, онда оларды қабылдау барысында әрбір кейінгі бірліктерге *предтекст*, яғни бірліктердің алдындағылары әсер етсе, ал кейінгі текстің (посттекст) ықпалы төмен болады. Актуальды мүшелеу теориясының түсінігінде алдыңғы текст көбінесе темамен сәйкес келсе, ал кейінгі текст реманың ерекше формасынан көрінеді. Мәселен, *Сары топырақ, қара көмір үйінділері, қалқайған жер барақ /Т/ қараша ауылдар көлемін кеңейте, қоюлана түскен /Р/. Жұмысшы халық /Т/ енді жаппай оқушыға айналған /Р/.* (Ғ.М. Қарағанды). Бұл сөйлемдердегі *сары топырақ, қара көмір үйінділері, қалқайған жер барақ алғашқы мәтін* (предтекст), *ал қараша ауылдар көлемін кеңейте, қоюлана түскен* соңғы мәтін (посттекст). Алғашқы мәтін соңғы мәтіннің дамуына әсер етті. Алғашқы мәтіндегі белгілі ой, соңғы мәтіндегі белгісіз ойдың дамуына, сыртқа шығуына әсер етті. Екінші сөйлемді *Жұмысшы халық* алғашқы мәтін болса, *енді жаппай оқушыға айналған* соңғы мәтін ретінде талдауға болады.

Тема мен ремаға мүшелеу, біріншіден, қыстырма сөйлемнің көмегімен, екіншіден, сөйлемдегі оңашаланған төл сөзімен, үшіншіден, мәтіннің жазбаша вариантында тыныс белгілер (үтір, нүкте, қос нүкте) көмегімен жүзеге асырылады. Кез келген сөйлемшені, мәтінді тема мен ремаға бөлу оның ең маңызды құрылымы болып есептеледі [6;7-12].

И.Б.Кобозеваның “Лингвистикалық семантикасында” коммуникация барысындағы құрылған сөйлем ішіндегі мағыналық қарама-қарсылықтар жөнінде былай делінген: “Следующее противопоставление в рамках упаковочного компонента семантики предложения – это противопоставление того, о чем говорится тому, что говорится. Это противопоставление имеет разные названия, например, “тема-рема”, “логический субъект-логический предикат”, “топик - комментарий” [7; 252].

Бұл семантикалық бірліктерді Е.В.Падучева (1985) өз жұмысында “мағыналы тема” және “мағыналы рема” (смысловая тема и рема) деп ажыратады [8;109-110].

Сөйлем семантикасында “данное” (бастапқы) және “новое” (жаңа) деген компоненттері қарама-қарсы қойылады. *Бастапқы* дегеніміз сөйлем арқылы берілетін ақпарат, айтушының болжауы бойынша сөйлем айтылған сәтте тыңдаушының санасында болады. *Жаңа* деп сөйлем арқылы берілетін ақпаратты, сөйлеушінің болжауы бойынша, ол сол сөйлемді қолдана отырып, тыңдаушының санасына жеткізеді [7;255].

А.Б.Қалыбаеваның пікірінше, тіл білімінде “данное” мен тема, “новое” мен рема ұғымдары бір-бірін жоққа шығармайды. Сонымен қатар олардың орнын алмастыруға да, шатастыруға да болмайды деген. Актуальды мүшелену және “данное” мен “новое” ұғымдарына мүшелену диалогтық және диалогтық мәтіндердің түрлі типтерін актуальды ұйымдастыруда әртүрлі өзара байланысқа түседі. Мәтіндерде бұл ұғымдар сәйкес келсе, онда олар басқаларына қарағанда орнықты және қисынды

болып келеді. “Данное” мен “новое” ұғымдарын кез келген сөйлемде контекссіз табу қиын, өйткені тек қана контексте ғана сөйлемнің қай хабары адресат үшін белгілі, ал қайсысы – белгісіз, жаңа екені анықтай аламыз деген [9;9].

«Данное» ұғымын зерттеушілер әртүрлі анықтаса да, олардың анықтамаларында қайталанатын кездері де болады. Мысалы, «данное» ұғымынан субъектіге белгілі нәрсені; белгілі қарым-қатынас ситуациясында субъектінің санасындағы бар, белгілі мәліметті; субъектіге контекст арқылы белгілі болған затты не мағлұматты; белгілі ситуациялық қарым-қатынастың экстралингвистикалық бөлшегінен субъектіге мәлім болған нәрсені түсінеміз деген [10;5-6].

Демек “белгілі” ұғымын әртүрлі жағдайларда анықтауға болады. Мәселен, *Бұқар жыраудың да көңілі орныққандай. Ол тіпті Абылай жаққа мойнын да бұрмады. – Тоқтама, жырау, айта бер. – Жоңғар, Қытаймен соғысып, Қоқан хандарының бетін қартайғанша, сен жұртты бірімен бірін өшіктіріп, не орынсыз өлімге бұйырып көрген жоқсың...* (І.Есенберлин. Көшпенділер) Бұл диалог Абылай мен Бұқар жыраудың әңгімесі екені, бізге мәтіннің алдыңғы сөйлемдерінен (жырау - Бұқар екені, сен дегеніміз Абылай екені) белгілі, бұлар жөнінде мәліметтер біздің санамызда бар. Белгілі біліміміз бар. Төртінші сөйлемнің темасы “жоңғар, қытаймен соғысып, қоқан хандарының бетін қартайғанша”, “сен”, ал ремалық бөлігі “жұртты бірімен бірін өшіктіріп, не орынсыз өлімге бұйырып көрген жоқсың”. Сөйлемнің темасынан бізге соғыс туралы және тыңдаушы (сен) белгілі болса, ремадан елдегі бейбітшілік өмірге басшы болған адамның қадірі туралы негізгі, жаңа ойды естіп білдік. “Белгілі” мен “белгісізді” келесі жағдайда анықтап көрейік. Мәселен, - *Атың кім? – деді. Қияқ та көзін тайдырмай: - Атым Қияқ, әкем Жаубасар батыр! ...* (І.Есенберлин. Көшпенділер). Бұл – танысу үлгісі. Мұнда рема – мүлде “белгісіз”. Шындықта осындай ситуациялық қарым-қатынаста «белгісіз» жағдай жиі болады. Қарым-қатынас негізінде «белгісіз» «белгіліге» айналады. Сөйлеушінің аты, ол туралы қосымша мағлұматты естіп білдік. Ал жұп ұғымдарды келесі жағдайда қарастырсақ, мәселен, *Жасы ұлғайған сайын Абылайдың мінезі қатулана түсті* деген қолданыстан тыңдаушыға немесе оқырманға Абылайдың мінезінің қатты екені белгілі, ал жасы ұлғайған сайын мінезінің қатулана түскендігін осы жағдайдан естіп білдік, яғни жаңа мәлімет белгілі болды. Берілген мысалдардан «белгілі» мен «белгісіздің» контекстік, ситуативтік, эмпирикалық мәні семантикалық тұрғыдан қарастырылды.

Актуальды мүшелену синтаксистік мүшелену сияқты бір жағынан өзінің мазмұн желісіне, екіншіден берілу құралдарына ие. Синтаксистік мүшеленудің мазмұнын шындықтағы заттар мен құбылыстар жиынтығының өзара қарым- қатынасы деп түсінсек, берілу құралдары болып, сөйлем мүшелерінің предикативті қатынастағы, қиысу, қабысу, менгеру және т.б. құралдары саналады. Актуальды мүшеленудің мазмұны көрсетілген өзара қатынастарды бастапқы және негізгіге жіктеуге алып келеді. Сөйлемде тема мен реманы анықтау оған қойылған сұрақ пен соңғысына жауап беру сипаты негізінде жүзеге асырылады. Демек, зерттеуші Е.Ш.Чиалашвили бұл жөнінде: “Тема высказывания – эта часть несомый высказыванием информации, содержащейся в поставленном к нему вопросе: рема – эта та часть информации, которая содержится в ответе на вопросительное слово”, - деп түсінік берген [11;8-9].

Тема мен рема сөйлесудің сұрақ-жауап нысанында ерекше, анық ажыратылады.

Мысалы, - *Миколайдың өзі қайда? - Миколай әне келе жатыр* (І.Есенберлин. Көшпенділер) Сөйлеуші белгілі фактіге (бастапқы) сұрақ қояды. Оған субъект (Миколай) белгілі болып тұр, бірақ оның қайда екені белгісіз. Тек қайда? сұрағы арқылы анықтау қажет. Жауаптағы *Миколай* – «бастапқы», *әне келе жатыр* «жаңа».

Кез келген тілде мүшеленуге келмейтін де сөйлемдер бар. Олар табиғат құбылыстары жөнінде хабарларды білдіреді. *Шапақтаған таң сәулесі. Шаңқай түс мезгілі. Қатты аяз. Боран.*

Актуальды мүшеленудің ерекшелігі (толымды сөйлемдерде) тема мен реманың жинақты болып келуінде, бірнеше сөйлем мүшелері бірігіп қолданылып отырады. Мысалы: *Биыл көктем ерте келді* деген сөйлемде, *Биыл көктем* (тема) *ерте келді* (рема).

З.М.Базарбаева сөйлеу кезінде конкретті ситуацияға байланысты логикалық екпіннің көмегімен коммуникативті қатынастағы аса негізгі сөз бөлінуі мүмкін дейді. Логикалық екпін ритмикалық сияқты сөйлем мағынасына әсер етеді. Ол актуальды мүшеленуге, тема мен ремаға, *бастапқы* және *жаңа* деген ұғымдарымен тығыз байланысты. Сөйлеуші контекст пен ситуацияға сәйкес өз алдына түрлі коммуникативті мақсаттар қоюы мүмкін. Мысалы, “Жазда балалар ауылға барады” сөйлеміне белгілі ситуацияда тыңдаушыға не білу қажет екеніне сәйкес әртүрлі сұрақтар қоюға болады.

| Сұрақтар | Тема | Рема |
|----------------------------------|----------------|--------------------|
| 1. Балалар жазда ауылға бара ма? | Балалар жазда | // ауылға барады. |
| 2. Балалар ауылға қашан барады? | Балалар ауылға | // жазда барады. |
| 3. Балалар жазда қайда барады? | Балалар жазда | // ауылға барады. |
| 4. Жазда ауылға кімдер барады? | Жазда ауылға | // балалар барады. |

Кез келген сөз мағынасы бойынша сөйлемнің логикалық предикаты –ремада көрініс тауып, ерекшеленуі мүмкін. Реманың баяндауышқа жақын сөйлем соңында орналасуы және оның міндетті түрде алдында тұруы қазақ тілін ажыратудың ерекшелігі болып саналады. Тема әрқашанда синтагма соңында жоғары көтерілген мелодиялық контур мен пауза арқылы сипатталады. Рема аяқталған синтагманы білдіріп, төмен түсетін мелодиялық контурға ие [12;28-29].

Мәтіндегі тема-ремалық қатынастар мәтіннің коммуникативтік көрінісін құрайды. Тема мен рема хабарлама жасаудың кез келген процесін құрастыратын қажетті элементтері болып есептеледі. Тема – өзінің табиғаты бойынша номинативті. Ф.Данеш мәтіндегі теманың ролін анықтай отыра, тема әрқашанда бастапқы (белгілі) хабарларды білдіре отыра, мәтінді құрастыруға қатысты өзінің релеваттылығын білдіреді деген. Бұл мағынада кез келген мәтін (және оның бөлшектері) темалардың жүйелігі сияқты қарастырылады. Сондықтан, барлық мәтін “тематикалық тізбек” түрінде көрініп, неміс зерттеушілерінің мәтінді зерттеген еңбектерінде *topikketten* деген атқа ие болды. Ал совет лингвистерінің еңбектерінде «номинативті тізбек» термині қолданылған. Теманы анықтау индуктивті тәсілмен жүзеге асырылады. Егерде сөз немесе сөз тіркесі барлық мәтінге толық жайылса, онда *жетекші тема* болады, ал белгілі көлеммен шектелген жағдайда, оны *жеке тема* деп атаймыз. Рема тема жөнінде жаңа хабар береді. Мәтінде рема коммуникативті жүктеме тұрғысынан релеваттық рөл атқарады, өйткені «жаңа» хабарды білдіреді. «Жаңа» деп оқырманның санасына жетпеген, сөйлемнің негізгі мақсатын маңызды ететін хабарламаны айтады. «Жаңа», «белгісіз» әр уақытта «түсіндіруді» яғни қосымша хабарды талап етеді. Ремада автордың негізгі ойы дамиды, онда тема тікелей және жан-жақты ашылады, қойылған мәселелер шешімін тауып, істің негізі айтылады. Рема тема сияқты түрлі дәрежелі болады. Жетекші темамен байланысты рема негізгі (ключевая) болады. Ол темаға қарағанда аса маңызды, актуальды, жоғарыда айтқанымыздай «хабардың негізгі мазмұнын бейнелейді». Екінші дәрежедегі ремалар негізгі рема сияқты, жеке теманы да айқындауға көмектеседі. Сол сияқты жинақтау рема мен қорытынды рема түрлері де қолданылады [13;52-53].

Мысалы, - *Ел: ұлық бізге әділетсіздік қылды. Жерімізді, суымызды алып, өзімізді шөлге тастап қамап, тауға қуып шығып отыр. Баяғыда солдат алмаймын деген, солдат алғысы келеді. Жерді алмаймын деп еді, оны алып отыр.* (М.Әуезов. Қилы заман). Бұл сөйлемдегі тема “ұлық”. “Ұлық” темасы – жетекші тема. Себебі “ұлық” туралы ой барлық мәтінге толық жайылып тұр, 2, 3, 4 сөйлемдерде “ұлық” темасы қолданылмаса да, іс-әрекеттің барлығы ұлыққа қатысты айтылған. Мәтіндегі қалған ой (ұлықтан басқа) ремаға қатысты. Ол негізгі рема, хабардың негізгі мазмұнын құрайды, “ұлық” темасы жан-жақты ашылған, іс-әрекеттеріне сипаттама берілген.

Ал келесі мәтінде, *Ісләм /Т/ қызыл шырайлы /Р/, ұзын қара шашы бар /Р/, әйел пішінді жіңішке, ұзын бойлы жігіт /Р/. Қасындағы жолдасы /Т/ - өзінің ағайыны /Р/, ел ішіндегі жас бозбала Жағынар /Р/* (М.Әуезов. Кім кінәлі). Берілген мәтінде жетекші тема жоқ, жеке тема бар. Жеке темаға «Ісләм» және «қасындағы жолдасы» жатады. Жеке тема болуы, себебі бірінші сөйлемде Ісләм туралы, екіншіде қасындағы жолдасы жөнінде айтылған. Тема арасында байланыс жоқ. Өйткені әртүрлі тема қолданысқа түскен. Ал контекстің қалған бөлігі – рема. Рема жинақтау қасиетке ие. Темаға тән қасиет жинақталған. Екінші сөйлемде рема теманы тікелей ашып, негізгі ойды жеткізіп тұр.

Сонымен сөйлемнің актуальды мүшеленуі – барлық тілдерде көрініс табатын әмбебап категория.

Сөйлемнің актуальды мүшеленуінің тема-ремалық бірліктері тілдегі белгілілік және белгісіздік түсініктерімен ұштасып жатыр. Адам танымы белгіліден белгісізге қарай өрлесе, адам ойының алғашқы бөлігін тема деп атаймыз да, оны белгілілік мағынаға иеленуші бөлшек дейміз, ал адам ойының соңғы шыққан бөлігін рема деп атап, белгісіздік мағынаға ие мүше тұрғысынан қарастырамыз. Сонда адам айтайын деген ойын алдымен жақсы таныс, белгілі нәрседен бастап, өзінің айтайын деген жаңа ойын, тыңдаушыға белгісіз ойды соңында айтады. Мұндағы белгісіз ұғым негізгі мазмұнға ие болып, нақтырақ айтсақ, оған белгілі ұғымның мазмұнын толықтырушы қасиет тән.

Пайдаланылган әдебиеттер

- 1 Шанский Н.М. Современный русский литературный язык. – Алматы: Просвещение, 1988. – 359 с.
- 2 Салқынбай А, Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірмелі сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 3 Аташев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуальды мүшеленуі: филол. ғыл. канд..... дисс. – Алматы, 1995. – 143 б.
- 4 Омарова С.К. Қазіргі қазақ тіліндегі жұп сыңарлы категориялар болмысы: монография. – Алматы: Эверо, 2016. – 212б.
- 5 Богданов В.В. Семантико-синтаксическая организация предложения. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1977. – 200 с.
- 6 Дениц С. Актуальное членение предложения и интонация в японском языке: автореф..... канд. филол. наук. – Москва, 1991. – 16 с.
- 7 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – Москва: Эдиториал УРСС, 2000. – 352 с.
- 8 Падучева Е.В. Высказывание и его соотносительность с действительностью. – Москва: Наука, 1985. – 272 с.
- 9 Қалыбаева А.Б. Актуальное членение предложения в русском и кыргызском языках: автореф.....канд. филол. наук. – Бишкек, 1996. – 19 с.
- 10 Баранов А.Н. Коммуникативно-смысловая оппозиция «данное-новое» (Метаязык и некоторые приложения): автореф.....канд. филол. наук. – Москва, 1984. – 25 с.
- 11 Чичалашвили Е.Ш. Взаимодействие актуального членения и синтаксической структуры высказывания в русском и грузинском языках: автореф.....канд. филол. наук. – Тбилиси, 1985. – 26 с.
- 12 Базарбаева З.М. Интонационная система казахского языка. автореф.....канд. филол. наук. – Алматы, 1997. – 53 с.
- 13 Каракасиди Н.П. Информационная структура «Рассуждения» в философской лирике ГДР. // Тематический сборник «Функционально-семантический анализ языковых единиц». – Алматы: Издательство КазГУ, 1986. – С.52-53.

Омарова София Кожиакпаровна
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран-Астана» университеті

Асанова Ұлмекен Отарқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

БІР НЕГІЗДІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛОГИКА-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Түйін.** Мақалада бір негізді сөйлемдерге салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеу жасалған. Тілдегі жақты және жақсыз конструкциялардың құрылымдық-семантикалық жасалу жолдары, жақ категориясымен грамматикалық байланысы, негізгі айырым белгілері, жақты сөйлемді жақсыз сөйлемге ауыстыру құбылыстары жайлы мәселе көтерілген.*

***Кілт сөздер:** бір негізді сөйлем, жақты, жақсыз, субъектісіз, жанама, синтаксистік құрылым, сөйлем семантикасы, белгілі, белгісіз.*

***Резюме.** В статье дается сравнительно-сопоставительный анализ односоставного предложения казахского языка. Авторы статьи рассматривают структурно-семантические особенности личных и безличных предложений, способы их образования, взаимосвязь с категорией лица, а также способы трансформации личных предложений в безличные предложения.*

***Ключевые слова:** односоставное предложение, личное, безличное, без субъектный, косвенный, синтаксическая структура, семантика предложения, определенный, неопределенный.*

***Summary.** The article provides a comparative-comparable analysis of a single-sentence Kazakh language proposal. The author of the article considers the structural and semantic features of personal and impersonal proposals, the ways of their formation, the relationship with the category of the person, as well as the ways of transforming the personal offer into impersonal offers.*

***Key words:** one-part sentence, personal, impersonal, without subjective, indirect, syntactic structure, semantics of the sentence, definite, indefinite.*

Лингвистикада жақсыз сөйлемдерді бүгінгі заман тұрғысынан зерттеу оның табиғатын танып білуде көптеген жаңалықтар енгізді. Қазіргі заманғы лингвистер тюркология саласында А.Н.Кононов, А.Н.Баскаков, И.Х.Ахматов, Б.Тойгубекованың, қазақ тіл білімінде С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев және тағы да басқа ғалымдардың, орыс тіл білімінде А.А.Шахматов, В.В.Виноградов, Е.М.Галкина-Федоруктың және т.б. ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, жақсыз конструкцияларды басқа тілдермен, соның ішінде орыс тілімен салыстыра зерттеген.

Академик А.Н.Кононов өзбек тіліндегі, тек қана баяндауыштан тұратын, ал бастауышы ойда да болмайтын конструкцияны жақсыз сөйлемдер деп қарастырса, М.Р.Саидова орыс және өзбек тілдеріндегі бір негізді сөйлемдер онтологиялық тұрғыдан екі тілге де тән, бірақ әр тілде әртүрлі көрінеді дейді. Орыс тілінде бір негізді сөйлемдер «жақсыз сөздермен» тығыз байланыста болса, «жақсыз сөздер» жоқ өзбек тілі пассивті конструкциялар және ырықсыз етіс ерекшеліктерімен дәлелденеді деген.

Қазақ тілінің ерекшелігіне тоқталсақ, ырықсыз етіс субъектісіз, өздігінен орындалатын қимыл, іс-әрекетті білдіреді. Ырықсыз етістің грамматикалық бастауышы логикалық объект болады. Бұл етістің семантикасы жақсыздық (тұлғасыз етіс) немесе белгісіз жақ ұғымдарымен сәйкес келеді. Мәселен, *Үйлер арасында шиден ықтырма жасалыпты* (М.Ә. Абай жолы). *Осы кезде шеткі үйдегі карта ойыны доғарылған* (Т.Әлімқұлов. Ақбоз ат). Ал өздік етісте, керісінше, іс-қимыл субъектіге тән. Мәселен, *Айым бұл мәселе жөнінде көп ойланды. Мен жылы көрпеге оранып, қатты ұйықтап кеттім.* Соңғы сөйлемдерде *Айым – субъекті, Мен – І жақ*, яғни сөйлеуші жақ.

Демек, жақ категориясы мәселесін қозғағанда, біз оны тек етістіктің, есімдердің жіктелуі немесе есім сөздердің тәуелденуі тұрғысынан ғана қарастырмай, етіс категориясы төңірегінен, яғни жоғарыда айтып кеткеніміздей, ырықсыз және өздік етістердің семантикасы мен грамматикалық мағынасынан іздейміз.

Қазіргі татар әдеби тіліндегі жақсыз сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық түрлерін зерттеген М.А.Сагитов жақсыздық реальды әрекеттенуші жақтың болмауын әрқашанда білдірмейді деген. Тілдегі іс-әрекет белгілі бір жақпен шын мәнінде сәйкестеніп, жақсыз іс-әрекет сияқты саналуы мүмкін. Сөйлемдерде жақсыз іс-қимыл берілсе де, ол әрқашанда шындықта сөйлеп тұрған жақтың өзіне қатысты болады деген тұжырымға келген. Бұндай конструкцияларда жақсыздық таза

грамматикалық сипатқа ие, өйткені ол баяндауыш формасындағы жақ мағынасы мен бастауыштың қолданылмайтын қабілетін білдіреді [1;13].

Қырғыз тіл білімінде жақсыз сөйлемдерді алғаш А.Жапаров зерттеген. Ол қырғыз тілінің фактілері негізінде жақсыз сөйлемдердің құрылымдық белгілерін анықтап, оның: логикалық субъектісіз жақсыз сөйлемдер және жанама септік формасындағы логикалық субъектілі жақсыз сөйлемдер деген екі түрін анықтады [2;64].

Мұндағы логикалық субъектісіз және жанама септіктегі логикалық субъектілі жақсыз сөйлемдерге қазақ тілінде жанама жақты «жақсыз» сөйлемдер сәйкес келеді. Мысалы, *Бірақ, ол негізгі шаруаға жатпайды. Бәрі анықталды деуге ерте.* (Б.Исаев. Костюмге жұққан қан). Бұл сөйлемдерде логикалық субъекті мүлде байқалмайды. Сондықтан “жақсыз” сөйлемдер дейміз. Келесі сөйлемдер, *Менің Сәт, Сәлменмен ұстасар шамам бар ма еді?!* (М.Әуезов. Қараш-қараш). *Сенің бастаған бәлеңе көзді жұмып ере берер жайым жоқ* (М.Әуезов. Абай жолы). Бұл сөйлемдерде субъектілік мән арнайы септік тұлғаларда, жанама түрде, логикалық ыңғайда байқалып тұр. Бірақ та нақты жақты ұғым жоқ. Сөйлемдерде грамматикалық бастауыш жоқ. Мұндай сөйлемдер *жанама жақты* деп аталады.

Орыс және қазақ тілдеріндегі жақсыз сөйлемдерді салыстырмалы түрде зерттеген ғалым М.С.Бектұров жақсыз сөйлемдердің құрылысы олардың семантикасына әрқашанда байланысты емес деген қорытындыға келген. Ғалым өз еңбегінде Е.М.Галкина-Федоруктың жақсыз сөйлемдердің семантикасы олардың құрылысына, жасалуына себепші болады деген пікіріне қарама-қайшы ой айтады. Тек қана сөйлемнің өзі мен етістіктің мағынасына негізделген классификация субъективизмге әкеледі деген тұжырым жасайды. Е.М.Галкина-Федоруктың айтуы бойынша, егерде жақсыз сөйлемдерде себеп немесе іс-қимылды тікелей орындаушы белгісіз болса, онда ол жеке-белгісіз сөйлемдерге жатады. Алайда ол жақсыз сөйлемдерде басқа сөздермен бірге бастауыш қызметіндегі логикалық субъект көп жағдайларда белгілі де болады деген. М.С.Бектұровтың пікірінше, ең алдымен, сөйлемнің құрылымы ескерілуі қажет, ол сөйлемнің грамматикалық мағынасымен анықталады. Жақсыз сөйлемдердің басқа синтаксистік құрылымнан айырмашылығы, біріншіден, жақсыз сөйлемдерде атау септік нысанындағы бастауыштың орын алмауы және оның болмауы негізгі ерекшелігіне айналған. Екіншіден, біріншімен байланыста қарайтын болсақ, іс-қимыл логикалық субъектісінің мүлде болмауы міндетті емес – ол ілік, барыс, табыс септіктерімен берілуі мүмкін. Үшіншіден, жақсыз сөйлемдерді ажыратудың негізгі ерекшелігі – баяндауыш тұлғасы болып есептеледі. Ол етістікті жақсыз сөйлемдерде жекеше түрдің III жағы деп есептеледі [3;4-5].

Сөйлемді құрылымдық жағынан ұйымдастыруда бастауыш жақты және жақсыз конструкцияларды ажыратудың басты негіздемелерінің бірі болып саналады. Д.А.Капасова «Қазақ және орыс тілдерінің жеке-субъектілік сөйлемдерінің семантикасы мен құрылымы» деген кандидаттық диссертациясының авторефератында З.К.Сабитованың «шындық болмыста іс-әрекет, қасиет, өзді-өздігінен өмір сүре алмайды, себебі іс-әрекет, қасиет субъектіге тәуелді және субъект өмір сүргендіктен ғана іс-қимыл өмір сүреді» деген пікірін басшылыққа алғаны байқалады. Оны келесі мысалдармен түсіндіреді. *Абайдың күткені де сол еді* сөйлемін *Абай да соны күткен еді* сияқты синонимдік қайта құрылған конструкциямен алмастыруға болатынын айтқан.

Абайдың синтаксемасын предикативті белгінің субъекті-иеленушісін білдіретін *Абай* синтаксемасының синонимдік варианты деп қарастырған. Ғалым «*Ең әуелі қызмет жағын ойластыру керек*» деген сөйлемді – субъектілі, бірақ субъект-жақ белгілі бір себептермен сөйлем құрылысынан түсірілген деп, оны предикаттың категориалды-семантикалық мағынасы арқылы тауып алуға болады, өйткені предикаттың жақсыз-субъектімен ұштасуы мүмкін емес деп анықтаған. «*Енді өкіметтен үй алу жағын ойластыру керек*» және «*Не де болса араласу керек, сөйлесу қажет*» құрылымдарын жақты-субъектілі сөйлемдер тұрғысынан қарастырған [4;8-11].

Ғалымның бұл көзқарасымен толық келісуге болмайды. Әрине, іс-әрекет субъектісіз жүзеге аспайды, субъект болмаған жерде қимыл да болмайды. Дегенмен берілген сөйлемдердің әрекеттенуші жағында нақтылық жоқ, бастауыштары қалыпты емес, жанама, жалпы түрде берілген. Сондықтан мұндай сөйлемдерді жақты-субъектілі сөйлем тұрғысынан қарастырмай, жанама жақты деп атаған дұрысырақ деп есептейміз [5;81].

Сондай-ақ қазақ тілінде жақты сөйлемді жақсызға, жақсызды жақты сөйлемдерге ауыстыруға болады. Мәселен, *Ойланайын.....Ертең Алмагүлмен кеңесейін!* - *Ойлануым керек Маған ертең Алмагүлмен кеңесу керек* немесе *Асылды ұнатпай жүрсің?* - *Сенің Асылды ұнатпай жүргенің не?* Сөйлемнің алғашқылары жақты, өйткені субъектілік мәнге ие, оны баяндауыш тұлғаларынан (мен ойланайын, мен кеңесейін, сен ұнатпай жүрсің) көруге болады. Ал екінші сөйлемдер “жақсыз”, нақтырақ айтсақ, жанама жақты сөйлемдер. Өйткені субъектісі белгісізденіп, жанама түрде берілген.

Алғашқы сөйлемнің етістігі бұйрық рай тұлғасының I жағында және көсемшенің болымсыз түрі мен қалып етістігінің II жақ жіктік тұлғасында қолданылса, жақсыз сөйлемдердің баяндауыштары тұйық етістікке керек модаль сөзінің тіркесуі арқылы және көсемшелі етістіктің болымсыз түрі мен есімшенің II жақ тәуелдік тұлғасынан жасалған. Мұндай тұлғадағы сөйлемдер бір-біріне оңай ауысады.

«Жақты» сөйлемдерді «жақсыз» сөйлемдерге өзгерткенде, етістік сөйлемнің субъектісіне тиісті нүктесінде ғана өзгереді. Атау септігі жанама септіктермен ауыстырылып, «жақсыздану» конструкциясы пайда болады. Жақтылық-жақсыздық қарама-қарсылығына негізделген сөйлем парадигмасында «мен» субъектісі нақты берілген жақты сөйлем мен табиғат құбылысын, белгісіз субъектіні білдіретін жақсыз сөйлемдер дәстүрлі түрде қарама-қарсы қойылады [6;20-23].

Дәстүрлі грамматикада жақсыз (субъектісіз) сөйлемдердің қолданылуын қабылдау бастауыштың сөйлем құрылысында ғана емес, сонымен қатар шындық болмыста да болмайды деген тұжырымға негізделген. Бұл “субъектінің редукциялануы”, “субъектіні жою” сияқты процестің аталуына себепші болады. Сөйлем құрылысында бастауыштың болмауы белгілі бір мәнге ие. Басқа сөзбен айтқанда нөлдік бастауыш тілден тыс объектімен сәйкеседі де референцияға ие болады. Нөлдік бастауыш белгісіз объектіні білдіріп, сөйлем бүтіндей белгісіз-жақты (субъект-жақпен) немесе белгісіз-заттық (субъект-затпен) болып есептеледі. Белгісіз сөйлемдерде іс-қимыл конкретті субъектіге емес белгісіз, мәлімсіз субъектіге қатысты. Іс-әрекетті жасаушы жақтың белгісіздігін беру тәсілі - сөздік қолданыстағы бастауышты түсіріп тастау, оның позициясындағы нөлдік белгі болып саналады [7;18-19].

Қазақ тілінде жанама жақты сөйлемдегі логикалық субъектіні түсіріп тастап, сөйлемді субъектісі белгісіз сөйлемге айналдыруға болады деп есептейміз. Мысалы, *Бізге хат жазуға тыйым салынған - О хат жазуға тыйым салынған* (кімге екені белгісіз) және *Ауылға мұны тегін әкелмеген болу керек - Ауылға О тегін әкелмеген болу керек.* (Б.Исаев. Түнде атылған оқ). Сөйлемдерде барыс, табыс септіктерін нөлдік белгімен алмастыру, сөйлемнің белгісіз мағынаға ие болуына әкеледі.

Қазақ тілі білімінде сирек қолданылатын белгісіз жақты сөйлем бар. М.Б.Балақаев белгісіз жақты сөйлем деп бастауышы жоқ конструкцияны атайды. Бұл сөйлемдегі іс-қимыл, әрекет жалпылама түрде айтылып, іс-қимыл белгісіз тұлғамен, жақпен орындалады. Баяндауышы формальды түрде 3-ші жақта қолданылады. Мысалы: *Ол жақта жылқының етін жемейді.* (Әбу Сәрсембаев. Толқ. туғандар). *Ол кезде көмірді қауғамен тартатын.* (Ғ.Мұст. Қараған.) [8; 210].

Берілген сөйлемдерде белгісіздік мағына бар. Бірінші конструкцияда қай жақта жылқының етін жемейтіні белгісіз, екінші сөйлемде қай кезде көмірді қауғамен тартатыны, кімдер тартатыны да белгісіз болып тұр.

Белгісіз жақты сөйлемнің тұрлаулы мүшесінің логикалық мағынасы мен тұрлаусыз мүшелерінің функционалды рөлі әрекеттенуші жақтың семантикалық белгісіздігіне әсер етеді. Зерттеуші В.А.Кузнецов оның алуан түрлі болуы мүмкіндігін айтады. Осыған байланысты белгісіз жақты сөйлемдер: күшті нақтыланған (сильноконкретизированные), әлсіз нақтыланған (слабоконкретизированные), нақтыланбаған (неконкретизированные) болып үшке бөлінеді дейді [9;7].

Мұндай құбылыс қазақ тілінде басқаша байқалады. Мәселенің қазақ тілінде көрінісі қандай деген сұраққа жауап беретін болсақ, белгісіз жақты сөйлемнің тұрлаулы мүшесінің логикалық мағынасы күшті нақтыланған болмайды. Субъектілік мән күшті нақтыланса, ол белгілі жақты не болмаса екі негізді сөйлем болып келеді. Ал егер әлсіз нақтыланған болса, жанама жақты сөйлем болады. Қазақ тіліндегі “жақсыз” не болмаса белгісіз жақты сөйлемдердің жақтық мағынасы нақтыланбаған болады. Мәселен, *Мен де осыны айтамын. Оспан мен Жебірбаев қалды. Көне алмаймын.* (күшті нақтыланған); *Оның жүрегін шайлықтыру керек еді. Менің ешқайда барғым келмейді* (әлсіз нақтыланған); *Ойбай, баланы әкеткелі жатыр. Қыруар елді жылатқан қандай екен, білсін.* (нақтыланбаған) (М.Ә. Қилы заман).

Ал кейбір жағдайларда, белгісіз жақты сөйлемдердің тұрлаусыз мүшелерінің қызметінде мекен және мезгіл пысықтауышы қолданылса, әрекеттенуші жақтың белгісіздігі біршама көмескіленеді. Пысықтауыш өзінің нақты мағынасымен қимылдың орындалуының мекені мен мезгілін нұсқай отыра, әрекеттенуші жаққа жанама түрде тұспалдайды деп анықтаған П.А.Лекант [10;161].

Белгісіз жақты сөйлемдер мақал, мәтел, нақыл сөздерде жиі қолданылып, айтушының өз ойын белгілі бір адамға ғана емес, жалпыға, көпшілікке ортақ түрде айтып жеткізу үшін, сөйлемді осындай белгісіз жақта құрып айтудың әдеби тілде стильдік маңызы бар дейді ол. Мысалы: *Ұлық болсаң, кішік бол. Көп тыңда, аз сөйле* (мәтел). *Атаңның баласы болма, адамның баласы бол.* (Абай) *Ырыс алды тірлік дейді, ол қай тірлік? Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады* (Абай) [11; 274].

Белгісіз жақты сөйлемге қарағанда, белгілі жақты сөйлем жөнінде тіл білімінде деректер мүлдем аз. Қазақ тіл білімінде субъектінің мәні предикативтік бас мүшедегі жақтық тұлғалардан аңғарылып, бастауыштың атау тұлғалы есімдіктермен берілуін қажет етпейтін бір негізді сөйлем түрін белгілі жақты сөйлем дейміз. Бір негізді белгілі жақты сөйлем, сырттай қарағанда, екі негізді толымсыз сөйлемге өте ұқсас болғандықтан, осы кезге дейін бұл сөйлем өз алдына бөліп қарастырылмай келеді. Кей сөйлемдер арнаулы бастауышты қажет етпейді, оларды атап көрсету артық екені, олар аталса мағына әлсірейтіні байқалады. –*Не айтам? Ойланайын.... Қабырғаммен кеңесейін* (Домбаев). *Сый дәмепте, берсе, алма еш адамнан* (Абай). Осы тәрізді сөйлемдерге толымсыз сөйлем тұрғысынан қарап, бастауышты қояр болсақ, мағынаға елеулі нұқсан келер еді. Сондықтан, мұндай құрылымдағы сөйлемдерді бір негізді белгілі жақты сөйлем деп қараған орынды.

Қырғыз тіліндегі жақты сөйлемдерінің қимыл субъектісі семантикалық тұрғыдан едәуір конкретті, ал грамматикалық тұрғыдан бастауышы, қимылдың грамматикалық субъектісі жоқ. Демек, оны етістік баяндауыш тұлғасымен тауып алуға болады және ол жіктеліп, түр мен жақ көрсеткіштеріне ие болады. Белгілі жақты сөйлемдердің әрекеттенуші жағы сөйлеу авторымен немесе тыңдаушымен сәйкес келеді, баяндауыш I не II жақтың көрсеткіштеріне ие болады. Сондықтан белгілі жақты сөйлемдерінің әрекеттенуші жағы аса нақты болып келсе, III жақ ондай нақтылыққа ие емес: (ол) – нақтыланбаған кез келген жанды нәрсе не жансыз зат болуы мүмкін. Сонымен, белгілі жақты сөйлемдерде қимылды білдіруші жақ әрқашанда конкретті, жақты білдіретін бұл сөздің сөйлем ішінде болмауы баяндауыш көрсеткіштерімен толықтырылады.

Белгілі-жақты конструкцияларда бастауыш болмаса да, ол тыңдаушы мен сөйлеушіге мәлім, белгілі, себебі баяндауыш тұлғасымен көрсетілген [2;47-53].

Мәселен, *Ондайларды да көрдік. Жайдан-жай қорқа бермеңіз. Көресің, білерсіңдер* (Ғ.Мүсірепов. Жат қолында). *Асарымызды асап, жасарымызды жасаппыз* (Ғ.М. Қарағанды).

Жоғарыдағы айтылған пікірлерді Г.М.Бадагулованың “Взаимосвязь определенности и побудительной модальности в русском и казахском языках” (1986) ғылыми зерттеу еңбегінен кездестіреміз. Автор белгілі жақ деп (А.А.Юдиннің көзқарасынан кейін), сөйлемде тікелей қолданылған етістіктің жақ формаларымен көрінетін грамматикалық мағына деп түсінеміз дейді. Ол жақ мағынасындағы қимылды білдіретін етістіктер конкретті, реальды субъектімен, белгілі жақпен сәйкес келеді деген пікір айтады. Белгілі жақтың грамматикалық мағынасы ұғымынан белгілі жақтылық (определенность), яғни сөйлем (высказывания) мазмұнының конкретті реальды субъектіге, белгілі жаққа қатынасы сияқты ұғымы пайда болады. Біздің ойымызша, сөйлеуші, адресат, III жақ белгілі жақ болуы мүмкін [12;19-20].

Ғалымның үшінші жаққа қатысты пікірімен келісе алмаймыз, себебі қазақ тілінде үшінші жақ арқылы белгісіз жақты сөйлем жасалады және бұл жақта жалпылық, белгісіз мағына басым [5; 96].

Еңбектің бір ерекшелігі, белгілі жақтылық бұйрық мәнді контексте қарастырылады. Бұйрық мәнді сөйлемдердегі белгілі жақтылықтың семантикалық қызметі есімдіктермен, олардың нысандарының жиынтығымен беріледі, сонымен қатар бұндай контексте қаратпа сөздің рөлі айрықша. Мысалы: “*Әже, - деді Раушан, - біз де кетейікші!*» (А.Сарсенбаев). *Сен алаң болмай, дем алып, ал жиып, тынығып ал деген* (М.Әуезов).

Белгілі жақтылықтың лексикалық құралдары ретінде *бірге, менімен бірге, бізбен бірге, бәріміз бірге, екеуіміз, бір-бірімізге* деген сөз тіркестері мен сөздер тобы жататыны аталған еңбекте зерттеліп, дәлелденген [12;104-107].

Берілген лексикалық құралдардың мағыналарында, мәселен, *менімен бірге, бірге* дегендерде белгілілікпен қоса, жеке мағына бар, ал қалғандарында белгілілікпен қоса, көптік, жалпылық мағына бар.

Қазақ тілінің белгілі жақты сөйлемдерінің предикативті бас мүшесі көбінесе бұйрық райдың I, II жағының тұлғаларымен түрленеді. Белгілі жақтық мағына бұл сөйлем түрінен басқа екі негізді сөйлемнің семантикасында нақты, субъектісі белгілі мәнге ие. Мұндай сөйлемдердің бастауыштарын түсіріп айтуға болмайды. Мәселен, *Енді мен сізді үгіттейін. Сіз де жұмысқа келдіңіз бе, жолдас* (Ғ.М.Қарағанды) және келесі сөйлемдердің *Қарлығаш бұл жолы да ұшып тұрды. Мұғалімдер шығып кетті* (Ғ.Мүсірепов. Жат қолында) бастауыштары (сіз, мен, Қарлығаш, мұғалімдер) нақтыланған, белгілі мағынаға ие. Бастауыштары жалқы, жалпы есімдер мен жіктеу есімдіктерінен жасалған хабарлы сөйлемдер. Екі негізді жайылма және жалаң сөйлемдер.

Сонымен қазақ тіліндегі белгілілік мағына белгілі жақты және екі негізді сөйлемдердің мазмұнындағы әрекеттенуші жақтың белгілілігімен сәйкестенсе, белгісіздік мағына белгісіз жақты, жанама жақты, жақсыз сөйлем құрамындағы субъектінің белгісіз жақта қолданылуымен, субъектінің мүлде көрінбеуімен және нақтыланбай, көмескіленіп, жанама түрде көріну деңгейімен байланысты.

Сондай-ақ белгілі мағына өздік етіс семантикасынан, ал белгісіз мағына ырықсыз етіс семантикасынан анық көрінеді, сондықтан бұл етіс түрлерін белгілі және белгісіз мағынаны білдіруші грамматикалық амалдар деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Сагитов М.А. Структурно-семантические типы безличных предложений в современном татарском литературном языке: автореф.....канд. филол. наук. – Казань, 1964. – 31 с.
- 2 Нуруев Т. Неопределенно-личные предложения в киргизском языке: дисс..... канд. филол. наук. – Фрунзе, 1989. – 158с.
- 3 Бектуров М.С. Русские безличные предложения и их эквиваленты в казахском языке: автореф.... канд. филол. наук. – Алматы, 1966. – 22 с.
- 4 Капасова Д.А. Семантика и структура лично-субъектных предложений казахского и русского языков: автореф.... канд. филол. наук. – Алматы, 2002. – 21 с.
- 5 Омарова С.К. Қазіргі қазақ тіліндегі жұп сыңарлы категориялар болмысы: монография. – Алматы: Эверо, 2016. –212б.
- 6 Жумакасова Г. О природе безличных предложениях в русском и казахском языках // Поиск. Серия гуманитарных наук. – Алматы, 2001. –№1. – С.20-23.
- 7 Сабитова З.К. Категория определенности-неопределенности предложения: автореф. ...док. филол. наук. – Алматы, 1999. – 51 с.
- 8 Балақаев М.Б. Современный казахский язык. Синтаксис. – Алматы: 1959. – 227 с.
- 9 Кузнецов А.В. Функционально-семантическая характеристика высказываний неопределенного-личного типа в современном русском языке: автореф.....канд. филол. наук. – Ленинград, 1988. – 16 с.
- 10 Лекант П.А. Грамматическая форма простого предложения и система его структурно-семантических типов в современном русском языке. –Москва, 1971. – 212 с.
- 11 Оралбаева Н, Мадина F, Әбілқаев А. Қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 336 б.
- 12 Бадагулова Г.М. Взаимосвязь определенно-личности и побудительной модальности в русс. и каз. языках: дисс..... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1986. – 154 с.

Ордабекова Х.А.,

Сулейман Демирел университетінің асоц.профессоры, филол.ғыл.кандидаты
e-mail: hafiza_1975@mail.ru

Тулпова С.Б.,

Сулейман Демирел университетінің ассист.профессоры, филол.ғыл. кандидаты,
магистратура/докторантура бағдарламаларының жетекшісі, e-mail: Tulpova_73@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ УӘЖІ

Түйін. Тілдегі фразеологизмдер жүйесі еркін мағына мен еркін тіркес негізінде жасалып, тілдің тарихи дамуы барысында қолдануға даяр қалпында түседі.

Ұлттық болмысты тіл арқылы зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі шектеулі. Кез келген тілдік құбылыстың, оның ішінде, тұрақты тіркестердің қалыптасу тарихы мен ішкі уәждік белгісін сол халықтың дүниетанымына, ұлттық болмысына байланысты қарастырған жөн. Осыған орай мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі идиомалық тіркестердің қалыптасуына негіз болған этнолингвистикалық уәжі негізге алынады. Идиомалық тіркестердің о бастағы қалыптасу тарихын, оның ішкі формасын қазақ және ағылшын халықтарының ұлттық дүниетанымымен, ұлттық болмысымен салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы екі халыққа ортақ тілдік универсалия құбылысы мен идиоэтникалық ерекшеліктер айқындалады.

Кілт сөздер: сөздің ішкі формасы, фразеологизмдер, идиомалық тіркес, этнолингвистикалық уәжі.

Резюме. Система фразеологии в языке, образуясь на основе свободных словосочетаний и значений, в процессе исторического развития языка находит свое применение в готовом виде. В исследовании национальной реальности посредством языка возможности традиционной структурной лингвистики ограничены. Историю возникновения и внутренние этимологические признаки любого языкового явления, в том числе устойчивых выражений, следует рассматривать в тесной связи с народным мировоззрением, национальным бытом данного народа. В этой связи в статье раскрывается этнолингвистическая этимология, являющаяся основой для формирования идиоматических выражений казахского и английского языков. Посредством исследования истории возникновения устойчивых выражений, их внутренней формы в сравнении с национальным мировоззрением и бытом казахского и английского народов, проявляются идиоэтнические особенности и языковые универсалии, общие для двух этносов.

Ключевые слова: внутренняя форма слова, фразеологизмы, идиоматическое выражение, этнолингвистическая мотивация.

Summary. The phraseological system of the language, being formed on the basis of free word combinations and meanings, in the process of historical development of the language finds its application in ready-made form. The possibilities of traditional structural linguistics are limited in the study of national reality through the language. The history of origin and internal etymological signs of any linguistic phenomenon, including fixed expressions, should be considered in close connection with the people's worldview, the national life of that ethnicity. In this connection, the present article deals with the study of etymology of Kazakh and English idioms. It reveals the notion of this phenomenon and its reflection in both languages. The main goals are to define the meaning of the term "ethnolinguistic etymology", to describe the origin of some Kazakh and English idioms as well as the relationship between language and culture.

Key words: internal form of the word, idioms, ethnolinguistic etymology, idiomatic expression.

Introduction. One of the most important aspects in the study of any language is the study of expressions, in which the individual words, being the constituent parts of them, lose their original meaning in the course of time and acquire entirely new meanings. The problem of this field of research is in the abundance of complex terminology related to these expressions. It can be explained by a broad scope of approaches, such as grammatical, semantic, syntactic, lexical, to name but a few.

This difficulty is clearly described by Moon in the thesis work of H.Reijonen [1, p.20]: "There is no generally agreed common vocabulary. Different terms are sometimes used to describe identical or very similar kinds of unit; at the same time a single term may be used to denote very different phenomena". Thus, terms in use in modern linguistics are: phraseological unit (unity), collocation, fixed (stable) expression, phraseme, lexical cluster, idiomatic expression, idiom. The present paper will employ the term "idiom", for the purposes of accuracy and precision.

Rosamund Moon [2] defines the term "idiom" as follows: "Idiom is a unit that is fixed and semantically opaque or metaphorical, or, traditionally, "not the sum of its parts". Similar definition is given by L.Lipka: "Idioms are formally complex linguistic expressions whose meaning is not derivable from that of their constituents" [3, p.96].

D.Bolinger, cited in Moon, considers, that "there is no clear boundary between an idiom and collocation, or between a collocation and a freely generated phrase – only a continuum with greater density at one end and greater diffusion at the other" [1p.21].

The Swiss linguist of French origin Charles Bally is considered to be the founder of the theory of phraseology (1865 - 1947) [4]. Bally first systematized the combination of words in his books "Essay of Stylistics" and "French Stylistics."

However, the question of phraseology as a linguistic discipline was first raised by the outstanding Russian linguist Professor E.D. Polivanov. He claimed that vocabulary studies individual lexical meanings of words, morphology - formal meanings of words, syntax - formal meanings of word combinations and pointed out a need for a special study that could be related to the syntax, but at the same time dealt with the individual meanings of word combinations, just as the vocabulary deals with the individual (lexical) meanings of individual words. Professor E.D. Polivanov suggested that this branch of linguistics, as well as the phenomena studied in it, should be given the name "phraseology" or "idiomatics". Later on, the main principles of phraseology as a linguistic discipline were worked out by N. Chomsky, B. Fraser, V.V. Vinogradov and other linguists, who presented a number of distinct classifications, based on lexical, semantic, or syntactic features of idioms [4].

Main part. Phraseology is a treasury of language, because it reflects the history of ethnicity, the uniqueness of its culture and way of life. Thus, idioms often have a vivid national character. The Kazakh and English phraseological stock is a complex conglomerate of original and borrowed idioms with a clear predominance of the former. In some idioms archaic elements are preserved as representatives of previous eras.

In the formation of phraseology the human factor plays a huge role, since the overwhelming majority of idiomatic expressions are connected with people and various spheres of their activity. It goes without saying that idioms are highly informative units of the language and are considered one of the language universals, since there are no languages without them. Idioms in Kazakh, as well as in English language, have a centuries-old history and it is of great importance for a linguist to find out the ethnolinguistic ties that underlie each idiom.

In general linguistics the theory of "action" allows linguists to consider the theory of nomination in the context of background knowledge of the environment and extralinguistic factors. Indeed, the designation of things and phenomena is connected with the ethno-cultural worldview of the people, the development of self-awareness, national psychology and mentality.

The intensive development of human activity is reflected in language and is noted in lexical system. A. Potebnya introduces the term "internal form of the word" on the basis of the conclusion that language is a speech activity. According to Humboldt, who introduced the concept of "internal form of language" into general linguistics, "language is a manifestation of national consciousness, language variety is a manifestation of the diversity of national consciousness and worldview" [5, p.102]. A. Potebnya replaces the Humboldt's "inner form of language" with the notion of "inner form of the word" [6,p.357].

It is important to consider the nature of any linguistic phenomenon, including idiomatic expressions, not only on the basis of their linguistic regularities, but also in connection with the world outlook, traditions and national life of people. The theory which reveals the connection of language and culture comes from various related assumptions, mainly of anthropological character. It means, that the postulate proposed by DeSaussure, concerning the sharp distinction between "language" and "speech" played a significant role in the appearance of ethnolinguistics.

"However simple this fundamental postulate may appear today, it revealed the main concepts which resulted in the realization of the relationship between linguistics and cultural anthropology, and in a symbiosis which we call today ethnolinguistics" [7]. In this regard, ethnolinguistics is important in determining the etymological characteristics of the ancient vocabulary and collocations, directly related to centuries-old traditions, spiritual and national life of people. The importance of ethnolinguistics cannot be overestimated, because it is essential for understanding of the integrity between human language behavior and culture.

A special group of fixed expressions is idioms, which reflect the description of people's life, national psychology. A. Kaidar believes that: "Conscious acknowledgment of the natural integrity between the ethnicity and its language means that the principle" there is no language without an ethnos, there is no ethnos without language" should be taken as the basis of a certain study [8,p.10].

According to this principle, the goal is to determine the national identity of the people and the ethnolinguistic origin that underlies the phraseological meanings through the cumulative quality of the language, on the basis of the cognitive nature of phraseology, transmitted from one generation to another. Thus, ethno-linguistic etymology of fixed expressions should be investigated in connection with the national and cultural data of the ethnicity.

For example, the etymology of an idiom in Kazakh language "құлаққа ұрған танадай", which means "like a calf struck in the ear" in the meaning "quiet, immobile", can be correlated with the following data: "Calves may be sick with disease called "spinning", when the animal swirls in one place. In the scientific language the term "Coenurus" is used. In ancient times, the Kazakhs treated the sick animal with a strong blow to the ear, since after that, it began to eat grass and drink water again [9, p.81].

That is, ethno-linguistic origin in the formation of this fixed expression is primarily associated with the process of treating animals. Over time, such treatment was terminated, but the external form was transformed into a transferrable meaning, forming a secondary nomination.

According to A. Khazimova, who studied Kazakh phraseology in the national and cultural aspects, the meaning "quiet, immobile" along with the transferred meaning was used in a literary text as "shocked". For example: The tank, like a shocked calf, struck to the ear, turned and stayed still [10,p.18]. The use of the phraseology by the writer here is based on the meaning of a "shocked animal who received a strong blow".

A.Kaidar reveals the ethno-linguistic origin of idiomatic expression "күшала жеген иттей", (as a dog who ate eminium), which means "drunk", by relating it to natural qualities of this plant: eminium (lat.Eminium) is a plant, the roots of which are very poisonous; it was used to treat such diseases as tuberculosis, lung illnesses. If added to the national beverage kymyz it made it spirituous. Thus, the Kazakh idioms associated with this plant show the interrelation of people and nature [8,p.28].

National patterns, features and qualities, national mentality can be clearly seen in the internal form of the phraseological units of any ethnicity. It requires a comprehensive scientific study of such issues as the manifestation of an internal form in the formation of phraseology, a sign of motivation. The defining of the internal form in the formation of phraseology is the basis for the full disclosure of the meaning and content of fixed expressions.

Phraseology is a historical category, since idioms acquire stability only after extended use. The only way to express idiomatic expressions is imagery. The acquisition of imagery by free phrases is the first step in the transition to phraseology. Free phrases acquire a figurative meaning as a result of the association of one thing or phenomenon with another. The transition from direct to transferred meaning is the first condition of phraseology.

In the picture of the world, units of measurement are linguistic units that reflect a system of time and space. Units of measurement emerged as a result of people's daily activities in the process of determining a certain quantity, quality, size, shape. G. Hegel was the first to assess the category of measurement from a philosophical point of view. According to him, the measurement is a system of measures, numbers, criteria, determined earlier in the process of life activity [11, p.257].

Since each nation, ethnic group, people construct a national picture of the world in accordance with their national worldview, we cannot say that the measure categories reflecting the linguistic picture of the world are the same. This is due to the fact that the internal form of measurement units reflect the professional activities of people, equipment used in life, geographical location, geographical landscape and other external factors.

For example, when men of American Indians went on hunting for a long time, their wives marked the time of their return by tying nodules with colored threads. Similarly, Indian tribes in Africa used belts to determine the length, and the shell of coconut - to determine the amount of liquid.

The Kazakhs' world perception was connected with their ethno-cognitive nature. Although they did not measure sunrises, sunsets, daytime in hours, weight and mass in kilograms, distance and length in kilometers and meters, the size of objects in time and space was related to their daily life experience.

We see that time and space in the picture of the world was understood as a single phenomenon. The unity of time and space was expressed in words, denoting dimensions, such as арқан бойы (length of the rope), құрық бойы (length of the whip), сүт пісірім уақыт (boiling time of milk), бие сауым жер (distance of mare's milking), күндік жер (a distance of one day), etc. Such fixed expressions, together with their direct use, were widely used to denote various measurements.

As for English idioms, F.Ospanova explains the history of the emergence of the idiom "cat's whiskers", which means "the best", "excellent" as follows:

"When the first radio stations appeared in 1920, radio listeners listened to programs on the radio based on a crystal detector invented in 1906 by the American electric engineer Greenleaf Picard. This device was activated by the interaction of a silicon or lead sulphide crystal with a thin wire. The wire was so thin that it looked like a cat's mustache. The use of this device was rather difficult, as the connection between the thin wire and the crystal was very complicated, and it had to be regularly repaired. This English idiom "cat's whiskers" was widely distributed among the people until long crystal detectors were replaced by termonical electric lamps" [12,p.21-22].

Original English idioms are associated with the traditions, customs and beliefs of the English people, as well as with realities, legends, historical facts.

For example, the meaning and origin of the expression “Carry coals to Newcastle” is described as follows [13]:

“Newcastle Upon Tyne in England was the UK's first coal exporting port and has been well-known as a coal mining centre since the Middle Ages, although much diminished in that regard in recent years. “Carrying coal to Newcastle” was an archetypally pointless activity - there being plenty there already. Other countries have similar phrases: in German it's “taking owls to Athens” (the inhabitants of Athens already being thought to have sufficient wisdom)”. In Russian there is also an idiom with a similar meaning: “В Тулу со своим самоваром не ездят” (You should not go to Tula with your samovar). Tula is a large city close to Moscow, the oldest center of metal industry. It has been famous for the production of weapons and metal household goods, in particular samovars (a metal container to boil water).

In the work of H.Reijonen, where a special attention is given to the study of general characteristics and etymology of English idioms with a proper name constituent, this idiom “Carry coals to Newcastle” is defined as a sign of human imperfection [1,p.192]. ‘Selling snow to Eskimos’ or ‘selling sand to Arabs’, which in many people's understanding also have the same meaning, are a little different. Those expressions refer to things that are difficult to achieve, that is, requiring of superb sales skills, rather than being things that are pointless.

We can find different classifications of idioms, which differ from other types by its ethnolinguistic origin:

1. Idiomatic expressions reflecting the traditions and customs of the English people: *baker's dozen* - according to old English custom, bread traders received from bakers thirteen loaves instead of twelve, and the thirteenth went to the merchants' income; *good wine needs no bush* – signifies "good wine does not need a label", i.e. a good product praises itself. According to old custom, innkeepers hung ivy branches as a sign that there is wine on sale.

2. Idioms, associated with the English realities: “*blue stocking*” was a name of one of the literary salons in the middle of the 18th century in London since scientist Benjamin Spellingfleet appeared in this salon in blue stockings; *play fast and loose* - lead an unfair game; to act irresponsibly; play with smb. feelings (expression associated with the ancient folk game, which was played at fairs in England). The belt (or rope) was tightly wound up on the stick, and then quickly loosened, and the spectators could not catch the clever manipulation and invariably lost the bet; *put smb. in the cart* - in a difficult situation (the word *cart* referred to the carriage in which criminals were brought to the place of execution or carried around the city in disgrace) [4].

Conclusion. As we have mentioned above, original Kazakh and English idioms reflect the everyday life of people and serve as bearers of information, passed from generation to generation. Each idiomatic expression has its own history, preserved by language users in different ways. Some idioms can be found solely in literature, and some of them are extensively used in everyday communication. Investigation of their ethnolinguistic etymology helps in understanding how languages develop and work. Moreover, etymology allows to determine relationships between different languages and to find language universals, reveals the relationship between language and culture, and widens the horizon in general.

References:

1. Reijonen H. *General characteristics and origins of English idioms with a proper name constituent. Pro Gradu thesis. University of Tampere, 2005.*
2. Moon R. *Fixed expressions and idioms. Oxford: Oxford university Press, 1998.*
3. Lipka L. *An outline of English lexicology: Lexical structure, Word Semantics, and Word-Formation. Tubingen, 1990.*
4. *Issledovaniye frazeologii i klassifikatsiya frazeologicheskikh yedinit sovremennogo angliyskogo yazyka. [The study of phraseology and classification of phraseological units of modern English] 2015-03-23. (In Russian). Retrieved from: <http://www.hintfox.com/article/ssledovanie-frazeologii-i-klassifikatsiya-frazeologicheskikh-edinit-sovremennogo-angliyskogo>*
5. Potebnaya A.A. *Estetika i poetika. [Aesthetics and poetics]. –Moskva, 1976. (In Russian).*
6. Gumbol'dt V. *Izbrannyye trudy po yazykoznaniiyu. [Selected Works on Linguistics] Per. s nem. pod red. G.V. Ramishvili. – Moskva: Nauka, 1984.*
7. Silva-Fuenzalida I. *Ethnolinguistics and culture. Retrieved from: <http://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1525/aa.1949.51.3.02a00070/pdf>*
8. Qaydar A. *Qazaq tilinin ozekti maseleleri. [Topical issues of Kazakh language] –Almaty: Ana tili, 1998. (In Kazakh).*
9. *Qazaq tilinin frazeologiyalıq sozdigi. [Phraseological dictionary of Kazakh language] –Almaty, 2007. (In Kazakh).*
10. Xazimova A. *Qazaq frazeologizmderinin ulttuq-madeni derekteri. Fil.gil.kand.diss. avtoreferati. [National and cultural documents of Kazakh phraseology] – Almaty, 2002. -30 b. [Dissertation Research on the Kazakh language].*
11. Gegel G. *Éstetika. [Aesthetics]–Moskva: Nauka, 1973. S. 1958.*
12. Ospanova F. *Agılshun tilindegi frazeologizmderdin wajdeme sozdigi. [Etymological dictionary of English phraseology] Qızılorda, 2013.*
13. *The phrase finder. Retrieved from: <https://www.phrases.org.uk/meanings/carry-coals-to-newcastle.html>*

Нұржанова Айсұлу Балтабайқызы
ф.ғ.к., СДУ ассоц. профессоры, Сулейман Демирел атындағы университеті

Айтқалиева Аида Жолшынқызы
Магистрант, Сулейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең, dinara.tlezhanova@sdu.edu.kz

МЕДИАМӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК ПРОЦЕСТЕР ДИНАМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Түйін. Мақалада медиамәтіннің БАҚ тілінің негізгі бірлігі ретіндегі басты функциясы жан-жақты зерттеліп, оның тілдік процестер динамикасындағы рөлі қарастырылады.

Резюме. В статье медиатекст рассматривается как основная единица СМИ. Цель статьи - изучение основных функций медиатекста, также определение ее роли в динамике языковых процессов.

Summary. In the article, the media text is considered as the basic unit of the media. The purpose of the article is to study the basic functions of the media text, and also to determine its role in the dynamics of linguistic processes.

Кілт сөздер. Медиамәтін, тілдік процестер, медиа.

Ключевые слова. Медиатекст, языковые процессы, медиа.

Key words. Media text, dynamics of linguistic processes, media.

Жаһандық ақпарат заманындағы «медиа» терминінің алатын орны ерекше. Бүгінде бұл терминнің қоғамымыздың дамуына, тұлғаның қалыптасуына бірден-бір әсер ететін күшті қарудың бірі.

Қазіргі күнде қоғамды басқаратын төртінші билік – БАҚ. Мерзімді баспасөз тілін медиамәтін құрайды. Мерзімді баспасөзде жарияланған әрбір мақала медиамәтін болып саналады. Сондықтан мерзімді баспасөз тіліндегі әрбір бірлік медиамәтіннің ажырамас бөлшегі. Жалпы, медиамәтін БАҚ саласына қатысты атау болып саналатын болғандықтан. Оған газет, электрондық басылым, телевидение және радио саласындағы мәтіндердің барлығы кіреді.

Медиамәтін – кез келген медиа жанрындағы хабарлама, ақпарат. Бұл терминнің пайда болуы мен жан-жақты зерттелуі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы масс-медиа саласының қарқынды дамуымен сипатталады. Бұл кезеңде БАҚ саласындағы тілдің қолдану аспектілері және лингвистикалық, прагматикалық және функционалды-семиотикалық қасиеттері де жан-жақты қарастырылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіні заман талабына сай қызмет көрсететіні мәлім. Бұл - мәтін пішіні мен формалары, стилі үздіксіз өзгеріске ұшырап отырды деген сөз. Мысалы, телемәтін, жарнама мәтіні, газет мәтіні, публицистикалық мәтін, журналистік мәтін, мас-медиа мәтіні, коммуникативті мәтін, интернет мәтіні, PR-мәтін т.б. Қазіргі кезеңде бұл медиа саласының даму қарқыны жоғары болғандықтан, медиамәтін медиалингвистика, медиастилистика, медиамәдениет, медиабілім сынды ғылым салаларының жаңа бағыттарын дамытып, негізгі категориялық базасына айналып отыр.

Мәтін - кеңістікте ақпарат тасымалдайтын бірлік. Ол дегеніміз - кез келген мәтін ақпарат өмір сүретін қалып. Ал әрбір мәтіннің коммуникативтік мақсатқа құрылатыны белгілі.

ХХ ғасырдың басы мен ХХІ ғасыр бұқаралық коммуникация және ақпараттық технология құралдарының дамуымен сипатталады. Дәстүрлі БАҚ салаларының дамуы - телевизия, газет-журнал және радио және интернет - жаңа бірыңғай ақпараттық платформаның қалыптасуына әкеп соқты.

Сол себепті, бұндай процестердің орын алуы тілдің дамуы мен таралуы, тілдергі сөздердің қолданысы мен табиғатына өзіндік әсерін тигізді.

Бұқаралық коммуникация мәтіндері немесе медиамәтіндер заманауи тілдік қолданыстың ең ауқымды әрі кең тараған формасы болып табылады. БАҚ не медиамәтін арқылы беріліп жатқан ақпарат көлемі мен оны тарату көздері күнен күнге артып келеді. Сол себепті, медиамәтін терминімен қатар батыс ғалымдары «медиа-білім беру» терминін қатар дамытып, зерттеп жүр. «Медиа білім беру» термині шет ел педагогикасында ХХ ғасырдың ортасында қалыптасқан. Бұл терминді білім беру жүйесіне енгізу туралы ұсыныс та біршама шетел ғалымдары тарапынан қолдау тапты.

Ю.Н. Усов медиа білім беруді «тұлғаның бұқаралық коммуникация құралдары негізіндегі даму процесі» деп анықтады [1, 9 б.].

Бүгінде бұқаралық коммуникация құралдарын балабақшадан бастап ЖОО-не дейінгі үздіксіз білім берудің бір бөлігі ретінде қарастыру қажеттігі туындап отыр.

Медиа білім беру - бұқаралық коммуникация құралдары арқылы әдіс-тәсіл, білімнің алмасу және меңгерілу процесі. Бұл жағдайда басты назар коммуникация құралдарынан гөрі медиа, яғни техникалық құралдар негізінде жүзеге асатын коммуникация жағына ауады. Сол себепті, медиа білім беру «медиа коммуникациялық білім беру» ретінде қарастырылады.

Т.А. Стефановскаяның педагогикалық жүйесінде, медиа білім беруді бұқаралық коммуникация құралдары арқылы тұлғаның қалыптасу, білім алу және даму процесі ретінде қарастырылды [2, 24 б.].

Бұл анықтамалардан БАҚ жалпы медианың тұтастай педагогикалық процестің ажырамас құралы және оның тілдік процестердің дамуына тигізетін әсері жоғары екендігін аңғартады.

«Қазіргі кезде бүкіл адамзат электронды БАҚ-тың әсер ету объектісіне айналып отырғаны мәлім. БАҚ түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын әмбебап құрал ретінде медиа-мәтін әлеуметтік-реттеуші қызметін атқарады» - деп академик Рабиға Сыздықова апамыз өз еңбегінде БАҚ-тың қоғамға әсер етуші доминанта құралы екендігін нақтылаған [3, 81 б.].

Медиа-мәтіннің тілдік процестер динамикасындағы рөлі ерекше.

БАҚ-тың тілдік процестер динамикасындағы рөлін айтқанда, біз жаңа ақпараттық технологиялар енгізу барысындағы өзгерістер ғана емес, сонымен қатар жалпы лингвомәдениеттік үрдістегі өзгерістерді атап өтуіміз қажет. Өз кезегінде тілдік процестердің даму динамикасына заманауи медиа бұқараның әсерін үш жолмен анықтауға болады: *геолингвистикалық, интерлингвистикалық, интралингвистикалық* [4, 7 б.].

1) **Геолингвистикалық деңгей** - лингвомәдени жағдайлардың әлемдік және аймақтық дамуына БАҚ-тың әсерін талдау. Бұл сатыда басты назар жаһандық ақпараттық кеңістікте бір тілдің рөлінің артуына және керісінше басқа тілдің рөлінің кемуіне аударылады. Мысалы, белгілі бір тілдің өзге тілдерге қарағанда қолданысы мен рөлі жоғары болуы.

2) **Интерлингвистикалық** немесе тіларалық деңгейде тілдердің өзара байланысы және өзара бір-біріне әсері, сонымен қатар шет тілдің аса ықпалына түскен функционалдық стильдер мен тілдік қолданыс аясындағы механизмдер және тәсілдері зерттеледі.

3) **Интралингвистикалық** немесе тіл ішіндегі деңгей бір лингвомәдени шеңберіндегі тілдік процестердің медиалық белгіленуіне басты назар аударады. Мысалы, тілдік шекараның бұзылуы, медиасөйлеудің негізіндегі ауызекі сөйлеу стилі нормаларының өзгеруі, қатетілдік қолданыстардың таралуы т.б.

Әлемнің геолингвистикалық келбетінде ағылшын тілінің басымдық алуы, көптеген елдердің бұқаралық ақпарат құралдарында да көрініс беруде. Ағылшын медиа-мәтіндерінің көлемінің экономикалық, саяси, әлеуметтік салаларда қарқындап өсуі басқа әлем тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде де мәтін көлемін арттыруға ықпал етуде. Бұл тілдік процестің ағымында болатын құбылыс, сондай-ақ мұндай тілдік процестер сөз қолданысының сапалық жағына да, тілдік нормасының қозғалысына да, тілдер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына да өз әсерін тигізуде.

Қазақстандық БАҚ-на да ағылшын-американдық медианың өзіндік ықпалы соңғы жылдары белең алуда. Оны отандық арналардағы бағдарламалардың форматының (*ток-шоу, реалити шоу т.б.*), мазмұнының және тілдік деңгейінің өзгеруінен-ақ байқауға болады. Ақпарат форматы мен мазмұнының көшірілуі, ағылшын тілдік кірме элементтердің орасан зор толқыны, коммуникативтік-ақпараттық еліктеу стилі – қазіргі қазақ медиа-мәтіндеріне тән белгілер болып келеді.

Ресейдің ақпарат құралдарында бағдарламалардың батыстық үлгімен жүргізуі - ағылшын тілдік медианың әсерінің көрінісі. Ал отандық БАҚ саласы ағылшын-американдық медиақұбылыстарды Ресей ақпарат құралдары арқылы сатылап қабылдап отырғаны тағы байқалады.

Тілдік деңгейде англо-американдық бағдарламалардың әсерімен қазақ тілінің күнделікті қолданысында *вайн, вайнер, хэштэг, сторис, хэитер, инстаньюс* сынды заманауи кірме сөздердің (*слэнг*) саны артып келеді. Бұндай лексикондардың қатарындағы *менеджер, бизнес, праймериз, спикер, спичрайтер, копирайтер, ньюс, шоу т.с.* сөздердің тілімізде біраз тұрақтап қалғанын байқауға болады.

Мамандар соңғы кезде БАҚ-та ауызекі тіл мен жазба тілдің барынша жақындаса бастағанын байқауда, себебі бұған бұқаралық ақпарат құралдарының дискурстық тәжірибесіндегі функционалды-технологиялық ерекшелігі себепші болып отырған сияқты. Өйткені медиа-мәтіндерді жасау мен тарату барысында жүгіртпелі қатарды оқу, алғашқы ауызша мәтінді жазбашаға аудару (*мысалы сұхбат*), жедел және даярланған мәтіннің интеграциясы (*тілара қатынасы*), ауызекі тіл мен кітаби-жазба тілдің араласып кетуі сияқты арнайы техникалар қолданылады. Аталған үрдістер тек қана Қазақстан лингвомәдени аймағына (*ареалына*) ғана тән құбылыс емес. БАҚ-тағы аталған тілдік процестердің ағылшын зерттеушілер басқа да Еуропа тілдеріне тән екендігін анықтап отыр, мысалы, ағылшын, француз, алман (неміс), испан, итальян тілдерінде де осындай үрдістер байқалуды. Демек, тілдің даму қозғалысында (*динамикасында*) бұқаралық медианың атқаратын рөлі орасан зор [5, 111 б.].

БАҚ мәтіндерінің, яғни медиамәтіндердің интралингвистикалық деңгейдегі тілдік процестерге әсері бірыңғай лингвистикалық мәдени аймақта жүзеге асады. Оның тілдік процестерге әсерін төменгідей қарастыруға болады:

- Нақты қандай да бір стильдік шекараның жойылуы;
- Ауызекі сөйлеу стилі нормаларының БАҚ мәтіндерінде тарауы;
- Қате қолданыстағы сөздердің тарауының белең алуы;
- БАҚ-тағы жаргондар, тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданысқа енуі [4, 14 б.].

Тілді қолданудың негізгі саласына айналу барысында бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі тіл жағдайының көптеген құрылымы мен сипатын айқындайды.

Қазірде ақпараттық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының тілін зерттеу тіл білімінің негізгі объектісіне айналып отыр. Медиа тіл қолданысының ауқымды саласы ретінде тілдік қатынастардың қазіргі заманғы сипаты мен ерекшеліктерін айқындап отырғандықтан, оның тілдік процестер динамикасындағы рөлі зор екендігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Усов Ю.Н. «Медиа-образование в России» (на материале экранных искусств);
2. Стефановская Т.А. «Педагогика: наука и искусство: учебное пособие для студентов, преподавателей, аспирантов» - «Совершенство» М.,1998;
3. Сыздық Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма (сәйкестік пен ашақтықтар) // Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1986;
4. Добросклонская Т.Г. «Медиалингвистика: системный подход изучению языка СМИ». М.,2008;
5. Володская М.Н. «Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования». М., 2004.

Өтемісова Г.Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Gumi_kaz@mail.ru

Өмірбекова Р.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, umyrbekova.roza68@mail.ru

КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК (Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша)

***Түйін.** Мақалада коммуникация терминінің тілге қатысы туралы айтылады. Сонымен қатар коммуникация терминіне тілдік тұрғыдан ғылыми тұжырым жасаған тіл білімі ғалымдары І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Ф. Оразбаева және орыс ғалымдарының зерттеулері негізге алынды. Коммуникациялық кеңістікті айқындау мақсатында бір дәуірдің жыраулары Ерімбет пен Нұртуған тудырған поэтикалық мәтіндер – адресант пен адресаттың сан қырлы қарым-қатынас ерекшеліктерін танытатын коммуникациялық кеңістік ретінде жан-жақты қарастырылды.*

***Резюме.** Статья посвящена рассмотрению коммуникации и языка, их соотношению. Приняты во внимание исследования таких казахстанских лингвистов, как И. Кенесбаев, Т. Жанузаков, Ф. Оразбаева, также приводится анализ взглядов российских ученых, сделавших научное обоснование термина «коммуникация». С целью выявления коммуникационного пространства всесторонне рассматриваются поэтические тексты жырау современников Еримбета и Нуртугана, которые отражают многогранные взаимоотношения между адресантом и адресатом.*

***Summary.** The article considers terms related to the language and communication and as well as considers relationship between them. Taken into consideration the researches of linguists like I. Kenesbaev, T. Zhanuzakov, F. Orazbayeva and Russian linguists who made a scientific rationale to the term “communication”. For the purpose of determining the communication space, the contemporary narrators (zhyrau) -Yerimbet’s and Nurtugan’s poetic texts are comprehensively studied reflecting the multifaceted interrelationship between the addresser and the addressee.*

Тілдің коммуникативті қызметіне басты назар аудару өткен ғасырларға тән көрініс. Осы ұстаным негізінде тіл өзіндік жеке деңгейлерден тұратын құрылым болып қаралды да, тілдің әр саласы, яғни грамматикасы, лексикасы және фонологиясы өзі құрамдас бөліктерге қатынассыз, тілдік формадан мағына бағытында қаралды. Оның өзінде тілдік тұрғыдан мағына бағытында зерделенеді.

Жыраулар шығармаларының коммуникативті-функционалдық қызметін сөз етпес бұрын, «коммуникация» немесе «коммуникативтік» терминдерінің мағыналарын түсіндіріп өткен жөн.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның «Тілдік қатынас» атты еңбегінде «коммуникация» терминінің мән-мағынасын жан-жақты қарастырып өзіндік құнды тұжырым жасаған [1]. Ғалым бұл терминнің мағынасын таныту үстінде бірнеше қазақ және орыс ғалымдарының пікірлеріне шолу жасайды.

В. Дальдің түсіндірме сөздігінде екі сөздің мағынасы айтылған. «Коммуникация – ж. фран. сообщение, пути, дороги, средства связи мест». «Коммуникационный – к сообщениям относящийся» [2, 150 б.].

Д.Н. Ушаковтың редакторлығымен шыққан орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «коммуникация» сөзі ғана берілген: «Коммуникация – и, ж, латын». 1. Сообщение, связь одного места с другим (спец). К. Передовых позиций. Невский проспект есть все общая к. Петербурга. 2. Сообщение передача мыслей (преимущ. словесная, научная). Слова есть средство коммуникаций [3, 3 б.].

Мұның өзі «коммуникация» сөзінің алғаш жолдық қатынас, байланыс деген мағынаны білдіргенін көрсетеді. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» терминінің бұдан басқа да бірнеше мағынасын көрсетеді: «Бұл сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас», тіл арқылы түсіну, пікірлесу дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым одан әлдеқайда тереңдей түсті. Мәселен, тілдік коммуникация – тіл арқылы сөйлесу, ұғынысу дегенді білдірсе, қоғамдық коммуникация – қоғамдық байланыс, қоғамдағы қарым-қатынас дегенді аңғартады, ал саяси коммуникация – саяси өмірдегі байланыс, саясатқа қатысты қарым-қатынас дегенді байқатады».

«Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай-қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлеуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуге негізделетінін дәлелдейді. Коммуникация арқылы адамдар бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, біріннің ойын екіншісі ұғады. Екі

адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ал топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан барып, адамзат тілінің әрі қоғамдық, әрі әлеуметтік функциясы көрінеді, «коммуникативтік» терминінің әлеуметтік сипаты осыдан келіп шығады [1, 37-38 бб.].

Бірқатар ғалымдар (І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов) еңбектерінде «коммуникативтік» терминінің тілдің қызметіне байланысты білдіретін мағынасы анық айтылған. «Коммуникативная функция предложения – сөйлемнің коммуникативтік функциясы» (лат. communicatio – «қатынас», «байланыс»). Коммуникативная функция языка – тілдің коммуникативтік функциясы. Тілдің қатынас қызметі. Тіл – адамдардың бір-бірімен сөйлесіп, пікір алысатын қатынас құралы [4].

«Коммуникация» терминінің тілге байланысты мағыналық ерекшелігі лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте одан әрі нақтылана түскен: «Коммуникация – (лат. communicatio от – communico – делаю общим, связываю, общаюсь) – общение, обмен мыслями, сведениями, идеями и т.д. специфическая форма взаимодействия людей в процессе их познавательно-трудовой деятельности» [5, 233 б.].

Сол сияқты Р.А. Абузяров пен З.И. Туеваның орыс тілін оқытуға арналған еңбектерінің басында берілген лингвистикалық және методикалық терминдердің қысқаша сөздігінде: «Коммуникация – сообщение, общение». Коммуникативный принцип заключается в обучении русской речи как средство общения в наиболее типичных коммуникативных ситуациях. Коммуникативные ситуации – ситуации общения [6, 8 б.] – деп түсіндірілген.

Айтылған дәлелді пікірлерден шығатын тұжырым, **қарым-қатынас** немесе **коммуникация** дегеніміз – адамдардың бір нәрсе туралы белгілі бір мақсатта хабарлауы. Коммуникация екі немесе одан да көп адамдар арасында белгілі бір жағдайда ортақ қарым-қатынас жасауының маңызды құралы арқылы іске асады. Адамдардың қарым-қатынас жасауының маңызды құралы – тіл. Адамдар тіл арқылы өздерінің ойын, талап-тілегін, жан-дүниесінің түрлі күйін білдіреді, белгілі бір жағдайда бір-біріне әсер етеді, түсініседі. Түсіну арқылы адам қоғамының өмір сүріп дамуын қамтамасыз етеді. Мұнда тілдің экспрессивті қызметі де жатыр. Тіл жеке адамдардың қарым-қатынас жасау, ойын жарыққа шығару құралы ғана емес, бір ұлтқа жататын адамдардың, кейде бірнеше ұлттың қатынас құралы.

Ғалым Б. Қасымның: «Тіл – дүниетанымның құралы, ойлау мен ұғымның шындық өмірдегі көрінісі. Тілдік таңба арқылы шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың ұғымдық бейнесі жүзеге асады. Сондықтан тіл оймен, ойлаумен тікелей байланысты. Тіл – ойлаудың, сананың, танымның қаруы, құралы. Тілде заттың нақты қасиеті номинативтік таңба арқылы белгіленеді де, оның түрлі қызметі, нақты ерекшеліктері соған негіз болады, яғни тіл – ойды жеткізудің тәсілі, шындық болмысты таңбалаудың құралы» [7,144 б.] деп тұжырымдауы өте орынды. Тілдің негізгі элементі – сөз. Сөз – ұғымды, сөз тіркесі – ойды білдіреді: ой түсініксіз болса, сөз де түсініксіз. Адам ойының желісі – ұзақ ғасырларға созылған тарихи дүние.

Келтірілген деректерді қорыта келгенде, ғалым Ф.Ш. Оразбаеваның сөзімен айтсақ: «**Коммуникативтік**» термині қоғамдық-әлеуметтік мәні бар тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді. Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл – жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді [1, 39 б.].

Ақын-жыраулар шығармаларының мәтіні ауызша дүниеге келу үстінде айтушы мен тыңдаушының тікелей қарым-қатынас ерекшеліктерін бойына сақтайды. Шығарма тыңдаушысына тікелей ауызша арналады. Ақын тыңдаушысымен бетпе-бет отырып, сөз жүйесін түзеді. Мәтін түзілімінде реципиенттің әртүрлі эмоциясы, білімдік аясы, тіпті жас ерекшелігі ескеріледі. Реципиенттің ыңғайына қарай сөз таңдау, сөз мағынасын құбылта беру, сөз құрылымын ырғақ пен ұйқасқа, интонацияға бағындыру сияқты уәждемелер жүзеге асырылады.

Ғалым Н. Уәлидің пайымдауы бойынша, мәтін коммуникациясы үш кезеңнен тұрады: коммуникацияға дейінгі кезең, вербалды кезең, коммуникациядан кейінгі кезең. «Осымен байланысты белгілі бір мәтіннің сөз сапасын талдап, сипаттау, тексеруді ойдағыдай жүзеге асырып, сенімді нәтижелерге қол жеткізу үшін тілдік құрылымдарды объективті ақиқат, психология, когниция, әлеуметтік, эстетикалық, этикалық т.б. тілдік емес мәнділіктермен байланысты қарау негізге алынады» [8, 49 б.] – деп жазады.

Жыраулар шығармаларының коммуникациясына қатысты айтар болсақ, жырдың дүниеге келуі көп жағдайда суырыпсалмалық (импровизация) жағдайда өтетіндіктен, коммуникацияға дейінгі кезең жырдың арналатын ортасының (жыраулар тілімен айтсақ, алқаның) психологиялық қалпына, менталды деңгейіне, сонымен бірге жырды дүниеге келтіруге «мәжбүрлеген» алғы шарттарға байланысты өрбиді. Шығарманың табиғатына байланысты мәтін қабылдау процесінде **автор мен реципиенттің** қарым-қатынасы негізінен тікелей (ақын мен тыңдаушы бетпе-бет отырады) жүзеге асады. Кейде автор жыр, толғауды нақты біреуге арнайды, ондай жағдайда автор өзінің тыңдаушысымен ғана емес, кейіпкерімен (субъект-объект) де бетпе-бет келеді. Осындай мәтіндердің мазмұны арнау табиғатына (мазмұнына, мақсатына) да байланысты әртүрлі болып келеді.

Мәселен, Ерімбеттің «Атымтай Жомарт» дастанының мазмұнында **адресант** пен **адресаттың** бір-біріне көзқарасы, яғни бағалаушылық факторы ерекше көзге түседі. Мәтін коммуникациясының сәтті аяқталуы адресанттың ақпараты адресатқа толық түсінікті болып жетуімен өлшенеді десек, ол үшін **адресант** (автор) **адресатқа** (тыңдаушы-объект) неғұрлым танымдық тұрғыдан жақын мәселелерді жыр мазмұнына **өзек** етеді. **Атымтай жомарт** – Ерімбет автор үшін *әрі жақтаушы, әрі кейіпкер, әрі тыңдаушы-қабылдаушы*. Атымтай **сақи** – жомарт адам, сондықтан Ерімбет оның жанына дөп тиетін ең төте, ең әсерлі факт ретінде оның жомарттығына қатысты тарихи-танымдық деталдарды алып, сол арқылы жақтас-кейіпкерінің артықшылық қасиеттерін ашып айтуды көздейді: *Айтайын Атымтайдан бір хикаят, Бұл сөзге құлағың сал, көп жамағат! Бұрынғы сахилардан сөз қозғайын, Жазбасқа тұра алмадым, қылып тағат. Жараңдар, шамаң келсе, сақилық қыл, Сақидың жүрген жолы болар абад!* [Е.К.]

Ерімбет автордың мәтін түзіліміне жомарттық бейнесіндегі адресантқа да адресатқа да ортақ «сақи» туралы аялық білім негіз болған. Яғни **сақи** – «шын мәніндегі нағыз жомарт, мырза, қолы ашық адам» немесе «ақ көңіл, ақ пейіл, қайырымды адам». Қабылданған, қалыптасқан ұғым бойынша **сақи** қандай болу керек деген мәселеде жыр мазмұнынан төмендегідей мәлімет аламыз:

1 Қонақты сыйлау: *Атымтайдың барша адамға көңілі бірдей, Қонақсыз ас ішпейді, ойнап-күлмей. Сұраусыз сырттан алса біреу малын, Кетеді көңілі түгіл, көзіне ілмей. Біреуге ат, біреуге тон беріп жатыр, Қарайды барша жанға бір көзбенен, Жарлы, байға жақын не алыс емес, Жақсылар! Сақи болсаң бол осындай, Жан бар ма әлі күнге оны білмес?!*

2 Құдайды тілмен де , жүреппен де ұстану: *Патшалар сақилыққа ар қылады, Сақидың кең дүниасын тар қылады. Патшаның күндегенін білгеннен соң, Атымтай бір Аллаға зар жылады: «Құдай! Құдіретіңмен сақтай гөр!» деп, Сақилық әдетінен арылмады.*

3 Өмір бар жерде өлім бар: *Қайыр қыл тіршілікте, сақи ерлер, Артыңда із қалғандай болсын қайым! Опасыз сұм дүниаға сену қиын, Қашқанмен құтылмақ жоқ әрдайым. Қырық жыл Қорқыт қашып құтылған жоқ, Бір күні табылады жатар жайың! Салынса сақи үшін сегіз пейіш, Салынған кімдер үшін жеті дозақ? Тіріде сараң, сақи халыққа мағұлым, Өлген соң әркім барар үйіне өзі-ақ!*

Осы айтылғандардың барлығы Ерімбет ақынның бағалауынша Атымтай жомарттың бойында табылғандықтан, ақын мәтін қорытындысын: *Ойланып ой түбіне ақыл жетпес, Сараңға қанша айтқанмен сөзің өтпес. «Сақилық – бардың ісі» деушілер көп, Сақиға қолда жоғы ешнәрсе емес!* [Е.К.] – деп аяқтайды.

Кейбір мәтін белгілі бір ситуация үстінде дүниеге келеді. Адресантпен бетпе-бет бірнеше адресаттар болуы мүмкін. Ондай жағдайда сол жердегі адресаттарға ортақ, бірдей түсінікті ақпараттар, тіпті тезаурус негізге алынады. Мәтін мазмұны сол сәттегі ситуацияға, адресаттың әлеуметтік құрамына, жас мөлшеріне де байланысты құрылады. Нұртуғанның **«Жігіттерге өсиет», «Заманнан сөйлеп барамын», «Адаспайды ақылың»** [Н.К.Іт.] жырларының мәтіні бастан-аяқ жыр дүниеге келген сәтте куә болған *қыз-келіншектерге, ақынның құрдастарына, жігіттерге* арналады. Соған байланысты жыр мазмұнында жеңіл әзіл мен ақыл-өсиет айту алмасып келіп отырады. Тыңдаушыны зеріктіріп алмай, ықыласын арттыра түсу үшін автор өлең мәтініне мысқыл, сарказмдерді қосып отырады. Мысалы, *«Үлкендер» отыр үйінде, Өткен күнін сағынып. Арам жеген «ардақты», Құрсақтары салынып... «Басшы» отыр жалаңдап, Тоқалынан айрылып. Жалиысы кетіп бай отыр, Қанатынан қайрылып. «Молдалар» отыр ойбайлап, «Шаригат» деп қайғырып... («Он үшінші назым»)* [Н.К.Іт.]

Мәтіннің коммуникативтілік деңгейі автордың белгілі бір мақсат көздеуімен де өлшенсе керек. Бірақ жыр – өнер туындысы, оның мақсат мүддесі тар аяда қала алмайды. Ол адамзат баласының мүддесіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да Нұртуған ақын ауыл-үйдің әзіл-қалжыңын айтқан болып отырып тыңдаушысын жалпы адамгершілікті насихаттайтын, олардың дүниеге танымын шындайтын, ой салатын ауқымды мәселелерді қозғауды ұмытпайды. Біз бұны жыр мәтіні коммуникациясындағы түпкі мақсат деп түсіндіреміз және бұл барлық жыр табиғатына тән ерекше болмыс болып табылады.

Кейде мәтін коммуникациясы тыңдаушыны бір мақсатқа жұмылдыру, белгілі бір оқиғаға итермелеу масатын да көздейді. Мұндай кезде тыңдаушы психикасына ерекше әсер ететін, тыңдаушының эмоциялылығын арттыратын экспрессивті, эмоционалды сөздер, бағалаушылық қолданыстар таңдалынады. Мәтіннің дүниеге келу шартына байланысты неғұрлым түсінікке жеңіл ұғымдар, оңай ұйқастар іске қосылуы мүмкін, бірақ оның өзі ақынның ұтқыр ойлылығы мен суырыпсалма шешендігін талап етеді. Мұндай кезде экстралингвистикалық (тыңдаушының таным-түсінігі, оған әсер ететін тілден тыс фактілер: өзінің ерекше қасиетін айтып мақтау), паралингвистикалық (мимика, қимыл-қозғалыс) факторлар да мәтін коммуникативтілігіне үлес қосатыны сөзсіз.

Нұртуғанның әйел тақырыбына деген көзқарасы *«Алып анадан, ат биеден туады», «Жақсы әйел – жігітке біткен бақ», «Жақсы әйел – әрі анаңдай, әрі ақылшың мен панаңдай»* деген халқымыздың үш ұлы қағидасы төңірегінде қалыптасқан.

Нұртуған әйел мәселесі тақырыбын тілге тиек еткенде, үнемі ер мен әйел арасында махаббат, достық, сыйластық болу керек, сондай-ақ ер жігіттің жарына сұлулық, нәзіктік, ақылдылық сияқты асыл қасиеттер тән болуы қажет деп санайды. *«Сонда ғана ондай әйел – жігіттің бағы, керісінше болса – соры»* дейді: *Адамның артық тұса сүйген жары, Жадырап жан-дүниең тұрар бәрі. Алғаның жаман болса отырасың, Ажардың бетіндегі кетіп нәрі, [Н.К.Іт.]* – деген бір шумақ өлең ақынның осы айтқанын дәлелдейді.

Мәтіннің құндылығы оның белгілі бір ақпараттар жүйесін бере алуымен де айқындалады. Ғылыми-теориялық аяда хабарламалардың барлығы бірдей ақпараттық мән бере алмайды. «Ақпарат» және «коммуникация» бір-бірін жоққа шығармайтын, бірақ бір-бірімен сәйкеспейтін әр басқа ұғымдар болып табылады. Ақпарат категориясы таза лингвистикалық аядан тыс көптеген мәселелерді қамтиды. Сондай мәселенің бірі – ақпараттың «жаңалығы» мәселесі. Жаңа ақпарат әлеуметтік, психологиялық, ғылыми-техникалық, жалпы мәдени, жас мөлшері, мезгілдік т.б. факторлардан тыс қаралмайтыны анық.

Бір тыңдаушыға жаңалық болып көрінген ақпарат екінші тыңдаушы үшін жаңалық емес не мүлде түсініксіз болуы мүмкін. Немесе белгілі бір мезгіл өтуімен байланысты сол уақытқа дейін жаңалық болып келген мәселе өзінің ақпараттық мәнін жоғалтады.

Екінші мәселе ақпараттың құндылығымен байланысты. Бұл мәселе философияның, жекелеп қарағанда эстетиканың бір саласы болып табылатын аксеологияның ауқымында сөз етіледі. Ақпарат неғұрлым қайталанған сайын өзінің құндылығын жояды. Ал кейбір мәтіндер өзгермейтін құндылыққа ие. Олардың эстетикалық, танымдық немесе ғылыми мәнділігі барлық уақытта адамзат мәдениетінің қазынасында сақталады. Олар барлық уақытта жаңаның көзі болып, ақпараттық құндылығын сақтайды. Біздің зерттеулерімізге дерек болған ақын-жыраулар поэзиясының мәтінін өзінің ақпараттық құндылығы жағынан мезгілдік заңдылыққа бағынбайтын, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзатқа ортақ идеяны бойына жинаған танымдық кеңістік ретінде қарастырамыз.

Ақпарат мәтіннің негізгі категориясы ретінде тек мәтінге ғана қатысты бола отырып, өзінің прагматикалық белгісінде әр жақты. Оның негізгі түрлері:

1) мазмұндық-фактуалды; 2) мазмұндық-концептуалды; 3) мазмұнды-астарлы.

Шығарма мәтіндегі **мазмұндық-фактуалды ақпарат**: Жыр-дастандар – тек әдеби, тілдік қана емес, сонымен бірге тарихи категория. Себебі ақын-жыраулар қазақ қоғамында саяси-қоғамдық қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Жыр мәтінде тарихи тұлғалар, олардың өмірі мен қызметі жөніндегі мәліметтерді көп кездестіреміз. Тарихи оқиғалардың сипаты мен мезгілдік, мекендік деректері жыр мәтінінен табылады. Жер-су атаулары, қазіргі географиялық атаулардың тарихи және көне нұсқалары, ру-тайпа атаулары, олардың тарихи қоныстары, дін тарихына қатысты оқиғалар мен тарихи деректер жыр қойнауында тұнып жатқан **тарихи-мәдени фактуалды** қоймамыз деуге болады. Мысалы, Нұртуған ақынның *«Мәулімнияз-Едіге», «Қарасай-Қази», «Ақ Кете Шернияз», «Шұбырынды ақтабан»* дастандарында суреттелген тарихи соғыстар мен атақты батырлар бейнесі, Ерімбет ақынның *«Әбу Шашма», «Мұхаммед пайғамбар туралы хикая», «Ақтам сахаба»* дастандарындағы діни көне ұғымдар, сонымен қатар ақынның *«Хазірет Ғали мен Дариха қыз», «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы»* дастандарында батырлық, ерліктің символы ретінде қолданылған атаулар **мазмұндық-фактуалды ақпарат** береді.

Шығарма мәтіндегі **мазмұндық-концептуалды ақпаратқа** ақындық дәстүрмен біте қайнасқан *туған жер, атамекен, ұлттық рух идеясын* атауға болады. Сонымен бірге **«құдай»** концепсиясы, жалпы адамзаттық ойлаумен астасып жатқан, ақындық индивидуалдық дүние бейнесі, құдайлық болмыс туралы пайымдаулардың мәтін мазмұны мен тілі арқылы танылуын жатқызамыз.

Шығарма мәтiнiндегi **мазмұнды-астарлы ақпарат** түрiн қабылдау кез келген тыңдаушы мен оқырманның пешенесiне жазыла бермейтiн, жеке сөздердiң мағынасын түсiнiп қоюды аздық ететiн, ақындық дәстүрдi туғызған тiлдiк сананы, жоғары ұлттық менталитеттi, тiлде жасырынған «бiлiм қорын» түгел меңгерген оқырманына ғана сырын ашатын ең маңызды ақпарат көзi болып саналады.

Негiзiне келгенде, жыраулар тудырған **поэтикалық мәтiндер** – адресант пен адресаттың сан қырлы қарым-қатынас ерекшелiктерiн танытатын коммуникациялық кеңiстiк.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тiлдiк қатынас. – Алматы: «Сөздiк-словарь», 2005.–272 б.
2. Даль В. Толковый словарь. – М., Гослитиздат, 1935. – 150 с.
3. Толковый словарь русского языка /под ред. проф. Д.Н.Ушакова/.–М, 1935.
4. Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: Наука, 1966. – 234 с.
5. Лингвистический энциклопедический словарь.–М.:Сов.Энцикл.,1990.– 233 с.
6. Абузаров Р.А., Туева З.И. Русский язык на занятиях по начальной военной подготовке в национальной школе. 2-е изд. – М.: Просвещение, 1989. – 8 с.
7. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы: «КИЦОО», 2007. –166 б.
8. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетiнiң теориялық негiздерi: филол. ғ. д. ... автореф. – Алматы, 2007. – 49 б.

Белгiлер мен қысқартулар

- Н.К.Іт. – Кенжегүлұлы Н. Кәнеки, тiлiм, сөйлешi... I том. – А: Ғылым,1992.–224 б.
Н.К.Іт. – Кенжегүлұлы Н. Кәнеки, тiлiм, сөйлешi... II, III том. – А: Ғылым, 1994.–444 б.
Е.К. – Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сөзiм ұрпаққа. – А: Маржан, 1995. – 313 б.

Өмірбекова Р.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, umyrbekova.roza68@mail.ru

Өтемісова Г.Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Gumi_kaz@mail.ru

ЕСІМШЕЛІ ОРАЛЫМ – ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ НЫСАНЫ

Түйін. Мақалада сөз тіркестерін есімді, етістікті деп бөлу олардың басыңқы сыңарларының қай сөз таптарынан болуы, соның ішінде етістікті сөз тіркестерінің морфологиялық, құрылымдық түрлері рөлінің әртүрлілігі сөз болады. Етістіктің басыңқы қызметімен бірге енді басыңқы сыңарларының бағыныңқы сыңарларға ауысу процесіне тоқталмақпыз. Ол үшін етістіктің әртүрлі категорияларының сөз тіркесінің басыңқы сыңарында жұмсалыу ерекшелігі, есімшелі оралымның синтаксистегі ең күрделі мәселенің бірі екендігі, бұл сияқты оралымдарды әртүрлі түсіндіру түбегейлі шешім таба қоймаған мәселе екендігі сөз болады. Сонымен қатар бұл жерде етістіктің сөз тіркесі мен сөйлем мүшесінде баяндауыш қызметінде жұмсалыуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау ең қажет факт екендігі қарастырылады.

Түйін сөздер: етістік, сөз тіркесі, сөйлем мүшесі, баяндауыш, етіс, рай категориясы, сөз таптары, есімше, оралым, бағыныңқы сыңар, басыңқы сыңар

Резюме. В данной статье речь пойдет о словосочетаниях, которые по своей природе, в зависимости от части речи к которой относится главное слово, делятся на именные и глагольные. Также речь будет идти о морфологической и структурной стороне глагольных словосочетаниях, об их исполняемой роли.

Помимо всего этого, следует обратить внимание на процесс перехода главного глагола в придаточный. Далее речь пойдет о причастном обороте, как об одной из сложных проблем синтаксисе, и о проблемах многих других оборотов. Именно определение роли глагола в предложении может явиться причиной решения проблем в синтаксисе. В связи с этим, здесь рассматриваются особенности функций глагола в словосочетаниях и предложениях, выступающего в роли сказуемого.

Ключевые слова: глагол, словосочетание, член предложения, сказуемое, залог, виды наклонений, части речи, причастие, оборот, придаточное главное

Summary. This article deals with participial and verbal word-combinations and in what part of speech are their principal pairs including different roles of morphological and structural verbal word combinations. I'd like to pay a special attention to the changing process of principal pairs into subordinate pairs together with the main functions of the verbs. For this particular application of different categories of verbs in the principal function of word-combination and the participial construction is one of the complex problems of syntaxes and another big problem is that different explanations are given to such construction. In order to call clearly the participle construction at first, it's necessary to show in detail the main particularities of verbs. In connection with it to identify the application of verbs in word-combinations and parts of speech as predicate and its peculiarities are necessary fact.

Key words: verb, word-combination, parts of speech, predicate, voice, participle, construction, mood categories, principal pair, subordinate pair.

Синтаксис, оның үлкен бір саласы сөз тіркестері қазіргі кезде жан-жақты зерттеудің объектісі болуда.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркестерін М.Балақаев арнайы зерттей келе оның негізгі: а) байланысу формалары, ә) байланысу тәсілдері, б) синтаксистік қатынастары, в) түрлері сияқты басты-басты объектілерін нақтылап, соның әрқайсысы арнайы зерттелу үстінде [1]. Әсіресе сөз тіркестерінің осы объектілерінің ішіндегі түрлерін есімді, етістікті сөз тіркестері деп топтап беру сөз тіркесінің жігін айқындаудағы ең негізгі белгі болып табылса керек.

Сөз тіркестерін есімді, етістікті деп бөлу олардың басыңқы сыңарларының қай сөз таптарынан болуына негізделсе керек. Соның ішінде етістікті сөз тіркестерінің морфологиялық, құрылымдық түрлерінің рөлі әртүрлі. Етістіктердің басыңқы қызметте жұмсалыуы мен оның басыңқы қызметтегі ерекшеліктері туралы М.Балақаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, Ә.Әбілақов т.б. ғалымдар едәуір дәрежеде пікір айтқаны белгілі. Дегенмен, етістік – сан қырлы сөз табы. Сондықтан да олардың басыңқы қызметімен бірге енді басыңқы сыңарларының бағыныңқы сыңарларға ауысу процесіне тоқталмақпыз. Ол үшін етістіктің әртүрлі категорияларының сөз тіркесінің басыңқы сыңарында жұмсалыу ерекшелігін сөз етелік. Есімшелі оралым синтаксистегі ең күрделі мәселенің бірі: жоғарыда көрінгендей бұл сияқты топтарды әртүрлі түсіндіру – оның әлі де болса түбегейлі шешім таба

қоймағандығын көрсетсе керек. Әрине, есімшелі оралымдарды нақты айту ең алдымен етістіктің негізгі ерекшеліктерін жан-жақты көрсету арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан да етістіктің категорияларының сөйлемде қолданылу орындарын айқындаудың да негізгі мәселені шешуге себебі мол тиетіні анық. Басқа сөз таптарына қарағанда етістікті сөз тіркесі сөйлем мүшелері жағынан да едәуір көп айтылып келе жатқан сөз табы. Осыған байланысты бұл жерде етістіктің сөз тіркесі мен сөйлем мүшесінде баяндауыш қызметінде жұмсалыуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау ең қажет факт.

- Күрделі етістіктер:

Сүйіндік, Сүгірбай осындай сылтауды күтіп, қос қанатын *қомдап отыр екен*. Алдымен көшкен солар болды да, өзге Бөкеншілер де еріксіз тартып кетті (М.Әуезов).

- Салт, сабақты етістіктер:

Бала жігіт бұйрықты орындамады. Үн-түнсіз *бұрылды да*, өз үйіне қарай *жүре берді* (Х.Ерғалиев).

- Етістер:

Жүргіншілер келе жатқан қабат-қабат биіктің арасында жатқан жіңішке өзен кейде тарауланып көп салаға *бөлініп*, кейде иін тіркескен биіктік жартастардың арасынан жалғыз аяқ жолдай болып жіңішкеріп, жыланша *иіріледі*. Отағасы қозғала отырып *сөйледі* (М.Әуезов). Сіз қазір пәтеріңізге барып жуынып, тамақтанып, *ұйықтап алыңыз* (Х.Ерғалиев).

- Болымды, болымсыз етістіктер:

Нанарын да, нанбасын да *білмей* аңырып қалды бәрі (Ғ.Мұстафин). Астыңғы үйдегі бапты аспазшы пісірген ыстық самсаны да *жеген жоқ* (Парасат).

- Етістіктің райлары:

Көп кешікпе, еркем, тамақ піскен кезде кел (С.Мұқанов). Менімен *сөйлесіп*, осында *алып келіңіздер* (М.Әуезов). Тағы бір соның лебізін *естісек екен*. Бірақ алыс жүрсе де, сол Абайда ақыл мен қайрат, тіл мен тәлімнің мол екенін әкесі *танитын* (М.Әуезов). Осында етістіктердің құрамы жағынан дара, күрделі түрлері, ал етістіктердің морфологиялық құрамы жағынан салт, сабақты етістіктер, етістер, болымды, болымсыз, рай түрлері т.б. жай сөйлемнің баяндауышы немесе құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарлары қызметінде жұмсалған. Осындағы: отыр екен, тартып кетті, бұрылды, жүре берді, бөлініп, иіріледі, ұйықтап алыңыз, білмей, жеген жоқ, естісек екен т.б. етістіктері тек сөйлемнің соңында ғана жұмсалуға бейім. Сонда олар сөйлем мүшесі жағынан баяндауыш, ал сөз тіркесінде тек етістікті сөз тіркесінің басыңқы сыңары қызметінде жұмсала алады. Осы жағынан келгенде, бұл топтағы етістіктер тек етістіктік мағынасын әрі сөйлем мүшесі, әрі сөз тіркесінің басыңқы сыңары жағынан да нақтылай түседі. Етістіктің баяндауыш болу қызметі мен сөз тіркесіндегі басыңқы сыңары сөйлемнің соңында ғана жұмсала ма? деген мәселеге тоқталатын болсақ, мұның өзі етістіктердің әрбір түрінің ішкі ерекшеліктеріне байланысты демекпіз. Жоғарыда аталған етістіктердің сөйлемнің соңында ғана жұмсалыуы етістіктердің негізгі қасиеті. Сол сияқты кейбір етістіктер сөйлемнің соңында баяндауыш бола отырып, енді сөйлемнің тек соңында қолданылып қоймай, сөйлемнің ішінде де жұмсалыуы көбінесе барлық етістіктердің ішінде тек есімше түріне қатысты. Сондықтан да есімшелерде бірде етістік, бірде есімше де түрленетін деп, олардың өзін осындай ерекшеліктеріне қарай екі жақтан қарастыру үнемі айтылып келеді.

Әрине, есімшелердің әрі сөйлемнің соңында, әрі сөйлемнің ішінде қолданылуының:

а) сөйлем мүшесі жағынан, ә) морфологиялық өзгерісі жағынан, б) тіркесу қабілеті жағынан в) құрамы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар.

Егер есімше сөйлемнің соңында келсе, ол үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалады да, сөз тіркесінде сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарын құрайды. Енді есімшелердің қандай тұлғаларда басыңқы сыңарда жұмсалатынын қарастыралық.

-ған, -ген, -қан, -кен жұрнақты есімшелер арқылы: Кейбіреу жайдары ашық боламын деп, *орынсыз* адамдармен жыртақтаған (Абай). Осы сәлемді *ести сала* Базаралы атқа мінген (М.Әуезов). *Тарының шықпай қалғанын* Айранбай талай *айтқан* (М.Әуезов). Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, нәзік бел *тал шыбықтай бұраңдаған* (Абай).

-атын, -етін жұрнақты есімше арқылы: Мағаш пен Кәкітай бұл күндерде орташа кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған романдарды *көп оқитын* (М.Әуезов). Осы еңбекті жазуда көп оқығанын, *көп* ізденгенін *айтатын* (Жұлдыз).

-ар, -ер, -р жұрнақты есімшелер арқылы: «*Білімдіден ақыл шығар*, ақылды *қарттан* нақыл *шығар* (мақал). Бүгінгі күресте көрсеткен күшінді *өлеңге шығар* (С.Мұқанов). Аудан өкілдері *қазір* ел ішінде *болар* (Ғ.Мұстафин).

Кейде есімшеге қатысты басыңқы сыңардағы есімше, көсемше тұлғалы етістіктермен күрделі түрде жұмсалуды арқылы: Ел жата Олжабек *көше жөнелген* (Ғ.Мұстафин). Бұл екі ауылдың арасында мұндай қақтығыс *ұдайы болып тұратын* (Ғ.Мүсірепов).

Есімшелерге есімше тұлғалы *e* көмекші етістігінің тіркесі арқылы күрделі түрде келе береді. *Кеше* Маржан келін қымыз ішкен екен (Б.Майлин). *Сегіз жүз жылқыдан* бір тай қалмаған екен (М.Әуезов).

Есімшеге модаль сөздердің тіркесі арқылы: Гудок *бүгін* бұрынғысынан ұзағырақ *айқайлаған тәрізді* (М.Горький). Осы сөйлемдерде есімшелер -ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -итін, -ар, -ер, -р жұрнақтары арқылы дара, күрделі түрінде сөйлемнің соңында келіп, үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалған. Бұл есімшелердің етістік тұлғасындағы үлкен бір белгісі. Бірақ есімше үнемі сөйлемнің соңында келіп баяндауыш қызметінде ғана емес, енді сөйлемнің ішінде де келіп анықтауыш қызметінде жұмсалады. Сөйлемнің соңында келіп, сөйлемді біршама тиянақтау нәтижесінде баяндауыш қызметінде жұмсалса, енді сөйлемнің ішінде анықтауыш қызметінде жұмсалуды оның аясының кеңейгендігін көрсетсе керек. Есімшелердің есімдермен тіркесі арқылы олар сөйлем мүшесі, атқаратын қызметі, тіркесу қабілеті жағынан өзіндік өзгеріске ұшырайды. Әрине, есімшелер баяндауыш қызметінде басқа көмекші етістіктермен тіркесіп келе берсе, енді олар анықтауыштық қызметте көбінесе дара жұмсалады.

Жоғарыдағы есімшелер дара және күрделі түрде жұмсалған. Бірінші топтағы басыңқы сыңардағы етістіктермен екінші топтағы есімшелердің басыңқылық қызметі бірдей. Бұған қарағанда, етістіктер осы топтардың бәрінде тек басыңқылық қызметте жұмсалады деп білеміз.

Бірақ зерттеу барысында, осы екі топтағы есімшелі етістіктер басыңқы сыңарда жұмсалады делінгенімен, олардың сөйлемде қолданылу орындары, сөз тіркестерінің басқа сыңарларға ауысу процесі жағынан үлкен айырмашылықтарға ие екенін көреміз.

Жоғарыда айтылғандай, мұның өзі есімшелерге байланысты нақтыланады. Сондықтан да *жыртақтаған, айтқан, мінген, бұраңдаған, шығар, болар, айтатын* сияқты есімше тұлғалы етістіктер сөйлемнің соңында да, сөйлемнің ішінде де қолданыла алатыны есімшенің әрі етістікті, әрі есімдер сияқты түрленуімен де байланысты болса керек. Есімшелердің әрі етістік, әрі есімдерше түрленуі, түптеп келгенде, басыңқы сыңарлардың кейде бағыныңқы сыңарда да жұмсалудына әкеліп соғады.

Бұл жерде бізге ең қажеттісі – есімшелердің бағыныңқы қызметте жұмсалуды. Есімшелер сөйлемде басыңқы қызметте жұмсалады делінгенмен кейде есімшенің өзі етістіктермен өзара сөз тіркесін құрайтындығы да белгілі. Бұндай кезде есімшелер етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы қызметте де жұмсалады. Есімшелер етістіктермен әрі қабыса, әрі меңгеріле байланысады.

Есімшелердің септік жалғауында етістіктермен тіркесуі Ж.Болатов, Т.Ерғалиев еңбектерінде, сол сияқты синтаксистік оқулықтарда үнемі айтылуда [2]. Енді есімшелердің септік жалғауларда бағыныңқы сыңарда жұмсалуды көрсетелік:

- Шырағым, көңіліңді *білдіре келгеніңе* қатты *ырзамын* (Ғ.Мұстафин).

- Ұлжан жолдың *ұзақ болатынын* әбден *білетін*. Жә, *тапқаның мен танығаныңды* сен *мәлім етші*, балам –деді (М.Әуезов).

- Ағылшындар тұсында *алғанымыздан* қалдырғанымыз *болатын* (Ғ.Мұстафин).

Абай Ерболға *сүйінгеннен* қатты *күлді* (М.Әуезов). Осы сөйлемде: барыс септігі - білдіре келгеніңе ырзамын, табыс септігі - ұзақ болатынын білетін, тапқаның мен танығаныңды мәлім етші, шығыс септігі- алғанымыздан көп болатын сүйінгеннен күлді.

Осы етістікті сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары етістік екені белгілі. Ал оның бағыныңқы сыңарлары да етістік. Ол етістіктердің барлығы да барыс, табыс, жатыс, шығыс жалғаулы есімшелер. Олай болса, есімшелер етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы сыңарда жұмсалады екен.

Баукеңді *құшақтаған* бойы біраз уақыт жібермей тұрды (Егемен Қазақстан). Біздің ауылдың мұғалімдері "Егемен Қазақстан" газетін оқыған сайын оған жазылуға талпынуда (Егемен Қазақстан). Осы сөйлемде *құшақтаған* бойы, *оқыған* сайын түйдекті тіркестерінің негізгі сыңарлары есімше де оған түйдектелген шылаулар арқылы етістік пен етістік тіркесіп жұмсалған. Осы сияқты құбылыс тек есімше ғана емес, қимыл есімдерінде де кездеседі.

Әр аптаның жұмысында мемлекет басшысы бұл міндеттерді кезең-кезеңімен шешудің мүмкіндіктерін *талқылау үшін* премьер-министр Ә.Қажыгелдинмен кездесіп тұрмақшы (Егемен Қазақстан).

Есімшелердің етістіктермен қабыса байланысуы тілімізде бар құбылыс болғанымен, олар тілдік жағынан арнайы зерттеу объектісі болып алғаш рет Ғ.Иманалиеваның диссертациялық жұмысында жан-жақты айтылған [3].

Есімшелер тек етістіктермен ғана тіркесіп қоймай, тіпті есімдермен де қабыса байланысып, сөз тіркестерін құрайды. Проф. М.Балақаев бұл мәселеге арнайы орын беріп, есімшенің есімдермен сөз тіркестерін жасауы қалыптасқанын көрсеткен [4]. Бұл мәселе кейін барлық оқулық, ғылыми жұмыстарда орын алды. Әрине, сөз тіркесі қалыптаспай тұрған кезде де есімшелердің есімдерге анықтауыш болуы тұрғысынан сөз болып келсе, енді бұл мәселе әрі сөйлем мүшесі, әрі сөз тіркесі тұрғысынан да арнайы сөз болғаны белгілі.

Есімше етістікті сөз тіркесінде әрі басыңқы, әрі бағыныңқы сыңарда жұмсалса, енді олар есімді сөз тіркесінде үнемі бағыныңқы қызметте ғана жұмсалады деу орынды. Есімшелер есімді сөз тіркесінде

а) -ған, -ген жұрнақтары арқылы:

Жаманның берген асынан.

Жақсының айтқан сөзі артық (мақал).

Ауру шықпаған жаннан дәмелі.

Жалқау бітпеген малдан дәмелі (мақал).

ә) -атын, -етін, -йтын, -итін жұрнақтары арқылы: Оның сөзіне дәл алғаш кезде жауап айтатын кісі болмады (М.Әуезов). Абайдың жалтақ сөзді сүймейтін мінезін Шұбар жақсы біледі (М.Әуезов). Оқуға ынталанбайтын жас бар ма қазір? (С.Мұқанов).

б) -ар, -ер, -р жұрнақтары арқылы: Қолдан келер жәрдемді көрсеттік (Г.Мүсірепов). Көзің жетер жерге дейін тігілген үйлер арасында ине шаншар жер қалмағандай (Қ.Исабаев). Әкесі айтар әңгіме әлі таусылмағанын сезген Жамал үлкен адамша алысқа көз тігіп, өзін байсалды ұстап отыр (О.Бөкеев).

Есімшелердің бұл тұлғаларда есімдермен тіркесі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Есімшенің есімдермен бұлайша тіркесі үнемі айтылып келе жатқанымен, осы есімшелердің есімдермен тіркесінің өзі екі түрлі жағдайда сөз тіркесін құрайтындығын көруге болады. Біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей есімшелердің -ған, -ген, -ар, -ер, -р, -атын, -етін, -йтын, -итін жұрнақты түрлері ғана есімдермен тіркесе алады. Екіншіден, осы тұлғалы есімшелер өзінен бұрын тұрған сөздерді өз жетегіне ілестіре келе, сол тобымен өзі қатысты сөздермен бір сөз тіркесін құрайды. Біз бұл жерде есімшелердің алғашқы сөз тіркесінен гөрі оның екінші түрдегі тіркесіне арнайы тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, есімшелердің соңғы тіркесінің алғашқы сөз тіркесіне қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар екені айқын. Бұл сөз тіркесінде есімше өзі басыңқы сыңарда бағыныңқылық қызмет атқара отырып, әртүрлі сөз таптарын өзінің жетегіне алып, күрделі топ құрайды.

Есімшелердің бұлайша өзіне қатысты сөздермен бір топ құрауы, оның етістіктің басыңқы сыңарда жұмсалыуы кезіндегі қасиетімен тығыз байланысты. Жоғарыдағы сөйлемдерде есімшелердің тек басыңқы сыңарда жұмсалыуы ғана көрсетілген болатын. Осы сөйлемдерден мына сөз тіркестерін алып қарастыралық: орынсыз жыртақтаған, ести сала мінген, талай айтқан, тал шыбықтай бұрандаған, қазір болар, ұзағырақ айқайлаған тәрізді, сегіз жүз жылқыдан қалмаған, өлеңге шығар т. б.

Осы сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары есімшелер де бағыныңқы сыңарлары: орынсыз, ұзағырақ – үстеу, ести сала - көсемше, қазір, талай - үстеу, тал шыбықтай - үстеу, Сегіз жүз жылқыдан - сан есім мен шығыс жалғаулы зат есім, өлеңге - барыс жалғаулы зат есім.

Сонда есімшелерге бағыныңқы қызметте осы сөз таптарының үнемі жұмсалатыны етістікті сөз тіркесінен белгілі екені айқын. Бұл есімшелердің етістікті сөз тіркесіндегі негізгі қасиеті деп білеміз. Ал есімшелер енді есімдерге бағыныңқы қызметте алдымен таза түрінде де, екіншіден, сол етістікті сөз тіркесінде де өзіне бағыныңқы сөз тіркесін құрайды. Бірақ осы есімшелер арқылы құралған сөз тіркестерінде басы ашылмаған, әлі де ойлануды қажет ететін мәселелер баршылық. Ол үшін мына сөйлемдердегі есімше қатысты сөз тіркестерін талдап көрелік.

Үйдің қабырғасында *тырс-тырс соққан* үлкен қабырға *сағаттың* дыбысы анық естіліп тұр (Ғ.Мұстафин) сөйлеміндегі *тырс-тырс соққан сағат* – деген күрделі сөз тіркесін талдап көрелік. Негізінде осында соққан сағат болып -ған, -ген тұлғалы есімше мен зат есімнің тіркесі болуы керек. Бұл есімшелі тіркестің негізгі бір қызметі. Осы сөйлемдегі *тырс-тырс* еліктеуіш сөзінің қай сөзбен сөз тіркесін құрауы ойланарлық жағдай. Еліктеуіш сөздер етістікті сөз тіркестерінде бағыныңқы қызметте жұмсалыуы тиіс. Ал бұл жерде ол қалайда сөйлемнің соңындағы *естіліп тұр* етістігімен ғана сөз тіркесін құрап *тырс-тырс естіліп тұр* болып пысықтауыштық қатынаста жұмсалыуға тиіс еді, бірақ бұл жерде ол қаншалықты *естіліп тұр* баяндауыштарымен мағыналық жағынан бір келгенімен, сөйлемде өзі қатысты сөзі жағынан ол *естіліп тұр* күрделі етістігімен тіркесуге тиісті емес, тек *соққан* есімшесіне ғана қатысты жұмсалған. Осыдан барып, біріншіден, *тырс-тырс* еліктеуіш сөзінің сөз тіркесіне қатысуы, екіншіден, сөйлем мүшесі болуы, үшіншіден, байланысу формасы,

төртіншіден, оған қойылатын сұрау мәселесі жағынан ойлануды қажет етеді. Енді есімшеге тек бір ғана сөз қатысты болмай бірнеше сөз қатар тіркесетін ерекшеліктеріне де тоқтала кетейік:

Шығыстан Барлыбайға қарай асатын Бөкенші асуының маңына да созылып барған. Екі аңшы келе жатқан бөктер бетегелі төскей болатын (М.Әуезов). Бұл сөйлемдерде де: Шығыстан Барлыбайға қарай асатын Бөкенші. Екі аңшы келе жатқан бөктер -сияқты топтар да алдыңғы сөйлем іспетті. Алдыңғы сөйлемде тек бір ғана сөз есімшеге қатысты жұмсалса, ал мына сөйлемдердегі сондай сөздер, бірінші сөйлемде шығыс жалғаулы зат есім мен барыс жалғаулы зат есімге түйдектелген шылау арқылы *асатын* етістігіне қатысты жұмсалса, екінші сөйлемде тіпті әртүрлі сөз таптары, яғни *екі* есептік сан есімі мен *аңшы* зат есімі *келе жатқан* көсемше мен есімшеге қатысты. Қолдағы бар материалдарға қарағанда, сөйлемнің ішінде есімшеге қатысты мұндай топтардың сөз саны жағынан да, сөз табы жағынан да және олардың тұлғалық ерекшеліктері жағынан да әртүрлі екеніне көз жеткізуге болады. Осы сияқты сөйлемдердің ішінде есімше алдында келетін бүкіл етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы қызметте жұмсалатын мына сөз таптарының бәрі де зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, еліктеуіш сөз т.б. сияқты қабыса байланысқан жалғаусыз сөз таптары өздерінің әдеттегі қызметтерінен айрылып, енді есімдердің тобына ілесіп, есімшелі оралым жасайтынына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер

1. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1992. — [1,294]
2. Болатов Ж. Синтаксические функции причастия в казахском языке. Автореф. канд.филол.наук. - Алма-Ата, 1955, - [2,36]
3. Иманалиева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың синтаксисі. Филология ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1994. —[3,41]
4. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы. Мектеп, 1971. – [4,351]

Пангереев А.Ш.,

филол.ғ.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
e-mail : pan.abat@mail.ru

Куандыкова Ж.М.,

филология факультетінің студенті, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., e-mail: juldiz_97-97@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІНІҢ Аңыздары мен Әпсаналары

***Түйін.** Мақалада Ел Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» еңбегінде атап көрсетілген «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына сәйкес Маңғыстау өңірінің киелі орындары, олар туралы ел ішіне тараған аңыздар мен әпсаналар зерттеледі. Ол аңыз, әпсаналардың шығу тәркіні мен қазіргі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні талданып қарастырылады.*

***Резюме.** В статье, согласно «географии священных мест Казахстана», упоминается в работе Президента Республики «Ориентация на будущее: духовное возрождение», священные места Мангистауской области, они изучают легенды и явления, распространяющиеся по всей стране!*

Он считается легендой, происхождением эпизодов и образованной ценностью для нынешнего поколения.

***Summary.** The article, according to the "geography of the sacred places of Kazakhstan", is mentioned in the work of the President of the Republic "Orientation for the future: spiritual revival", sacred places of Mangistau region, they study legends and phenomena that spread throughout the country!*

It is considered a legend, the origin of episodes and the educated value for the present generation.

Ел Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде ... «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек»[1,21-22] – деген болатын. Қазақтың әрбір өлкесінде қасиетті саналған жерлер бар. Олар туралы ел арасында айтылып келе жатырған аңыз, әпсаналар баршылық. Сондай тарихы терең өлкенің бірі – Маңғыстау өңірі. Тарих тұңғышына көз жіберген сайын әрбір кезеңге байланысты халықтың жүрген жолы, бастан кешкен оқиғалары, жасаған ерлік істері аңызға, әпсана-хикаятқа айналары қалыпты жағдай. Онда тарихи оқиғаларға берген халықтың бағасы, өмірге деген көзқарасы, дүниетанымы, өткен оқиғалардан алған әсері, көздеген арман-тілегі суреттеледі.

Аңыз – ауыз әдебиетінің бір саласы. Аңыз кейде әңгіме, өлең, немесе жыр түрінде де болуы мүмкін. Ол белгілі бір тарихта болған адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Ондай адам батыр, не ел басшысы, «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» шешен, би немесе әділдік іздеуші, халық мұңын жырлаушы күрескер болуы мүмкін. Бірақ ол адамның іс-әрекетімен байланысты айтылған әуелгі шындыққа қоспалар қосылып, сол істепті-міс, айтыпты-мыс деген әр түрлі лақап біртіндеп аңызға айналады. Оны халық жаттап, әңгіме, жыр етіп ауыздан-ауызға таратып кейінгі ұрпаққа қалдырады.

Академик С. Қасқабасов: «Аңыз дегеніміз – бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі (устная хроника), бір аймақта болған оқиғаның әңгімесі. Сондықтан аңыздардың сюжеті көп жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды, тіпті аңыздың көпшілігі аймақтық (локальдық) қана болады. Басқа елді былай қойғанда, Қазақстанның бір жерінде болған оқиға екінші жерде болмаған, сондықтан ол оқиғаға байланысты туған аңыз басқа аймаққа кең тарамаған. Мәселен, оңтүстіктегі мекендер жайлы аңыздар солтүстікте белгісіз. Я болмаса, керісінше. Әрине, бүкіл Қазақстанға белгілі болған, яғни бір ғана аймақ аясынан асып кеткен оқиғалар жайлы аңыздар барлық жерге тарауы мүмкін, бірақ мұндай оқиғалар жиі болып тұрмаған. Соның өзінде де бүкіл Қазақстанға тараған аңыздар өзінің пайда болған алғашқы аймақтық сипатын жоғалтпаған»[2,320]

Бұл жерде назар аударылатын нәрсе – бір аймақта отыратын екі халықтың аңызы бір-біріне ауысуы мүмкін, бірақ ол кең жайылмайды. Сол аймақты мекен еткен халықтар арасында тарап, ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мүмкін. Аңыз әңгімелердің мазмұнына уақыт өте арман-қиялдан туған қиял-ғажайып элементтер араласып, оқиға желісі көмескіленіп әпсанаға айналады. Сондықтан да әпсана кейіпкерлері ерекше жандар ретінде бейнеленіп, небір ғажайып оқиғалардың ортасына түседі.

Әпсана – дегеніміз халықтың наным-сенімінен, арман-қиялынан туған прозалық жанрдың бірі, шындық пен қиялдың элементтерін пайдалана отырып, белгілі бір тарихи оқиға немесе атақты тұлға, я болмаса топоним жайында көркемдей баяндайтын әңгімелер. «Әпсана» сөзі парсыша ертек, қиял,

мысал, әңгіме жанрларының атауы және әдемі, сұлу, керемет деген мағына береді. Демек, бұл сөз біздің қарастырып отырған көркемдігі біршама дамыған, қиял мен керемет элементтерін мол пайдаланып отырған мұсылман дініне қатыссыз шығарманың мәніне сәйкес. Әпсана терминін өз еңбектерінде Ә.Марғұлан жиі қолданады. Әпсана сөзін термин ретінде қолдану жалпы фольклортануда бар.

Фольклордың прозалық жанрын зерттеген ғалым С.Н. Азбелев аңыздың әпсана-хикаятқа айналуы жайлы былай дейді: «Аңыз бірте-бірте әпсана-хикаятқа айналады, өйткені аңыз дарға негіз болған шын түсініктер нақты деп қабылданудан қалады да, белгілі бір фактіні «керемет» жағдаймен түсіндіруге мүмкіндік туады. Сөйтіп, халық қиялы бір кезде танылып білінген, бірақ күнделікті шындықпен байланысын үзген нәрсеге өзінің «кереметтері» жайлы түсінігін көшіреді»

Аңыз бен әпсана - өзара жақын, бірақ бір-бірінен оқшаулығы бар екі жанр. Олардың бір-бірінен айырмашылығы көркемдіктің дәрежесінен білінеді, яғни шығармада қиял (вымысел) мен кереметтік (чудесное) қаншалықты көркемдік рөл атқарады, міне, бұл – аңыз бен әпсананың әрқайсысын ерекшелендіріп тұратын басты белгі, бірінші шарт. Бұл екі жанрдың айырмашылығы олардың атқаратын функциясынан да көрінеді. Басқаша айтқанда, аңыз бен әпсана шығармалары қандай мақсатта айтылады, міне, бұл да – жанрды ерекшелендіретін белгі. Аңыздың мақсаты – бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Демек, аңыздың қызметі (функциясы) – танымдық, мағлұматтық. Ал, әпсананың мақсаты – баяғыда болған, немесе болды деген бір оқиғаны, іс-әрекетті, немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру. Мұнда бас кейіпкерлер дәріптеле суреттеледі, олар көркем бейне деңгейінде көрінеді.[3,46]

Қазақ фольклорында осындай өзіндік ерекшелігі бар жанрдың бірі – әпсана жанры. Онда баяғы бір бағзы замандарда болыпты-мыс делінген оқиғалар немесе пайғамбарлардың, әулиелердің қиял-ғажайып істерін баян ететін діни сюжеттерге негізделген, нақтылы дерегі, шындығы болмайтын, таза қиялдан туындайтын фольклор түрі.

Аңыз бен әпсана – ауыз әдебиетінің дамуына ықпал ететін екі сатысы. Өйткені екеуінің де алғашқы бастамасы өмірде болған бір оқиғаға негізделеді. Бірақ ол оқиға сол кезеңге жақынырақ болады. Сондықтан да ол көркемделмей, нақты деректер күйінде жеткізіледі. Біртіндеп оқиға дәуірінен алшақтаған сайын, ауыздан-ауызға тараған сайын қоспа көбейіп, көптеген қосымша детальдар қосылып, алғашқыдағы әңгіме көркемделе түседі де, ал оқиғаның өзі көмескі тартып әпсанаға айналады. Сонымен қатар, ойдан шығарылу, немесе басқа шығарманың желісі бойынша да әпсана жасалады. Әсіресе, жер-су, мекен тарихын баяндайтын әпсаналардың сюжеті көп жағдайда сол тектес аңыздар сюжетіне ұқсатылып, ойдан шығарылады.

Сонымен, әпсана деп кейде ертеде болған, немесе ойдан шығарылған бір оқиғаны көркемдей баяндайтын шығармаларды айтамыз. Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай қазақ әпсаналары шартты түрде тарихи-мекендік және утопиялық болып келеді.[4,56] Утопиялық әпсанаға Асан қайғының Маңғыстау өңіріне келіп берген сынын жатқызуға болады. Осы заңдылықты негізге ала отырып С.Қасқабасов та Асанқайғы туралы әпсаналарды «Қазақтың халық прозасы» (1984) атты еңбегінде қарастырады. Жалпы утопиялық әпсаналардың тарихи, діни әпсаналардан ең басты ажырататын белгі – мазмұнының әлеуметтік сипатта болуы. Асанқайғының іздеген Жерұйығы ойдан шыққан, арманнан туған қоныс, ондай атауы бар мекенді картадан іздеу әбестік болар еді. Жерұйық халықтың жарқын қиялынан туған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы. «Жерұйық» деген сөздің өзі де біздіңше, ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер деген ұғым береді.

Асан қайғы қырдың өрнегінен Маңғыстауға қарап тұрып былай деген екен: «Маңғыстау емес, «Мың қыстау» екен» депті. «Төрт елі қырдың жайы-ай, жусанның майы-ай, жылқы күнелтетін жер екен» деген екен Үстіртке қарап. Бұл жерден Маңғыстау өлкесінің табиғаты құмды, құрғақ болғанымен, жылы әрі мал бағуға қолайлы екенін байқаймыз. Асанқайғыны желмаяға мінгізіп, жер-жаһанды шарлатып бейбіт өмір, жайлы жер іздетуі – бұл халықтың арманы. Мұнда Асан тек әпсананың геройы ретінде ғана айтылады. Әпсанадағы халық идеялы Асан емес, құтты қоныс іздеу екендігін ескере кеткен жөн болар.

Бүгінде Маңғыстаудың қазыналы түбек, тарихи ескерткіштер мен мыңдаған жолдар өлкесі екендігі айтылады. Академик Қ.И.Сәтбаев бірде түбекті ұшақпен аралап ұшқанда, оның құм пердесін жамылған әйелдің кескініне ұқсайтынын байқап, оны «ұйқыдағы ару» деп атаған екен. Шынында да Маңғыстау жері ұйқыда жатқан әулиелер мекені ғана емес, Қожа Ахмет Йассауидің 3000 мыңнан астам шәкіртінің 362-сі табан тіреген киелі орын деседі. Олар туралы аңыз, әпсаналар көп тараған.

Соның ішінде өлкедегі Шақпақ ата (бейіті Таушық кентінде) туралы аңызға тоқталайық. Шайыр кентінің бір ақсақалының айтуынша, ел аузындағы аңызға қарағанда, Шақпақ Ата – бұл мешіт салдырушының өзінің аты емес, оған жаумен шайқасқан кезде берілген лақап есім. Оның қаруынан

кремнийден шыққан ұшқындай, ұшқын шығады екен.Өткеннен қалған құжаттарда мынадай мәліметтер келтіріледі: «Көбінесе ол Чакмаг Ата деген есіммен белгілі болған.Жол жүріп келе жатқанда от қажет болған кезде ол бір тырнағын екіншісіне тигізе қойса болғаны, ұшқындар жан-жаққа шашырайды екен.»

Қазақ мифологиясын зерттеуші С.Қондыбай Шақпақ ата өлгендерді желеп-жебеуші, жыландардың әміршісі, ал тарихи тұлға ретінде- Шопан атаның немересі болған дегенді анықтаған.Оның шын есімі көптеген ғалымдардың жорамалы бойынша –Шахмардан болған. Оны халық тастан от шығарып, жауын отпен күйдіріп жіберетін қасиетіне бола Шақпақ Ата деп атаса керек.

Сопының өмір сүрген жылдарына келгенде зерттеушілердің пікірлері әртүрлі: академик Медоев Шақпақ ата IX ғасырда өмір сүрген десе, ал Бартольд болса, сопы Өзбек ханның тұсында өмір сүрген деген пікірді ұстанады, ол хан 1312 - 1342 жылдары ел билеген (XIV ғасыр).Маңғыстау тарихын зерттеуге өзіндік үлкен үлес қосқан ғалымдар Берг пен Эверсманнның ғылыми еңбектерінде Шопан ата Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті болған деп көрсетілген.Түркістан медресесіндегі оқуын тәмамдаған соң ол туған елі Маңғыстауға қайтып оралған, үйленіп, екі ұлды, Тергенбибі есімді бір қызды болған.Әулие 1182 жылы 62 жасында қайтыс болған.Соған қарағанда Шопан ата XII ғасырда, ал оның немересі Шақпақ Ата XIII ғасырда өмір сүрген сияқты.Яғни, Берг пен Эверсманнның жорамалдары нақтырақ деуге негіз бар.Не десек те, Шақпақ Ата Қожа Ахмет Яссауидің ілімін жалғастырушысы, Маңғыстаудағы 360 әулиенің бірі. Бұл әулиелердің қасиеті жайлы халық жақсы біледі.

Шақпақ ата туралы мынадай аңыз сақталған.Ата бір күні бір ауылдың жанынан өтіп бара жатып, күйеуінің әйелін ұрып-соғып жатқанының куәсі болған. Жанжалдың себебі отбасында баланың болмауы екен.Шақпақ ата тез арада бейшара әйелге араша түсіпті.Мүмкін алғысын білдіргісі келді ме, әлде бұдан былай күйеуінен көрген қорлыққа төзбеді мақсат тұтты ма, әйел Шақпақ атаның артынан еріпті.Содан олар тоқтаған сол құлазыған қу далада жер астынан бұлақтар жарып шығып, шелектеп нөсер жауын жауып, тіршілік жаңарып, жақсарып, құлпырып кетіпті. Содан кейін-ақ бұл жерге жан-жақтан адамдар өз қиыншылықтарынан арылтатын бір көмек іздеп көптеп келе бастаған.Осы күнге дейін бұл жер аса бір ғажайып құпия мен жұмбаққа толы мекен болып саналады.

Әлі күнге дейін халық аузында ата туралы небір әңгімелер сақталған. Респондент Есбол Өмірбаевтың 1971 жылы айтып берген аңызы өте қызық және оны көп адам естімеген де болар: Ақтау тауларының Ембі таулары деп аталатын шығыс жоталарында бір түрікмен байы өмір сүрген екен. Сол байдың үш қызы болыпты. Мүмкін, ұрпағын жалғастырушы ұлының болмағанына өкінген де шығар, бірақ бай үш қызын өте жақсы көрген екен деседі. Қыздары ешбір таршылық көрмей, әкесінің арқасында бұлғақтап өсіпті.Қыздарына жасайтын жасауы жайлы бай ешбір қиналмаған, малы да, дүниесі де жетіліп, артылады екен.Жыл өткен сайын бай қыздарын ұзату жайлы көбірек ойлана бастайды. Бір күні сол ауыл жанымен ақ түйеге мінген бір жолаушы өтіп бара жатады. Байдың тұрған жері жердің шеті болса керек, қайтар жолда оның ауылының үстінен өтеді екен. Арада үш күн, үш түн өтеді, ал жолаушы болса, кері қайтпайды.Бай қобалжи бастайды, бұған не болды деп ойлайды да ең үлкен қызын жұмсайды, шатқалдың шетіне дейін бар да, қарап кері қайт дейді.Қызы әкесі айтқандай атқа қарғып мініп, жолаушы кеткен жаққа қарай шаба жөнеледі.Бір көш жерге жеткенде қыз далада бір түйенің жайылып жүргенін байқайды.Одан сәл әріректе шағын лашықты және оның жанында қолмен жер жырттып жүрген сол жолаушыны көреді. Қасына жақындап келіп сұрайды: - Сіз не істеп жатырсыз?

Жолаушы сөйлесуге құлық танытпастан, қыздың сұрағына сұрақпен:

- Көріп тұрған жоқсыз ба?- дейді.Қыз да одан әрі сөйлесуге зауқы сопай, атының басын бұрып алып, ауылына қайтыпты. Келген соң әкесіне көргенін баяндап беріпті.Әкесі таң-тамаша болып, енді ортаншы қызын жұмсапты.Ортаншы қызы да, әпкесінің көргенін көріпті. Әкесіне келіп, көргенін баяндағанда ол да соны айтқан екен. Бай болса, тыныштала алмапты.Енді кіші қызын жұмсапты әлгі жерге. Әкесінің сөзін жерге тастайтын ба еді, кіші қызы жолға шығады.Үлкен әпкесі суреттеген жерге келсе, сол баяғы жолаушы қолмен жер жыртуда екен. Оның мойнын бұруға шамасы жоқ екенін байқаған қыз, оған көмек етуге бел шешеді бірден. Жеңін түріп, іске кіріседі: лашық жанындағы шашылып жатқан аяқ-табақты жиыстырып, ошақты орнатып, шай дайындау қамына кірісіпті. Шай жоқ екенін көрген қыз, саспастан айналада қаулап өсіп тұрған жалбыз жапырақтарын теріп алып, одан хош иісті шай қайнатыпты. Шешесі қадірлі қонақтары келгенде осындай етіп шай демдейтіні есіне түссе керек. Шайдың хош иісі төңірекке тарала бастағанда, қыз жолаушыны шайға шақырады. Ал жолаушы болса, қыздың әрекетіне ешбір таңқалмайды, керісінше, оның келерін білген адамдай кейіп танытады. Қызды таңқалдырғаны, ол қойнынан небір тәттілерді шығарып, дастарқан үсті лезде жайнап шыға келеді.

Шайға қанған жолаушы разы болып, қызды үйіне жеткізіп салуға шығады. Бай болса, қызының аман-есен келгеніне, ал онымен бірге ақ түйелі жолаушының да келгеніне қуанады. Дастарқан үстінде бай жолаушыдан жөн сұрай бастайды. Жолаушы болса, айналадағы жерлердің құнарлы екенін, оған дән сеуіп, ауыл тұрғындарын қарық қылғысы келетінін айтады. Оның бұл әрекеті байға қатты ұнайды, ал жолаушы болса, байдың кіші қызын ұнатып қалады. Сөйтіп, әкесінің келісімін алып, байдың қызына үйленіп, үйлі-баранды, балалы-шағалы болыпты. Мағыналы ғұмыр кешіпті. Сондықтан да ол туралы халық бірнеше ғасыр өтсе де, аңыз-әңгіме айтуда. Халық сол адам-Шақпақ ата болған дейді. Ол тастан от шығаратын қасиет иесі екен. Сол тастың кремний деп аталатынын халық кейін білді ғой. Сопылық жолына түскен соң бөлек, жұрттан жырақта өмір сүрген. Борлы тау жартасынан өзі үңгірлеп, мешіт ойған. Осындағы мешіт қабырғалары жай ғана тастар емес, олар өткен күндердің, сол кездегі мұндағы тірліктің, жасалған ұлы істердің куәлары. [5,48]

Маңғыстау өңіріндегі аңыз, эпсаналардың бір парасы атақты Бекет атаға байланысты айтылады. Сондай халық шығармашылығының бірі - «Құс боп ұшқан Бекет» деп аталады.

Бекет әулие – ел қорғаған ерлігімен, халықтың көзін ашқан ұстаздығымен, алдына дауа іздеп келгендерге дұғасын оқып, емдеп жазар қасиетімен, болашақты болжайтын әулиелігімен аты аңызға айналған көреген абыз, көріпкел пір. Халық арасында Бекеттің үш рет ұшқаны туралы аңыз-әңгімелер бар. Пірдің алғашқы ұшуын өзінің ұстазы Бақырғанидің өмірден өтуімен байланыстырады. Ол шәкірттеріне «Менің жаназамды Маңғыстаудан Бекет келгенше кідірте тұрыңдар!» деп аманттап кетіпті. Жиылған қауым «Алыстан ат терлетіп, Бекет жетем дегенше неше уақыт өтеді екен, күтеміз бе әлде жоқ па?» деп дабырласып тұрғанда, бір адам батыс жақтан алып қарақұстың ұшып келе жатқанын асыға жеткізеді. Үй ішіндегілер жаппай сыртқа шығып қараса, жаяулатып Бекет келе жатыр екен. Ол ұстазының жаназасы қашан, қай жерде өтетіні жайлы аян көреді. Бұл Бекеттің алғашқы ұшуы.

Екінші ұшуы жайында мынандай әңгіме бар. Ол тұлпарына мініп, Әлім ауылдарының біріне келеді. Ел ағасының үйіне тоқтаған болса керек, бір жиынның үстіне түседі. Олар бас сала, Бекеттен кім екенін сұрай жөнеледі. Адай екенін айтқан оған, өздерінің қайтара алмай жүрген кегін алып, өлтірмекке бекінеді. Далаға шыққан Бекет ел ағасына «ақыры өлтіретін болсаңдар, мен соңғы рәкәт намазды оқып алсам екен, одан соң өз еркілерің» деп өтініш айтады. Келісімдерін алған соң Бекет бір төбенің басына шығып, намазын оқуға рұқсат алады. Ал қашып кетпес үшін Әлім ауылының адамдары сол төбені қоршап тұрамыз дейді. Бекет намаз оқуға кіріскен соң, біршама уақыт өтер-өтпес қоршап тұрған адамдардың басы айналып, жерге жаппай отыра кетеді. Естерін жиып қараса, Бекет ұшты-күйлі жоқ. Барлығы аң-таң. Байланған аты алаңсыз тұр. Әлімдер ашуланып, намаз оқуға рұқсатын берген ел ағасына жабыла ұрыса кетеді. «Бекеттің аты тұр, ол жаяу алысқа кете қоймас, айналаны түгелдей қарап шығайық» – деп, ол кісі жиылғандарға жақын маңайды шолып шығуға кеңес береді. Ақыры жан-жақты түгел шолған ауыл адамдары жан адам баласын таба алмай әуреге түседі. Содан алыс емес қой жайып жүрген шопаннан жөн сұрайды. Ол ешқандай адамды көрмегенін айта келе, «сендер айтқан уақытта аласапыран құйын көргенім бар, ол құйын ауылға барса, түгелдей қиратып кетердей күші бар-тын. Бірақ, құйын ауылға жақындай бере өзінен-өзі жоғалып кетті. Жоғарғы жағынан бір үлкен алақанат қу ұшып шығып, тура түстікке қарай бағыттап ұшып кетті, көзім алдамаса сол алақанат қу құйыннан бөлініп шықты» – дейді шопан.

Бұл әңгімеге мән бермеген әлімдіктер тағы да Бекетті іздеп айналаны қарап шығады. Ештеңе таппаған соң, байлаулы атын көрмекке келеді. Аттың қазығын қараса, алтын екен, ал қоржынында қымбат матадан тігілген бірнеше шапан бар. Сонда бір ақсақал тұрып, «Адаймын дейді, бұл адайдың пірі Бекет болды ғой. Жөн сұраспағанымыз-ай. Бұл атты ол әдейі тастап кетіп отыр. Өлген адамдарымыздың құнын осылай төлемекші. Енді Адайларға өштесудің себебін көріп тұрғаным жоқ» – деп, арадағы алауыздықты ұмытып, бірлікке шақырады.

Ал Бекеттің үшінші ұшуы Адайлар мен Табындар арасындағы бәсекемен тікелей байланысты. Табындар арасында Асау деген кісі ұша алатын қасиетке ие болса керек, араларынан біреуі шығып, «біздің Асаумен бәстесіп ұшатын адам бар ма?» – деп масаттана сұрайды. Жиынға Адай атынан келген Бекет ел намысы үшін ұшуға келісімін беріпті. Содан әлгі Асау тепсініп қалып, көкке көтеріліп, ауыл төңірегін бір айналып жерге түседі. Ал Бекет болса, отырған қауымнан шеткері шығып, жеті қадам жасап, көкке алақанат қу болып көтеріліп кетеді. Ол Асаудан да биігірек, көлемдірек ұшады. Төменде отырған адамдар оның артынан ерген 7 аққудың балапанын көріп таңғалысып қалыпты, содан ел ішінде «Бекеттің қасиеті 7 ұрпағына жетеді екен» – деген аңыз тарайды.

Бүгінде Бекет атадан қалған киелі заттары: асаяағы, тымағы, кітабы бар. Мұның бәрін ұстазы Бақыржан қажы Бекет атаға еншіге беріп кеткен екен делінеді. Әсіресе, көк түсті аса таяқтың төрт

қасиетін ерекше көрсеткен: «Шаршасаң көлік, шөлдесең сусын, қорықсаң қару, тоңсаң панан» деген.«Көк аса» аталуының да себебі болған, екі сөзден құралған, Көк-аспан, Аса-маңызды, қажетті деген ұғымды білдіреді. Яғни көктегі күштермен, аруақтармен байланыс үшін керектігін білдіреді.

«Пір Атадан кейінгіге мұраға қалған екі аса таяқ бар, оның бірі өз кіндігінен тараған әулеттің Түрікменістанда тұратын Бердіхан атты азаматында, екіншісі – Шектібай атты шәкіртіне қалдырылған көк аса таяғының Ақтөбе облысындағы Тұрсынғали Нәкешов деген азаматта сақтаулы» [6,55]

Ақтау қаласынан 200 шақырымдай жерде Сенек ауылының жанында Шопан ата үңгірлі мешіті орналасқан. Аңыз бойынша оған Шопан-Атаның қызы жерленген. Жер асты мешіттерінен жоғары көтерілсеңіз Шопан атаның қайын атасы жерленген орын бар.Ел ішіндегі аңыздар мешіттің салыну кезеңін Оғыз тайпаларының Маңғыстауға келе бастаған мерзіміне тұспа-тұс келеді дейді. Шопан ата – әйгілі Қожа Ахмет Яссауидің шәкіртерінің бірі.Ол XII ғасырдың II-жартысында өмір сүріп, ел ішінде мұсылман дінін уағыздап, сопылықпен айналысқан әулие адам. Ел ішіндегі аңыз бойынша Шопан ата мұнда ұстазы Қожа Ахмет Яссауидың ең мықты тәлімгерлерінің бірінің асатаяғын тауып алып,сол жерде он бір бөліктен тұратын мешіт салу шешіміне келеді. Жерге шаншулы тұрған асатаяқтан үлкен ағаш өсіп шығады. Мешіт жанындағы 800 жылдық кәрі ағашты сол деседі. Халық аузындағы аңызға сенсек, ағашты үш рет айналсаң, барлық аурудан құтылуға болады екен. Шопан ата салғызған жер асты мешіті мен қорымы ел ұғымында киелі, қасиетті орын саналып кеткен. Қазір көптеген адамдар Шопан атаны әркімге бір теңейді, әсіресе түрікпенге. Ал, шындығында атамыз Адайдың өз баласы. Оған күні бүгінге дейін Адай Ата ұрпақтарының арасында айтылып келген мына аңыздар куә:

«Қожа Ахмет Яссауи оқу мерзімі аяқталған соңғы шақта шәкірттерін жинап алып:

- Мына асаны қазір анау күмбезден асыра лақтырамын. Осыны тауып әкелген шәкіртке арнайы құрмет көрсетіледі – депті.

Ұстаз аса-жебесін ұстап отырған күйі ытқытып жібереді. Баршасы шулап жүгіре шыққанда, тек қана Шопан отырған орнынан тапжылмайды.

- Өзгелер аса-жебені іздеп кетті. Ал, сен неге қалып қойдың? – деп сұрайды ұлы ұстаз.

- О, ұлы ұстазым, ол шәкірттер қанша іздегенімен ол жебені таба алмайды, жебе тым алысқа ұшып кетті. Оған жету үшін мақсатты сапар, жол мехнаты керек, -депті.

- Зейінің жетерлік, зердең кемел екен, шәкіртім. Қасиеттен кенде еместігіңді таныдым. Сол жебе түскен жерге барып мұсылман ілімін тарат, адамдарды дінді дәріптеуге үйрет, қараңғы халықтың санасына Мұхамбет ілімінің сәулесін құй. Әманда жолың болсын. Жебеушің Алла тағалам, жол сілтеушің Қыдыр атам болсын, - дейді Қожа Ахмет.

Шопан ата ұлы ұстазы лақтырған аса-жебені тапқан екен. Сол жердің иесі Баян байдың жалшысы болып жүре беріпті.Зердесі бөлек, ой-өрісі кең Шопанның өзгелерден ерен қасиетін Баян бай да байқаса керек. Жалғыз қызын Шопанға әйелдікке беріп, қасиетіне құлшылық еткен деседі.

Екінші бір аңызда: Шопан ата қабілет-қасиетін таныта бастайды. Бірде көп қонақ алқа қотан отырып әңгіме шертеді.Бір кезде ас тартылады.Бас табақ үлкендер алдына қойылады. Қонақтың ең үлкені басты ұстайын деп ынғайланады, бірақ табақтағы бас орнында тұрмай ауада қалықтап барып, есік алдына таяу отырған Шопанның алдына барып тұрады. Басты қайтадан үлкен кісіге ұстауға ұсынады, жағдай тағы қайталаынады. Сонда үлкен кісі:

-Мына бас иесін іздеп тұр екен. Анау Шопанды бас табаққа әкеліп қосындар, - дейді.Шопан бас табаққа келіп отырады. Бас енді қозғалмайды»[7,105]

Маңғыстау өңірінде аңыз болып тараған киелі орынның бірі - Сұлтан үпі мешіті.Сұлтан үпі-IX – XII ғасырдағы ғажайып ескерткіш.Таушық кентінен 30 шақырымдай жерде орналасқан бұл Сұлтан үпі мешіті адамды көз тартар табиғатымен баурап алады.Көркем белестер, қалың өскен тұт ағаштары және тұщы сулы құдығы бар.

Аңыз бойынша Сұлтан үпі судың жебеушісі болған деседі. Мұнда келген көп халық суының құдыретінен сырқаттарынан айығады екен. Сондықтан да емшілік қасиетін бағалаған халық зираттап көп келеді екен.

Мешіт тас бағандары мен жарық түсетін ойықтары бар үш жайдан және шағын бөлмелерден тұрады. Бұл жәй ғана мешіт емес, бұл суфизм ордені болуы мүмкін деген болжам бар. « Суфизм философиясын дүниенің әр бөлігінде тарату мақсатымен Шығыс даналығының көзқарастарын дәріптеген рухани білім орталықтары болатын.Соның бірі – Сұлтан үпі болған. Сұлтан үпі орналасқан жердің бір кереметі – тік жартасты көк жасыл шатқал, қалың өскен долана, ұсақ ақ гүлді бұталар. Тастарды өткір хош иісті жалбыз жабындары жасырып тұр. Бүкіл шатқалдың өң бойына сан алуан құстың сайраған үні».[7.405] Кейбір деректерде Сұлтан үпі Құл-Сүлейменнің немересі, оның

есімі ел ішінде «Баһырғани» жазбасының иесі, сондай-ақ су апатына тап болғандардың қорғаны ретінде белгілі болған. Кезінде адамдар «Сұлтан үпі , сақтай гөр пендеңді су апатынан» деп сиынған екен. Сондай-ақ күн күркірегенде де осы кісінің атын атайтын болған.

Маңғыстау жерінде осы секілді киелі орындар көптеп саналады. Олар өз кезегінде келер ұрпақ үшін руханият көздері ретінде тәрбиелік қызмет ете алады. «Әрбір халықтың ,әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады,оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі»[1,22], - деп Ел Президенті Н.Назарбаев атап көрсеткендей Маңғыстау өңіріндегі аңыз, әпсанаға өзек болған қасиетті жерлер ұлт рухының биік белгісі саналады.

Әдебиеттер:

1. *Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру: - Астана,-2017*
2. *Қасқабасов С. Ойөріс. - Астана: «Астана полиграфия», 2009.- 320 б.*
3. *Қасқабасов С. Елзерде. - Алматы: «Жібек жолы», 2008.-504 б.*
4. *Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихылыгы// Қазақ фольклорының тарихылыгы. - Алматы., 1994.- 312б.*
5. *<http://kz.mangystau.info/turizm/shapa-ata>*
6. *Керелбаев С, Қосымбай М, Спан Ә. Бекет Ата-250 . Ас шежіресі: -Алматы, - 2001. - 120 бет*
7. *Қажырбай М. Маңғыстау Ғәм қазақтың құпия шежіресі: -Алматы , -2012. -664б*

ОРТАҒАСЫР КӨРКЕМ ПОЭТИКАЛЫҚ ЖАЗБА МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ЛЕКСИКА

Түйін. Түркі халықтарының ежелден шығыс халықтарымен тілдік, әдеби, рухани, мәдени, тұрмыстық қатынаста болуымен байланысты ортағасыр жазба ескерткіштер тілі кірме (араб, парсы) эмотивті лексикамен мол көрініс табуымен ерекшеленеді. Осымен байланысты аталмыш мақалада ортағасыр көркем поэтикалық жазба мұралар тіліндегі эмотивті лексиканы құрайтын түркі, араб және парсы тілдік бірліктер қарастырылған. «Мұхаббатнаме», «Хусрау уа Шырын», «Гүлістан» Алтын Орда поэтикалық жазба ескерткіштерінде кездесетін эмотивті лексика функционалдық-семантикалық өріс шеңберінде топтастырылып, семалық құрылымы анықталған.

Тірек сөздер: поэтикалық жазба мұралар, эмотивті лексика, араб және парсы тілдік бірліктер, кірме сөздер, семантика, концепт, түркі поэзиясы.

Резюме. Исторические факты свидетельствуют о том, что изобилие заимствованных арабских и персидских слов в лексике письменного наследия средних веков связано с тем, что тюркские народы жили в тесной духовной, культурной, литературной и бытовой взаимосвязи с восточными народами. В связи с этим в данной статье рассматриваются тюркские, арабские и персидские языковые единицы, которые составляют эмотивную лексику средневековых художественных поэтических памятников. Сергруппирована эмотивная лексика в рамках функционального семантического поля, встречающегося в поэтических памятниках Золотой Орды «Мухаббатнаме», «Хусрау уа Шырын» и «Гүлістан».

Ключевые слова: поэтические письменные наследия, эмотивная лексика, арабо-персидские языковые единицы, заимствованные слова, семантика, концепт, тюркская поэзия.

Summary. The historical facts indicate that the abundance of the borrowed Arabic and Persian words in the lexicon of the medieval written heritage deal with the fact that Turkic peoples lived in the close spiritual, cultural, literary and everyday relations with Oriental peoples. In this regard, this article discusses the Turkic, Arabic and Persian lexicon units that make up the emotive lexicon of medieval artistic poetic monuments. The emotive vocabulary is grouped within the framework of the functional semantic field found in the poetic monuments of the Golden Horde "Muhabbatname", "Husrau ua Shyryn" and "Gulistan".

Key words: poetic written heritage, emotive vocabulary, Arabic - Persian lexicon units, borrowed words, semantics, concept, Turkic poetry.

Әр дәуірде қолданылған халықтың жазба тілі өз кезеңіндегі сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымының көрсеткіші. XII-XVII ғасырларда жазылған ортағасыр мұралары тілінде түркілер дүниетанымын, болмысын, мәдениетін, тыныс-тіршілігін айқындайтын тілдік бірліктерді этнокогнитологиялық тұрғыдан қарастырудың маңызы зор. Ортағасыр жазба мұралар тілі лексикасының бір қабаты кірме араб және парсы сөздерінің көп болуы түркі халықтарының шығыс халықтарымен рухани, мәдени, әдеби, тұрмыстық тұрғыда тығыз қарым-қатынаста болғанын тарихи деректер дәлелдеп келеді. Мысалы, түркі поэзиясынан шығыс халықтарының дүниетанымына тән *хор қыздар, шарап, бау-бақша, хош иіс, асыл заттар* т.б. ұғымдарды кездестіріп жатамыз. Сондай-ақ, түркі авторлары өз шығармаларында шығыстың бәйіт, ғазал, қасыда, мәснауи, мінәжат, рубай сияқты өлең өлшемдерін дайын клишерлер ретінде шебер пайдалана білген. Осыған орай ортағасыр жазба ескерткіштеріндегі араб, парсы тілдерінен енген тілдік бірліктердің табиғатын терең түсіну үшін сол кезеңдегі шығыстың жазба мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі құбылыстарды тарихи-танымдық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

Шығыс тілдерінің ішіндегі араб тілі – абстрактілі атауларға бай тіл. Әсіресе, эмоционалды лексика тобы синонимдік варианттарымен ерекшеленеді. Себебі, араб тілі өз тіліндегі сөздік қорымен жетілген, дамыған тілдер қатарынан орын алады. Әлеуметтік, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты араб сөздері парсы тіліне, одан түркі тілдеріне еніп, сол тілдердің лексикасының бір қабатын құрайтыны ортағасырлық жазба ескерткіштерінің тілі дәлел. Түркі тілдерінде жоқ ұғымдар көбіне-көп араб және парсы абстрактілі және метафоралы тілдік құралдарымен берілген. Бұл жайында Р.Сыздықова: «Абстракт ұғым атаулары ежелгі түркі тілдерінде де аз болмаған болар, бірақ олар күнделікті өмірде жиі қолданылмайтын сөздер болғандықтан, қоғамның рухани дүниесіне ислам діні мен ғылым-білім бойлап енген кезеңдерден бастап орнын соларды әкелген тілдерге біртіндеп бере бастаған болар», - дейді [1,78]. Араб тілінен енген кірме абстрактілі эмоционалды лексика түркі халықтарының таным-түсінігімен астарласып, қалыптанып тілдік жүйесінде бүгінгі күнге дейін еркін қолданылады. Сондықтан эмоционалды лексика кез келген бір затқа не құбылысқа көзқарасын танытудың, санадағы көркем ойды, көңіл-күйді, сезімді жеткізудің бай тілдік құралы болып есептеледі. Әсіресе бұндай эмотивті лексикалық құралдар зерттеу нысанымызға алып отырған Алтын Орда кезеңінде жазылған Құтыптың «Хұсрау уа Шырын», Хорезмидің «Мұхаббанаме» өлең жолдарында кеңінен көрініс табады. Себебі орта ғасырларда жазылған мұралар – қыпшақ тілдерінің сол кезде қалыптасып үлгерген жүйесімен қатар, сол диахрониялық тілдік ұжымда орын алған адамның сезім күйлерін жеткізу үшін тұрақты, жаппай немесе ішінара жұмсалатын эмотивтік лексиканы да танып, талдауға мүмкіндік беретін дереккөз болып саналады [2, 60].

Аталмыш жазба мұралардың лексикасы қуану, өкіну, қызғану, өкініш-қайғы, таңқалу, ұялу, күмандану, т.б. семаларынан құралған эмоциялық реңкті білдіретін араб және парсы лексикалық тілдік бірліктер мен

фразеологиялық теңеулермен ерекшеленеді. Мысалы, Құтыптың «Хұсрау уа Шырынында»: Тірікіден *малұл болұб тән-у жан* (Оның жан жүрегі осындай өмірден ауырды). Хорезмидің «Мұхаббатнамесінде: Мен асру бенауа *сіз мұхтамишасыз латиф-у назик-у зибә санамсыз* (Мен бақытсызбын, ал сен бақытты нәзік, әсем, сұлусын), т.б. Бұл мысалдардан байқағанымыздай, адамның ішкі жан дүниесін, сезімін, көңіл-күйін білдіретін тілдік бірліктермен репрезенттелген. Яғни, Хорезмидің «Мұхаббатнамесі» мен Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастандары ғашықтық тақырыпқа арналғандықтан, шығармаларының өн бойында ғашық жандардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, ықыласы т.б. түрлі қатынастар кейіпкерлердің эмоционалды көңіл-күйлерінің негізгі айғағы. Мәселен, «Мұхаббатнамеде» жігіт өз сүйіктісі үшін «Сүйіктім» қасымда болса, жұмақтың маған керегі жоқ», – деп ешқандай қауіп-қатерден тайсалмайды. Яғни автор «сүйіспеншілік» сезімін «о дүниедегі» барлық қазынадан артық бағалайды. Ал «Хұсрау уа Шырын» дастанында Шырын сүйіспеншілік жолында қиыншылық атаулының барлығын жеңіп, ақыры Махаббат жолында құрбан болады. Сондай-ақ, аталмыш жазба мұраларда жақсылық пен жамандық, қатыгездік бен мейірімділік, өз заманындағы адамдар арасындағы қатынастардың үндесітігі қандай болу керек деген сияқты мәселелер жырланғанда ішінара жұмсалған көңіл-күйді білдіретін эмотивті лексика тобы концептілік құрылымға негізделеді.

Б.Сүйерқұл жазба ескерткіштер мәтініндегі эмотивтілік категорияны эмоционалды күй мәнінде жұмсалатын және эмоционалды қатынастарды білдіретін эмотивтерден тұратын функционалды-семантикалық өріс шеңберінде қарастырады [2, 113]. Біз де осы жүйемен араб және парсы эмотивті тілдік бірліктерді төмендегідей топтастырамыз.

1. *Эмоционалды күй мәнінде жұмсалатын эмотивтер:*

«Қуаныш» семасы мынадай тілдік бірліктермен түрленіп синонимдік қатар түзейді: *нишат-у айш, тамаша, тараб, тараннам, фарах, хуррам, хуш, хушнуд, шади, шадман, хушмал, хушхал, рахат* т.б.

«Бақыт» семасына қатысты бірліктер: *бахт, бахтийар, мас'уд* т.б.

«Өкініш» семасына қатысты бірліктер: *пазман* (ренжулі), *пашиман* (өкініш), *ранжи* (мұңлы), *та'на* (өкпе-наз), *шақауат* (бақытсыздық), *бәдбахт, науха* (жылау), *надамат* (өкініш), *нахс* (бақытсыздық), *нала* (жылау), т.б.

«Таңқалу» семасына қатысты бірліктер: *таажжуб, бәди*, т.б.

«Қорқыныш» семасымен келетін тілдік бірліктер: *хауаф, маухуш, махабат*, т.б. Сондай-ақ, «ұялу» (*хажсал*), «құмандану» (*шак, гүман*), «қалау» *шауқ, сауда, рағбат*, «жаны ашу» (*афсус*), т.б. микросемалардан тұрады.

2. *Эмоционалды қатынастарды білдіретін эмотивтер:*

«Махаббат, сұлулық» семасына қатысты бірліктер: *нигар, махбуб, санам, тала ат, унс, хұсн, ділдар, діларам, манзур*, т.б.

«Мейірімділік» семасына қатысты бірліктер: *лutf, латиф, ни'амат, рахим*, т.б.

«Қанағаттану» семасына қатысты бірліктер: *рази, малұл*, т.б.

«Қиындық көру» семасына қатысты бірліктер: *афган, бәла уа михнәт, дәрд, дариг, жафа, захмат, машаққат*, т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, әрбір семаны таңбалайтын тілдік бірліктер өзара мағыналық, стильдік тұрғыдан синонимдік қатар түзейді.

Лирикалық кейіпкердің сүйіктісін көркем суреттеуде, оған өзінің ғашықтық сезімін білдіруде, сырт келбетін бейнелеуде, мінез-құлқын сипаттауда араб және парсы элементтерінің қатысуымен жасалған кейбір айшықты бейнелі тіркестермен түрлендіріп, синонимдес сөздердің мағыналық айырмашылықтарын дәл тауып, шебер қолданғанын мына өлең жолдарынан байқауға болады. «Мұхаббатнамеде»:

Жаһанға *хүснүңіз* чауын йайайын
 Жаһанға сұлулығыңыздың даңқын жаяйын
 Болұбдұр *тал'атыңға* мұштары құл
 Көркіңе Мұштари болып тұр құл
 Қамар тек *чехраңа* бақса қамар көз
 Айдай жүзіңе айдай көз сұқтанғанда
Жамалың йеті 'аламға сипахлар
 Жамалың әскер болып әлемді жаулап алды

Жазба мұрағаттар тілінде эмоционалды тілдік бірліктер адамның жағымды-жағымсыз көңіл-күйін бейнелеуде «көңіл» концептісінің жүйесін құрайды.

Көңүл (көңіл) лексемасы жазба мұраларда *жүрек* сөзінің синонимі ретінде жұмсалған. Жалпы орта ғасырлардағы *көңүл* сөзінің мағынасы едәуір кең болғанын мына мысалдардан аңғаруға болады: 1. *жүрек: сөз көңүлке сіңді* – сөз жүрекке жетті; 2. қалау, тілек: *өз көңүлүнче барсын* – өз қалауымен барсын; 3. сезім: *көңүл бірлә маңса кіші арзулар / тегір арзуқа терк йағуқлуқ улап* – егер кісі қаласа/ол қалауына қол жеткізеді; 4. ой: *көңүлдерін тұрғұрмақ* – ой тоқтату [3, 315].

Көркем поэтикалық жазба мұраларда *көңіл* лексемасы араб және парсы сөздерімен тіркесіп, ауыспалы мағынада адам баласының күйініші пен назын, қуанышы мен қайғысын білдіретін әртүрлі аспектіде көрініс тапқан. Мысалы, «Хұсрау уа Шырында»: Бұ дост атағлы дұшманлар сөзін қой, *көңұл лаухындын* анлар харфыны йой (Дос болып аталып жүрген дұшпандардың сөзін қой, олардың аттарын көңіл тақтасынан жой). *Латиқлар көңлі* (Мейірімділердің көңілі). «Мұхаббатнамеде»: Кішінің *көңлідін мей йуар гамны* (Кішінің қам-көңілін шарап жуады). *Көңұл бахрында* көп гауһарларың бар (Көңіл теңізінде көп гауһарларың бар), т.б.

Жыр жолдарында «көңіл» лексемасы парсы тіліндегі «діл» сөзімен де берілген. «Діл» сөзінің парсы тілінде мынадай мағыналары бар: жүрек, жан, ой, сана [4, 222]. Ал *діл* лексемасы жазба мұраларда кейіпкерлердің сүйініш-күйінішін, мұң-мұқтажын, ішкі сезімін, жан-дүниесін білдіретін фразеологиялық оралымдардың, теңеулердің құрамында ерекше түрленіп, қолданыс тапқан. *Діл* (жүрек) соматизмі арқылы жасалған теңеулер «Хұсрау уа Шырында» былайша көрініс табады:

Тілі *діл құлфының* ачғұчы ерді

Оның тілі жүрек құлпын ашушы еді

Аның тек кім оқыған *діл ачылсұн*

Кім оқыса оның жүрегі ашылсын

Сабыр қылмаққа керек *діл*

Сабыр қылмаққа жүрек керек.

Жазба мұраларда *ділбар*, *ділдар*, *ділруба* (сүйікті), *діларам* (сұлу), *делсетан* (көңілін тыныштандыру), *ділуад* (көңілін көтеру), *ділуар* (қажырлы, айбынды) күрделі формалары да қолданылған. Мәселен, «Мұхаббатнамеде»:

Менің көңлүм бар кече *ділбарысын*

Менің көңілім бар кезінде сүйіктімсің

Өкүш езүр етті айтты ай *ділдар*

Көп ғұзыр етті, айтты, әй сүйікті.

Сәлемімні текүр ол *ділсетанға*

Сәлемімді жеткіз, жүрегім ділгәр жанға

«Гүлістанда»: Муфаррих шауэли назүк *діларам*

Шаттық беріп тұрған нәзік сұлу

Өлең жолдарында ғашықтық сезімді білдірудегі қолданылған *ділбар*, *ділдар*, *ділруба*, *діларам* күрделі бірліктер қазіргі қазақ тіліндегі *көңілімнің қалауы*, *жүрегімнің қалауы*, *жан жүрегім* сияқты бейнелі тіркестермен мәндес.

Қазіргі қазақ тілінде *діл* лексемасы 1. көңіл, діт, ниет, ой-пікір, жан дүниесі, таза жүрек, терең ой; 2. адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлық пен іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіреді [5]. Бұл сөздің негізінде қалыптасқан *ділуар*, *ділгер*, *ділмар* (шешен) және *ділгір болды* (өте мұқтаж болды), *ділгірлік сорына белден батты* (мұқтаждық азабын тартты) деген фразеологизмдер бар. Аталмыш күрделі бірліктердің қазіргі қазақ тілінде семантикалық өзгеріске түскені байқалады. Мысалы, жазба мұраларда *ділуар* сөзі «қажырлы, айбынды» мағынасын берсе, ал қазіргі қазақ тілінде «сөзге шешен» мағынасында қолданылады.

Авторлар танымында махаббат адамның тұла бойын жаулап алатын, бірде қуаныш, бірде өкініш әкелетін ұлы сезім. Осыған орай жазба мұраларда *көңіл* этноконцептісі *махаббат* мазмұнын ашатын шығыстық сарындағы *ғашықтық*, *қуаныш*, *өкініш* кірме микроконцептілік модельдермен өрнектеледі. Себебі кез келген санадағы дүние бейнесі концептілік жүйеде түсіндіріліп, метафоралық, ассоциативтік формада көрініс табады.

Ғашық көңіл. Сүйіктісін Жер бетіндегі әсемдік әлеміне (Айға, Күнге, гүлге, асыл тастарға) балап, сұлулығына табынады. Бұл мәндегі тақырып авторлар шығармашылығының көлемді бөлігін қамтиды. Бұл модель шығыс халқының танымындағы құрылымдармен көрініс табады: *Хуришид* (Күн), *Мох* (Ай), *Бустон* (Бак), бақтағы хош гүлдер, асыл тастар.

«Мұхаббатнамеде»: Саңа пайуасте, әй *кан-и малахат*

Ей, әсемдік кені сенімен бірге туған

Бүгүн әлемде бір *бустан* йоқ, ей жан

Саған теңдес бүкіл әлемде бір бақ жоқ, ей жаным

Әйә *хуришид* тек әләм чырағы

Мүнүүар *фирдавс бағы*

Күн секілді күллі әлемнің шырағы

Нұрлы жүзің – жұмақтың бір гүл бағы

Талим *гүлчехра нарғис* көзлілер бар

Көп гүл жүзді нәркес (әдемі) көзділер бар.

«Хұсрау уа Шырында»: *Чықыб түрлүк* райахин өрү *тұрмыш*

Райхан гүл шешек атып тік *тұрды*

Арығ раузаңдын өзүм қолғаны бу
Менің өтініш сенің таза бағыңнан дәм тату

Көңіл – қуаныш. Ғашықтардың бір сәт кездесіп, үндесуі қуаныш, бақыт сезімін силайды.
«Мұхаббатнамеде»: Айыт қыл, ей уасалың үмүр бағы

Ей, сеніменен кездесу өмір бағы де
Мені ол сурата хайран йаратты
Мені сол суретіңе қайран етіп жаратты
Хамиша шад-у бархурдар болғыл
Әрқашан көңілің шат, бақытты болсын
Отұрсаң олтұрұр фитна кетер зам
Сен отырсаң, ессіздік азайып, қайғы кетеді.

Көңіл – өкініш. Сәтсіз махаббат өкінішке алып келеді. Ғашығына қолы жетпей өтерін сезіп, қатты өкініш білдіреді. «Өкініш» мына модельдермен көрініс табады: *шарап, жұмақтағы бақ, кәусар бұлақ.*

«Хұсрау уа Шырында»: Көңүл татмады бағың мивесіні

Көңілім татпады бағыңның мәуесі
Білүрмін тала'имден нахаслик бар
Менің бағыма бақыт жазылмағанын білемін.

«Мұхаббатнамеде»: Керекмес сенсізін Фирдавси-а'ла

Сен болмасаң қасымда, ең жоғарғы Фирдаус жұмағын да керек етпеймін

Көзүмнің йашыдын Каусар булашқай
Көзімнің жасынан пейіштегі кәусар суы да ылайланд
Кішінің көңлідін май йұар гамны
Кісінің қам-көңілін шарап жуады
Кел, ей гүлчехра сақы, мей кетүргіл
Кел, ей, жауқазындай шарапшы, әкел шарап
Күйүрді көңлүмні ділбар фырақы
Сүйіктімнен айырылу өзегімді күйдірді.

Жыр жолдарында қуаныш, сүйініш сезімдері қатар алынып, бірге жүреді. Бұл – адам көңіл-күйінің бір қалыпта тұрмайтындығын білдіреді.

Ескі қазақ жазба мәтіндерін де «көңіл» лексемасы қазіргі қазақ тіліне біршама жақын етістікті сөз тіркестер деңгейінде кездеседі. Мысалы, *көңіліңізден кетірің, көңүлдері ағырды, көңілі мұздай ұмшақ, өңге иақға көңүл берділер, көңлі тынар ерді, көңілі тілегенче, өнгеге көңүл қоймады (өзгеге көңілі сенбеді), көңліде тұтса* (есінде сақтаса), *көңүл бағлаб* (көңіл қойып, шын ниетімен) т.б.

«Көңіл» лексемасы араб, парсы сөздерімен былайша көрініс тапқан: Қарахан көрдікім Оғұз ол қызға һәм мейіл иоқ (Ол қызға да Оғыздың көңілі жоқ екенін Қарахан көрді). Ол Аба хандың иашқа ұлұғ ерді дайима малул нажур ерді уа мұндағ еллат билән өлді (Ол Абақа ханнан бір жас үлкен еді, әрқашан ауырып, көңілсіз (жүруші) еді, осындай аурудан өлді). Сондай-ақ, «ақкөңіл, шанайы көңіл, шын көңіл» деген ұғымдары парсының «раст» сөзімен беріледі. Мысалы, Сөзні көб білгей черби иани раст көңүллі ічі ару болғай (Білетіні көп, биязы, яғни ақкөңіл, іші таза (адам) болатын). Бұ қауым раст көңілі білән ел болды мұндақ қарар да мукаррар болды (Бұл қауым шын көңілмен (Шыңғыс ханға) ел болды, осындай нақты шешім қабылдады).

Сонымен ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде «көңіл» этноконцептінің аясында шоғырланған микроөрістер шығыстық сарындағы кірме тілдік бірліктермен өрілген. Әсіресе, ортағасыр түркі акындары өздерінің эмоционалдық көңіл-күйлерін, ой-сезімдерін қазіргі тілімізде жоқ, түсініксіз араб және парсы эмотивті лексикалық құралдармен түрлі реңкте шеберлікпен жұмсаған. Бұның өзі, бір жағынан, ортағасырлық әдеби тілдік норма болса, екінші жағынан, авторлардың жеке тілдік қолданыстары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі». – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 549 б.
2. Сүйерқұл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемантикалық кеңістік // Фил. ғыл. док. дис. қолжазбасы. – Алматы, 2010. – 262 б.
3. Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
4. Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. – М. Гос. изд. иностр. и нац. слов., 1989. – 668 с.
5. <https://kitap.kz/>

Ысқақұлы С.

Іле педагогикалық университеті, Құлжа, ҚХР, 554323028@gg.com

Шортанбаев Ш.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, shokhan69@mail.ru

Салықбаева А.А.

№148 мектеп-гимназияның мұғалімі, assiya.salykbyeva@mail.ru

Оспанова А.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, aknur.ospanova@mail.ru

ШЫҢЖАҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ӨЗІНДІК СИПАТЫ

Түйін. Мақалада Қытайдағы қазақ әдебиеті дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан қарастырылып, жаңа дәуір әдебиетіндегі арнау өлеңдердің қыр-сыры сараланады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы кезеңінде өмір сүрген Әсет Найманбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асылхан Мыңжасарұлы, Көдек Маралбайұлы, Шарғын Әлғазыұлы, Шылбы Көмекулы, Отарбай Дүйсенбіұлы т.б. ақындар шығармалары бүгінгі күн көзқарасы тұрғысынан зерделенген.

Сондай-ақ, олардың поэзиясындағы фольклорлық үлгілердің ықпалы айқындалып, арнау өлеңдерінің көркемдік қуаты, тақырып ауқымының кеңдігі, идеялық мақсатының тереңдігі, философиялық түйінінің маңыздылығы, ұлттық болмысты бейнелеудегі шеберлігі жан-жақты қарастырылған. Бір дәуірде өмір сүрген бұлардың шығармаларында өткен ғасырлардағы қазақ халқының тыныс-тіршілігі мен тағдыр-талайы көрініс табатыны, арнау өлеңдерінің тақырыптық, мазмұндық, идеялық сипаты, Абайдың ақындық дәстүрінің ықпалы тиянақты тұжырымдалған.

Түйін сөздер: Қытай қазақ әдебиеті, арнау өлеңдер, ақындық дәстүр, дидактика, сатира

Резюме. В статье рассматриваются особенности стихов-посвящений в новой литературной эпохе, исходя из традиций и инноваций казахской литературы в Китае. Также, с сегодняшней точки зрения, были переосмыслены произведения таких поэтов, живших во второй половине XIX века и в начале XX в., как Асета Найманбайұлы, Ақыт Улимжіұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Танжарық Жолдыұлы, Асылхана Мыңжасарұлы, Көдек Маралбайұлы, Шарғын Әлғазыұлы, Шылбы Көмекулы, Отарбай Дүйсенбиұлы и др.

Кроме того, в их поэзии определено воздействие образцов фольклора и всесторонне изучены художественная сила, широкий круг тем, глубина идейной цели, важность философского замысла, мастерство изображения национальной идентичности.

Тщательно сформулировано влияние поэтической традиции Абая на авторов стихов-посвящений, принадлежавших одной эпохе, изображающие жизненный уклад и борьбу казахского народа прошлых веков в виде огромного количества тематических, концептуальных, идеологических описаний.

Ключевые слова: Казахско-китайская литература, стих-посвящение, поэтическая традиция, дидактика, сатира

Summary. In the article are considered features of verses-dedications in the new literary epoch, proceeding from traditions and innovations of the Kazakh literature in China. Also, from today's point of view, the works of such poets, who lived in the second half of the 19th century and at the beginning of the 20th century, were reconsidered as Aset Naimanbayuly, Akyt Ulimzhiuly, Zhusipbekozha Shaykhyskamuly, Tanjaryk Zholdyuly, Asylkhan Mynzhasaruly, Kodek Maralbayuly, Shargyn Algazyuly, Shylby Komeckuly, Otarbai Duisenbiuly and others.

In addition, in their poetry determined the impact of the samples of folklore and comprehensively studied the artistic power, a wide range of topics, the depth of the ideological purpose, the importance of the philosophical intention, the mastery of depicting the national identity.

The influence of Abai's poetic tradition was carefully formulated on the authors of verse-dedications belonging to one epoch, where the life style and struggle of the Kazakh people of past centuries are reflected in the form of a huge number of thematic, conceptual, ideological descriptions.

Keywords: Kazakh-Chinese literature, verse-dedication, poetic tradition, didactics, satire

Ақындар қоғамға, болмысқа, қоршаған ортаға, жеке адамдарға көзқарасын, тұрғы танымдарын бейнелеуде арнау өлеңдердің алуан түрін пайдаланған. Сол арқылы да өз тұсындағы қоғамның сан-алуан қайшылығын, шынайы бет-бейнесін, ұнамды жақтары мен жағымсыз мінез-құлықтарды, тоғышарлықты әшкерелеп, діттеген мақсаттарына жетіп отырған. Демек, арғы тарихы халық ауыз әдебиетінен бастау алған арнау өлеңдер еліміз қазіргі заманғы қазақ поэзиясының тағы бір арнасы болып қосылған. Арнау өлеңдердің сипаты, жанрлық ерекшеліктері туралы А.Байтұрсынұлының,

Қ.Жұмалиевтің, Х.Сүйіншәлиевтің, З.Қабдоловтың, Қ.Мәдібайдың т.б. әдебиет зерттеушілерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырылғаны белгілі.

Қазақтың арнау өлеңдерінің түп-төркіні арыдан басталатыны анық. Арысын айтсақ, тұрмыс-салт жыры болып зерттеліп жүрген жоқтау өлеңдерін де арнау өлеңдерінің бір саласы деуге болады. «Қаһармандардың басында болған күйініш-сүйінішті, жалпы сезім дүниесіндегі психологиялық ауыр халдерді суреттеуде зарлай арнау көркем әдебиетте жиі ұшырайды. Ескі ауыз әдебиетінің бір түрі жоқтаулар негізінен дерлік зарлай арнауға құрылады» [1, 135]. Арнау жырларының шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты жағы да бар. Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулық поэзияның бір бөлігі шешендік арнаулардың ерекшелігін бойына сіңірген. Сондықтан жырау жырлары да негізінен ханға, батырларға, халыққа қаратылған үгіт-насихаттық мазмұн алып, арнау өлеңдерінің үлгісін аңдатады. Арыдан бастау алған арнау өлеңдерінің үздіксіз өсіп-өркендеп, кемелдену үстінде келгендігін көруге болады. Сонымен бірге әр дәуірдің арнау өлеңі өз тұсының қоғамдық мінездемесінің айнамаған мазмұндық туындысы екендігін аңғарамыз.

Міне осындай құнарлы топырақтан өсіп-өнген арнау өлеңдерінің қазақ поэзиясының үлкен бір арнасы болғандығын ұлы Абайдан тікелей ақындық тәлім қабылдаған Шыңжаң қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар Ақыт, Әсет, Таңжарық, Көдек, Асылқан, Отарбай т.б ақындардың туындылары дәлелдей түседі. Бұл дәуірде шағын, қысқа өлеңдер шоғырындағы арнау жырлары қорының қомақты болуына қарамай, аса икемді бір поэзиялық жанр ретінде тұлғаланды. Бірақ осы арнау өлеңдері бүгінгі күннің талабы тұрғысынан, қазірге дейінгі басылым көріп жатқан жоғары мектеп оқулықтары мен зерттеу еңбектерінде арнаулы, жүйелі түрде ауызға алынып, зерттелген жоқ.

Дегенмен, осы дәуірдегі арнау өлеңдері өзінен бұрынғы поэзияның сипатын дәстүрлі тұрғыдан танытумен бірге, өзіндік ерекшеліктерімен де көзге түседі.

Ең алдымен, арнау жырларының аймақтық, дәуірлік сипаты өте айшықты болып, әр туындының тарихи артқы көрінісін тануға зор мүмкіндік берді. Таңжарық ақын өз заманының, өз қоғамының тудырып отырған қылмысын әшкерлеу үшін ел билеген жергілікті мансапқұмарларды, бай-манаптарды, билік ұстаған гоминдаңның халыққа салған лаңын «Шыңшысай суретіне», «Сатылқанға» т.б қатарлы өлеңдерімен аша білді. Ал Әсеттің «арнау өлеңдері қазақтың атқа мінер би-болыстарына, шен-шекпенді бай манаптарға, молда бақсыларға, сондай-ақ өнерпаздарға, адалдық үшін маңдай терін ағызған ел қалаулыларына қаратылып» өмірінің соңғы кездерінде өзі кездескен нақты оқиғаларға, істерге байланысты туындаған. Сол себепті бұл арнау өлеңдерінің өңірлік, дәуірлік болмыс келбеті едәуір айқын деуге әбден болады. Отарбай Дүйсенбіұлының «Ажы гүнге», «Арқалыққа» арнаған жырларының Алтай өңіріндегі нақты билік ұстағандар мен халық тұлғалары арасындағы қайшылықты халықтық тұрғыдан жырлаған көркем де өрелі арнау өлеңдері деп есептеледі.

Өз дәуіріндегі халыққа ең керекті, айтпаса, көтермесе болмайтын маңызды тақырыптарды да ақындар өз ортасына, ыңғайына қарай арнау өлеңдерінде көрегендікпен, көркемдікпен жырлай білді. Ақыт, Әсет, Таңжарық, Көдек, Арғынбек, Шылбы, Отарбай, Асылқан[2, 23] т.б ақындардың жырларының, оның ішінде арнау өлеңдерінің басым көбінде, момын, ұйқыда жатқан елді жаңалыққа, өнер, білімге шақырған, отырықшы мәдениет қалыптастыруға үндеген, неке теңдігін, бас бостандықты дәріптеген мазмұндар басым орында болды.

Арнау жырларының жанрлық табиғаты айшықты, көркемдік деңгейі биік болды. Бұл тұстағы туған жырлар нағыз дәуірге, қоғамдық өмірге байланысты болып, нақтылы объектілерге бағытталды. Шешендік пен шеберлікті ұштастыра білді. Сатираның да, дидактиканың да, лириканың да көркем сипатын танытты, сан жағынан да, сапа жағынан да көрнекті болып, икемді бір поэзиялық жанр ретінде тұлғалана алды деуге болады.

Арнау жырларының тағы бір ерекшелігі, олардың деректік, тәрбиелік мәнімен байланысты. «Әдебиет адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндетін орындағаны» деп білсек, әдебиеттің әр бір жанрына сондай міндет жүктеледі деген сөз. Ендеше, арнау жырлар белгілі бір объектіге ғана бағытталған болса да, өз заманы, өзі жасаған өңірлердегі бүкіл халықтың хал-күйін, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың сан алуан қатпарларын, топтар мен жіктердің ортасындағы қайшылық-қақтығыстарды, жеке тұлғалардың болмыс-бітімін, жан дүниесін, олардың өмір сүрген ортасын т.б толып жатқан жайлардың бәрінен хабардар етеді. Сонымен бірге бұл арнау өлеңдер өткірлігімен, тұжырымдылығымен, тартымдылығымен халық көңілінен орын алып, ел арасына тез тарап үлгерді. Сыртқы дүниеден, жаңалық атаулыдан құр алақан қалып, тау сағалап, өзен жағалап көшіп жүрген халықтың санасына сәуле төгіп, рухани дүниесіне сілкініс тудырды, рухани жақтан серпілтіп қана қойған жоқ, бұдан кейінгі өмірлерінде не істеу керек екендігін, қандай ортада өмір сүріп жатқандығын көз алдыларына жайып салды. Сол себепті бұл

кездегі арнау өлеңдерінің тәрбиелік маңызы да аса жоғары болған деп қортындылауға болады. Жоғарыдағы ерекшеліктеріне қарай арнау өлеңдерді сатиралық және дидактикалық арнаулар деп топтастырып, жекелеген шығармалардың мазмұндық бітіміне талдау жасауға болады.

Жалпы осы тұстағы Шыңжаң қазақ әдеби туындыларының ішіндегі дәуір ауқымына сай жарыққа шыққан төл туындылардың мазмұндық ыңғайына үңіліп көрсек, өз дәуірінің ащы шындықтары, халық тұрмысының алуан қырлары, экономикалық хал-күйі, мәдениет өресі, қоғамның қатпарлы мәселелері, табиғаттың, туған мекеннің сай, саласы, түрлі жіктегі адамдар бейнесі т.с.с. толып жатқан тақырыптағы мәселелер сөз болды. Бұл дәуірдегі поэзияның тақырып аясы кеңейді, мазмұн-мәнері жаңаланды, бұрынғыдай мадақ-марапаттау азайып, сын, әшкерелеу көбейді. Сөйтіп жасампаздық бағыты біртіндеп сыншыл реализм бағытына ауысты. Бұлай болуына сол кездегі елдің қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдайы және мәдени-әдеби тірлігіндегі өзгерістер мен жаңалықтар себепші болды. Сондықтан да зиялы қауым өкілдері әсіресе, халық жағында тұрған ақындар қауымы сол тұстағы кертартпа үкіметтің зұлымдығын ашкерлеп, жергілікті атқа мінерлердің кемшіліктерін, қатігездіктерін танып білді, болашаққа үлкен үміт пен сеніммен қараған олар, өздері білген шындықты жеріне жеткізіп, батыл айтуға, халыққа өткір тілді шығармалары арқылы үгіт-насихат айтуға бейім болды.

Жалпы бұл тұстағы арнау өлеңдерінің жарыққа шығуына нақтылы орта, нақтылы адам, нақтылы кезең, нақтылы уақиға себеп болып отырғандықтан шығармаларының реалистік сипаты да күшті болып келеді. Ақындардың дәстүрлі әдебиеттің ең ұтымды тұстарын пайдалануы, суырып салма ақындық таланты, табанда тауып айтатын айтқыштығы, шешендігі қатарлы қасиеттері негізінде арнау жырларының тууы да өте табиғи деуге болады. Демек, сол арнау поэзиясының ішінде, сатиралық арнаулардың басым орында тұруы да тегін емес. Өйткені, онда ақындардың махаббат-қарғысы мен алуан әлеуметтік ауқымды бейнелейтін мазмұндар қамтып, халық санасын ояту мақсаты көзделген.

Таңжарық та өз заманының, өз қоғамының тудырып отырған қылмысын әшкерлеу үшін ел билеген мансаптыларды, бай манаптарды, гоминдаңның халыққа салған лаңын сатиралық арнау өлеңдерінде тіл қанжарымен түйрейді. Ақын «Гоминдаңға» деген өлеңінде:

*...Қарамай айналаңа көз жіберіп,
Дүниеге жалғыз ғана туғандайсың.
Бір ұртың у, бір ұртың қанға толып,
Өтірік әділмін деп сумаңдайсың,-*

деп келетін жиырма алты тармақтан тұратын бір ұйқаспен түсетін өлеңінде аса бір үлкен шеберлікпен сол бір билеуші қоғамдық топтың қылмысын әшкерлеп, қатыгез, алдамшы заң саясаттарының төркінін ел алдына жайып салады. Мұндағы аталып отырған құзғын, құмай, қасқыр, сауысқан сол топтың, гоминдаңның белді мансаптыларының алуан характерін көз алдыңызға келтірсе, «Шықылықтау», «Сумандау», «Қылмаңдау», «Ыржаңдау» т.б қимылдық суреттеулер арқылы олардың алуан түрлі айла-тәсілдерінің, зұлымдықтарының шын кеспірін кестелі, образды тілмен келістіріп соққылайды. Мұндай сарказмдық тәсілмен айтылатын өткір сын, «Сығай зәңгіге», «Мақсұтқа», «Уголинге», «Лауға бару», «Оу, жақсылар» т.б қатарлы өлеңдерінен де айқын көрінеді. «Билерге» деген өлеңінде елге еңбек етіп, әділ билік айтудың орнына, өз құқығынан пайдаланып, арсыздықпен, зұлымдықпен, түрлі айламен елді қан қақсатып, сүліктей сорып, обалды ететін билерді шетінен характеріне қарай тізе отырып, қылмысын әшкерлейді.

Көдек шығармаларының бір биігі болған «Кең текесін» мазмұн аясы кең, тілі мірдің оғындай, көрегендікпен келешек туралы болжам айтқан әдемі сатиралық арнау өлең деуге болады. Ал өлеңнің өн бойындағы «Парақор алты ақалақшы» туралы айтқанда солардың қолында есеңгіреп күй кешкен қарапайым халықтың ащы күйін шертсе, Гоминдаң билеушілері Яң Зыңшин, Бу Дутоң, Шың Шысайлар туралы айтқанда «алпыс түрлі айласы бар» түлкі тектес әрекетін масқаралайды. Жалпы «Кең текес» деп аталған бұл өлеңде соншама кең, соншама көркем Текес табиғатының орнында адам сезімін сергітерліктей бірде-бір көрініс жоқ. Қайта оның орнында соншама сүркей, соншама тымырық өмір бейнесі, қанау мен қаналудың шын бояулы аянышты суреттері жатқанын көруге болады.

Есімін бүкіл қазақ білген әйгілі әнші, сазгер, айтыскер ақын ретінде Әсет ақын талай той мерекелер мен әйгілі айтыстардың төрінде өнер көрсеткен, халықтың құрметіне бөленген өнер иесі болғандықтан, оның мадақ түріндегі арнау жырларының болуы табиғи. Алайда, ақын халықтың ақыны әрі көрген-білгені, ойына түйгені көп тұлға болғандығы себепті, халықты қолдап атқа мінерлердің, бай-болыстардың мінін бетің-жүзің демей шықпыртып отырып бетіне баса білді. Алып айтсақ, «Құрман қажыға», «Алашқа», «Сейіт ешенге», «Болыстарға», «Жабықпай мен Мешпетке» т.б

өлеңдері елге танымалы жеке тұлғаларға арналған сатиралық сипаты бар арнау өлеңдер болып табылады.

Отарбай Дүйсенбіұлының «Ажы гүнге», «Жәке биге сәлем де» қатарлы арнау өлеңдері өткір сатиралық арнау жырларының тартымды үлгісі. «Әсіресе, ақын сол «Ажы гүнмен» сілкілескен кездерден бастап, Ажының Арқалықтай ел қорғанына опасыздық жасағанын шенейді. Ол шындық пен жала жайында, халық пен өктемдік жайында, теңсіздік пен теңдік жайын түсініп жетіп» санасында үлкен сілкіністің туылуы ақынның арнау өлеңдерінің сатиралық бояуын күшейткен деуге болады.

*Рабат басқалардан шешен ақсың,
Серкедей қой бастаған көсем ақсың,
Бар малын бес жүз үйдің жиып алдың,
Көзжасы, мұрын боғы кеселі атсын...*

деп «Рабатқа» төнген жас ақын Асылқан Мынжасарұлының артында қалған санаулы арнау жырларының ішінде де осындай уытты жақсы жыр жолдары кездеседі.

Ақындардың бұл тұстағы сатиралық арнау өлеңдерінің бір тобы ирониялық, эпиграммалық түс алады. Өлеңдердің мазмұнында әсіресе, өздері жасаған ортада өмір сүрген кей адамдардың басындағы белгілі міндерін ашып беруді, сол арқылы ағаттықты түзетуді мақсат еткен деуге болады. Сондықтан бұл топтағы сатиралық арнау өлеңдер оқырмандарды күлдіру үшін емес, тәрбие беру үшін жазылып немесе айтылып жатқанын аңғарамыз. Таңжарықтың «Қарынбайға» деген өлеңінде жақыны болса да жанына батырып, Қарынбайдың қыс қамына ерте кіріспей, уақытын өткізіп барып жер үй қазған тірлігін әзілге сүйеп сынайды. «Қыс келмесе, аюдың апанындай қазар еді» деп оның еңбекке қыры жоқтығын, жалқау кейпін ашып, оқырманын ойландырады. «Омармысың» деген арнау өлеңінде өзіне таныс кедей жігіттің сәлемін алған соң, сондағы айтқаны:

*Уағалайкум ассалам Омармысың,
Осы үйге сауыншы болғанбысың?
Шілденің ыстығында шалбар киіп,
Қарашы бейшараның обалдысын,-*

дейтін бұл өлеңінде сәлемді әзілдей алып, жай ғана қызық үшін айтып отырған жоқ, ана бір алпамсадай атпал азаматтың біреудің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген күлді көмеш, сүренсіз кейпіне сын айтып, бұл тірлігінің ер азаматқа лайық тірлік еместігін, «Шілденің ыстығында шалбар киіп» мәдениеттен жұрдай болған қалпын сынайды. Ендеше, бұл өлең сол тұстағы қаншама жалшы, жарлы-жақыбайлардың санасына сәуле түсіріп, жаңа мәдениетке, жаңа тірлікке бейімделуіне түрткі болғаны шындық.

Бұдан басқа, «Медресе дінгегіне жазылған өлең», «Мышан мампаңға хат», «Далдаға», «Әбденбайға», «Тоғыз шалға», «Мұқанға» т.б өлеңдері түгелдей ақынның жақын адамдарына, құрбыларына, жолдасына, қоғамдағы өзіне таныс оқиғаларға арналып, мақсатты туған жырлар болғандықтан, ақынның осы зілсіз әзіл арнау өлеңдерін келешекке дейтін сенімін оятып, қисығын түзетіп, асауын жуасытып, өмірге ойлы көзбен қарауға жетелеген жырлар деген жөн.

Әсеттің айналасындағы адамдардың мінезіне, іс-әрекетіне, тірлігіне сын көзбен қарап, әркімнің өз бойындағы олқылықтарын түзетуге шақыратын зілсіз сатиралық арнау өлеңдері бар. «Таңғытқа» дейтін арнау өлеңінде:

*Тәкеңді жұрт сайлаған басшылыққа,
Алты жұмық ереді атишылыққа.
Қойы мың, жылқысы жүз, кемел даулет,
Жалғыз-ақ ақыл ойы тапшылықта,-*

деп ақын қарсы алдындағы объектісінің атын атап, түсін түстеп, оның «малға бай, ақылға кедей» бейнесін келеке етіп, жұртқа жария етеді, «Бір қызға» деген өлеңінде ақын қыз баланың өзіне лайық тәрбиелі болу керектігін ескертіп, мінездегі кемістігін бегіне басады. Жалпы ақынның бұдан басқа, «Қонжа Ілгідайға», «Молдаға» қатарлы т.б бірталай сатиралық шығармаларында мұндай ерекшеліктер өте көп кездеседі.

Көдек Маралбайұлының да қалжың сипатын алатын «Ажар жеңгем», «Сенбайға», «Алты адамға», «Жамалға», «Сайдуге», «Қайнарбайға», «Молдырахманға», «Әміреге» т.б көптеген эпиграммалық, ирониялық өлеңдері бар. Бұл шығармалар қарапайым ауыл адамдарынан бастап, атқа мінер ел билеушілеріне дейін қамтып, әр бірінің жеке басындағы міндерін, ізгілікке жат, оғаш қылық-әрекеттерін сықақ етеді. «Ажар жеңгем» деген арнау өлеңі салпы етек, салақтау жеңгесінің қиылып айтқан талабына сай қолма-қол айтқан туынды.

Ажар жеңгем өзі аппақ,

*Қарамайды балаға,
Кір қожалақ бет аузы,
Үсті-басы сары ала.
Жыртылғанға жібі жоқ,
Түйме үзілсе қадама, -*

деп, уағында ыдыс-аяғын да таза жумайтын, үй жұмысына жоқ болғанымен, «әңгімесі мен күлкісі бітпейтін» бір ғана жеңгесіне айтқан қатаң сыны, ащы әзілі екен. Мұндай өлеңдер өз тұсында ел арасына таралып, көптеген отбасының құтын кетіретін әйелдер үшін жаман әдеттен сақтандыратын тәрбиелік маңызы зор болғаны анық. Жалпы қай дәуірде де болсын осындай типтегі әйелдерге, қыздарға ой салатын, болатын шағында болса, шарапаты бар құнды өлең деуге болады. Ақынның барлық әзілдік өлеңдерінде де мұндай ерекшеліктер менмұндалап тұрады.

Бұл дәуірдегі ақындар сатиралық сипаттағы арнау өлеңдерінің қайсы бірінде болсын, мейлі өткір тілмен жеріне жете шенесін, мейлі астарлы әзілмен мысқылдасын, мейлі өз кейіпкерінің нашар характерін жұртқа бетің-жүзің демей жайып салсын, қатаң шенесін, негізгі мақсаты жақсы қылықты, адамгершілік қасиетті, ізгі тірлікті, жағымды мінездемені дәріптеген ой-пікірлерін алға тартып отырады. Егер әдеби шығарма «өзінің сиқырлы күші арқылы адамдар жүрегінен біртіндеп жол табады, олардың көңіліне мысқалдап енеді, сол арқылы олардың мінез-құлқына, күллі тұрмысына асер етеді» делінсе, сатиралық арнау өлеңдері бұл жағында ең көрнекті тәрбиелік мәнге ие деп тұжырымдауға әбден болады.

Қазақы сөз арнау заман өзгерісіне байланысты тақырыптық жағынан түрленіп, мазмұны тереңдеп, өлең жүйесі күрделіленіп отырды. Бұл жағынан арнау жанры өміршең жанр ретінде әр дәуірдің болмысынан, халықтың жалпы тірлік жағдайынан, дүниетанымынан хабардар ете білді. Әсіресе, арнаудың дидактикалық үлгісі шешендік арнау, шешендік толғаулармен үндесіп, халықтың этикасы және моралдық психикасымен тығыз қабысып, әр дәуірде тәрбиелік маңызы тұрғысынан аса құндылық танытты. Халқымыз ықылым заманнан тартып-ақ келешек тағдырына алаңдаушылық білдіріп, ертеңінің нұрлы болуын, ұрпақтың бақытты болуын ойлап-толғанғаны атадан қалған рухани мұралардан айқын көрінеді, әсіресе, дидактикалық арнау, толғаулардың жалпы сарыны осылай болып келеді. Халықтың дүние танымындағы ұлы да киелі ұғым-түсініктер мен жақсы қасиеттерді ұрпақ санасына сіңіріп, атадан балаға мирас қылып қалдыру дәстүрге айналған десек, оның көбі мақал-мәтелдер мен осы арнау сипатты терме толғаулар арқылы үзіліссіз жетіп, кең орын алған деуге болады. Ендеше, еліміз қазіргі заман қазақ поэзиясындағы дидактикалық арнау өлеңдер жоғарыдағыдай дәстүрлі ерекшеліктерді өте кемелді қалпында сақтаумен бірге өз дәуірінің, өз ортасының және осы ортада жасап отырған халықтың мұң-мұқтажы мен талабына, келешек қажетіне сай тақырыптарды көтерумен көзге түсетін құнды жыр шоғыры есептеледі.

Ақыт Үлімжіұлының өлеңдері мейлі философиялық ойға құрылғаны болсын, әлде шарифат қағидалары арқылы пәктікке, тазалыққа тәрбиелейтін тақырыптағы шығармалары болсын немесе халықты ғылым өнерге ұмтылуға шақырған, әділдікке, еңбекшілдікке үндеген шығармалары болсын, бәрінде адамдық қасиетті, даналықты, адамдар бойындағы ұлылықты, өз шығармасының негізі, өзекті арқауы етеді деп білсек, әсіресе талдау жасау барысында ақынның дидактикалық арнау өлеңдерінде мұндай ерекшеліктердің көп те көрнекті екеніне көз жеткіземіз.

Ақынның «Билерге», «Байларға», «Моллаларға», «Кедейлерге», «Кәрілерге», «Жігіттерге», «Әйелдерге», «Қыздарға» деп келетін жасына, жігіне қарай айырған жүлгелі дидактикалық жырларында осы топтағы адамдарға құрғақ насихат айтушы емес, әр топтың өз ыңғайына қарай педагогикалық тәрбие берген, бүкіл бір халықтың қамын жеген, болашағы үшін толғанған, мәдениетке шақырған ұлы ғұлама тұлға қалпында көз алдымызға келеді. Ақын «Қыздарға» деген өлеңінде:

*Ар ұятты сақтай біл,
Ел үмітін ақтай біл.
Ертеңгі жүрер жолыңды,
Анаңнан ұғып жаттай біл, -*

деп, ертеңгі «Ана» болатын, ұрпақ үлгісіне айналатын қазақ қыздарына халықтық дәстүрлі тәрбиенің нәрін кестелі арнау жырымен жеткізеді. Мұнда да халықтың келешегін қазақтың қыздарымен, ана тәрбиесімен байланыстырып түсінген ұлы тұлғаның көрегендігі байқалады.

Таңжарық ақынның бұл топтағы арнау өлеңдерінің қамтыған тақырып көлемі кең болып, сол тұстың әлеуметтік өміріне, заман беталысына, адам болмысына терең үңілуден, толғанудан туған туындылар екені көрінеді. Мұнда, «ақын елдің арқа сүйеуіне жарайтын есті азаматтарына, айналасындағы жағымды жаңалықтарды дәріптеп, ойламы, толғамы бар ізбасарларына қарата өнер

білім үйренуді, үйренгенді қажетке жарата білуді, қараша халықтың қамын, болашағын ойлауды тапсырады. Сондай-ақ елдің келешегіне тірек болатын ел азаматтарымен кеңесіп, солар арқылы өзінің арман-тілегін жүзеге асырғысы келетін ақын тұрғысын тануға болады»[3, 193].

Мұндай шығармаларынан «Садыбайға», «Ырымбекке», «Жәнілқанға», «Шарғынға», «Шәріпқанға», «Байжұмаға» т.б өлеңдерін атауға болады. «Жәнілқанға» деген арнау өлеңінде:

*Оқыған кімді көрдің біздің жұрттан,
Аңдып жүр жауша бірын-бірі сырттан.
Қазақтан біреу шықса білымді боп,
Алдымен аңдып жүріп соны жыққан,-*

деп сол тұстағы «қолда барда алтынның қадіріне жетпеген» көрсоқырлықты, берекесіздікті ашына айтып, мұнын шағады. Ал «Шарғынға» деген өлеңінде бүгінгі күндері шаруашылық аудандарда жаппай қолға алып жатқан отырықшылық саясатын ақын сол кездің өзінде арман еткенін көруге болады. «Шәріпқанға» деген өлеңінде төңкерісші, қоғам қайраткері Шарыпқанның ерлігіне сүйіне отырып, сол тұстағы еркіндікті, азаттықты аңсаған халық атынан шабыт, жігер береді. Ақын өзімен тіл табыса алатын зиялы қауымның тірілігін өте жақсы түсініп, оларға үлкен аяушылықпен қарайды. «Зиятқа» деген өлеңінде Зиятты ғана емес, оның жасап отырған қоғамдық, саяси ортасының жағдайын, дәуірлік болмысты терең сезінген аңғарлы ақын тұлғасын сезінеміз. «Мейірбанов Меңғалиға» қатарлы өлеңдерінен де ақынның осы ерекшелігін толық көз жеткізуге болады.

Ақынның үлкен қоғамдық мәселелерге дейін үңіліп, өз тілегіне жақ болатын ортаны іздеген тұрғысы бейнеленген «Қазаққа арнау» өлеңінің шағын толғаулық сипаты басым. Отыз үшінші жылдардың туындысы болып, ақынның көп жер аралап, көп ой түйіп, өз елінің кемшілік жақтарын көрген соң жазған өлең-арнау екендігі байқалады. Бұл шығарманың өзі халық санасына тез сіңісін деп желдірме жыр сарынымен термелеп жазғанын аңғартады. Сондықтан бұл өлеңнің өз кезінде үлкен қоғамдық маңызы, тәрбиелік рөлі, ағартушылық маңызы болғанын жоққа шығаруға болмайды. «Өлкелік құрылтайға» өлеңі ақынның тұрмеден шығып қоғамдық қызметтерге араласқан кездегі туындысы болғандықтан, онда белгілі қоғам қайраткері ретінде ой толғанысын өлең өрнектеріне түсірген секілді.

Әсет Найманбайұлы ел аралап, жер көріп, Абай қатарлы қазақтың көптеген ұлы адамдарынан тәлім алған, дәмдес болған ірі өнер иесі, сондықтан оның дидактикалық жырлары кілең нәсихат үлгісінде келмейді, қайта белгілі бір көңіл-күй тебіреністері де байқалып қалады. өлеңдерінде реализм мен романтизмнің ұштасып келетіні Әсеттің алған тәлімімен байланысты деуге болады. Десе де Әсет насихатының, ой-пікірінің заманға, адамға лайық айтылып отырғандығынан ақынның бұл топтағы арнау өлеңдерінің тәрбиелік құны да жоғары. «Алашқа» деген арнау өлеңі көлемді толғау үлгісінде келіп, ұласпалы үлкен үш бөлімнен тұратын өлең. Өлеңдегі:

*Алашым, басың көтер қарап жатпай,
Ғылым ізде ғұмырыңды босқа сатпай.
Ғылыммен неше түрлі кеме жасап,
Еуропа жүрген жоқ па суға батпай.
Жайылған дүниеге ғылым пәннен,
Құр қалдың ғой қазағым дәмін татпай,-*

деп келетін өлең жолдрынан Әсеттің бүкіл қазақтың санасына сәуле құйып, надандықтан құтқаруды мақсат еткен, ғылым, мәдениетке шақырған ағартушылық идеясын сондай-ақ Ахмет, Міржақыптармен пікірлес, ниеттес ірі тұлғасын танимыз. Ақынның «Даярға», «Мешпетке», «Қалдайларға» т.б қатарлы арнауларының да дидактикалық сарыны күшті болып, ақынның халықшылдық идеясының белгілі қырларын байқатады.

Көдектің арнау өлеңдерінің басым көбі белгілі бір ұйқаспен құйылып түсетін, көбінде лирикалық, сатиралық сипаты күшті болып келетін өлеңдер болса да, бір бөлім арнау өлеңдері насихаттық мазмұнға да ие. «Жәмилаға» деген өлеңінде:

*Алдыңа бөбек түссе қайтер едің,
Сұлу қыз мұндай болса алданғаның.
Келін боп басқа жұртқа келгеннен соң,
Жақсы ғой болашақты аңғарғаның,-*

деп отау болып үй ұстаған келіншектің ең алдымен игі қасиеттерді үйреніп, жақсы әдет қалыптастырып, «салауатты бәйбіше болуын» тілеп айтылатын бұл арнау жыр бір түрлі сыпайы дидактикалық мазмұн алған әдемі жыр саналды. Ал, «Жастарға кенес» арнауы сол тұстың жастарына өте қажетті болып отырған жамандықтан жирендіріп, өнер-білімге баулу идеясы айқын аңғарылады, ақынның өлеңіндегі өмір қажеттілігі мен тақырыптық жаңалығының деңгейін де танытады.

Замана тынысын кең тыныспен жырлаған Арғынбек Апашбайұлының да дидактикалық арнау өлеңдері кездеседі. Бұл ақынның, әсіресе, заман, қоғам, тарих, халық шежіресі қатарлы жақтардан көп білімге ие болғандығымен байланысты болса керек. «Кеңес» - жақсы мен жаманға арналған дидактикалық жыры. Ер-азаматтардың жақсы-жаман жақтары туралы термелей отырып, жан-жақтылы пайымдау жасаған, көңілге ұялайтындай ой-пікір, қозқарастаға толы көлемді толғаулық дәрежедегі арнау жыры. «Жақсы қатын» мен «Жаман қатынға» арналған жырлары да терең тарбиелік маңызы бар, жалпы әйел затының жақсы, жаман қасиеттерін салыстыру тұрғысынан, оқырманына ой салуды көздеген көркемдидактикалық арнаулар деуге әбден болады. Бұдан басқа Шылбы Көмекұлы, Досбер Саурықұлы, Боздақ Дүзбенбетұлы, Төлеубай Бөжекұлы, Асылқан Мыңжасарұлы т.б қатарлы ақындардың бәрінде де өрелі де, өрнекті, нақышты дидактикалық өлеңдердің үлгілері кездеседі.

Қорытындылай келгенде, аталған дәуірдегі ақындар поэзиясының бір саласы болған арнау өлеңдері де басқа да көлемді қисса-дастандары, айтыстары мен көркем туындылары секілді тұтас шығармашылығының белгілі қыры мен қасиетін таныта алары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы.* – Алматы: Мектеп, 1969. -243 б.
2. Сейітжанұлы З. *Шынжаң қазақ әдебиеті.* – Алматы: Қазақ университеті, 1999.- 185б.
3. С.Ысқақұлы, З.Сейітжанов, Ш.А. Шортанбаев. *Қытайдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі: Монография / Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., профессор З.Сейітжанов.* – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 253 б.

Жумабекқызы Г.,
магистр, преподаватель, gulzhan.zh112@mail.ru

Тойшиманова Ж.Р.,
магистр, ст.преподаватель КазУМОиМЯ им. Абылай хана
gulzhan.zh112@mail.ru, zh.toish1@mail.ru

РОЛЬ ПРЕДПЕРЕВОДЧЕСКОГО АНАЛИЗА В ПЕРЕДАЧЕ ПРАГМАТИЧЕСКОГО АСПЕКТА ПРИ ПЕРЕВОДЕ ГАЗЕТНЫХ ТЕКСТОВ

***Резюме.** Данная статья рассматривает вопрос важности предпереводческого анализа при передаче прагматического аспекта в переводе на материале газетных текстов. В статье приводятся примеры моделей предпереводческого анализа, предложенных разными учеными и на основе модели И.С.Алексеевой проводится анализ газетной статьи и ее перевода. Как известно, перевод – это процесс преобразования текста с одного языка на другой, с учетом различных скрытых, невидимых аспектов, как культура, коммуникативная цель и т.д., и все эти элементы имеют определенное отношение к прагматического потенциалу текста. Как известно, при несохранении прагматического эффекта текста, получатели теряют существенную часть информации, заложенной автором, таким образом, перевод будет считаться неточным и неадекватным.*

***Ключевые слова:** перевод, адекватность, прагматический аспект, предпереводческий анализ, экстралингвистические факторы, прагматический эффект.*

***Summary.** The article considers the role of pre-translation analysis in rendering pragmatic aspect in translation (based on newspaper texts). Different models of pre-translation analysis given by various scholars are presented in the article. Also, there is the analysis one article and its translation based on the I.S.Alexeeva's model. As it is known, translation is a process of text transformation from one language into another, with taking into account various implicit, hidden aspects like culture, communicative aim etc. All these elements might refer to pragmatic potential of the text. As it is known, if a pragmatic effect of the text is not rendered, recipients lose a significant part of the information. In this case, the translation is not considered to be accurate and adequate.*

***Key words:** translation, adequacy, pragmatic aspect, pre-translation analysis, extra-linguistic factors, pragmatic effect.*

***Түйін.** Бұл мақалада газет мәтіндерін аудару барысында прагматикалық аспектіні беруде аударма алдындағы талдаудың маңыздылығын қарастырады. Мақалада аударма алдындағы талдаудың әр-түрлі салалармен ұсынылған бірнеше үлгілері берілген, сонымен қатар Алексеева И.С. аударма алдындағы талдау үлгісінің негізінде жасалған газет мақаласының талдауы мен оның аудармасы көрсетілген. Аударма – мәдениет, коммуникативтік мақсат сияқты әр-түрлі жасырын аспектілерді ескере отырып, мәтінді бір тілден екінші тілге ауыстыру екендеге бәрімізге мәлім, ал барлық осы аспектілер мәтіннің прагматикалық мүмкіндігіне қатысы бар. Егер мәтінді аудару барысында оның прагматикалық әсерін ескермесе, реципиенттер ақпараттың басым бөлігін алмау қауіпі бар. Бұндай аударманы адекватты аударма деп санау қиын екендігі бәрімізге белгілі.*

***Тірек сөздер:** аударма, адекваттылық, прагматикалық аспект, аударма алдындағы талдау, экстралингвистикалық факторлар, прагматикалық әсер.*

С начала 1970-х годов многие переводоведы отмечают необходимость анализа текста в процессе перевода, т.к. именно с помощью предварительного анализа возможно полное понимание смысла текста оригинала. Важно отметить, что модель предпереводческого анализа текста должна создавать надежную базу для принятия правильных переводческих решений при выборе языковых средств в процессе перевода. Поэтому предпереводческий анализ нацелен не только на объяснение языковых структур и правильную интерпретацию оригинала переводчиком, но также на понимание содержательных и структурных признаков текста с функциональной точки зрения для дальнейшего соответствия с целью перевода.

Например, о необходимости и важности предпереводческого анализа подчеркивал российский ученый Комиссаров В.Н.: «любой процесс перевода в значительной степени детерминирован успешностью этапа анализа исходного сообщения» [1; с.225]

Одну из самых разработанных моделей предпереводческого анализа дает немецкий ученый Норд К. [2; с.233], которая опирается на исследования своих соотечественников как Райс К., Коллер В. и т.д.

Прежде всего, необходимо определить вид текста и для каких целей осуществляется его перевод. Определив вид текста и его цель, можно переходить к анализу текста оригинала. Эта модель предусматривает ответы на вопросы: «кто говорит, что, через какой канал, кому, с каким эффектом?». Эта схема может быть применена к любым типам текста с любой целью перевода.

Но, как отмечается в статье казахстанского исследователя Абдрахимовой Г.Б., не все вышеназванные факторы могут быть одинаково релевантными для всех типов текста [3; с.391-396].

Что касается газетных текстов, то их основная цель – сообщить новые сведения и оказать воздействие на читателей. Для этих текстов характерны единый стиль, своя идеология, своя тематическая направленность. Поэтому при переводе подобных текстов важно изначально уточнить те аспекты, которые составляют их прагматику. Как известно, в прагматические отношения входят установка автора, установка на получателя текста, учет личности переводчика и коммуникативный эффект самого текста.

Предпереводческий анализ, приведенный Норд К., является одним из самых известных и детально рассмотренных, однако некоторые исследователи отмечают, что некоторые вопросы довольно схожи и их трудно разграничить, например, вопросы касательно цели – для чего и какой целью [4]. Однако на основе данной работы российский исследователь Алексеева И.С. предлагает рассматривать следующие аспекты в предпереводческом анализе [5; с.332-340]:

- 1) сбор внешних сведений о тексте;
- 2) определение источника и реципиента;
- 3) состав информации и ее плотность;
- 4) коммуникативное задание;
- 5) речевой жанр.

Для примера рассмотрим статью “Russia's ban on US adoption isn't about children's rights”, опубликованную в британском издании The Guardian 22 декабря 2012 года.

Под сбором внешних данных подразумевается выявление автора текста, время создания и публикации текста. Как отмечает ученый, нельзя недооценивать такого рода информацию, т.к. она сразу дает ориентиры того, что нельзя допускать при переводе. Также Алексеева И.С. говорит, что в сбор внешних данных может войти и цель заказчика, если она имеется. При этом может понадобиться адаптация текста, изменение стиля и т.д. Если особенной цели у заказчика нет, то переводчику следует ориентироваться на тип текста оригинала.

Определение источника и реципиента имеет огромное значение при переводе, хотя это и не всегда просто. Например, в газетных заметках часто указывается автор, однако это не означает, что в тексте он выразил свое собственное мнение, чаще всего он выражает мнение всей редколлегии газеты, которая ориентирована на определенный круг читателей или является оппозиционной и т.д. Определение получателей текста перевода также важно, т.к. от этого зависит дальнейший выбор языковых средств при переводе.

В данном случае автор указан: Лори Пенни (Laurie Penny). Не лишним является посмотреть досье этого журналиста – помимо своей журналистской деятельности она является активным защитником прав женщин. Не исключено, что это тоже откладывает свой отпечаток на стиль подачи материала.

Также немаловажно определить и время публикации статьи – это поможет нам уяснить информацию о коммуникативной ситуации. Время публикации данной статьи – декабрь 2012 года, а заголовок гласит о запрете усыновлений американцами детей из России. Как известно, тогда в США был принят Закон Магнитского, налагающий ряд санкций против российских правонарушителей, а в ответ Россия установила запрет на усыновление американцами детей из России. Все эти события вызвали широкий резонанс в обществе и обострили напряженность отношений России и США.

Далее, нужно определить реципиентов газетно-публицистических материалов. Обычно, это широкие массы населения, но все же некоторые издания имеют более узкую возрастную, сословную или тематическую ориентацию. Широта читательской аудитории порождает необходимость доступности текста, и комплекс языковых средств, используемых в нем, за два с половиной века существования этого жанра выстроился таким образом, что в современном своем воплощении идеально выполняет свою задачу. Издание The Guardian относится к качественной прессе, рассчитанная на высокообразованного читателя со средним и высоким доходами. Таким образом, можно прийти к выводу, что для данного издания характерны такие отличительные признаки, как взвешенность оценок, контроль за достоверностью информации и спокойный тон публикаций [6]. При переводе следует ориентироваться на русскоязычных читателей такого же контингента.

Теперь следует определить состав информации. Нужно обратить внимание на названия учреждений, организаций, имена собственные, перевод которых важен для передачи прагматического эффекта текста. Именно они чаще всего требуют внесения дополнительной информации в переводе. В данной статье таких слов очень много: *Hague Convention – Гагская конвенция, Dima Yakovlev Bill*

– закон Димы Яковлева, *Balkans conflict* – конфликт на Балканах, *Terre des Homme* – организация по защите прав детей *Terre des Hommes*, *Magnitsky Act* – закон Магнитского.

Ведущим признаком газетно-журнального текста является клишированность средств языкового выражения, а основным средством ее создания – устойчивая сочетаемость. Кlišе организованы, как правило, по принципу метафоры, но их образность уже отчасти стерлась, она стала привычной, и каждый образ такого рода служит для читателя своеобразным сигналом, создающим общий фон повышенной эмоциональности восприятия [5; с. 285]. Определение клише в оригинале предполагает правильный, а самое главное, приемлемый выбор клише и в переводе. Например:

The shadows began to gather in 1989, when the dire state of Romania's state-run orphanages came to the west's attention after the collapse of communism.

Тучи начали сгущаться в 1989 году, когда крах коммунизма в Румынии сделал отвратительным положение государственных детских домов в в стране и привлек к себе внимание.

В любом информационном сообщении, даже спортивном, можно уловить, на чьей стороне автор. Не все средства эмоционального воздействия, несущие эмоциональную информацию, лежат в этом тексте на поверхности. Несомненно, встречаются здесь и слова с оценочной семантикой («чудовищное преступление»), и синтаксические структуры, актуализирующие оценку. Но часто прямая оценка отсутствует. В газетно-журнальном тексте довольно отчетливо выступает основной стилистический фон – фон письменной литературной нормы языка с некоторыми чертами устного ее варианта. Традиционно доля разговорной лексики и устных синтаксических структур в массовой периодике в разных странах (а значит, и на разных языках) различна. Более академичны и близки к письменной литературной норме немецкий и русский газетно-журнальные стили, значительно более свободны английский и особенно американский. Из рассматриваемой статьи приведем следующий пример:

And there's the rub.

Здесь-то и таится загвоздка.

В русском переводе дан соответствующий такому же стилю эквивалент, что и в английском оригинале.

Специфику газетно-журнального варианта письменной литературной нормы, помимо некоторых отступлений в сторону устного варианта, составляют и фразеологизмы. Их перевод – особая проблема, ведь передача их пословно, как правило, невозможна, поскольку они представляют собой единый образ, а значит, их следует рассматривать как единое семантическое целое – и замена их словами в прямом значении также нежелательна: исчезнет атмосфера привычных читателю образов и заранее заданных оценок, и читатель может потерять к тексту всякий интерес. Таким образом, часть коммуникативного задания – навязывание определенной позиции – не будет выполнена. Техника передачи «настоящих» фразеологизмов – идиом, пословиц и поговорок – давно разработана. Переводчик рассматривает их как семантическое единство и пытается отыскать в языке перевода аналогичный фразеологизм, желательно – с той же степенью семантической связанности – в языке перевода. Это означает, что, вероятно, идиоме, где образность затемнена («бить баклуши») он пытается подобрать в переводе эквивалент тоже с затемненной формой. Если такого эквивалента в языке перевода не существует, он идет на то, чтобы понизить степень семантической спаянности, и заменяет идиому на фразеологическое единство, где образность сохраняется (если представить себе, что идиома «бить баклуши» в языке перевода отсутствует, то ее семантику мы сможем передать фразеологическим единством «маяться дуры»). Приведем следующий пример из анализируемой статьи:

This is about Russia thumbing its nose at America.

О том, что Россия хочет показать Америке кукиш.

Идиома английского языка “thumb one’s nose at smb” в переводе заменена на русский фразеологизм «показать кукиш», который означает «отказывать кому-либо» [7].

Еще более замысловатую проблему представляет высокая аллюзивность газетно-публицистического текста. Выражается она в том, что авторы используют скрытое или явное цитирование, хорошо знакомых всем читателям фрагментов текста из известных кинофильмов, мультфильмов, популярных песен, звуковой и письменной рекламы – короче говоря, опираются на широкий вербальный контекст всех источников массовой информации. Вывод один – переводчик обязан стремиться как можно лучше знать этот контекст. Тогда хотя бы часть скрытых цитат он расшифрует и постарается воспроизвести или прокомментировать их в переводе.

Помимо фразеологизмов, клише и скрытых цитат, эмоциональная информация в газетно-журнальном тексте передается с помощью широкой палитры синтаксических средств. Во-первых, это

длина и сложность предложения. Короткие фразы позволяют резко увеличить динамику повествования, а контраст коротких простых и длинных сложных предложений позволяет выделить необходимое. Как правило, выделяется таким образом оценка, заключенная в короткой фразе. Вторых, это инверсия, позволяющая выделить в предложении главное [5; с. 287]. Например:

However loving the prospective parents, in many nations there exists, according to the children's rights charity Terre des Hommes, "an industry around adoption in which profit, rather than the best interests of the child, takes centre stage".

Какими бы любящими ни были будущие родители, во многих странах, как сообщает благотворительная организация по защите прав детей Terre des Hommes, существует «целая индустрия усыновления, в которой главное место занимают не интересы ребенка, а прибыль».

Это предложение начинается с эмфатической конструкции, что так же сохранено и в переводе, так же как и инверсия.

Особую роль в газетно-информационном тексте играют так называемые модные слова - слова, частотность употребления которых сегодня высока. Модные слова повышают доверие читателя к тексту (этим же средством активно пользуется реклама), подчеркивают актуальность информации. Однако если они не имеют международной популярности, то при переводе на другой язык не будут производить впечатления модных. Вероятно, здесь необходима только лексическая компенсация, введение в текст перевода модных слов языка перевода, точнее, замена при переводе нейтральных с точки зрения «модности» слов на модные, перенесение функционального параметра модности на другую лексему [5; с. 290]. Или авторские неологизмы, для которых также трудно находить эквиваленты в русском языке. Например, в данной статье были использованы такие слова, как «to savage», которое означает «разрушать», «petty» – маловажный, мелкий, или «uncomfortable truth» – неприятная правда.

Еще одна значимая черта газетно-журнального текста — наличие иронии, которая помогает расставить акценты в выражении автором оценки. Ирония — скрытый комизм, который строится, как известно, на сопоставлении несопоставимого (семантически, стилистически и т. п.). В газетно-журнальном тексте она часто базируется, например, на использовании лексики высокого стиля в нейтральном или близком к разговорному контексте. Так или иначе, переводчику придется для передачи этого средства попытаться воспроизвести принцип контраста, т. е. найти среди вариантных соответствий такие, которые контрастируют по тому же принципу [5; с. 285-286]. Рассмотрим следующий пример, в котором чувствуется ироническое отношение автора. Автор по отношению к США употребляет слово “benevolent”, в то время как в переводе использованы два слова для ее описания «доброжелательная и великодушная» [7]. Таким образом, ирония в переводе передана полностью:

The international adoption trade is a shady business – the perfect micro-example of how America's concept of itself as a benevolent superpower is so often at odds with reality.

Усыновление детей в международном масштабе - это сомнительный и нечистый бизнес, идеальный пример того, что представление Америки о себе самой как о доброжелательной и великодушной сверхдержаве очень часто не соответствует действительности.

Но помимо имплицитной иронии, в этой статье автор открыто выражает свое отношение к теме запрета усыновления детей, при этом она использует метафору, которая также передана в переводе.

The international adoption trade urgently needs an overhaul – but playing politics with children's futures is no way to start the process.

В правилах международного усыновления необходимо произвести крупные изменения, но начинать этот процесс с политических игр в детские судьбы - неправильно.

Итак, учитывая коммуникативное задание текста газетно-публицистического стиля – сообщить новые сведения, навязав им определенную оценку, – можно сделать вывод, что важно изучить контекст и выявить средства, характерные для этого стиля, которые используются для передачи прагматики текста и служат для достижения поставленной автором цели.

Как мы видим, определение ситуации и цели создания перевода оказывает значительное влияние на выбор приемов и языковых средств в переводе. Выяснение этих элементов и происходит во время предпереводческого анализа.

Таким образом, важность выполнения предпереводческого анализа безусловна. В целом, предпереводческий анализ направлен на то, чтобы помочь переводчику преобразовать текст оригинала средствами другого языка как можно более точно и адекватно.

Литература

1. Комиссаров В. Н. Теория перевода (Лингвистические аспекты). – М.: Высш. шк., 1990. – 424 с.
2. Christiane Nord. *Textanalyse und Uberzetzen: Theoretische Grundlagen, Methode und didaktische Anwendung einer ubersetzungsrelevanten Textanalyse.* – Heidelberg: Gross, 1995. – 315 p.
3. Абдрахимова Г.Б. Роль предпереводческого анализа для достижения адекватности перевода // *Мир Языка: Материалы второй международной научно-теоретической конференции, посвященной 80-летию профессора М.М. Копыленко. Часть 1.* – Алматы, 2001. – С. 391-396.
4. Трпачко А.В. Предпереводческий анализ текста: – Режим доступа: URL: http://knowledge.allbest.ru/languages/3c0b65635b2ad68b4d43a89421206c36_0.html – (дата обращения: 07.03.2015).
5. Алексеева И. С. Введение в переводоведение. – М.: Академия. – 2004. – 347 с.
6. http://langinfo.ru/index.php?sect_id=2617
7. Электронный словарь АБВУ Lingvo <http://www.lingvo.ru>

Рысбаева Г.Қ

Нұр-мұбарак египет ислам мәдениеті университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., sadenovaa@mail.ru

Исаева Ж.Т.

С. Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Тұңғышбаева Ғ.Ж.

С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті, магистр, аға оқытушы.

ЖАРАТУШЫ КҮШТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЕСІМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

***Түйін.** Мақалада жаратушы күштерге қатысты есімдердің танымдық мәні туралы сөз болады. Культтік лексемалардың бейнелілік компоненттері қазақ, қырғыз тілдік санасында ортақ болуы, символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері қарастырылады.*

***Резюме.** В статье рассматривается когнитивный характер названий творческих сил. Визуальные элементы эклектичных лексем распространены в казахском, кыргызском лингвистическом смысле, а в символических частях они изучаются в познании каждой нации.*

***Summary.** The article considers the cognitive nature of the names of creative forces. Visual elements of eclectic lexemes are common in the Kazakh, Kyrgyz linguistic sense, and in symbolic parts they are studied in the cognition of each nation.*

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып келе жатқан этнолингвистикалық зерттеулердің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіншілік жасап отыр. Академик Ә.Т.Қайдардың жетекшілігімен «Қазақстанның болашағы және қазақ этносының өзіне тән қасиеттерін (феноменін) танып білу, дамыту» атты ғылыми жоба негізінде «Қазақтар ана тілі әлемінде» деп аталатын ғылыми зерттеу жұмысы көпшілікке белгілі. Қазақ этносының ұлттық дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, рухани байлығы, тұрмыс-тіршілігі тіл білімінде антропоцентристік бағытта зерттелуде. Осыған орай ертедегі дүниетаным мен наным-сенімдер, салт-дәстүрлер, жалыну, жалбарыну, сыйыну, құрметтеу негізінде жасалған культтік фразеологиялық тіркестерді зерттеудің мәні зор.

Культке қатысты атаулар, тілдік бірліктер, лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер, халық ұғымында қалыптасқан ұғым-түсініктер, қазіргі көркем мәтіндердегі, мифология мен сакральды жүйедегі, т.б. «культ» концептісін дәлелдейтін деректердің танымдық мәні мен олардың қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріндегі қолданыс ерекшеліктерінің этнолингвистикалық және этномәдени негізін зерттеу. Біздің зерттеу аспектіміз – дүниетанымдық (когнитивтік) тіл білімі.

Қазіргі антропоцентристік бағыттың ғылыми теориялық қағидаларына сәйкес қазақ, өзбек, қырғыз тілдеріндегі культтік ұғымдардың дүниетанымы мен болмысын, тілдік қолданысын этностың ұлттық танымымен байланысты концептілік құрылымын, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін және этномәдени табиғатын анықтай отырып, олардың қолданыс аясындағы этнолингвистикалық факторлары мен уәжділік сипатын айқындау – жұмыстың басты мақсаты.

Культ ұғымы көбінесе діни ұғымдарға, діни наным-сенімдерге, діни салт-дәстүрге байланысты пайда болған, «сыйыну, жалбарыну, бас ию» мәнінде жұмсалатын латынның «культ» сөзіне қатысты ұғымдар. Халықтың дүниеге көзқарасы, көңіл-күйі, алғысы мен қарғысы, қуанышы мен реніші, көз жасы мен қорқынышы, тілегі, батасы – бәрі сол халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан өзіндік ұзақ тарихы бар мұндай тұрақты сөз тіркестері әдеби тілімізге тарихи материал бола алады.

«Жаратушы күштер» концептісі көзге көрінбейтін, бүкіл әлемді жаратушы, жарылқаушы ерекше күштерге қатысты тілдік бірліктердің негізінде анықталады. Ұлттың ерекше дүниетаным, рухани құндылықтар дүниенің тілдік бейнесінде көрініс табады. Сондықтан кез келген концептінің басты белгілерінің бірі - оның мәдени реңге, бояуға ие болуы. Жаратушы күштер концептісі құрбандық шалу, пітір-садақа беру, құдайы беру, Қағбаға бару, тасаттық беру, намаз оқу, ораза ұстау, құрбан айт өткізу, т.б. концептуалды фреймдердің жүйесінен тұрады.

«Жаратушы күштер» концептісінің семантикалық өрісі «Құдай», «Алла», «Тәңірі» және «Құдірет», «Хақ», «Раббы», «Жаппар», «Жасаған», «Жаратқан», «Ием», т.б. лексемалардан тұрады. «Жаратушы күштер» концептісінің ономастикалық лексикада – антропонимдердегі тілдік репрезентанттары да жеткілікті. Антропонимдерде тілдік ұжымның өткендегі тұрмысынан,

қоғамдық, әлеуметтік құрылысы мен материалдық әрі мәдени өмірінің ерекшеліктерінен хабар беретін ақпараттар жүйесі сақталған. Кез келген халықта кісі есімдері адам баласы туа салысымен беріледі, олар дүние туралы білімдерді көрсетеді, өзінің аялық семантикасында ерге, әйелге тән мәдени-әлеуметтік, тұжырымдық ұлттық дүниетанымды бейнелейді. Кісі есімдері халықтың дүниетанымына, мәдени-әлеуметтік құбылыстарға, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына байланысты ұғымдармен суреттеледі. Қазақтардың кісі аттарында табиғат құбылыстарымен, аң-құс, жан-жануарлармен, жер-су, жеміс-жидек, асыл металдармен байланыстырып қойылатындары да көп кездеседі.

Түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде «Құдай, Алла, Тәңірі» лексемаларына басқа сөздердің бірігуі, қосымшалардың жалғану арқылы тек адам есімдері ғана жасалады. Мысалы, «Алла», «Құдай», «Тәңірі» сияқты культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп *Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді* сияқты кісі есімдері жасалады. Қазіргі тілдік ортада бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік негіздегі антропонимдерге «құдай берді», «құдай бере салды» деген танымдық түсінік арқау болады.

Академик Ә.Т.Қайдар бүкіл болмысты «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеуді ұсынған [1,19]. Ғалым қазақ тілінің барша лексика-фразеологиялық-паремиологиялық байлығын мүмкін болғанынша түгел қамтып, мән-мағынасына қарай тақырыптық топтарға бөліп қарауға мүмкіндік береді.

Біз культтік лексемалар мен фразеологизмдердің табиғатын терең түсінудің бір жолы ретінде, культтік лексемалар мен фразеологизмдердің уәждемесін *әлем бейнесі* деп алдық та, оларды топтастыруда академик Ә.Т.Қайдардың үлкен идеографикалық классификациясын басшылыққа ала отырып, ғылымда кең тараған «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын классикалық үш тақырып бойынша төмендегідей топтастыруды жөн көрдік: 1 «Адам» саласы бойынша топтастыру; 2 «Қоғам» саласы бойынша топтастыру; 3 «Табиғат» саласы бойынша топтастыру.

Культтік лексемалар мен фразеологизмдердің әлемнің тілдік бейнесі антропоцентристік ұстаным бойынша екі түрлі бағытта: бірі – ұғымдық немесе логикалық ұстаным, екіншісі – концептілік немесе семантикалық өріс ұстанымы бойынша топтастырылады. Ұғымдық немесе логикалық ұстаным бойынша культтік лексемалар мен фразеологизмдер «Адам», «Қоғам», «Табиғат» төңірегінде ірі-ірі тақырыптық макротоптарға бөлінсе, концептілік немесе семантикалық өріс бойынша аталған ірі-ірі макротоптар одан әрі жүйелілік бірнеше лексика-семантикалық парадигмаларға бөлініп, өз алдына жеке-жеке мағыналық өріс құрайды.

Біздің негізгі мақсатымыз өзіміз жинастырып, тілдік талдауға түсіріп отырған культтік лексемаларды денотат – сөздердің ұғымдық немесе логикалық, мағыналық жағына қарай концептілік немесе семантикалық өрістерге, тақырыптарға бөліп, олардың лексика-семантикалық топтарын анықтау; сол арқылы культтік лексемалар мен фразеологизмдердің ауқымы мен көлемін айқындау.

Адам болмысына қатысты қалыптасқан культтік лексемалардың ең көбі – осы «Адам» тақырыбына қатысты тілдік лексемалар. Олай болатыны, адам – дүниетанымдағы басты тұлға. Ол дүниетанымды өзін танудан бастайды.

«Адам» атты мағыналық макротопқа жататын культтік лексемаларды «Кісі аттары» деген тақырыпта тоғыз тақырыпшаға бөлуге болады. Олар: 1) Жаратушы күштерге қатысты есімдер; 2) Алланың көркем есімдері; 3) Пайғамбарлар есімі; 4) Халифалар мен періштелер есімі; 5) Қасиетті пірлер мен әулиелер есімі; 6) Аң атауымен байланысты есімдер; 7) Төрт түлік малға байланысты есімдер; 8) Аспан денелеріне қатысты есімдер. 9) Сандарға байланысты есімдер.

«Адам» атты мағыналық макротопқа жататын культтік лексемалардың басым көпшілігінің мағынасы адам мен оны қоршаған әлемнің өзара әрекетін бейнелейді. Әр этностың салт-дәстүрінде, діни-наным сенімінде, рухани-мәдени қазынасында адам санасымен тығыз байланысты, ерекше мәдени мазмұнға ие культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесі мен көлемі айқын білінеді. Антропонимдерде халықтың этикалық ерекшелігі көрсетіледі. Қазақ есімдерінің яғни антропонимияның табиғаты отандық түркология және қазақ тіл білімі ауқымында кеңінен сөз болып келеді.

Халқымыздың әдет-ғұрпына, наным-сеніміне, салт-санасына байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мұра болып ауысып отыратын дәстүрдің бірі ат қоюмен байланысты ұғымдар мәдениетпен байланысты. Жаңа туған сәбиге ат қою - ертедегі барлық этникалық қауымға тән дәстүр. Жалпы үрдістің әрбір қауымның, әрбір елдің, әрбір халықтың өзіндік тілдік, рухани-мәдени, экономикалық, әлеуметтік, т.б. ерекшеліктеріне сәйкес өз салты, өз дәстүрі қалыптасқандығы белгілі.

Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық, әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Қазақ антропонимикасының негізін қалаушы ғалым Т.Жанұзақов, кейінгі зерттеушілер Қ.Рысбергенова, Б.Тілеубердиев, Ұ.Ержанова, М.Мұсабаева, Б.Бияров, З.Жанғабылова, А.Арысбаев, Г.Мадиева, А.Жартыбаев, Қ.Кенжеханова, Ф.Әшімханова, Ж.Ағабекова, т.с.с. ғалымдардың зерттеулерінде қазақ есімдерінің де өзіне тән тарихы, ұлттық мәдениетке сәйкес әлеуметтік мәні мен қызметі, пайда болу жолдары қарастырылған. Кісі аттарының қызметі де тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін негізгі маңызды лингвомәдениеттанымдық аспект болып саналады.

«Кісі аттарына» қатысты культтік лексемалардың саны «Адам» тақырыбындағы тілдік культтік лексемалардың ішіндегі ең көбі. Ол – 104 тілдік бірліктерді құрайды. Ғалым Т.Жанұзақов қазақ есімдерін *табиғат құбылыстармен байланысты есімдер, мал шаруашылығына байланысты есімдер, асыл металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, жер-су аттарына қойылған есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер, тағыз аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер* деп, он лексика-семантикалық топқа жіктейді [2, 12]. Осы еңбекке сүйене келе, «Кісі аттарына» қатысты есімдерді осы мақалада төмендегідей 3 топша топтар бойынша қарастырамыз:

1) Жаратушы күштерге қатысты есімдер. Түркі халықтарының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» культ концептісіне енген «Жаратушы күштер» концептосферасы *«құдай», «алла», «тәңірі»* культтік лексемалар аясында топтастырылды.

Кез келген халықтың антропонимиясында әйел, еркек есімдері болады, кісі есімдерінің қойылу үрдісінде гендерлік жүйе сақталады. Қазақ халқы ат қоюға ерекше көңіл бөлген. Сәбидің есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып, батасын алатын болған. Жаңа туған сәбидің есімін ұлттық дәстүрімізге қарай бейімдеп, жақсы ат қоюға тырысқан.

«Алла», «Құдай», «Тәңірі», «Жасаған», «Жаппар» сияқты культтік сөздері негізгі тірек компонент қызметін атқарып, *«берді», «берген»* деген етістіктермен тіркесіп келіп *Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді* сияқты кісі есімдері жасалады. Қазақ халқының ұғымында бұл атаулардың сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, мағынасы мен мәні бір. Бұл культтік сөздердің астарында *«құдай берді», «құдай бере салды», «алла берді», «алла бере салды»* деген танымдық түсінік бойынша баланы жаратушы «бір алла берді» деген сеніммен осылайша балаға ата берген. *«Алла+берді», «Құдай+берді», «Тәңірі+берді», «Алла+берген», «Құдай+берген», «Тәңірі+берген»* деген құрылымдық модельдер жасайды. Адамдар балаларын жақсы көргенде *«алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы»* деген когнитивтік бірліктер осы мақсатта айтылған.

Алла сөзінің көркем есімдерінің де алдына «Абд» яғни «пенде», «кұл» деген сөзді, кейде Алла сөзінен соң «Абд» яғни «пенде», «кұл» деген сөзді қосып адамдарға есім етіп қойған. Мысалы, «Абд» сөздің басында келіп, *«Абдулла», «Абдурахман», «Абдурахим»* деген кісі есімдері жасалса, сөздің соңында «абд» яғни «пенде», «кұл» сөзі жалғасып келіп, *«Құдайқұл», «Жаппарқұл», «Тәңірқұл»* деген адам есімдері де жасалады. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) балаларға ат қою туралы сұралғанда, ол: «Есімдердің ең абзалдары – Аллаһтың көркем есімдеріне «Абд» сөзін қосып құралған есімдер» деген болатын. Бұл есімдердің астарында *«алла берген», «алла бере салған», «алланың берген құлы»* деген мақсатта айтылған когнитивтік бірліктер байқалады. «Абд» яғни «пенде», «кұл» сөздерінің сөзжасамдық мәні бар.

«Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген» сөздеріне мәндес *«Тілепберген», Тілеуберген, «Тілеуқабыл»* деген кісі есімдерінің де негізгі мәні – баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы *«берген», «қабыл»* сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар.

Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ тіліндегі баламасы. *Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі* деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі.

Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. **«Алла», «Құдай», «Тәңірі»** культтік сөздері түркі-татарлардың да адам есімдерінде: *«Аллабирде, Аллабиргән, Аллағол, Ходайбирде, Құдайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңреғулов»* деп кездессе, «алла биргән», «алла биргәннем», «алла бабасының улы/қызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады.

Татар антропонимия саласын зерттеуші ғалым Г.Р.Галиуллина: «В тюркском именнике встречаются следующие имена с компонентом Тенгри (Тэңре): *Тэңребиргэн, Тэңребирде, Тэңрекол*. Традиционное для древнетюркского именника явление – употребление глаголов биргэн, бирде «данный» в вышеназванных сложных именах указывает на особое место Тенгри в иерархии языческих божеств. В антропонимах, как в языковых знаках, сохранилась народная память предыдущих эпох. Мы полагаем, что мужские имена *Аллабирде, Аллабиргэн, Аллагол, Ходайбирде, Кудайбакты, Ходайбакты* и т.д. концептуализируют те традиции, которые заложены предками тюрко-татар. Лаская ребенка, нередко называют его «алла биргэн», «алла биргэнем», «алла бабасының улы/кызы» (данный богом, сын/дочь Всевышнего)» – деп өз ойын жеткізеді [3,40]. Қырғыз антропонимикасын зерттеуші Қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған *«Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди»* деген адам есімдері кездеседі дей келе, «Теңизбай журту жөнүндө» деген әңгімесінде үзінді келтіреді: «Бирок балдарын кудулай баштаганда Теңизбай Суумурунга барат. «Мага тектүү жерден жубай таап бериниз?» дейт. Суумурун карындашын күйөөгө берип, калың алып койгондуктан, өз кызын берүүнү макул көрөт. Андан *Алдаберди, Теңирберди, Кудайберди* деген уулдуу болот. Ошентип алты уулдан көбөйүп өзүнчө эл болот» [4, 40]. Өзбек антропонимикасын зерттеуші Э.Бегметов: «Имена, *Тангриберген, Тангриберди, Тангриқұл, Қуаньшибек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств», - деп жазады [5, 18].

Жоғарыда келтірілген қазақ, қырғыз, өзбек, татар тілдеріндегі адам есімдерінің қойылу мағыналары жағынан ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екенін аңғардық. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей.

2) Алланың көркем есімдері. «Алла» культтік сөзі араб тілінен енген. Құран уағызының негізі – Алланы дәріптеу болған. Онда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаһ Тағаланың тоқсан тоғыз есімі бар. Оларды құрмет тұтқандар (қастерлегендер) жұмаққа кіреді. Аллаһ жалғыз. Жалғыздық тек Оған ғана жарасады» деген [6, 9].

«Алла – жалғыз, Алла мәңгілік», «Жаратушы жалғыз – Алла», «Жалғыздық бір Аллаға жарасады» дейміз, бұл когнитивті бірліктердің астарында үлкен мән жатыр, егер адам баласына қатысты айтылғанда, адам баласына жалғыздық жараспайтынын, жалғыздық тек Аллаға жарасатынын түсіндіреді.

Алла жалғыз болғанымен, оның, яғни *Алланың 99 «Көркем есімдері»* мен оның түрлі фонетикалық варианттары бар. Араб тіліндегі «Асмаул-Хусна» деген ұғым «Ең жақсы есімдер» немесе «Көркем есімдер» деген мағына береді. Араб ғалымдары табиғаты мен болмысына байланысты оның сипаттарын ажыратады. Негізгісі – жиырма, оның ішінде жетеуі «кауния» – болмыс сипаттар [7, 16]. Ал «Көркем есімдері» – осы сипаттардың атауы. «Құран-Кәрімде» бұл есімдердің барлығы бір жерде кездеспейді. Сүренің аяттарында *әр-Рахман, әр-Рахим, әл-Мәлік, әл-Құддус, әл-Салам, әл-Мумин, әл-Мухаймин, әл-Азиз, әл-Жаппар, әл-Мутәкәббир, әл-Халиқ, әл-Бари, әл-Мусаууир, әл-Ғаффар, әл-Қаһһар, әл-Уәһһаб, әл-Раззан, әл-Фәттаһ, әл-Алийм, әл-Қабиз, әл-Басыт, әл-Хафиз, әл-Рафиг, әл-Муғьызу, әл-Музиллу, әс-Сәмиғ, әл-Басир, әл-Хакам, әл-Адл, әл-Ләтиф, әл-Хабир, әл-Хәлим, әл-Азим, әл-Ғафур, әл-Шәкур, әл-Алий, әл-Кәбир, әл-Хафиз, әл-Муқит, әл-Хасиб, әл-Жәлил, әл-Кәрим, әр-Рақиб, әл-Мужиб, әл-Уасиг, әл-Хәким*, т.б. есімдер айтылады.

Алла тағаланың ұлық деген **99 (тоқсан тоғыз)** аты бар. Біз Алланың «Көркем есімдерінің» тілімізде кісі есімі ретінде жиі қолданып жүргеніне көп мән бере бермейміз. Алланың тоқсан тоғыз есімінің ең құрметтісі – ар-Рахману, ар-Рахиму атты есімдер. Рахман Алланың шексіз мейірім, шапағат иесі екенін білдірсе, Рахим іс жүзінде көмек, рақым жасаушы екенін көрсетеді. Мысалы, *әл-Рахман – мейірімді: Рахман/Рақым, Рақымжан, Рақманқұл; әл-Рахим рақымды: Рақым/Рахым, Әбдірахым, Рахима (әйел есімі); әл-Малик – бүкіл жаратылыстың иесі: Мәлік, Мәлікбай; әл-Халиқ – жаратушы: Халық, Халықберген, Әбдіхалық; әл-Қадир – құдіретті: Қадыр, Әбдіқадыр, Қадыржан, Қадырбек, Қадырқұл; әл-Хафиз - барша нәрсені сақтап тұрушы: Хафиз/Қапиз, Хафиза/Қапиза; әл-Муқит - материалдық және рухани рызықтарды жаратып, оларға иелік жасаушы: Муқит/Мухит; әл-Жәлил – күш-қуат және барша сипаттарында ұлықтық иесі: Жәлел/Жалел; әл-Кәрим – пенделері сұраса да, сұрамаса да сыйлық көрсетуші және сыйлық беруші: Кәрим/Кәрім, Жомарт; әл-Хәким - бүкіл хикметтің, әрі үкімнің иесі: Хәким/Хәкім, Әкімжан, т.б.*

Алла сөзінің көркем есімдерінің де алдына «Абд» яғни «пенде», «құл» деген сөзді, кейде Алла сөзінен соң «Абд» яғни «пенде», «құл» деген сөзді қосып адамдарға есім етіп қоюға болады. Мысалы, *Абдулла, Абдуррахман, Абдуррахим, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппарқұл* деген сияқты.

Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) балаларға ат қою туралы сұралғанда, ол: «Есімдердің ең абзалдары – Аллаһтың көркем есімдеріне «Абд» сөзін қосып құралған есімдер» деген болатын.

3) Пайғамбарлар есімі: *Мұхаммед, Дәуіт, Мұса, Сүлеймен, Адам, Ыдырыс, Ибраһим, Ысқақ, Юсуф, Ілияс, Яха, Фиса, Әмина, Хадиша, Фатима*, т.б. Мысалы, Төрт тірі немесе төрт пайғамбар тірі, олар: *Иса, Ыдырыс, Қыдыр, Ілияс*. Дәл осындай ұқсастықтар түркі-татар халықтарында пайғамбарлар мен әулиелер есімінде кездеседі: *Габдулла, Ибраһим, Кәрим, Әмир, Мөхәммәт, Рамазан, Гомәр, Ислам, Әхмәт, Кәримә, Әминә, Хәдичә, Фатыйма*, т.б. Пайғамбарлар өте көп. Нақ санын Алла біледі. Құран Кәрімде пайғамбарлардың жиырма бесінің есімі аталады. Олар: Тұңғыш пайғамбар, *Адам* (аләһһиссәлләм), *Ыдырыс, Нұх, Гуд, Салих, Лұт, Ибраһим, Исмайл, Ысқақ, Яқуб, Юсуф, Зүлқифіл, Шұғайыб, Һарун, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Әйюб, Юнус, Ілияс, Әлһасә, Зәкәрия, Яхия, Иса*, соңғысы, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм).

Қорыта келе, Культ концептісінің маңыздылығы анықталып, араб-парсы тілдерінен енген «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік лексемалардан туындаған антропонимдердің әлемнің тілдік бейнесінде зерттелуі ғылымда кең тараған «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын классикалық үш тақырып бойынша топтастыра келе, «Адам» атты мағыналық макротопқа жататын культтік лексемаларды «Кісі аттары» деген тақырыпта үш тақырыпшалар төңірегінде қарастырып, ассоциациялық өрістері ажыратылып топтастырылды. Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің мағыналарында ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екені аңғарылды. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей. Ал өзбек тілінің ономастикалық лексикасынан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік лексемаларымен байланысқан есімдерді кездеспеді.

«Алла» концептісінің семантикалық өрісі «Алла тағала», «Алла құдай», «Қадыр алла» культтік фразалардан тұрады. «Алла тағала», «Алла құдай», «Қадыр алла» фразалары «құдай, жаратқан, жасаған, алла тағала» деген мағынаны білдіреді. Аллаға қатысты қолданылған семантикалық қатарлар неғұрлым кең болып келеді. Діни түсінік бойынша «бүкіл дүниені, адамзатты жаратушы» деген танымдық моделіне айналады. Мысалы, *Алла тағаланың жаратқан ғаламын тамашалап жүрмін. Басқа еш нәрсе маған қажет емес... (Ж.Аймауытов). Жарамазан, жарамазан, Алла-құдай, би рамазан! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жалғызым менің келер ме, Көзімнің жасын көрер ме, Арманда кеткен баламды, Қадыр алла берер ме? («Батырлар жыры»).*

Біз тілдік танымдық мәселені «Құдай», «Алла», «Тәңірі» концептісі төңірегінде төмендегідей дүниетанымдық когнитивтік модельде анықтауға тырысамыз. «Құдай алмады» концептісін үш танымдық модельде көрсетуге болады: 1) өлмеді; 2) құрымады; 3) көзі жоғалмады. ... Көзінді өле-өлгенше бір ашпассың, Мырзанды Жиенқұлдай құдай алмай (Қ.Жұмалиев, Қырдағы күрес). Далаға шығып ақырды, Абысынын шақырды. Ұйқыларың қанбайды, Сендерді құдай алмайды ... (Қаракерей Қабанбай). Алайда, «Құдай алмады» концептісіне тән басты ерекшелік өкініш білдіру, мұнаю, ішкі назын білдіру.

Құдай, Алла, Тәңірі культтік сөздер мақал-мәтелдер де кездеседі. Сондай-ақ, қазақ тілінде: *Құдай өзі бермейді, Біреудікің біреуге ауыстырып береді; Көп қайда болса, құдай сонда; Алла бермегенді молда да бермейді; Күштіде тәңірі жоқ.* Түрікше: «*Allah gumus kariyi kaparsa altin kariyi acar*» – Алла күміс есікті жапса, алтын есікті ашады. *Қарашай-балқар тілінде: «Аллах адамны джарлы этерге тебресе, алгън бурун акъылын алады» – Алла адамды бақытсыз етейін десе, ақылынан адастырады. «Аллах берген да этер, алгън да этер» – Алла өзі береді, өзі алады.*

Культтік лексемалардың бейнелілік компоненттері қазақ, қырғыз тілдік санасында ортақ болып келсе, символикалық бөліктерде әр халықтың танымында өзіндік ерекшеліктері байқалды. «Жаратушы күштер» концептісінің лексикалық бірліктері бойында сан ғасырлар бойы халық тәжірибесінде жинақталған білімдер көрініс тапқан. Бұны түркі халықтарының тарихи сабақтастығынан деп түсінеміз.

Әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 б.
2. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1971. -218 бет.
3. Галиуллина Г.Р. Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте. Казань, 2009.
4. Осмонкулов Ж. Теңізбай жұрту жөнүндө. <http://sanjira.ru/sanjyra126.html>.
5. Бегметов Э. Антропонимика узбекского языка. - Ташкент, 1965 - С. 18.
6. Энциклопедия «Ислам» /Бас ред. Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. -287 бет.
7. Абдул Салам Мухаммад. Бадауи. Асмаул Хусна. -Каир, 1998.

Рысбаева Г.Қ.

Нұр-мұбарак египет ислам мәдениеті университеті, филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а.,

Исаева Ж.Т.

С. Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Тұңғышбаева Ғ.Ж.

С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті, магистр, аға оқытушы

«ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ» ЖӘНЕ «АҚ САРЫ БАС ҚҰДАЙЫ БЕРУ» ДӘСТҮРІНІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түйін. Мақалада «Құрбандық шалу» және «Ақ сары бас құдайы беру» дәстүрінің тілдік және танымдық сипаты жайлы сөз болады. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің халық өмірімен, халықтың ұлттық-мәдени менталитетімен байланыстылығын «Құрбандық шалу» және «Ақ сары бас құдайы беру» ғұрыптық дәстүрге қатысты қарастырылады.

Резюме. В статье рассказывается о лингвистическом и когнитивном характере традиции «Құрбандық шалу» и «Ақ сары бас құдайы беру». Отношения между языком и народно-культурной ментальностью людей обсуждаются в связи с традициями «Құрбандық шалу» и «Ақ сары бас құдайы беру».

Summary. The article describes the linguistic and cognitive character of the tradition of «Құрбандық shalu and ak sary bass құдайы беру». Relations between the language and the people's cultural mentality of people are discussed in connection with the traditions of "Құрбандық shalu" and "Ақ сары бас құдайы беру".

Қоршаған дүниені бейнелей отырып, әр адам жеке сөздер арқылы таным нәтижесін тілдік моделі немесе үлгісі арқылы көрсетеді. Біздің ойлау мен тілегіміз, наным-сенім, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлеріміз, танымымыз бен түсінігіміз, қоршаған ортаға деген көзқарасымыз, жалпы алғанда ұлттық психологиямыз тілде когнитивтік модель ретіндегі тілдік символдар мен концептілерде көрініс табатыны белгілі. Қазіргі таңда қоршаған орта, әлем, дүние туралы барлық мағлұматтар халықтың сан ғасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер яғни мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, қанатты сөздер арқылы сақталып, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлемнің тілдегі бейнесі жаңарып та, толығып та отырады. Әр ұлттың өз әлемдік бейнесі бар, себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынастың құралы ғана емес, тіл бүкіл этностың рухани және мәдени айнасы.

Тіліміздегі тұрақты тіркестердің халық өмірімен, халықтың ұлттық-мәдени менталитетімен байланыстылығын «Құрбандық шалу» және «Ақ сары бас құдайы беру» ғұрыптық дәстүрге қатысты қарастырамыз. Түркі халықтарындағы құрбандық шалудың алғашқы шығу мәні ислам дінінің құрбан айт мейрамын өткізумен байланысты болған. Оның мәнісі тәңірге құлшылық ету, тәңірден сұрау. Ертедегі сақтар «Күн тәңіріне» арнап жылқы құрбандық шалса, көне түркілер аспандағы «Көк тәңірге», қазақтар «ата-бабалар аруағына» атап құрбандық шалған. Мәселен, ертеде андроновтықтар арасында үй салу дәстүрі құрбандық шалудан басталған. Құрбандыққа сүт толы ыдыстар әкелініп, бұқа не бағлан шылынған. Сүт ішіліп, ет желініп болған соң, құмыралар мен сүйектер болашақ үйдің ошағының басына, оның тірілуінің, табалдырығының астына көмілген. Үй шатырын орнатар кезде оның жоғарғы өрлігіне құрбандыққа шалынған малдың қанын шашып, той-томалақ жасаған. Үйдің басты тіреу бағаны адамдардың көк аспанмен байланысын бейнелеген. Мерекелерде үйді гүлмен безендірген. Неке тойларында тас тіреу жанында жас күйеу мен қалыңдық отырған. Жай күндері бұл құрметті орында ақсақалдар отыратын болған.

Құрбандық шалу, ас беру дәстүрі өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне арналып жасалған дәстүр. Мұсылман елінің ең басты әрі қасиетті тойы әрі мейрамы – Құрбан айтында Мұхамбеттің әр үмбеті дін құрметіне, аруақтарға бағыштап мал сойып, құрбандық шалады. Құрбан Айт - мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол Ораза Айттан 70 күн өткеннен кейін басталып, 3 күн жалғасады. Мұсылмандар үшін Құрбан Айттың бірінші күні маңызды болып саналады. Құрбан Айт күні ертерек тұрып, ғұсыл дәретін алып, таза киім киіп, көшеде жолыққан адамдарға ашық жарқын жүзбен сәлем беру, намазға бара жатқанда тәкбір айту, құрбан етімен ауыз ашу - Әзірет Мұхаммед Пайғамбарымыздың сүннеті. Айт күндері әрбір мұсылман ата-бабаларының басына барып құран оқиды, аруағына бағыштап, мал сояды. Құрбан араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіреді, ал діни мағынасы - Алланың ризашылығына жақындау, бөлену ниетімен Құрбан Айт күндері шалынатын арнайы мал. Айт күні құрбан шалып, Алла Тағаланың мейіріміне

жақындаған құлдары бір-біріне тілектер айтысып, дәм татысады. Құрбандық мал айт намазынан кейін шалынады. Татулық пен береке-бірлікте болуды дәріптейтін, әрі адамзаттарды биік те ұлы мақсаттарға шақыратын Ислам діні ұлық мерекесінің жалпы халықтық сипат алуы заңды. Мерекеге жамағаттың ең алдымен дене мүшесін тазалап, дәрет алып, мешіттерге барып айт намазын оқумен басталады. Оның тағы бір маңыздылығы - Құрбан шалу ғибадаты. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Намаз оқы және құрбан шал» - деп бұйырып, осы ғибадаттың орындалуы керектігін міндеттесе, Алланың елшісі Пайғамбарымыз «Адам баласы Құрбан Айт күнінде құрбан шалып, қан ағызудан сүйікті басқа іспен Алла Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамып, Алла Тағаланың құзырында үлкен дәрежеге жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалындар» - деген.

Алғаш құрбандық шалу дәстүрі ислам тарихында өз ұлы Исмаилды Алла ризалығы үшін құрбан етпек болған Ибраһим пайғамбарға байланысты шыққан. Алла оған сүйікті ұлы Исмаилды құрбандыққа шалуға бұйырған. Мұны әке де, бала да құп алған. Алла үшін рахым жасап, жұмақтан көк қошқар түсіріп, ол құрбандыққа шалынады. Құрбандық шалу ғұрпы сол заманнан бастап сақталып келеді. Бұл да мұсылмандықтың басты бір парызы. Әрбір пенде өзінің Алла тағалаға рухани да, дүниелік те жақындығын яғни қалтқысыз адалдығын көрсету үшін белгілі бір уақытта аты аталып шалынатын мал құрбандық мал делінеді. Құрбан айт кезіндегі құрбандық үшін малдың үш түрін: түйе, сиыр, қой не болмаса ешкі союға болады. Басқа жануарлар қолданылмайды. Ауру, соқыр мал құрбандыққа шалынбайды. Құрбандыққа қой мен ешкінің бір жасқа толғаны, түйенің бес, сиыр мен өгіздің екі жастағысы сойылады. Бұлардың дене мүшелері сау болуы шарт. Құрбандық етінің үштен бірі отбасына қалдырылады, екінші жартысы тұрмысы нашар ағайын-туысқа, үшінші бөлігі кедей-кепшікке, кемтар адамдарға, құрбан шалмағандарға таратылады.

Құрбандық шалу, құрбандық беру өлген адамға ас беру дәстүрімен де байланысты. Өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрбандық берілетіндігі туралы Х.А.Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты еңбегінде: «Адамның өлген күнінен бастап орындалатын дәстүрлердің ерекшелігіне тоқтала келе, ас беру дәстүрінің шығу тегі туралы «ас беру өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрбандық жасау арқылы өлілердің қалған ұрпағын жебеп, қысылғанда сүйеу болып жүреді деген ұғымнан туған. Ежелгі дәстүр бойынша, ат жалын тартып мінген жігіттен бастап, «пайғамбар жасына» (63 жас) жетпеген кісіге ас бермеген. Ас беру ел билеген атакты қария ақсақалдарға арналған және үш, бес, жеті, тоғыз, он екі, отыз, қырық жылдан соң да ас берілген» делінген [1;131]. Ал, Г.П.Снесаревтің Хорезм өзбектерінің құрбандық шалу мерзімдерінің түркі тілдес халықтармен ұқсастығы туралы: «Кормление умерших (их души) путем поминальной трапезы (при которой пищу съедают живые сородичи) относится уже к области символики и, несомненно, пришло на смену обычаю, при которых кормление умерших происходило весьма реально. О том, что оно в прошлом существовало, говорят, многие остаточные явления в похоронно-поминальной обрядности тех же народов Средней Азии: и оставление еды на могилах, и специальные отверстия могильного холма, через которые можно периодически снабжать умершего едой и питьем, и устраиваемые с целью скопления воды особые лунки на надгробии (казахи), ...и богатый материал археологических раскопок» деген пікірі айтылады [2;123]. Ас беру дәстүрі қазақ халқының ертеден келе жатқан ең үлкен тойы. Бұл – дүниеден өткен ең белгілі адамдардың жылы толғанда оған жасалатын ақырғы зор құрмет және ұлы жиын, бас қосу. Ас беру дәстүрінің ежелгі ғұн, сақ заманында болғандығы туралы маңызды деректер Ә.Х.Марғұланнның «Ежелгі жыр аңыздар», «Шоқан және Манас» еңбектері мен «Қоқыт туралы жазбалар» мақаласында бар. Ғұндардың әдет-ғұрпы, тұрмысы, рухани салты қазақтардікімен бірдей. Қазақ сияқты олар да ата рухын қадірлеген. Атаның басына тастан, ағаштан, балшықтан кешене тұрғызып, оған ас беру дәстүрін шығарған» – дейді ғалым. Ас беру дәстүрінің барлығы кейіннен қазақ халқының негізін құраған оғыз, қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, қалаш, найман-жағмауыттар, керейлер, т.б. тайпалар өмірінде кең орын алғандығын жазады [3,40]. Археолог А.Ақышев өз зерттеуінде қорықтар, обалар, ескерткіштерге қарап, онда құрбандық шалып, ас беру кезінде түрлі діни әдет-ғұрыптар болғандығын жазады. Ол өз еңбегінде «Патшалардың үлкен Бесшатыр обалары орналасқан жер жүздеген жылдар бойы қасиетті деп саналған, сондай-ақ, жұрт осында келіп түнеген, құрбандық шалған, ас беріп, неше түрлі діни жоралар (әдет-ғұрыптар) жасалып, тәу еткен. Осындай діни әдет-ғұрыптар жасалған жерлерге үлкен құлыптастар және үлкен тастардан қорықтар жасалып, белгіленген. Бесшатыр молаларының жан-жағынан салынған осындай құрылыстар діни әдет-ғұрыптар мен діни салттық мағынадағы ескерткіштер болып саналады» деп тұжырым жасайды [4;38]. Демек, Ислам сенімі бойынша, құрбан айт мұсылмандарда сақталып қалғанымен, жалпы адам баласына ортақ мейрам. Себебі бұл күні Ибраһим және Исмаил пайғамбарлардың ғибратты өмірі

арқылы адамды құрбандыққа шалуға болмайтындығы Алладан аян болып, оны нақақ өлімнен құтқарған күн. Бұл хикая қазақ дәстүрлі қауымында қисса түрінде кең таралып, ата-ана мен бала арасындағы махабаттың, өзара құрметтің үлгісі болған. Халық құрбан айт күні мұсылмандар үйінің есігі айқара ашулы, дастарқаны жаюлы болуы тиіс деп білген.

Тілімізде «*құрбандық шалды*», «*құдайына ақ сарбасын айтты*», «*құдайына ақ сарбасын шалды*» немесе «*ақсарбас шалды*» деген тіркестер мәнделс, лексикалық мағыналары бірдей.

Алла атымен айтқан құдайысы «*ақсарбас*» деп аталады. Бұл ырым осы күндерде де қолданылады. Адамның қауіп-қатерге ұшырағанда, ауырғанда, жаны қысылғанда алла атымен айтқан құдайысы. Мұндай жағдайда ұшыраған адам «*Ақсарбас*» деп үш рет айтуы керек. Аман қалған кісі осыдан кейін ел-жұртты шақырып, құдайы береді. Құдайы жолына «*ақсарбас*» немесе «*бозқасқаны*» құрбандыққа шалу дәстүрі болған. «*Құдайыға*» мал сойып, көпшіліктің батасын алады. Сол сияқты түсі ақ малдың (әсіресе қой, жылқы) культтік рөлі көптеген түркі халықтарының салт-дәстүрі мен ырым-жораларында көрініс беріп отырады. *Ақсарбастың* үш түрі бар: бозқасқа, көкқасақа, және қызылқасқа. *Бозқасқа* десе – қой, *көкқасқа* десе – жылқы, *қызылқасқа* десе – сиыр сойылып құдайы беріліп көпшіліктің батасын алады. Жақсылық тілеген кезде «*ақсарбас*» қой сояды. Ақсарбас, ақ, қызыл қойларды қасиетті деп санайды. Ал қара қойды қонаққа, сыйға соймайды. Ерулікке де қара қой апармайды. Аллаға жалбарынған кезде ақсарбас қой сойылып, құрбандық шалуға пайдаланады. Бұл ырым осы күндерде де қолданылады.

Мынадай тіркестер: «*құдайға ақ сары басын шалды (атады)*»; «*құдайға боз қасқа, ақ сары бас шалды*»; «*боз қасқа шалды*»; «*ай тұяқты боз қасқа шалды*»; «*қорасанға қой айтты*», т.б. пайда болған. Оған мына тілдік деректер мысал бола алады: «*Құдай-ай*», «*Пірім-ай!*» бұл не деген заман болды! «*Алла-ай!*» «*Ақсары бас!*», «*Ой, алла-ай, боз қасқа!*» деп қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған /С.Сейфуллин/. Ханның көз нұры суалған шақта, күндердің бір күнінде ханша құрсақты болып... бір қыз тауыпты... *Ай тұяқты боз қасқа шалып*, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты /Т.Ахтанов/. Әулиеге ат айтып, *Қорасанға қой айтып*, Артынан қуып келіпті, Өлгенде көрген шешесі /«Қыз Жібек»/.

Ақ сары бас құдайы – береке, бақыт үшін берілетін садаққа, құрбандық. Мысалы, Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап түн ұйқысын төрт бөліп, *құдайына ақ сары басын айтады*... Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау, – деді /М.Әуезов/.

«*Құдайға ақ сары басын шалды*» немесе «*Құдайға боз қасқа, ақ сары бас шалды*» – 1. құдайдан жалбарынып, сұрау; 2. құдайдан аман қалуын тілеу; 3. көпшіліктің батасын алу деген мағынада. Діни наным-сенім бойынша қауіп-қатерден, кездейсоқ апаттан аман қалғанда, қатты аурудан аман қалған кезде құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр. Құдайыға төрт түлік малдың бірін құрбандыққа шалады.

«*Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды*» немесе «*Мойнына бұршақ салып тілеген*» – 1. Құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. 2. Арқанға, көгенге байланысты айтылған. Қойды қосақтау үшін «қосақ арқан» пайдаланады, арқанды қойдың жүнінен, қылшықты орап істейді. Қосақ арқанды аттамайды. Басқа арқандармен қой қосақтамайды, ырымдайды. Көгенді қойдың жүнінен еседі, малға жұмсақ болады деп. Көгенге «бұршақ» түйіп пайдаланады, *жалғыз бұршақты салып, мойнына тілеу тілейді*. «*Құдайдан ақ сарбас айттып тіледі*», «*Құдайына ақ сарбасын айтты*» – тәңірді атап мал садақа берді дегенді білдірсе, «*Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды*» – құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. Мысалы, Ұрқия жатса да, тұрса да *құдайдан* бала сұрайды, бақсы-балгерге қаратқан, қожамолдаларға үшкірткен, әулие тасқа әлем байлап түнеген, құдайы садақасын да талай берген, *мойнына бұршақ салып тілеген*, сонда да әлі бала жоқ /Ж.Аймауытов/. Жамал қыз ед, қыздың шолпан жұлдызы ед, Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед. *Бұршақ салып тілеп алған құдайдан*, Есекеңнің ұл қып сүйген бір қызы ед /І.Жансүгіров, Шығ./.

«*Құдайына ақ сарбасын айтты*», «*құдайына ақ сарбасын шалды*» деген тіркестермен қатар *құдайы, садақа, құдайы берді* деген құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр де мағыналас, мәнделс тіркестер. «*Құдайы*» немесе «*құдайы берді*» – наным-сенім бойынша қауіп-қатерден, кездейсоқ апаттан аман қалғанда, қатты аурудан аман қалған кезде құдай жолына берілетін діни ғұрыптық дәстүр, яғни қайыр-садақа /ас, тағам, киім, ақша, т.б. «Құдайына» мал сойып, көпшіліктің батасын алады. *Құдайыға* кісілер бір малды құрбандыққа шалып, етін таратып береді. Немесе мал сойып, ауыл адамдарын құдайы тамаққа шақырады. Келген адамдар құран оқып, ізгі тілек, баталарын беріседі. Кейде шай қайнатып, жеті күлше нан пісіріп те құдайыға шақырады. Кейбір жерде жағымсыз түс көрсе де жеті күлше құдайы таратады. Мысалы, – Әжем мана атамның аулына *құдайыға* кетіп еді, келіп қалар /Н.Серәлиев/. *Құдайыға* бір қой сойып, үйге сыйғанынша бәрін

шакыр, бакүлдасайын /Б.Нүржекеев/. Ал, *құдайы берді, құдайы қылды* дегендер – құдайы деп атап, садақа берді; құдайы ас таратты деген мағынада. Мысалы, Құдая тоба, жеткерді деген осы, тіл-сұқтан аман қыла гөр! – деп, бір малын сойып *құдайы берген-ді* /Б.Тоғысбаев/. Ақ Айман әлде айла, ақыл тапты, көңілімді алпыс күнге жабырқатты. Айманға аман-есен жолықтырса, шалар ем *құдайы қып* кара ала атты /«Айман-Шолпан»/. *Құдайы берді, құдайы қылды* деген бейтарап мәнді тіркестердің эмоционалдық-экспрессивтік бояулары алғыс және қарғыс мәнді тіркестерден әлдеқайда солғын, сезім күйге әсері біршама төмен болады.

Тұлдау салты. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қырғыздар мен қазақтар жөніндегі жазба деректерде өлген адамның символикалық бейнесі «тұлдау» салты туралы деректер көптеп кездеседі. Қалыптасқан дәстүр бойынша, тұлдау ер-азаматтарға қатысты орындалады. Қайтыс болған ер адамның мінген атының жал-құйрығын кесіп (күзеп емес) «жануар, о дүниедегі иенің жолына құрбандыққа шалын» деп бос жібереді. Ол ат мінілмейді, иесінің жылына сойылады. Мұндай жылқыны «тұл ат» дейді. Сол сияқты қайтыс болған адамның киімдерін астарын сыртына қаратып іледі. Ер-тоқымын ешкім пайдаланбайды. Марқұмның жылы өткеннен кейін, киімдері оңына қаратылады, ер тұрманын пайдалануға болады. Мұндай дәстүрде «тұл аудару» дейді. Бұған марқұмның жақындары, құдандалы адамдары қатысады. Құран оқылады, бата беріледі [5, 125].

Тұл сөзінің қазақ тілі материалдық лексикасында этимологиясы, мен мағынасы жөнінде этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісов былай деп жазады: «Тұл сөзі көптеген түркі тілдерінде «жесір» мағынасында» белгілі. «Қайтыс болған күйеуінің бейнесі, күйеуін жоқтау, жесір, жетім, қой мен сиырдың тууындағы ауырсыну, сыртқы кейіп» мағынасындағы тұл - тұл - тұлу - тулы - тол - дул сөздерінің «қайғыны білдіру» мағынасындағы тұлда-тулла, «қайғыру, қайғы-лы кейіпті қабылдау» мағынасындағы тұлдан-тулдан, «бүтіндей сыпырып алынған өлген бұзаудың терісі, тон, тері қап» мағынасындағы тұлып - тулуп - толып - тулық - тулум - тулам-талап, «толғақ-тулғақ-толгоқ, бәрі, барлық, сыртқы тұлға» мағынасындағы «тұл - тұла - тула - толо - тола - тулу - тал (бойы) толай - тулай - тулайы - толайым сөздерінің гомогендігі еш күмән туғызбайды» [6, 65]. Демек, **тұл** сөзі ер азаматы қайтыс болған әйелге қатысты айтылған. Осы лексеманың тірек болуынан тіліміздегі *тұлдау, тұл ат, тұл аудару, тұл жетім, тұл отау, тұл ер* тәрізді сөз тіркестері өрбіген, иесіз, үй иесі жоқ, қорғансыз деп есептелінген.

Садақа (парсыша садаге, түркіше садакат, «шын ықыласпен сыйлау») немесе қайыр садақа. Жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің үй-ішінің амандығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр садақа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. «Садақа берсеңдер – құдайға құлшылық етіп, ешқайда шықпайтын, алыстан ешқайда бара алмайтын жоқ-жітікке беріңдер» («Құран кәрім»). Садақа Құранда көрсетілген ереже бойынша таратылады [7;151]. Мүмкіндігі барлардың барлығы да садақа беруге міндетті. Бұл парыз тобына жатады. Садақа – жетім-жесірге, қаріп-қасерлерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің үй-ішінің амандығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр садақа беру әр мұсылман баласы үшін міндетті болып саналады. Садақаны басқа біреуге өздері қайыр садақа бере алмайтын адамдар ғана алуы керек, басқаша жағдайда ол зорлық деп табылып, жауапқа тартылады. Садақаның мынадай түрлері бар: қайрымдылық түріндегі садақа, күнәсін жуу түріндегі садақа, басқаша сөзбен айтқанда, қайрымдылық мақсаттарына жұмсалатын айып ақы; дәулетті адамдардың өз табыстарын мүсәпірлерге бөлетін қаржы түріндегі садақа. Алғашқы екі жағдайда садақа ақша, азық-түлік, киім-кешек, көмек көрсету және тұрғын жай беру, қарызын және алған міндеттемесін кешу т.б. түрінде болуы мүмкін.

Ал, *пітір* – ислам дініндегі адамдар беретін садақалардың бір түрі. Пітір садақа – жыл сайын ораза, айт кезінде мешітке арнайы апарып, әр адам ата-бабаларына, т.б. аруақтарға бағыштап құран оқытып берілетін садақасының бір түрі. Пітірді мұсылмандар түрлі себептермен ораза ұстамағаны үшін, ораза ұстаған адамның өзі немесе басқа біреу арқылы ақшалай не заттай мешітке, дінбасыларына тапсырады [7;146]. Пітір беру тек діншілдік емес, ол тірілердің аруақтарға деген құрметі.

Құдайға құлшылық ету, табыну ислам дінінде 2 бөлімнен тұрады: 1. Міндетті түрде орындауға тиісті шаралар: бұған бес парыз: *иман* (иман немесе Құдайдың бірлігі мен Мұхаммедтің пайғамбарлық қасиетін мойындау) *намаз оқу; ораза тұту; зекет беру; қажылыққа бару* жатады. Шариғат бойынша бұл парыздарды мұсылмандар бұлжытпай, мерзімінде орындап тұруға тиіс. Діни уағыз бойынша «құдай-тағаланың әмірін орындап, құлшылық еткендер», яғни намаз оқып, ораза ұстап, қайыр-садақа бергендер ғана «жұмақтың» төрінен орын алады да, ал оларды орындамағандар «тозаққа» барады. Дін иелері, молда-ишандар діни парыздарды, әдет-ғұрыптар мен мейрамдарды

дінге сенушілердің мүлтіксіз орындап отыруын талап етеді. 2. Ерікті түрде орындалатын шаралар жатады. Олар уәжіп, сүннет, Мұстахб, Мухаб, Нәпіл. Соңғы үшеуі қазақтың арасында тарамаған.

Ислам дінінің тілімізге, салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрыптарымызға ықпал етуі бүгінгі дейін жалғасып келеді. Мысалы: *құдайға құлшылық ету, табыну, құрбандық шалу, ораза ұстау, азан айту, садақа беру, намаз оқу, қажылыққа бару, құрсақ шашу, бесікке салу, сүндеттеу, өлі-тірі тарату, бата жасау, жұмаққа кіру, тозақтан құтқару, ас беру дәстүрі, жаназаны шығару, сүйекке кіру, киім беру, аманат қою, топырақ салу, көңіл айту дәстүрі, жоқтау дәстүрі, т.б.*

Тілімізде жиі қоланылатын рухани-діни лексемалар, когнитивтік бірліктер де дүниетанымдық информациялар айқын беріліп отырады. Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктерін, халықтық дүниетаным көрінісін түрлі тілдік фактілер арқылы қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен алғанда, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Халықтық дүниетаным көрінісі мен салт-дәстүрі тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Сонымен *Құрбандық шалу, құрбандық беру* өлген адамға ас беру дәстүрімен де байланысты. Өлген адамның ана дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрбандық берілетіндігі, *құрбандық шалу, құдайына ақ сарбасын айту, құдайына ақ сарбасын шалу, ақсарбас айту, құдайдан мойнына бұршақ салып сұру (тілеу) және садақа, пітір, құдайы сияқты сөздер мен сөз тіркестері құдайға құлшылық ету, құдайдан сұрау, жалыну, жалбарыну, сыйыну, табыну, тілек тілеу мәніне қатысты қалыптасқан қазақы дүниетанымның тілдегі көріністері. Садақа сөзінің мәніне орай «Жеті нан құдайы» – «Жеті тиын садақа» деген фразалар айтылса, құрбандық шалғанда «құрбандық қабыл болсын», «аруаққа бағыштадым», «аруақтың батасы тие берсін» деген тілек мәнді тіркестер айтылады.*

Әдебиеттер:

1. *Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке /тарихи-этнографиялық шолу/. – Алматы, Ғылым. 1973. -267-б.*
2. *Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 336 с.*
3. *Марғұлан Ә. Қорқыт туралы жазбалар //Қазақ әдебиеті. 1982. №46.; Шоқан және Манас. А., 1971.*
4. *Ақышев А.К. Ертедегі ескерткіштер елесі. – Алматы, 1976.*
5. *Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. -Алматы: Санат, 1998. -256 б.*
6. *Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. -Алма-Ата, 1989. -288 с.*
7. *Энциклопедия «Ислам» /Бас ред. Р.Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. -287 бет.*

Тілеуова Ақмоншак Зархомқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасы
e-mail: tleuovaaz@mail.ru

ҚАЗАҚ ФАНТАСТИКАСЫНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

***Түйін.** Мақалада қазақ фантастикасының жастар тәрбиесіндегі маңызы баяндалады. Қазақ фантастикасын дамыту, оны жаңа тақырыптармен, ұшқыр идеялармен байыту - бүгінгі таңда аса өзекті мәселелердің бірі. Жалпы фантастикада жастарды жаңалық ашуға ұмтылдыратын басты нышандар арман, қиял, елес бар. Мақалада фантастиканың адамзат болашағына, қоғам дамуына ықпалы да сөз болады.*

***Резюме.** В статье излагаются материалы о значении казахской фантастики в воспитании молодежи. В современный период одним из актуальных проблем является развитие казахской фантастики, обогащение её новыми темами, высокими идеями. В целом, в фантастике присутствует мечта, видение, фантазия в виде основных символов, которые мотивирует молодежь на новые открытия. В статье затрагиваются вопросы влияния фантастики на будущее человечества, на развитие общества.*

***Summary.** The article contains materials on the significance of Kazakh science fiction in the education of young people. In the modern period, one of the topical problems is the development of Kazakh science fiction, enrichment with new topics, high ideas. In general, fantasy has a dream, a vision, a fantasy in the form of the main symbols that motivate young people to discover new things. The article touches upon the issues of the influence of fiction on the future of mankind, on the development of society.*

Елбасымыз «...Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт, ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында» [1], - деген болатын. Расында да, қазіргі қоғам шығармашыл әрі заманның талабына тез ілесетін мамандарды қажет етіп отыр.

Ауылда өлең шығарып, айтып жүретін Бейімбеттің қолына «Айқап» журналының түсуі сөз жоқ оның творчасында бетбұрыс жасады. Онда «Айқап» журналының беттерінен М. Сералиннің, С. Торайғыровтың, С. Дөнентаевтың мақалаларын, көркем туындыларын оқу үлкен әсер етеді. Кейіннен өзі осы журналдың авторы болады, өлең, әңгіме, фельетон, сын және тағы басқа мақалалары алғаш «Айқаптың» бетінде жарық көреді. Сөйтіп Б. Майлиннің баспасөз бетін алғаш көрген деп жүрген «Көңіліме» өлеңінен де бұрын жарық көрген журналистік дүниелері бар екенін байқаймыз. «Көңіліме» өлеңі баспасөзде ақындығының бастауы деуіміз жөн сияқты.

1913 жылдан бастап Б. Майлин баспасөзден қол үзбейді. Сол кезден «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке келгенге дейін «Айқаптан» басқа «Қазақ», «Кедей сөзі», «Қазақ тілі», «Бірлік туы», «Ұран» газеттерінің де, «Абай» журналының авторы болып жүреді. Ағайындарының көмегімен ол 1914 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесіне түседі. Онда ол 1914-1915 және 1915-1916 жылдары оқып, денсаулығының нашарлануына байланысты тастап еліне кетеді. «Ғалия» медресесі жоғары білім беретін оқу орны болып есептелінеді. Соған қарағанда Б. Майлин толық емес жоғары білім алған журналист.

Медреседе оқып жүрген кезінде Б. Майлиннің басшылығымен қазақ шәкірттері, қазақтың талантты жас әдебиетшілері «Садақ» атты қолжазба журналын шығарады. Б. Майлин 1915 жылы шыға бастаған осы қолжазба журналдың белсенді ұйымдастырушыларының, шығарушыларының бірі болуымен қатар, ол әрі авторы, әрі редакторы болды. «Садақ» журналы да оның журналистік творчасының алғашқы кезеңін байқатады. Бұл қазақ журналистикасында да елеулі құбылыс [1].

Содан кейінгі кездерде жер-жерлерде әуесқой өнерпаздардың үйірмелері ұйымдастырыла бастап, өнерді жұрт алдына шығару барысында сахна туады да оған қойылатын туындылар қандай болуы керектігі қаламгерлерді толғандырады. Жиырмасыншы жылдарда сахнада ойын-сауық қою қанат жая бастайды. Міне, сол шақта күлкілі комедия да сахнаға шыға бастаған. Әуесқой өнерпаздарға бірден бір көмек берген Б. Майлиннің «Қаламқас», «Алданған» (кейінірек «Бетім-ау, құдағи ғой» деп атаған), «Шаншар молда», «Ауыл мектебі», «Көзілдірік», «Неке қияр», «Қос қақпан», «Жасырын жиылыс», «Келін мен шешей» атты комедияның водевиль түрінде, сықақ-әзіл күлкімен жазылған шағын пьесалары сол кездегі сахнаның қажетіне, көрермендердің көңіл-күйін көтеруге әбден жарады. «Қырық парыз» деген пьесасы Орынбордағы бірінші аймақтық қазақ балаларының коммунасында

қойылғандығы жөнінде «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 11 қаңтардағы санында жазылған. Бейімбет ол комедияларымен баспасөз бетінде ғана емес, сахнасы арқылы да адам мінезі мен жан-дүниесіндегі өрескел қылықтар мен жағымсыз мінездерді, күнделікті өмірдегі кейбір ұнамсыздық пен жат бағыттарды күлкі-қалжыңмен әжуалап сынау қажеттігін өтеген. Кезінде мұндай комедиялардың қажет болғандығы күмәнсіз. Өйткені, бүгінгідей үлкен театр жоқ ол уақытта. Қарымы мол, кең полотнолы күрделі пьесаларды шығаратын профессионал актерлердің де жоқ кезі. Шағын пьесалар қысқа комелиялар ғана қоюға ұтымды, ыңғайлы еді. Осындай жағдайларды ескерген жазушы алғашқы болып шағын сахналарға қалам жәрдемін ұсынған. Онысы бос әурешілдік те емес еді. Оның кішігірім комедияларының өзі сахна өнерін өркендетуге игі әсер етті деп айта аламыз. Б. Майлиннің драматургиясын көп зерттеген ғалым С. Ордалиевтің «Егер қазақ драматургиясында трагедия жанрының тууы М. Әуезовтің творчествосымен байланысты болса, күлкілі комедияның қазақ сахнасына шығуы Бейімбет Майлиннің творчествосына тікелей қатысты» дегені шындыққа саятын, орнымен айтылған тұжырым екендігіне көз жеткіздік[2].

Б. Майлиннің қай жанрда жазса да, өзіндік өрнегі, өзіндік стилі, өзіндік әдісі бар. Очеркті қазақ совет баспасөзіне жанр ретінде алғаш енгізген Б. Майлин. Ол бұл жанрды тереңдетіп оның жаңа түрін жасады. Бейімбет газет, журналдарға «Жолдан», «Елден», «Жазушының қойын дәптерінен» деген рубрикада очерк жазып отырған. Өмірге жақын болу, болғанын, көргенін, естігенін сездіріп отыру оның бір әдісі. Ол жұртты сендіру, иландыру үшін, жазғаны өмірден алынғандығын, жасанды емес екендігін көрсету үшін сол әдісті қолданып, тақырып таңдауға мұқият қарады. Ол Бейімбеттің жазғандарының тақырыптарынан да бірден сезіледі. «Алыптарды аралағанда» жинағы, «Досалыдан бір дастаным» поэмасы, «Ақсуаттың жанында» өлеңі, «Қырманда» повесі, «Көртөректің бауырында», «Колхоз қорасында», «Қызыл әскердің үйі», «Аудан съезінде», «Қысқы ауылда», «Әйет совхозын аралағанда», «Жалтыр көлінің басында», «Қырман үстінде», «Бейсекеңнің үйінде», «Қалекеннің үйінде», «Қорғасын заводында» сияқты әңгіме, очерктері солай аталуының өзі Бейімбеттің басы-қасында болып, көзімен көріп, құлағымен естігенін, өмірде болғанды, болуға лайықтыны жазған реалистігін көрсетеді.

Бейімбет әңгіме, фельетон жазуды да жаңартып, жаңғыртқан журналист. Ал жазған мақалаларында да сауатсыздықты жою, театр, кино өнерінің өрісін кеңейту, мәдениет мұраларын сақтау мәселелері жөнінде проблемалар көтеріп отырды.

Б. Майлиннің журналистігінің бір қыры ұйымдастырушылық қабілетінде, баспасөз жұмысына жетік екендігінде деп білеміз. Ол газет жұмысына өте шапшаң, тапқыр болған, газеттің сан қилы қырлары мен сырларын жетік білген. Ол газеттің әрбір санының мазмұны жағынан, сыртқы түрі жағынан болсын қызықты да мәнерлі болып шығуына ерекше мән бөлген. Бейімбет газеттің техникалық жұмысына да жетік болып, газетті өзі көркемдейді екен [3].

Бейімбет Майлин республикада газет, журнал ұйымдастыруға, шығаруға белсене қатынасқан болатын. Қазақстан орталық жаңа әліп комитетінің журналы «Жаршының» алғашқы номері 1929 жылдың басында шықты. Бірақ, ол жылы журналдың бес номері ғана жарық көрді. Ондада 2-3 және 4-5 номерлері біріктіріліп шығарылды. Журналдың редакторлары да тұрақты болмады. Тек 1930 жылдың апрелінен бастап «Жаршы» уақытында жарық көре бастады. Ол туралы журналдың апрельдегі бірінші санында былай деп жазылған: «Баспаханада жаңа әріп жеткіліксіз болғандықтан «Жаршы» бұл күнге шейін мезгілінде шыға алмай келген еді. Бұдан былай мезгілінде шығып, алдырушыларына уақытында жіберіліп тұрады... Басқарма «журналдың редакторы кім екені жазылмаған, тек шығарушы» редколлегия делінген.

«Жаршының» 1930 жылғы екінші нөмірінде редакторы «Майлы ұлы Бейімбет» деп көрсетілген. Осыдан бастап Бейімбет журналдың ресми редакторы болып қызмет атқарды. Оның тұсында журнал тиражы үш мыңнан бес мыңға артты. 1931 жылы «Жаршының» 10-11-12 номерлері біріктіріліп шығарылды, ал 1932 жылы ол «Балға» атты сын-сықақ журналына айналды.

Б. Майлин «Жаршының» мазмұнды, тартымды болуына көп көңіл бөлді. Бұрын журналдың жалпы және әзіл-қалжың бөлімдері ғана болса, ал Бейімбет оларды көбейтіп, жаңа авторлар тартуға назар аударды.

Журналдың саяси, өндіріс, шаруашылық, мәдениет мәселелері жөнінде жалпы бөлімі, көркем әдебиет, күлкі-сықақ, біздің табыс, білім-техника, жаңа жұмбақ, әзіл-қалжың бөлімдері болды. Журнал беттерінде Қазақстан өміріндегі, жалпы Совет Одағындағы істеліп жатқан ұлы істер, күрделі табыстар үзбей жазылған. Шет мемлекеттерден де хабарлар басылып тұрған. Әсіресе, жаңа әріпке көшу, сауатсыздықты жою, Түрксиб құрылысы, Қарағанды, Қарсақпай кенінің маңыздылығы, болашағы, оны игеру, колхоздастыру жұмысы, ауылшаруашылығын көтеру мәселелеріне мол орын берілген. Түрксиб туралы көп материалдар жарияланған. Мысалы, журналдың 1930 жылғы 2-номері

«Турксиб - ұлт саясатының үлгісі» деген мақаламен ашылған. Мақала теміржолдың Айнабұлақ станциясында түйісуіне арналған.

Осы номерде Қазақстан Комиссарлар Советінің председателі Ораз Исаевтың «Қазақстанды социалдық жолмен қайта құру және Түркістан-Сібір жолы» деген мақаласы жарияланды. Ол темір жолдың мерзімінен бұрын салынғандығын айта келіп, «Бұл жұмысшы табында қайнаған күшті жігер барлығын көрсетеді»-деп жазды. О. Исаев Қазақстанның мол байлығын игеруге темір жолдың жоқтығы боп келгенін, ал Түркістан-Сібір жолының республика үшін маңызы зор екенін әңгімеледі. «Турксиб мәдениет-саясат жағынан да Қазақстанды көп алға бастырғалы отыр»-деді.

«Жаршы» журналының тұрақты авторлары болып, очерк, әңгіме, өлең, мақалаларын жариялап отырғандардың ішінде белгілі жазушылар мен ақындар және журналистер болды. Журнал беттерін аударып отырып дүл-дүл ақын Ілияс Жансүгіровтың, жасы жетпістің белесінен асқан аға ақындарымыздың бірі Жақан Сыздықовтың, Иса Байұзақовтың, Асқар Тоқмағамбетовтың, Бейсембай Кенжебаевтың, Есмағамбет Ысмайыловтың, Әбділдә Тәжібаевтың, Сағыр Қамаловтың, Қалмақан Әбдіқадыровтың, Тайыр Жароковтың, Қажым Жұмаливтың, Сапарғали Бегалиннің әңгімелерін, очерктерін, өлеңдерін және сықақ шығармаларын оқуға болады. Олар өз шығармаларына жаңа өмірді, социализм орнату жолындағы қарқынды еңбекті, қалыптасып келе жатқан жаңа адамды, қоғам дамуында болып жатқан жаңалықтарды арқау етті. «Сықақ дүрбісі» бөлімдегі жарияланған шағын әңгіме, өлеңдерде, қысқа айтылған әзілдер де сәндік қуып, бос сенделушілерді, арақ ішіп, карта ойынына салынушыларды, жұмысқа кешігуші жалқауларды, көп әйел алып, оларға үстемдік жүргізушілерді, молдаларды, ескі әдет-ғұрыпты, ұлтшылдық бағытта жүргендерді өткір сынмен түйреп, күлкі қылады, сол кеселдерден арылуға меңзейді.

Журнал жергілікті ақындарға да орын беріп отырған. Олардың да өлеңдерінің арқауы жер-жердегі орнап жатқан жаңа өмір, колхоз болып бірігу, шаруа еңбегі.

Ақын-жазушылардың, журналистердің көңілін толғап, ойын толқытқан, көкірегіне күмбірлеген күй толтырып, шабыт сезіміне бөлеген негізінен екі нәрсе. Біріншіден, қазақ даласына орнай бастаған, жаңа леп, жаңа өмір ала келген өрелі өндіріс. Оның ішінде ерекше көңілге үйіріліп, тілге тиек болып, өлең жыр тудырған Турксиб темір жолының салынуы мен кен байлықты алуға аттанысты айту керек. Бұл тақырып көптеген мақалаларда айтылуымен бірге, сол кездегі өлең, очерктің арқауы болды.

«Жаршыда» Бейімбеттің өзінің де туындылары жарық көрген.

Оның «Бір-екі-үш, жаңа әріпке түс» деген өлеңі, «Ұшқын», «Қысқы ауылда», «Өліштің пырағы», «Колхоз қорасында», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Бисекеннің үйінде», «Таңба», «Он бес үй» әңгімелері, «Құлап - өлген молда», «Өгіз жарған оңшыл», «Шаянның «шарлатаны» сықақ өлеңдері жарияланды.

«Бір-екі-үш, жаңа әріпке түс» атты өлеңінде Бейімбет арап әріпінен жаңа латын алфавитіне көшуді насихаттайды, жұртты жаңа әріпті үйренуге, оқып санасын көтеруге шақырады. Латын алфавиті оқуға жеңіл деген ой айтады. Сол ойын жалғастырып, Бейімбет «Ұшқын» атты әңгіме жазады. Әңгімеде ол жаңа әріпті танып-үйреніп оқуға талпынған алғашқы семьяны, ерлі-зайыпты адамдардың сауат ашуға құштарлығын үлгі етіп ұсынады [4].

Әдебиеттер:

1. Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлиннің тағдыры мен азаматтығы. Құғын-сүргін қасіреті: сараптамалық зерттеу және талдау мақалалары. Сегіз томдық жинағы. 7 Том – Алматы: Толғанай, 2013. – 53-55 бб.

2. Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлин және ұлттық өнер. Шағын сахнаға көмек. – Алматы: ТОО «Алуа ПК», 1975. – 153-158 бб.

3. Бейісқұлов Т. Майлин – публицист. Азамат – Алматы: КазССР білім қоғамы, 1979. – 4-5 бб.

4. Бейісқұлов Т. Жаршы журналы және Бейімбет. – Алматы: Толғанай, 1975. – 153-158 бб.

BACK-FORMATION IN THE ENGLISH LANGUAGE

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тіліндегі сөздердің кері тәсілмен жасалуы қарастырылады.

Резюме. В этой статье рассматривается обратное словообразование на английском языке.

Summary. This article deals with the back formation in the English language.

Back formation is a way of word formation, in which words are formed by discarding a suffix or an element that looks similar to a suffix. Thus, the verb *to enthuse* is formed from *enthusiasm*, *to legislate* from *a legislator*. It is the way of word-building when a word is formed by dropping the final morpheme to form a new word. It is opposite to suffixation, that is why it is called back formation. At first it appeared in the language as a result of misunderstanding the structure of a borrowed word. Prof. V.Yartseva explains this mistake by the influence of the whole system of the language on separate words. It is typical of English to form nouns denoting the agent of the action by adding the suffix *-er* to a verb stem (*speak- speaker*). So when the French word "beggar" was borrowed into English the final syllable "ar" was pronounced in the same way as the English *-er* and Englishmen formed the verb "to beg" by dropping the end of the noun. Other examples of back formation are: *to accreditate* (from *accreditation*), *to bach* (from *bachelor*), *to collocote* (from *collocation*), *to enthuse* (from *enthusiasm*), *to compute* (from *computer*), *to emote* (from *emotion*) *to reminisce* (from *reminiscence*) , *to televise* (from *television*) etc.

The nonlinearity of reversion, or reverse formation, is expressed primarily in the very relative regularity of the model. Unlike linear models that deploy the original element, reversion, as it were, shortens the base, cutting off what appears to be a suffix. A very important role in this derivational way is played by the analogy - the replacement of the allegedly missing member of a certain pair. Thus, in a series of similar suffixal formations of the type *write-writer*; *work - worker*; *pain-painter* a new pair of *burgle-burglar* appears. The process of word-formation in this pair goes, however, in the opposite direction: from the base of *burglar*, the element realized as a suffix is cut off, and the verb *burgle* appears, by analogy with other pairs of the series (the fact that in this case we are dealing with the reversion process, confirms and the presence in the language of an expression with the same meaning: *commit burglary*). Sometimes the "affix" is cut off from the second base of the compound word, as in *flight-test* from *flight-testing* or *baby-sit* from *baby-sitting*. The effect of a false analogy is particularly clear on the example of the formation of the verb *lase*, where the "affix" being cut off is in fact a part of the abbreviation *laser* (*light amplification of stimulated emission of radiation*). As a result of reversion, as well as as a result of affixation, a derived word appears, because in this process of word-formation one basis is used, and the general model of this method can be represented as a "basis-quasi-affix" [1].

One of the sources of back formation is the folk etymology, in which the borrowed word is erroneously allocated an element (by analogy with the words of the native language), taken as a word-building one. It is known that English has borrowed a large number of foreign words, including those with suffixes. The fall of these suffixes during the functioning of words on English soil is one of the sources of back formation. Known examples are the words *to burgle* from *a burglar*, *to beg* from *a beggar*. As we can notice in cases of back formation the part-of-speech meaning of the primary word is changed, verbs are formed from nouns.

The following models of back formation are distinguished:

- noun with an agent suffix → verb;
- a noun with the suffix *-ing* → verb;
- noun with abstract suffix → verb;
- an adjective with a suffix → a verb;
- an adjective with a suffix → a noun.

Model 1. Verbs can be formed from the names of the doer with the suffixes *-er, -or, -our / -eur, -ar, -ard*. Examples: *broker* → *broke*, *wafter* → *waft*, *hawker* → *hawk*, *butler* → *butle*, *editor* → *edit*, *sculptor* → *sculpt*.

Model 2. The original is a noun with the suffix *-ing*. Examples: *kittling* → *to kittle*; *awning* → *to awn*.

The consideration in this model of the example *Quisling* → *to quisle*, where the noun is a proper name (*Quisling* - the head of the Norwegian fascist party, who during the German occupation of Norway in April 1940 took a leading position in the government formed by the Germans), and the verb means "to act like

Quisling, that is, be a traitor, "is not legitimate, since this case does not belong to a given structural type: the -ing element in the word Quisling is only a coincidence with the English suffix -ing, and this is an image It can be regarded as a case of folk etymology of a foreign language.

In a number of cases, one-root nouns on -er and -ing function in parallel, each of which can be the initial for the formation of the verb. Examples: woolder "rope", woolding "tying with a rope", to woold "tie a broken mast with a rope"; stoker , stoking "furnace ", to stoke "to keep the fire in the oven".

Model 3. The initial words are nouns with the suffixes -ence, -tion, -sion, -is, -y, -ment, -age, -ery. Examples: reminiscence → reminisce, infraction → infract, television → televise, catalysis → catalyze, emplacement → emplace.

Model 4. The starting point is adjectives, examples: luminescent → luminesce, reminiscent → reminisce, frivolous → frivol, peevish → peeve.

Model 5. The adjectives are exemplary, examples: greedy → greed, nasty → nast.

There are also separate (unmodified) cases of back formation, for example: motor → to mote (to go by motor), beauty → beat, honey → hon. In the last two examples, the final sound [I] is obviously taken as a diminutive suffix.

Specifically, we should focus on the role of reverse word formation in the formation of dibasic verbs. The fundamental importance of this model of reverse word formation is that it makes it possible to form dibasic verbs, which in English cannot be formed by the direct addition of the substantive and verbal stem.

An important source of dibasic verbs is also the compound word "noun + participle II" (spoon-fed-to spoon-feed). Such education is usually regarded as an example of back formation. However, this case requires substantial reservations, since here there are two principal differences from the remaining cases of reverse word formation. First, in this case, the word formative is not subtracted, but the inflectional formant -ed, which serves to form participial forms, and in the case of strong verbs nothing is subtracted at all, but the form itself, for example fed-feed, changes. Secondly, as a result of this process, not a new word is formed, but a new grammatical form in the verb system, that is, from the sacrament, an infinitive is formed: spoon-fed → to spoon-feed. In English, a large number of spoon-fed words were the source of the formation of dibasic verbs: hen-pecked → to hen-peck, smoke-dried → to smoke-dry.

This tendency to the formation of dibasic verbs from complex forms of participle II is strong even at the present stage of the development of the English language. However, part of the complex words with the structure of "noun + participle II" does not show the ability to ascend to the infinitive, it is not noted, for example, * to man-make with a very common man-made.

References

1. Уразбаев Қ.Б. *ағылшын тілінің лексикологиясы (English Lexicology)*, Оқу құралы, Түркістан, 2016.
2. *Учебники и сборники упражнений по грамматике английского языка / В.В.Елисеева "Лексикология английского языка"*.
3. *Back-formation, cross-formation, and 'bracketing paradoxes' in paradigmatic morphology* Thomas becker. © Springer Science+Business Media Dordrecht 1993

Пангереев Абат Шамович

филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, e-mail: pan.abat@mail.ru

ШЕРНИЯЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ

Түйін. Мақалада Шернияз Жарылғасұлының ақындық шеберлігі, тіл қолданысы, импровизатор ақын ретіндегі өзіндік сөз өрнегі қарастырылады. Шернияздың арқалы ақын болуымен қатар сауаттылығы негізінде ел ішінде молда атануы, билік жүргізуі жөнінде деректер беріледі. Сонымен бірге Исатай, Махамбет бастаған көтеріліске қатысуы, өзі өмір сүрген дәуірі туралы толғаныстары талданады.

Резюме. В статье рассматривается поэтическое мастерство, языковые словоупотребления, особенности выражений поэта-импровизатора Шернияза Жарылғасұлы. Приведены сведения о том, что Шернияз был известным поэтом, а также был грамотным и властвовал. Вместе с тем анализируются его мысли о своей эпохе и об участии в восстаниях под предводительством Исатая и Махамбета.

Summary. The article deals with poetic mastery, language usage, features of expressions of the poet-improviser Sherniyaz Zharylgasuly. Information is provided that Sherniyaz was a famous poet, and was also literate and dominated. At the same time, his thoughts on his own era and on participation in the uprisings led by Isatay and Makhambet are analyzed.

Шернияз Жарылғасұлының атағы үш жүзге бірдей мәлім. Оның себебі Шернияздың өткір сөзінің, уытты тілінің халық көкірегіндегі айтылмақ ойды дөп басып жырлауында. Әр өлке Шерниязды өзінің ақыны тұтып, оның айтқан сөздерін жаттап айтып, өлеңдерін ауыздан – ауызға таратқан. Шернияздың атағының алысқа кетуі осыдан.

Шернияз 15 жасар шамасынан - ақ кішкене ділмар шері атанады. Сол он бес шамасында Шернияз адайдың атақты ақыны домбырашы Абылмен кездеседі. Абыл кіші жүз елін аралап жүріп, кете еліне келеді. Осы кезден бастап Шернияз Абылды ұстаз тұтып, қасына ереді.

Шернияз ел ісіне де белсене араласады. Исатай Тайманов бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісіне қатысады. Исатай-Махамбет көтерілісінің ұраншысының біріне айналады. Нұртуған ақынның айтуынша, Жаман жыраудың аузынан жазылып алынған бір мәліметте: «Ақкете Шернияз жиырмаға келгенде Исатайдың дабысына құмартып, сонымен таныс болуға әдейі іздеп барыпты» делінеді. Бұл 1836-1837 жылдар шамасы болуы керек, өйткені Жайықтың бергі бетіне Исатайдың атағы шыққан жылдары осы кез. Бұл деректен ақынның қоғамдағы өзгерістерге бей-жай қарай алмайтындығы, сөйтіп Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісіне қатысқандығы мағлұм болады. Халық атынан сөйлеп өзін сол ұлттың төл баласы санайтын ірі ақындар дәуір тынысынан шет тұра алмайтындығы осыдан байқалады.

Шернияз өмір сүрген дәуір Ресей патшалығының қазақ даласына отаршылдық саясатын жүргізген дәуір. Елді басқарудың хандық жүйесінің шегесі босап «бөлшекте де билей бер» деген патшалы Ресейдің жымсық саясаты қазақ жұртын шенгелдеп қысып келе жатырған кезең болатын.

Міне, осындай алмағайып кезең ежелден қалыптасқан жыраулық дәстүрді ұстанған, сөйтіп ұлт идеологтарына айналған ақындарды тарих сахнасына шығарды. Жыраулық дәстүрді ұстанған деп тұрғанымыз бұл кезең ақындары әрі жырау әрі ақындық функция атқарды. Себебі олар өз заманының бейнесін ақынша толғап, мұңын жырауша жырлаған.

Исатай қазаға ұшырап, көтеріліске қатысқандар жазаға тартыла бастағаннан кейін, Шернияз Баймағамбет сұлтанның қудалауына түседі. Бас сауғалап лажсыздан Баймағамбетке бағынышты болып, онымен татуласса да, Исатаймен жолдас болған кезін аңсауын, қуғында жүрген Махамбет ақынмен кездесуін қоймаса керек.

Баймағамбет Шерниязды өз сынынан өткізеді. Шернияздың Баймағамбетке, оның үй - ішіне қарата айтылған мақтау, даттау өлеңдерден тұратын атақты арнаулары осы кезде туған.

Шернияздың туған, өлген жылы туралы дәл мәлімет әртүрлі. Кейбір деректерге қарағанда, Шернияз 1817 жылы туып, 1881 жылы қайтыс болған. Бұдан басқа да деректер бар. Олардың ішіндегі ең маңыздысы, әрі нақтылысы Шернияздың туған жылын дәл көрсететін дерек деп патшалы Ресейдің Айрықша тапсырмалар жөніндегі шенеунігі Лазаревскийдің Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.М.Ладыженскийге жолдаған рапортында көрсетілген мәліметті атау керек. Бұл рапорт (донесение) 1850 жылдың 26 маусымында жазылған екен. Бұл жазба құжатта Шернияз 42 жаста деп көрсетілген. Осы факт бойынша Шернияз 1808 жылы туған болып шығады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін ол рапорт мәтінін толықтай келтіре кетейік.

Ярлықашев Ширнияз (Шернияз Жарылғасұлы) –мулла, бий, 42 лет. Небольшого роста, плотен; с рябоватым лицом выражение которого чрезвычайно изменчиво и совершенно повинуется произволу; живыми умными глазами; маленькой черной бородой и усами. Сын известнейшего в алимулинском поколении своей ученостью и влиянием муллы. Айдарова отделения, малаева

потоотделения. Место кочевания: летнее – по Уилу, Киилу, Большой и Малой Хобдам, Илеку и Чингирау; зимнее – на Тайсугане, иногда на р.Уил. Имеет одну жену и четырех сыновей. Состояние: посредственное. Весьма умен, очень способен и хорошо грамотен (по -татарски); прекрасно говорит. Общее мнение признало в нем первого в Западной части импровизатора: сложенные им песни известны в орде и повторяются многими. Характера живого, извилистого, вкрадчивого, изменчивого, непостоянного; чрезвычайно честолюбив; искателен и, смотря по обстоятельствам, служит то тому, то другому; отлично усерден, ежели захочет служить, и усерден с весьма большой пользой для того, кому он служит. Способностью убедительно говорить он приобрел замечательное влияние на однородцев; в орде его все знают и отличают. Предан. За преданность г.бывшим председателем Комиссии, с разрешения г. военного губернатора, награжден большим золотым перстнем с печатью в 30 руб. серебром. Под судом и следствием не состоит, в неблагонамеренных и неприличных поступках изобличаем не был, предосудительных страстей я за ним не замечал. [1.280]

Тіл-әдебиет институтында Шернияздың 1925 жылы Москвада басылған Алыш ақынның варианты, Омарбек, Мәшһүр-Жүсіп жинаған варианты [2]– жалпы үш түрлі вариант бар («Шернияз ақын» өлеңдері, «Шернияз», «Шернияздың Баймағамбетке айтқаны»). Бұлардың аттары әр басқа болғанмен, желісі бір. Өлеңдер Шернияздың Баймағамбетке келіп кездесуінен басталады да, өзінің кім екенін таныстыру, Баймағамбеттің бұйрығы бойынша, оның қызын, әйелін, өзін мақтау, Исатайды мақтау, Медебаймен (бір вариантында Марабай делінеді) айтысып жеңуімен аяқталады.

Алыш ақынның вариантында Шернияз өлеңдерінің аяғы Байғара болыстан зорлық көрген Шернияздың арыз айтуымен тынса, Мәшһүр-Жүсіп варианты Шернияздың Баймағамбеттің қызының тойын бастауы, Баянасқа айтқан өлеңімен аяқталады.

Нұржігітұлының «Шернияз тарихы» және Жәмет жыраудың «Ақкете Шернияз өлеңі» атты қолжазбалары тағы бірнеше ұсақ өлең бар. Әсіресе құнды материал деп Нұржігітұлының қолжазбасын айтуға болады. Мұнда Шернияздың өмірімен байланысты оның әр жағдайда айтқан ұтымды қысқа-қысқа бір ауыз, екі ауыз өлеңдері мен бұрынғы баспа, жинақтарда болмаған «Шернияздың Қазы би мен Әлен төреге айтқан сөзі», «Терме», «Өмір туралы айтқаны» дейтін бірнеше жаңа өлеңі бар. Бұл өлеңдері Шернияздың көзқарасын айқындау үшін бағалы материалдар деуге болады.

Шернияз ақын - оқыған, хат білген адам. Оны бір жағынан жоғарыда көрсетілген рапорттан байқасақ, екінші жағынан Шернияздың әкесі Жарылғас ел ішінде көзі қарақты адам, молда деп аталынады. Кейбір мәліметтерде Шернияздың өзін де әйелдер «молда қайын аға» деп атаушы еді дейді.

Шернияз өлеңдерінің құрылысы мен қолда бар материалға қарағанда, ол өлеңдерін жазып шығарған адам емес, ауызша, керегінде жанынан тез шығарып айтуға бейім ақын екендігі аңғарылады. Өйткені өлеңді тез шығаруы жағынан алсақ та, тілі жағынан алсақ та немесе айтыстарында қолданған әдіс жағынан қарасақ та, Шернияз өлеңдерінде суырыпсалмалық дәстүр берік сақталады. Бұл өнер түрінің өзіне тән сан алуан ерекшеліктері бар. Соның бірі -жепелдеме сөз тапқыш, әзір жауаптылық. Бұл қасиет Шерниязда анық байқалады. Баймағамбет шабамын деп, қылышын суырып алғанда айтқан «Хан қолында ұстаған, қысқа қылыш» дейтін өлеңін импровизаторлықтың тамаша үлгісі деп айта аламыз. Табан астында сөз тауып, өлең шығару– Шернияз ақынның өзіне тән ерекшелігі.

Бұл суырыпсалмалық қасиет Шернияздың халық ақындарының дағдылы салтын берік сақтағандығын айқындайтын жайттың бірі. Алайда Шернияз халық ақындарының әдістерін берік сақтайды деп тұрсақ та, оның өзіне тән, өзінің ақындық бетін көрсететін ерекшелігі де жоқ емес. Қай кезде болсын, тарихтан орын алған ақындардың бірінен екіншісінің айырмасы болмай қоймайды. Осы тұрғыдан қарағанда Шернияздың өз кезіндегі, не өзінен бұрынғы ақындардан айрықша бір ерекшелігі - оның өмір құбылысын шебер суреттеуі, поэтикалық тілінің аса қуаттылығы.

Қазақ әдебиетіне Шернияздың әкелген бір жаңалығы да осы, яғни ертеден келе жатқан импровизация өнерін кемелдендіре, жетілдіре түсіп, оны өзіне қарсыласушылардың міндері мен кемістіктерін, оғаш мінездерін көрсетуге, әжуа етуге шебер пайдалануында демекпіз. Бұған үлгі ретінде, Шернияздың Баймағамбет төремен кездескендегі айтқандарын атаса жеткілікті.

Шернияз өлеңдеріндегі сыншылдық қуаттың қайнары оның шындық пен әділдік жолындағы өршіл күрескерлік рухында жатыр. Ақынды Исатай мен Махамбет бастаған кескілескен бітіспес күрес аренасына алып келген де осы қасиеті еді. Бұл күресте ақын ретінде оның жырларындағы өршілдік пен өткірлік қасиеттер ұтқырлық танытты. Халықты күреске үндеп, Исатайға жалынды жырымен дем берген ақын соқтықпалы, астан-кестен тағдырдың сынағынан өтті. Күрес жеңіліске

ұшырап, амалсыздан Баймағамбеттің қасынан табылғанымен, ол осы өршілдігінен айныған жоқ. Жеңіліс оның жігерін жасыта алмады. Исатай бастаған күрескерлік қозғалысқа тілеулестігін бәсеңдетпеді. Адамдық болмыс, тіршілік тілегі шегініс тапқанмен, өршіл рух қашан да үстем тұрды.

Көл қылып құйдым талай судай ағын,
Сөйлей көр өлмей тұрып тіл мен жағым.

Дүниенің машақатын шектім талай,
Алмасын тірлікте елдің бағын! –

дегендей, Шернияз көтерілісшілер қуғынға ұшырап, халықтың дағдырған талайы мен өз басының өкінішін айқын аңғартады.

Тіл өткірлігі – терең сыншылдықтың құралы, оны ақын өлеңдерінен айқын көреміз. Шындықты бетке ұстап, дұрыстық жолынан тайсалмаған ақын қашан да тура сөйлеп, бетке айтады. Шайырдың өтімді пікірі, әсіресе, оның Баймағамбетке айтқан сөздерінен айқын көрінеді.

«Ақынның шын сырын, шын көңілін Исатай туралы айтқан өлеңдерінен көруге болады, – дейді Қ.Жұмалиев, Исатай жөнінде қолданған әр сөз, әр образында үлкен махаббат, терең сүйіспеншілік жатқаны аңғарылады». [3, 74]

Шынында да, Исатай образы – ақын шығармаларындағы орталық идеялық тұғыр, көркемдік-идеялық тұрғыдан идеалды образ деңгейіне көтерілген бейне. Ақын батыр бейнесін ерекше шабытпен, көркемдік қуатпен жырлайды. Оның адамдық қасиеттерін, батырлығын, ел қамқоры болған қайраткерлік қимылдарын үлгі етеді. Елді Исатай секілді әділ де адал, халық үшін жанын аямайтын адамдар билеуін армандайды. Ақынның бүкіл шығармашылығында желі тартып отыратын батырдың асыл тұлғасы әр қырынан көрініп, ақын армандаған ел басшысының біршама жинақтық образы беріледі.

От ауызды, орақ тілді шешен, ділмар ақын Шернияз әрі би, әрі молда болған кісі дедік. Соған қарағанда ақын басынан өткен оқиғалар мен өлең-жырларын өзі жазып таратуы да мүмкін. Шынында да Қазан төңкерісіне дейін-ақ, Қазақстанның барлық өлкесіне даңқы жайылған Шернияз шығармаларын қазақтың көптеген ақындары жаттап алып, елге таратып жүрген.

Бұл ретте Х.Сүйіншәлиев: “Шернияз аты үш жүзге мәлім. Оны әр облыс ақындары сүйсіне жырлайды. Көкшетауда – Алыш, Жетісуда – Сүйінбай мен Омарбек, Балқашта – Шашубай күні кешеге дейін Шернияз өлеңдерін жырлап келген-ді. Бұлардың әрқайсысы оның жырын өз естулерінше айтып жүрген. Бірақ, олар Шернияз өлеңдерінің негізгі арнасын бұзбай сақтап отырған” [4.29]– деп байыпты пікір білдірген. Бұлардан басқа Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіп, Бесқаладағы Шәйіп, Қазалыдағы Базар, Нұртуған т.б. ақын-жыраулар да Шернияз толғауларын өзінше өрнектеп, елге өнеге ретінде ұсынған. Әсіресе, Базар мен Сүйінбай сынды жыр жүйріктерінің өлеңдерінен Шернияз сарынын айқын аңғаруға болады. Сүйінбайдың Тезек төреге арнаған толғауларындағы бір қатар мотивтер (кәрі ат, кәрі атан, Абылай, Айшуақ, Нұралы хан т.б.) Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқан атақты толғауларын еске салатындай. Сондай-ақ, 1925 жылы Ташкентте жарық көрген “Терме” жинағында Шернияз, Базар, Сүйінбай өлеңдерінің қатар басылуы да бұл ақындардың XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде елеулі орын алғанын байқатады. Шернияз бен Базардың шығармашылық стилінде өзара ұқсас тұстар жеткілікті. Екі ақынға ортақ басты қасиеттердің бірі – олар нені жырласа да жеріне жеткізіп, тауыса айтады, кімді сынаса да өлтіре мініп, масқаралап шеней айтады. Әсіресе, екеуінің адамның жақсы-жаман образын ашудағы теңеу, салыстырулары мен қағытпа сөздері қайталанбас айшықтылығымен қалың қазақтың есінде қалған.

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, кейбір би-төрелер Базарды көрген жерде “Шерниязша өлең айт” деп қолқалайды екен. Сірә, тілі мірдің оғындай жыраудың біреуді әжуалауға шеберлігін қызық көрсе керек. Шернияз туралы деректер 20 - жылдардан бастап жиналып, зерттеле бастады. 1925 жылы шыққан ақынның алғашқы жинағынан кейін, Ташкент қаласында «Әдебиет терме» жинағы баспа бетін көрді. Бұл жинақты құрастырушы белгілі жазушы І.Жансүгіров болатын. Ол Омарбек ақыннан Шернияз өлеңдерінің біразын жазып алып, жинаққа енгізген.

1936 жылы жазушылар С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин орта мектептер үшін жазған хрестоматияларына Шернияз өлеңдерін кіргізді. Ал С.Мұқанов өзінің 1942 жылы жазған «Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиеті тарихының очерктері» кітабында Шернияз туралы мәліметтер берген. Сол кезеңдегі газет беттерінде де ақын туралы мәліметтер жарияланған.

Профессор Қ.Жұмалиев Шерниязды орта мектепке жазған оқулығына енгізіп, ақынның өмірі мен творчествосына талдау жасап, анықтаулар енгізіп, құнды пікірлер айтқан. Зерттеушінің Шернияз туралы мақалалары Қазақ ССР Ғылым академиясының «Хабаршы» (1959ж.3-серия) мен М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институты шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2т.1961ж.) кітаптарында да басылды.

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты кітабының «Зар заман ақындары» тарауына өзек болған Асан Қайғы, Бұқар, Досқожа, Шернияз, Базар, Мұрат, Нысанбай, Күдері, Ығылман, Нарманбет сияқты ақын-жыраулардың есімдері аталатыны белгілі [5, 95].

Сәбит Мұқанов 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жұрт ұғымында қалыптасқан өкілдері – Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлының қатарына Шернияз Жарылғасұлын қосты. [6, 120-121].

Ал 1940 жылы Мәскеуде жарық көрген «Песни степей» атты қазақ поэзиясының антологиясына (құрастырған Л.Соболев) әдеби мұраларымыздың бірқатар үлгілері енгізілді. Кітап төрт тарауға бөлінген: хан сарайы маңындағы ақындар (Бұқар, Нысанбай, Досқожа), көтеріліс дәуірі поэзиясы (Ығылман, Махамбет, Шернияз), зар заман («эпоха скорби») ақындары (Шортанбай, Мұрат), XIX ғасырдағы жазба әдебиеті (Ыбырай, Шәңгерей, Абай, Жүсіп, Нұржан). Мұның бәрінде өзара сабақтастық бар екені белгілі. Қ.Жұмалиев те Шерниядың бұрын жарық көрмеген өлеңдерін жариялап, өлеңдерінің варианты туралы шолулар жасады. Әсіресе, әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорында қорғаусыз жатқан Нұржігітұлы мен Жәмет жыраудың варианттары туралы берген мәліметтері өте құнды. «Жұлдыз» журналында жарияланған «Әлім мен Қазы биге», «Терме» аты ақын толғаулары өзінің мәнділігі мен Шернияз туралы түсінігімізді молайта түседі. Ақын туралы ел аузында жүрген әңгімелерді айтпағанда, сол жылдардағы баспасөздерде алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары кейінгі ұрпаққа үлгі болар елдік рухани қазыналарға ерекше көңіл бөлді. Қазақ ауыз әдебиетінің озық үлгілерінің, батырлық, ерлік дастандардың жарық көре бастаған кезі де осы тұс. Шернияз ақын шығармашылығын алғаш зерттегендердің бірі Халел Досмұхамедұлы болды. Оның "Сәуле" (№3, 1924), "Қызыл Қазақстан" (№5, 1924) журналдары мен сол жылдары Ташкентте жарық көрген Қазақ батырлары, Исатай мен Махамбет туралы еңбектерінде "Шернияз кім?" - деген сұраққа жауап ізделіп, ақынның басқалардан басты ерекшеліктерінің бірі - шешендігі, суырып салмалығы, тапқырлығы кеңінен сөз болады [7. 96]. Зерттеуші әрі қарай өз ойын жалғап, Шернияз-Исатай батырдың, оның жолдасы Махамбеттің, Баймағамбат сұлтанның замандасы. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда Шернияз жай ақын емес, тапқыр, сөзге тарылмайтын, тез жауап бергіш, мысқылдауға, әзілдеуге шебер, ылғи тақпақтап сөйлеген, аузынан шыққан сөздің бәрі билік болған, сөзге жүйрік шешен. Сондықтан да ел арасында Шерниязды ақын демейді, шешен дейді. Шернияздың халық арасында сақталған әділдік, теңдік, ел мұңын жырлаған ел аузында сөзі көп, бірақ осы күнге дейін жиылған жоқ. Шернияз өз заманындығы Жиренше болған деп айтуға болады.

Бұдан кейінгі уақыттарда да ел әдебиетіне, айтыс, т.б қатысты жазылған еңбектерде Шернияз аты аталып отырған. І. Жансүгіров, С. Мұқанов, Қ. Бекқожиндер Шернияз өлеңдерін хрестоматияларға кіргізсе, Мұхтар Әуезов "Әдебиет тарихы" (1926) еңбегінің "Айтыс" деген бөлімінде, Қажым Жұмалиев Махамбетке қатысты зерттеулерінде, Есмағамбет Ысмайлов халық ақындарына қатысты зерттеулерінде Шернияздың жоғарыда аталған өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтеді.

Белгілі Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы Исатайдың сөзін дұрыстап, ең әуелі сөз шығарған – беріш Қуан жырау, екінші Исатай туралы көп сөйлеген Исатайдың жолдасы - Махамбет жырау, Исатай туралы сөзді көп айтқан адамның бірі – Кете Шернияз шешен екендігін айтқан еді. Исатайдың ғана емес, Махамбет есімінің де алғаш жыр жолдарында құрметпен аталуы Шернияз ақын атымен тығыз байланысты. 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлеңдер жинағының 125-бетінде ақынның Шерниязға айтқан жұмбағы берілген. Махамбет Шернияз шешенге қонақ болады. Аттандырып жатып, Шернияз Махамбетке бір ауыз сөз айтады. Сонда Махамбет те, Шернияз да жұмбақ өлең айтады. Мұнан соң екеуі жолыға алмапты. Шернияз: «Батырдың сөзін шеше алмадым, дегенмен өзін айтамын», - деген екен.

Сондағы Шернияздың сөзі:

Көк үйрек көлде отырған жергілікті,

Ғалымдар шарифаттан жол біліпті.

Жолдасы ер Исатай - ер Махамбет,

Сөз барма тыңдайтұғын ескілікті? - деп қоштасарда қимас ағадан ескере жүрер есті сөз айтуды сұрайды. Оған жауап ретінде ақын ағасы жұмбақпен ой жасырады. «Тар жерде сөйле дедің, бол әзір деп. Осыдан өзім қайтып келгенімше, Би Шернияз, жауабын қой әзірлеп», - деген жолдарымен аяқталатын 17 жолдық «Махамбеттің жұмбағы» беріледі.

Бұл өлеңнің бір құндылығы «Шернияз шешен болсаң, бұл сөзімді желдей болжа», «Би Шернияз, жауабын бұл сөзімнің қой әзірлеп» - деген жолдарда «Шернияз шешен», «Би Шернияз» деген сөздердің тұңғыш рет ақын Махамбеттің аузынан шыққандығында. Шернияздың кіші жүздің биі

екендігі патша шенеунігі Лазаревскийдің рапортында айтылғандығын жоғарыда көрсеттік. Бұдан Шернияздың тек қана ақын емес, сонымен бірге би, шешен болғандығын да көреміз. Түптеп келгенде бұл сол дәуірдің бейнесін де танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ЦГА РК. Ф. И-4. Оп. 1.Д. 2512. Л. 164-171. Подлинник // «Ойыл» Энциклопедиясы. - Ақтөбе: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2010. -337б.
2. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры. 1010 – бума.
3. Жұмалиев Қ. XVIII -XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті.-Алматы: Мектеп, 1967. -436 б.
4. Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасуы кезеңдері. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 388 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.- 240 б.
6. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. –Алматы: ҚМКӘБ, 1960.- 998 б.
7. Досмұхамедұлы Халел. Таңдамалы (Избранное). - Алматы: Ана тілі, 1998. -384 б.

Mailikaraeva Peruza Isakhanovna

Senior-teacher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
peruza.65@mail.ru

SOME METHODS OF USING FAIRY TALES AT ENGLISH LESSONS

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытуда ертегілерді пайдалану жолдары қарастырылады

Резюме. В этой статье рассматриваются способы использования сказок в преподавании английского языка

Summary. This article deals with the ways of using fairy tales in teaching English

A fairy tale, wonder tale, magic tale, or Märchen is folklore genre that takes the form of a short story that typically features entities such as dwarfs, dragons, elves, fairies, giants, gnomes, goblins, griffins, mermaids, talking animals, trolls, unicorns, or witches, and usually magic or enchancements. Fairy tales may be distinguished from other folk narratives such as legends which generally involve belief in the veracity of the events described and explicitly moral tales, including beast fables. Its purpose is to provide aesthetic pleasure to the listener as well as to present a message. The fairy tale is spacious: it is educational and artistic-aesthetic. literary treasure. The whole genre of the fairy tale reflects these two characteristics. So the main task of fairy tales is to make the story more attractive and artistic. So the fairy tale does not focus on the truth, and does not try to prove that the fairy tale is in the life. In his work "Fairy Tales", M. Makinen defines them in the following way: "Fairy tales, as we have come to recognise them, are literary appropriations of oral folk tales, traditionally believed to be collected from peasant women. Women told them amongst themselves while spinning, carding, or collectively performing other monotonous tasks. These tales were also recounted to their children and to the children of the aristocracy and the bourgeoisie, by peasant nurses" [1].

The fantasy is purposefully used in fairy tale, so it becomes enormous, miraculous, and develops in some way. The fantastical fantasy in fairy-tale reflects everyday human beings and phenomena in a conspicuous way because this genre is used as a miraculous artistic instrument. The real thing in life is to make a deliberate change - the tales of the fairy tale, so much so that the fairy tries to exaggerate the content and make miracles. At the same time, the effectiveness of fairy-tale events and activities depends not only on the fairy-tale, but also on the listener and fairy tales. The fairy tale is the spiritual food of the person, along with the ideology. In the story of fairy tales, the role of the composition is more than the plot. [2]

A general analysis of the English folk tales In England, the collection and recording of fairy tales in Britain has become much later than in Russia, Germany and France. The collection of the first collection of English folk tales began in the late XIX century. From 1854 to 1916, two of the first English folk tales were collected by Joseph Jacobs [2, C.134]. The English folklore's president, Joseph Jacobsen, was struggling to collect English fairy tales since many of the fairy tales were forgotten.

Joseph Jacobs, a German brother-in-law, Grimmer of France, Franz Charles Schroeder, or Anna Afanasyev from Russia, did not handle the fairy tales. He set himself the goal of delivering fairy tales to his listeners. The thing that satisfied many prose writers, poets and playwrights was the popularity of the English folklore in England, which was rich in domestic folklore. In the 19th and 20th centuries, Albanians who inspired their poetic inspiration for this genre were Charles Dickens, William Macquarie Thackeray, Lewis Carroll, Edward Lir, Oscar Wilde, Rudyard Kipling, Beatrice Potter and Pamela Trevers, James Barry, Alan Miln, John Tolkin, Donald Bissettes.

Beautiful imaginations of people were the foundation for the images of Alicia, Mary Poppins, the happy Prince and Peter Peng, the vintage Winnie the Pooh. Like in other countries, the interest in fairy tales has been shaped in different ways since the romantic era. The philologists found themselves in the same line with the writers who opposed the people's creations, but they preferred the imaginary worlds. In order not to deny the characters of their firstborn, they collected many British folklore memories and their first creations and studied their dialectics and ethnographic features.

In addition to the folklore records, the appearance of the first born of a work has appeared in another subtle stylistic form. That is, fairy tales were re-written in the same way as the original heroes. The largest publisher of this work is the publisher and the translator. The work of translators was popular. In order to facilitate reading and fairy tales, the translation was generally used in English. The accumulation and development of folk tales on the British islands has been the most difficult historical period. At that time, the people believed and developed fairy tales, myths and religious practices. From that point of view, the

beginning of the Christian world outlook was formed. Heroes, myths, hackers, good-natured people, magicians, angels, watercolors, and imaginary animals continued to live among the people in that fairy tale.

The heroes of the British folk fairy tales, mercenaries, gods, or just peasants lived in the struggle against the evil. For example, an American folk fairy-tale hero and black-eyed hero were described as a great-grandson Jack. Jack was said to be a heroic, hardworking, kind, loyal and honest person, calling people such folk heroes. Jack Tucker "Adventures of Jack the Giant-Killer" becomes a revolutionary struggling for the freedom of his homeland

Characters in English folk tales are often presented in the form of capitalists, without becoming a hero, and sometimes without dementia. These characters are equivalent to the capitalists of the first stage of bourgeois capitalism development in England. For example: Molly Whuppie fairy tale girlfriend Molly and Jack and the Beanstalk fairy tale Jack brings happiness to their close friends, and people around them [1, C.175].

Here are some of the funny characters of the English folk, that is humor, in these fairy tales. The English folk tale will be very happy and complete if we notice it all the time. Fairy tales at the end of the fairy tale will avoid suffering. At the end of the fairy tale never uses bad motifs. All this has a positive effect on the education of fairy-tale pupils. Like the fairy-tale characters, they dream of achieving their goals.

Methods used by students to study English folk tales. As we have seen above, we have seen the basic ways to use English folk tales during schooling. And now we define the methods used to teach English folk tales. The main methods used to study English folk tales at school or out-of-class with students are: 2.3. Types of methods:

The route-oriented method of supervision: 1) Learn what kind of fairy tales (fairy-tale characters, pictures, pictures, jokes, sad sights ...) can be a good way to interact with the teacher, parent and child; 2) To tell a story about the story, to emphasize some episodes, to have a significant impact on the upbringing of the child; 3) Creating sculptures of fairy-tale heroes in mud and clay, painting, masks, sewing costumes, developing children's creativity; 4) Selection of melodies according to their fairy tales or their character.

II. Comparison method: "Who looks like, who looks like?" Comparing the paintings of different artists to a fairy tale.

III. The method of cultivating cognitive and stylistic features: 1) Recalling what is happening in the fairy tale, pictures or places where the book was read in the past can help the student memorize. 2) Develops the ability to conceal, mimic and speak with fairy tales, play quizzes, and show off a fairy tale. 3) Literary theater: Reading poems, drawing pictures, talking about pictures or listening to music deepens the child's outlook.

IV. How to experiment with artistic images: 1) An excerpt from the story of a fairy-tale character points to the child's entering the same video and learning his behavior deeply. 2) Finding the fairy-tale heroes from among themselves, comparing legendary heroes with modern-day heroes, keeping her as a hero, and updating the essence. 3) The method of predicting the future destiny of a fairy-tale character further promotes the idea of the author, further developing the work outside the author's frame.

V. Method of Evaluation and Evaluation: 1) My favorite character is to show to the audience that all ages show their heroes to the spectator, to prove his actions are true, to be true hero, to the audience. 2) My favorite author and fairy tale: to prove that the child is a fairy tale of fairy tales for the author's fairy tales and a high level of creativity. 3) "What is the story about a fairy tale? Does this happen in other fairy tales?" talking themes and evaluating fairy tales. 4) About literary heroes "It is like a hero or a hero in earlier fairy tales, and what is the difference between them?" to find answers to the questions.

5) The story of the writer who wrote the fairy tale: The pupils tell stories about the authors who wrote the fairy tales, tells them about the monuments or places associated with the name of the author (in particular, the Peter Peng monument in London, "Nils Holgeron, Monument to "Wild Swans" in Odense, Monument to Pinocchio, Colloida, "Rusalochnka" and Andersen's two monuments in Copenhagen, Monument of Andersenbrand in St. Petersburg, Disneyland in the United States, Anderson's House Museum in Adden.

6) The most funny or most terrifying piece of tale: "What scary or funny books have you read?" is topic of the conversation. Working with such methods plays an important role in the development of literary-associative thinking and speech skills of the child, development of creative abilities, comprehensive education and education of future generations.

The fairy tale plays an important role in the child's life. The fairy tale strengthens the spiritual world of the child, patriotic education and respect for the past of his people, his moral upbringing, and his love for society. The fairy tale influences the proper development of the child's language. The role of fairy tales in the development of imagination and attitude towards society and art is significant. Through fairy tales, we can delve into the minds, proverbs, traditions, and customs that have been inherited from the father.

Summing up, we get acquainted with the valuable information stored in history by means of fairy tales. No piece of work can replace a fairy tale in the education of educated, intelligent and well-educated younger generation. Certainly, there is no other way of working in the upbringing of children, but there are other important methods. These techniques we have talked will help to learn about the lesson or out of the classroom and get valuable information from it. The reader not only reads and tells, but also learns to write stories.

References

Литературная работа Екатерины была весьма многообразна по характеру, по жанрам, хотя и едина по своей идейной направленности, по резко выраженной во всех ее произведениях политической тенденции. Она писала журнальные статьи и фельетоны для органов печати, выходивших под ее более или менее непосредственным руководством; она выступала и в «чужих» журналах; так, она поместила статью и письмо в редакцию во враждебном ей «Живописце» Н.И. Новикова. Она написала обширнейший квазинаучный труд по истории России, писала детские сказки и сочинения по педагогике, предназначенные для воспитания ее внуков Александра и Константина, но имевшие, разумеется, и более широкое назначение, обращенные к читателю вообще. Она писала в большом количестве драматические произведения, комедии, исторические драмы, комические оперы. В ее

литературном наследии драматургия занимает центральное место и количественно и по вниманию, которое ей уделяла сама Екатерина. Всего до нас дошло 25 законченных (или почти законченных) ее театральных пьес и отдельные отрывки из 7 пьес; при этом установлено, что еще несколько пьес не сохранилось.

Она понимала общественную силу литературы и стремилась использовать ее в государственных целях. Литературное наследие Екатерины велико по объему. Она как литератор работала интенсивно, нарочь не беспокоясь о художественном стиле, поскольку обработкой сочинений высокопоставленного автора занимались ее секретари Г.В. Козицкий, А.В. Храповицкий и др., которые не только редактировали тексты, но и подбирали материалы для публицистических, исторических и сугубо литературных (трагедии, комедии, сказки и пр.) произведений.

Екатерина создает поучительно-дидактические сказки для внука, которые выходят за рамки семейно-воспитательного нравоучения, перерастают в общественно-политическую декларацию, предназначенную для российского дворянского общества. «Сказка о царевиче Хлоре» и «Сказка о царевиче Февее» Екатерины II написаны для внука Александра, но подспудно адресованы были и литературным оппонентам, в частности, и российскому дворянскому обществу, в целом.

Сказка наряду с романом и повестью была самым популярным и распространенным жанром русской литературы второй половины XVIII века. Достаточно назвать "Пересмешник, или Славенские сказки" М. Д. Чулкова, четыре части которых напечатаны в 1766-1768 годах; "Славенские древности, или Приключения славенских князей" М.И. Попова, опубликованные в 1770-1771 гг. (три части); "Русские сказки, содержащие Древнейшие Повествования о славных Богатырях, Сказки народные и прочие, оставшиеся чрез пересказанные в памяти, Приключения" В.А.Лёвшина, выходившие отдельными книжками (десять частей) в 1780-1783 годах. Не говоря уже о многочисленных сборниках, появившихся на рубеже 1780-1790 годов, с достаточно красноречивыми названиями: "Лекарство от задумчивости и бессонницы, или Настоящие русские сказки", "Дедушкины прогулки, или Продолжение настоящих русских сказок", "Веселая старушка-забавница, рассказывающая старинные были и небылицы", "Крестьянские сказки". "Забавный рассказчик, повествующий разные истории, сказки и веселые повести" и т.д [2].

Сказки, стихотворные или прозаические, создавали практически все виднейшие писатели этого времени - И.Ф. Богданович, И.И. Дмитриев, Н.М. Карамзин, А.Н. Радищев, М.М. Херасков, Г.Р. Державин. Не отставала от них и Екатерина II.

Императрица в 1785 г. законодательно подтвердила указ о вольности дворянства, объявленный Петром III в 1762 г., в «Жалованной грамоте дворянству», освободившей сословие от обязательной службы отечеству. Ее литературные публикации, в том числе и, на первый взгляд, ни к чему не обязывающие «детские» сказки должны были стать фундаментом новых отношений с верноподданым дворянством. Эта ситуация и отображена в «Сказке о царевиче Хлоре».

В сказке используются восточные мотивы, что очередной раз подтверждает ее внутренне «чутье», интуицию в обращении к столь распространенному в просветительской литературе, а потому и беспроблемному в популяризации своей политической программы восточному сюжету.

«Сказка о царевиче Хлоре», является каноном воспитания и формирования важнейших качеств наследника русского трона великого князя Александра, также создавалась Екатериной как «наглядное пособие» для дворянского общества, рациональная идеологическая иллюстрация ее политической доктрины просвещенного абсолютизма.

Главный герой сказки, царевич Хлор, представлен идеальным отроком.

Весть о необыкновенных способностях царевича разнеслась по «окрестным» странам, но более всех Хлор заинтересовал киргиз-кайсацкого хана, который авантюрно похитил мальчика и доставил в свои восточные владения. В отличие от традиционного сатирического описания ханского двора в синхронных оригинальных восточных повестях, Екатерина весьма «обтекаемо» описывает реакцию придворных на появление царевича.

Далее по сюжету царевич Хлор получает задание – испытание на подтверждение своих уникальных достоинств: он должен отыскать розу без шипов, цветок, символизирующий добродетель.

Фелица обещала помочь отроку и отпустила своего сына Рассудка в помощь царевичу. По пути поиска розы Хлор встречается с множеством трудностей, препятствий и соблазнов, которые организуют «льстивые», «веселящиеся», «проводящие время в забавах», «пьяно шатающиеся» люди, а также рыночные торговцы, не узнающие царевича и грубящие ему. Полоса препятствий, которые отрок, не без помощи Рассудка, успешно преодолевает, соседствует в сказке со встречами с персонажами великодушными и благородными – крестьянской семьей, учителем, двумя стариками.

В сказку включен и эпизод, представляющий идиллическую картину сосуществования монарха и подвластного ему народа. Идиллия изображает мирный труд крестьян, любовно возделывающих землю и обильно пользующихся плодами своего труда.

«Крестьянский» мотив в сказке можно обозначить как универсальный сюжетный фрагмент повестей конца XVIII века, как конъюнктурных, так и оппозиционных официальной эстетической доктрине. Т.И. Акимова отмечала: «Античный поэтический архетип крестьянина как пастуха служил в эпоху абсолютизма мостом для корреляции крестьянин-царь» [3, с. 193].

По наблюдению Н.Т. Пахсарьян и Т.В. Саськовой, «пастух стоит между дикой природой (хаосом) и окультуренной, космизированной, очеловеченной; царь, призванный упорядочивать, организовывать человеческую общность, превращая ее из стада в коллектив» [4, с.77]. В сказке Екатерины эта идея приобрела наглядное воплощение.

В качестве положительного героя в произведении выведен Учитель, представленный в окружении множества юношей. Один из молодых людей, удовлетворяя любопытство Хлора, растолковывает царевичу значение понятия «розы без шипов» как символа добродетели, которое раскрыл своим ученикам их наставник. Этот эпизод наиболее ярко демонстрирует дидактическую задачу сказки – нравственное преодоление жизненных трудностей путем «чистосердечной твердости».

Этот эпизод представляется литературной иллюстрацией к трактатам Екатерины II о воспитании. Идея монаршей дидактической доктрины прозрачна: как бы ни был умен и красив царевич, чтобы стать достойным человеком и правителем, он должен обрести добродетель, подружившись с рассудком, честностью и правдой. Ее литературная модель воспитания преемника на царствование в аллегорической сказке подтверждает устойчивость классического (аристотелевского) способа познания мира, обусловленного доминантной ролью учителя в тандеме «учитель-ученик».

Эпизодические образы старика и старухи – персонифицированных честности и правды – замыкают сюжет поиска храма «*Розы без шипов*». То, в чем они помогают царевичу, протянув посохи свои, – это приобретение нравственно-этического опыта на пути к добродетели. Еще в самом начале пути заглавный герой оказывается перед выбором направления на перекрестке дорог, где ему подсказывается избрание «*прямой дороги, по которой не все ходят, хотя она пригожее других*», «*хороша да кратка*» [5].

Преодолев все трудности, царевич отыскал желанную розу без шипов. Все, таким образом, заканчивается благополучно: царевич с розой поспешил к хану, а тот, довольный, отослал его «*со цветком*» к князю-отцу.

Литературные источники «Сказки о царевиче Хлоре» исследовала Т.И. Акимова. Изначально в их перечне она называет роман «Приключения Телемака, сына Улисса» Фенелона, известный в переводе на русский язык В.К. Третьяковым под заглавием «Телемахида». В сказке Екатерины, по наблюдению исследовательницы, можно обнаружить «не только аллюзии с романом Фенелона, но и особый «мессаж» царицы. Скитания Телемака под предводительством учителя Ментора, под маской которого скрывалась богиня Минерва, стремящаяся сделать своего воспитанника идеалом правителя, легко переключались на фигуры Фелицы / Екатерины, ведущей Хлора с помощью своего сына Рассудка. Сказка о Хлоре подтверждала права Екатерины на российский престол, в том числе и ее способность совместить в себе две вершины Просвещения: монаршую и поэтическую» [3, с. 192].

Государственный подтекст екатерининского произведения, по Т.И. Акимовой, указывает и на сказочно-философскую прозу Вольтера, в частности, «открытым заимствованием» называется повесть «Задиг», в которой восточный колорит выглядит «как риторическая фигура мнимого удаления сюжета от современной реальности... Однако у Вольтера фигура удаления в фантастически далекие пространства, а зачастую и времена, подчинена социальной сатире и отражает меру удаленности современной Франции от утопических... идеалов разума и справедливости. В «Хлоре» роль удаления прямо противоположна. Само удаление – мнимое: под киргиз-кайсацкой ордой, безусловно, понимается современная екатерининская Россия, которая уже подготовлена царицей для героических свершений Хлора – Александра» [6, с. 193].

Можно с уверенностью утверждать, что уже вскоре после появления екатерининской «Сказки о царевиче Хлоре» она становится достаточно широко известной современникам.

В целом, восточную сказку Екатерины можно охарактеризовать как произведение, выявляющие субъективную декларацию педагогической доктрины, пропагандируемой монаршим волеизъявлением. Вместе с тем, иллюстрирующую способ преподнесения дидактических сентенций, преподанных в актуальном в просветительской литературе восточном контексте.

Список использованной литературы

- 1 Гуковский Г.А. *Екатерина II* // *История русской литературы: В 10 т. / АН СССР. — М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1941—1956. Т. IV: Литература XVIII века. Ч. 2. — 1947. — С. 364—380.*
- 2 Научная библиотека диссертаций и авторефератов: *disserCat* <http://www.dissercat.com/content/russkaya-literaturnaya-skazka-xviii-nachala-xix-v-ponyatie-istoki-tipologiya#ixzz59mbfkAlc>.
- 3 Акимова Т.И. *Жанровые и сюжетные источники «Сказки о Хлоре» Екатерины II как компоненты ее смысла* // *Вестник Пятигорского государственного лингвистического ун-та.* 2009. No 4. - С. 192-195.
- 4 Пахсарьян Н.Т., Саськова Т.В. *Историческая поэтика пасторали.* // *Вопросы филологии.* 2001. No 2.-С. 69-81.
- 5 *Екатерина II. Сказка о царевице Хлоре. Сказка о царевице Февее.* [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://az.lib.ru>.
- 5 Стенник Ю. В. *Роль литературного творчества Екатерины II в развитии русской литературы XVIII века* // *Русская литература.* 1996. No 4.-С. 3-20.83.

Абай Ботакөз Ермакқызы

Магистрант 2 курса 6M012200 «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, abaeva_bota@mail.ru

КЛАССИФИКАЦИЯ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Резюме: Статья посвящена к рассмотрению проблем казахского терминологического словотворчества и этапов становления казахской терминологии. В статье систематизированы научные взгляды и подходы к проблемам казахской терминологии где рассматриваются существенные способы, методы, практика современного терминотворчества. Также в статье определяется место музыкальной терминологии в лексической системе языка. Музыкальная терминология является одной из составных частей искусствоведческой терминологии, в которую также включаются терминологии инструмента, театра и т.д. Однако музыкальная терминология представляет собой самостоятельную систему наименований, под которыми подразумеваются лексические элементы, относящиеся к собственно музыкальному искусству. Также в статье рассматриваются основные лексико-семантические процессы в музыкальной терминосистеме. Определяются своеобразие данных процессов в музыкальной терминологии и их отличия от аналогичных явлений в общелитературной лексике.

Ключевые слова: термин, музыкальный термин, искусство, музыка, казахская музыкальная терминология.

Түйіндеме: Мақалада музыкалық термин ұғымы мен оның ерекшелігі, терминологиялық жаңа сөз таптарымен және қалыптасу кезеңдері, қазақ терминологиясының кеңінен қарастырылады. Мақалада қазақ терминологиясының жүйеленген ғылыми көзқарастар мен тәсілдері мен мәселелері қайта қарастырылады, сонымен қатар қазақ музыкалық терминологиясының лексика жүйесі анықталады. Қазақ музыкалық терминология өнерде, театр және т.б. жерлерде кеңінен қолданылады. Алайда қазақ музыкалық терминология өзіндік жүйесін, атауларын, лексикалық элементтерің білдіреді. Соңдай-ақ, мақалада негізгі лексика-семантикалық процестертер қарастырылады. Музыкалық терминология өзгешелігі анықтала отырып және олардың айырмашылықтары байқалады.

Түйін сөздер: Термин, музыкалық терминдер, қазақ музыкалық терминдер.

Summary: The article widely discusses the concept of musical term and its specifics. Article is devoted to consideration of problems of the Kazakh terminological word creation and stages of formation of the Kazakh terminology. In article scientific views and approaches to problems of the Kazakh terminology are systematized where essential ways, methods, practice of a modern terminotvordstvo are considered. Also in article the place of musical terminology in the lexical system of language is defined. Musical terminology is one of components of art criticism terminology in which also join terminology of the tool, theater, etc. However musical terminology represents the independent system of names which are meant as the lexical elements relating to actually musical art. Also in article the main lexico-semantic processes in a musical terminosistema are considered. Are defined an originality of these processes in musical terminology and their differences from the similar phenomena in common-literary lexicon.

Key words: Term, musical term, kazakh musicsl term

Рассмотрение музыкально-терминологической лексики исходит из комплексного подхода, включающее в себя: происхождения, употребления, смыслового значения слова, место его в лексической системе и сфере его применения и экспрессивно-стилистической характеристике.

Казахская музыкальная терминология располагает ярко выраженным своеобразием, включающее большое количество словосочетаний и отдельных слов. Это своего рода сложный конгломерат, сформировавшийся из синтеза исконной казахской (в том числе общетюркской), итальянской и русской лексики. Казахская музыкальная терминология прививалась в живом развивающемся историческом процессе, впитывая в себя все ценное и общественно-значимое, отображая при этом этапы социально-исторического развития народа.

Музыкальная терминология – это совокупность лексем, получивших в профессиональной речи музыкантов, в специальных теоретических исследованиях музыка статус терминов. Значительная часть музыкальных терминов в практику вводились путем непосредственного отнесения к музыкально-звуковым явлениям или путем художественного описания. За такими терминами неоднократно стояло не строгое научное описание, а интуитивное понятие – образ. Потребности теоретического осознания способствовали превращению интуитивных понятий в научные. Формирование всестороннего профессионального музыканта зачастую зависит от изучения казахской музыкальной терминологии.

Музыкальная терминология – способствует более глубокому проникновению в образно-эмоциональный мир музыки, а также без нее не осмысленно осознание структурно-логических компонентов музыки и исторического процесса ее развития. Развитием социальной, культурной, исторической жизни казахского общества связано становление казахской терминологии.

Процесс развития терминологии можно разделить на два периода.

К первому периоду относятся – *вторая половина XIX до Октябрьской революции*, а ко второму периоду – *с Октябрьских революции до наших дней* [1, с. 124]. Исследования этих этапов позволяют проследить постепенное насыщение общенародного слова терминологическими свойствами, приобретение им статуса термина.

Посредством имеющихся периодов можно проанализировать становление и развитие казахской музыкальной терминологии, начиная с ее возникновения и до наших дней.

В дореволюционном этапе произведения казахских акынов, жырау, исполнительское мастерство, народные понятия и знания о музыке передавались устно из поколения в поколение, от учителя к ученику.

В течение веков язык музыки одаренных жырау и акынов постоянно совершенствовался и шлифовался.

В терминологизации казахской музыки большую роль сыграли казахские просветители как Ибрай Алтынсарин, Абай Кунанбаев, Чокан Валиханов.

В этнографических трудах И. Алтынсарина лексемы *жоқтау, жылау, буын, дыбыс, сыңсу, қоштасу, жар-жар и т.д.* образованные на базе исконно казахской лексики, введены в текст уже как термины, характеризующие траурный и свадебный обряд казахов с его сложной иерархической системой. В рукописной газете И. Алтынсарина «Киргизская хрестоматия» 1879 года и произведение «Шариат ул-ислам» отображают самобытность народного языка музыки. Почерпнутые из неиссякаемых источников обычные слова повседневного обихода под пером великого мастера преобразались, тонко вплетались в ткань поэтически-музыкальных образов, приобретая яркость и выразительность термина.

Впервые в казахской степи по инициативе И. Алтынсарина был организован хор, в результате которой в музыкальный словарь казахского народа вошли термины, характеризующие дирижерско-хоровую и вокальную технику: *ансамбль, строй, регистр, одноголосье, многоголосье, унисон, соло и т.д.* В 40-е годы, по его же инициативе, в степной аул проникли *рояль, скрипка* и другие музыкальные инструменты. Следовательно уже в 40-50-е годы в быт казахов и в казахский язык входят понятия, термины: *дыбыс қатар, буын, дауыстар, көпдауыстық, диапазон, бас, баритон, хор, рояль, ансамбль, скрипка, концерт и мн.др.* [2;3].

Посредством слияния двух культур, русской и казахской – как считал Абай Кунанбаев, - является основой расцвета казахского национального искусства. Именно великий писатель Абай ввел в музыкальный словарь казахов такие термины как: *соната, элегия мн.др.*

Также в профессиональном изучении казахской музыкальной терминологии немаловажную роль играют труды выдающегося ученого Чокана Валиханова. Он был первым, из казахов который собрал и обобщил обширный материал по истории, этнографии, филологии и музыке своего народа, ему принадлежит заслуга научного описания языка музыки.

Из работ Ч. Валиханова мы узнаем что в первой половине XIX века такие лексемы как: *қобыз, сырнай, сыбызғы, домбыра, жырау, бақсы* были наиболее популярными в казахском языке. Также в его трудах мы находим ряд известных музыкальных инструментов, но и наименования забытых, таких как: *көңбе, шыңдауыл, мүйіз сырнай, тастауық, ұран.* Из статьи «Формы народной поэзии» мы узнаем о бытовании в то время огромного количества музыкальных терминов: *бадік, сарын, жыр, күй, толғау* [4, с. 280].

Выше перечисленные лексемы во второй половине XIX века были освоены народом и вошли через произведения писателей в казахский язык как термин. Пополнение музыкального словаря традиционными казахскими лексемами оказало решающее влияние на эволюцию казахской музыкальной терминологии.

В ознакомлении русских с музыкальной культурой казахов большую роль сыграли путешественники, исследователи, фольклористы, музыканты: М.Готовицкий, А.Левшин, А.Эйхгорн, Г.Потанин и др. В работах этих людей содержатся ряд терминов которые относятся к казахской музыке и ее исполнителям. В частности они впервые дают перевод казахских терминов, пытаются передать семантику казахских лексем в своем понимании.

С.Большой в своих записках термин *айтыс* переводит как «песенное состязание». Автор здесь же приводит ряд популярных в то время наименований музыкальных инструментов: *чибызгы (сыбызгы) – тростниковая дудка; дангыра (данғыра) – варган; кобыс (қобыз) – гудок величиной со скрипку, но без верхней доски, имеет две струны из конских волос, играют смычком), домбра – (домбыра) – балалайка, играющего на домбре – домбршы (домбырашы)* [5, с. 50].

Одним из первых подчеркнул не только ритуальное применение кобыза, но и о широком распространении этого инструмента среди народных музыкантов *А. Левшин*. Также *А. Левшин* казахскую домбру называет балалайкой и говорит, что этот инструмент киргиз-кайсаки заняли у «русских» [6].

А.Ф. Эйхгорн с большим увлечением описывает музыкальное творчество казахов и киргизов. *А.Ф. Эйхгорн* является первым собирателем музыкально-фольклорных материалов данных народов, старается раскрыть полную картину музыкальной культуры этих народов, которую он связывает с жизнью и бытом. Основную долю внимания он уделял исполнительской искусстве этих народов. В работах *А.Ф. Эйхгорна* мы находим ряд переводов исконно-казахских терминологических лексем как: «*джорау (жырау) – певец, музыкант; терме - народный репертуар*» [7, с. 21].

В послереволюционном этапе становление казахской музыкальной терминологии столкнулась с большими проблемами. В начальных порах она соприкоснулась с недостатками и упущениями в виде:

- отвержения заимствований;
- перевод интернациональных терминов;
- стремление создать музыкальные термины исключительно на основе лексических ресурсов казахского языка;

- объемный описательный перевод русских и интернациональных музыкальных терминов;

В значительной мере вышеперечисленные недостатки были обусловлены отсутствием квалифицированных специалистов в области музыки.

На дальнейшее развитие, формирование казахской музыкальной терминологии в целом и музыкальной терминологии в частности, оказали проведенные в Казахстане исследования казахского языка.

Немаловажную роль в формировании современной казахской музыкальной терминологии сыграла казахская периодическая печать, которая в доступной форме вела пропаганду музыкальных знаний на страницах казахских газет «*Еңбекші қазақ*», «*Қызыл Қазақстан*», «*Социалистік жол*», журнал «*Айқап*», «*Таң*» которая дала немало обозначений народных музыкальных инструментов, дала определения жанров, исполнителей национальной музыки [8].

С открытием высшего учебного заведения Алма-Атинской государственной консерватории им. Курмангазы идет дальнейшее развитие казахской музыкальной терминологии и это породило в республике историю зарождения казахского музыкального искусства.

Казахская музыкальная терминология в свою очередь прошла сложный путь исторического развития. Огромное значение в развитии казахской музыкальной терминологии имели тесные культурные связи с музыкальной культурой России.

Экскурс в историю создания казахской музыкальной терминологии позволил установить, что на протяжении длительного развития она прежде всего впитала музыкальную лексику, бытовавшую в глубинных пластах народного языка, затем - русские музыкальные термины и интернационализмы, проникшие в казахский язык через посредство русского языка.

Список использованных источников:

1. *Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии / Ө. Айтбайұлы. – Алматы: Издательство «Абзал-Ай», 2014. – 348 стр.*
2. *Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства. // Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах. – Алма-Ата: Наука. – 1864. – Т.1, С.127-142.*
3. *Алтынсарин И. Очерк обычаев при похоронах у киргизов Оренбургского ведомства. // Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах. – Алма-Ата: Наука. – 1964. Т.1 – С. 96-121.*
4. *Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов. // Собрание сочинения в пяти томах. - Т.4. – 1961. – С. 48-71.*
5. *Большой С. «Записки доктора Саввы Большого о приключениях его в плену у киргиз-кайсаков в 1803-1804 годах». «Сын отечества», 1822. – Ч.76 – 35. С. 142-148.*
6. *Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей, - Ч. 1-3. Спб. 1932. – С. 112-191.*
7. *Эйхгорн А.Ф. Музыкально-этнографические материалы. // Музыкальная фольклористика в Узбекистане. – Ташкент, 1963. – 216 с.*
8. *Джансеитова С.С. Казахская музыкальная терминология: Учебное пособие. – Алма-Ата, 1991, 128 с.*

Теңізбай Динара Ғаниқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «6M020700 –Аударма ісі» мамандығының
2-курс магистранты, E-mail: di_nara_94@mail.ru

Ғылыми жетекші:

Мұсалы Ләйлә Жұматайқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР. АУДАРМАДАҒЫ МАҒЫНАЛЫҚ (СЕМАНТИКАЛЫҚ) СӘЙКЕСТІКТЕР

Түйін. Мақалада көркем шығарманы аудару ерекшелігі, аударма барысында тәржімашыға қойылатын негізгі талаптар және аудармадағы мағыналық сәйкестіктер мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар аударманың лингвистикалық және әдеби принциптері төңірегінде, осы сұрақ төңірегінде аудармашылардың пікірлері жайында сөз қозғалады.

Резюме. В статье рассматриваются такие темы, как особенности перевода художественных произведениях, главные требования к переводчику художественного текста и семантические соответствия в переводе. Также, обсуждаются лингвистические и литературные принципы перевода и мнения переводчиков насчет этого.

Summary. The article deals with such topics as the features of the translation of literary works, the main requirements for an translator of an artistic text and semantic correspondences in translation. Also, the linguistic and literary principles of translation and the opinions of translators about this are discussed in the article.

Тіл – адамдар арасындағы негізгі қарым-қатынас құралы болып табылады және сол адамдардың бір тілде түсініскені жақсы. Ал егер адамдардың түсінісетін тілдері әр түрлі болып, қарым-қатынасқа түсе алмаса қайтпекпіз? Бұл кезекте әрине аударма көмекке келеді.

Көркемділігі жоғары аударма – үлгілі аударма. Түпнұсқа көркемділігін аудармада жеткізу – үлкен мәселе. Түпнұсқа көркемділік құндылығымен аударылғанда мазмұндық-мағыналық тепе-теңдігін, сәйкестігін сақтайды. Түпнұсқаның композициясы, сюжеттері, бейнелеу элементтері, стилі, интонациясы, әуезділігі, ырғағы, эстетикалық-көркемдік ерекшелігі түпкі негізінде жеткізілуі керек. Түпнұсқаның мазмұндық ағынына бойлау, ой иіріміне тереңдей ену, әуездік-ырғақтық нәзік толқындарын аңғара білу – аудармашылық сезімталдық, алғырлық. Шынайы, сапалы, биік аударма – көркем әдебиеттің жарқын жетістігі [1, 15 б.].

Бізге көбінесе өзіндік ерекшелігі, қыр-сыры және проблематикасы бар көркем аудармалар қажет. Олар ең көп зерттелген және барынша мобильді болып келеді. Мұндай аударма түріне жаңашылдық және модернизацияландыруға ұмтылыс тән. Көркем аударманың басқалардан ерекшелетін қасиеттерінің бірі – мәтін мағынасын барынша ашу мақсатында пайдаланылатын тілдік бірліктердің қолданылуы. Бұл ерекшелік ежелден келе жатыр, себебі қазіргі күндері біз пайдаланып жүрген құбылтулар (троптар) мен басқа да тәсілдер, сонау Антика дәуірінде бар болған. Сөз ойыны барлық тілде кездеседі, кейде тіпті аудармадағы тілдік құрылымдар мен бірліктерді сақтау аса қиынға түседі. Сол себепті тәржімашының өз ісінің маманы болумен қоса, өте епті, зейінді және тапқыр болғаны абзал.

Кейіпкерлерді бейнелеп, суреттеу кезінде олардың сөйлеу және іс-әрекеттерінің ерекшеліктері әсерін, бояуын жоғалтып жатады. Аудармашылардың көпшілігі әлі күнге дейін фольклорлық, жаргон және диалект сөздердің басым көпшілігі аударуға мойынсұнбай келетінін мойындайды. Көркем шығарманы ешқашан сөзбе-сөз аударуға болмайды, ол міндетті түрде тілдегі эмоцияналдық тондардың, әсерлі бейнелердің жоғалуына алып келеді.

Көркем шығарма аудармасындағы негізі мәселелер ретінде мыналарды алып қарастыруға болады:

– Сөзбе-сөзділікті яғни “кальканы” болдырмау. Мұндай мәтінмен жұмыс істеу барысында көптеген таластар тууы мүмкін, себебі бір аудармашы синтаксистік және лексикалық құрылымды беру қажет деп санаса, басқа бір аудармашы түпнұсқаны аударма мәтінінде қайтадан жасауды жөн санайды. Бұл - өзін аудармашымын деп санайтын кез келген адамның армандауға, креативке, қиялға жақын болуы қажет екендігінің дәлелі.

– Тұрақты тіркестердің аударылуы. Бұл кезекте сөздік қордың байлығы мен сөздіктердің молдығын атап өткен жөн. Түрлі арнайы сөздіктердің болғаны дұрыс.

– Юмор аудармасы. Бұл айтарлықтай қиын, себебі автордың сөз саптау мәнерін сақтау тек нағыз маманның қолынан келмек, тілді жетік білу бұл жерде жеткіліксіз. Кейде бір ұғымды түсіріп тастай отырып, оны басқа сөздер арқылы қалпына келтіруге тура келеді.

– Стильдік және мәдени ерекшеліктерді сақтау. Егер түпнұсқа мәтіні белгілі бір дәуірді суреттеп, басқа заманға тиесілі болса, түрлі дәуірлердегі мәдениеттермен танысып, үнемі даму үстінде болған жөн.

Көркем мәтін аудармашысының негізгі мақсаты – даралықты сақтай отырып, түпнұсқаны белгілі бір мәдениетке адаптациялау, бейімдеу болып табылады.

Бір тілде берілген ойларды басқа тілде дәл және толық жеткізу мүмкін бе? Бұл сұрақ төңірегінде екі түрлі пікір қалыптасқан:

Біріншілер қалыптастырған теория бойынша бір тілден екіншіге толыққанды аударма жасау мүмкіндігі жоқ, бұл тілдердің, тілдік бірліктердің, құрылымдардың алуандығымен байланысты. Яғни аударма түпнұсқадан қашық түсінік береді, оның әлсіз бейнесі.

Екінші пікірмен көп зерттеушілер келіседі. Ол пікір бойынша кез-келген ұлт тілі басқа бір тілдегі ой мен ақпаратты толықтай жеткізуге қабілетті. Аудармашылар тәжірибесі бұл пікірге дәлел: қай көркем шығарма болмасын, авторға тән стилистикалық және басқа да ерекшеліктерді сақтай отырып, кез-келген тілге адекватты түрде, толыққанды аударылу мүмкіндігі бар.

Көркем аударма көбіне екі кемеңіз ортасында қалып кетіп жатады, сөзбе-сөз дәл, бірақ көркемділігі толыққанды емес, немесе көркемділігі жағынан сапасы жоғары, алайда түпнұсқадан тым алыс, тым еркін аударма. Бұл жағдай лингвистикалық және әдеби тұрғыдан қарастырылады. Аударманың лингвистикалық принципі түпнұсқаның құрылымын қайта жаңғыртуды негізге алады. Бұл принципті негізгі деп қабылдау көркемділікті азайтады, себебі синтаксистік бірліктердің екі тілде бірдей кездесуі өте сирек кездеседі. Бұл арада сөзбе-сөз дәлдік пен көркемділік үнемі бір-біріне қарама-қайшы келіп қалады.

Енді біреулер аударманы я лингвистикалық, я әдеби тұрғыдан қарастырмай, сөз шығармашылық өнерінің бір түрі ретінде қарайды. Бұл теория бойынша, тәржімашының адекватты тілдік бірліктер табуға итермелейтін негізгі қозғаушы күші – ол түпнұсқадағы насихатталатын негізгі идея болуы керек. Яғни аудармада түпнұсқамен лингвистикалық емес, эстетикалық түсінікте сәйкестік болғаны жөн.

Әрине, кез-келген элементтер мен құрылымдардың сақталуы мүмкін емес, осы тұрғыда аудармада келесі жайттар сөзсіз орын алады:

- мәтіннің кей бөлігі түсіп қалады немесе жаңадан жасалады;
- кей материал өз қалпында емес, түрлі ауыстырулар мен эквиваленттер арқылы беріледі;
- түпнұсқада жоқ материал енгізіледі;

Сондықтан, зерттеушілер сапалы аудармада мұндай өзгерістердің болуы қажет деп санайды.

Аудармадағы мағыналық (семантикалық) сәйкестіктер. Мағыналық бірліктері – морфемалары, сөздері, тұрақты сөз тіркестері толық сәйкес келетін екі тілдің болуы мүмкін емес. Мағыналар мен түсініктердің өздері сәйкес келгенімен, олардың формальді бірлік шегінде сайма-сай болуы кездеспейді. Оған дәлел – сөздік құрамның алуандығы.

Екі тіл арасындағы мағыналық сәйкестіктерді үш типке бөлуге болады:

- 1) толық сәйкестік; 2) жартылай сәйкестік; 3) сәйкестіліктің болмауы;

Екі тілдегі лексикалық бірліктердің толық сәйкес болу жағдайлары өте сирек. Бұл негізінен бірмағыналы сөздер, яғни екі тілде де бір ғана мағына береді. Мұндай сөздер тілдегі барлық сөздік қор көлемімен салыстырғанда өте аз. Бұл мына лексикалық топтарға жататын сөздер:

- екі тілде де кездесетін жалқы есімдер немесе географиялық атаулар;
- ғылыми, техникалық терминдер;

– семантикасы жағынан жоғарыда аталғандарға жақын сөздер, мәселен, ай, апта күндері атаулары, сандар, т.б.

Екі тілдің лексикалық бірліктерін қатар қойып қарағанда жартылай сәйкестік анағұрлым жиі кездеседі. Бұл кезекте бір тілдегі сөзге екінші тілде бірнеше семантикалық эквиваленттер сәйкес келеді. Кез-келген тілдің басым көпшілік сөздері көпмағыналылық қасиеттерге ие, бір тілдегі сөздердің мағыналық жүйесі өзге тілдер сөздерінің мағыналық жүйесімен сәйкес келе бермейді. Тек айырмашылық бір тілде мағыналар ауқымы басқалардан кеңірек немесе ауқымы тар келетіндігі. Тағы бір жайт, белгілі бір тілдегі мағынасы кең, денотаттар саны көп сөзге, басқа бір тілдегі денотаттар саны көп емес, көп мағыналардың бір немесе бірнешесі ғана бар сөз сәйкес келуі мүмкін.

Екі тіл арасындағы қарым-қатынастағы үшінші жағдай, бұл – түпнұсқа тілі мен аударма тілі сөздерінің арасында мүлдем мағыналық сәйкестіктің болмауы. Бұл жерде эквивалентсіз лексика жайлы сөз қозғасақ болады, яғни тілдердің лексикалық бірліктерінің басқа тілде мүлдем эквивалентінің табылмауы (жалқы есімдер, газет, ұйым аттары, реалии сөздер, т.б.). Бұл топтағы

тілдік бірліктер аудармалық транслитерация, транскрипция, калькальдау, суреттеу, т.б. тәсілдермен аударылады [2].

Нақты тілдік құрылымдарды аудару. Шет тілдік терминдердің енуі. Металингвистикалық (жаңа техника, жаңа түсініктер) сипаттағы сөздерді аударуда шет тіл сөздерін енгізу ең оңай тәсіл саналады. Егер аудармашы шығармаға стилистикалық әсер беруге тырыспаса, бұл енгізулер аудармада маңызды болмас та еді. Жергілікті колорит беру үшін шет тілдік терминдерді қолдануға болады. Мысалы, Ресейде “верст” “пұт”, Америкада “доллар”, “партия”, Мексикада “текила”, “тортилье”, т.б. Стефани Майер «Сумерки» сағасын аударғанда, ара қашықтықтың өлшемі ретінде “миль” алынған:

«Пикап не мог разогнаться свыше сорока миль в час, что раздражало Эдварда»[3].

Шет тілдік сөздер енгізу арқылы шешімін табатын жергілікті колорит мәселесі, әсіресе стиль тақырыбын терең қозғайды.

Аудармадағы орын ауыстыру. Орын ауыстыру аударма трансформацияларының бір түрі саналады. Бұл трансформация түрінде аударма мәтініндегі тілдік бірліктер түпнұсқамен салыстырғанда реті немесе орны өзгереді. Мұндай өзгертулерге ұшырайтын элементтер – мәтін қатарындағы сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлем бөлігі немесе толық сөйлем. Мысал ретінде “Сумерки” шығармасының орыс тілінде жасалған ресми және әуесқой аудармаларын алып салыстырсақ болады:

«Интересно, согласится мама прислать мне файл со старыми сочинениями или станет поучать, что жувльничать нехорошо? Вполуха слушая монотонный рассказ учителя, я перебирала в уме аргументы, которые могли бы убедить маму» [4]. «Интересно, мама согласится прислать папку с моими старыми сочинениями или решит, что это жульничество? Пока учитель бубнил свое, я мысленно подыскивала аргументы для спора с ней» [5]. «Сумерки» сағасы жайлы жалпы сөз қозғасақ, шығарманың ресми аудармасында дәлсіздікпен қоса, бұрмаланушылықтар көп орын алған. Арманшыл альтруист Белла – жеке басын ғана ойлайтын, ерке, қыңыр, ақымақ болса, биязы, интеллигент Эдвард – дөрекі, жүгенсіз көршінің баласына айналған. Орыс тілінде бұл шығарма өзінің тереңдігін, психологизмдік үлесін жоғалтып, электричкада отырып оқылатын арзан, сапасыз романға айналған. Сол себепті де, бұл шығарманы өз бетінше аударуға тырысатын әуесқойлар көп.

Қорыта айтқанда, адекватты жасалаған көркем аудармаға тән қасиеттер:

- дәлдік
- ықшамдылық
- анықтылық
- көркемділік.

Нағыз аудармашы – өз ісіннің хас шебері ғана емес, шығармашылық адамы. Тәржімашы еңбегіне сол көркем шығарманың авторынан кем күш жұмсамауы керек. Мәтінді жай ғана аудару салу емес, ондағы көңіл-күйді, стильді беру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тарақов Ә. Аударма әлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 330 б.
2. <http://www.slavcenter.ge>, «Смысловые (семантические) соответствия при переводе» мақаласы, авторы: Т. Москаленко, К. Чеишвили
3. Майер Стефани «Сумерки»//М.: АСТ, 2008.;
4. Стефани Майер «Сумерки», 9 б.;
5. <http://twilighters.ru/> «Сумерки» әуесқой аудармасы;

Қамысбаева Мәдина Нұртасқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
«6M020700 - Аударма ісі» мамандығының 2-курс магистранты, E-mail: miss_gravity94@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Есембеков Темірғали Уразғалиевич**
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

«ҒАСЫРДАН ДА ҰЗАҚ КҮН» РОМАНЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ШЕҢБЕРЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ МӘНІ

Түйін. Мақалада Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романының өзектілігі жайлы қарастырылды, сонымен қатар шығарма желісіндегі кейбір астарлы экологиялық ақпараттар және романдағы шеңберлер жүйесінің мәні талданды.

Резюме. В статье было рассмотрено об актуальности романа Ш. Айтматова «И больше века длится день», а также были анализированы из романа некоторые подтекстовые экологические информации и смысл схемы «круг».

Summary. This article considers the topicality of the novel "The day lasts more than a hundred years" by Chingiz Aitmatov, moreover was analyzed some ecological information and meaning of the schema "circle".

Совет үкіметі кезінде атеизмді насихаттау белең алғаны белгілі. Газеттерде түрлі мақалалар жарияланып, діни қағидаттарды мансұқтайтын лекциялар жүргізілді. Мешіттер мен шіркеулердің беделі шектелді, сонымен қатар діни ұйымдар бақылауда болды. Діни тақырыптағы әңгімелер тек қана атеистік лекцияларда қозғалды, оның өзінде белгіленген шеңбер аясында ғана айтылуға рұқсат етілді. Жағдайды терең түсінген Валентин Распутин, Федор Абрамов, Василий Белов, Виктор Астафьев, Василий Шукшин сияқты халықпен етене байланысы бар қаламгерлер дін саласындағы дағдарыстардың себебі мен салдарына үңілді. Олар христиан діні қалыптастырған құндылықтардан бас тартудың қандай тауқымет әкелетінін ашық айтуға тырысты. Қалың оқырман мұндай шығармаларды түсіністікпен қабылдады. Әрине, қалыптасқан саяси ахуалды ауқымды талдаған суреткерлердің белгілі апокалипсистік тақырыптарды пайдалануға тырысқаны тегін емес, себебі адамзаттың болашағы және ғаламның келешегі жайлы көкейкесті мәселелер дүние жүзі ойшылдары мен философтарының денін толғандырған. Олардың алғашқы қатарында шығармалары әлемдік әдеби құбылысқа айналған Шыңғыс Айтматовтың тұратыны даусыз. Әлемдік тұлға, ойшыл, гуманист, данагөй, қазақ-қырғызға ортақ халық жазушысы, Еңбек Ері, КСРО мемлекеттік сыйлығының үш мәрте иегері және Лениндік сыйлықтың лауреаты Шыңғыс Айтматов "Ғасырдан да ұзақ күн" романында осы сұрақтар төңірегінде ой қозғаған болатын. Бір жағынан қарағанда роман тарихи және реалистік болып табылады. Оның желісінің негізінде кеңес қоғамының болмысы мен өмірінен алынған шынайы көріністер мен ақпараттар жатыр. Оның ішінде табиғи апаттар мен экологиялық күйреулер, өркениет тап болған жаһандық проблемалар, болмыс пен рух, адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы қайшылықтар мен дағдарыстар, күн сайын ушыққан рухани және адами сергелден сияқты проблемалар көтерілген. Екінші жағынан, романда фантастикалық, мифологиялық сюжеттер мен образдар қолданылған. Авторлық тұрғыдан алғанда адамзат өркениетінің болашағының бағдарламасы сияқты сарында жазылған бұл романда Шыңғыс Айтматов ғаламның, қоғамның жетістігі мен кемшілігін сараптаған, батыс пен шығыстың, социалистік және капиталистік жүйелер арасындағы тайталастар төркінін таразылаған, адамзат тірелген тығырықтан шығудың жолын іздестірген.

Бұл кезеңде әдебиет тек қана көркемдік, эстетикалық қызмет атқарумен қатар танымдық, тағылымдық, тәрбиелік, компенсаторлық функция атқарған, өйткені адамдар әдебиетті тек қана қызығушылық үшін ғана оқымаған. Бұл кезеңде әдебиет үлкен әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани мәні бар тақырыптарды қаузады. Билік пен ортаға, қауым мен тұлғаға ықпал етуге тырысқан болатын. Мысалы, В. Распутин бастаған қаламгерлер ықпалымен табиғатқа зардабы мол, адам өміріне аса қауіпті құрылыстар тоқтатылғаны белгілі. Ал Ш.Айтматов өз туындысында текетіреске түскен екі жүйенің басында тұрған АҚШ және Совет Одағын осы жайлы ойлануға шақырған. Сонымен қоса, өркениетті әлемге қауіп таяғандығын бейнелеп, адамзатты осыны сезінуге шақырған. Даму мен өркендеу үшін ақылға келуге үндеген. Сол себепті, бұл романды апокалипсистік апаттың алдын алу құралы болды деп те атауға болар.

Айта кететін жайт, соңғы кеңес идеологиясы мен әдебиеті арасындағы -қайшылықтардың ХХ ғасырдың екінші жартысында шиеленісе бастағаны мәлім. Саяси билік бұрынғы инерция, орныққан

ереже мен сарын бойынша өзін-өзі тыныштандыру арқылы Совет үкіметінің экономикалық әлуетін асырып көрсетті, ішкі дағдарыстарды жасыруға тырысты, социализмнің жеңетіндігіне және қиыншылықтардың барлығының да уақытша екендігіне сендіруге күш салды. Ал, гуманистік, реалистік құндылықтарды алға тартқан әдебиет дабыл қағып, қоғамда қалыптасқан түйткілдерді ашық айта бастады, саяси-әлеуметтік тауқыметтердің көбейгенін, мәдени және рухани мәселелердің шиеленіскенін, қоғамда табиғаты тылсым, мақсаты белгісіз құбылыстардың болып жатқандығын айтты. Асылы, сөз өнері өз миссиясын анықтай бастады. Әлеуметтік өмірдің шынайы болмысыны үңілді, ал ресми үгіт пен насихат жалған болатын.

Романды кейіпкерлердің көбі қарапайым өмірден алынған. Олардың әлеуметтік дәрежесі төмен болғанымен, адами қасиеттері, рухани құндылықтары әлемдік деңгейде. Автор кішігірім күнделікті қарбаластың, өмірлік оқиғалардың астарында жатқан ауқымды тақырыптарды нысан еткен, оны жаһандық биік көзқараспен көрсете білген. Мәселен, Шыңғыс романындағы әр кейіпкердің бейнесі бекерден жасалмаған. Жағымды кейіпкерлердің бойынан адамзатты алға жетелейтін, ғибрат аларлық қасиеттерді көрсек, керісінше жағымсыз кейіпкерлерден адамзатты артқа тартатын, осындай адамдар бұл ғаламда көп болса, соны катастрофаға алып келетіндігін оқырмандарға көрегенділікпен бейнелеген.

Автор «Ғасырдан да ұзақ күн» романында бір қарағанда бір-біріне тікелей байланысы жоқ, бірақ ортақ астарлы мағынасы бар бірнеше сюжеттерді біріктірген. Басты кейіпкерлердің бірі аңыздық образ мәнгүрт бейнесінде сипаттаған. Ал Сабитжан – өркениетті әлемнің қисық көрінісі, сол кездегі қоғам қалыптастырған өнім. Ол сол кездердегі қоғамның мақсатын ашып көрсету үшін қолданылғандай, яғни адамды саяси тетікке айналдыру, қалыпқа салу, шеңберге қамау арқылы тарихи жадыны әлсірету, адами құндылықтарды кейінге ысыру, адам-роботты қалыптастыруға әкелетіні айтылған. Кітап желісі бойынша, Сабитжан Боранды елді мекендерінің тұрғындарын өмірін билей алатын, ой-саналарын олардың еркінен тыс, өз қалауымен басқара алатын ғажайып машина жайлы әңгіме қылады: «Ему кажется, что он живет и действует сам по себе, по своей вольной воле, а на самом деле по указанию свыше. И все по строгому распорядку. Надо, чтобы ты пел, – сигнал – будешь петь. Надо, чтобы ты танцевал, – сигнал – будешь танцевать. Надо, чтобы ты работал, – сигнал – будешь работать, да еще как! Воровство, хулиганство, преступность – все забудется, только в старых книгах читать об этом придется. Потому что все будет предусмотрено в поведении человека – все поступки, все мысли, все желания» [1.40]. Қазақша аудармасы мынадай: "Адам ылғи да орталықтың программасы бойынша қимылдайтын болады. Адам бәрін өзім істеп, өз еркіммен жүрмін деп ойлайды, ал шындығында бәрін істетіп отырған жоғары жақ. Бәрі де қатаң тәртіппен істеледі. Сен ән салуың керек пе – биоток арқылы сигнал келеді – шырқай жөнелесің. Сен билеуің керек пе – сигнал – билей жөнелесің. Сен жұмыс істеуің керек пе – сигнал – жұмысты қақыратып саласың! Ұрлық, бұзақылық, қылмыс атаулы ұмытылады, оның бәрін тек ескі кітаптардан ғана оқитын боласың. Өйткені адам бойындағы қадір-қасиет, мінез-құлық, тәртібі – бәрі-бәрі программа арқылы берілетін болады) [2.33 б.].

Сабитжан да осындай «жоғары жақ» басқаратын радионы еске түсіреді. Ол ресми түрде ата-бабларының салт-дәстүрлерін біледі, ал шаруаға келгенде, бастықтарының берген бұйрықтары, ұсақ-түйек тұрмыс жұмыстары өлімнен және әкесіне деген сый құрметінен жоғары болып табылады. Едігей болса, Сабитжанның жан-дүниесінің тас-талқаны шыққандығына, индивидуалдығынан айырылғандығына қарап іші күйеді, қаны қараяды. Едігенің өзіне үлгі болған Қазанғаптай әкеден туып, тәлім-тәрбиесін алса да, ол – бүгінгінің адамы, сол заманның заңды жемісі. Сабитжанның өзінің жеке ойлау шеңбері бар, бұғаулы ішкі жан дүниесі жабық, оны Едіге де, басқа адам да түсіне алмайды. Және бұл шектеудің, осындай адам болуының себебі – қоғамдық жүйе мен әлеуметтік орта екен.

Едігенің басты өмірлік мақсаты – кез келген жағдайда адам болып қалу. Ол үшін үлгі тұтарлық тұлға – Қазанғап. Едігенің адамгершілігі, елі мен жері алдындағы жауапкершілігі, оның әрбір іс-әрекеті, Отанға деген риясыз сезімі, адамзатты сүюі, адамдарға деген бауырмалдылығы, жалпы қоршаған ортаға деген ыстық ықыласы мен құрметі, сыртқы әлеммен қарым-қатынасы үлгі аларлық. Осындай аса бағалы қасиеттер иесінің еңбегі мен аңсарының еленбегеніне алаңдау бар – ел басқаратын әлуеті мол осындай ұлттық тұлғаның қоғамнан қағажу көріп жүргеніне автор ерекше назар салған. Оның ішкі арман-мақсаттары бар, оның азаматтық потенциалы істеп жүргенінен жоғары. Ол адам тұрғысыз жердегі бекетте поезд бақылаушысы, оның басты міндеті – поездарды әрі және бері өткізу, қалыпты тіршілігін жасау, жұмысқа бару және келу, бекетте отырып ойға берілу. Бұл Едіге үшін үлкен азап, себебі «тұлға Едіге» қоғамға керек емес, оларға керекі «мәнгүрт Едіге»,

«робот Едіге». Бұл сюжеттен де сол заманның адамның ойы мен сезіміне құрсауды қалайша кигізуге тырысқаны көрінеді, шеңбер мен шектеуді көре аламыз

Шыңғыс Айтматов ұрпақтан ұрпаққа тарайтын мирасқорлық мәселесін сөз етеді. Ұстаз Әбутәліп Құттыбаевтың қасіретке толы өмірі жайлы сюжеттің алдында, мәнғүрт жайлы аңыз әңгіме баяндалады. Бұл жерде есте сақтау проблемасы мен өмірдің саликалы, лайықты ұрпақ арқылы жалғасуы жайлы сөз қозғайды:

«Он как знал, он спешил дать им от себя как можно больше, он как бы хотел таким образом запечатлеться в их памяти, жить заново в своих детях. Вечерами, когда Абуталип приходил с работы, он и Зарипа устраивали нечто вроде школы-детсада для своих и Едигеевых детей. Дети учились буквам, слогам, играли, рисовали, соревнуясь, у кого лучше получится, слушали книги, которые читали им родители, и даже все вместе разучивали разные песенки» [1.134].

«И опять же смысл тех стараний Абуталипа Буранный Едигей постиг позднее, когда случилась беда. Тогда он понял, что в положении Абуталипа это было единственное, что он мог предпринять собственными усилиями для своих детей в боранлинских условиях. Он как знал, он спешил дать им от себя как можно больше, он как бы хотел таким образом запечатлеться в их памяти, жить заново в своих детях» [1.135].

(қаз. Ол отбасы бір күн де тұра алмайтын. Ұл балалары – оның сыйынары, өмірінің мәні мен сәні солар болатын. Бір минут бос уақыт табылса, балаларының қасында болып, сауатын ашып, түрлі ертегі жұмбақтарды өзі ойлап айтып беріп, өзі ойлап тапқан қайдағы бір ойындарды үйрететін) [2.120].

«Әбутәліптің бұл характерінің мән-мағынасын Едіге тағы да кейінірек, сойқан соғып өткеннен соң барып бір-ақ түсінді ғой. Борандының жағдайында Әбутәліптің басы кіріптар шақта оның өз күшімен балаларға істер жақсылығы тек осы жол болуы керек екенін Едіге кейін ұғынды. Сөйтсе Әбутәліп балаларына қолынан келген жақсылықты тезірек дарытуға асыққан екен ғой, өз өмірін балаларының өмірімен жалғастырып, өзі өлсе де, солар арқылы жарық дүниеде жасамақ болып, балғындардың есінде, жүрегінде жатталып қалуға жанталасқан екен де» [2.121].

Үлкен өмір «жаушылары», барлық нәрседен алыста, бөлектеніп жатқан Боранды жеріне күмәнділік, жергілікті халыққа сенімсіздік, қорқыныш сезімдерін алып келеді. Мұндай алып күшке қарсы шығу мүлдем мүмкін емес. Ең қызығы, бұл жағдайда адам мәнғүрт қалпына еніп құл болады немесе өледі, одан басқа жол жоқ.

Мәнғүрт жайлы аңыз бен Әбутәліп өмірі бір-бірімен тығыз байланыста, екеуінің жағдайында да адам жадынан айыру әрекеті көрініс табады. Мәселен, мәнғүрттің басына түйенің терісін кигізіп қойып, иен далада жалғыз өзін, шарасыз қалдырып, қиналған кезін еске ала отыра, Әбутәліптің түрмедегі шарасыз жағдайымен салыстырсақ параллель келеді. Сонымен қоса, бұл екі әңгіменің негізгі ақпараты ол – үкіметтің саликалы ұрпақты құрту мақсаты, ал ол кезегінде адамдардың жадынан айыру арқылы жүзеге асады. Мәнғүрттің жағдайында ұрпақтың өзінің жадын жойса, екінші жағдайда оған тәлім-тәрбие беретін адамның көзін жоюда.

Осы жерден үкіметтің Әбутәліпке кигізген шеңберін және мәнғүртке таққан шеңбермен салыстыруға болады.

Романде Қаранар өмірі мен Иттің өмірі бекерден бейнеленбеген. Мысалға Қаранарды алатын болсақ, ол табиғаттың шақыруымен алысқа кетіп қалатын болса да, сонында бәрібір иесіне қайтып келеді. Иттің де жағдайы сондай. Сонымен қоса, «Боранды бекет» шығармасында әр тарау: «Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа, батыстан шығысқа қарай жөңкіліп жатады» деген сөздермен басталуы тегін емес. Оның беретін түпкі мағынасы – әр нәрсе өз шеңберінен шыға алмайды, көп нәрсе бұл өмірде шектеулі екенінің көрсеткіші. Сонғы талқыланған үш теңеу(Қаранар, ит, поезд) жоғарыдағы талқыланған кейіпкерлердің (Едігей, Сабитжан, мәнғүрт) астарлы аналогиясы деп қарастырған жөн.

Жалпы «Боранды бекет» романында әртүрлі астарлы экологиялық ақпараттар берілген. Ол адам мен адам арасындағы қарым-қатынас, адам мен қоғам, адам мен табиғат экологиялары. Жоғарыда, қоғам мен адам арасындағы астарлы түрде берілген экологиялық ақпаратты талқыладық. Қоғам мен адам арасындағы экология бұзылған. Себебі, қалыпты қоғамда адам барлық әлемнің ортасы, дүние адамның айналасында айналуы тиіс, ол дегеніміз қоғам адам үшін қызмет ету керек, жұмыспен қамтамасыз ету керек, талантты адамдар болса, олардың дамуына үлесін қосуы керек, ал Шыңғыс сипаттаған қоғамның мақсаты – адамдарды жадынан айыру, ата-тегің білетін ұрпақтан айыру, қоғамның құлы болдыру, былайша айтқанда мәнғүрт қылу. Ал мәнғүрт Айтматовтың сипаттауынша: «.. өзінің кім екенің, ел-жұртты, руынның кім екенің білмес. Балалық шағы, әке шешесі де мүлдем

есте қалмас. Бір сөзбен айтқанда өзінің өткенімен байланысын үзген адам. Мәңгүрттің басқа құлдардан айырмашылығы сол – онда ешқашан бүлік шығару, бағынбау деген сезім оянбас»

Жақсылап байқасақ, Шыңғыс Төрөқұлұлы барлық сюжеттерді астарлы түрде шеңберлер жүйесі арқылы сипаттағандай.

Бұл шеңберлер шектеудің символы болып табылады, бұл жерде тек қана мәңгүртке ғана тағылған шеңбер емес, әрбір роман кейіпкеріне астарлы түрде тағылған ширалар, шеңберлер, шектеулер деп қарастырамыз.

Қаламгердің айтуы бойынша, егер де адам баласы ғарышпен үйлесімділік таппаса, өзінің ішкі жан дүниесі мен сыртқы дүниесі арасында үйлесімділік болмаса, адам бостандықтың иесі емес, бұл адамдардың мүмкіндіктерінің шектелуі, байлануы . Осындай адамның ішкі дүниесі мен қоғам арасындағы қайшылықтар үлкен катастрофаға, апокалипсиске алып келетінің түсіндіріп, осы романы арқылы адамзатты үндеуге шақырған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Айтматов Ч. И дольше века длится день. — Фрунзе: Кыргызстан, 1988. — 656 с.*
2. *Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2005. – 264 б.*

Курмашева Гулжан Аскарвна

Магистрант 2 курса 6М012200 «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения»
Казахский государственный женский педагогический университет, gulz1994@mail.ru

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ «ЖЕНСКОГО НАЧАЛА» В ГОРОДСКИХ ПОВЕСТЯХ «ДРУГАЯ ЖИЗНЬ» И «ДОЛГОЕ ПРОЩАНИЕ» Ю.ТРИФОНОВА

Резюме: Межполовые отношения, их особенности, изменения всегда были одним из основных объектов изучения и изображения литературы. Вкупе с социологическими, антропологическими и историческими исследованиями литературный текст дает богатый материал для изучения культурных переломов и футурологических прогнозов. Русская литература, в том числе и советского периода, не является прецедентом. Несмотря на явные отличия официальной советской литературы от мировой и обладание такими признаками как формульность, идеологическая ангажированность, канонизация жанров, тексты советского периода также репрезентируют тендерные порядки, положения мужчин и женщин в обществе, специфику взаимоотношений, особенности института семьи.

Ключевые слова: быт, бытовое насилие, мать – одиночка, городская жизнь, одиночество.

Түйін: Жыныс аралық қарым-қатынастар, олардың ерекшеліктері мен өзгерістері әрқашан әдебиеттің негізгі объектілерін зерделеудегі басты бейне болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік, антропологиялық және тарихи зерттеулер жүргізу үшін мәдени өзгерістер мен футурологиялық болжамдар мәтіннің мазмұнын байыта түседі. Орыс әдебиеті, соның ішінде кеңестік кезең әдебиеті де бұл тұста шетте қалмайды. Кеңес әдебиеті мен әлем әдебиетінің айырмашылығына қарамастан, гендерлік тәртіптер мен ережелер, ерлер мен әйелдердің қоғамдағы қарым-қатынас ерекшеліктері, отбасы институты идеологиялық тұрғыдан айқын көрініс табады.

Түйін сөздер: тұрмыс және тұрмыс ауыртпашылығы, жалғызбасты ана, қалалық өмір жағдайы, жалғыздық.

Summary: Inter-gender relations, their features, changes have always been one of the main objects of study and images of literature. Together with sociological, anthropological and historical studies, the literary text provides rich material for studying cultural fractures and futurological forecasts. Russian literature, including the Soviet period, is not a precedent. Despite the obvious differences between the official Soviet literature and the world literature and the possession of such features as formula, ideological bias, canonization of genres, the texts of the Soviet period also represent the tender procedures, the position of men and women in society, the specifics of relationships, especially the institution of the family.

Key words: life, household life, single mother, city life, loneliness.

Слово «репрезентация» имеет два значения. Первое отсылает нас к тем жанрам культуры, где создается, конструируется тот или иной образ мира. Это литература, живопись, кино, реклама, массмедиа, различные виды поп культуры. Кроме того, термин «репрезентация» означает и сам образ. Оба значения слова, как не трудно догадаться, близки: в каждом жанре репрезентаций есть свои правила конструирования мира, так что жанр в целом представляет собой способ описания, некую модель, образ этого мира. Наше сознание воссоздает не реальность как таковую, но наши представления о ней. Поэтому в любой репрезентации, в любом образе присутствует ценностный момент, то есть отношение к воссоздаваемому образу, явлению. Какими бы «реалистичными», «достоверными», «похожими на жизнь» ни выглядели произведения искусства, они больше говорят о людях[1].

Репрезентации имеют отношение к пространству символического: многообразие жизни в них подгоняется под определенные стереотипы. Другими словами, литературные произведения, кинофильмы, рекламные ролики, газетные очерки о героях современности эти стереотипы и создают и через принятую в культуре систему передачи знаний делают их достоянием общественнооо сознания. Это внедрение в сознание может быть таким мощным, что грёзы репрезентаций будут приниматься и за реальность, и за истину. Вот почему так важно уметь критически анализировать образы. Репрезентации подобны языку: посредством них люди общаются друг с другом, осмысливают свою жизнь и передают культурные навыки и ценности. В русской культуре начиная с XVIII века женщина постепенно выдвигается в центр репрезентаций. В советскую эпоху создаются образы женщин нового мира.

«Иные читатели, может быть, опять поспешно назовут их мещанами. А они горожане, бог ты мой, горожане, и всё тут!» Вот здесь, в этом самооправдании, — корни невероятной долговечности трифоновской прозы. Мы ведь тоже горожане, хотя и живём 30, а то и 40 лет спустя... [2].

Вся проза Трифонова — она была самым точным отчётом о городской жизни застойного времени, в шокирующих деталях совпадающим с сегодняшними реалиями. А именно, бытовыми реалиями.

Слово «быт» преследовало Трифонова с тех пор, как один за другим стали появляться его рассказы конца 60-х годов XX века. Повестей и романов, в которых советский обыватель с изумлением узнал сам себя, и потому зачитывал до дыр журнальные книжки с вещами Трифонова. А он прекрасно понимал эти достоинства своей прозы — в беседе с критиком Анатолием Бочаровым для журнала «Вопросы литературы» ещё в 1974 году, до «Другой жизни» говорил: «Читателю должно быть не по себе, он должен поёживаться и думать: «Чёрт возьми, это как будто про меня...»

Так вот всё это упорно называлось словом «быт». Что, с одной стороны, было охранной грамотой Трифонова, с другой — его раздражало. Тому свидетельствует интервью Льву Аннинскому: «Я пишу о смерти («Обмен») — мне говорят, что я пишу о быте; я пишу о любви («Долгое прощание») — говорят, что тоже о быте; я пишу о распаде семьи («Предварительные итоги») — опять слышу про быт...» Бытом оказывалось всё то, что не являлось идеологически насыщенной или, скажем, производственной прозой. Вроде и не диссидентство никакое, но подлинно советской литературой, в «секретарском» смысле слова, это всё не назовёшь. «Какие-то вечные темы!» — бросил Трифонову редактор в одном из «толстых» журналов. Вот именно что вечные, как мы теперь понимаем. Любовь, ненависть, предательство, распад, смерть под псевдонимом «быт».

В советскую эпоху создаются образы женщин нового мира, где женщина Трифонова получила голос из уст мужчины.

В 60–70-е годы XX века уже появляется эстетически и идейно сложная проза «горожан» (А.Битов, Ю.Трифонов, В.Маканин), в центре которой — частная жизнь, а женщина изображается как убежище мужчин от публичной сферы, где торжествуют формализм и неправда. Героев интересуют проблемы налаживания быта, воспитания детей, здоровья, отдыха, сложных отношений с женой и часто параллельно с любовницей. Эта проза проблемна, прежде всего с точки зрения конструирования мужского героя, который остро переживает свою маргинальность по отношению к налаженной жизни большинства. Здесь отношения между мужчиной и женщиной иногда напоминают поединок, но в целом женщина все же остается частью мужского поиска, нередко становясь ставкой в мужском соперничестве, как в прозе Ю.Трифопова («Долгое прощание») [2]. Поначалу может показаться, что здесь он разрабатывает ту же жизненную материю, что и в «Обмене»: непонимание двух людей, мужа и жены, их брак — стычка двух кланов, двух моделей отношения к жизни. Ольга Васильевна из мира людей достаточно меркантильных и прагматичных, за спиной Сергея Троицкого стоит мать, женщина с принципами [3].

Повесть начинается энергично, повествование разворачивается смело и широко: «И опять среди ночи проснулась, как просыпалась теперь каждую ночь, будто кто-то привычно и злобно будил ее толчком: думай, думай, старайся понять! Она не могла. Ни на что, кроме самомучительства, не способно было ее существо». С первых же строк понимается, что произошла трагедия, затем сказано прямо, что умер ее, Ольги Васильевны, муж Сергей, умер «в возрасте сорока двух лет, от сердечного приступа». Свекровь «твердо считала, что в смерти сына... виновата жена». Тот кто-то «злой», что будит по ночам Ольгу Васильевну, это — память. По мелочам Ольга Васильевна пытается восстановить и понять: в чем же виновата она? Но в этом ее «самомучительстве» заключено, быть может, не столько желание узнать степень собственной ее вины (если, конечно, вина есть), сколько неосознанное желание постичь сущность бытия.

Ольга Васильевна находится между двумя стихиями — между стихией жизни и стихией смерти. Недавно схоронив мужа, сама Ольга Васильевна не может не думать о собственной смерти как о выходе в этих обстоятельствах. Но силы жизни удерживают ее: «Как я могу думать о смерти, когда у меня дочь?»

В отличие от свекрови, Ольга Васильевна не считает, что кто-то один виноват в смерти мужа. Тщательно, снова и снова перебирая в памяти подробности, анализируя едва ли не каждый его (и свой тоже!) шаг, она приходит к выводу, что все, кто окружал Сергея и Ольгу Васильевну, как бы по крупичкам расхищали его жизнь, что к смерти его вела вереница, цепочка различных событий.

Конфликт в повести налицо, но, вместе с тем, нельзя сказать, против кого направлена сила его удара. Конфликт тут скорее не с отдельными людьми, а с образом жизни этих людей. Не будь тех людей, на их месте были бы другие. Ольгу Васильевну и Сергея связывает с окружающими сложная сеть взаимоотношений. Нити их взаимоотношений — это живые нервы, и прикосновение к каждой из них отзывается болью [3]: «Ольга Васильевна, вспоминая недавно умершего мужа, совершает ревизию прошлого, оставаясь верной своей химической бестрепетности, она беспощадно “копает” себя как можно глубже, и в ее памяти оживают все бывшие голоса и позиции. Вот, например, воспоминание Ольги Васильевны о том, как она себя вела, когда Сергей пришел с заседания, где “гробанули” его диссертацию: “Она пылко продолжала его учить. Кипело низкое раздражение. Он

махнул рукой и куда-то вышел. Через минуту вернулся с чемоданом. Она не сразу поняла, что он собрался уезжать, а когда он сказал, что на несколько дней поедет к тете Паше, что было нелепостью, никто его в Васильково не звал, жить там было негде, вся родня тети Паши уже перебралась из клетушек и сараев в избу, лето кончилось, она рассердилась и не могла сдержаться, и громко кричала о том, что это бегство, малодушие, и что если он сейчас уедет в деревню, она снимает с себя ответственность за его здоровье и вообще не даст ему денег. Орала вздорно, постыдно, как можно орать только в большом гневе».

Здесь можем выявить сходство с прозой Л.Петрушевской, у которой женщина, в ее рассказах - это в основном мать, которая вынашивает и выкармливает своих детенышей, но в то же время она утрачивает женственность, и вместо хранительницы очага, она занимает место существа, замученного бытом: «Ольга Васильевна «провела по волосам дочери», и та, в порыве такого же, как и у Ольги Васильевны, раскаяния, «рванулась, обняла мать, ткнулась холодноносой щенячьей мордочкой в щеку, в ухо, шепча что-то жалобное». Горе, которое постигло их, — это их общее горе, и оно дает о себе знать в мелочах, в неожиданных столкновениях ребенка и матери!» [4].

«Долгое прощание». Ляля (Людмила Телепнева), несмотря на игривую форму имени, представлена как: «сильная женщина» доминируемая в бытовых, эмоциональных и общественных планах. Актриса Телепнева как женщина сильная и как женщина советская представляет собой художественную репрезентацию реализованного советского тендерного контракта. При сохранении обязательной женской функции — репродуктивной, дополнительными и совмещёнными ложилась - бытовая и общественная [2, с.10]. Женщине должна была вести хозяйство, воспитывать детей, кроме того стать общественно-трудовой ячейкой и участвовать в производственной жизни страны. Ляля полностью внеплет требованиям времени: строит карьеру в театре, обеспечивает семью, зарабатывает больше своего гражданского мужа, помогает престарелым родителям. При всей субъектности Ляля не лишена женского, манящего, притягательного физического начала и «женских» душевных качеств. Героиня способна сострадать, сопереживать, жертвовать. Ляля Телепнёва транслирует тот открытый чистый тип духовной женской красоты. [2, с.11].

Её гражданский муж, Гриша Ребров, изображён как одухотворённый, метущийся человек, не способный на действие, «вечный студент» или вечный интеллигент, бесконечно или беспричинно рефлексирующий, тем не менее, импонирующий своей бескомпромиссностью, талантом и какой-то детской, правдивой неустроенностью. Союз Ляли и Гриши, как уже говорилось, представляет ставший для русской литературы классическим союз бездейственного мужчины и решительной женщины. Гриша воплощает образ находящегося в постоянном поиске, пренебрегающего всем земным/бытовым мужчиной, не стремящимся ко внешней состоятельности героя.

Прошло много лет. И Юрий Трифонов остаётся автором актуального, глубже других проникающего в сознание современного человека. Так и вся проза Трифонова — она была самым точным отчётом о городской жизни застойного времени, в шокирующих деталях совпадающим с сегодняшними реалиями. Бытовыми реалиями: где женщина так же образованна, как и мужчина, обладает высоким интеллектом, зачастую относится к творческой профессии или создаёт что-то новое в своей области.

А на сегодняшний день это тема актуальна не только в литературе и в социологии, а так же и в лингвистике, где молодые ученые рассматривают «Инклюзивный язык в репрезентации гендерных отношений».

Список использованных источников:

1. Шабанова А. Репрезентация гендерных отношений в прозе Ю.Трифорова, М.Маканина, Л.Петрушевской 70-90-х годов. Автофреф.дисс... канд.филол.наук. – Самара, 2015. – 15 с.
2. Ю.Трифорова. «Другая жизнь», «Долгое прощание». - М., Астрель, 2012.
3. Феномен «женской прозы» в русской литературе 90-х годов XX века // Вектор науки ТГУ. - № 2 (24), 2013. - С. 374
4. Особенности женского субъекта повествования в городских повестях Юрия Трифонова // IV Международная научная конференция молодых ученых «Язык и репрезентация культурных кодов» (Самара, 16 мая 2014 г.) Материалы и доклады/ сост. А.Ю. Кубайдулова; под общ. ред.: О.А. Усачевой, В.Д. Шевченко, И.Б. Кравченко, С.И. Дубинина, Л.Г. Готеловой. - Самара: изд-во «Инсома-пресс», 2014. - С. 215-218.
5. «Другая жизнь» в прозе Ю. Трифонова Филологические этюды: сб. науч. ст. молодых ученых. - Саратов, 2014. Вып. 17: в 2 кн. Кн. 1. - С.88-93
6. Габриэлян Н. Ева это значит «жизнь» (Проблема пространства в современной русской женской прозе) // Вопросы литературы. 1996. 4. С. 31-71.
7. Базылова Б.К. «Авторская концепция характера в литературном портрете» // Вестник КазГУ, - №3 (133), 2011. Акт И.А. «Инклюзивный язык в репрезентации гендерных отношений». автореф...преп.-Петраповск,2017

Нурмаганбет Карлыгаш Ертаевна
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «бМ020700 –Аударма ісі»
мамандығының 2-курс магистранты, E-mail: inyaz.kz@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Тарақов Ануар Сауатұлы**
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология ғылымдарының профессоры.

В.СКОТТ – ТАРИХИ-РОМАН ЖАНРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

***Түйін.** Мақалада тарихи - роман жанрын қалыптастырушы Вальтер Скоттың «Пуритандар» шығармасы туралы. Сонымен қатар, ағылшын және әлем әдебиетінің тарихына өлшеусіз қосқан үлесі, тарихи романдардың жанрлық ерекшелігін, даму бағытын, көрнекті жазушының тарихи тақырыпты меңгерудегі ізденістерін, тарихи шындықтың негізін, көркем сюжет, характер, шеберлік мәселелері басты назарға алынды.*

***Резюме.** В статье рассматривается работа Уолтера Скотта «Пуритане», создателя исторического жанра. Кроме того, было взято во внимание его вклад в историю мировой литературы, жанровые особенности исторических романов, ход развития, исследование исторического фона выдающегося писателя, историческую реальность, художественный сюжет, характер, мастерство.*

***Summary.** The article examines the work of Walter Scott «The Old Mortality», creator of the historical genre. In addition, he took into account his contribution to the history of world literature, the genre features of historical novels, the course of development, the study of the historical background of an outstanding writer, historical reality, artistic plot, character, skill.*

Қазіргі заман әдебиетінде тарихи романдардың үлесі барған сайын артып келеді. Бұл құбылыстың себебі мен мәнін ашуға арнаулы зерттеулер де жазылып жүр. Тарихи роман жанрына мұншама көңіл бөлінуі оның осы күнгі әдебиеттегі орны мен маңызын сипаттаса керек.

Г.Леноль өзiнiң зерттеуiнде тарих пен романның арақатынасын кең көлемде, әлемдiк әдебиеттен мысал келтiре отырып әңгiмелейдi. Ол тарихи романның негiзiн Батыс Еуропада Вальтер Скотт, орыс әдебиетiнде А.С. Пушкин, американдық Ф.Купер шығармаларында тарихи деректердiң өмiрлiк шындықта берiлгенiн және түрлi көркемдiк элементтер сәйкестiгiн, эстетикалық мәндiлiк дәрежесiне көтерiлгенiн атап өтедi. Романдағы маңызды шарт – тарихылық принципi алғаш рет ХIХ ғасыр әдебиетiнде кеңiнен жүзеге аса бастағанын айтады. Классикалық тарихи роман жеке адамдарды ғана емес, тұтас тарихи дәуiрдi де барлық ерекшелiгiмен көрсету мәселесiн шешкендiгiн, тарихи деректердi адамдар өмiрiне қатысты бейнелеу дәстүрлi қалыптасқанын автор нақтылы дәлелдейдi. [2,3]

Тарихи роман, Г. Ленольдiң пайымдауынша, суреттеудiң шынайылығы, тарихи оқиғалар мен күрестердiң адамдар тағдырына әсерiн айтады. Халықтың тарихи белсендiлiгi, тарихи қажеттiлiк, бұқараның, iрi қайраткерлердiң елге қызметiн, ерлiк iстерiн кең қамту да тарихи роман шарттары болып саналады. [2, 4]

Сонымен қатар тарихи роман халықтың бұрынғысы мен бүгiнгiсiнiң жанды байланысын көркем бейнелер арқылы ашады. Мұндай шығармалардың тәрбиелiк, танымдық мәнi үлкен. Олардан халық өмiрiнiң өткенi мен қазiргiсiнiң арасында қаншалық айырма бар екенiн, iлгерiлеуiмiздiң сипатын ұғамыз. Әлбетте, өткен өмiрдi суреттеуде бұрынғыны бiрыңғай марапаттаудан да немесе көненiң бәрiн жоққа шығарушылықтан да аулақ болу керек.

Қазiргi тарихи романдардың тағы бiр жалпы ұнамды сипаты- тарихи адамдар өмiрiнiң тағдырына тереңдеп, дендеп бара алатындығы. Мiнез бен жағдайдың, ортаның байланысын ақиқат өмiрдiң өзiнен ала бiлушiлiк, қаһармандар iсiне түрткi болған түп себептердi ашуға қабiлеттiлiк реалистiк әдебиетке тән артықшылық десе де болады.

Тақырыптың тарихи болып саналуының бiрiншi шарты- суреттелетiн оқиғалар мен адамдардың қазiргi кезден белгiлi дәрежеде алшақ, алыста болуы деп бiледi. Маңызды белгiнiң тағы бiрi деп оқиғалардың, мiнез-құлықтардың, тартыстардың тарихи ерекшелiгi мен мәндiлiгiн ашуында. Халықтың азаттық үшiн күрестерi мен ұмтылыстарын екшеп алу, сол мәселеге тереңдеп бару тың табыстарға жеткiзетiнiн баса ескертедi. Бұрынғы мен бүгiнгiнiң табиғи жалғастығын тауып көрсете алған шығармалардың ерекше танымал болуы осыдан.

Қазiргi замандағы тарихи романның оқиғасы өткеннiң қай кезеңiн көрсетуге арналса да, онда отаншылдық идеясы басым жатады. Атап айтарлық бiр мәселе – тарихи романдарда халықтың көне дәуiрдегi қаһармандық күресi шынайылығымен, мәндi де суреттелетiндiгi. Бұл реттен, тарихи роман тарихи эпостың дәстүрiн жаңа сапаға көтерiп, жалғап келедi.

Тарихи романдар тілінің ерекшелігі туралы да сан тарау пікір қорытылған. Р. Мессер, мәселен, тарихи шығарма авторы өз сөзін замандас тілімен айта алады, ал кейіпкерлер сөзі негізінде суреттеліп отырған дәуірге сәйкес келуі тиіс деп санайды. [2, 6]

Қазақ романының бұл күнде дамып, өркендегені соншалық, оның әрбір жанрын арнайы зерттеудің қажеттігі туып отыр. Қазір қазақ романында әр дәуірдің тарихи маңызын, ерекшелігін, түрлі мәселелерін әр қырынан бейнелейтін еңбектер көбеюде.

Дегенмен бұл жанрдың нақтылы зерттелуге лайық проблемалары көп. Соның бірі – тарихи романдардың жанрлық ерекшелігін, даму бағытын, көркем әдебиетімізге қосқан үлесін, көрнекті жазушыларымыздың тарихи тақырыпты меңгерудегі ізденістерін, тарихи шындықтың негізін, көркем сюжет, характер, шеберлік мәселелерін нақтылы сөз ету болмақ.

Тарихи романының айтулы шығармаларын өмірге әкелген талант иелерінің бірі Вальтер Скотт. Ол XIX ғасырдың бірінші жартысындағы еуропалық әдебитінің ұлысы атанған, Еуропада шотландық атаулының әммесін сәнге айналдырған осынау жазушы. Вальтер Скоттың ұлы жазушы екеніне ешқандай шек жоқ, оны бүкіл дүние мойындаған. Оның әуелі барша Еуропа, содан соң сегіз қиыр шартарапты түгел тәнті етіп, көркем сөздің құдіретімен баурағанына екі ғасырдың жүзі болды. Содан бергі уақытта ол өзінің сүйікті атамекенін – кішкентай ғана Шотландиясын әлемге тегіс танытты, тіпті әдеби дамудың бүтіндей бір дәуірі соның атымен аталатын болды. Әуелі қаламын өлеңмен ұштаған ол Еуропа тарихының желісімен көлемді поэмалар жазып, Англияның бас ақыны дәрежесіне дейін оның қаламынан отыздан аса романдар мен повестер және тарих пен әдебиет мәселелеріне арналған толып жатқан мақалалар мен кітаптар туды. [3, 80]

В. Скотт тарихи романға оның эстетикалық табиғатын әбден елеп-екшеп алып қана қалам тартты. Бұрынғы готикалық және антикварлық романдардан өзгеше, ұлттық колоритке негіздеп, өткенді қатесіз, нақты қалпында беруге тырысты. Тарихи оқиғаны өз заманына лайықтап оның рухани-әлеуметтік негізін шынайы көзқараспен ұштастырады. «Романшының басты мақсаты – қолыңда нақты заттары болмаса да, қиял арқылы өткеннен оқырманға толық және нақты түсініктер бере алуы керек. Оның қарауында тек тамаша идеялар мен образдар әлемі ғана. Міне, осында ғана оның мықтылығы мен әлсіздігі, оның кедейлігі мен байлығы көрінеді... Романның авторында сахна да жоқ, безендіруші де, актерлар группасы да, суретші де, костюмдер де жоқ; тек сөз ғана, соны өз мүмкіндігі мен өресіне қарай аталғандардың барлығының орнына шебер қолдана білуі қажет», - деген Скотт тамаша пікір білдіреді. [6, 47]

Ұлы жазушылар мен олардың қиялынан туған көркем бейнелердің, бір туғанындай боп, жүрегінің кастерлі төрінен орын алатын туындысының бірі – «Пуритандар».

Бұл Вальтер Скоттың өзі де жоғары бағалаған шығармасы, романдарының ішіндегі ең әйгілісі. Ағылшын тілінде, яғни түпнұсқасында бұл « Old Mortaliti» («Әлдеқашан өлгендер») деп аталса, орыс, қазақ аудармасында «Пуритандар». Сондықтан әуелі «пуритан» сөзінің байыбына барып алайықшы. [2, 9]

Англияда қоғамдық реформа басталып, саяси тұрғыдан да Римге бағынышты болып келген Еуропа енді қарсылық пен екіжүзділікке белшесінен батқан шіркеу ақиқат дінді аяққа басты, қорлады деп сенгендер рим католицизміне қарсы бас көтерді. Олар шіркеуді реформалауды талап еткендіктен реформаторлар деп, қарсылық жасағандары үшін протестанттар атанды. Мақсат-мүдделері діннің Құдай беріп, Тауратта тұжырымдалған бастапқы тазалығын қайта орнату болғандықтан ағылшын протестанттарын жұрт «пуритандар» деп атады. (pure – таза деген сөзінен) [2, 11]

Скотт бұл туындысында Байроннан соң батысеуропалық әдебиетте алғаш қолдарына қару алып күреске шыққан халықтың жиынтық образын жасады. Халық пуритандарға сеніп сондарынан ереді. Алайда ұйымшылдықтың, қатаң тәртіптің жоқтығынан көтеріліс жеңіліске ұшырайды. Басшылар арасындағы алауыздық, жігерсіздіктің салдары қара халықтың жазалануына әкеліп соқты. Бұл жерде автордың басты мақсаты пуритандарды дәріптеу емес, шотланд халықының күші басым жауына қарсы тұрған қайыспас күресін, олардың патриоттық сезім-күйін көрсету болатын.

Вальтер Скотт «Пуритандар» романында «ашынудың әбден шегіне жетіп, өзінің ең басты және ең қасиетті құқықтарын қорғау үшін қан майданда немесе дар ағашында өмірін қиған шотланд шаруасының жағдайын ашып көрсетуді» мақсат еткен. [2, 15]

Ресейде бұл, В. Скоттың басқа романдары сияқты, XIX ғасырдың алғашқы жартысында – ақ аударылған, түпнұсқасынан орыс тіліне аударған А. Бобович болса, орыс тілінен қазақ тіліне Бекділдә Алдамжар және Бекболат Әдетов аударған.

Жазушының шығармашылығын жан-жақты зерттеген ғалым Б.Г.Реизов: «Скоттың басты жетістіктері алғашында баллада мен поэма жанрынан көрінді. Поэма өзінің эпикалық табиғаты

жағынан романға жақынырақ тұрады. Сондықтан «шотландиялық сиқыршы» романға бірден бармай, осы баспалдақтар арқылы биікке шыға алды», - деп атап көрсетеді [8, 306]

Осы тұрғыда атақты сыншы В.Г.Белинский: «Скоттың жаңашылдығы – өз кезеңінің замандастарына терең әсер еткені, өзіне дейін «бұрын соңды болмаған» тарихи роман жанрын жасауында», - деген пікірін білдіреді.

Белинский Скотты – «жаңашыл-суреткер» десе, Бальзак: «Вальтер Скотт тарихи романды философиялық тұрғыдан жоғары деңгейге көтере отырып, оған өткеннің рухын дарытып, оған драманы, диалогты, портретті, пейзажды, суреттемені қосып, асқақтық пен күнделікті тіршілікті шебер астастыра білген», - деген ойын айтады.[7, 121]

В.Скотт ағылшын және әлем әдебиетінің тарихына өлшеусіз үлес қосқан жазушы. Ол тек тарихи роман жанрын ашып қойған жоқ, әдебиетке жаңа бір леп, жаңа тип, жаңа образ әкелді. Өмір шындығын, әсіресе ауыл өмірін жергілікті колоритке негіздей, шынайы суреттеп, оны жаңа қоғаммен жақындастыра білген. Оның бұл дәстүрін кейінгі толқын Булвер-Литтон, У.Эйнсуорт, Э.Гаскелл, Бронте, Элиот т.б. жалғастырды. [6, 59]

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Скотт Вальтер. Пуристандар. Роман. Астана: Аударма, 2007. - 448 бет*
2. *Тарихи роман. Оқу құралы.- Алматы, «Санат», 1997. – 336 бет.*
3. *Жалын журнал. Алматы, 2005. – 120 бет.*
4. *Классики и современники В.С. Пуристане. 1997. – 212 с.*
5. *Легенда о Монтрозе БВЛ. М худ. Лит 1971. – 330 с.*
6. *Шетел әдебиетінің тарихы. Семей, 2013. – 114 бет.*
7. *Вальтер Скотт. Собрание сочинений в двадцати томах. Т. 1 Под общей редакцией Б.Г. Реизова, Р.М. Самарина, Б.Б. Томашевского М.-Л., ГИХЛ, 1960*
8. *(Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. - Т. XXX. Вып. 4. - М., 1971. - С. 306-311*

Нұрғалиева Үміт Нұрланқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «6M020700 – Аударма ісі» мамандығының
2-курс магистранты, E-mail: nur.um96@mail.ru

Ғылыми жетекші: Мұсалы Ләйлә Жұматайқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АСАУҒА ТҰСАУ» ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАСЫН ТӘРЖІМАЛАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Мақалада Мұхтар Әуезовтың драма тәржімасындағы негізгі ерекшелігі мен аудару шеберлігі қарастырылады. Сонымен қатар, оның әдебиетке қосқан үлесі, тіл бірліктерін жасау мәселесі, аударудағы негізгі қойылатын талаптары басты назарға алынды. Шекспирдің «Асауға тұсау» драмалық шығарма желісі арқылы талданды.

Резюме. В статье рассматриваются основные функции и навыки перевода Мухтара Ауэзова в драматическом переводе. Кроме того, было взято во внимание его вклад в литературу, создание языковых единиц и основные требования к переводу. Статья была проанализирована на основе драматического произведения Шекспира «Укрощение строптивой».

Summary. The article considers basic functions and skills of Mukhtar Aueзов in dramatic translation. In addition, attention is drawn to the contribution to the literature, the creation of linguistic units and the basic requirements for translation. The article was analyzed on the basis of Shakespeare's dramatic work «The Taming of the Shrew».

Аударма – екі халық арасындағы көпір, бір-бірінің жақсы қасиеттерін дәріптеуші құрал. Аударма арқылы оқырманға жаңа басқа әлем, ерекше тылсым сезім сыйлайды. Жылдан-жылға өркендеп, құндылығын жоғалтпаған дүние. 1948 жылдан бері қарай ЮНЕСКО-да дүниежүзі тілдеріндегі аударма әдебиеттің әр жыл сайынғы тізімі жасалынып, жаңартылып, рәсімделіп отырады. Демек аударма ісі – қоғамда аса маңызды дүниелердің бірі. Оның өзіндік қырлары мен қиыншылықтары бар. Елбасымыз атап өткендей «тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындаларын қазақ тілінде сөйлеткен аудармалары өз алдына бір төбе» (Қ.Р. Президенті Н. Назарбаевтың М.Әуезов туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінен: - ЕҚ, 1997, 30 қыркүйек). Соның ішіндегі салмақтылардың бірі әлемдік классикада жоғары орны бар драма жанрын аудару болып табылады. Себебі аудармашы тек аударып қана қоймай, сол елдің менталитетіне, сахнасына сай етіп дүние шығару керек.

Театр, синтетикалық құрама өнер, ондағы әдебиет, живопись, әуен құралдары бір темпте қолданылады. Драма – әдебиеттің дамыған кезеңіндегі жаңа сапалық көрсеткіш, халық өнерінің дәрежесін айтқандайтын, оның кемелденгенін білдіретін өлшемдердің бірі. Ол жанр ретінде халықтың өзіндік ішкі тарихымен, руханы құндылықтың дамуымен байланысты. Драма әсересе үлкен қақтығыстар, қоғамды орын алып жатқан көріністер, конфликтер, аласапырандар, төңкерістерін Қайта өрлеу дәуіріндегі Шекспир драматургиясын, Кеңес әдебиет драматургиясын осының дәлелі етіп көрсетуге болады.

Драмада орын алатын үш негізгі мәселе 1) конфликт 2) драма құрылымы 3) театр мен драма байланыстылығы. Басты ерекшелік – шытырман оқиға мен қимыл-әрекеттерінде. Драма жанрының ерекше тұсын тереңінен зерттеген драматург, жазушы, ғалым Р. Нұрғали өзінің еңбегінде: Танымдық, тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық әсері орасан күшті өнер – драматургия. Тағдырлар тоғысуы, характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал композиция талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал-диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады. [1, 8 б.].

М. Әуезов өзінің 1953 жылы жазылған «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» мақаласында Драмалық шығарманы анықтап, проза, поэзиядан бөлектеп тұратын шартты белгі – жалғыз-ақ осы конфликт. Өзге жанрдан ақ құла әрбір пьеса шиеленіскен қайшылықтарға, жігер, сезім, ой, еңбек, мақсат, т.б. қайшылықтарына құралады. Осы қарама-қарсы ағымдар оқиғаның орталық параллель және қосалқы линияларында конфликт тудырып дамытады. Ал конфликт нағыз сауатты жазылған драманың өзегі, негізі болады. [2, 103 б.].

Драма жанрында қанша ғасырлар өтіп кетсе де құндылығын жоймаған, кез-келген заманға сай, трагедия болсын, комедия болсын астарында ерекше бір зіл жататын шығармалардың авторы Шекспирдің еңбектерін жатқызуға үлкен негіз бар. Уильям Шекспир (1564-1616) – ағылшынның ұлы драматургі әрі ақыны. Оның қаламынан 37 пьеса, екі поэма, 154 сонет пен лирикалық өлеңдер туған. Зерттеулерге сүйенсек ол ағылшын тіліне 3200 жаңа сөз енгізген жазушы. Шекспирдің

шығармашылығын көптеген тілге аударылып соның арқасында еңбектері бүкіл елге тамырын жайған. Ең алған Отеллоны 1930 жылы Анна Родлова деген орыс аудармашысының нұсқасымен М.Әуезов қазақшалады.

Шекспир шығармасындағы дүниелер әлі де болса қоғамда белең алып жатқан жағдаяттар. Ол бұл дүниені сахна, адамзат баласын сол сахнада ойнап жүрген әртістер, тарихи кезенді – сюжет, ал ондағы образды адамның мақсаты мен өзіне жүктелген миссиясына орай жасаған іс-әрекеті негізінде туындаған характер, ал ондағы болып жатқан дүниелерді – эпизод ретінде қарастырады. Ал оның шығармаларын аудару тілді жетік білумен шектелмейді, сонымен қатар сол кездегі болған оқиға мен қазіргі орын алып жатқан жағдайлармен салыстыра отырып қарастыру керек. Осы жөнінде белгілі орыс жазушысы, ақын, тәржімеші, Нобель сыйлығының лауреаты Б. Пастернак: «Шекспирді тәржімелеу – көп еңбекті және уақытты қажет ететін қияметі көп жұмыс. Оны қолыңа алғаннан кейін күн сайын табан аудармай шұғылданыуың керек, әрі жұмысты ұзаққа созып алмас үшін міндетінді біршама ірі бөліктерге бөліп тастап істеуің қажет. Мәтін бойынша осылайша күн сайын ілгерілей беру тәржімешіні авторды басынан кешірген жағдайға жетелейді. Ол күннен күнге алдындағы ұлы бейненің кейпіне кіріп, кезінде оның жасаған қозғалыстарын қайталайды. Ілім жүзінде емес, іс жүзінде автордың кейбір құпияларына қаныға түсесің, жан-тәніңмен сырын сезінесің.» [3, 210 б.] – деп өзінің еңбектерінде Шекспир шығармасын тәржімалаудың маңыздылығы мен қиыншылықтарын сарайлай келе, оны тек аударып қана қоймай, оның жан дүниесін, қимыл-қозғалысын, айтар ойын жүрегіңмен сезініп түсінуің керек, соның образының рөліне енуің керек. Десек Шекспир шығармасы бәрінен бөлек, ерекше дүние екенін аңғаруға болады.

Шекспирдің драма жанрындағы қоғамда ерекше орын алатын еңбегі «Асауға тұсау» шығармасы. Бұл комедия жанрында жазылған дүние. Негізі комедияның мақсаты – адам бойындағы менді, өмірдегі сауатсыздықты, жұртшылық жиренетіндей күлкілі, жексұрын, сатиралық тұрғыда бейнелей отырып, оларды айыптау, айыптай отырып мұндай жағымсыз кеселді құбылыстар мен ұғымдардың өмірде болмауы үшін күресу, қоғамның мұндай сорақы дерттермен арылуын көздеу.

«Асауға тұсау» шығармасында сатиралық та, юморлық комедия кездеседі. Зілді әзілі арқылы қоғамда болып жатқан менмендік мен тәкаппарлықты мысқыл ретінде ұғындырады. Бұл комедиялық драманы қазақ тіліне алғаш М.Әуезов аударды. Ол тікелей түпнұсқадан емес, орыс аудармашылары арқылы аударды. Бірақ өзінің еңбектерінде орыс аудармашылардың ішінен кімнің нұсқасымен аударғаны жайлы нұсқау жоқ. Түпнұсқаны түсінбесе де, автордың негізгі айтар ойын дөп жеткізген, өте сәтті аудармалардың бірі болды. Сол заманда қазақ халқы орыс отарында болғандықтан, жазушылардың еңбегі өте үлкен бақылауда болды. Нақ осы орыс тілі қазақ халқына шетел және орыс әдебиетін жеткізуші көпір іспетті. Осыған байланысты қазақ тіліндегі бар сөздердің өзін орыс тіліндегі сөзбен қалдырған. Алайда Мұхтар Әуезов өз шығармашылығында қазақ тіліне біраз лексикалық бірліктерді енгізіп кеткен: труба – керней, флейта – сырнай, свита – нөкер, чудной – ерепейсіз, благодный – асылзада, т.с.с. [4, 7 б.].

Шекспир кез-келген шығармасынан қоғамда орын алып жатқан жағдайларды әзіл-сықақ, юмор түрінде немесе трагедия түрінде жеткізеді. Оның өмірге деген көзқарасын сонеттері мен драмаларынан айқын көрініп тұрады. Сондықтан да Шекспир өмірін зерттеушілер оның тұлғалық қасиетін зерттегенде көбіне шығармашылығына үңілетіні сондықтан.

«Асауға тұсау» пьесасын М. Әуезов 1943 жылы аударған. Аударма тұңғыш рет 1957 жылы жазушының Таңдамалы шығармаларының 6-томына (420-531 бб.), онан кейін 1969 жылы 12 томдық шығармалар жинағының 13-томына (283-372 бб.) енді. Аударманың қолжазбасы (173-бума) мен машинкаға басылған сахналық нұсқасы (174-бума) «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталған. 1943 жылы 16 қазанда В. Шекспирдің М.Әуезов аударған бес актылы «Асауға тұсау» комедиясы сахнаға қойылды. [5, 360 б.].

Қазақ жазушысы, драматург, Қазақстан театр қайраткері одағының мүшесі Сәбит Досанов өзінің «Шекспир мен Әуезов және...» атты мақаласында Мұхтар Әуезов пен Шекспир арасындағы байланысты: «Шекспирдің «Отеллосын» ағылшын тілінен аударған Анна Родлова мен орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ топырағына көркем көшірген Мұхтар Әуезовті салыстыра қарасаңыз, ұлы Шекспир мен ұлы Әуезовті жарыстыра оқысаңыз, екі еңбектің – түпнұсқа мен аударманың көлемі шамалас болумен бірге, көркемдік қуаты да бір биік бір деңгейде тұрғанына көңіліміз ғана сенбей, көзіміз де анық жетер еді» [6, 30 б.] - деп өзінің биік бағасын берген. Расында бір аудармадан екінші тілге тәржіма жасағанда оның көлемі мен мазмұны өзгереді, ал Әуезовтің аудармасы аудармадағы аударма болса да, ешқандай түпнұсқадан аса ауытпаушылық жоқ, автордың бермек ойын нақты жеткізе білген.

Аудармада Әуезов біраз сөздерді орыс тіліндегі лексикалық бірлікпен қалдырған: грош та бермеймін (қазақ тілінде грош деген термин жоқ, сол кездің өзінде тиын деген баламасы болған), пристав, кружка, насраный, доктор, доход, горчица, мастер, угорь, ужин, десерт. Сол уақыттың өзінде осы сөздердің қазақша баламасы болса да, сол кездегі жағдай мен бұйрыққа байланысты қалдырып отырған болса керек. Бұл шығармада аудармашы кейде қазақылыққа салынып кетсе, кейде комедияның шетелдік екенін аңғартады. Оқырманды бір эмоцияда ұстамай, өзіндік ерекше стильмен басқаша атмосфера орнатады. Мысалы, бірде христиан дініне сәйкес поп, шіркеу сөздерін қосса, енді бірде:

Уәде қып ем таппаққа

Нұр сипатты Бьянкаға **молданы**. Бұл сөйлемде молда деген сөзді ислам дінін насихаттаушыларға айтады. алдыңғы поп деген сөздің баламасын молда есебінде алып отыр.

Я, **рақым алла**, мейірімді күн! Мұнда Алла сөзін тек ислам дінін ұстанушылар ғана айтады. Аудармашыдағы негізгі мақсат оқырманға белгілі бір ақпарат ұсыну, екі діндегі бар сөздерді қазақ лексиконына қосу. «Асауға тұсау» шығармасының шетелдік екенін кейбір леди, мадам, милорд, синьор, сударь, крон, лорд деген сөздерді қалдыру арқылы байқауға болады. Тағы бір қазақ оқырманына сай жасалған аудармалар жиі кездеседі. Бұл комедия жанры болғандықтан, көбіне халықтың аузында жүрген ауызекі сөздермен беріледі, әрі бұл сөздер өте тұрпайы, құлаққа жағымсыз естіледі. Мұндай сөйлеу стилін Әуезов өте сәтті алып шыққан. Мысалы апасына бай табуымыз керек, бай керек оған, ерге тиед, долы қатын, кәрі сайқал деген сөздер қазақ қоғамда өте мәдениетке жат сөздер қатарына жатады. Бұл сөздерді аудармашы біздің менталитетке сай етіп жасаған. Мұндай тапқырлыққа қол жеткізу үшін біраз ізденіс пен халықты бес саусағындай тани алу қажет.

Жалпы, қорытындылай келе, Әуезов аудармаға өте жауапкершілікпен қарағанын байқаймыз. Шекспир шыңы – әрдайым ізденіс пен талантты қажет етіп тұратын шың. Сол себепті Шекспирға қызыққан адамдар өте көп болған. Соның бірі тума талант иесі Мұхтар Әуезов. Ол бұл шығармада тақырып таңдағанда да үлкен ізденіс пен толықныста болған. Алғашында «Асауға бұғалық», «Асауды ауыздықтау», «Асауға арқан» деп те өзгертіп, ешқайсысы ұнамай соңғы тоқтам «Асауға тұсау» деген шешімге келеді. Комедия түпнұсқада 5 актіден тұрады, аудармада да 5 актi. Құрылымы бойынша өзгерістер көп емес, алайда аудармашы бірде түпнұсқадағы ойды ұстаса, бірде тым қазақилыққа бұрып алған, десе де автордың айтар ойы мен идеясын толық нақты жеткізе алған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғали Р. *Өнер алды – қызыл тіл*. Алматы: Мектеп, 1974. – 172 б.
2. Әуезов М. *Шығармалар. 12 томдық. Т. 12* – Алматы: Жазушы, 1969. – 533б.
3. *Әлем әдебиеті. «Фамант баспасы»*. Астана 1-2010. – 223 б.
4. Шекспир Уильям. *Отелло. Асауға тұсау. Ромео мен Джулиетта. Король Лир. Сонеттер*. – Астана: Аударма, 2004. – 688 б.
5. Әуезов М. *Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 17-т.* – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004. – 376 б.
6. Сәбит Досанов. *«Мұхтар Әуезов пен Шекспир және...»* Алматы ақшамы 1989. 25 қараша.

АУЫЗША СӨЗДЕГІ КІДІРІСТЕРДІ УӘЖДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СӨЗ САПТАУЫН ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Түйін: Мақалада ауызша сөздегі уәжді және уәжсіз кідірістердің коммуникативтік қызметі және ерекшеліктері талданды. Соңғы кезде жалпы тіл білімінде кідіріс интонация саласымен байланыстырылып, тар ауқымда зерттеліп жүргендігі белгілі. Жаңа бағыт тұрғысынан жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты, радиодағы диктор сөзінің, яғни монологтық сипатта көрініс тапқан кідірістің өзіндік ерекшеліктерін талдау арқылы, білім алушының сөз саптауын жетілдіру. Қазіргі таңда жаңа технологияның даму қарқынына байланысты, бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері артып келеді. Алайда техникалық құрал жетіле түскенімен, БАҚ-ның тілі ақсап: радио, телеэфирден естілер сөз мәдениеті төмендеуде. Тіл мәселесіне келгенде жұртшылықпен тығыз байланыс орнатып жүрген тілші-мамандардың білуге міндетті жайттары аз емес. Сондықтан, жоғары оқу орнында білім алушы студенттерге қазақ ауызша тілін оқытып, ауызша сөйлеу тілінің заңдылықтарын, ауызша сөз мәдениетін, сөйлеу техникасын үйрету өзекті тақырып болып саналады.

Резюме: В статье анализируются коммуникативные функции и особенности мотивированной и немотивированной паузы в устной речи. До сегодняшнего времени паузы рассматривались в сфере интонология, как основным компонентом интонаций. Специальное изучение паузы до определенного времени не интересовало лингвистов. Тема, которую мы рассматриваем является новой и требует детального исследования. Цель данного исследования, анализируя отличительные особенности паузы в монологическом речи диктора, улучшить качества коммуникации учащихся. На сегодняшний день, с развитием новых технологий, язык средства массовой информации (далее СМИ) требует тщательного изучения. Так как, язык СМИ играет большую роль в развитии самого языка, студенты высших учебных заведений, будущие лингвисты и журналисты должны обучаться правильному применению паузы, освоить технику и методы а также, способствовать развитию культуры устной речи.

Summary: The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and/or non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. The study is conducted to analyze the communication functions and motivative and/or non-motivative features of the pause in a verbal speech. Recently, most of the articles were overviewing the pause by linking it to the intonation field of the study. Although the mass media development highly correlates with the development of a new technology. Relying that mass media plays crucial role in a language improvement students as well as linguists should investigate the proper application of the pause, learn methods and techniques, and ability to further improve a verbal speech culture. Therefore, the main object of the study is to investigate the distinctive features of the pause from a spontaneous speech perspective, although, to facilitate an improvement on the the verbal communication skills.

Кілт сөздер: коммуникация, кідіріс, ауызша тіл, уәжді және уәжсіз кідірістер.

Ключевые слова: коммуникация, пауза, устная речь, мотивированные и немотивированные паузы.

Key words: communication, motivative and/or non-motivative features of the pause in a verbal speech.

Кідіріс дегеніміз (латынша *pausa*, грекше *pausis* – тоқтау, тыныстау, аялдау деген сөзден шыққан) – сөйлеудің уақытша тоқтауы, бұл мезетте сөйлеу мүшелері қозғалысқа түспейді, сөйлеу ағымы үзіледі. Кідіріс – бұл үнсіздік, бірақ үнсіздіктің өзі маңызды және айырықша болады. Паузология деген ғылым бар, АҚШ-тың бірінші паузологы профессор О’Коннор «сөйлеп тұрған адам туралы ақпаратты кідіріс сөзден кем бермейді, сөйлеу барысындағы уақыттың 40-50 пайызы үзіліске кетеді» дейді [1, 45-б.].

Кідіріс босқа, уақыт ұту үшін жасалмауы керек, ол адам сезімінің, ойының бір сәттегі қалтарысын танытуы керек, сөзбен айтып жеткізгісіз кейбір сәттерді ым-ишаратпен білдіретін мезеттер де болады.

Еш мағына бермейтін кідірістер күнделікті өмірде көп кездеседі, ойын жеткізе алмайтын, дұрыс сөз таппайтын, сол себепті сөз арасын үзе беретін адамдарды халық «аузынан сөзі түсіп, қойнынан бөзі түсіп» деп келеке етіп жатады.

Сонымен, сөз ағымының үзілген жерін кідіріс (пауза) деп атаймыз. Бірақ қазігі сөйлермендердің кідірісін уәжді және уәжсіз деп бөлетін болдық. Белгілі бір тілдік, яғни мағыналық маңызды қызмет атқарып, тыңдарманның ақпаратты дұрыс қабылдап түсінуіне көмектесетін үзілістерді уәжді кідіріс деп атаймыз. Дикторлар кідірістің қызметін түсініп, оны сөйлеу кезінде дұрыс пайдалана алған аса қажет. Себебі интонация параметрлерінің ішінде ең әмбебап қызметтісі осы кідіріс болып табылады [2, 4-б.].

Кідіріс ауызша сөйлеу кезінде көрініс тауып, қарым-қатынас жасауда жоғары маңызға ие. Жалпы тіл 2 түрлі формада ауызша және жазбаша түрде өмір сүретіндігі баршамызға белгілі. Алайда мақсатына қарай ауызша тіл мен жазбаша тілдің өзіндік ерекшеліктері бар.

Жазбаша түрде кітаптар мен газет-журналдар арқылы жүзеге асса, ауызша түрін пайдаланатын орындар – театр, радио, телевидение, кино, жиналыстар, лекция оқылатын тұстар, ауызша үгіт-насихат жүргізетін сәттер, мектептер мен жоғары оқу орындарында ауызша түсіндірілетін сабақтар т.т. [3, 92-б.].

Солардың ішінде театр, радио, телевидениенің және көркемөнердің сөз арқылы көрінетін түрлерінің орны айрықша. Өйткені бұлар ең кемі жүздеген, әйтпесе мыңдаған адамдарды қамтиды. Сахнадан айтылған сөзді бір спектакльдің өзінде жүздеген адам естиді, бір концертте айтылған ән мен көркем сөздің де тыңдаушыларының саны көбейіп келеді. Ал радио мен телевидениеден және қазақша дыбысталған кинодан сөйленген сөзді мыңдаған, жүз мыңдаған адам тыңдайды. Сондықтан аталған мамандық иелері өздерінің күнделікті еңбек құралы – ауызша сөзді жіті меңгергенде ғана кәсіби қызметін жақсы атқара алады. Ең алдымен ауызша тілдің құралдары тыңдарманға бағытталып құрылатындығын, яғни қарым-қатынастағы серігіне сөйлеушінің әсер етуі есту қабілеті арқылы жүзеге асатынын, қандай да бір коммуникативтік мақсатпен айтылған сөз тыңдарманға, дұрыс естілуі керектігін, мақсатқа байланысты тілдік лексика-грамматикалық құралдардың (сөз, сөз тіркестері, жалғаулықтар мен шылаулар) интонациялық жағынан дұрыс ұйымдасуын (әуен, қарқын, дауыс күші, әуез, пауза) білуі шарт.

Қазақ тіл ғылымында кідіріс - интонология саласында қарастырылып, теориялық негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, З.Базарбаева, М.Балақаев, А.Фазылжанова, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Нұрмаханова, Г.Сәрсекеева зерттеулерінде әр қырынан сипатталған.

